Құран Кәрім Аясында Пайғамбарлар Баяны



Хазіреті Мұхаммед Мұстафа

- Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм -

Осман Нұри ТОПБАШ

2 [Мәдина дәуірі]



Құран Кәрім Аясында
Пайғамбарлар Баяны

ХАЗІРЕТІ
МҰХАММЕД МҰСТАФА

- Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм -

- 2 -

2-басылым

Осман Нұри ТОПБАШ



Алматы 2010



АВТОРДЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

Осман Нұри Топбаш мырза 1942 жылы Стамбұл шаһарында дүниеге келген. Орта және кәсіптік мектепті Стамбұлда бітірген ол өз заманының білімді де білікті ұстаздарынан, ұлы ойшылдардан арнайы дәрістер алып, білімін шыңдаған. Соңғы жылдары сауда және өнеркәсіп әлеміне қадам басып, белсенді де жемісті қызмет атқарып келеді. Бірақ кәсіпкерлікпен айналысып жүрсе де ұстаздық сезімін, жастарға тәлім-тәрбие беруді, олармен қоян-қолтық қарым-қатынаста болуды ойынан еш уақытта да ұмыт қалдырған емес.

Қадірлі ұстаз бар өмірін ғылым мен қайырымдылық қызметтеріне арнап келеді. Ол кезінде Түркиядағы білім және қайырымдылық ұйымдарының көшбасында тұрған «Білім Жетілдіру Орталығында» белсенді қызмет атқарған. Бұл мекеме басқа да қайырымдылық қорлары мен ұйымдары секілді шәкірттерге шәкіртақы тағайындайтын, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қол ұшын беретін қайырымдылық орталығы болатын. Бүгінде бұл қор – Стамбұлдағы халықтың білімін арттыруға және қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған Түркиядағы ең ірі «Әзиз Махмұд Хұдайы халықаралық қайырымдылық қоры» деп аталады. Қазір сол халықаралық қайырымдылық қордың кеңес төрағасы.

Ардақты Осман ұстаз осынау игі қызметтерін күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Оның басшылығымен қордың қызмет көрсету аясы едәуір кеңейді. Қазіргі таңда Осман Нұри Топбаш түбі бір туысқан түркі елдерінен білім іздеп келген жастарға рухани және қаржылай көмек көрсетіп, олардың толыққанды білім алуларына барынша жағдай жасауда.

Сондай-ақ ғалым Осман Нұри Топбаштың 60-тан астам еңбегі жарық көрген. Оның көпшілігі әлемнің тоғыз тіліне тәржімаланған, соның ішінде 17 қазақ тіліне, 17 орыс тіліне аударылып басылған.

Қазіргі таңда Осман Нұри Топбаш ұстаздың мақалалары Қазақстанда жарық көретін мерзімді басылымдарда, атап айтқанда, айына бір рет шығатын «Иман», «Рахмет самалы» сияқты рухани-танымдық журналдарда, сондай-ақ апталық «Рухани қазына» газетінде тұрақты жариялanып келеді.

Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

وَمَآ أَرْسَلْنَاكَ إِلاَّ رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ

«(Мұхаммед ғ.с.) **Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жәбердік».** (Әнбия сүресі 107-аят)

لَقَدْ جَآءَكُمْ رَسُولٌ مِنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ
بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُفٌ رَحِيمٌ

«Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді». (Тәубе сүресі 128-аят)

قُلْ اِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللّٰهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللّٰهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ
وَ اللّٰهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«(Мұхаммед ғ.с.) **оларға: Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ Тағала сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткен, Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді».** (Әли Имран сүресі 31-аят)

قُلْ اَطِيعُوا اللّٰهَ وَالرَّسُولَ فَاِنْ تَوَلَّوْا فَاِنَّ اللّٰهَ لاَ يُحِبُّ الْكَافِرِينَ

«Және оларға: Аллаһқа әрі Пайғамбарға бойысұныңдар, - де. Егер олар бет бұрса, сонда Аллаһ қарсы болушыларды сүймейді». (Әли Имран сүресі 32-аят)

مَا كَانَ مُحَمَّدٌ اَبَآ اَحَد مِنْ رِجَالِكُمْ وَلٰكِنْ رَسُولَ اللّٰهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّنَ
وَكَانَ اللّٰهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا

«Мұхаммед ғ.с. сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және Пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық білуші». (Азхаб сүресі 40-аят)

وَالَّذِينَ اٰمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَاٰمَنُوا بِمَا نُزِّلَ عَلَى مُحَمَّدٍ وَهُوَ الْحَقُّ
مِنْ رَبِّهِمْ كَفَّرَ عَنْهُمْ سَيِّاٰتِهِمْ وَ اَصْلَحَ بَالَهُمْ

«Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендердің сондай-ақ Мұхаммедке (ғ.с.) Раббы тарапынан ол шындықпен түсірілгенге иман келтіргендердің Аллаһ, жамандықтарын жойып, жаңдайларын түзелтті». (Мұхаммед сүресі 2-аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Расында мен Кәусар хауызына сендерден бұрын барып, сендерді сол жерде күтіп аламын. Сендермен кездесетін жеріміз хауыздың басы. Мен дәл қазір сол хауызымды көріп тұрмын және мен сендер үшін куә боламын. Қазір маған жер қазыналары мен олардың кілттері берілді. Аллаһқа ант етейін, өзімнен кейін сендерді ширкке бой ұрады деп қорықпаймын. Бірақ сендердің мал-мүлікке беріліп, қызғаныш дертіне ұшырап бір-біріңді өлтіріп, сендерден бұрынғылардың пәлекетке ұшырағанындай пәлекетке ұшырауларыңнан қорқамын».

(Бұхари, Жанайз 73; Муслим, Фадайл 31)

«Естеріңде болсын мен сендерден бұрын аттанып, сендерді қарсы аламын. Ұмытпаңдар! Ертең ақыретте сендермен кездесетін жеріміз Кәусар хауызының басы. Ертең менімен кездескісі келгендер қолы мен тілін күнәдан сақтасын!».

(Бұхари, Салат 80; ибн Сағд II, 227)

ХИЖРЕТТІҢ БІРІНШІ ЖЫЛЫ

Расулұллаһтың Мәдина Мунәууәрадағы алғашқы қонысы

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижрет жасауы мұсылмандар үшін жаңа бір тарихи кезең болды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада босқын ретінде емес, керісінше болашақ өмірдің іргетасын қалау мақсатында жаңа құрылған Ислам мемлекетінің басшысы болып қабылданды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға қоныстанғаннан кейін Ислам дағуаты, сондай-ақ мұсылмандардың әрекеті одан ары жандана түсті.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Мәсжидун Нәбәуи» салынғанға дейін Әбу Әйюб әл-Ансаридің (радиаллаһу анһу) үйінде тұрақтады. Расулұллаһтың Хазіреті Әбу Әйюб әл-Ансаридің үйінде қонақ болып тоқталуының бірнеше ғасырға созылып жатқан тарихы бар:

Жеті жүз жыл бұрын Мәдинаға (ол кезде Ясриб болатын) келген Йемен патшаларының бірі Тубба Әбу Кәбир Расулұллаһтың Меккеден шығып, Мәдинаға қоныс аударатындығын яһуди ғалымдарынан естігеннен кейін, ол жерге бір үй салдырады. Әрі хат жазып соңына мөр басқаннан



кейін Мәдинаның атақты ғалымына беріп, өзі жете алмаса да ұрпақтан-ұрпаққа аманат қылып қалдырып екі дүниенің тәжі болған Пайғамбарға тапсырылуын бұйырады.[1]

Тубба сол кезде Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иман келтіріп, мұсылман болған еді.[2]

Міне, осы үй ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып Мәдина ғалымдарының бірі Әбу Әйюб Хамид бин Зәйдке (радиаллаһу анһу) дейін жетеді. Бұл қасиетті үй Мәсжидун Нәбәуидің шығыс жағында еді.

Туббаның жазған хатын сақтап келген кісілер Аллаһ Расулінің Мәдинаға келе жатқанын естісімен, оған хатты тапсыру үшін Сүләйм тайпасының сенімдісі Әбу Ләйләні жібереді. Әбу Ләйлә Мекке жолында Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолығады. Пайғамбарымыз оны көрісімен қасына шақырып:

– Сен Әбу Ләйләмісің? - деп сұрайды.

Әбу Ләйлә:

– Иә, - деп жауап бергеннен кейін, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сендегі Туббаның хатын маған бер, - дейді.

Әбу Ләйлә Расулұллаһты әлі танымайтын. Сасқанынан:

– Сен кімсің? Сен сиқыршыға ұқсамайсың. Бірақ менде хаттың барын қайдан білдің? - дейді.

Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мен Мұхаммедпін. Алып кел, хатты маған бер, - дейді.

1. Ибн Асәкир III, 334-335; Сәмхуди I, 188-189
2. Ахмед V, 340

Әбу Ләйлә жасырған жерінен хатты алып Пайғамбарымызға ұсынды. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) хатты алып оқығаннан кейін сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үш мәрте:

– Сәлем саған, ізгі достым Тубба, - дейді.

Әбу Ләйләны да Мәдинаға кері қайтарады. Әбу Ләйлә Мәдина халқын адамзаттың асылы Ұлы Пайғамбардың келе жатқандығымен сүйіншілейді. Мәдиналықтар шексіз қуанғандықтарынан оған сый-сияпат тарту етеді.[3]

Расулұллаһқа құшақ жайған Әбу Әйюб әл-Ансари (радиаллаһу анһу)

Пайғамбарлар Сұлтанын жеті жыл бойы үйінде қонақ қылып, осындай шарапатқа ие болған Әбу Әйюб әл-Ансари (радиаллаһу анһу) алғашқыда Расулұллаһқа үйінің үстіңгі қабатында орналасуын қаншама өтінсе де, сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Әбу Әйюб! Үйіңнің астыңғы қабатына орналасқанымыз біз үшін ыңғайлы әрі қолайлы, - деп, астыңғы қабатқа орналасады.

Қасиетті, құт қонағы болған Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шын көңілден, аянбай қызмет көрсеткен Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу) бала-шағасының жатқан жері (астыңғы қабаттағы) Пайғамбарымыздың тұсына келіп қалса, ұят, тіпті ыңғайсыз болады деп, қабырғаға тақалып ұйықтайтын.

Бір күні су құйған құмыралары сынып, су еденге жайы-

3. Ибн Асәкир III, 335; Айни IV, 176

лады. Қадірлі қонағының төбесінен су сорғалап мазасын алар деп, қобалжып Әбу Әйюб дереу өздерінің жамылатын жалғыз көрпелерін алып еденнің суын сүртті. Таң атысымен Әлемдердің Сұлтанына барып, жоғарғы қабатқа ауысуын қатты өтінді. Сүйікті Пайғамбарымыз:

– Бізге астыңғы қабат ыңғайлы, - десе де, Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу):

– Сіз төменгі қабатта тұратын болсаңыз, біз жоғарыға шықпаймыз, - деді. Содан соң Пайғамбарымыз жоғары шығып, орындарын ауыстырды.[4]

Аллаһ Расулі қонақ болған күндердің әрбірінде Әбу Әйюб әл-Ансаридің отбасы тамақ пісіріп, Пайғамбарымызға алып баратын. Артылған тамақты қайтарып бергенде, Әлемдердің Сұлтанының қолы тиген жерлерінен тәбәрік ретінде жейтін еді. Бірде пияз немесе сарымсақ қосылған тағам беріп жібереді. Бірақ Пайғамбарымыз ол тағамнан ауыз тимейді. Әбу Әйюб ол тағамнан Расулұллаһтың бармақ іздерін көрмегеннен кейін, дереу қасына барып:

– Уа, Расулаллаһ! Әлгі тағам харам ба? - деп сұрайды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жоқ, жоқ. Бірақ иісін ұнатпадым. Өйткені мен періштелермен сөйлесемін, - деді.

Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу):

– Сізге ұнамаған нәрсе, маған да ұнамайды, - деді.

Сонда Расулұллаһ былай деді:

– Сендер оны жей беріңдер.

4. Муслим, Әшриба 171; ибн Хишам II, 116

Осыдан кейін Әлемдердің Сұлтанына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пияз бен сарымсақ қосылған тағамды еш әкелмейтін болды.[5]

Міне бұл оқиғадан да Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдарды, тіпті періштелерді ыңғайсыз жағдайда қалдырып, мазалағысы келмейтінін, ап-анық байқауға болады.

Хазіреті Әбу Әйюб әл-Ансаридің Аллаһ Расуліне деген құрметі Пайғамбарымыздың үйінде қонақ болып қалған кезінде ғана емес, одан кейін де жалғасқан. Сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Стамбұл міндетті түрде алынады. Оны алған қолбасшы не деген керемет қолбасшы. Оны алған әскер нендей әскер», (Ахмед IV, 335; Хаким IV 468/8300) деген сүйіншісіне лайық болу үшін, жасы сексеннен асса да, екі рет Стамбұл шабылуына қатысып, келешекте қол жететін жеңіс үшін жан бергендердің алғашқыларынан болды. Көз жұмар шағында, өзінен кейін жеңіс үшін келетін Ислам әскерлеріне, қолдау, күш-қуат беру үшін жанындағыларға:

– Денемді аяқтарыңнның ең соң жеткен жеріне жерлеңдер, - деп тапсырды.[6]

Әнәс бин Мәликтің (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымызға көрсеткен қызметі

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезде, өгей әкем Әбу Талха қолымнан жетектеп Аллаһ Расуліне алып келді де:

5. Муслим, Әшриба 170-171; ибн Хишам II, 116
6. Ибн Сағд III, 484-485

– Уа, Расулұллаһ! Әнәс өзі ақылды бала, сізге қызмет етсін, - деді. Осылайша Расулұллаһтың қызметшісі болдым. Уаллаһи! Расулұллаһ ешқашан, істеген қателік, кемшілігіме: «Неге бұлай істедің?» немесе орындамаған қызметіме: «Бұны неге орындамадың? - деген емес». (Муслим, Фадайл 52)

Басқа бір риуаятта Хазіреті Әнәстің Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызметіне берілуі кейде былай айтылады:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға алғаш келгенде Ансардың әйел-еркегі әрбірі Пайғамбарымызға атаған сыйлықтарын әкеліп тапсырып жатты. Ал Үммі Сүлейм болса беретін еш нәрсе таба алмай қатты қобалжып өкінеді. Кейін ұлы Әнәсті қолынан жетектеп Аллаһ Расуліне әкеледі де былай дейді:

– Уа, Расулұллаһ! Әнәс сізге қызмет етсе, қалай қарайсыз?

Пайғамбарымыз да мұны қабыл алады. (Сәмхуди I, 271)

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«...Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені бір жерге жұмсады. Мен «Уаллаһи бармаймын» - дедім. Негізінен ішімнен баруға бел байлаған болатынмын. Өйткені, әмір берген Аллаһтың Пайғамбары еді. Жолға шығып көшеде ойнап жатқан балалардың жанына барып біраз тұрдым. Бір кезде Расулұллаһ арқамнан түртті. Бұрылып қарағанымда күлімсіреп:

– Әнәсжан, айтқан жеріме бардың ба? - деп сұрады.

– Міне, бара жатырмын, - деп жауап бердім. (Муслим, Фадайл 54)

Әнәс (радиаллаһу анһу) тағы бір оқиғаны былайша түсіндіреді:

«Бір күні Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызмет қылып болғаннан кейін: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайлула ұйқысында (түскі ұйқы) деп, балаларға кеттім. Мен ойындарын тамашалап тұрғанымда Расулұллаһ келіп балаларға сәлем берді. Артынан мені шақырып бір жерге жұмсады. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен келгенге дейін бір көлеңкеде отырды. Сөйтіп шешемнің жанына кеш оралдым. Шешем:

– Неге кешіктің? - деп сұрады. Мен:

– Аллаһ Елшісі мені бір жұмыспен жұмсаған еді, - дедім. Анам болса:

– Ол қандай жұмыс, - деп сұрады. Мен:

– Бұл Расулұллаһтың сыры, - дедім. Сонда анам:

– Олай болса, Расулұллаһтың сырын сақта, - деді.

Бұл хадисті жеткізген Сәбит былай дейді:

– Әнәс маған былай деді: «Егер ол сырды бір кісіге айтуым керек болғанда, саған айтар едім, Сәбит». (Ахмед III, 195)

Жоғарыда айтылғандай Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балалармен құрдасы сияқты сөйлесіп, оларға да сырын айтатын. Ол өмірінің әрбір кезеңінде балаларға сүйіспеншілікпен, ізеттілікпен қарап, әрі олардың ішіне түсіп, ынта-шынтасымен көңілін алатын. Хадис шәрифінде де: «Егер кімде-кімнің баласы бар болса, онымен бала сияқты қарым-қатынас жасасын» деген. (Дәйләми III, 513)

Мына хадисінде де:



«Балаларыңызға сый-сияпат беріңіздер әрі оларды жақсылап тәрбиелеңіздер» (Ибн Мәжә, Әдеп 3) деп, балаларымыз бен жас буындарға қалай қарым-қатынас жасау керектігін көрсеткен.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өнегелі өмірі, бала тәрбиесінде де біздерге жол көрсетуде. Мұны әрдайым қасында жүрген Әнәсқа берген тәрбиесінен көруге болады. Ол өмірінде Әнәсқа еш ашуланбаған еді. Елу бес жастарындағы Расулұллаһ он жасындағы Әнәстің жүрегіне жол тауып, онымен құрдасы сияқты қалжыңдасып, керек кезінде оған сырын да айтатын. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәрбиесінде өскен Әнәс (радиаллаһу анһу) бала болғанына қарамастан үлкен кісі сияқты әрекет етіп, Расулұллаһтың айтқан сырын ешкімге айтпады. Тіпті өмірінің соңына дейін ешкімге тіс жармады. Хазіреті Әнәсты мұншалықты дәрежеге жеткізген шүбәсіз Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолданған теңдесіз тәрбие методы болатын.

Мұхажир мен Ансар арасындағы бауырластық: Муахат

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дағуатын жайғаннан бастап Исламға кіргендердің ұлтына, руына яки тайпасына қарамастан барлығын тең көріп, араларында Ислам бауырластығын нық орнатқан-ды. Хижреттен бұрын және хижреттен кейін екі рет араларында «Муахат», яғни бауырластық келісімін жасаған болатын. Меккедегі Муахат Құрайыш тайпасындағы кейбір мұсылмандардың азапқа ұшыраған құлдармен бауырластырылуы еді. Мысалы: Зәйд бин Хариса мен Хазіреті Хамза, Әбу Хузайфаның азат еткен

құлы Сәлим мен Әбу Ұбәйда бин Жаррах, Біләл Хабаши мен Ұбәйда бин Харис бауыр болған-ды.[7]

Исламның алғашқы жылдарынан бастап осылайша бір-біріне бауыр болған мұсылмандар хижреттен кейін екінші бауырластыққа үлгі болды.

Мұхажирлер Мәдинаға алғаш келген күні Ансар оларды қонақ қылып күту үшін бір-бірімен жарысқа түскен еді. Тіпті бұл қонақтарды бөлісе алмай араларында шек тастауға дейін барды.[8] Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келгеннен кейін бес айдан соң Мұхажирлер мен Ансарды араларында екі-екіден бауыр қылды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл бауырластық келісімін Әнәс бин Мәликтің (радиаллаһу анһу) үйінде жасады.[9]

Мысал берер болсақ, Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Харижа бин Зәйідпен (радиаллаһу анһу), Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Ұтба бин Мәликпен (радиаллаһу анһу), Әбу Ұбәйда (радиаллаһу анһу) Сад бин Муазбен (радиаллаһу анһу), Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) Әус бин Сәбитпен (радиаллаһу анһу),[10] Хазіреті Біләл (радиаллаһу анһу) Абдуллаһ бин Абдуррахманмен,[11] Хазіреті Салман (радиаллаһу анһу) Әбу Дардамен,[12] Сәлим (радиаллаһу анһу) Муаз бин Мағизбен[13] және Аммар

7. Ибн Сайидин-Нас I, 321; ибн Хабиб 70 бет; ибн Абдил-Бәр, әд-Дурар 90 бет
8. Бұхари, Жанаиз 3; Мәнәкибул Ансар 46
9. Бұхари, Әдеп 67
10. Ибн Хишам II, 124-125
11. Ибн Сағд III, 233-234
12. Бұхари, Әдәб 67
13. Ибн Абдил-Бәр II, 567

(радиаллаһу анһу) Хузайфамен (радиаллаһу анһу) бауыр болған еді.[14] Бұл бауырластық барысында екі жақтың мінез-құлқының ұқсастығына да көңіл бөлінді.

Әрбір мәдиналық отбасы бір Мұхажир отбасын жанына алды. Осылайша араларында бауырластық келісімі жасалған әрбір Мұхажир мен Ансар бірге жұмыс істеп, тапқан табыстарын бөлісіп отырды. Ансар артық жерлерін Расулұллаһқа тапсырып, Пайғамбарымыз да бұл жерлерді мұхажирлерге бөліп берді. Ансарлықтар мұнымен шектелмеді шынайы жомарттығын көрсетіп былай деді:

– Уа, Расулұллаһ! Біздің құрма бақтарымызды да Мұхажир бауырларымызға бөліп бер.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жоқ, олай болмайды, - деп қабыл алмағаннан кейін ансарлықтар мұхажирлерге:

– Олай болса, бауды сендер суғарып күтіңдер, түскен өнімді арамызда бөліп алайық, - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұны құптап, екі жақ та:

– Естідік, әрі мойынсұндық, - деп бұл ұсынысты қабыл алды. (Бұхари, Харс 5)

Бұл бауырластық барлық нәрселерін Меккеге тастап, өмірді басынан бастау үшін Мәдинаға көш еткен мұсылмандар мен оларға құшақ жайған ансарлықтардың рухани және материалдық жәрдеміне негізделді. Мұнымен қоса дін үшін туған жерлерінен айрылған мұхажирлер қайғы-қасіреттерінен арылып, олардың Мәдинаға тез арада үйреніп мұсылмандардың арасында бірлік құруға негізделген-ді.

14. Хаким III, 435/5657

Бұлар мақтан үшін емес, тек иман махаббатынан туындаған. Бұл келісімнің ішінде мирас, өз араларындағы құл ақы мен теңдік және бір-біріне жәрдемдесу сияқты жақтары да бар.[15] Бауыр болғандар бір-біріне қамқоршы әрі мирасқор еді. Бұл бауырластық келісімі кейін де жалғасын тауып мирас жайындағы үкім Бәдір соғысынан кейін ғана тоқтатылды. Яғни, тек өз ұрпағынан болғандар ғана мирасқа ие бола алды.[16]

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) бұл жайында былай деген:

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қалыптастырған бауырластығынан кейін Мұхажир мен Ансар бауырмашылдығы өз туған жағынан да тіпті ең жақын туысынан да бұрын мирасшы болатын».

وَلِكُلٍّ جَعَلْنَا مَوَالِيَ مِمَّا تَرَكَ الْوَالِدَانِ وَالْاَقْرَبُونَ

«Әке-шеше мен жақын туыстардың артта қалған барлық нәрселері үшін мирасшы белгіледік…» (Ниса сүресі 33-аят) осы аят түскеннен кейін бұл үкім тоқтатылды.

Бұл аяттың жалғасында айтылған:

وَالَّذِينَ عَقَدَتْ اَيْمَانُكُمْ فَاٰتُوهُمْ نَصِيبَهُمْ

«...Ант етіп мирасшы қылған кісілердің пайын да беріңіздер...» дегенде Ансар мен Мұхажир арасындағы бауырластық бір-біріне жәрдем беру, насихат айту және қайырымдылық көрсетумен шектелді. Осылайша өз араларындағы мирас тоқтатылды. Тек кісі өз қалауымен

15. Бұхари, Кәфәлә 2, Әдәб 67
16. Әнфәл сүресі 72-75 аяттар; Бұхари, Фарайд 16

малының үште бірін өсиет ете алатын болды. (Бұхари, Тәфсир 4/7; Әбу Дәуіт, Фарайд 16/2922)

Бұл муахаттың (бауырластық келісім арқасында) Исламнан бұрынғы Мәдинада Әус пен Хазреж тайпалары арасындағы жылдар бойы жалғасып келген қан дауы тоқтатылып, туған бауырдан да күшті бір бауырластық пайда болды. Олар бір-бірлерін көру үшін таңның атуын асыға күтетін. Бір-бірімен кездескенде шын көңілден қал-жағдайларын сұрасатын. Қал-жағдайын сұраспай, бір-бірімен көріспей үш күннен артық жүрмейтін. Иләһи ілтипатқа ие болған бұл бауырластық Құран Кәрімде де мадақталды.[17]

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада Ислами қоғамның әрі мемлекеттің ірге тасын салып жатқан еді. Сол үшін әуелі қоғамның ынтымақбірлігі мен ауызбіршілігі болатын. Қоғамның бірлігін сақтап тұратын басты ерекшеліктер бұлар бауырластық пен сүйіспеншілік және жәрдемдесу. Сондықтан Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ансар мен Мұхажир арасындағы қалыптастырған бұл бауырластығы дүниеде теңдесі болмаған қоғамның құрылуына қажет ең маңызды нәрсе болды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңа құрылып келе жатқан қоғамды ру, тайпа, ұлтшылдық, құлдық-еркіндік, байлық-кедейлік сияқты негіздерге емес, тек қана Ислам бауырластығы негізінде құрды. Осылайша жік-жікке бөлінген халықты бір ту астына біріктіріп Ислами қоғам құрды.

17. Хашр сүресі 9-аят

Мұхажир мен Ансардың абзалдығы

«Бір жерден басқа бір жерге қоныс аударушы» деген мағынаны білдіретін «Мұхажир» сөзі зорлық-зомбылық пен қорлықтан адам төзгісіз халге жеткен кезінде Мәдинаға хижрет жасаған Меккелік мұсылмандарға берілген атау еді.

Мұхажирлер өздерімен бірге алып бара алған заттарынан басқа барлық мал-мүліктерін тастап, көшіп кеткен кезде мүшриктер мұсылмандарды талан-таражға салды. Мұсылмандар шын мәнінде өте көп дүние мүлктерінен айрылды. Өйткені, олар мал-мүлктің, яғни тек бұл дүниелік пайданың соңында емес еді. Олар сахабалар иманның нағыз ләззатын татқан болатын. Сондықтан Аллаһ жолында барлық нәрселерін пида етуге дайын еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардан қандай да бір нәрсе өтінетін болса, «Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын, уа, Расулаллаһ» деп Пайғамбарымыздың өтінішін әмір ретінде қабыл етіп, оның әмірлерін орындауға қашанда әзір еді.

Мәдинаға баруына кедергі болған мүшриктерге Меккедегі дүние-мүлкінің жасырылған жерін айтып, олардан құтылып хижрет жасаған Сухәйб бин Синан (радиаллаһу анһу) (Сухәйб Руми атымен де мәшһүр болған) осыған ең тамаша мысалдардың бірі:

Аллаһ жолында зорлық-зомбылыққа ұшырап қатты азап көрген мұсылмандардың бірі Сухәйб (радиаллаһу анһу) Хазіреті Алиден (радиаллаһу анһу) кейін Мәдинаға хижрет ету үшін жолға шығады. Меккеліктердің біразы артынан қуып жетіп:

– Сен бұл жерге келгеніңде кедей сорлы біреу едің. Бізге келіп дәулетті болдың. Енді келіп өзіңмен бірге мал-мүлкіңді



де алып кеткің келеді ғой. Ант етіп айтамыз біз бұған әсте жол бермейміз, - деді.

Сухәйб дереу көлігінен түсіп, қорамсабынан жебелерін шығарып:

– Ей, Құрайыш қауымы! Менің ең мықты садақ ататындардың бірі екенімді жақсы білесіңдер. Уаллаһи, қорамсабымдағы жебелер таусылғанша сендерге оқ атып, таусылғаннан кейін семсеріммен шайқасамын. Бұлар қолымда барда, маған жақындап көріңдер. Тек қана бұл екеуі қолымнан түскен кезде ғана маған қалағандарыңды істей аласыңдар. Егер де мал-мүлкімнің жасырылған жерін айтып, оны сендерге қалдырсам мені өз еркіме жібересіңдер ме? - дейді.

Мүшриктер оның ұсынысын қабыл етіп, Сухәйб (радиаллаһу анһу) байлығының жасырылған жерін оларға айтып ары қарай жолын жалғастырады. Рабиул Әууәл айының орталарында Құба деген жерде Расулұллаһқа барып қосылады. Ол кезде сүйікті Пайғамбарымыздың жанында Хазіреті Әбу Бәкір мен Омар (радиаллаһу анһума) отырған болатын. Олардың алдында Күлсум бин Хидмнің алып келген Үмму Жирзан деген құрмасы бар еді. Сухәйб (радиаллаһу анһу) жолда көзі ауырып әрі өте қатты ашыққан болатын. Құрмаларды дереу жей бастағанда Хазіреті Омар қалжыңдап былай дейді:

«Уа, Расулаллаһ! Сухәйбті көрдіңіз бе? Көзі ауырып тұрса да, құрма жеп жатыр». Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сухәйбке:

– Көзің ауырса да құрма жеп жатқаныңа жол болсын?! - деді.

Сухәйб болса былай жауап берді:

– Мен оны көзімнің ауырмайтын жағымен жеп жатырмын.

Расулұллаһ оның бұл жауабына жымиып (Сухәйбтің байлығын беріп (тастап) Меккелік мүшриктерден құтылғандығын меңзеп) былай дейді:

– *Сухәйб озды! Сухәйб озды! Уа, Әбу Яхия, саудасаттығың пайдалы болды!».* (Ибн Сағд III, 226-230; Хаким III, 450, 452)[18]

Мұхажирлер осыншалықты қиыншылықтарға қарамастан, шын ықыластарымен Мәдинаға хижрет жасап жатқанын, Мәдиналық мұсылмандар да олардың дін жолындағы күресіне лайық иман махаббатымен оларды бауырына басты. Құшақтарын айқара ашып, барлық нәрселерін бөлісуге шын көңілден разы болған Ансар бауырларының мойнына жүк болғысы келмеген Мұхажирлер болса өз еңбектерімен өмір сүру үшін, ақысыз берілген нәрселерді алмады. Кейбірі Ансардың құрма бақтарында жұмыс істеп, маңдай терімен табыс табуды қалады. Енді бірі саудасаттықпен айналыса бастады. Мысалы, Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу) осылардың бірі еді. Оған өзімен бауыр етілген Саад бин Раби (радиаллаһу анһу) былай дейді:

– Міне мал-мүлкімнің жартысын саған бердім.

Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу):

– Аллаһ мал-мүлкіңнің берекетін берсін. Отбасыңа да амандық берсін. Сен маған Мәдинаның базарын көрсетсең болды, маған сол жеткілікті, - деді. Осылайша саудасаттыққа араласқан Абдуррахман (радиаллаһу анһу) аз уақыттың ішінде байлардың қатарына қосылды. (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 3)

18. 1 том 332 бет.



Уахимен алғаш танысып барлық қиыншылықтарға төзе отырып Аллаһ Расуліне иман келтірген, яғни сол жолда ауыр азаптарға ұшырап өз туған жерлерінен қуылған Мұхажирлер Аллаһ Тағаланың мақтауына лайық болды. Өйткені, олар ешқандай дүниелік пайданың қызығына қарамастан, тек сенген сенімдерімен өмір сүру үшін барлық нәрселерін тастап кетті. Олар бұл іс-әрекеттерімен тек қажыр-қайрат көрсетіп қана қоймады. Сонымен бірге діни міндеттерін де қоса атқарды. Өйткені, Құран Кәрімде, керек кезінде хижрет жасамағандар айыпталды.[19]

Хақ Тағала Құран Кәрімде Мұхажирлердің күнәларын кешіретіндігін әрі оларға жәннатты сыйлайтындығын білдірген:

فَالَّذِينَ هَاجَرُوا وَ اُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ وَاُوذُوا فِى سَبِيلِى وَ قَاتَلُوا
وَقُتِلُوا لَاُكَفِّرَنَّ عَنْهُمْ سَيِّئَاتِهِمْ وَلَاُدْخِلَنَّهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِى
مِنْ تَحْتِهَا الْاَنْهَارُ ثَوَابًا مِنْ عِنْدِ اللّٰهِ وَ اللّٰهُ عِنْدَهُ حُسْنُ الثَّوَابِ

«...Сондай-ақ хижрет еткендердің туған жерлерінен қуылғандардың, менің жолымда зорлық-зомбылыққа ұшырағандардың соғысқандардың және өлтірілгендердің күнәларын міндетті түрде жасырамын. Оларды астынан өзендер аққан жәннаттарға кіргіземін. Оларға сыйлық Аллаһ тарапынан беріледі. Әрине, сыйлықтардың ең жақсысы Аллаһтың қасында». (Әли Имран сүресі 195-аят)

ثُمَّ اِنَّ رَبَّكَ لِلَّذِينَ هَاجَرُوا مِنْ بَعْدِ مَا فُتِنُوا ثُمَّ جَاهَدُوا وَصَبَرُوٓا
اِنَّ رَبَّكَ مِنْ بَعْدِهَا لَغَفُورٌ رَحِيمٌ

19. Ниса сүресі 97-аят.

«Күмәнсіз Раббың шын мәнінде жапа көргеннен кейін хижрет етіп, артынан жиһад жасап және сабыр еткендердің жәрдемшісі. Мүнымен қоса Раббың әрине аса жарылқаушы әрі ерекше мейірімді». (Нахыл сүресі 110-аят)

Бұл жайында сүйікті Пайғамбарымыз былай дейді:

«Мұхажирлер өзгелерден жетпіс жыл бұрын жәннатқа кіріп, оның нығметтеріне қарық болады. Ал басқалары болса есеп беру үшін күтеді». (Хәйсәми X, 15)

Мұхажирлер ақыретте өте үлкен сыйлықтарға лайық болатын болса, олар бұл дүниеде де көрсеткен күш-қайраттарының арқасында Аллаһтың сансыз нығметтеріне лайық болды. Бұл жайында Құранда былай айтылады:

وَالَّذِينَ هَاجَرُوا فِى اللهِ مِنْ بَعْدِ مَا ظُلِمُوا لَنُبَوِّئَنَّهُمْ فِى الدُّنْيَا
حَسَنَةً وَلَاَجْرُ الْاٰخِرَةِ اَكْبَرُ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ

«Зұлымдыққа ұшырағаннан кейін Аллаһ үшін хижрет жасағандары, дүниеде жайлы қонысқа орналастырамыз. Егер олар білетін болса, ақыреттің сыйлығы одан да артық». (Нахыл сүресі 41-аят)

Мұхажирлер Аллаһ жолында барлық нәрселерін Меккеде қалдырған болатын. Осының сыйлығы ретінде Аллаһ Тағала оларға соғыста түскен олжалардан басқа адамдарға қарағанда артығынан пай айырды. Құран Кәрімде бұл жайында былай делінген:

لِلْفُقَرَٓاءِ الْمُهَاجِرِينَ الَّذِينَ اُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ وَاَمْوَالِهِمْ يَبْتَغُونَ
فَضْلاً مِنَ اللهِ وَرِضْوَانًا وَيَنْصُرُونَ اللهَ وَرَسُولَهُ اُولٰئِكَ هُمُ الصَّادِقُونَ



«Бұл олжаға түскен малдарда жұрттарынан қуылып, малдарынан айырылған, Аллаһтың мәрхаматы мен ризалығын қалап Аллаһқа және Расуліне жәрдем еткен пақыр Мұхажирлердің хақы бар. Міне шыншылдар осылар». (Хашр сүресі 8-аят)

Мұхажирлер Мәдинаға келген кездерінде бастарынан өткен қайғы-қасіреттерімен бірге Мәдинаның ауа-райына ұзақ уақыт бойы үйренісе алмай, ыстықтары көтеріліп безгек ауруына шалдыққан еді. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) әкесі Әбу Бәкір Сыддық пен Біләл Хабашидің (радиаллаһу анһума) безгек ауруымен сырқаттанғандығынан әрі Меккені сағынғандығынан қатты қиналғандарын көріп, бұл жағдайды Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтады. Сол кезде Пайғамбарымыз былайша дұға етеді:

«Уа, Раббым! Бізге Меккені сүйдіргеніңдей Мәдинаны да сүйдір. Тіпті Меккеден артығырақ сүйдір. Өнімдерімізге берекет бергейсің. Уа, Раббым! Мәдинаның ауасын жақсартып, мұндағы безгекті Жухфәға[20] жібергейсің» (Бұхари, Фадайлул-Мәдина 12; Муслим, Хаж 480)

Меккеден хижрет жасап, көрсеткен қиыншылықтарға төзген Мұхажирлерге құшақ жайып, оларға жомарттық танытып, барлық жағдайларын жасап әрі Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақындық танытып, оның алып келген дініне сүйеніш болған Мәдиналық мұсылмандарға «жәрдемшілер» деген мағынаны білдіретін «Ансар» есімі берілген еді. Ансардың тек бір кісіні білдіріп

---

20. Жухфә - ол кезде Яһудилердің немесе мүшриктердің отырған аймағы болатын. Ол жердің халқы мұсылмандарға қарсы кәпірлерге жәрдем етіп, араға іріткі салып, бұзақылық жасайтын. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылайша дұға қылып, оларға оба ауруын жіберіп, кәпірлерге жәрдем етулеріне әрі іріткі салып, бұзақылық жасауына жол бермеуін қалаған еді. (Айни X, 251)

тұрғандығы «Ансари», ал олардың барлығын немесе бірнешеуін білдіру үшін араб тілінде «Ансариюн» деген тіркесі қолданылған.

Тайлан бин Жәрир (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Сахаба Әнәстың (радиаллаһу анһу) айтуынша:

– Сіздерге Ансар есімі бұрын қолданылатын еді ма, жоқ әлде бұл есімді сіздерге Аллаһ берді ме? - деп сұрағанымда, ол былай деп жауап берді:

– Бұл есімді бізге Аллаһ берді. (Бұхари, Мәнәкибул-Ансар 1)

Ансарлықтар Әус және Хазреж дейтін Мәдиналық екі туысқан тайпадан тұратын.

Әус пен Хазреж арасында жылдар бойы толастамаған соғыс бар еді. Пайғамбарлықтың он бірінші жылында Хазреж тайпасынан алты кісілік бір топ Әуске қарсы Құрайыштардан жәрдем сұрау үшін Меккеге келеді. Ол жерде Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесіп, оның дағуатының және үгіт-насихатының арқасында Исламды қабылдады. Сөйтіп хазреждіктер Мәдинаға қайтады. Кері оралғаннан кейін, араларындағы дұшпандық осы хақ діннің арқасында жойылып, әрі бұрынғыдай туыстық пен бауырластықтың орнайтынын үміттеніп Әус тайпасын да Исламға шақырады. Осылайша жылдар бойы жалғасып келген соғыстың халықтың көңіліне ұялаған қайғы-қасіреті, Исламның алып келген бейбітшілігімен әрі тыныштығымен бірлікке ауысты. Туысқан екі тайпа қайтадан бірігіп, бас қосып, пайғамбарлықтың он екінші және он үшінші жылдарында Меккеге өкіл жіберіп Хазіреті Пайғамбармен кездесті. Нәтижеде бірінші және екінші Ақабә биаты (келісім) жасалды.

Екінші Ақабә биатында мәдиналықтар хижрет жасай қалса Расулұллаһ пен мұсылмандарды қорғап, оларға қол ұшын беретіндіктеріне уәде береді. Осылайша Ислам тарихында жаңа дәуірдің қалыптасуына және хижреттің басталуына себеп болды.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұхажирлер мен Ансарды екі-екіден бауыр қылған кезде, Ансар Мұхажир бауырларын Мәдинадағы үйлеріне, тірліктеріне, бау-бақшаларына ортақ қылып, туған бауырдан да артық көріп әрі бұрын-соңды болмаған бірлік пен ынтымақтастықтың үлгісі болды. Ансарлықтардың бұл шынайы әрекеті Құран Кәрімде былайша мадақталады:

وَالَّذِينَ تَبَوَّؤُا الدَّارَ وَالْاِيمَانَ مِنْ قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ اِلَيْهِمْ
وَ لَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِمَّٓا اُوتُوا وَيُؤْثِرُونَ عَلٰٓى اَنْفُسِهِمْ
وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ

«Бұрын Мәдинаға қоныстанып әрі жүректеріне иман орныққандар, өздеріне хижрет жасап келгендерді жақсы көріп, оларға берген нәрселеріне көңілдері қаймықпайды. Әрі өздері таршылықта бола тұра оларды өздерінен артық көреді...» (Хашр сүресі 9-аят)

Бұл аяттың түсуіне себеп болған Ансардың мәрттігі тамаша мысал болады:

Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аштықтан әлсіреген бір кісі келіп жәрдем сұрайды. Адамзаттың асылы болған Пайғамбарымыз:

– Бұл бауырларыңызды қайсыңыз қонақ қылып күтесіз? - деп сұрайды. Ансарлық Әбу Талха (радиаллаһу анһу):

– Мен қонақ қылайын, уа, Расулұллаһ! - деп, ол бейшараны үйіне алып барады. Үйіне барып әйеліне:

– Расулұллаһтың қонағын күтейік, үйде жейтін бір нәрсе бар ма? - деп сұрайды.

– Балаларымыздың жейтінінен басқа ешнәрсе қалмады, - деп жауап береді. Сонда Әбу Талха (радиаллаһу анһу):

– Олай болса балаларды алдандыра тұр. Егер дастарханға отырғылары келсе, оларды ұйықтат. Қонағымыз үйге кірісімен жолын тауып шамды да сөндір. Біз де дастарханнан жеп жатқандай болайық, - дейді.

Барлығы бірге дастарханға отырып, қонақтары қарнын тойдырады. Ал өздері болса аш жатады. Таңертең Әбу Талха Пайғамбарымызға барады. Оны көрісімен Расулұллаһ оған былай дейді:

«Кеше қонақтарыңызға жасаған әрекеттеріңізден Аллаһ Тағала разы болды». (Бұхари, Тәфсир 59/6; Муслим, Әшрибә 172-173)

Сүйікті Пайғамбарымыз Мәдинаға келген кезінде Мұхажирлер:

– Уа, Расулаллаһ! Біз хижрет етіп келген бұл қауымнан өзге жомарт әрі қолы ашық кісілерді көрмедік. Дәулетті болғандары артығымен беріп, кедейлері де барымен аямай жәрдем етті. Барлық күнкөрістік қажеттерімізді беріп, бізді мал-мүлкіне ортақ қылды. Барлық игі-сауапты солар алып қояды ма деп қорқамыз, - дейді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса былай дейді:

«Жоқ. Олар үшін Аллаһқа дұға қылып, олардың істеген жақсылығын асырып, мақтайтын болсаңдар, сендер де сауапқа кенелесіңдер». (Тирмизи, Қиямет 44/2487)

Жәбир (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Ансарлықтар құрмаларын жинап болғаннан кейін, екіге айырып, бір бөлігін көптеу екіншісін аз қылатын. Сосын аз болған жағына көп көрінсін деп, құрма бұтақтарын қосып Мұхажирлерге: «Қалағаныңызды алыңыз» дейтін. Олар көп бөлігі ансар бауырларымызға қалсын деп, аз болып көрінген бөлігін алатын. Осылайша құрманың негізгі көп болған бөлігі оларға түсетін. Ансар да аз болған бөлігін өздеріне қалдыратын еді. Ансарлықтардың бұл жомарттықтары Хайбардың жеңісіне дейін жалғасты». (Хайсәми X, 40)

Мына оқиға да ансарлықтардың Мұхажирлерге көрсеткен жомарттығының бірі еді. Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бахрейн топырақтарын бірнеше бөліктерге айырып, сахабаларына бөліп беру үшін әуелі Ансарды шақырды. Ансар бұдан бас тартып:

– Уа, Расулұллаһ! Мұхажир бауырларымызға үлесті артығымен бөліп бермейінше, бізге ешнәрсенің қажеті жоқ, - деді.

Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, ансарлықтар! Оларға жол беріп, алудан бас тартқан екенсіңдер, онда Кәусәр бұлағының басында менімен кездескенге дейін сабыр етіңдер. Өйткені, менен кейін сендерге, басқаларға көңіл бөлінетін заман келеді», - деді. (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 8)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһ уә сәлләм) ансарлықтардың басқаларды өздерінен артық көргендерін былайша мақтап жеткізеді:

«Байқауымша сендер жорыққа және мұқтаждарға беруге шақырылған кездеріңде көбейіп, топ-топ болып келесіңдер, ал дүниелік бір нәрсе беру үшін шақырылғандарыңда болса,

азайып, қолдарыңдағы нәрсеге қанағат тұтасыңдар». (Әли әл-Муттақи XIV 66)

Ансарлықтар өз қалаларына келген сүйікті Пайғамбарымыз бен Мұхажирлерге істеген жақсылықтары үшін еш нәрсе дәметпестен, ақысыз жәннатқа кіруге, ең маңыздысы Аллаһтың разылығына бөленді.

Бұл туралы Қасиетті Құранда былай айтылады:

وَالسَّابِقُونَ الْاَوَّلُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْاَنْصَارِ وَ الَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ بِاِحْسَانٍ رَضِىَ اللّٰهُ عَنْهُمْ وَ رَضُوا عَنْهُ وَاَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا الْاَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَٓا اَبَدًا ذٰلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Мұхажирлер мен ансарлықтардан алғаш иман келтіргендер мен оларға жақсылықта ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Аллаһ оларға ішінде мәңгі қалатын, астынан өзендер ағатын жәннаттар дайындады. Міне, осы ұлы жеңіс». (Тәубе сүресі 100-аят)

Ансарлықтар Ислам діні үшін, сондай-ақ адамзаттың Асыл Тәжі болған Пайғамбарымызды қорғау үшін жандарын пида етуге дайын болды. Бәдір соғысында аянбай күш-қайрат көрсетті. Ұхұд соғысында мұсылмандар қоршауға алынып жеңілуге таяп қалған кезеңде де Расулұллаһтың айналасына шоғырланып, сүйікті Пайғамбарымызды қорғау үшін денелерін қалқан ретінде тосқандардың көпшілігі де ансарлықтар болатын. Олардың Пайғамбарымызға деген ерекше махаббатын сахаба Әнәстің (радиаллаһу анһу) риуаят еткен мына ғибратты оқиғасынан байқауға болады:



Жәрир бин Абдуллаһпен[21] бірге жолға шыққан едім. Жасы үлкен болса да Жәрир маған қызмет қылатын. Мен оған:

«Бұлай жасама», - дегенімде, маған:

– Мен Ансардың Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте көп қызмет жасағанын көрдім. Әрі өз-өзіме «Егер Ансардың біреуімен дос болатын болсам, оған қызмет етемін», деп ант еткен едім, - деді. (Бұхари, Жиһад 71; Муслим, Фадайлус-Сахаба 181)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер Хижрет болмағанда, мен ансардың бірі болатын едім», - деп, ансарлықтарға деген көзқарасын әрі олардың қадірінің қымбат екенін білдірген болатын». (Бұхари, Мәнәкибул-Ансар 2)

Ансардың абзалдығы (артықшылығы) жайында Пайғамбарымыздың айтқан сөздері:

«Аллаһқа әрі ақыретке иман келтірген кісі Ансарға ашуланбасын». (Тирмизи, Мәнәкиб 25/3906)

«Оларды тек мүмин болғандар ғана жақсы көреді әрі олардан тек мунафиқтар ғана жиіркенеді. Ансарды жақсы көрген кісіні Аллаһ та жақсы көреді, оларға ашуланған кісіге Аллаһ та ашуланады». (Тирмизи, Мәнәкиб 25/3900)

«Уа, Халайық! Адамзат көбеюде, бірақ Ансар азаюда. Тіпті тағамдағы тұз сияқты азайып барады». (Бұхари, Мәнәкибул-Ансар 11)

---

21. **Жәрир бин Абдуллаһ** (р.а.) Йемендегі Бәжилә тайпасының басшысы еді. Хижреттің 10-шы жылы рамазан айында, яғни Пайғамбарымыздың қайтыс болуынан үш ай бұрын, 150 кісімен Мәдинаға келіп мұсылман болған еді. Ол сүйікті Пайғамбарымызды қатты жақсы көретін. Аллаһ Расулі де оны жақсы көретін, әрі оған әр көргенінде күлімсіреп қарайтын.

«Сіздерден Ансармен жақсы қарым-қатынаста болуларыңызды өтінемін. Олар менің жамағатым, сырластарым әрі сенімді кісілерім. Олар өздеріне тиісті міндеттерін толығымен орындады. Олардың жасаған қызметтерінің ақысы әлі толығымен берілген жоқ (ақыретте артығымен беріледі). Сондықтан олардың жақсыларымен жақсы қарым-қатынаста болыңдар, жамандық жасағандарын да кешіріңдер». (Бұхари, Мәнәкибул-Ансар 11)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ансарлықтарды да, мұхажирлерді де, қысқасы барлық сахабасын шын жүректен жақсы көретін. Тіпті олар: «Аллаһ Расулі барлығынан мені жақсы көреді», - деп ойлайтын.

Кааб бин Ужра (радиаллаһу анһу) мына ғибратты оқиғаны түсіндіреді:

«Бір күні мешітте Аллаһ Расулімен бірге отыр едім. Ансарлықтар мен мұхажирлерден және Хашимұлдарынан да біраз кісі бар еді. Ішімізден Сүйікті Пайғамбарымыз қай топты артық жақсы көреді екен? деген ойда да болатынбыз. Біз Ансар жамағаты:

– Біз Аллаһ Расуліне иман келтірдік. Оның соңынан ердік. Онымен бірге дұшпандармен соғыстық. Сондықтан Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқалардан гөрі бізді артық жақсы көреді, - дедік.

Мұхажир бауырларымыз да:

– Біз Аллаһ және Расулі үшін хижрет жасадық, бұл жолда бала-шағамызды тастадық, мал-мүлкімізден бас тарттық, сіз қатысқан соғыстарға біз де қатыстық. Сондықтан Аллаһ Расулі бізді барлығынан қатты жақсы көреді, - деді.

Хашимұлдарынан тараған бауырларымыз:

– Біз Хазіреті Пайғамбардың жақындарымыз, сіздердің қатысқан соғыстарыңызға біз де қатыстық. Осы себептен Пайғамбарымыз бізді артық жақсы көреді - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасымызға келіп:

– Сендердің сөйлесіп жатқандарың не нәрсе? - деп сұрады.

Біз әрбіріміз айтқан нәрселерімізді қайталадық. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Дұрыс айтасыздар. Кім бұны жоққа шығара алады? - дегеннен кейін, былай деді:

– Араларында үкім айтуымды қалайсыңдар ма?

– Әрине, уа, Расулұллаһ! Әке-шешеміз сенің жолыңда пида болсын, - дедік.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сіздерсіздер, уа, Ансар қауымы! Мен сендердің бауырларыңмын,- деді.

Ансарлықтар қуанғандарынан:

– Аллаһу Әкбар! Қағбаның Раббысына ант етейік! Оған біз лайық болдық, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұхажирлерге қарап:

– Уа, Мұхажир жамағаты! Мен сендерденмін, - деді.

Мұхажирлер де қуанғандарынан:

– Аллаһу Әкбар! Қағбаның Раббысына ант етейік! Оған біз лайық болдық, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұдан соң:

– *Уа, Хашимұлдары! Сіздерге келсек, сіздер менен сіздер әрі маған келдіңіздер,* - деді.

Хашимұлдары да қуанғандарынан:

– Аллаһу Әкбар! Қағбаның Раббысына ант етейік! Оған біз лайық болдық, - деді.

Сөйтіп барлығымыз Аллаһ Расулінің көрсеткен ілтипатына қуанып, разы болып тарадық. (Хәйсами X, 14)

Шамамен төрт жүздей отбасынан тұратын Мәдинада құрылған кішігірім Ислам мемлекетінің шекарасы он жыл ішінде Ирак пен Палестинаға дейін жетті. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған кезінде Византия мен Иранға қарсы соғыс жүріп жатқан еді. Сонда да сахабалардың он жыл бұрынғы хал-жағдайы, тұрмыс деңгейі және үйлерінің құрылысы әлі өзгермеген еді. Олардың өмірлері нәпсінің қалауларына берілмеді. Сахабалар қажетінен тыс артық қолдануды, ысырапшылдықты, тойымсыздықты және жанға жайлы мақтаншақтықты білмеді. Олар әрдайым: «Ертеңгі барар жеріміз, яғни нәпсінің тұрақтайтын жері - мазар», - деген түсінікте болатын. Осы себепті дүние нығметтерін өз нәпсілеріне қалаудан және шектен тыс қолданудан әрдайым ұзақ тұрды. Аллаһтың разылығына лайық өмір сүрді. Олардың басты міндеті, яғни Исламның атқан таңдай жылдам жайылуы, барған жерлерінде Исламның кәміл қасиетін жаю болатын. Дәлірек айтқанда сахабалар Расулұллаһтың нағыз шәкірттері болды. Олар барлық адамзатқа Аллаһтың мейірімі мен мәрхаматымен қарайтын, өзгелердің қамын ойлайтын, әділ, пейілі кең, пайғамбарлық нұрымен нұрланған шынайы мүминдер еді.



Нәби қаласы және ондағы келісім шарт

Мәдина Мунәууара, Мекке Мукарраманың солтүстігінде орналасқан, үш жағы таумен қоршалған, оңтүстігі жазық дала. Топырағы егістікке құнарлы, ауасы таза, құрма бақтары тізілген, жап-жасыл өңір.

Хазіреті Пайғамбарымыз хижрет жасаған кезінде Мәдина Арабтардың Әус және Хазрәж деген екі тайпасы мен яһудилердің Қайнуға, Надир және Құрайзаұлдары атты үш тайпасы бар еді. Араб тайпалары бұл жерге Йеменнен «Сәйлүл-Арим» деген сел басқаннан (бәлекетінен) кейін, яһудилер Римдіктер Құдысты жаулап алып, күл-талқан еткеннен кейін осында келген болатын.

Уақыт өте келе арабтар мен яһудилердің арасы бұзылып, арабтар яһудилерді жеңіп Мәдинада оларға билік жүргізетін. Бірақ, біраз уақыт өткен соң яһудилер құрған айласының кесірінен бұл екі туысқан тайпаның арасы бұзылып, жылдар бойы соғысады. Бұл соғыстардың соңғысы «Буас» соғысы деп аталды. Жүз жиырма жылға созылып хижреттен бес жылдай бұрын тоқтаған бұл соғыста екі жақ көптеген шығындарға ұшырап, әлсіреген еді. Сондықтан хижрет кезінде Мәдинаның нарық экономикасы яһудилердің қолында болатын.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келуімен, Аллаһтың жәрдемінің арқасында бұл екі туысқан тайпаның арасындағы кек пен дұшпандық жойылады.

Аллаһ Тағала былай дейді:

وَاعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللهِ جَمِيعًا وَ لاَ تَفَرَّقُوا وَاذْكُرُوا نِعْمَةَ اللهِ
عَلَيْكُمْ اِذْ كُنْتُمْ اَعْدَآءً فَاَلَّفَ بَيْنَ قُلُوبِكُمْ فَاَصْبَحْتُمْ بِنِعْمَتِهِ
اِخْوَانًا وَكُنْتُمْ عَلٰى شَفَا حُفْرَةٍ مِنَ النَّارِ فَاَنْقَذَكُمْ مِنْهَا
كَذٰلِكَ يُبَيِّنُ اللهُ لَكُمْ اٰيَاتِهِ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«Барлығың Аллаһтың жібіне (кітабына, дініне) **мықтап жабысыңдар да бөлініп айырылмаңдар. Сондай-ақ Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Өйткені сендер бір-біріңе дұшпан едіңдер. Ол жүректеріңді жарастырды. Міне Оның нығметімен туыс болыңдар. Ішінде оты бар шұқырдың ернеуінде едіңдер, ол сендерді құтқарды. Осылайша Аллаһ тура жолға түсулерің үшін сендерге аяттарын баян етеді»**. (Әли Имран сүресі 103аят)

Хижреттен кейін Меккелік мүшриктер мұсылмандардың Мәдинада қоныстанып күшеюіне кедергі болу үшін Мәдинадағы мүшриктер мен яһудилерді қорқытып хат жазды. Бір хатында Абдуллаһ бин Убәйға оны қолдайтын Әус және Хазреж тайпаларындағы мүшриктерді былай қорқытады:

«Сендер біздің адамымызды қастарыңа қоныстандырдыңдар. Не оны өлтіресіңдер немесе елдеріңнен қуасыңдар. Егер мұны істемейтін болсаңдар, барлық арабтарды жинап, сендерге аттанамыз, соғысқа жарайтындарыңды өлтіріп, әйелдеріңді күң қыламыз».

Осыдан кейін Абдуллаһ бин Убәй мен оны қолдайтын Мәдиналық мүшриктер Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қақтығысу үшін бас қосты. Бұдан хабардар болған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға барып:

«Құрайыштықтардың қорқытуы сендерге қатты әсер еткен сияқты. Олардан сендерге келетін зиян, бізбен соғысып табатын зияндарыңнан артық емес. Демек, сіздер өз балаларыңыз бен бауырларыңызға қарсы соғысып, оларды өлтіргілеріңіз келеді ғой?» - деді. Осыдан кейін олар жан-жаққа тарқап кетті. (Әбу Дәуіт, Хараж 22-23/3004; Абдурраззақ V, 358-359)

Осылайша Меккелік мүшриктердің қорқытуы мен әрекеттері нәтижесіз қалған болатын. Алайда ойлары іске аспаған олар Мәдинаға шабуыл жасап, мұсылман, мүшрик, яһуди демей ол жердегі барлық халықты өлтірулері де мүмкін еді. Бұл мұсылмандарға ғана емес, жалпыға бірдей төнген қауіп еді, тіпті мәдиналықтар Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) паналап, оның қол астына жиналуларына себеп болды.

Сонымен қатар Әус, Хазреж және яһудилер әркім өз тайпаларының Мәдинаға ие болуларын қалайтын. Мысалы, хазреждіктер басшылары Абдуллаһ бин Убәйды Мәдинаға әкім қылу үшін дайындаған болатын. Бірақ әустіктер хазреждіктердің бірінің, хазреждіктер де әустіктердің бірінің әкім болуын қабыл етпейтін. Сол себептен Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл мәдиналықтар үшін біріктіруші есім болған еді.

Осылайша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы шарттарға орай Мәдинаның басшылығын қолына алды. Муахат, яғни Ансар мен Мұхажир бауырластығын мұсылмандардың арасындағы әлеуметтік тәртіпті ретке келтірген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көп уақыт өткізбей Мәдинада өмір сүріп жатқан яһудилерді де хаттамаға енгізіп азаматтыққа алып, Мәдина мемлекетінің конституциясы ретінде саналатын кейбір негіздерді жа-

риялады. **«Мәдина Уәсиқасы»** (Мәдина келісімшарты) деп аталатын және Ислам Мемлекетінің құрылуының ресми құжаты болып саналатын бұл хаттаманың кейбір тармақтары мыналар:

«Бисмиллаһир рахманир рахим»

1. Құрайштық және Ясрибтік (Мәдиналық) мүминдер және оларға бағынып, олармен бірге болғандар әрі олармен бірге жиһад жасағандар, басқалардан бөлек, өз алдына бір үммет.

2. Басқыншылық пен азғындыққа жол берілмейді. Тақуа мүминдер араларында іріткі шығарғандарға, зұлымдық пен қиянат жасағысы келетіндерге, күнә істегендерге, қысқасы, дұшпандық жасап мүминдердің арасына іріткі салғандарға шара қолданады. Олардың ішінде бірінің перзенті болса да барлығы оған қарсы тұрады.

3. Кісі өлтірілмейді. Егер өлтірілетін болса Мұхажирлер мен Мәдинадағы әрбір отбасы қан дауын өзараларында бірігіп, салт-дәстүр бойынша шешеді. Әрбір топ тұтқындардың бостандық ақшасын біріге отырып, әрі мүминдердің арасындағы белгілі шарттарға сай әділ шешеді.

4. Мүминдерге қарызы болғандарға және жанұясында адам саны көп болғандарға: «өз мәселеңді өзің шеш» деместен, олардың ақшасын немесе өтейтін қан дауын араларындағы шарттарға сай жүргізеді.

5. Мәдинаның іші мен сыртында қауіпсіздік орнатылады. Мәдина сыртына шыққан кісі және Мәдинада қалған кісі де қауіпсіздікте болады. Зұлымдық немесе күнә істеген кісілер бұдан тыс.

6. Яһудилер діни бостандықта болады. Яғни яһудилер

де мұсылмандар да өз діндерінде болады. Бізге бағынған яһудилер ешқандай зұлымдыққа ұшырамайды және олар жәрдем алады.

Егер соғыс бола қалса екі жақ бір-біріне жәрдем береді. Яһудилер мүминдермен болған соғыстарда, соғыстың соңына дейін, жұмсалған шығындарға ортақ болады.

7. Екі жақ та мүшриктерді қорғамайды. Құрайыштықтарға және оларға жәрдем бергендерге қандай түрде болса да қорғау көрсетілмейді.

8. Мәдина ішінде соғысуға тыйым салынады. Ясриб ойпатының іші осы хаттама иелері үшін харам (құрмет) аймағы болып саналады. Сырттан шабуыл жасалатын болса екі жақ та аймақтарын қорғайды. Бір жақтың жасаған бейбітсөз келісімін, екінші жақ та қабыл етеді. Яһудилердің шығындары (соғыс кезінде) өздеріне, мұсылмандардың шығындары да өздеріне қатысты болады. Осы хаттама иелеріне қарсы соғыс ашқандарға екі жақ бір-біріне жәрдемдеседі, әрі өзара қарым-қатынас жасағанда жамандық атаулыдан ұзақ тұрады, керісінше насихат ете отырып жақсылықты негізге алады. Сонымен қатар бір-біріне жамандық жасамайды және зұлымдыққа ұшырағанға жәрдем етіледі.

9. Егер келіспеушілік туса, мәселе Аллаһқа және Расуліне ұсынылып, бұл мәселе Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үкімімен шешіледі.

10. Аллаһтың уәдесі және тыныштығы жалпыға бірдей тіпті ол ең бейшара көрінгендерді де қамтиды. Өйткені, мүминдер бір-бірінің досы әрі жақтаушысы.

11. Олардың (яһудилердің) ешқайсысы Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рұқсатынсыз әскери жорыққа шыға алмайды.

Аллаһ Тағала бұл хаттамада жазылғандарға мойынсұнғандарға, әрі туралықты және жақсылықты өздеріне ұран етіп ұстанғандарға разы болады. Бұл хаттама залымды яки кінәліні жазалауға еш кедергі болмайды.

Аллаһ жақсылық істеп, жамандықтардан ұзақ тұрған кісілерді қамқорына алады. Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың Расулі. (Ибн Хишам II, 119-123; ибн Кәсир, әл-Бидая III 263-264; Хамидуллаһ, әл-Ухәих 57-64 б.)

Міне, бұл айтылған тармақтарда қоғамда Ислам үкімдерінің орнатылуы үшін тиісті қағидалардың орын тепкені ап-ашық көрініп тұр.

Осы Мәдинадағы адамзаттық келісім шарт Исламда жақсы, қарым-қатынас пен бәріне ортақ дұрыс заң жоқ, Ислам тек құлшылықтан тұрады дейтін қате түсініктегі кісілерге толық жауап бола алады.

Мәдина Уәсиқасы – саяси, нарықтық-экономикалық, әлеуметтік және діни тұрғыдағы көп саланы қамтитын келісім шарт болды. Бұл келісім шарт (уәсиқа) мұсылмандардың бірлігін қалыптастырған принциптің Ислам екендігін, олардың бір-біріне жәрдемдесіп, араларында әділет пен теңдікті ұстану керек екендігін және қандай да бір келіспеушілік туындай қалса Аллаһқа және Пайғамбарына сүйену керектігін баяндады.

Осы Уәсиқа арабтардың арасындағы руға бөлінушілікті жойды, тек әділетті ұстану керектігін ретке келтірді. Қиянат жасаған кісі туысқаны болса да жазаландырылуы тиіс болды.

Бұл келісім сөздегі айтылғандар яһудилердің мал-мүлік жинауы, діндеріне еркіндік берілуі, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олармен қарым-қатынас жасауда әділ болғандығының айғағы.

Егер яһудилер өздері мұны бұзбағанда, араларындағы бұл әділ келісім шарт мұсылмандармен жалғаса беретін еді.

Мәдинаның харам (құрмет) аймағы деп жариялануы

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы қабылдаған шешімдерінен кейін, Мәдина шекараларын да былай белгілейді:

«Ибраһим (аләйһиссәләм) Меккені Харам деп жариялады. Мен де Мәдинаның екі төбесінің арасын харам деп жариялаймын». (Ахмед VI, 141)

Осыдан кейін, белгіленген жерлерге тастар қойылып Мәдина Харамының шекаралары белгіленді. Осылайша шекарасы белгіленгеннен кейін Мәдина «Харами Расул» деп аталды. Мәдинаның Айр мен Сәур[22] төбелерінің арасындағы үш фәрсах (бір фәрсах – шамамен бес шақырымдық жер) аймағындай жердің барлығы қорық қылынды. (Бұхари, Фадайлул Мәдина 1; Муслим, Хаж 471-472)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаны Харам деп жариялағаннан кейін былай деді:

«Оның тал-ағашы кесілмейді, сондай-ақ ол жерде күнә істелмейді. Кімде-кім ол жерде Кітапқа және Сүннетке қайшы бір іс-әрекет істейтін болса, ол адамға Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамзаттың лағынеті болады!» (Бұхари, Фадайлул Мәдина 1)

---

22. Зулхуләйфаға жақын Айр тауы мен Ұхұд тауының солтүстігіндегі кішігірім Сәур төбесінің арасындағы аймақ. Бұл жердегі Сәур төбесін Меккедегі Сәур тауымен жаңылыстырып алмау керек.

Ескерту: Мәдина қаласының «харам» деп аталуы ол аймақта ешқандай күнә істерге жол берілмейтіндігінен туындаған.

Сонан соң Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолын жайып, осы аймақ үшін дұға жасады. Бұл дұғаның берекетімен Мәдина сол уақыттан бері осы күнімізге дейін бүкіл мүмин кісілердің тыныштық, қуаныш және мейірім сыйлайтын Ислам әлемінің, дүниеге сәуле шашқан қасиетті мекені болды.

Сахабалар Мәдинаның Харам болғандығына шын көңілден мән беретін болды. Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) бұл жайында шын ықыласымен былай жеткізеді:

«Егер Мәдинада жайылып жүрген киікті көрсем, оған еш тиіспеймін. Өйткені, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Мәдинаның екі жотасының арасы харам»,* деген болатын». (Муслим, Хаж 471)

Қадірлі сахабалар бұған тіпті балалардың да қайшы іс-әрекет істеулеріне жол бермейтін. Абдуллаһ бин Убәда (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен Әбу Ихаб құдығының төңірегінде құс аулап жүрген болатынмын. Әкем Убәда мені көріп қалып қолымдағы құсты тастатқызды да:

– Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ибраһимнің (аләйһиссәләм) Меккені Харам қылғанындай, Мәдинаның да екі жотасының арасын харам қылды, - деді». (Ибн Әсир, Усдул Ғабә III 159)

Мәдина базары мен сауда-саттықтың ретке келтірілуі

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезінде мұсылмандарға, яһудилерден бөлек бір базардың және жәрменкенің орнын көрсетіп, сауда-саттықтарын сол жерде жасауларын өтінді. Өйткені, сауда-

саттықта ешкімге тәуелді болмау үшін өзіне тән базардың болу керектігі баршаға аян.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) базарды және жәрмеңкені әрдайым қадағалап, саудагерлер мен сауда малдарын бақылап отыратын.

Бір күні Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) базарда бір сатушыға жолықты. Оның алдында үйіліп тұрған бидайдың ішіне қолын салып, ылғал екенін байқап қалып:

– Бұл қалай болғаны? - деп сұрады.

Әлгі адам:

– Жаңбырдың астында қалған еді, - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ылғал жерін әркім көретіндей етіп, жоғарғы жағына төксең болмас па еді. Алдайтындар менен емес, - деді. (Муслим, Иман 164)

Қайс бин Әби Ғазара (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

Біз Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) заманында «Симсарлар» деп аталатын едік. Бір күні Аллаһтың Елшісі келіп, бізге одан да әдемі «Тужжар» деген есімді беріп, мыналарды айтты:

«Ей, саудагерлер қауымы! Сауда-саттыққа міндетті түрде жалған мен ант араласады. Сондықтан сендер де оған садақаны араластырыңдар». (Ахмед IV, 6; Әбу Дәуіт, Буюғ 1/3326)

Адам баласы қаншалықты көңіл бөлсе де, ұмытып немесе ғапылдықтан сауда-саттықта әділетсіздік жасауы мүмкін. Осы себептен аталмыш ықтималдардан сақтанып, түскен

пайдадан көп-көп садақа беріп инфақ (Аллаһ жолында мал-мүлік жұмсау) жасау керек. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғарыдағы хадис-шәрифте осыларды меңзеген.

Рифа бин Рафи (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Біз Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге Мусаллаға[23] бара жатқан едік. Пайғамбарымыз бірнеше кісінің сауда-саттық жасап жатқанын көріп, оларға дауыстап:

«Ей, саудагерлер қауымы!» деген еді, олар да Аллаһ Расулінің сөзіне құлақ салды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қиямет күні саудагерлер күнәһар болып тірілтіледі. Бірақ, Аллаһтан қорқып жақсылық жасағандар мен садақа бергендер тыс», - деді. (Тирмизи, Бұюғ 4/1210)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саудадағы мінез-құлқының абзалдығына байланысты Исрайыл ұлдарынан екі ізгі кісінің арасында болған оқиғаны былай-ша өрбітеді:

«*Сіздерден бұрын өмір сүрген бір кісі басқа біреуден жер сатып алады. Сатып алған кісі ол жерден іші алтынға толы құмыра тауып алады. Ол сатқан кісіге барып:*

– Алтыныңды ал. Мен сенен алтын емес, жер сатып алған болатынмын, - деді. Сатқан кісі де:

23. **Мусалла** – шахар халқының жұма, айт және жаназа намаздарын бір жерде оқу үшін жазық жерге берілген есім. Алғашқыда жалпылама қалалардың сыртынан жамағат болып оқылатын намаздар үшін Мусаллалар дайындалатын. Айт, жұма сияқты жамағатпен оқылатын намаздар күніміздегідей бөлек-бөлек мешіттерде емес, тек қана Мусаллаларда оқылатын. Осылайша бүкіл қала халқы апта сайын бір жерге жиналатын.

– Мен саған ол жерді ішіндегі барлық нәрсесімен саттым, - деді. Келісе алмаған соң басқа бір кісіні төреші қылады. Төреші адам оларды тыңдап болғаннан кейін:

– Сендердің балаларың бар ма? - деп сұрайды.

Біріншісі ұлы бар екендігін, екіншісі де қызы бар екендігін айтады. Сонда төреші:

– Екеуің ұлың мен қызыңды үйлендіріңдер. Бұл ақшадан ол екеуіне жұмсаңдар және садақа беріңдер, - дейді». (Бұхари, Әнбия 54; Муслим, Ақдия 211; ибн Мәжә, Лұқата 4)

Жастық шағында сауда керуендерімен ұзақ сапарларға шығып сауданың қыр-сырын меңгерген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келгеннен кейін сауда жайындағы бірнеше мәселелерді де жөнге қойды. Сондықтан сауда-саттықтың маңыздылығы жайында былай дейді:

«Табыстың онда тоғызы сауда-саттықта». (Сүюти I, 113)

«Кісінің ішіп-жегенінің ең адалы әрі ең жақсысы өз еңбегімен тапқан нәрселері». (Ибн Мәжә, Тижәрат 1)

Ішіп-жеген тағамның материалдық әсерімен бірге рухани жағы да бар. Бір үзім нанның өзі адал немесе арам күмәнді жолмен келсе, біздің рухымызға әсер етеді. Яғни жеген әрбір нанымыз рухани жағынан сезім мүшелерімізге әсерін тигізеді. Мысалы, ғибадаттарда айтылып жүргеніндей, әсіресе қажылық ғибадатында адал ақшаның маңызды екендігі хадисте былайша айтылады:

«Кімде-кім бұл үйді арам табыспен тапқан ақшасымен зиярат жасайтын болса, Аллаһқа деген итағатынан (мойынсұну) шыққан болады. Мұндай адам қажылыққа ниет етіп, ихрамға кіріп, көлігінің үзеңгісіне аяқ басып, түйесімен

жолға шыққаннан кейін «Ләббәйкә Аллаһумма Ләббәйк» десе, көктен бір хабаршы былай дейді: «Ләббәйк пен Саадәйктен садағаң кетсін. Өйткені сенің тапқан табысың арам, ішіп-жегенің арам, мінген көлігің арам. Ешқандай сауап алмай күнәһар күйіңде қайт. Қаламайтын нәрсеңмен жолығатындығың үшін қайғы-қасірет көр».

Егер де кісі адал ақшасымен қажылық сапарына аттанып, үзеңгіге аяқ басып, жолға шығып: «Ләббәйкә Аллаһумма Ләббәйк» десе, көктен бір хабаршы былай дейді: «Ләббәйк уа Саадәйк. Сенен қабыл еттім. Өйткені, сенің мінген көлігің адал, киген киімің адал, ішіп-жегенің адал. Қанекей өте көп сауаптарға кенелген түрде әрі еш күнәсіз күйде қайт. Сені шаттандырып, қуантатын нәрсеңмен жолығатындығың үшін еш қам жеме». (Хәйсами III, 209-210)

Ішіп-жеу, тапқан табыстың адал болуы өте маңызды. Бұл көп көңіл бөлінбейтін мәселе болғандықтан, Бақара сүресінде үлкен ширктен кейін, осы мәселеге ден қойылған. Тіпті үкім жайында оншалықты сөз етілмейтін Әнғам, Ағраф, Юнус және Нахыл сияқты Меккелік сүрелерде де ақайд (сенім) мәселесінің артынша дереу ішіп-жеу мен тапқан табыстағы адал-арам нәрселер турасында сөз етіледі.[24]

Аллаһ Расулі сауда-саттықта дұрыс әрі батыл болу керектігін былай түсіндіреді:

«Малын сатуға алып шыққан батыл саудагер марзуқ (ризықтандырылды), ал мухтақир (базарда жоқ малды жоғары бағаға сатқан кісі) болса лағынеттелді». (Ибн Мәжә, Тижарат 6)

24. Әнғам сүресі 136-152 аяттар; Ағраф сүресі 32-33, 169 аяттар; Юнус сүресі 59-60 аяттар; Нахыл сүресі 95,115-116 аяттар. Драз, ән-Набаул Азим 193 б.

«Қорқақ саудагер мақрұм қалады, ал батыл саудагер ризықтандырылады». (Дәйләми II, 79)

Пайғамбарымыздың сауда-саттық жайында қойған принциптерінің кейбірі мыналар:

«Сауда-саттық жасаған екі кісі бір-бірінен айырылмайынша немесе айырылғанға дейін (сауданы бұзуда) өз еріктері өздерінде. Егер әділ сауда жасап, барлығын ашық айтса, сауда-саттықтары берекелі болады. Егер кейбір ақиқаттарын жасырып өтірік сөйлесе, сауда-саттықтарында береке қалмайды». (Бұхари, Буюғ 19; Муслим, Буюғ 8)

«Қасам ішіп ант ету, малға деген қызығушылықты арттырады. Бірақ берекені қашырады». (Бұхари, Буюғ 26; Муслим, Мусақат 13)

Хазіреті Пайғамбарымыз сауда малын базарға және жәрмеңкеге жетпей тұрып, жарты жолда қарсы алуды, сатып алған заты толық қолына тимейінше сатуды немесе қолында жоқ затты базардан сатып алып сатуды, басқасының саудасына араласуды және алушыны қызықтыруға тыйым салған.[25]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сауда-саттықтың оңай жолдарын негізге ала отырып, былай дейді:

«Сатқан кезде, сатып алған кезде, қарызын өтеген кезде жомарт әрі ақкөңіл болған кісіге Аллаһ рақымын жаудырсын!». (Бұхари, Буюғ 16)

«Аллаһ сендерден бұрын өмір сүрген бір кісіге мейірімді болған еді. Өйткені ол кісі сатқан кезде, сатып алған кезде және қарыз сұраған кезде (қабақ шытып дөрекіленбестен, түсінушіліκпен) жеңілдік жасайтын еді.». (Тирмизи, Буюғ 75/1320)

25. Бұхари, Буюғ 70-72; Муслим, Буюғ 29.

Дүние қызығушылығына және дүниелік пайдаға алданып, Хазіреті Расулұллаһтың қойған бұл негіздерін ұстанбай, артық пайда тапқысы келгендер, ақыретте кедей болу қаупіне қадам басқан болады. Аллаһтың разылығын және ақырет азығын алғысы келетін дұрыс саудагер, Хазіреті Пайғамбарымыздың мына сүйіншісіне лайық болады:

«Сенімді, тура сөзді әрі мұсылман саудагер қиямет күнінде шейіттермен бірге болады». (Ибн Мәжә, Тижарат 1)

Мәсжидун Нәбәуи (пайғамбар мешіті) **және Пайғамбарымыздың баспанасының құрылысы**

Алғашқы кезде Мәдинада мешіт жоқ болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаз уақытында қай жерде болса, намазын сол жерде оқитын еді. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көп ұзамай-ақ Құба мешітінен кейінгі екінші мешітті салдырды. Ол мешіт қазіргі Мәсжидун Нәбәуи (пайғамбар мешіті) еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезінде, Нажжәр ұлдарының үйлерінің тұсына келген кезде түйесі Қасуа мешіттің салынатын жеріне барып, шөккен болатын. Ол кезде бұл жер Нәжжәр ұлдарының Сәхл және Сухәйл деген екі жетім жігіттің құрма кептіретін жері еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қасуадан түсіп:

«Аллаһ қаласа қоныс осы жер болады», - деді. Содан соң:

«Бұл кімнің жері?», - деп сұрағанда Муаз бин Афра (радиаллаһу анһу) :

«Амрдың ұлдары Сәхл мен Сухәйлдікі», - деп жауап берді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жерді сатып алу үшін ол екеуін шақырып:

«Бұл жердің бағасын айтыңдар», - деді. Сонда ол екі жігіт:

«Жоқ, уа, Расулұллаһ! Біз бұл жерді саған сыйлаймыз. Ант етейік біз бұл жердің ақысын тек Аллаһтан ғана күтеміз, - деді.

Хазіреті Пайғамбар бұл жерді сыйлық ретінде қабыл алмады, ақшасын беріп сатып алды. (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 45, Салат 48; Муслим, Мәсәжид 9)

Ол жерде мүшриктердің қабірлері, ойлы-қырлы жерлері мен құрма ағаштары бар еді. Аллаһ Расулінің бұйрығымен мүшриктердің қабірі ашылып, сүйектері басқа жерге жерленді. Ой-шұқырлары тегістеліп, құрма ағаштары кесілді.[26] Содан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кірпіш құйып дайындауды бұйырды.[27]

Мешіттің құрылысы кезінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де сахабаларымен бірге кірпіш тасып, былай дейтін:

هٰذَا الْحِمَالُ لاَ حِمَالَ خَيْبَرْ
هٰذَا أَبَرُّ رَبَّنَا وَ أَطْهَرْ

«Бұл жүк Хайбар жүгі емес. Бұл Раббымыз үшін жасалған ең жақсы, әрі ең таза іс». (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 45)

Пайғамбарымыздың бұл сөзі істеп жатқан істерінің, дүниелік пайда үшін істелмегендігін, әрі адамдардың Хайбардан сауда-саттық үшін алып келген құрма, мейіз сияқты заттарынан да қайырлы екендігін білдірді.

26. Муслим, Мәсәжид 9
27. Ибн Сағд I, 239

Топырақ тасып жүрген бір кісі Пайғамбарымызға жолығып қалып, оған:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Кірпішіңізді маған беріңіз, мен тасиын», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп жауап берді:

«Сен барып басқасын ал. Өйткені сен, Аллаһқа менен артық мұқтаж емессің». (Сәмхуди I, 333)

Хазіреті Пайғамбарымыз рухани міндетін атқарып, әрі мұсылмандарды жұмыс істеуге ынталандыру үшін өзі де жұмыс істеді.[28] Осыған байланысты сахаба былай деді:

لَئِنْ قَعَدْنَا وَ النَّبِيُّ يَعْمَلُ
لَذَاكَ مِنَّا الْعَمَلُ الْمُضَلَّلُ

«Егер біз отырып, Пайғамбар жұмыс істесе – онда біздің бұл ісіміз адасушылық болады». (Ибн Хишам II, 114)

---

28. Пайғамбар мұнда іс-әрекетімен басшы болған кісінің жауапкершілігін өте тамаша түсіндірген. Олар әрбір істе ең алдында көрініп, өнеге болуы керек, әрі қандай іс болса да, оған тәкаппарланбау керек. Аллаһ Расулінің көркем мінезінен өнеге алған Сұлтан I Ахмед Хан да өзінің атымен аталған тамаша әрі ерекше өнер туындысы болған мешітінің құрылысында, қолына күрек алып қарапайым жұмысшы сияқты жұмыс істеген болатын. Қайтыс болғаннан кейін Жәуһәр Нәсибә Хатун түсінде оны, жәннәтта өте жоғары мақамда көріп, оған таң қалып сұраған:
– Әке, қандай амал істеп бұл тамаша мәртебеге лайық болдың?
Сонда Сұлтан Ахмед:
– Қызым, бұл мешітті салдырып жатқанда тас арқалап тасыған едім. Бұл мәртебеге лайық болуымның себебі осы, - деді.
I Ахмед Ханның осылайша Ислам ахлағына сай әрекет еткен кезінде, Осман Империясы жер көлемі жағынан барынша кеңейген еді. Дүниедегі басқа мемлекеттің патшалары бұл алпауыт империяның алдында бас иіп, Осман падишахтарының тағайындауымен таққа отыратын.



Мешіт салынып жатқанда, жақсы балшық араластыратын Хадрамуттық бір кісі келді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол кісіге:

«Өнерін ең жақсы түрде әрі мықты етіп жасаған кісіге Аллаһ мархаматын жаудырсын. Сен ісіңді жалғастыра бер. Байқаймын, өз ісіңнің шебері екенсің», - деді. (Сәмхуди I, 333; Диярбәкри I, 344)

Хақ Тағала мұсылмандардың әрбір ісінің әдемі болуын қалап, қасиетті аятта **«Ахсину – істеген әрбір ісіңізді жақсылап істеңіздер»** - деп бұйырған. Оның артынша **«Аллаһ әрбір ісін жақсылап істегендерді жақсы көреді»**, - деген. (Бақара сүресі 195-аят)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешіттің құрылысы кезінде сахабаларымен бірге кірпіш тасып жүргенде, бір мұсылманның айтқан мынадай сөздері бар еді:

اَللّٰهُمَّ إِنَّ الْاَجْرُ اَجْرُ الْاٰخِرَهْ
فَارْحَمِ الْاَنْصَارَ وَ الْمُهَاجِرَهْ

«Аллаһым! Шын мәніндегі сый, ақырет сыйы. Ансар мен Мұхажирлерге рақымыңды төге гөр!» (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 45)

Барлығы кірпіштерді бір-бірлеп тасыса, Аммар бин Ясир (радиаллаһу анһу) біреуін өзі үшін, екіншісін Пайғамбарымыз үшін екі-екіден таситын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны көріп, үстінің шаңын қағып:

– *Ей, Аммар! Сен неге кірпішті достарың сияқты бір-бірлеп тасымайсың?*- деп сұрады.

Сонда ол:

– Мұның сыйын Аллаһтан күтемін, - деді.

Сол кезде Хазіреті Пайғамбарымыз оның арқасынан қағып, былай деді:

– *Сұмейяның ұлы! Басқа адамдарға бір сауап болса, саған екі сауап бар.* (Ахмәд III, 91; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 256)

Мына риуаятта да мұсылмандардың еркек-әйел болып Мәсжидун Нәбәуидің құрылысына шын ықыластарымен қатысқандығын көрсетеді:

«Абдуллаһ бин Ауф (радиаллаһу анһу) әйелі қайтыс болғанда халыққа былай деді:

«Оның табытын көтеріңдер, әрі шын ықыласпен көтеріңдер. Өйткені ол үмметпен бірге тақуалықтың негізінде қаланған Пайғамбарымыздың мешітінің тастарын түнде таситын еді. Біз де (еркектер) күндіз екі-екіден таситын едік». (Хәйсәми II, 10)

Мәсжидун Нәбәуи (пайғамбар мешіті) төрт бұрыш формасында ұзындығы мен ені жобамен жүз зира[29] еді. Биіктігі үш зирадай тастан, қалғаны кірпіштен бес немесе жеті зира шамасында еді.[30] Мешіттің құрылысындағы кірпішті қалауға балшық қолданылды.[31] Мешіттің құбыла жағына тірек ретінде құрма ағашы қойылды.[32] Мешіттің бір михрабы (құбыланың бағытын білдіретін белгі), үш есігі, михрабы Бәйтул Мақдиске (Құдүс) қараған еді. Құбыла Бәйтул Мақдистен Қағбаға ауыстырылған кезде Хазіреті Пайғамбарымыз бірінші есікті жаптырып, оның орнына Шам жағындағы дуалдан басқа бір есік аштырды.[33]

29. Бір зира 75 см.-ге тең.
30. Ибн Сағд I, 239.
31. Диярбакри I, 344.
32. Бұхари, Салат 62.
33. Диярбакри I, 346.



Мешіттің жанында Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және оның отбасы үшін екі бөлме салынды.[34] Кейінірек бұл бөлмелер үлкейтіліп, тағы да бөлмелер жалғанды.

Шешесі Үммі Сәләмә анамыздың күңі болған, осы себептен балалық шағын Аллаһ Расулінің бақытты отбасының төңірегінде өткізген Хасан Басри ол кезде бұл бөлмелердің төбесіне қолының жететіндігін айтады.[35] Бұдан бөлмелердің онша биік болмағанын аңғаруға болады. Пайғамбарымыздың бөлмелерінің есігі қара қылдан тоқылған алаша еді.[36]

Табиғиннің (сахабалардан кейінгі нәсіл) ұлы имамдарының бірі Саид бин Мусаяб Әмәуилер кезеңінде бұл бөлмелердің бұзылып, Мәсжидун Нәбәуиге қосылғандығын естігенде қатты өкінішпен былай деп жеткізеді:

«Аллаһтың атымен ант етемін! Бұл бөлмелердің дәл солай қалдырылуын өте қатты қалайтынмын. Сонда кейінгі ұрпақ және бұл жерлерді зиярат қылуға келген адамдар Аллаһ Расулінің қаншалықты қанағатшыл болғанын көріп, мал-мүлік жинап, оны мақтан тұтуға құнықпас еді». (Ибн Сағд I, 499-500)

Мешіттің үсті құрма бұтақтары мен жапырақтарынан жабылғандықтан жаңбыр жауғанда іші лай болып кететін. Ардақты Пайғамбарымыз Рамазан айында «итикәфқа» кірген кезінде жауған жаңбыр мешіттің ішіне ағып, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таң намазын оқыған кезде маңдайы мен жүзі балшық болған еді.[37]

34. Ибн Сағд I, 240.
35. Ибн Сағд VII, 161; Сухәйли, I, 248.
36. Ибн Сағд I, 499.
37. Бұхари, Итикәф 1.

Бір күні жаңбыр жауып жер ылғалданған еді. Бір кісі киімімен құм тасып мешіттің ішіне жайды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазын оқып болғаннан кейін:

«Бұл не деген тамаша!» - деп риза болғанын білдірді. (Әбу Дәуіт, Салат, 15/458)

Тәмими Дари (радиаллаһу анһу) Шамнан Мәдинаға қайтып келе жатқанда өзімен бірге бірнеше шырағдан, жеткілікті май әрі жіп алып келді. Мәдинаға жеткен кезде жұма күні болатын. Ол қызметшісі Әбул Бәррадқа жіпті байлап шырағдандарды асуын және оларға су мен май құйып пілік тағуын бұйырды. Қызметшісі айтылған нәрселерді орындап, күн батқаннан кейін шырағдандарды жақты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітке кіріп ішінің жарық екендігін көріп:

– *Мұны кім істеді?* - деп сұрады. Ол жердегілер:

– Тәмим істеді, - деді. Бұған қатты қуанған ардақты Пайғамбарымыз:

– *Исламды нұрландырып, мешітін де сәндедің. Аллаһ та сені дүниеде және ақыретте нұрландырсын!»* - деді. (Сәмхуди II, 596-597; ибн Хәжәр, әл-Исабә II, 18)

Хазіреті Пайғамбарымыздың айтуына қарағанда Мәсжидун Нәбәуи құлшылық пен зиярат жасау мақсатында сапар шегетін үш мешіттің бірі. (Бұхари, Фадлус Салат 1; Муслим, Хаж 505-510) Басқа бір хадис шәрифінде болса былай дейді:

«Үйім мен мінберімнің арасы жәннәт бақтарының бір бағы. Ал мінберім хауызымның үстінде». (Бұхари, Фадлус Салат 5, Фадайлул Мәдина 11; Муслим, Хаж 502)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәсжидун Нәбәуиде оқылған намаздың, Мәсжид Харамның тысында, басқа жерлерде оқылған намаздардан мың есе абзал екендігін атап айтқан. (Бұхари, Фадлус Салат 1; Муслим, Хаж 505-510)

Әнәстың (радиаллаһу анһу) айтуынша Пайғамбарымыз құрма ағашының шөркесіне сүйеніп жамағатқа құтпа оқитын. Қажет болғандықтан мінбер жасалып, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның үстіне шығып құтпа оқи бастады. Аллаһ Расулі алдын құтпа оқығанда сүйеніп тұратын құрма ағашының төңкесі Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) енді оған сүйенбейтіндіктен түйенің боздағанына ұқсас дауыспен ыңырсып жылай бастады. Сол кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінберден түсіп әлгі төңкені сипады. Ол болса ыңырсығанын қойып тынышталды. (Бұхари, Жұма 26; Тирмизи, Мәнәкиб 6/3627)

Ардақты Пайғамбарымыз:

«Ол үнемі өзінің қасында айтылған зікруллаһтан (Аллаһты зікір ету) ұзақтап қалғандығы үшін жылады», - деді. (Бұхари, Мәнәкиб 25; Ахмед III, 300)

Кейін мінбердің астынан шұқыр қазылып, әлгі төңке сол жерге көмілді. Кейбір деректерде мешіттің төбесіне қойылды деседі. Хазіреті Осман кезеңінде мешітті қайтадан салу үшін бұзылған кезде бұл төңкені сахаба Убәй бин Кааб (радиаллаһу анһу) алып, құрт жеп әбден шіріп біткенше үйінде сақтады.[38]

Аллаһ досы болған ұлы Мәуләна (қуддиса сирруһу) бұл әйгілі құрма төңкесіне тіл бітіріп сөйлетіп, «Мәснәуи» атты еңбегінде осы оқиғаны былайша суреттейді:

38. Ибн Сағд I, 251-252.

«Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінберден түсіп, мубәрак қолдарымен құрма шөркесін сипап:

– Ей, құрма төңкесі! Не қалайсың? Неге мұнша қынжыласың? Саған не болды?, - деп, аса көрегендігімен сұрады. Сонда құрма түбірі көзінен жас төгіп сөйлей бастады:

– Уа, Расулұллаһ! Сенен айырылу маған қатты қиын болды. Ішімді қайғы-қасірет басып, сағыныш ұялатты. Бұрындары құтпа кезінде сен маған сүйенгенде, бақытты да құтты тірек мен едім. Қазір болса мені тастап мінберге шығып кеттің. Енді сенің сүйенішің мінбер болды. Бірақта, уа, Аллаһтың Расулі! Мені түсін. Дүниеде қандай жаратылыс сенен айырылғандығына шыдай алады? - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайы махаббаттан қынжылған құрма төңкесіне:

– Ей, құрма шөркесі! Менен айырылып қалудың салдарнан осыншалықты қынжылған екенсің. Олай болса менен не тілейсің? Қаласаң Аллаһқа жалбарынайын. Сені шығыс пен батыстың бүкіл халқына жеміс беретін жайқалған жап-жасыл тірі ағашқа айналдырсын! Әлде жәннатта қартаймай мәңгілік, өте тамаша жайқалған күйіңде қалуың үшін теректің көшеті қылсын? - деп жұбатты.

Осыншалықты ерекше ілтипатқа бөленген құрма төңкесі шынайы ғашықтығының белгісі ретінде Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай өтінді:


– Уа, Расулұллаһ! Сен айтқанның екеуін де қаламаймын. Менің өтінішім сенің болмысың мен нұрыңда жоқ болу. Сол үшін мені жерге көміп, бұл пәни денемнен құтқар. Өйткені ағаш қаншалықты жайқалып әдемі болса да қорегін күн мен судан алады. Ал менің өмірім сенің руханиятыңның нұрымен

қоректенді. Саған сүйеніш болып, сенің ыстығыңмен жылынып, сен үшін өртеніп ләззәт тапты. Мен енді бұл хош иісті рахаттан айырыла алмаймын. Мен мәңгі болған нәрсені қалаймын. Мені жерге көміп, денемді жоқ қыл. Сенің шырайлы нұрыңмен тіріліп, мәңгіліктің жолаушысы болайын.

Сонда Аллаһ Расулі қиямет күні адамға ұқсап тірілсін деп, шөркені талабына сай топыраққа көмгізді.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезінде тату-тәтті ынтымағы жарасқан, мықты Ислами қоғам құру үшін алғаш атқан қадамының бірі – Мәсжидун Нәбәуидің құрылысы болды. Өйткені мұсылмандар арасында бауырластықтың құрылуы үшін дүние қызығушылығы мен атаққұмарлықтан арылып, күн сайын бес уақыт Аллаһтың үйінде бір жерге жиналудың ерекше рөлі әсері бар. Сондықтан Ислам елдеріндегі қалалар жалпы алғанда қала орталығынан әуелі бастап салынып, сыртқа қарай кеңейген. Қала орталығында мешіт орналасып, үйлер оның айналасына салынған.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәуірінде мешіт құлшылық орнымен қатар, мектеп, мәжіліс өткізетін орын, әкімшілік және әскери мәселелерді талқылайтын орталық және аурухана әрі демалатын жер ретінде қолданылатын. Мешіттегі дәрістерге, сұхбаттарға және мәжілістерге үнемі қатысатын бойдақтар мен үй-жайсыз сахабалардың мекені де мешіттің «суффасы» бастырмасы еді. Яғни Мәсжидун Нәбәуи бір жағынан қонақ үй қызметін де атқаратын.


Хазіреті Әбу Бәкір есігі
Рахмет есігі
БАТЫС
ОҢТҮСТІК
СОЛТҮСТІК
Мінбер
Рауза Мутаһһара
Михраб
Асхабы-Суффа
ШЫҒЫС
Хазіреті Осман есігі
Расулұллаһтың (с.а.у.) Хане-й Саадеттері

Жамағатпен намаз оқуға үгіттеу

Исламның ең маңызды негізгілерінің бірі – қоғам тәрбиесі. Мұсылмандар үшін қоғамдағы алғашқы тәрбие намазды жамағатпен оқудан басталады. Ислам қоғамын шайқалтпай ұстап тұратын алғашқы негізгі тірек, әрі ізгі амал жамағат намазы. Қай жерде жамағатпен намаз оқылатын болса, ол жерде Исламның рухани және әлеуметтік құрылымының қолға алына бастағанын білдіреді. Шын мәнінде мұсылмандардың арасында ауызбіршіліктің орнауын қалаған Ислам – мұсылманның белгісі ретінде намаздың жамағатпен оқылуын талап етеді. Әрі жамағатқа үздіксіз қатысуды мүминнің дәлелі ретінде санайды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Бір кісінің мешітке баруды әдетке айналдырғанын көрсеңдер, оның иманды екеніне куә болыңдар». Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّمَا يَعْمُرُ مَسَاجِدَ اللّٰهِ مَنْ اٰمَنَ بِاللّٰهِ

«Шын мәнінде, Аллаһтың мешіттерін тек Аллаһқа иман келтіргендер ғана салады...». (Тәубә сүресі 18-аят) (Ибн Мәжә, Мәсәжид 19)

Сондықтан мешіттер материалдық жағынан дамытылып жатса, жамағатқа үздіксіз қатысу арқылы рухани жағынан да дамытылуы өте маңызды құлшылықтың бірі. Әбу Һұрайрадан (радиаллаһу анһу) келген риуаятта былай делінген:

«Шын мәнінде дүниеде мына төрт нәрсе ғәріп:

Залым адамның жадындағы Құран, мұсылмандардың арасында бола тұра ішінде намаз оқылмаған мешіт, үйдің

қабырғасында асулы тұрған, еш оқылмаған Құран және бұзылған қоғам ішінде өмір сүрген ізгі адам». (Дәйләми III, 108/4301)

Аллаһ Тағала намаздардың жамағатпен оқылуына өте қатты көңіл бөліп, оны мұсылмандарға жүктеген. Тіпті соғыста да әскерлердің жамағатпен намаз оқуларын бұйырып және де намазды қалай оқитындарын Құран Кәрімде үйреткен.

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сапарында Дәжнан мен Усфан арасына тоқтады. Мүшриктер:

«Олар үшін әкелері мен балаларынан да қымбат бір намаздары бар. Бұл намаз – асыр намазы. Дайындалып сол кезде оларға шабуыл жасаңдар», - деді. Осы кезде Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Аллаһ Расуліне келіп, соғыс кезінде намаздың қалай оқылатындығын үйреткен «Ниса» сүресінің 102-аятын түсірді. (Тирмизи, Тәфсир 4/21)[39]

Яғни, қандай жағдай болса да мұсылмандар үшін намазды кейінге қалдыру және жамағатпен оқуды тәрк ету дұрыс емес.

Ардақты Пайғамбарымыздың намазды жамағатпен оқуға үгіттейтін хадис шәрифтерінің бірнешеуі мыналар:

«Жамағатпен оқылған намаз, кісінің жалғыз басына оқыған намазынан жиырма жеті есе абзал». (Бұхари, Азан 30)

«Кімде-кім таң ертеңнен кешке дейін мешітке барып-келіп тұрса, әрбір барып келгенінде Аллаһ Тағала ол кісінің жәннаттағы сыйын дайындайды». (Бұхари, Азан 37)

39. 254 бет.

«Сендердің қайсыбіріңнің үйлерің мешітке жақын болсын, алыс болсын, мейлі жақсылап дәрет алып намазға шығатын болса оң аяғымен басқан әрбір қадамына Аллаһ Тағала бір сауап жазады, ал сол аяғымен басқан әрбір қадамы үшін бір жаманшылығын өшіреді. Мешітке келіп жамағатпен намаз оқыса күнәлары кешіріледі. Егер мешітке келген кезінде намаздың бір бөлімі өтіп кеткен болса оларға ұйып, кейін қалып қойған рәкәғаттарын толықтыратын болса да әлгі айтылған үкім жүреді. Ал егер мешітке келген кезінде жамағат намазды оқып бітірген болса, әлгі кісі намазды жалғыз өзі оқыса да жоғарыда айтылған үкім жүреді». (Әбу Дәуіт, Салат 50/563)

«Бір мүмин мешітке кіріп намазды күтетін болса, бұл күткен уақыты намазда тұрғандай саналады». (Ибн Мәжә, Мәсәжид 14)

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) мыналарды жеткізеді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһ қандай нәрсемен қателерді өшіріп, дәрежені арттыратындығын айтайын ба? - деді.

Сахабалар:

– Иә, - деді.

Сол кезде Аллаһ Расулі былай деді:

– Қиын болғандығына қарамастан дәретті толық алып, мешітке қарай басылған қадамды арттыру және бір намаздан соң екінші намазды күту. Міне нағыз рибат[40] осылар». (Муслим, Таһарат 41)

40. **Рибат** – нәпсіні мойынсұндыру, шекарада күзетте тұру және Аллаһ жолында жиһад жасау деген мағыналарды білдіреді. Аят пен хадистерде рибат сөзі көп мақталған әрі ол үшін үлкен сыйлықтар уәде етілген.

Язид бин Амир (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Аллаһ Расулі намаз оқып тұрғанда қасына барып отырдым. Бірақ жамағатқа ұйымадым. Пайғамбарымыз намаздан кейін бізге бұрылып менің бір шетте отырғанымды көріп, былай деді:

– *Ей, Язид, сен мұсылман болмадың ба?*

Сонда мен:

– Әрине, уа, Расулұллаһ! Мен мұсылман болдым, - дедім.

Аллаһ Расулі:

– *Олай болса жамағатқа ұюыңа не кедергі болды?* - деп сұрады.

– Сізді намаз оқып қойған шығар деп, үйде оқыған едім, - деп жауап бердім.

Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз:

– *Егер намазға келіп жамағаттың намазда тұрғанын көрсең оларға ұйы. Егер де намазыңды одан алдын оқып қойған болсаң бұл сен үшін нәпіл болады. Үйде оқыған намазың парыз орнына жүреді, - деді».* (Әбу Дәуіт, Салат 56/577)

Ардақты Пайғамбарымыз жамағат намазына қатыспау үшін айтылған барлық себепті қабыл етпеген және мұсылмандардың іс-әрекеттерін азанның айтылуына қарап реттеулерін талап еткен. Бірде Абдуллаһ бин Үммү Мәктум (радиаллаһу анһу) Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Көзім көрмейді, әрі үйім де мешіттен ұзақ. Бір жәрдемшім бар, бірақ ол да маған жәрдем етпейді. Намазды үйімде оқуыма рұқсат бересіз бе?- деп сұрайды.



Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

– *Азанды естисің бе?* - деп сұрады. Бұған «иә» деген жауапты алғаннан кейін:

– *Саған (жамағатқа келмеуің үшін) ешқандай рұқсат бере алмаймын,* - деді. (Әбу Дәуіт, Салат 46/552)

Хазіреті Пайғамбарымыз намазға қатысу үшін ұзақ жерден келудің артықшылығы жайында былай дейді:

«Адамдардың намаздың себебімен өте көп сауапқа кенелетіндері – намаз үшін ұзақ жерлерден жүріп келгендер. Имаммен бірге оқу үшін намазды күткен кісі, үйінде оқып жатып қалған кісіден әлденеше есе артық сауапқа бөленеді». (Бұхари, Азан 31)

«Кісінің тұрған жері мешіттен қаншалықты ұзақ болса, намазға барғанда соншалықты көп сауап алады». (Әбу Дәуіт, Салат 48/556)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жамағатқа қатыспағандар үшін әр түрлі ескертулер жасаған. Осы жайында Убәй бин Каб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге таң намазын оқып бергеннен кейін:

– *Пәленше намазға келді ме?* - деп сұрады. Ол жердегілер:

– Келмеді,- деп жауап берді.

– *Пәленше келді ме?* - деп сұрады. Ол жердегілер:

– Ол да келмеді, - деді. Сонда Расулұллаһ:

«Міне бұл екі намаз мұнафиқтарға өте қиын соғады. Егер бұл екі намазда қаншалықты көп сауап бар екенін білсеңіздер,

еңбектеп болса да жамағатқа келер едіңіздер. Намаздағы бірінші қатар періштелердің қатары іспеттес. Егер де бірінші қатарда намаз оқудың артықшылығын білсеңіздер, оған таласар едіңіздер. Бір кісінің басқа бір кісімен бірге оқыған намазы жалғыз өзі оқыған намаздан әлдеқайда берекелі әрі сауабы да өте артық болады. Екі кісімен бірге оқылған намазы бір кісімен оқылған намаздан да берекелі әрі абзал болады. Бірге намаз оқығандардың саны қаншалықты көп болса, Аллаһ Тағалаға соншалықты ұнамды болады», - деді. (Әбу Дәуіт, Салат 47/554)

Аллаһ Расулі бұл жайында басқа бір хадисінде былай деген:

«Мешітке көрші отырған кісінің намазы тек мешітте оқығанда ғана (кәміл) намаз болады». (Ибн Әби Шәйбә I, 303)

Хазіреті Алиден бұл хадис шәрифте айтылған мешіттің көршісі кім?- деп сұрағанда:

«Азаншының дауысын естігеннің барлығы», - деп жауап берді. (Бәйхақи, әс-Сунән әл-Кубра III, 57)

Ардақты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына хадис шәрифі жамағатты тастап кеткендерге өте ауыр ескертулер жасайды:

«Бір ауылда немесе бір жерде үш кісі бола тұра, намазды бірге жамағатпен оқымайтын болса, олардың арасына шайтан кіріп, араларына от салады. Олай болса жамағаттан айырылмаңыздар. Өйткені отардан бөлінген қойды қасқыр алады». (Әбу Дәуіт, Салат 46/547)

«Кейбір адамдар жамағатты тәрк етуді доғарсын немесе Аллаһ олардың жүрегіне мөр басып, ақиқатты көрмейтін көр-соқыр болады». (Ибн Мәжә, Мәсәжид 17)

Алғашқы Азан

Алғашқыда намаз уақытын жамағатқа білдіру үшін тек «намазға, намазға»- деп айтылатын. Азан кейіннен Пайғамбарымызға сыйлық ретінде берілді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) халықты намазға қалай шақыру керектігі жайында сахабаларымен ақылдасқан еді. Олардың кейбірі: «Намаз уақыты кірген кезде ту тігейік, мұсылмандар оны көрген кезінде бір-біріне хабар берсін», - деді. Бірақ ардақты Пайғамбарымыз бұл ұсынысты ұнатпады.

Кейбірі яһудилердің сырнайын тартуды ұсынып еді: «Бұл яһудилердің аспабы», - деп оны да қабыл етпеді.

Намаз уақытында қоңырау соғуды ұсынғандар да болғанды. Бірақ Хазіреті Пайғамбарымыз: *«Ол христиандардың ісі»*, - деді.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дертімен дерттеніп, оның уайымына ортақ болған Абдуллаһ бин Зәйд[41] (радиаллаһу анһу) ол жерден шығып кетті. Сосын

41. Абдуллаһ бин Зәйд бин Асым әл-Ансари – Ұхуд соғысында қадірлі Пайғамбарымызды көзінің қарашығындай етіп қорғағандығы үшін оның алғысын алды. Бұл соғыста тек Абдуллаһ қана емес, оның бүкіл отбасы үлкен қаһармандық танытты. Аллаһ Расулі жәннәтта өзімен көрші болулары үшін оларға дұға етті. Ардақты Пайғамбарымыз анда-санда Абдуллаһ бин Зәйдтің үйіне келіп, дәрет алып намаз оқитын. Абдуллаһ бин Зәйд әл-Ансари (радиаллаһу анһу) Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жан көңілден берілген сахаба еді. Хазіреті Абдуллаһ Пайғамбарымыздың дүние салған қайғылы хабарын естігенде жан дүниесі астан-кестен болып:
«Аллаһым! Бұдан кейін көзімді ал. Жалғыз жақсы көргенім Хазіреті Мұхаммедтен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейін ешкімді көрмей-ақ қояйын»,- деп дұға қылған еді. Шынында да көзі көр болды. (Құртуби V, 271) Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) Харра оқиғасы атты соғыста екі ұлымен бірге шейіт болды.

ұйқылы-ояу кезінде оған Пайғамбарымыздың азаны сый ретінде берілді. Сөйтіп дереу ол Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

«Ұйқылы-ояу кезімде маған біреу келіп азанның сөздерін үйретті»,- деді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) да дәл осындай түс көрген еді. Осыдан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Біләл! Орныңнан тұр. Абдуллаһ бин Зәйдтің айтқандарын қайталап айт», - деді.

Біләл (радиаллаһу анһу) Абдуллаһтың айтқандарын айнытпай қайталап азан айтты. (Әбу Дәуіт, Салат 27/498)

Осылайша азан уәжіп үкімінде сүннет болып қалыптасты. Өйткені ол «садық руйа» (шынайы түс) арқылы, Пайғамбардың сүннетімен әрі иләһи уахи бойынша бекітілді. Бұл жайында Құран Кәрімде:

وَ اِذَا نَادَيْتُمْ اِلَى الصَّلٰوةِ

«Оларды намазға шақырған сәттерінде...» - деп келген. (Майда сүресі 58-аят)

Дегенмен азан Абдуллаһ бин Зәйдтің (радиаллаһу анһу) шынайы түсінің әсері арқылы болғанымен, адамзаттың Асыл Тәжі Пайғамбарымыздың мақұлдауымен бекітілді. Содан кейін Аллаһ Расулі азан арқылы халықты мешітке жамағат намазына шақыра бастады. Біләл Хабәшидің алғашқы азаны бүкіл Мәдинаға естіліп, азан дауысы көк аспанды жаңғыртты. Мүминдер қатты қуанып мешітке қарай жүгірді.

Халықты намазға шақыру үшін Пайғамбарымызға әр түрлі ұсыныстар айтылса да, ол бұлардың ешбірін қабыл етпей, тек осы азанды ғана разылығымен, шын жүрегімен қабыл етті.

Өйткені, азан және ондағы айтылған сөздер Аллаһ, Пайғамбар сөздерінің терең ұғымын, ондағы құлшылық пен өмір түсінігін қысқа да нұсқа бір үлгіде баян етіп, араларын мықты сабақтастырған. Сондықтан Аллаһ Расулі намазға шақыру үшін өте тамаша жолды таңдады.

Азан – аят пен хадистер арқылы бекітіліп, мың төрт жүз жылдан бері мүминдер үшін дағуат ретінде жалғасып келеді. Әрі бұл бүкіл дүние жүзінде бір үлгіде намазға шақырып келеді. Сондықтан азан өзінің түп нұсқасынан бөлек басқа бір үлгіде айтылмайды. Қорыта айтқанда азан – көк аспанның тәңірлік дауысы іспеттес.

Азан турасында Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Азанды естіген кездеріңде азаншының айтқандарын сөзбе-сөз дәл солай қайталаңдар. Кейін маған мадақ тілеп салауат айтыңдар. Егер кімде-кім маған салауат айтатын болса, Аллаһ Тағала да оған он есе мейірімін төгеді. Одан кейін мен үшін Уәсиләны (жәннаттағы орын) сұраңдар. Ол жәннәтта Аллаһтың құлдарының біріне нәсіп болатын мақам. Ол мақамға лайық болатынымды үміт етемін. Кімде-кім мен үшін Аллаһтан Уәсиләні сұрайтын болса, ол кісіге шапағатым уәжіп болады». (Муслим, Салат 11; Әбу Дәуіт, Салат 36/523)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде азаншымен бірге азан сөздерін қайталаған кісінің

жәннатқа кіретіндігін айтқан.[42] Азаннан кейін оқылатын дұға жайында былай деген:

«Кімде-кім азанды естіген кезде:

اَللّٰهُمَّ رَبَّ هٰذه الدَّعْوَة التَّامَّة وَ الصَّلاَة الْقَائمَة اٰت مُحَمَّدًا الْوَسيلَةَ وَ الْفَضيلَةَ وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذى وَعَدْتَهُ

«Уа, бұл кемшіліксіз шақырудың (азанның) және оқылатын намаздың Раббы болған Аллаһым! Мұхаммедке (аләйһиссалату уәссәләм) уәсилә мен ізгілік бере гөр. Оны Өзің уәде еткен Махмуд мақамына лайық түрде тірілте гөр!» - десе, қиямет күні оған міндетті түрде шапағат қыламын». (Бұхари, Азан 8; Әбу Дәуіт, Салат 37/529)

Сонымен қатар азанның Аллаһ тарапынан жіберілгендігі жайында, әрі оны растайтын көптеген хадистер айтылған. Олардың кейбіреуін тілге тиек ететін болсақ:

«Еш кері қайтарылмайтын, кері қайтарылса да өте аз қайтарылатын екі дұға бар: Азан айтылып жатқанда жасалған дұға мен Аллаһ жолындағы жиһадта ұрыс басталған кездегі дұға». (Әбу Дәуіт, Жиһад 39/2540)

«Егер адамдар азан айтудың және намазда алғашқы сапта тұрудың сауабын білетін болса, әрі бұл жолда араларында шек тастаудан басқа жол қалмаса, күдіксіз осылай жасайтын еді». (Бұхари, Азан 9, 32; Муслим, Салат 129)

«Намазға азан айтылған кезде шайтан артынан дауыстап жел жіберіп, азан дауысы естілмейтін жерге дейін қашады. Азан біткен соң қайтып келеді. Қамат айтыла бастағанда тағы да қашып кетеді де біткеннен соң кері

42. Муслим, Салат 12.



келеді. Сосын намаздағы кісі мен оның жүрегінің арасына кіріп: «Мына нәрсені есіңе түсір, ана нәрсені ойла!» - деп, еш ойында жоқ нәрселермен азғырады. Бұның азғырғандығы соншалықты алданып қалғандығынан, кісі қанша рәкағат намаз оқығанын білмей де қалады». (Бұхари, Азан 4; Муслим, Салат 14)

Асхабус-Суффа – ғылым және парасат мектебі

Мәсжидун Нәбәуидің бір жағына құрма бұтақтарымен жабылған жан-жағы ашық суффа[43] (көлеңкелі бастырма) салынды. Үйі-жайы жоқ, пақыр мұсылмандар осы жерде қалатын болды. Оларды «Асхабус-Суффа» немесе «Әһли Суффа» деп атады.[44] Олардың саны кейбіреулерінің үйленуіне, сапарға шығуына, басқа жерге орналасып немесе қайтыс болуына байланысты кейде артып кейде кеміп отыратын. Бір уақытта олардың саны жетпіске дейін жеткен еді.

Кейбір деректерде жүзден аса сахабаның «Әһли Суффа» ордасынан шыққандығы айтылады. Олардың күн көрісіне Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі жәрдем етіп отырды. Кейде әл-ауқаты жақсы сахабалардан оларға қол-қанат болуын өтінетін.

Асхабус-Суффадан болған Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Суффа тұрғындары Ислам қонақтары еді. Олардың паналайтын баспанасы, мал-мүлкі, тіпті ешкімдері жоқ еді. Егер садақа келе қалса ардақты Пайғамбарымыз одан еш нәрсе алмай, соларға жіберетін еді. Ал егер сыйлық келетін

43. Суффа – үйлерде салынатын сәкіге ұқсас, біраз биіктеу отыратын жер.
44. Ибн Сағд I, 225.

болса, өзі оның бір бөлігін алып қалғанын сол Асхабус-Суффаға жіберетін. Осылайша келген сыйлықтарды олармен бөлісетін еді. (Бұхари, Риқақ 17)

Хазіреті Әбу Һұрайра былай дейді:

«Мен Әһли Суффадан жетпіс кісіні көрдім. Ешбірінің үстінде толық денесін жабатын киімі жоқ еді. Не белден төмен киінетін немесе белден жоғары киінетін. Кейде киімдерін мойындарына байлап алатын. Кейбірінің киімінің етегі балтырына дейін, кейбірінікі тобықтарына дейін жетіп әурет жерлері көрінбесін деп киімдерін қолдарымен бүріп жүретін». (Бұхари, Салат 58)

Сахаба Фәдәлә бин Убәйд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларға имам болып намаз оқығанда, олардың кейбірі аштықтан әлсіреп, аяқта тұра алмай талып құлайтын. Бұлар Әһли суффалықтар. Шөлден келген бәдәуилер оларды жынды дейтін еді. Аллаһ Расулі намазды бітіргеннен кейін аштықтан талып құлағандардың қасына барып, оларды жұбатып:

«Аллаһ Тағаланың құзырында сендерге әзірленген нәрселердің қандай екенін білсеңдер бұдан да бетер пақыр, кедей болуды қалайтын едіңдер», - деді. (Тирмизи, Зуһд 39/2368)

Абдурахман бин Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) мына уақиғаны баяндайды:

«Суффа тұрғындары өте пақыр кісілер еді. Бірде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Екі кісілік тамағы болған кісі, (Асхабус-Суффадан) үшінші біреуді, төрт кісілік тамағы болған да бесіншісін, тіпті алтыншысын тамаққа шақырсын».

Әкем Әбу Бәкір олардан үш кісіні үйімізге алып келді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) та он кісіні үйіне алып барып қонақ қылды. Аллаһ атымен ант етейін, жеген сайын тамақ артып отырды. Бір кезде қонақтар тойды. Тағам алғашқысынан да көп болып артылып қалды. Әбу Бәкір таңдана қарап әйеліне:

– Ей, Бәни Фирастың қызы! Бұл не нәрсе? - деп сұрап еді,

Әйелі:

– Көзімнің нұрымен ант етейін, тағам бұрынғысынан үш есе артты», - деді. (Бұхари, Мәуәқит 41, Мәнәқиб 25, Әдәб 87-88; Муслим, Әшрибә 176-177)

Бұл оқиға шынайы ықылас пен жомарттықтан туындаған берекетке зор мысал болады.

Асхабус-Суффа жұмыс болса жұмыс істейтін, ал басқа уақытта мешітте құлшылықпен әрі ғылыммен айналысатын. Олар Асхабус-Суффа таудан отын арқалап әкелу, су тасу сияқты қолдарынан келетін әр түрлі іспен айналысып, тапқан ақшаларына достарына тамақ алатын.[45] Олар байсалдылық әрі салмақтылық танытып, адамгершілікке зиян келтіретін әрекеттерден аулақ тұратын. Ешкімнен еш нәрсе сұрамайтын.

Асхабус-Суффа діннің мөлдір бұлағынан сусындаған Расулұллаһтың сұхбаттарына әрдайым қатысатын кісілер еді. Сондықтан олар жылдам жетілді. Олардың алғашқы ұстазы баста Хазіреті Пайғамбар болды. Кейіннен сахаба Убәй бин Кааб, ибн Мәсуд, Муаз бин Жәбәл және Үбәдә бин Самит сынды ғұламалар болды.

45. Бұхари, Мағази 28, Жиһад 9; ибн Сағд III, 514.

Яғни олар жоғары дәрежеде білім алған жандар еді. Ең көп хадис жеткізген сахабалар осы Әһлі Суффадан шыққан болатын. Олардың қатарындағы ең озаты Хазіреті Әбу Һұрайра (р.а.) былай деген: «Адамдар: «Әбу Һұрайра көп хадис риуаят етеді»,- деп таң қалады. Мұхажир бауырларымыз базарда, жәрмеңкеде сауда-саттықпен, ал Ансар бауырларымыз бау-бақшада егістікпен айналысып жүргенде, Әбу Һұрайра тек қарнын тойдырып, Аллаһ Расулінің жанында болып, олардың көрмеген нәрселерін көріп, жаттай алмаған нәрселерін жаттайтын еді». (Бұхари, Илм 42)

Мәдинаға Исламды үйрену үшін аз уақытқа келген кісілер әуелі Пайғамбарымызбен кездесіп, кейін білмеген нәрселерін Асхабус-Суффадан үйреніп кететін. Ал жаңадан мұсылман болған тайпаларға Исламды үйрету үшін мұғалім қажет болса, солардың арасынан білімді кісілерді таңдап жіберетін.

Сахабалардың дәрежесі жағынан бірінші «Хуләфә Рашидин» (әділ халифалар), кейін «Ашшара Мубашшара» (жәннәтпен сүйіншіленген он кісі), «Бәдір» соғысына қатысқандар, одан соң Асхабус-Суффа келеді. Аллаһ Тағала бұлар жайында бірнеше аятта мадақтаған.

Құран Кәрімде:

لِلْفُقَرَآءِ الَّذِينَ اُحْصِرُوا فِى سَبِيلِ اللّٰهِ لاَ يَسْتَطِيعُونَ ضَرْبًا
فِى الْاَرْضِ يَحْسَبُهُمُ الْجَاهِلُ أَغْنِيَآءَ مِنَ التَّعَفُّفِ تَعْرِفُهُمْ بِسِيمٰيهُمْ
لاَ يَسْأَلُونَ النَّاسَ اِلْحَافًا وَمَا تُنْفِقُوا مِنْ خَيْرٍ فَاِنَّ اللّٰهَ بِهِ عَلِيمٌ

«Сондай Аллаһ жолында қамалып шықпай отырған, жер жүзінде жүре алмайтын, білмегендер, оларды абырой сақтағандықтарынан бай деп ойлайтын пақырларға



беріңдер. Оларды бейнесінен-ақ танисың. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не хайыр берсеңдер расында Аллаһ Тағала оны біледі». (Бақара сүресі 273-аят).

Сахаба Хаббаб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Мүшриктерден Ақра бин Хабис пен Үяйнә бин Хисн тәкаппарланып Аллаһ Расуліне барады. Оның Біләл, Сүһәйб, Аммар, Хаббаб сияқты ешкімі жоқ пақыр мұсылмандармен бірге отырғанын көрді. Олар қасында отырған әлсіз мұсылмандарды менсінбей Пайғамбарымызға былай деді:

«Бізге бұл адамдардан бөлек мәжіліс құр. Арабтар біздің бұлардан артық екенімізді білсін. Бізге араб тайпаларынан көптеген елшілер мен адамдар келетінін білесің. Олар бізді мына құлдармен бірге отырғанымызды көрсе ұятқа қаламыз. Сондықтан біз келген кезде оларды қасыңнан қуып жібер, шаруамызды бітірген соң, қаласаң олармен қайтадан отыра бер».

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жарайды, - деді. Олар:

– Жарайды деп ауызша айтқаның жарамайды. Бізге бұны жазбаша бекітіп бер, - деді.

Сол кезде Аллаһ Расулі (аләйһиссалату уәссәләм) Хазіреті Алиді шақырды, әрі жазу үшін қағаз сұрады. Біз болсақ бір шетте отыр едік. Сол уақытта Жәбрәйіл (аләйһиссәләм) мына аятты түсірді:

وَلاَ تَطْرُدِ الَّذِينَ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ بِالْغَدٰوةِ وَالْعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجْهَهُ
مَا عَلَيْكَ مِنْ حِسَابِهِمْ مِنْ شَيْءٍ وَمَا مِنْ حِسَابِكَ عَلَيْهِمْ
مِنْ شَيْءٍ فَتَطْرُدَهُمْ فَتَكُونَ مِنَ الظَّالِمِينَ

«Таңертең-кешке Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қасыңнан қума. Олардың есебінен саған ешбір жауапкершілік жоқ. Сенің есебіңнен де оларға еш нәрсе жоқ. Егер оларды қуатын болсаң зұлымдық жасағандардан боласың». (Әнғам сүресі 52-аят)

وَكَذٰلِكَ فَتَنَّا بَعْضَهُمْ بِبَعْضٍ لِيَقُولُوٓا أَهَٰٓؤُلَآءِ مَنَّ اللّٰهُ
عَلَيْهِمْ مِنْ بَيْنِنَا اَلَيْسَ اللّٰهُ بِاَعْلَمَ بِالشَّاكِرِينَ

«Осылайша біз, олардың кейбірін кейбірі арқылы: Аллаһтың арамыздан игілік көрсеткен адамдар солар ма? - деулері үшін сынадық. Аллаһ шүкіршілік еткендерді ең жақсы білуші емес пе?». (Әнғам сүресі 53-аят)

وَ اِذَا جَآءَكَ الَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِاٰيَاتِنَا فَقُلْ
سَلَامٌ عَلَيْكُمْ كَتَبَ رَبُّكُمْ عَلٰى نَفْسِهِ الرَّحْمَةَ

«Егер саған аяттарымызға иман келтіргендер келсе, былай де: Сендерге есендік болсын. Раббыларың мархамет етуді өз міндетіне алды...». (Әнғам сүресі 54-аят)

Сонда ардақты Пайғамбарымыз келісім шартты жаздыру үшін қолына алған қағазды дереу тастай салып, бізді қасына шақырды. Құзырына барған едік бізге:

سَلَامٌ عَلَيْكُمْ كَتَبَ رَبُّكُمْ عَلٰى نَفْسِهِ الرَّحْمَةَ

«... Сендерге есендік болсын. Раббыларың мархамат етуді өз міндетіне алды...» - деді.

Біз оның қасына жақынырақ отырдық. Жақындағанымыз соншалықты, тізелерімізді оның тізесіне дейін тигіздік. Яғни

осы аят түскеннен кейін біз бұрынғыдай Пайғамбарымыздың жанына отыра бастадық. Бірақ ол қалаған кезінде біздің арамыздан тұрып кететін.

وَاصْبِرْ نَفْسَكَ مَعَ الَّذِينَ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ بِالْغَدٰوةِ وَالْعَشِىِّ يُرِيدُونَ وَجْهَهُ وَلاَ تَعْدُ عَيْنَاكَ عَنْهُمْ تُرِيدُ زِينَةَ الْحَيٰوةِ الدُّنْيَا

«Таңертең-кешке Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендермен бірге сен де сабыр ет. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді олардан басқаға аударма...», (Кәһф сүресі 28-аят) деген аят түскеннен кейін бұлай етпейтін болды. Біз оған бұрынғыдан да қатты көңіл бөле бастадық. Бірге біраз уақыт отырғаннан кейін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қысылмай, еркін тұрып кетуіне ыңғай жасап ертерек әрекет жасап, оның қасынан тұрып кететінбіз». (Ибн Мәжә, Зуһд 7; Тәбәри, Тәфсир VII, 262-263)

Осы соңғы аят түскен кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу орнынан тұрып, әлгі пақыр сахабаларын іздеп оларды Аллаһты зікір етіп отырған кездерінде мешіттің арт жағынан табады да, былай дейді:

«Жанымды алмай тұрып үмметімнің осындай кісілерімен бірге сабыр етуімді бұйырған Аллаһқа мадақ болсын! Бұдан былай өмірім де, өлімім де сендермен бірге болады». (Уақиди 306 бет)

Әбу Саид (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Бірнеше кедей мұхажирлермен бірге отыр едім. Олардың кейбіреуінде толық денесін жабатын киімдері де жоқ еді. Сондықтан басқаларын тасалап денелерін жабуға тырысатын. Арамызда бізге Құран оқып жатқан бір кісі бар еді. Осы сәтте Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

келіп қасымызға тұрды. Ол келгеннен кейін әлгі Құран оқып жатқан кісі тоқтай қалды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәлем беріп:

– Не істеп жатырсыздар? - деп сұрады. Біз:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол біздің ұстазымыз. Бізге Құран оқып отыр. Біз де Аллаһ Тағаланың кітабын тыңдап отырмыз, - дедік.

Осы кезде адамзаттың Асыл Тәжі Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Үмметімнің ішінен олармен бірге сабыр етуім бұйырылған кісілерді жаратқан Аллаһқа мадақ болсын,*- деді.[46]

Содан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін бізбен тең дәрежеде көріп ортамызға отырды. Қолымен нұсқап:

– *Былай дөңгеленіп отырыңдар,*- деді.

Жамағат дереу оның айналасына дөңгеленіп, оған назар аударды. Сол кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізді былай сүйіншіледі:

– *Ей, пақыр, кедей Мұхажирлер, сүйінші сендерге! Сендерді қиямет күнінде нұрмен сүйіншілеймін. Сендер жәннатқа бай адамдардан жарты күн бұрын кіресіңдер. Бұл жарты күн (бұл дүниедегі) бес жүз жылға тең».* (Әбу Дәуіт, Илм 13, 3666)

46. Пайғамбарымыз бұл сөзімен жоғарыда өткен Кәһф сүресінің 28-ші аятын меңзеген. Бұл жерде Аллаһ Тағала Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды алғаш қабылдаған кедей, бейшаралармен бірге бастарына келетін қиыншылықтарға сабыр етуін, әрі олармен қарым-қатынаста барынша сыпайы болуын бұйырған.



Ардақты Пайғамбарымыздың Айша анамызбен үйленуі

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен Айша анамыздың некелері хижреттен бұрын Меккеде қиылған еді. Бірақ үйлену тойлары Мәдинада болды.

Бұны Айша (радиаллаһу анһа) анамыз былай түсіндіреді:

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижрет жасаған кезде бізді және қыздарын Меккеге қалдырған болатын. Кейін Зәйд бин Хариса мен Әбу Рафиге екі түйемен қоса қажет заттарын алу үшін 500 дирхам беріп Меккеге жіберді. Әкем Әбу Бәкір де Абдуллаһ бин Ұрайқытқа екі-үш түйе беріп олармен бірге жіберді. Бауырым Абдуллаһқа анам Үммі Руманды, мені және сіңлім Әсманы түйелерге мінгізіп жолға шығу үшін хабар жіберді.

Әбу Рафи Фатиманы, Үммі Гүлсімді және Сәуда бинти Зәманы, ал Зәйд Үммі Әйман мен ұлы Усәманы түйеге мінгізді. Сөйтіп барлығымыз бірге жолға шықтық.[47] Мианадан Бәйз деген жерге келгенімізде түйеміз қашып кетті. Біз хаудаждың[48] ішінде едік. Анам болса: «қызым-ау, келінім-ау! - деп шырылдап қалды. Аллаһ Тағала түйемізді тыныштaлдырып, бізді құтқарды.

Әйтеуір аман-есен Мәдинаға жеттік. Аллаһ Расулімен некеміз Меккеде қиылса да мен әке-шешеммен бірге тұратынмын. Ол кезде мешіт те, жанындағы бөлмелер де салынып болған еді. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отбасы өз бөлмелеріне орналасты. Біраз уақыт өткен соң әкем:

47. Хазіреті Зейнеп болса, әлі мұсылман болмаған күйеуі Әбул Ас бин Раби рұқсат бермегені үшін біраз уақыт Меккеде қалды.
48. Хаудаж – түйенің үстіне әйелдер отыру үшін жасалған кішігірім үйшік.

– Уа, Расулұллаһ! Әйеліңмен үйленуге не кедергі болды? - деп сұрады. Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Мәһір*,- деп жауап берді.

Осыдан соң әкем Әбу Бәкір жәрдем ретінде он екі жарым уккие[49] бергеннен кейін, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәһірімді беріп, шәууәл айында менімен үйленді.[50] Тойға түйе де қой да сойылмады. Тек Сағд бин Убәдә[51] (радиаллаһу анһу) Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлкен ыдыспен тамақ жіберді.[52]

Мәдинаның ахуалы

Исламның әрі мұсылмандардың орталығына айналған Мәдина қаласы бүкіл жер жүзіне діннің жарық шуағын шашқан, мекен болып қалыптасты.

---

49. Уккие – ескі күміс ақша. 1 уккие жобамен 128 граммға тең. Сонымен бірге уккие ауырлық өлшем бірлігі ретінде де қолданылады.
50. Ибн Сағд VIII, 58, 62-63.
51. **Сағд бин Убәдә** (радиаллаһу анһу) екінші ақабә кездесуінде мұсылман болған еді. Әрі сол жерде сайланған 12 кісінің бірі еді. Ол өте бай әрі жомарт кісі еді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Халид бин Зәйдтің үйінде жеті ай тұрған кезінде, Хазіреті Сағд әр күні тамақ жіберетін. Оның қамалға ұқсайтын үйі бар еді. Сол үйінде тұратын, әрі күнде сол жерде дастархан жайып, көпшілік сол жерден тамақ жейтін. Асхабы Суффаны да әр күні тойдыратын. Көптеген соғыста Хазреж тайпасының туын ұстады. Зу Қарад жорығында әскерлерге азық ретінде он түйелік құрма берді. Оның осы қызметі үшін Расулуллаһ: «Аллаһым! Сағдқа және Сағдтың отбасына мейіріміңді төге гөр», - деп дұға жасады. Бәни Құрайза соғысында да бүкіл әскерге азық берді. Өмірінің соңына дейін жанымен әрі малымен әрдайым қызмет және жиһад жасады. Мәдина төңірегінде көптеген бау-бақшасы, жерлері бар еді. Үйі Мәдинаның шет жағында еді. Мәсжидун Нәбәуиге ұзақ болғаны үшін ол жерде мешіт салдырады. Хазіреті Әбу Бәкірдің халифалығынан кейін Шам жақтағы Хауранға кетеді. 635 жылы сол жерде дүние салады.
52. Ахмед VI, 211.

Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен көшіп келген мұхажирлерге шын көңілімен құшақ жайған Мәдинаның жағдайы алғашқыда толық қауіпсіздік пен тыныштықта емес еді. Әлі де болса кейбір қауіп-қатерлер толастамаған еді. Себебі, Мәдинада Ансар мен Мұхажирлерден басқа мунафиқтар мен яһудилер де бар еді. Олар қандай жолмен болмасын Исламның ілгері дамуына кедергі болуға тырысты.

Мунафиқтар сырттай мұсылман болып көрінгенімен, ішкі дүниелерінде пұтқа құлдық жасағандарын доғармаған еді. Аллаһ Тағала оларды қатты азаптайтындығын былайша баяндайды:

وَ مِمَّنْ حَوْلَكُمْ مِنَ الْاَعْرَابِ مُنَافِقُونَ وَمِنْ اَهْلِ الْمَدِينَةِ مَرَدُوا عَلَى النِّفَاقِ لاَ تَعْلَمُهُمْ نَحْنُ نَعْلَمُهُمْ سَنُعَذِّبُهُمْ مَرَّتَيْنِ ثُمَّ يُرَدُّونَ اِلٰى عَذَابٍ عَظِيمٍ

«Маңайларындағы бәдәуилердің ішінде мунафиқтар бар. Сондай-ақ мәдиналықтардың ішінде де екіжүзділіктерінде қасарысып қалғандар бар. Сен оларды білмейсің, оларды Біз білеміз. Оларды екі рет азаптаймыз. Сонан соң олар қатты азапқа айдалады». (Тәубә сүресі 101-аят)

Шын мәнінде мунафиқтардың екіжүзділік жасауда өте шебер болғаны соншалықты, кейде олардың бұл жағдайын Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де байқай алмайтын, тек Аллаһ Тағала білдірген кезде ғана байқайтын. Өйткені, мунафиқтар өздеріне қарсы айтылатын кішкене сын-ескертпелерді алдын ала сезіп, соған қарсы қулық жасайтын.



Бұған қоса ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) бен мүминдерді хижрет жасауға мәжбүр қылған меккелік мүшриктер де бос отырмай, Мәдинадағы мунафиқтардың бықсытқан іріткі әрекеттерін одан сайын үрлей берді. Ол жерде Исламның орнығып, өркендеуін көре алмай мунафиқтарға Исламды, ондағы мұсылмандарды жоқ қылу үшін тынбай хабар жіберіп отырды. Егер мұны орындамаған жағдайда барлық арабтарды жинап, мүмин, мунафиқ, мүшрик демей бүкіл мәдиналықтардың көзін жоятындықтарын айтып қорқытатын. Тіпті оларды қорқытып, әрі мүминдерге қарсы айдау үшін, қарулы топ жіберіп, Мәдинаның малдарын айдап әкеткен.

Жағдай өте қиындап, қауіп-қатердің төнуі ықтимал еді. Мұсылмандар түнімен Мәдина көшелерінде күзетке тұрып, шабуылдың алдын алу шараларына кіріскен еді. Тіпті ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) да түндерін ұйқысыз өткізетін. Мәдинаның сыртына әскер жіберіп, төңіректі бақылап отыратын.

Сонымен қатар мұсылмандардың ең қауіпті дұшпаны яһуди тайпалары да ыңғайлы сәтті күтіп жатқан еді. Бұрыннан діни мағлұматтары болғандықтан мүминдерге ең көп соққы берген де өте көп бүлік шығарған да солар еді. Осы себептен Мәдинада алғаш түскен «Бақара» сүресінде яһудилерді Исламға шақыруға өте қатты көңіл бөлінген. Жалпы адамзатты Исламға шақырғаннан кейін 40-шы аят пен 162-ші аяттардың арсында әсіресе 123-аятта тікелей осы Исрайл ұлдарынан (еврейлер) сөз етіледі. Яғни, бұл сүренің жартысынан жуығы олар жайында баяндалады. Онда кей жерде 2-ші жақпен тікелей оларға назар аударылған, кей жерде 3-ші жақта олар жайында айтылған. Ал кей жерлерде олардың ой-пікірлері жоққа шығарылып, кейде

оларға берілген нығметтер естеріне салынып, иманға деген құштарлықтарын ояту меңзелген.[53]

Яһудилердің ақыны Кааб бин Әшрәф Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келеке етіп, мазақ қылып әрі Құрайш мүшриктерін оған айдап салатын. Құрайштық мүшриктердің ақындары да Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жамандап өлең шығаратын. Ансарлықтардың ең мықты ақыны Хассан бин Сәбит (радиаллаһу анһу) меккелік мүшриктерді мазақ қылу үшін Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рұқсат сұрағанда, Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған рұқсат берген.[54]

Ол кездегі өлең-жырлар бүгіннің бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мықты күшке ие еді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітте Хассан бин Сәбитке арнап мінбер қойған еді. Хассан ол жерде өзінің өлең жолдарымен Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ренжіткендерді келеке етіп, сынға алатын. Сол үшін Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

«Аллаһтың Расулін қорғаған сайын «Рухул Құдұс» (Жәбрейіл) Хассанмен бірге», - дейді. (Әбу Дәуіт, Әдәб 87/5015)

Яһудилер мен мүшриктер осылайша сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бен сахабаларына жәбір көрсетіп жатқанда Аллаһ Тағала Пайғамбарына сабырлы әрі кешірімді болуды бұйырды. Бәдір соғысынан бұрын Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сырқаттанған Сағд бин Үбәдәның көңілін сұрау үшін арқасына Усәмә бин Зәйдті мінгестіріп жолға

53. Драз, ән-Нәбәул Азим 178 бет.
54. Бұхари, Мәнәқиб 16; Муслим, Фадайлус Сахаба 156-157.

шығады. Жолда арасында Абдуллаһ бин Убәй бин Сәлүл отырған мәжіліске жолығады. Абдуллаһ бин Убәй ол кезде «мұсылман болдым» - деп ауызша айтқанымен, бірақ толық қабылдамаған болатын. (Ашық түрде қабыл етпейтіндігін айтатын). Ол мәжілісте мұсылмандар, яһудилер мен мүшриктер, яғни әр түрлі дін өкілдері бар еді. Абдуллаһ бин Рауаха да сол жерде еді. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көлігінің тұяғынан шыққан шаң мәжіліске қарай жайылғаннан кейін, Абдуллаһ бин Убәй киімімен мұрнын жауып:

– Бізге қарай шаңғытпа, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға сәлем беріп, көлігінен түсті. Сосын оларды Аллаһқа иман келтіруге шақырып, артынан Құран оқыды.

Сонда Абдуллаһ бин Убәй:

– Ей, адам! Мұны айтып дұрыс істемедің. Егер айтқандарың рас болса мәжілісімізге келіп бізге жәбір көрсетпей үйіңе бар. Сені іздеп барғандарға бұларды түсіндір,- деді.

Абдуллаһ бин Рауаха да:

– Ей, Аллаһтың Расулі! Керісінше сен біздің мәжілісімізге кел. Біз осыны өте қалаймыз - деді.

Мұсылмандар, мүшриктер мен яһудилер өз араларында айтысып, ерегісе бастады. Тіптен бір-бірімен ұрыс-керіске дейін барған еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды тоқтатты. Ашу-ызалары тарқағаннан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көлігіне мініп ары қарай жүріп кетті. Сағд бин Үбәдәға барып болған оқиғаны оған айтып берді. Сол кезде Сағд:

«Уа, Расулұллаһ! Оны кешір әрі түсін. Саған кітапты түсірген Аллаһқа ант етейін. Аллаһ сені Пайғамбар етіп

жіберген кезде бұл өлкенің халқы оны басшы қылып сайлап, таққа отырғызу үшін келіскен еді. Аллаһ сені хақ дінмен жіберіп оның патшалығын құрдымға жібергеннен кейін қатты қайғырып, дем жетпей жер-жүзі оған тар келгендей болды. Бұлай етуі де соның күйігінен болар», - деді.

Сондықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһ бин Убәйдың бұл әрекетін кешірді. Бұл оқиғаға байланысты мына аят түсті:

لَتُبْلَوُنَّ فِى اَمْوَالِكُمْ وَ اَنْفُسِكُمْ وَلَتَسْمَعُنَّ مِنَ الَّذِينَ اُوتُوا الْكِتَابَ
مِنْ قَبْلِكُمْ وَمِنَ الَّذِينَ اَشْرَكُوٓا اَذًى كَثِيرًا
وَ اِنْ تَصْبِرُوا وَتَتَّقُوا فَاِنَّ ذٰلِكَ مِنْ عَزْمِ الْاُمُورِ

«Міндетті түрде малдарыңмен және жандарыңмен сыналасыңдар. Сондай-ақ сендерден бұрын кітап берілгендерден және мүшриктерден жәбір беретін сөздер естисіңдер. Егер сабыр етіп тақуалықты ұстансаңдар күмәнсіз бұл ең маңызды істерден». (Әли Имран сүресі 186-аят) Хазіреті Пайғамбарымыз және саңлақ сахабалары соғыс аяты түспей тұрып мүшриктерден және кітап иелерінен көрген осындай қорлықтарын (әмірге сай) кешіретін еді.[55]

Соғыстың рұқсат етілуі

«Сендерге соғыс жариялағандарға сендер де соғыс жариялаңдар».

Алғашында Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүшриктермен соғысуға рұқсат берілмеген еді. Мүшриктерді Аллаһ Тағаланың жалғыз екендігіне

55. Бұхари, Тәфсир 3/15.

шақырып, басына келетін қиыншылықтарға төзімді болып, надандардың жағымсыз әрекеттеріне сабыр етіп, оларды көңіліне алмауға бұйырылған еді. Құрайш мүшриктері болса, Аллаһ Расулімен бірге болғандарды діндерінен шығару үшін зорлық-зомбылықтың барлық түрін көрсетті. Мұсылмандардың кейбірі адам төзгісіз зорлықтармен діндерінен шығарылды, кейбірі діндері үшін Хабәшстанға, ал кейбірі Мәдинаға хижрет етіп, туып-өскен жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды.

Жағдай ауырлап, қиыншылықтардың артқаны соншалық, Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол күнге дейін ұстанған «сабырлылық пен төзімділік» саясаты тыныш өмір сүруіне мүмкіндік бермеді. Хазіреті Пайғамбарымыз сабырлылық пен төзімділіктен кейін ұстанған «өздерін қорғау» саясаты да пайда бермегеннен кейін Раббысына сыйынды. Одан уахи күтті.

Соңында мүшриктердің әбден азғындап, Аллаһтың өздеріне берген нығметтеріне нанкөрлік жасап, Пайғамбарды жалғанға шығарып, мұсылмандарға ауыр зорлық-зомбылықтар көрсетіп, өз елдерінде маза бермегендіктен, дінді, отанды әрі мүминдерді қорғау үшін жиһадқа рұқсат берілген аяттар түсті:

اُذِنَ لِلَّذينَ يُقَاتَلُونَ بِاَنَّهُمْ ظُلِمُوا وَاِنَّ اللّٰهَ عَلٰى نَصْرِهِمْ لَقَديرٌ ﴿39﴾
اَلَّذينَ اُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بِغَيْرِ حَقٍّ اِلَّآ اَنْ يَقُولُوا رَبُّنَا اللّٰهُ وَلَوْلَا دَفْعُ
اللّٰهِ النَّاسَ بَعْضَهُمْ بِبَعْضٍ لَهُدِّمَتْ صَوَامِعُ وَبِيَعٌ وَصَلَوَاتٌ وَمَسَاجِدُ يُذْكَرُ
فِيهَا اسْمُ اللّٰهِ كَثيرًا وَلَيَنْصُرَنَّ اللّٰهُ مَنْ يَنْصُرُهُ اِنَّ اللّٰهَ لَقَوِيٌّ عَزيزٌ ﴿40﴾

«**Шабуылға ұшырап зұлымдық көргендерге** (соғысу үшін) **рұқсат берілді. Күдіксіз Аллаһтың оларға жәрдем**



етуге толық күші жетеді. Олар тек қана «Раббымыз Аллаһ» дегендері үшін жазықсыз елдерінен қуылғандар. Егер Аллаһ адамдардың бір бөлігін, бір бөлігі арқылы жоймаса, міндетті түрде манастырлар, шіркеулер, синагогтар және ішінде Аллаһтың есімі көп зікір етілетін мешіттер құлатылатын еді. Аллаһ өзіне (дініне) **жәрдем еткендерге сөзсіз жәрдем етеді. Аллаһ шексіз құдіретті әрі тым үстем».** (Хаж сүресі 39-40 аяттар)

وَقَاتِلُوا فِى سَبِيلِ اللّٰهِ الَّذِينَ يُقَاتِلُونَكُمْ وَلاَ تَعْتَدُوٓا
اِنَّ اللّٰهَ لاَ يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Сендерге қарсы соғысқандармен Аллаһ жолында соғысыңдар. Бірақ шектен шықпаңдар. Сөзсіз Аллаһ шектен шыққандарды ұнатпайды». (Бақара сүресі 190-аят)

Аллаһ Тағала қандай себеппен әрі қандай мақсатпен соғысылатындығына байланысты үкімін былай білдіреді:

وَقَاتِلُوهُمْ حَتّٰى لاَ تَكُونَ فِتْنَةٌ وَ يَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلّٰهِ

«Олармен ешбір фитнә (іріткі) **қалмағанға дейін әрі дін толығымен Аллаһтікі болғанға дейін соғысыңдар...»** (Әнфәл сүресі 39-аят)

Соғысқа рұқсат етілу Исламға және мұсылмандарға қарсы жасалған дұшпандық әрекеттің нәтижесі еді. Қоғам өзін қорғап қалу үшін «даруратул-хамса» деп аталатын бес қасиеттің, яғни мал, жан, нәсіл, ақыл және діннің қорғалуы үшін дәлірек айтқанда дұшпанның шабуылына қарсы тұру үшін жиһад парыз етілді. Бұл иләһи әмірге діннен адастырғандардың жазалануы мен иләһи ақиқаттың жайылуындағы кедергілердің жойылуы мақсат тұтылған.

Бүкіл әлемге рақым ретінде жіберілген пайғамбарлардың Сұлтаны Хазреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл адамзатқа мейірімді бола тұра, үлкен соғыстарға баруы қоғамға тыныштық пен бейбітшілікті орнату үшін әрі таухид сенімін жаю үшін еді. Сондықтан сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай дейді:

«Мен рахмет, мейірім және соғыс пайғамбарымын!» (Ахмед IV, 396)

Аллаһ Тағала жиһадқа рұқсат беріп, Расуліне және мүминдер қоса айтылған мынадай аят түсірді:

يَٓا اَيُّهَا النَّبِيُّ حَسْبُكَ اللّٰهُ وَ مَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِن۪ينَ ﴿64﴾
يَٓا اَيُّهَا النَّبِيُّ حَرِّضِ الْمُؤْمِن۪ينَ عَلَى الْقِتَالِ

«Ей, Пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ толық жетеді. Ей, Пайғамбар! Мүминдерді соғысқа ынталандыр!..» (Әнфәл сүресі 64-65 аяттар)

اَلاَ تُقَاتِلُونَ قَوْمًا نَكَثُوٓا اَيْمَانَهُمْ وَهَمُّوا بِاِخْرَاجِ الرَّسُولِ وَهُمْ بَدَؤُكُمْ
اَوَّلَ مَرَّةٍ أَتَخْشَوْنَهُمْ فَاللّٰهُ اَحَقُّ اَنْ تَخْشَوْهُ اِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِن۪ينَ ﴿13﴾
قَاتِلُوهُمْ يُعَذِّبْهُمُ اللّٰهُ بِاَيْد۪يكُمْ وَيُخْزِهِمْ وَ يَنْصُرْكُمْ عَلَيْهِمْ وَ يَشْفِ
صُدُورَ قَوْمٍ مُؤْمِن۪ينَ ﴿14﴾ وَيُذْهِبْ غَيْظَ قُلُوبِهِمْ

«(Ей, мүминдер) **Берген сөздерінде тұрмаған, Пайғамбарды** (елінен) **қууға тырысқан және сендерге алдымен өздері тиіскен қауыммен соғыспайсыңдар ма? Олардан қорқасыңдар ма? Егер иман келтірген болсаңдар біліп қойыңдар, қорқуларыңа ең лайығы Аллаһ қана. Олармен соғысыңдар. Аллаһ сендердің қолдарыңмен оларды азап-**

тап масқара қылсын. Әрі оларға қарсы сендерге жәрдем берсін және мұсылман қауымының көңіліне жұбаныш берсін. Әрі олардың көңіліндегі (залымдарға деген) **ашу-ызасын тарқатсын»**. (Тәубе сүресі 13-15 аяттар)

Осындай аяттармен қатар жиһадтан қалып кетпеу үшін ескертулер де келді:

كُتِبَ عَلَيْكُمُ الْقِتَالُ وَهُوَ كُرْهٌ لَكُمْ وَعَسٰٓى اَنْ تَكْرَهُوا شَيْـًٔا
وَهُوَ خَيْرٌ لَكُمْ وَعَسٰٓى اَنْ تُحِبُّوا شَيْـًٔا وَهُوَ شَرٌّ لَكُمْ
وَ اللّٰهُ يَعْلَمُ وَاَنْتُمْ لاَ تَعْلَمُونَ

«Жек көрсеңдер де сендерге соғыс парыз қылынды. Сендердің ұнатпайтын кейбір нәрселерің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Сондай-ақ ұнатқан нәрселерің сендер үшін жаман болуы да мүмкін. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер». (Бақара сүресі 216-аят)

مَا كَانَ لِاَهْلِ الْمَدِينَةِ وَمَنْ حَوْلَهُمْ مِنَ الْاَعْرَابِ اَنْ يَتَخَلَّفُوا
عَنْ رَسُولِ اللّٰهِ وَلاَ يَرْغَبُوا بِاَنْفُسِهِمْ عَنْ نَفْسِهِ

«Мәдина халқының және оның маңайындағы бәдәуилердің соғыста Аллаһ Расуліне ілеспей кері қалып қоюлары және өз жандарын оның жанынан артық көрулері дұрыс емес...» (Тәубе сүресі 120-аят)

قُلْ اِنْ كَانَ اٰبَآؤُكُمْ وَاَبْنَآؤُكُمْ وَ اِخْوَانُكُمْ وَ اَزْوَاجُكُمْ وَ عَشِيرَتُكُمْ
وَاَمْوَالٌ اقْتَرَفْتُمُوهَا وَ تِجَارَةٌ تَخْشَوْنَ كَسَادَهَا وَ مَسَاكِنُ تَرْضَوْنَهَآ
اَحَبَّ اِلَيْكُمْ مِنَ اللّٰهِ وَرَسُولِهِ وَ جِهَادٍ فِى سَبِيلِهِ فَتَرَبَّصُوا حَتّٰى
يَاْتِيَ اللّٰهُ بِاَمْرِهِ وَ اللّٰهُ لاَ يَهْدِى الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ



«(Ей, Расулім!) **Егер әкелерің, балаларың, аға-інілерің, әйелдерің, туысқандарың, тапқан мал-мүліктерің, тоқтап қалудан қорыққан саудаларың, ұнатқан үй-жайларың сендерге Аллаһтан, Пайғамбарынан және Аллаһ жолында жиһад жасаудан артық көрінсе, онда Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіңдер. Аллаһ бұзық қауымды тура жолға салмайды, - деп айт»**. (Тәубе сүресі 24-аят)

Бұл иләһи бұйрықтардан кейін Хазіреті Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған ерген мүминдер мүшриктермен соғысу үшін жан-жақты дайындыққа кірісті.

Аллаһ жолында жиһад

Жиһадтың жалпы мағынасы нәпсісін тәрбиелеп Аллаһтың бұйырған әмірлерін ықыласпен орындау, харамдардан ұзақ тұру,[56] мұсылман бауырына насихат жасау, мұсылман емес кісіге Исламды дәлелдерімен түсіндіріп сендіру[57] дегенді білдіреді. Мұнымен қоса дінін, намысын, жанын, отанын, нәсілін, мал-мүлкін қорғап, Исламды жаю және бұған бөгет болатын кедергілерді жою үшін жанымен, малымен, тілімен және барлық мүмкіншілігімен әрекет ету, соғысу деген мағыналарды да білдіреді.[58]

Сондықтан жиһад сөзі нәпсіні тазартып Аллаһ Тағаланың разылығы үшін, Аллаһтың дінін үстем ету жолында жалғыз өзі немесе жамағат болып Исламға сай өмір сүру үшін жұмсалған күш-қайратты білдіреді. Сол үшін Аллаһ

56. Нәсәи, Хаж 4.
57. Ахмед III, 456.
58. Ниса сүресі 95-аят; Әнфәл сүресі 72-аят; Тәубе сүресі 20, 41,44, 81, 88-аяттар. Хадис шәрифтер: Бұхари, Мәзәлим 33; Муслим, Иман 226; Әбу Дәуіт, Сүнән 28-29.

Расулінің жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірінің толығымен осы жолда өткендігін айту асыра сілтегендікке жатпайды.

Аллаһ Тағала берген нығметтерін сынақ үшін, яғни осы нығметтер арқылы өзінің жолында жиһад жасауымыз үшін көп ескертулер жасаған. Осы жайындағы аяттарға тоқтала кететін болсақ:

لٰكِنِ الرَّسُولُ وَ الَّذِينَ اٰمَنُوا مَعَهُ جَاهَدُوا بِاَمْوَالِهِمْ وَ اَنْفُسِهِمْ
وَ اُولٰٓئِكَ لَهُمُ الْخَيْرَاتُ وَ اُولٰٓئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Бірақ, Пайғамбар және онымен бірге иман келтіргендер малдарымен әрі жандарымен жиһад жасады. Міне, барлық жақсылық солардікі, әрі олар құтылғандар». (Тәубе сүресі 88-аят)

يَٓا اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا هَلْ اَدُلُّكُمْ عَلٰى تِجَارَةٍ تُنْجِيكُمْ مِنْ عَذَابٍ اَلِيمٍ ﴿10﴾
تُؤْمِنُونَ بِاللّٰهِ وَرَسُولِهِ وَتُجَاهِدُونَ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ بِاَمْوَالِكُمْ
وَاَنْفُسِكُمْ ذٰلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ اِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿11﴾

«Ей, иман келтіргендер! Сендерді жан түршігерлік азаптан құтқаратын сауданы көрсетейін бе? Аллаһқа және Расуліне иман келтіресіңдер, әрі малдарыңмен және жандарыңмен Аллаһ жолында жиһад жасайсыңдар. Егер біле-білсеңдер осылар сендер үшін қайырлы». (Саф сүресі 10-11 аяттар)

Бір күні сахабалар сүйікті Пайғамбарымызға:

– Уа, Расулұллаһ! Қайырлы кісі кім?- деп сұрайды.

Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жанымен әрі малымен Аллаһ жолында жиһад қылған мумин», - деп жауап береді. (Бұхари, Жиһад 2; Муслим, Имарат 122)

Жоғарыдағы аят-хадистерде айтылған малмен әрі жанмен жиһад етудегі мақсат – тек қана қарумен соғысу емес. Өйткені қару зұлымдықты тоқтатып, ақиқатты жаю кезінде мәжбүр болған жағдайда ғана қолданылады. Негізгі жеңіс – көңіл жеңісі яғни нәпсіні жеңу. Ол алғашқыда сөз арқылы немесе жазбаша түрде, сондай жолдармен жасалады.

Негізінде жиһадқа байланысты аяттар көптеп түскен. Мекке кезеңінде мүминдердің айтарлықтай соғысқа шығатын күштері жоқ еді. Олар надандарға қарсы Исламды үгіттеді. Яғни адамгершілік пен ақиқатты, әділеттілікті жеткізудің жолдарын ұсынды. Құран Кәрімде олардың бұл жағдайы «үлкен жиһад» - деп аталды. Аятта:

فَلَا تُطِعِ الْكَافِرِينَ وَجَاهِدْهُمْ بِهِ جِهَادًا كَبِيرًا

«Кәпірлерге әсте бағынба. Әрі оларға осы (Құран) **арқылы үлкен күрес жаса»**. (Фұрқан сүресі 52-аят)

Аятта «үлкен күрес» деп айтылудағы тіркесі Ислам орнап, адамзат тура жолмен тыныштық табу үшін барлық мүмкіншіліктері мен жолдарды қолданып, Аллаһтың дінін ұлық ету үшін сөзімен әрі іс-әрекетімен тәблиғ жасау дегенді білдіреді. Өйткені дағуат арқылы жиһад жасау – дұшпанға қарсы қарумен соғысудан да маңызды, әрі өте пайдалы. Ардақты Пайғамбарымыз алғашқы жылдарда жиһадты тек Құран Кәрімге байланысты жасайтын еді.

Құран Кәрімде адамдарды тура жолға салу үшін «Аллаһ жолында жиһад жасауға» байланысты көптеген жерде айтылған. Бірақ бұлардың бірнешеуінде ғана қарулы соғыс айтылған. Ол да тек мәжбүр кезінде ғана мүмкін.

Хазіреті Пайғамбарымыздың қатысқан соғыстары негізінде қорғану соғыстары еді. Мысалы, Бәдір, Ұхұд және Хәндәқ соғыстары сияқты. Ал Мүтә, Тәбүк болса шабуыл жасауы мүмкін болғандықтан жауға қарсы тойтарыс беру үшін жасалған еді. Меккенің жеңісі мұсылмандардан тартып алынған ақыларын кері алу мақсатында, сондай-ақ меккеліктердің мұсылмандармен жасаған келісім-шарттарын бұзғандығы үшін жасалған еді. Яғни, рахмет пайғамбары Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық соғыстарының астарында шексіз мархамат пен әділет жатыр, әрі соғыстарының әрбірі адамзат үшін мейірім болған еді. Өйткені Исламда соғыстың негізгі мақсаты адам өлтіру,[59] олжа жинау, жер жүзін ойран қылу,

59. Әлемдерге рахмет үшін жіберілген ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) 29 соғыс және 91 жорық ұйымдастырып, жалпы 120 әскери әрекетте салиқалы саясатын ұстанған. Бүкіл Арабия түбегін қол астына алса да мұсылман әскерлерінен де дұшпан әскерлерінен де көп қан төгілуіне жол бермеген. Аллаһ Расулінің 11 жыл ішінде әр түрлі себептермен ұйымдастырған үлкенді-кішілі 120 әскери әрекетте (сахих риуаяттарға қарағанда) мұсылмандардан жобамен 340-тан астам кісі шейіт болған. Ал дұшпандардан болса жобамен 800-ден аса кісі өлген. Яғни үлкен-кіші 120 соғыста жалпы өлгендердің саны не бәрі 1200-ден астам кісі болған. Хазіреті Пайғамбарымыздың өзі қатысқан соғыстарға қарайтын болсақ 29 соғыстың 16-да ешқандай қарулы қақтығыс болмаған. Бірақ жеңіспен оралған. 13 соғыста қарулы қақтығыс болып мұсылмандардан жобамен 140 кісі шейіт болып, дұшпандардан жобамен 335 кісі өлтірілген.
Пайғамбарымыз бірнеше жерді соғыс ашпай, парасаттылығымен әрі аса көрегенділігімен-ақ өзіне бағындырған және де бірнеше жерді халқының иман келтіруімен қол астына алып, бұл жерлерде мүмкіндігінше қару қолданудан ұзақ болған. Кейде саясат пен барлаушыларын қолдана отырып дұшпанын соғысудан бас тартқызып, осылайша қан төгісті барынша болдырмауға тырысқан. Соғыстың сәтті болуы үшін қолбасшылардың

жеке басының пайдасын ойлау, пайда табу немесе кек алу емес, керісінше зұлымдықты тоқтату, сенім еркіндігін орнату, адамдарды тура жолға салу және барлық әділетсіздікке балта шабу еді.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық соғыстарын жалпылама қолға алып қарайтын болсақ мынаны көруге болады: Исламда қорғану үшін және Аллаһтың дінін ұлық ету мақсатында болмаса, басқа уақыттары соғыс жарияланбайды. Тек қана жерді басып алу үшін соғыс ашу – нағыз қарабеттік пен зұлымдық болады. Ал Исламдағы соғыс міндетті түрде ақиқатты жаю, тура жолға себеп болу және зұлымдықты жою сияқты ұлы мақсаттарға сүйенеді. Сондықтан Құранда былай айтылған:

مَنْ قَتَلَ نَفْسًا بِغَيْرِ نَفْسٍ اَوْ فَسَادٍ فِى الْاَرْضِ فَكَاَنَّمَا قَتَلَ النَّاسَ
جَمِيعًا وَمَنْ اَحْيَاهَا فَكَاَنَّمَٓا اَحْيَا النَّاسَ جَمِيعًا

«...Кімде-кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық шығармаған кісіні өлтірсе, барлық адамдарды өлтіргендей болады. Кімде-кім оны тірілтсе (өлтірілуіне кедергі болса) барлық адамдарды тірілткендей болады...» (Мәида сүресі 32-аят)

Міне, мүминдер Исламның мақсаттарына сай малдарымен және жандарымен атқарған қызметі арқылы, Аллаһтың

әскер баратын аймақтан немесе дұшпанның тайпасынан болуына қатты көңіл бөлінген. Сонымен қатар Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әскерлеріне сөздерінде тұруларын, шектен шықпауларын, берген сөздерін бұзып зұлымдық жасамауларын, нақақтан-нақақ адам өлтірмеулерін, әсіресе құлдарға, аналарға, әйелдерге, қарттарға және монастырларға тығылғандарға тиіспеулерін, құрма бақтарына зиян тигізбеулерін, ағаштарды кеспеулерін және ғимараттарды бұзбауларын қатты ескерткен.

құзырында жәннатты сатып алу сияқты ұлы иләһи сыйға лайық болады. Бірақ әрбір атқаратын істе шын ықылас болу керек. Бұл өте маңызды. Бірде Абдуллаһ бин Амр (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Маған жиһад, ғазауат (соғыс) жайында мағлұмат бер,- дегенде, Хазіреті Пайғамбарымыз:

– Ей, Абдуллаһ! Егер сен Аллаһтың разылығын қалап, қиыншылықтарға төзіп соғысатын болсаң, Аллаһ Тағала қиямет күні сені сол кейпіңде тірілтеді, - деді. (Әбу Дәуіт, Жиһад 24/2519)

Бір бәдәуи араб Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– Абырой, даңқ, атақ немесе олжа алу үшін яки көзге түсу үшін соғысқан кісі жайында не дейсің?- деп сұрады.

Тағы бір кісі де:

– Уа, Расулұллаһ! Аллаһ жолында соғысу деген не? Кейбіреулер ашуланып, кейбіреулер де ел-жұрты мен жанұясы үшін соғысады, - деп сұрады.

Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кімде-кім тек қана Аллаһтың діні ұлық болуы үшін соғысатын болса, міне соның жиһады Аллаһ жолында», - деп жауап берді. (Бұхари, Илм 45; Муслим, Имара 149-150)

Басқа бір кісі:

– Уа, Расулұллаһ! Бір кісі Аллаһ жолында соғысып, әрі дүниелік пайда табуды қаласа оған не дер едіңіз?-деп сұрағанда, ардақты Пайғамбарымыз(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Оған ешқандай сауап жоқ, - деді.

Бұл жауап ондағы сахабаларға ауыр келді. (Өйткені осыған сай ықыласты болу өте қиын еді.) Сахабалар әлгі сұрақ сұраған кісіге:

– Сен Расулұллаһқа сұрағыңды қайтала. Жауапты дұрыс түсінбеген болуың керек,- деді. (Өйткені сахабалар одан жеңілдеу жауап алғысы келген еді.) Осыдан кейін әлгі кісі сұрағын үш рет қайталады. Пайғамбарымыз әр сұрағанында:

– *Оған сауап жоқ!* - деп жауап берді. (Әбу Дәуіт, Жиһад 24/2516)

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) Аллаһ жолында жиһад етудің абзалдығына байланысты көптеген хадис шәрифтер айтқан. Солардың кейбірі мыналар:

«Бір күн және бір түн шекарада күзетте тұру күндіз ораза ұстап, түндерін құлшылықпен өткізген бір айдан да қайырлы. Егер кісі осы күзетте тұрғанда өлетін болса, бұл ісінің сауабы және сыйы қияметке дейін жалғасады. Шейіт ретінде ризығы жалғасады, әрі қабірдегі сауал періштелерінен де сенімді болады». (Муслим, Имара 163)

«Аллаһ жолында бір күн шекара күзету дүниеден және дүниедегі барлық нәрселерден де қайырлы. Құлдың ақшам немесе таңертеңгі уақыттары Аллаһ жолында өтсе дүниеден және дүниедегі барлық нәрселерден де қайырлы». (Бұхари, Жиһад 6, 73, Риқақ 2; Муслим, Имара 113-114)

«Аллаһ Тағала өзінің жолында жиһадқа шыққан кісіге: «Оны тек қана менің жолымда жиһад, маған деген иманы, менің пайғамбарларымды қоштағандығы жолға шығарды», - деп кепіл болады. Аллаһ ол кісіні шейіт болса жәннатқа кіргізеді, ғази (жиһадқа қатысып тірі оралу) болса рухани

сауапқа әрі дүниелік олжаға кенелген түрде үйіне қайтаруға кепіл болады. Мұхаммедтің жаны оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Аллаһ жолында жарақат алған кісі, қиямет күні дәл сол жарақат алған күндегідей келеді. Түсі қызыл қан түсті, иісі болса миск иісті». (Муслим, Имара 103; Нәсәи, Иман 24)

«Жәннатқа кіргендердің ешқайсысы дүниеге қайта оралғысы келмейді. Жер жүзіндегі барлық нәрсе ол жерде де (артығымен) бар. Тек қана шейіт болған кісі ол жерде көрген құрметінен дүниеге он рет оралып, әрбірінде шейіт болуды қалайды». (Бұхари, Жиһад 21; Муслим, Имара 108-109)

Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ жолында жұмсаған күш қайратының, ондағы жүргізген соғыстарының мақсатын былай түсіндіреді:

«Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына және Мұхаммедтің Аллаһтың елшісі екендігіне иман келтірмейінше, намаз оқып, зекет бермейінше адамдармен соғысуға бұйырылдым. Олар осы нәрселерді орындайтын болса жандарын әрі малдарын менен құтқарады. Ал Исламға қатысты үкімдердің есебі Аллаһқа тән». (Бұхари, Иман 17)

Осы себептен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түнде шабуыл жасамай таңның атуын күтетін. Азан дауысын еститін болса тоқтайтын.[60] Жіберген әскерлеріне де:

«Бір мешіт көрсеңдер немесе азанның дауысын естісеңдер, ол жерде ешкімді өлтірмеңдер!» - деп тапсырған. (Әбу Дәуіт, Жиһад 91/2635; Ахмед III, 448-449)

Муслим бин Харис (радиаллаһу анһу) мыналарды түсіндіреді:

60. Бұхари, Азан 6; Муслим, Салат 9.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізді бір жорыққа жіберген еді. Шабуылға бастайтын кезде атымды қамшылап достарымнан озып, улап-шулаған әйелдер мен балаларға тап болдым. Оларға:

– Аман қалғыларың келеді ме? - деп сұрадым. Олар «Иә» - деді.

– Олай болса «Лә иләһә иллаллаһ Мухаммадун Расулұллаһ» деп айтып құтылыңдар,- дедім. Олар да осыны айтты. Сонда достарымның кейбірі:

– Сен бізге олжаны харам қылдың - деп, бұл әрекетімді дұрыс көрмеді. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтып келгенімізде бұл әрекетімді оған жеткізді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені шақырып, бұл әрекетімді құптап былай деді:

– *Күдіксіз Аллаһ саған олардың әрбірі үшін мұнша, мұнша сауап жазды».* (Әбу Дәуіт, Әдеп 100-101/5080)

Бұрайда (радиаллаһу анһу) айтады:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әскерлерді жиһадқа жіберетін кезде қолбасшыға Аллаһқа мойынсұнып, қасындағы мұсылмандарға қайырымды болып, оларға жақсы қарым-қатынаста болуға бұйырып, тапсыратын, әрі былай дейтін:

«Аллаһтың атымен, Аллаһ жолында соғысыңдар. Аллаһты танымайтындармен ұрысыңдар. Олжаға түскен малдарға қиянат жасамаңдар, зұлымдық жасамаңдар. Мұрын-құлақ кеспеңдер. Балаларды өлтірмеңдер. Мүшрик дұшпандарыңмен қарсыласқан кезде оларды мына үш нәрсенің біріне шақырыңдар:

1. Оларды Исламға шақырыңдар. Егер қабылдаса оларға тиіспеңдер.



2. Егер мұсылмандықты қабылдамаса оларды жизия (салық) беруге үгіттеңдер. Мұны қабыл алса онда оларға тиіспеңдер.

3. Егер жизия беруді де қабыл етпесе, Аллаһтан жәрдем сұрап олармен соғысыңдар!» (Муслим, Жиһад 3; Тирмизи, Сияр 48/1617; Ахмед V 352, 358)

Кейбір жорықтар

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинадағы мұсылмандардың мазасын алған, умра жасауларына (кіші қажылық) бөгет болып, мунафиқтарды мүминдерге қарсы айдап салған меккеліктердің Сирияға баратын сауда жолдарын бөгеп[61], оларды сауда-саттық және экономикалық тұрғыдан әлсірету арқылы мұсылмандарға

61. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы күндерде Құрайш мүшриктерінің дұшпандығын тоқтату үшін оларға қарсы экономикалық және саяси қыспақ жасай бастады. Осы мақсатпен төңіректегі тайпалармен дипломатиялық қарым-қатынас құрып, әр түрлі келісімшарттар жасады, әрі Мекке сауда-саттығының және экономикасының қайнар көзі болған мүшрик Құрайш керуендерін бақылауға алу үшін бірнеше соғыс және жорық ұйымдастырды. Бұл жайында Мұхаммед Хамидуллаһ былай дейді:
Құрайштардың керуендеріне жасалған шабуылдарды қарапайым қарақшылық деп түсінбеу керек. Өйткені құрайштықтар кінәсіз емес еді. Соғыс бола қалған жағдайда екі жақтың бір-бірінің малына, жанына тіптен дұшпанының басқа да нәрселеріне зиян тигізуіне жол ашылады. Сондықтан екі жақтың арасында «соғыс құқұғы» туындаған болатын. Осы себептен мұндай әскери жорықтар қарапайым керуен тонау әрекетіне жатпайды.
Бұл жерде аса назар аударылатын тағы бір жайт, мұсылмандардың осы мақсатпен жасаған барлық әскери жорықтарда тек қана меккеліктердің керуендеріне шабуыл жасауы. Мұсылман болмағандығына қарамастан сол өлкенің басқа да халықтарының барлығы осы сияқты шабуылдардан аман болған. (Хамидуллаһ, Ислам Пайғамбары I, 219; Хазіреті Пайғамбардың соғыстары, 56 бет).

басымдылық жасауына кедергі болғысы келді.[62] Аллаһ Расулі (аләйһиссалату уәссәләм) осы мақсатпен хижреттен жеті ай өткеннен кейін Рамазан айында Хазіреті Хамзаның (радиаллаһу анһу) қол астына 30 мұхажир беріп «Сифул Бахрға»[63] жібереді. (8 ережеп/қараша-желтоқсан һижри 629 жыл)

Үш жүз атты әскердің қорғауындағы Шамнан Меккеге қайтып келе жатқан сауда керуені «Сифул Бахрға» келген еді. Олардың арасында Әбу Жәһил де бар еді. Соғысу үшін сап түзеп әрекетке көше бастағанда екі жақтың да досы, әрі жақтаушысы Мәжди бин Амр араға түсіп соғысты тоқтатты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәждидің тапқырлық жасап шайқасты тоқтатқандығына риза болып, бұл әрекетіне қуанышты болды. Оның жіберген елшілеріне де киім сыйға тартты.[64]

Хазіреті Пайғамбарымыз хижреттің 8 айының басында шәууәл айының ішінде Убәйдә бин Харисті (радиаллаһу анһу) осы мақсатпен Рабиғ[65] деген жерге жіберген еді. Онымен бірге 60 - 80 шақты Мұхажир бар еді.

Құрайштықтар Әбу Суфянның қолбасшылығында 200 кісі болатын. Олар шайқас үшін сап түземеді, әрі қылыш та сермемеді. Тек қана араларында аз ғана ерегіс болып, оқ атып шеберліктерін көрсетті. Ол күні Саад бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) алғаш оқ атып, Исламда алғаш рет оқ атты деген шарапатқа лайық болды. Мүшриктер мұсылмандарға жәрдемге әскер келеді деп ойлап, сескеніп қалады. Осылайша екі жақ соғыспай бір-бірінен айырылып кетті.

62. Бұхари, Мәғази 2; Әбу Дәуіт, Хараж 22-23/3004.
63. **Сифул Бахр** – Ис өңіріндегі жұхайниліктердің жерінде. Теңіз жағалауында болғандықтан осылай аталған.
64. Уақиди I, 9-10; ибн Сағд II, 6.
65. **Рабиғ** – қажылар Меккеге бара жатқанда өтетін Әбуә мен Жұхфә арасындағы ойпат. Жұхфәға 3 миль (1 миль 1.848 метр) ұзақтықта.

Мұсылмандар ол күнге дейін Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бара алмаған Миқдад бин Амр мен Ұтба бин Ғазуан мақсаттарына жету үшін мүшриктерге еріп жолға шыққан еді. Мұсылмандарды көрісімен мүшриктерден қашып мүминдерге қосылады.[66] Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижреттен 9 айдан кейін, яғни зілқағда айында Саад бин Әби Уаққасты (радиаллаһу анһу) 8 немесе 20 кісімен Харраға[67] жібереді (Зілқағда 1/ Май 623).

Саад бұл оқиғаны былай түсіндіреді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған:

– Ей, Сағд! Харраға дейін бар. Өйткені құрайштықтардың керуені сол жерден өтеді, - деді.

Күндіз жасырынып, түнде жол жүріп отырдық. Бесінші күні таң ата сол жерге барғанымызда керуен бір күн бұрын ол жерден өтіп кеткен екен. Аллаһ Расулі Харрадан ары бармауымды бұйырған еді. Бұлай демегенде бәлкім оларды қуып жетер едім.

Ешқандай қақтығыс болмай мужаһидтер Мәдинаға оралды.[68]

Хижреттің он бірінші айының басында Сапар айында Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі бастап Әбуә (Уәддән)[69] ғазауатына шықты (Сапар 2/Тамыз 623). Бұл Аллаһ

66. Ибн Хишам II, 224-225; Уақиди I, 10; ибн Сағд II, 7.
67. **Харра** – Хижаздағы Сұхфәға жақын жердегі судың аты. Жұхфәдан Меккеге бет алғанда Мәхажжаның сол жағында әрі Ғадир Хумға жақын жерде.
68. Ибн Хишам II, 238; Уақиди I, 11; ибн Сағд II, 7.
69. **Әбуә** – Мәдинадан 23 миль қашықтықта Фуру мен Жұхфә арасындағы ауыл. Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анасы Хазіреті Әминаның қабірі осы жерде. **Уәддән** – Мәдина мен Мекке арасында, Әбуаға жақын жердегі Дамра, Ғыфар және кинәнәлықтардың жерінің ішінде.


Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан алғашқы сапары еді. Ансарлық Саад бин Үбәдәны (радиаллаһу анһу) орнына өкіл ретінде Мәдинада қалдырып кетті.

Бұл жорықта мүшриктермен кездеспей тек Кинәнә тайпасының Дамраұлдарының руымен келісімшарт жасалды. Бұл келісімде Хазіреті Пайғамбарымыз олармен соғыспайды, олар да Пайғамбарымызбен соғыспайды, әрі мұсылмандарға қарсы бас қоспайды, дұшпанға да жәрдем бермейді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл келісімшартты қағаз бетіне түсіртті. Әбуә сапары 15 күнге созылды.[70]

Міне, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрбір сәтте бейбітшілік пен тыныштықты қалайтын. Адамдарға әрдайым мейірімділігімен мәміле жасайтын.



70. Ибн Хишам II, 223-224; Уақиди I, 12; ибн Сағд II, 8


АҚТЕҢІЗ
Құдыс
Мүтә
Вәддан
Ейле
Сина
Тәбук
Дүметүл-Жендел
Үәре
Келб б. Вебре
Тай
Теймә
Темим
Затүс-Салесил
Вадил-Құра
Катан
Хабат
Мысыр
МӘДИНА МУНАУУАРА
Идам
Йенбу
Вәддан
Бир-и Мауна
Карел
Рабиғ
Забул-Ирқ
Батны-Нахле
Адал және Каре
Мекке
Ражи
Тайф
Хауазин
ҚЫЗЫЛТЕҢІЗ
Нежран
Хемдан
Йемен
Сана

Кейбір соғыстар және Батны Нахлә жорығы

Хижреттің он үшінші айының басында, рабиул-әууәл айының ішінде, жүз кісілік әскердің қорғауындағы екі мың бес жүз түйелік Құрайш керуенін тоқтату үшін Бууәт[71] ғазауаты (соғыс) болды. (Рабиуләууәл 2/Қыркүйек 623). Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ансарлық Саад бин Муазды (радиаллаһу анһу) Мәдинада өзінің орнына өкіл қылып тағайындап екі жүз мұсылманмен жолға шықты. Ешқандай ұрыс, қақтығыс болмай Мәдинаға қайтты.[72]

Сол күндері Мәдинаға үш миль (1 миль 1.848 метр) ұзақтықтағы Ақиқ өңіріндегі Жәмма тауында жайылып жүрген түйелер мен сиырларды айдап алып кеткен Күрз бин Жабирді ұстау үшін Сәфәуан[73] деген ғазауат болды. (Рабиуләууәл 2/Қыркүйек 623). Мұны «Бәдрул Улә» яғни «Алғашқы Бәдір» деп те атайды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зәйд бин Харисаны (радиаллаһу анһу) орнына өкіл ретінде қалдырып, Сәфәуанға дейін барып, Күрз қашып кеткендіктен кері қайтты. Күрз кейінірек Исламға кіріп, шынайы мұсылмандардың қатарынан орын алды.[74]

71. **Бууәт** – Мәдинадан 36 шақырым қашықтықтағы жүһәйналықтарға тиесілі таулардың бірі.
72. Уақиди I, 12; ибн Сағд II, 8-9.
73. **Сәфәуан** – Бәдірдің аймағындағы ойпаттың аты.
74. Ибн Хишам II, 238; ибн Сағд II, 9; ибн Әсир, Үсду-л Ғаба IV, 468.



Хижреттің он алтыншы айында Жәмәзиул-ахир айының ішінде Зүл-Үшайра соғысына шығып (Жәмәзиулахир 2/Қараша 623), Мудлижұлдарымен әрі олардың жақтаушыларымен келісімшарт жасалды.[75]

Сол уақыттары жағдайды бақылау үшін жіберілген Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әпкесінің ұлы Абдуллаһ бин Жахштың (радиаллаһу анһу) қолбасшылығындағы бір топ, «Батны Нахлә» деген жерде меккеліктердің керуеніне шабуыл жасады. Осы сәтті күтіп отырған әрі Мәдинаға шабуыл жасауға сылтау таппай жүрген Меккелік мүшриктер іске кірісті.

Батны Нахлә оқиғасы харам айларында, яғни Режеб айында болғандығы үшін, Хазіреті Пайғамбар мен мұсылмандарға қарсы орынсыз сөздер айтып дау салған мүшриктер:

– Мұхаммед харам айын халал қылып қан төкті, адамдарды тұтқынға алып, мал-мүлкін тартып алды, - деді.

Негізінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шабуыл жасауды бұйырмаған еді. Бұл жағдайды кейін есітіп Абдуллаһқа:

– *Мен сендерге харам айларында соғысуды бұйырмадым!* - деп, түскен олжадан еш нәрсе алмады. Сол себептен мужаһидтер: «құритын болдық» - деп, қатты өкінді.[76] Бірақ мүшриктер әңгімені көбейтіп, мұсылмандарға қарсы үгіттегендіктері үшін мына аят түсті:

75. Ибн Сағд II, 9-10.
76. Ибн Хишам II, 241.

يَسْـَٔلُونَكَ عَنِ الشَّهْرِ الْحَرَامِ قِتَالٍ فِيهِ قُلْ قِتَالٌ فِيهِ كَبِيرٌ وَصَدٌّ
عَنْ سَبِيلِ اللّٰهِ وَكُفْرٌ بِهِ وَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَ اخْرَاجُ أَهْلِهِ مِنْهُ اَكْبَرُ
عِنْدَ اللّٰهِ وَالْفِتْنَةُ اَكْبَرُ مِنَ الْقَتْلِ وَ لاَ يَزَالُونَ يُقَاتِلُونَكُمْ
حَتّٰى يَرُدُّوكُمْ عَنْ دِينِكُمْ اِنِ اسْتَطَاعُوا

«Олар сенен харам (құрмет) **айын, онда соғысуды сұрайды. Оларға айт: Ол айда соғысу үлкен күнә. Бірақ адамдарды Аллаһтың жолынан тыю, Аллаһқа қарсы келу, Мәсжид Харамды зиярат жасауға бөгет болу және халқын ол жерден қуу Аллаһтың алдында одан да үлкен күнә. Фитнә** (іріткі салу) **кісі өлтіруден де ауыр күнә. Егер олардың шамасы жетсе сендерді діндеріңнен шығарғанға дейін** (харам немесе халал айларына қарамай) **сендермен соғысуды тоқтатпайды...»** (Бақара сүресі 217-аят)

Аят түскеннен кейін көңілдері жай тапқан Абдуллаһ бин Жахш пен достары:

« Уа, Расулұллаһ! Бізге де мужаһидтерге берілгендей сауап беріледі ме?» - деп сұрады. Осыған байланысты мына аят түсті:

اِنَّ الَّذِينَ اٰمَنُوا وَ الَّذِينَ هَاجَرُوا وَ جَاهَدُوا فِي سَبِيلِ اللّٰهِ اُولٰئِكَ
يَرْجُونَ رَحْمَتَ اللّٰهِ وَ اللّٰهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«Шын мәнінде иман келтіргендер, хижрет жасағандар және Аллаһ жолында соғысқандар, міне солар Аллаһтың рахметін үміт етеді. Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді». (Бақара сүресі 218-аят)

Бұл иләһи баян мүминдерді рухани тұрғыдан қуаттандырғанымен, мүшриктердің мұсылмандарға қарсы ашу-ызасын одан сайын арттырды. Бұл аят түспесе де мүшриктер мүминдерге әбден кектеніп еді. Өйткені мұсылмандар күн өткен сайын көбейіп, Ислам мемлекеті қуаттанып жатқан болатын. Сол кезде Аллаһ Расулі Мәдинада санақ жүргізіп, иман келтірген еркектердің саны мың бес жүзге шыққандығы анықталған еді.[77] Уақыт өткен сайын бұл сан арта түсіп, ес жиып, мүшриктерге қауіп-қатер төне бастады. Сонымен қатар Мәдина Меккелік мүшриктердің өмір өзегі болған сауда жолының үстінде еді. Сондықтан қауіп-қатер үдемей тұрып, мәселенің алдын алуға кірісті. Соңында Мәдинаға шабуыл жасауға шешім қабылдады.

Абдуллаһ бин Жахштың (радиаллаһу анһу) қолға түсірген тұтқындарының арасында Хакәм бин Қайсан да бар еді. Ардақты Пайғамбарымыз Хакәмды Исламға шақырып, оған Исламды егжей-тегжейлі түсіндірді. Оның ішіндегі күдіктерін жою үшін қайта-қайта түсіндірді. Аллаһ Расулі табжылмай күш-қайрат жұмсап әрекет қылса да, Хакәм Исламды қабылдамады. Осыған ашуланған Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Оған неге айта бересің? Ант етіп айтайын, ол бәрібір мұсылман болмайды. Маған рұқсат бер, басын шабайын да жаһаннамға кетсін, - десе де, мейірімді Пайғамбарымыз Хакәмға Исламды түсіндіре берді. Хакәм ойланып тұрып:

– Ислам не нәрсе? - деп сұрады.

Сонда Хазіреті Расулұллаһ:

77. Бұхари, Жиһад 181.

– Аллаһқа еш нәрсені ортақ қоспай құлшылық етуің жене Мұхаммедтің Оның құлы әрі Расулі екендігіне куәлік беруің, - деді.

Сол кезде Хакәм:

– Мұсылман болдым, - деді.

Содан соң Хазіреті Пайғамбарымыз асхабына бұрылып былай деді:

– Егер де мен біраз бұрын сендерді тыңдағанымда, ол қазір жәһәннамда болатын еді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хакәмның мұсылман болғанын көрген кезімде барлық өткен және келешектегі нәрселер мені қысқандай болды. Өз-өзіме: «Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) менен өте жақсы білсе, қалайша мен оған қарсы келемін?!», - дедім. Содан соң: «Менің мақсатым тек Аллаһтың және Расулінің разылығын алу», - деп өзімді жұбаттым. Хакәм мұсылман болды. Аллаһқа ант етейін, ол шынайы мұсылман болды. Аллаһ жолында жиһад қылды және Биру Маунада шейіт болды». (Ибн Сағд IV, 137-138; Уақиди I, 15-16)

Бұл оқиғадан Исламды түсіндірер кезде ешқандай ашуланбай, жұмсақ тілмен, сабырлылықпен және даналықпен жеткізу керектігін аңғаруға болады.

Құбыланың ауысуы

Мұсылмандар хижреттен кейін Мәсжид Ақсаға қарап намаз оқитын еді. Хижреттің он алтыншы, он жетінші айына дейін осылай жалғасты. Бірақ яһудилер бұл жағдайды пайдаланып өздерін артық санай бастады. Сондықтан бұл

мәселе Аллаһ Расулін ойландырып, қобалжытты. Ал оның ойындағы құбыла Қағба болатын. Егер де бұл ойы іске асқан жағдайда Меккенің жеңісіне алғашқы қадам басылған болар еді. Осыған орай иләһи рұқсаттың келуін сағынышпен күтті. Бірақ бұл рұқсат келмегендіктен Аллаһ Расулі тек мұны армандап, сабырмен күтіп жүрді. Ақыры Рәжәб айының ортасында дүйсенбі күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сәлім ұлдарының мешітінде имам болып бесін намазын оқып жатқанда Аллаһ Тағала уахи жіберді:

قَدْ نَرٰى تَقَلُّبَ وَجْهِكَ فِى السَّمَآءِ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضٰيهَا
فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَ حَيْثُ مَا كُنْتُمْ فَوَلُّوا
وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُ وَ اِنَّ الَّذِينَ اُوتُوا الْكِتَابَ لَيَعْلَمُونَ اَنَّهُ الْحَقُّ
مِنْ رَبِّهِمْ وَمَا اللّٰهُ بِغَافِلٍ عَمَّا يَعْمَلُونَ

«(Ей, Расулім!) **Сенің** (уахи күтіп) **жүзіңнің көкке қарағанын көреміз. Сондықтан сені өзің разы болатын құбылаға бұрамыз. Енді жүзіңді Мәсжид Харам жаққа бұр.** (Уа, мұсылмандар) **Сендер де қай жерде болсаңдар да** (намазда) **жүздеріңді сол жаққа бұрыңдар. Өздеріне кітап түсірілгендер сөзсіз оның Раббыларынан келген ақиқат екендігін жақсы біледі. Аллаһ олардың істеген нәрселерінен хабарсыз емес». (**Бақара сүресі 144-аят**)**

Осы кезде екінші рәкағаттың соңына келген Расулұллаһ дереу Қағба жаққа бұрылды. Жамағат та саптарын бұзбай сол жаққа бұрылды. Барлығы түгел жаңа құбылаға бұрылды. Осылайша намаздың қалған екі рәкағаты Қағбаға қарап оқылды. Сондықтан осы мешіт «Мәсжидул Қиблатайн», яғни екі құбылалы мешіт деп аталды.[78]

78. Ибн Сағд I, 241-242.

Осы намазды Расулұллаһпен бірге оқыған бір кісі ол жерден шыққаннан кейін басқа мешітке барды. Ол кезде жамағат намазда рукуғта еді. Әлгі кісі оларға дауыстап:

«Хазіреті Пайғамбармен бірге Қағбаға қарап намаз оқығанымызға куәлік беремін»,- деді. Олар да намазда тұрған күйінде Қағбаға қарай бұрылды.

Құбыланың ауысуымен мүминдер қатты қуанды, ал мүшриктер мен мунафиқтар және яһудилер болса, араларында әр түрлі өсек жайды. Ислам дұшпандары бұл мәселеге қалай болса солай сөйлей бастады. Осыған байланысты мына аяттар түсті:

سَيَقُولُ السُّفَهَٓاءُ مِنَ النَّاسِ مَا وَلّٰيهُمْ عَنْ قِبْلَتِهِمُ الَّتى كَانُوا عَلَيْهَا
قُلْ لِلّٰهِ الْمَشْرِقُ وَ الْمَغْرِبُ يَهْدى مَنْ يَشَٓاءُ اِلٰى صِرَاطٍ مُسْتَقيمٍ

«Кейбір ақымақ адамдар: «оларды бұрын бет бұрып келген құбылаларынан не нәрсе өзгертті?»- дейді. (Ей, Расулім, оларға**) Айт: «шығыс та батыс та Аллаһтікі». Ол қалағанын тура жолға салады»**. (Бақара сүресі 142-аят)[79]

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аяттағы бұйрық бойынша Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) құбыланы Қағбаға бұрғаннан кейін мұсылмандар:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мәсжид Ақсаға қарап намаз оқыған бұрынғы өтіп кеткен бауырларымыздың намаздары не болады?- деп сұрайды.

Осы кезде Хақ Тағала мына аятты түсірді:

79. Бұхари, Иман 30, Салат 31; Муслим, Мәсәжид 11

وَكَذٰلِكَ جَعَلْنَاكُمْ اُمَّةً وَسَطًا لِتَكُونُوا شُهَدَآءَ عَلَى النَّاسِ وَيَكُونَ
الرَّسُولُ عَلَيْكُمْ شَهِيدًا وَ مَا جَعَلْنَا الْقِبْلَةَ الَّتِى كُنْتَ عَلَيْهَآ اِلاَّ لِنَعْلَمَ
مَنْ يَتَّبِعُ الرَّسُولَ مِمَّنْ يَنْقَلِبُ عَلٰى عَقِبَيْهِ وَ اِنْ كَانَتْ لَكَبِيرَةً اِلاَّ
عَلَى الَّذِينَ هَدَى اللّٰهُ وَ مَا كَانَ اللّٰهُ لِيُضِيعَ اِيمَانَكُمْ
اِنَّ اللّٰهَ بِالنَّاسِ لَرَؤُفٌ رَحِيمٌ

«Міне осылайша сендердің адамзатқа куә болуларың үшін, Пайғамбардың да сендерге куә болуы үшін біз сендерді орташа (не артық емес, не кем емес) **үммет қылдық. Сен бет бұрған құбыланы** (Қағбаны) **кері тұрғандардан Пайғамбарға ілесетіндерді айыру үшін құбыла қылдық. Әрине бұл Аллаһ тура жолға салғандардан басқаларға ауыр келеді. Аллаһ сендердің имандарыңды босқа жібермейді. Сөзсіз Аллаһ адам баласына мейірімді әрі жанашыр»**. (Бақара сүресі 143-аят)[80]

Құбыланың ауысуы өте маңызды әрі ауқымды мәселе. Атап айтар болсақ бұрынғы құбыланың ауыстырылуы шайтандар үшін фитнә жасап бұзақылық шығаруға өте ыңғайлы және қолайлы сәт болды. Осыған байланысты құбыла жайындағы әмірлер бірнеше рет қайталанып отырған. Бірде Хазіреті Пайғамбарға тағы бірде мүминдерге, тіпті екі жаққа бірдей үйлерінде болсын немесе сапарда болсын, қай жерде болса да бұл құбыладан ауытқымаулары егжей-тегжейлі берік түрде әмір етілген.[81]

Төмендегі аятта кейбір хикметтермен қоса құбыланың ауысуы жайындағы бұйрық өзіндік ерекше мағынаға ие болған. Хақ Тағала былай дейді:

80. Тирмизи, Тәфсир 2/2964.
81. Бақара сүресі 148-149 аяттар.



وَ مِنْ حَيْثُ خَرَجْتَ فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَ حَيْثُ مَا كُنْتُمْ فَوَلُّوا وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُ لِئَلاَّ يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَيْكُمْ حُجَّةٌ اِلاَّ الَّذِينَ ظَلَمُوا مِنْهُمْ فَلاَ تَخْشَوْهُمْ وَاخْشَوْنِى وَلِاُتِمَّ نِعْمَتِى عَلَيْكُمْ وَ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«Қай жақтан жолға шықсаңда (намазда) **жүзіңді Мәсжид Харамға қарат. Араларында зұлымдық жасағандардан басқа, адамдардың сендерге қарсы дәлелі қалмауы үшін қай жақта болсаңдар да жүздеріңді сол жаққа бұрыңдар. Олардан қорықпаңдар. Осылайша сендерге берген нығметімді толықтырып, тура жолда болуларың үшін менен қорқыңдар»**. (Бақара сүресі 150-аят)

Бұл айтылған иләһи бұйрықтардан мынадай сабақтар ала аламыз:

Аяттағы құбыланың ауысуындағы алғашқы хикмет, кітап иелері мен мүшриктерге мұсылмандарға қарсы ешбір дәлел қалдырмау. Өйткені бұрынғы өткен кітаптарда уәде етілген соңғы пайғамбардың сипаттарының бірі құбыланы Қағбаға ауыстыру еді.

Ескі Өсиеттің «Ишая» бөлімінде Меккенің болашағына байланысты айтылған сөздер ап-айқын осыны көрсетеді. Осы себептен кітап иелері: «Соңғы пайғамбардың құбыласы Меккеге қарай болады. Ал Мұхаммед пен сахабалары болса әлі Бәйтүл Мақдиске (Мәсжид Ақса) бет бұрады», - деп күдіктеріне алатын.

Мұнымен қоса, Хазіреті Ибраһимның құбыласына қайшы келу Аллаһ Расулінің «Ибраһимнің жолындамын»-деген сөзіне қарсы болар еді. Мүшриктер мұны да дәлел ретінде айта алатын еді. Бірақ құбыла ауысқаннан кейін тек

қана зұлымдық жасауды әдетке айналдырған қырсықтар ғана осылайша қарсы шықты.[82]

Құбыланың ауысуындағы тағы бір хикмет, Аллаһтың мүминдерге берген нығметтерін толықтыруы. Осының арқасында олар тура жолға түсіп, әрі сол жолмен жүріп, талап етілген мақсатқа жете алады. Сондықтан негізгі нығмет – тура жолға түсу. Құбыла да осы тура жолдың бір бөлігі.

Ардақты Пайғамбарымыздың бастапқы айларда Бәйтүл Мақдиске қарап намаз оқуының хикметі, сәмәуи (Аллаһтан келген) діндердің негізгі түбінің бір екендігін білдіріп, яһудилер мен христиандардың көңілін Исламға бұру еді. Мұнымен қатар, бұл әрекеттің Ислам қоғамының және мемлекетінің құрылу кезеңінде яһудилер мен христиандар жасаған қарсы әрекеттерін жұмсартуы да мүмкін еді.

Сондықтан бұл мәселе Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз ойынан Құран Кәрімге ешқандай нәрсе қоса алмайтындығына дәлел. Өйткені Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) о бастан құбыланың Қағбаға қарай болуын өте қатты қалайтын. Бірақ бұл турасындағы иләһи әмір түскенше хижреттің он алтыншы айына дейін күтуге мәжбүр болды.

Ораза, Пітір садақа және Зекет

Бір жағынан соғыс арқылы саяси тарапын күшейткен Ислам, екінші жағынан өзіне тән рухани тарапын да әсте-әсте толықтырып жатқан еді. Міне осылардың бірі Рамазан айында ораза ұстау мүминдерге парыз болды. Ораза сүйікті Пайғамбарымыз Мәдинаға хижрет еткеннен кейін он

82. Элмалылы I, 537.

сегізінші айда, құбыланың Қағбаға ауыстырылуынан кейін шағбан айында әмір етілді.[83]

Хақ Тағала Рамазандағы оразаның парыз болғанын мына аятпен білдірді:

يَٓا اَيُّهَا الَّذ۪ينَ اٰمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذ۪ينَ
مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгеніндей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім тақуалықты ұстанарсыңдар». (Бақара сүресі 183-аят)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Ислам бес негізге құрылған: Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігіне және Мұхаммедтің Аллаһтың пайғамбары екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық жасау және рамазанда ораза ұстау». (Бұхари, Иман 1, 2; Тәфсир 2/30; Муслим, Иман 19-22)

Сонымен қатар оразаның абзал екендігі мына хадис шәрифтерде де өте тамаша түсіндірілген:

«Құдіретті Ұлы Аллаһ былай дейді:

«Адам баласының әрбір амалы өзі үшін, тек оразадан басқасы. Ораза мен үшін. Сондықтан оның сауабын да Мен беремін».

Ораза – қалқан. Кімде-кім ораза ұстағанда жаман сөз айтпасын және ешкіммен қақтығыспасын. Егер де басқа біреу оған тиіссе немесе жаман сөздер айтса «мен оразамын»- десін.

83. Ибн Сағд I, 248.



Мұхаммедтің жаны Оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Ораза тұтқан кісінің ауызының иісі Аллаһтың құзырында миск (әтір) иісінен де артық. Ораза ұстаған кісінің екі қуанышы бар: біріншісі ауыз ашқан кезде, екіншісі ұстаған оразасының сауабымен Раббысына қауышқан кезде». (Бұхари, Саум 9; Муслим, Сиям 163)

«Кісінің әрбір амалына көп-көп сауап жазылады. Істелген бір жақсылық он еседен жеті жүз есеге дейін арттырылады. Аллаһ Тағала:

«Тек қана ораза бөлек. Ол мен үшін, оның ақысын (сауабын) мен беремін. (Өйткені) орза ұстаған кісі шахуатын, ішіп-жеуін мен үшін тыяды», - деді. (Муслим, Сиям, 164)

«Аллаһ жолында жұп садақа берген (әрдайым Аллаһ үшін жұмсаған) кісі жәннаттың әр түрлі есіктерінен:

«Ей, Аллаһтың (сүйікті) құлы! Бұл жерде жақсылық пен берекет бар», - деп шақырылады.

Үзбей намаз оқығандар намаз есігінен, мужаһидтер жиһад есігінен, ораза ұстағандар Райян есігінен, садақа беруді жақсы көретіндер садақа есігінен (жәннатқа кіру үшін) шақырылады».

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Әке-шешем сен үшін пида болсын уа, Аллаһтың Расулі! Негізінен бұл есіктердің бірінен шақырылған кісі басқа есіктерден шақырылуға мұқтаж емес. Бірақ бұл есіктердің барлығынан шақырылатын адам бар ма? - деп сұрады.

Сонда ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Иә, бар. Сенің де сол бақыттылардың қатарынан болатыныңа үміттенемін, - деп жауап берді. (Бұхари, Саум 4, Жиһад 37; Муслим, Зекет 85, 86)

Ораза – бізге берілген сансыз нығметтердің қадірін білдіретін, ол нығметтерді берген Аллаһқа деген шүкіршілік сезімін оятатын, нәпсінің құмартқан қалауларын жойып, адам көңілін материяның қамауынан босатып, сабырлылық арқылы мінез-құлықты ең жоғары мәртебеге жеткізетін құлшылық. Ораза кедей-кепшіктер мен бейшара кісілердің қал-жағдайын түсіндіріп жүректегі мейірімділіктің сезімін арттырады. Пайғамбар Юсуфтің (аләйһиссәләм) қол астына көптеген байлық, қазыналар берілгендігіне қарамастан, кедей-кепшіктің жағдайын ұмытып кетпеу үшін еш қашан тойып тамақ жемеген.

Ораза – осындай хикметтері арқылы әлеуметтік өмірдегі кек, қызғаныш сияқты қоғамның тыныштығын бұзатын жағымсыз әрекеттерден аулақ ететін өте пайдалы иләһи әмір. Пәнилік ләззәттардан бас тартып, мәңгілік ләззәттарға Хақ Тағаланың бұйырған ораза нығметі арқылы қол жеткізу мүмкін. Бұл ғибадат – нәпсінің ішіп-жеуін, шахуатын және еш таусылмайтын қалауларға қарсы тұратын бірауыз сөзбен айтқанда адамның қадір-қасиетін қорғайтын қалқан.

Күндіз оразамен өтетін Рамазан айының түндерін де тарауих намазымен өткізіп берекеттендіру сүйікті Пайғамбарымыздың сүннеті. Бұл турасында Расулұллаһ бір хадис шәрифінде былай деген:

«Аллаһ Тағала Рамазанда оразаны парыз етті, мен де (тарауих) намазын сүннет етемін». (Ибн Мәжә, Салат 173)

Рамазанды ең жақсы түрде өткізу үшін, күндіз ораза ұстап, түндерді де құлшылықпен өткізіп, әр түрлі пайдасыз бос әрекеттерден сақтанып, тілімізбен дұға, зікір айтып шын жүрекпен жалбарыну керек. Соңғы он күнінде итикәфқа (құлшылық үшін бір жерде болу) кіру өте маңызды сүннеттің бірі. Рамазанның түндерін құлшылықпен өткізу

рақымдылық пен кешірімділікке себеп болады. Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Кімде-кім шын сеніп және сауабын Аллаһтан күтіп рамазан айының түндерін құлшылықпен өткізетін болса, өткен күнәлары кешіріледі». (Бұхари, Тарауих 46)

Хазіреті Айша анамыз былай түсіндіреді:

«Аллаһ Расулі рамазан айының бір түнінде мешітте нәпіл намазын оқыды. Бірнеше кісі де оған ұйып намаз оқыды. Таң атқан соң сахабалар араларында:

– Расулұллаһ түнде мешітте намаз оқыды - деп әңгіме қозғады.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келесі түні де намаз оқыды. Халық тағы да мұны әңгіме қылды. Намазға қосылғандардың саны да артқан еді. Үшінші және төртінші күні де адамдар жиналды. Тіпті жиналған жұрт мешітке сыймай қалды. Бірақ келесі күні Аллаһ Расулі мешітке шықпады. Таң атқаннан кейін Пайғамбарымыз:

– Сендерді байқадым. Бірақ сендерге шықпауымның себебі, бұл намаздың сендерге парыз етілуінен қорықтым», - деді. (Бұхари, Тарауих 1; Муслим, Мусафирин 177)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тарауих намазын жамағатпен оқымаған. Әркімнің күші жеткенінше ғибадат жасауын жөн көрген. Тарауих намазы Хазіреті Әбу Бәкірдің халифалығы кезеңінде де жеке-жеке оқылып, Хазіреті Омардың халифалығы кезеңінде жамағатпен оқыла бастаған.

Әлемдердің Сұлтаны (аләйһиссалату уәссәләм) рамазан айларында барлық ғибадаты мен жақсылығын арттырып, Раббысымен тығыз қарым-қатынасқа түсетін. Бұл туралы ибн Аббас (радиаллаһу анһума) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың ішіндегі ең жомарты еді. Оның өте жомарт болған кезі Жәбрейілдің (аләйһиссәләм) онымен рамазан айында кездескен уақыттары еді. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) рамазанның әрбір түнінде Хазіреті Пайғамбармен кездесіп (бір-біріне) Құран оқитын еді. Осы себептен Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбрейілмен кездескенде көктемгі нөсер жауыннан да аса жомарт болатын». (Бұхари, Бәдул Уахи 5-6, Саум 7; Муслим, Фадайл 48-50)

Оразадан соң «айт намазын» оқу және «пітір садақасын» беру әмір етілді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандардың барлығына үлкен-кіші, еркек-әйел яғни әрбір бостандықтағы кісілер мен құлдар үшін пітір садақа ретінде бір сағ[84] құрма немесе бір сағ арпаның парыз етілгендігін баяндады.[85]

Мұқтаждар жайында да былай деген:

«Оларды бұл (айт) күнде аш қалудан құтқарыңдар». (Ибн Сағд I, 248)

Пітір садақасы айт намазынан бұрын берілгенде ғана пітір орнына жүреді, ал намаздан кейін берілсе жай садақа орнына жүреді.[86]

Хазіреті Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезінде мәдиналықтардың екі (мейрам) күні бар еді. Олар ол күндерін ойын-сауықпен өткізетін. Аллаһ Расулі олардан:

---

84. **Сағ** – 1040 дирхам ауырлығындағы бидай немесе арпа сиятын ыдыс. 1 сағ – шариғаттағы дирхаммен есептегенде 2.917 кг. ал әдет-ғұрыптағы дирхам бойынша 3.333 кг. салмағына тең.
85. Бұхари, Зекет 70-78; Муслим, Зекет 13.
86. Ибн Мәжә, Зекет 21.

– *Бұл екі күн қандай күн?* - деп сұрады. Сонда олар:

– Біз жәһилият кезінде бұл күндерде ойын-сауық құратын едік, - деді. Пайғамбарымыз оларға:

– *Аллаһ бұл екі мейрамдарыңызды бұлардан да қайырлы басқа екі күнге ауыстырды. Олар: Құрбан мейрамы мен Пітір (Рамазан) мейрамы, - деді».* (Әбу Дәуіт, Салат 239/1134; Нәсәи, Идайн 1)

Хазіреті Пайғамбарымыз осы жылы зилхижжа айының оныншы күні айт намазын оқығаннан кейін мұсылмандарға құрбан шалуды бұйырды. Ардақты Пайғамбарымыз Мәдинада он жыл тұрды және әр жылы құрбан шалды.[87] Аллаһ Расулі екі құрбан шалатын еді. Біреуін құрбан шалмаған үмметі үшін, екіншісін өзі әрі отбасы үшін шалатын.[88]

Ханәси (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хазіреті Алидің құрбандыққа екі қошқар шалып жатқанын көрдім де:

– Неге бұлай істедің? - деп сұрадым.

Сонда ол:

– Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние салғаннан соң маған өзі үшін де құрбан шалуымды өсиет еткен еді. Мен де оның өсиетін орындау үшін құрбан шалып жатырмын. Бұдан кейін де шаламын, - деді». (Әбу Дәуіт, Әдахи 1-2/2790; Ахмед I, 107)

Құрбан мейрамында яғни арафа күні таң намазынан бастап айттың төртінші күні асыр намазына дейін 23 уақыт

87. Ибн Сағд I, 248-249.
88. Әбу Дәуіт, Әдахи 3-4/2792; ибн Сағд I, 249.

жалғыз өзі оқыса да немесе жамағатпен оқылған парыз намаздардан соң бір рет:

اَللّٰهُ اَكْبَرُ اَللّٰهُ اَكْبَرُ لآ اِلٰهَ اِلاَّ اللّٰهُ وَاللّٰهُ اَكْبَرُ اَللّٰهُ اَكْبَرُ وَ لِلّٰهِ الْحَمْدُ

«Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар. Лә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар. Аллаһу Әкбар, уәлилләһи-лхамд» - деп тәкбір айту еркек пен әйелге, имам мен жамағатқа, жолаушыға, үйінде отырғандарға, қысқасы әрбір мұсылманға уәжіп. Мұны тәшриқ тәкбірлері деп атайды.[89]

Пітір садақасынан біраз уақыт өткеннен кейін **«Зекет»** әмірі келді. Қасиетті аяттарда былай айтылады:

وَ فِى اَمْوَالِهِمْ حَقٌّ لِلسَّآئِلِ وَالْمَحْرُومِ

«Олардың мал-мүліктерінде сұрайтын және (ұялып) **сұрамайтын жоқ-жітіктердің үлестері бар»**. (Зәрият сүресі 19-аят)

وَ الَّذِينَ هُمْ لِلزَّكٰوةِ فَاعِلُونَ

«Олар – зекет берушілер (құтылғандар)**»**. (Мүминун сүресі 4-аят)

خُذْ مِنْ اَمْوَالِهِمْ صَدَقَةً تُطَهِّرُهُمْ وَتُزَكِّيهِمْ بِهَا وَصَلِّ عَلَيْهِمْ
اِنَّ صَلٰوتَكَ سَكَنٌ لَهُمْ

«(Ей, Пайғамбар!) **Олардың малдарынан садақа ал да, оларды** (күнәларынан) **тазарт және** (жаманшылықтан)

89. Муатта, Хаж 205.



арылтып, жақсылығын арттыр. Әрі олар үшін дұға қыл. Өйткені сенің дұғаң олардың көңіліне дауа...». (Тәубе сүресі 103-аят)

Зекет Құран Кәрімде жиырма алты жерде намазбен бірге айтылған. Төрт жерде өз алдына айтылған. Мүминун сүресінде намаздан бөлек айтылған, бірақ ол жерде намаз оқитын кісілердің зекеттерін беретіндігі сөз етілген. Мұның себебі яғни зекеттің намазбен қатар келуі денемен әрі малмен орындалатын құлшылықтардың ішінде бұл екеуі бірінші орында тұрғандықтан және бір-бірінен айырылмайтын жұп екендігінен. Сондай-ақ хадис шәрифте де:

«Намаз оқып зекет бермеген кісінің намазында (қайыр) жоқ», - делінген. (Хәйсәми III, 62)

Зекет мектеп, медресе, аурухана сияқты жерлерге берілмейді. Өйткені ол, Жаратушы Тағаланың бұйырғанындай сегіз түрлі мұқтаждардың ақысы.[90] Мұндай орындар өздеріне берілген зекетті жоқ-жітіктің мұқтаждықтарынан басқа нәрселерге жұмсай алмайды. Тек қана медреседегі мұқтаж шәкірттерге және Аллаһтың дінін жаю мақсатында білім алып жатқан шәкірттерге жұмсай алады. Бірақ күн көре алмаған пақырлардың негізгі мұқтаждықтарын (хауаиж аслия) беру, әрі мұның тексеріліп қаралуы зекеттің шарттары болып есептеледі. Сондықтан зекет берілген орындар бұл негіздерге мұқият болуы керек немесе Аллаһ алдында жауапты болады.

Құран Кәрімде зекеттің кімдерге берілетіндігі былайша қатарымен айтылған:

90. Тәубе сүресі 60-аят.

انَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَٓاءِ وَ الْمَسَاكِينِ وَ الْعَامِلِينَ عَلَيْهَا وَ الْمُؤَلَّفَةِ قُلُوبُهُمْ وَ فِى الرِّقَابِ وَ الْغَارِمِينَ وَ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ وَابْنِ السَّبِيلِ فَرِيضَةً مِنَ اللّٰهِ وَ اللّٰهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ

«Шын мәнінде садақалар (зекеттер) **Аллаһ тарапынан парыз етіліп пақырларға** (күнін көре алмаған кедейлерге немесе зорға күнін көретіндерге)**, міскіндерге** (еш нәрсесі жоқтарға)**,** (зекет) **жинаушыларға, көңілдерін Исламға бұруды көзделгендерге, құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына** (мужаһидтерге, дін үйренуші шәкірттерге т.б.) **және жолда қалғандарға ғана беріледі. Аллаһ барлық нәрсені білуші әрі өте дана»**. (Тәубе сүресі 60-аят)

Ұйым және уақыф (қор) сияқты жерлерге де тек аятта айтылғандай сегіз түрлі жерге таратып берулері үшін зекет беруге болады. Бұл аса назар аударылуы қажет маңызды мәселе.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зекет жайында иләһи бұйрық келгеннен кейін зекеттің нендей нәрселерден, қаншалықты мөлшерде берілетіндігін және қаншалықты мал-мүлкі болғандарға парыз етілгендігі жайында жазу жаздырып, оны қылышына байлады. Қайтыс болғанға дейін бұл жазуды жанында ұстап, әрі соған қарап амал жасады. Аллаһ Расулінен кейін Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу), одан кейін де Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) сол бойынша амал жасады.[91]

Зекеттің дәулетті кісілер дүниеге құнығып азғындыққа ұшырамауы үшін сондай-ақ кедей-кепшіктердің бойында

91. Бұхари, Зекет 38; Ахмед II, 14.

байларға деген қызғаныш пен кек сияқты жаман қасиеттерді болдырмауда қоғам тыныштығын сақтап, адамдардың арасындағы сүйіспеншілікті арттыру сияқты қоғамға және жеке кісілерге көптеген пайдалары бар. Исламның қоғамда кедей мен бай арасындағы тепетеңдік пен сүйіспеншілікті орнатуда «зекет пен инфақ» (Аллаһ жолында дүние жұмсау) сияқты ғибадаттардың маңызы өте зор.

Зекет пен инфақтың тағы бір хикметі, кісінің мал-мүлкінің арам жолмен артуына және кедейлердің ақысын жеуіне әрі араларындағы кек пен қызғаншақтықтың пайда болуына жол бермейді. Өйткені байлық мақтаншақтыққа және тәкаппарлыққа себеп болатын болса, бай кісінің ақыреті өкінішті болады. Сондықтан қоғамдағы жәрдем берген және жәрдем алған әрбір кісі материалдық және рухани жағынан бір-біріне мұқтаж.

Барша мүліктің толығымен Аллаһтыкі екенін барлығы білуі керек. Адамдардың мүлікке ие болуы әлдебір затты уақытша жалға алу сияқты, яғни мал-мүлік Аллаһтың құлына уақытша берген аманаты. Сондықтан адамдардың оны қолдануы белгілі иләһи құралдарға сай болуы керек. Оны мүліктің негізгі иесінің бұйырғанындай қолданып, жұмсау керек. Егер байлық иләһи бұйрықтарға сай қолданылмайтын болса адамдарды азғандыққа, тәкаппарлыққа, зұлымдыққа және әділетсіздікке алып барады. Осындай жаманшылықтарға ұшыраған кісінің жүрегіне әрине дүние сүйіспеншілігі орнығады. Жаратушы иеміздің мына дүние нығметтерін яғни мал-мүлік пен бала-шағаны фитнә (іріткі) деп атауы, бұлар жүрекке орналасса табынатын пұт сияқты болып кетуі мүмкін. Соған байланысты мұндай бақытсыздыққа душар болғандарды ескерту үшін Аллаһ Тағала былай дейді:

وَالَّذِينَ يَكْنِزُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَ لاَ يُنْفِقُونَهَا فِي سَبِيلِ اللّٰهِ
فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ اَلِيمٍ ﴿34﴾ يَوْمَ يُحْمٰى عَلَيْهَا فِي نَارِ جَهَنَّمَ فَتُكْوٰى
بِهَا جِبَاهُهُمْ وَجُنُوبُهُمْ وَظُهُورُهُمْ هٰذَا مَا كَنَزْتُمْ لِاَنْفُسِكُمْ
فَذُوقُوا مَا كُنْتُمْ تَكْنِزُونَ ﴿35﴾

«Алтын мен күмісті жиып оны Аллаһ жолында жұмсамағандарды өте қатты азаппен сүйіншіле. Ол күні тозақ отында жинаған алтындары мен күмістері қыздырылып, мұнымен олардың маңдайлары, бүйірлері және арқалары таңбаланып, (оларға)**: Міне сендердің нәпсілерің үшін жинағандарың. Ал енді сол жинағандарыңның азабын татыңдар» (**делінеді**).** (Тәубе сүресі 34-35 аяттар)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зекетті бермегендердің ақыреттегі жазасын былай түсіндіреді:

«Қиямет күнінде зекеті берілмеген әрбір алтын мен күміс отқа қыздырылып тақта жасалады да, мұнымен иесінің бүйірлері, маңдайы және арқасы таңбаланады. Бұл тақталар суығанда иесін азаптау үшін қайта қыздырылады. Құлдардың арасында үкім берілгенге дейін ұзақтығы елу мың жылға тең бір күнде бұл осылайша жалғасады. Соңында кісі жәннаттық не тозақтық болғанын көреді».

Сонда сахабалар:

– Уа, Расулұллаһ! Ал зекеті берілмеген түйелердің жағдайы не болады? - деп сұрағанда Хазіреті Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп жауап берді:

– Түйелердің ақысын бермеген иелері (түйені суаруға алып келгенде сауып сүтін мұқтаждарға беру де оның ақысына

жатады) қиямет күні тегіс әрі кең жерге жатқызылады. Ол түйелер барлық боталарымен бірге, барынша семіз күйінде келіп, ол кісіні аяқтарымен таптап, тістерімен шайнайды. Алдындағылар өтіп артындағылар да дәл солай қайталайды. Ұзақтығы елу мың жылға тең бір күнде бұл осылайша жалғасады. Соңында кісі жәннаттық не тозақтық болғанын көреді.

Сахабалар сиыр мен қойдың зекетін бермегендердің жағдайын сұрағанда, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осыған ұқсас жауаптар берді». (Муслим, Зекет 24; Бұхари, Жиһад 48)

Зекет және садақа берген кезде сыпайылыққа өте қатты көңіл бөлу керек. Міндетсініп және нашарынан беру сияқты зекет пен садақаны босқа кетіретін әрекеттерден аулақ болу керек. Негізінде берген кісі алған кісіге рахмет айтуы тиіс. Өйткені ол оны парыз міндетінен құтқарып, сауапқа кенелуіне себеп болды. Сонымен қатар берілген садақалар берген кісіні ауру-сырқаудан және бәле-жаладан қорғайтын қорған іспетті. Жоқ-жітік, кедейлер, ғаріптер негізінде дәулетті кісілер үшін үлкен бір нығмет. Өйткені жәннаттың есіктері олардың дұғаларымен ашылады.

Садақа берудің әдебін әрі тәртібін үйрететін аяттарда былай делінеді:

اَلَّذِينَ يُنْفِقُونَ اَمْوَالَهُمْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ ثُمَّ لاَ يُتْبِعُونَ مَآ اَنْفَقُوا مَنًّا
وَلاَ اَذًى لَهُمْ اَجْرُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ وَلاَ خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلاَ هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿262﴾
قَوْلٌ مَعْرُوفٌ وَمَغْفِرَةٌ خَيْرٌ مِنْ صَدَقَةٍ يَتْبَعُهَآ اَذًى وَاللّٰهُ
غَنِيٌّ حَلِيمٌ ﴿263﴾ يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تُبْطِلُوا صَدَقَاتِكُمْ بِالْمَنِّ
وَالْاَذٰى كَالَّذِى يُنْفِقُ مَالَهُ رِئَاءَ النَّاسِ وَلاَ يُؤْمِنُ بِاللّٰهِ وَالْيَوْمِ الْاٰخِرِ

«Мал-мүлкін Аллаһ жолында жұмсап, оны міндетсінбегендер әрі кедейлерді ренжітпегендер үшін Раббыларының құзырында сыйлықтар бар. Сондай-ақ оларға қорқыныш та, қайғы-қасірет те жоқ. Жақсы лебіз және кешірімділік, (беріп алып) **соңынан бұлданып, ренжіген садақадан артық. Аллаһ ешнәрсеге мұқтаж емес әрі жұмсақ. Ей, иман келтіргендер! Мал-мүлкін көрсету үшін жұмсап Аллаһқа және ақырет күніне сенбейтіндер сияқты берген садақаларыңды міндет қылып, ренжітіп жойып алмаңдар...»**. (Бақара сүресі 262-264 аяттар)

Итикаф

Итикаф – сөздікте бір жерге кіріп, сол жерде күту, материалдық һәм рухани, нақты әрі нақты емес нәрселермен айналысу деген мағыналарды білдіреді. Терминдік мағынасы – құлшылық үшін Аллаһқа жақындау мақсатымен мешітте белгілі уақыт қалу дегенді білдіреді. Нақты уақыт белгіленбегендіктен бір сағат қалса да итикаф болып саналады. Мұны нәпіл итикаф деп атайды. Бірақ:

وَ لاَ تُبَاشِرُوهُنَّ وَ اَنْتُمْ عَاكِفُونَ فِى الْمَسَاجِدِ

«...Мешіттерде (құлшылық жасап) **итикафта болған кездеріңде әйелдеріңмен жақындаспаңдар...»** деген (Бақара сүресі 187-аят) аятта итикаф кезінде оразаның шарт екендігін әрі осыған байланысты итикафтың мерзімі бір күннен аз болмайтындығын білдірген. Міне осы негізгі шариғаттағы итикаф. Сондықтан итикаф әсіресе Рамазан айында әрі ораза күнінде мешітте болу арқылы орындалған. Олай болса итикаф күндіздерін оразамен, түндерін ғибадат әрі зікірмен мешітте өткізіп, толығымен құлшылыққа берілу деген сөз.

Рамазанның соңғы он күнінде орындалған итикаф толыққанды әрі сүннет муәккада (Пайғамбарымыздың тастамай орындаған сүннеті) болып саналады. Бір жерде бұл сүннет орындалса, қалған мұсылмандардың мойнынан бұл міндет түседі. Итикафқа кіруді атаса уәжіп үкіміне өтеді. Бұдан басқа әрі Рамазанның тысында құлшылық мақсатымен орындалған итикаф болса мұстахаб болады.

Итикаф кезінде дәрет алу сияқты зәру мұқтаждықтарынан басқа ешқандай себепсіз мешіттен шығуға болмайды.

Ардақты пайғамбарымыздың әйелдері өздерінің бөлмелерінде итикафқа кірген, яғни пайғамбарымыз әйелдеріне итикаф үшін құрылған мешіттегі шатырларды алдырып тастаған. Сондықтан мұсылман әйелдерінің мешітте емес, үйлеріндегі мешіт ретінде қолданған арнайы жерлерінде итикафқа кірулерін жөн деп санаған.

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Рамазан айының соңғы он күні келгенде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түндерін құлшылықпен өткізіп, отбасын ұйқыдан оятып, өзі құлшылықпен айналысып, әйелдеріне жақындамайтын еді». (Бұхари, Фәдлу ләйләтул-Қадр 5; Муслим, Итикаф 7)

Айша анамыздың айтқанына қарағанда Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің соңына дейін рамазанның соңғы он күнінде итикафқа кірген. Қайтыс болатын жылы рамазанда болса жиырма күн итикафқа кірген. Ол қайтыс болғаннан кейін әйелдері де бұл сүннетті тастамай орындаған.[92]

92. Бұхари, Итикаф 1, 17; Муслим, Итикаф 5.

Мына оқиға итикафтың қаншалықты маңызды әрі абзал екендігін, сонымен қатар жеке кісінің және қоғамдық міндеттерден қашпау керектігін өте жақсы түсіндіреді:

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) бір күні Мәсжидун Нәбәуиде итикафта еді қасына бір кісі келіп сәлем беріп отырады. Ибн Аббас:

– Бауырым қобалжып, қиналып тұрсың ғой, - дейді. Әлгі кісі:

– Иә, уа, Расулұллаһтың көкесінің ұлы, қиналып тұрмын. Пәленшенің менде уәлә ақысы бар еді (мал-мүлікке мені азат қылған болатын). Бірақ мына қабірдің иесі (Аллаһ Расулі) үшін айтайын, оған қарызымды өтей алмай тұрмын, - деді.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу):

– Сен жайында онымен сөйлесейін бе? - деп сұрағанда әлгі кісі:

– Өзің білесің, - деп жауап береді. Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) аяқ киімін алып мешіттен шықты. Әлгі кісі оған:

Итикафта екеніңді ұмытып кеттің бе? - деді.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) болса:

– Жоқ! Мен мына қабірде жатқан әрі арамыздан жақында айырылған кісіден (Ардақты Пайғамбарымыз) естідім: (Ибн Аббас осыларды айтып жатқанда көздеріне жас келген болатын).

«Кімде-кімнің дін бауырына жердем беріп оның бір ісін орындауы оның он жыл итикафта болуынан да артық. Кімде-кім Аллаһ разылығы үшін бір күн итикафқа кіретін болса Хақ Тағала ол кісі мен тозақтың арасына үш шұқыр

жаратады. Әр шұқырдың арасының ұзақтығы шығыс пен батыстың арасы сияқты». (Бәйхақи, Шуабул Иман III, 424-425)

Үлкен Бәдір соғысы (17 рамазан 2/13 март 624)

Хижреттің екінші жылында Құрайштың еркек-әйелдерімен қоса, шамамен 50 000 динарлық құны бар заттарға толы мың түйелік үлкен сауда керуені Шамның Ғазза базарына жөнетілген еді. Керуеннің құрамында Меккенің бетке тұтарлары Әбу Суфян, Мұхаммед бин Нәуфәл, Амр бин Ас сияқты отыз - қырық шақты мүшриктер бар еді.

Құрайш мүшриктері өздерінің мұсылмандарға қажылық жасауға жол бермегендері үшін мұсылмандардың да Меккелік мүшриктердің Шам сауда жолын бөгейтіндіктерін білген еді. Осылайша олар Шамнан қауіптене жолға шықты. Әбу Суфян керуендегі Дамдам бин Амрды жиырма мысқал алтынға жалдап Тәбүкке келгенде Меккеге аттандырды.[93]

Аллаһ Расулінің апасы Атике Дамдам Меккеге келмей тұрып үш түн бұрын түс көріп қатты қорқады. Інісі Аббасқа:

– Бауырым! Көрген түсім менің жаныма қатты батты. Қауымыңның басына бір пәле келеді ме, деп қорқамын. Саған айтатын бұл түсімді ешкімге тіс жармай, жадыңда сақта, - деді.

Хазіреті Аббас:

– Не көрдің, түсіндірші, - деді.

Сонда Атике:

93. Ибн Хишам II, 244; Уақиди I, 27-28.

– Түйеге мінген бір кісі Әбтахқа (Мұхассаб пен Меккенің арасында) келіп тоқтады да, бар дауысымен:

«Ей, опасыздар! Үш күнге дейін соғыс майданында өлетін жерлеріңе асығыңдар! деп, үш рет айқайлады. Көрген халық оның айналасына жиналды. Кейін ол адам Мәсжид Харамға кірді. Халық та оның соңынан ерді. Қағбаның арқасында адамдардың ортасында тағы да үш рет айқайлап әлгі сөзін қайталады. Содан соң Әбу Құбайс тауына шығып ол жерде де әлгі айтқандарын қайталады. Артынан үлкен бір тасты домалатты. Тас жоғарыдан төмен қарай домалап, таудың етегіне келгенде быт-шыт болды. Меккеде ол тастың ұшқындары тимеген еш бір үй, әрі еш бір жер қалмады», - деді.

Хазіреті Аббас Атикенің қасынан кеткеннен кейін досы Уәлид бин Ұтбамен кездесті. Оған әлгі түсті айтып, жасырын сақтауын бұйырды. Уәлид те әкесіне айтты. Осылайша бұл түс бүкіл Меккеге тарады. Құрайштықтардың мәжілістерінде де айтыла бастады.

Хазіреті Аббас мыналарды айтады:

– Әбу Жәһил маған:

«Ей, Абдүлмүттәліптің әулеті! Сендердің мына әйел пайғамбарларың да қашан шықты?! Сендердің еркек пайғамбарларың тақияларыңа тар келіп енді әйелдерің де пайғамбарлыққа шықты ма?! Атике түсінде біреудің «Үш күнге дейін өлетін жерлеріңе асығыңдар!»- дегенін естіптімыс. Үш күнге дейін күтеміз. Егер айтқандары рас болса сөзсіз бір нәрсе болады. Ал егер үш күн өтіп ештеңе болмайтын болса, сендер туралы жазу жаздырып арабтардың арасында сендердің әйелдеріңнен де өтірікші ешкім жоқ екендігін жариялаймыз» - деді.

Мұндай нәрсе болмағандығын айттым. Аллаһ атымен ант етейін маған өмірімде мұны мойындамаудан да ауыр еш нәрсе болмаған еді. Атикенің көрген түсінен кейін үшінші күні таң ертең айырылып қалған мұрсатымды қайтарып алу үшін қатты ашуланып, қаһарланып Мәсжид Харамға кірдім. Алдымен айтқан сөздерін қайталап Әбу Жәһилге бас салғым келген еді. Ол Мәсжид Харамның Сәхм ұлдары есігіне қарай қаша жөнелгеннен кейін өз-өзіме: «Аллаһтың лағынетіне ұшырағыр, тиіседі деп менен қорқып қашты» - дедім. Негізінде ол Дамдамның дауысын естіген екен. Мен болсам оны естімеген едім. Қарасам Дамдам түйесінің мұрнын кесіп, ертоқымын теріс салып, көйлегін айырып тастапты. Мекке ойпатының ортасында түйесінің үстінде бар дауысымен айқайлап жатыр екен:

«Ей, Құрайш қауымы! Керуен! Керуен! Мұхаммед пен сахабасы Әбу Суфяндағы мал-мүліктеріңе шабуыл жасады. Оған жете алмайсыңдар-ау! Құтқарыңдар! Құтқарыңдар!» - деп бақырып жатты. Басымызға келген оқиғадан кейін екеуміздің де бір-бірімізге қарауға шамамыз келмей қалды. (Ибн Хишам ІІ, 244-247; Уақиди І, 29-31)

Құрайштықтар жылдам дайындалды. Екі-үш күнде дайындалып үлгерді. Қаруы жоқтарға қару сатып алды. Байлар кедейлерге қолынан келгенінше жәрдем етті. Сүхейл бин Амр, Зәма бин Әсуәд сияқты бетке тұтарлар:

« Түйесі жоқтарға міне түйе! Азығы жоқтарға міне азық! Барлығың соғысуға шығыңдар! Ешқайсың қалып қоймаңдар. Егер де Мұхаммед сауда керуендеріңді тартып алатын болса сөзсіз онымен сендерге шабуыл жасайды, Меккеге кіреді!» - деді.

Жорыққа барлық еркектер қатысты. Қатыса алмағандар да адам жалдап орындарына жіберді. Бәдірге қарай шығатын

күні Әбу Жәһил адамдарға: «Түйелеріңе мініңдер!» деп бұйрық берген кезде Үмәйя бин Халәфтың Меккеден шыққысы келмеді. Өйткені ол залым мүшрик өзін мұсылмандар өлтіретіндігін, уәдесінен таймайтын шыншыл Аллаһ Расулінің айтқан хабарын естіген болатын, әрі:

«Аллаһ атымен ант етейін Мұхаммед еш уақытта жалған сөйлемейді!»- деп, өте қатты қорыққан еді.

Әбу Жәһил келіп оны өздерімен баруға көндіргенге дейін қасынан кетпеді. Ол да дереу дайындалып жолға шықты.

Ұтба бин Рабиа мен бауыры Шайба қару-жарақтарын дайындай бастағанда, құлдары Аддас:

– Не істеп жатырсыздар? - деп сұрады.

– Тайфтағы жүзімдігімізде сен жүзім берген адамды білесің бе? - деді.

Аддас (радиаллаһу анһу):

– Иә білемін! - деді.

– Міне біз барып онымен соғысамыз! - деді.

Аддас атылып олардың аяқтарына жабысып:

«Бармаңыздар! Ол расында пайғамбар! Сіздер тек өлетін жерлеріңізге бара жатырсыздар!» - деп жылап, көзінен мөлтілдеп жас төгілді. Бірақ Ұтба мен Шайба тыңдамай кетіп қалды.

Мүшриктердің саны тоғыз жүздей, яғни мыңға жуық болатын. Екі жүздейі атты, жеті жүзінің түйесі бар еді. Көпшілігі сауытты болатын. Құрайштың ірілері тегіс келген еді. Қастарына өлеңші күңдерін де ертіп, дауыл соқтырып әрі мұсылмандарды жамандап өлеңдер оқытып жолға шықты.[94]

94. Уақиди I, 31-39; Бұхари, Мәнәқиб 25; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 294-295.

Хижреттің екінші жылы рамазан айының он екісі еді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһ бин Үммү Мәктумді намаздарды оқытып беру үшін Мәдинаға өкіл ретінде қалдырып, 313 кісілік әскермен қаладан шықты. Олардың 64-і Мұхажир, қалғандары Ансарлар еді. Үш кісінің аты, жетпісінің түйесі бар еді, қалғандары да жаяу болатын.[95]

Пайғамбарымыз Мәдинадан үш миль қашықтықтағы «Буютус Сукя» деген жерде мужаһидтерді тоқтатты. Жасы кіші болғандарды кері қайтарды. Саад бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) былай айтады:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасы кіші болғандарды кері қайтармай тұрып інім Үмәйрдің жасырынуға тырысып жатқанын көріп:

– Саған не болды бауырым? - дедім.

– Аллаһ Расулі мені кішкентай көріп кері қайтарады ма деп қорқамын! Ал менің сапарға шыққым келеді, әрі Аллаһтың маған шейіт болуды нәсіп етуін үміт етемін! - деді. Шынында да інімді Расулұллаһқа білдірген кезде, оның әлі кішкентай екендігін көріп:

– *Сен кері қайт!* - деді. Үмәйр жылап жіберді. Содан соң Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) қалуына рұқсат берді. Үмәйр кішкентай болғандықтан қылышын мен байлап бердім. Бәдірде шейіт болған кезінде 16 жастарында болатын. (Уақиди I, 21; ибн Сағд III, 149-150)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабымен жолға шыққан кезінде түйелер жеткіліксіз болғандықтан бір түйеге үш кісі кезектесіп мінді. Сүйікті Пайғамбарымыз

95. Уақиди I, 23-24; ибн Хишам II, 250-251; ибн Сағд II, 12.

да түйесіне Хазіреті Али және Әбу Лүбабамен (радиаллаһу анһума) бірге кезектесіп мінді. Жаяу жүру кезегі Хазіреті Пайғамбарымызға келгенде достары:

– Уа Расулұллаһ! Өтінеміз сіз мініңіз! Біз сіздің орныңызға да жүреміз,- деді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

– *Сендер жүргенде менен артық шыдамды емессіңдер, әрі мен де сауап алуға сендер сияқты мұқтажбын»*, - деді. (Ибн Сағд II, 21; Ахмәд I, 422)

Хазіреті Расулұллаһ бұл әрекетімен Аллаһқа деген терең махаббатын әрі ғибадат әрі қызмет арқылы Хақ Тағалаға жақындауға қаншалықты құштар екендігін көрсеткен. Бұған қоса барлығына бірдей (кім болса да) әділетті болуды және ешкімнің ақысын жемей құқығына барынша көңіл бөлу керектігін үйреткен.

Біраз уақыт өткен соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Лубабаны (радиаллаһу анһу) өзінің өкілі ретінде Мәдинаға қайтарады.[96]

Аллаһтан басқа ешкімге сыйынбайтын әрі барлық мұқтаждығын тек Одан сұрайтын адамзаттың Асыл Тәжі болған Пайғамбарымыз Бәдірге бет алған үмметінің әлсіз және мұқтаж екенін көріп, бұған шыдай алмай былай дұға жасады:

«Аллаһым! Бұлардың көлігі жоқ. Сен оларға мінетін көлік бер! Аллаһым! Бұлар жалаңаш. Сен оларды киіндір! Аллаһым! Бұлар аш. Сен оларды тойдыр!»

Шынында да Аллаһ Тағала жеңіс нәсіп етіп, олардың әрбірі бір немесе екі түйемен оралды, киім-кешек киді, қарындарын тойдырды. (Әбу Дәуіт, Жиһад 145/2747)

96. Ибн Хишам II, 251.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рамазан айына тура келген бұл қиын күндерде әскерлерінің оразаларын бұзуларына бұйрық берді. Өйткені соғыс кезінде мұсылмандардың қуатты әрі күшті болулары қажет еді. Кейін бұл жорыққа қатысқан мүминдердің барлығы бұзған оразаларының қазасын тұтпады.

Осылайша Исламның алғашқы жорығы Бәдірге қарай бет алды. Әскерлер Ақиқ ойпатына барған кезде Хубәйб бин Ясаф пен Қайс бин Мұхаррис соғысқа қатысып олжа алу мақсатымен әскерді қуып жеткен болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл екі кісіден Хубәйбке:

– Сендер бізбен бірге шықтыңдар ма? - деп сұрады.

Хубәйб:

– Жоқ, сен біздің бауырымыздың ұлығысың әрі көршімізсің. Біз қауымымызбен бірге олжа үшін жолға шықтық! - деді.

Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Сен Аллаһқа және Расуліне иман келтірдің бе?* - деп сұрады.

Хубәйб:

– Жоқ!- деген еді, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олай болса кері қайт! Бізге мүшриктің жәрдемі керек емес... - деді.

Хубәйб қоймай былай деді:

– Қауымым менің соғыс алаңында қаншалықты ер жүрек екенімді, дұшпанымды ойсыратып күйреткен қаһарман екенімді жақсы біледі. Мұсылман болмасам да олжа алу үшін сенімен бірге соғыссам болмайды ма?

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Жоқ, сен әуелі мұсылман бол, содан соң соғыс!* - деп, ары қарай аттанды.

Біраз уақыт өткен соң Хубәйб қайта келіп, әлгі ұсынысын қайталады. Бірақ нәтиже шықпады. Хубәйб бұған аң-таң болды. Өйткені ол арабтардың арасында өте ержүрек жауынгер ретінде танымал еді. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол мүшрик болғандығы үшін сарбаздарға қосылуына разылық танытпады. Мүшриктерге қарсы әскерлері аз болған Расулұллаһтың бұл әрекеті Хубәйбке қатты әсер етті. Көңілінің тұңғиығына шомылып, бұрын-соңды еш ақылына келмеген әлемнің ақиқат нұрын тамашалады. Қатты толқып қайтадан Аллаһ Расулінің артынан жүгірді. Бірақ бұл жолғы ұсынысы алдыңғыларынан өзгеше еді. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайталап сұраған:

– *Аллаһқа және Расуліне иман келтірдің бе, ей, Хубәйб?* - сұрағына қуаныштан туындаған толқумен былай жауап берді:

– Иә, уа, Расулұллаһ!...

Осы кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қуанып:

– *Міне, енді қалағаныңды істе!* - деді. (Муслим, Жиһад 150; Тирмизи, Сияр 10/1558; Уақиди I, 47; ибн Сағд III, 535)

Бұл оқиға қаншалықты қиын болса да шариғатқа сай мақсатқа жету үшін шариғатқа теріс әдіс-тәсілдің қолдануға болмайтындығын көрсететін иман таразысын ұсынады. Құлдың міндеті қажетті шараларды жасағаннан кейін, Жаратушы Хаққа тәуекел ету. Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) да Хубәйбтің иман келтірместен сарбаздарға

қосылуын қабыл етпей иманның жауапкершілігін көрсетіп, үмметіне бұл жолда тамаша үлгі болған. Өйткені ол ұлы Пайғамбар әрбір ісінде жалғыз Аллаһқа сиынып, тек қана Хаққа жөнелетін және барлық жәрдем жалғыз Хақ Тағаладан келетіндігін біліп әрі бізге де осылай үйрететін. Әлемдердің Сұлтаны бұл іс-әрекетімен:

حَسْبُنَا اللهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ

«... Аллаһ бізге жеткілікті. Ол нендей Тамаша жәрдемші!», (Әли Имран сүресі 173-аят) деп аятта айтылғандай тәуекелдің ең тамаша әрі керемет мысалын ұсынған.

Хүзәйфа (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Әкем Хұсайл екеуміз жолға шыққан едік. Құрайш кәпірлері бізді ұстап:

– Сендер анық Мұхаммедтің әскеріне қосылуға бара жатырсыңдар, - деді.

Біз де:

– Жоқ. Мәдинаға бұл үшін емес, басқа шаруалармен бара жатырмыз, - дедік. Содан соң бізге Аллаһ атымен ант еткізіп, Аллаһ Расулінің әскерлеріне қосылып, онымен бірге соғыспайтындығымызға сөз алды. Мәдинаға келіп бұл жағдайды Расулұллаһқа айтқаннан кейін Әлемдердің Сұлтаны бізге:

– Бара беріңдер. Біз сендердің берген сөздеріңді бұзбаймыз. Оларға қарсы Аллаһтан жәрдем сұраймыз, - деді. Міне менің Бәдір соғысына қатыса алмауымның себебі осы». (Муслим, Жиһад 98)

Бұл оқиға Хазіреті Расулұллаһтың дұшпандарына да берген уәдесінен таймайтындығына тамаша мысалдардың бірі ғана.

Бәдір соғысына әйелдерден де қатысқысы келгендер болды. Бұлардың бірі Үммү Уарақа Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Маған да рұқсат беріңіз, жаралыларды таңып, ауру-сырқауларға қарайын. Бәлкім Аллаһ маған шейіттікті нәсіп етер, - деген еді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– *Сен үйіңде отырып Құран оқы. Аллаһ міндетті түрде саған шейіттікті нәсіп етеді*,- деді.

Осыдан кейін Үммү Уарақа (радиаллаһу анһа) сахабалардың арасында «шахида» деген атпен әйгілі болды. Ол шейіт болуға шын көңілден құштар еді. Ақыры Хазіреті Омардың халифалығы кезеңінде оны қызметшілері жабумен тұншықтырып шейіт қылды. Бұны естіген Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу)

«Аллаһ және Расулі дұрыс айтқан екен», - деді, әрі кінәлі кісілерді таптырып жазаларын бергізді. (Әбу Дәуіт, Салат 61/591; ибн Хажар, әл-Исаба IV, 505)

Әбу Суфян мұсылмандардың Бәдірге қарай бет алғанын білгеннен кейін керуеннің бағытын өзгертті. Бәдірдің оң жағынан айналып жылдам жағалауға қарай әрекет етті.[97] Сауда керуенін құтқарғаннан кейін де Құрайш әскерлеріне адам жіберіп:

97. Ибн Хишам II, 57.

«Сендер керуендеріңді, адамдарыңды, мал-мүліктеріңді қорғап қалу үшін жолға шығып едіңдер. Аллаһ оларды құтқарды. Енді кері қайта беріңдер», - деді.

Әбу Суфянның жіберген хабарынан кейін Ахнәс бин Шәриктың сөзіне құлақ асып қауымы Зүхреұлдары мен Ади бин Каабұлдары кері қайтты. Әбу Жәһил болса:

«Бәдірге бармайынша кері қайтпаймыз. Біз ол жерде үш күн боламыз. Түйе сойып, ішіп-жейміз. Әйелдер би билеп, өлең айтады. Айналадағы барлық арабтар бізді есітіп, бұдан былай бізден аяқ тартып жүреді. Қанекей жүріңдер!» - деді.

Әбу Суфян Құрайш әскерлерінің Әбу Жәһилге еріп, кері қайтпағанын естігенде:

«Әттең-ай қауымым! Бұл Амр бин Хишамның (Әбу Жәһил) ісі. Оның кері қайтпағандығы адамдарға басшы болғысы келгендігінен, азғындығынан. Азғындық – қателік, ол жақсылық емес», - деді. (Уақиди I, 43-45; ибн Хишам II, 258)

Әрбір саяси оқиғаны анық-қанығына дейін бақылап отырған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) енді қан төгіс шайқастан басқа жол қалмағандығын аңғарып, ардақты сахабаларын жинап ақылдасты:

– Сендердің ойларыңша керуеннің соңынан түскен тиімді ме, жоқ әлде Құрайш әскерлерімен кездескен тиімді ме?

Мұхажирлердің атынан Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омар (радиаллаһу анһума) шығып, Құрайш әскерлерімен қарсыласуға дайын екендіктерін айтты.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ансардың да ойын білгісі келді. Сол кезде Ансарлық Микдад бин Әсуәд (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып мыналарды айтты:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз яһудилердің Хазіреті Мұсаға айтқанындай **«Сен және Раббың барып соғысыңдар»** (Мәида сүресі 24-аят) демейміз. Біз саған Ақабада берген сөзімізде тұрамыз. Әрдайым сенің оң жағыңда, сол жағыңда, алдыңда және артыңда дұшпанның соңына дейін соғысуға дайынбыз!...».[98] (Бұхари, Мәғази 4; Тәфсир 5/4)

Хазіреті Миқдадтан соң Сағд бин Муаз (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз саған сендік. Сен алып келген Құранның ақиқат екендігіне куәлік бердік. Не қаласаң соны істе. Егер теңізге түссең, біз де сенімен бірге түсеміз. Ансарлық бірде-бір кісі кері тұрмайды!», - деді. Мұндай сенімділік пен бағыныштылықты білдірген сөздерді естігеннен кейін Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак жүзі күлімсіреп, жақсылық үшін дұға жасап, былай деді:

«Олай болса қанекей Аллаһтың берекетімен жүріңдер. Сендерге сүйінші Аллаһ екі тайпаның бірін уәде етті.[99] *Аллаһ атымен ант етейін, мен құрайштықтардың соғыс майданында өлетін жерлерін көріп тұрғандаймын...»* (Муслим, Жиһад 83; Уақиди I, 48-49; ибн Хишам II, 253-254)

Ислам әскерлері Бәдірге келгенінде, Құрайш әскерлері олардан бұрын келіп бір құм төбесінің артындағы Ялял ойпатының Мәдинаға қашық жағына орналасқан еді.

---

98. Ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:
«Миқдад бин Әсуәдтің сондай нақты сөз айтқанына куә болдым. Мен үшін ол сөзді айтқан кісі, ол сөздерге тең келетін барлық асыл сөздерден де артық еді...» (Бұхари, Мәғази 4; Тәфсир 5/4)
99. Әнфәл сүресінің 7-аятында уәде етілген екі тайпаның бірі құрайштықтар, яғни олардың жеңіліп тұтқынға түсуі, екіншісі құрайштықтардың Шамнан қайтқан үлкен керуені.

Құдықтар болса ойпаттың Мәдинаға жақын жағында болатын.[100]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мужаһидтермен бірге Бәдірге ең жақын судың басына келген кезде тұрақтайтын жерді белгілеу үшін Ансармен ақылдасты. Хұбаб бин Мүнзир (радиаллаһу анһу):

«Уа, Расулұллаһ! Бұл жер тұрақтауға ыңғайсыз. Құрайштарға ең жақын судың басына барып сол жерге орналасайық. Қалған құдықтардың барлығын көміп тастайық. Тұрақтайтын құдықтың басына хауыз жасап, ішін суға толтырайық»- деді.

Әлемдердің Сұлтаны бұл ұсынысты қабыл алды.[101] (Ибн Хишам II, 259-260; ибн Сағд II, 15)

Хаким бин Хизам бастаған бірнеше мүшрик мұсылмандардың хауызынан су ішуге келді. Мұсылмандар оларға бөгет болғысы келген еді, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жіберіңдер ішсін», - деді. Олар келіп су ішті. Хакимнен басқасы тегіс Бәдірде өлтірілді. Ал Хаким кейіннен мұсылман болды. Хаким сөйлегенде ант етіп, сөзін дәлелдегісі келгенде:

«Жоқ! Мені Бәдірде өлімнен құтқарып, иман нығметіне қауыштырған Аллаһқа ант етейін», - дейтін еді. (Ибн Хишам II, 261)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біраздан

100. Ибн Хишам II, 259.
101. Бәдір тұрғындарының айтуына қарағанда, Бәдірдегі құм төбелері желдің әсерінен бес-он жылда орындары өзгеріп, көшіп отырады. Ал Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тоқтаған құм төбесі болса еш орны өзгермей, бұрынғы орнында тұр.

соң соғысатын дұшпандарының су ішуіне рұқсат беріп, бізге адамгершілік қасиетін, әрі һидаят жолын үйреткен еді. Өйткені осындай адамгершілік әрекеттер қаншама тас жүректердің жібуіне, әрі сол жүректерде һидаят нұрына есік ашылуына себеп болған.

Ислам сарбаздары орналасқаннан кейін Хазіреті Сағд бин Муаз:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз саған көлеңкелік жасайық. Көлігіңді де қасыңа қояйық. Сосын біз дұшпанмен соғысамыз. Егер Аллаһ қуат беріп жеңе қалсақ тіптен жақсы. Ал бұл іске аспайтын болса сен атыңа мініп артта қалдырған бауырларымыздың қасына барарсың. Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Олар да сені біз сияқты қатты жақсы көреді. Егер сенің соғысқа қатысатыныңды білсе олар еш қашан артта қалмас еді. Аллаһ сені олармен қорғайды. Олар шын жүректен сенімен бірге, әрі сенімен бірге жиһад жасайды», - деді.

Ардақты Пайғамбарымыз Хазіреті Саадты мақтап, оның жақсылығы үшін дұға жасады. Саад (радиаллаһу анһу) қылышын суырып құрылған шатырдың есігінде күзетте тұрды. (Ибн Хишам II, 260; Уақиди I, 49)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы да соңғы рет Хазіреті Омарды (радиаллаһу анһу) құрайштықтарға жіберіп:

«Кері қайтыңдар. Маған сендермен соғысқаннан көрі басқалармен соғысқаным жақсы», - деді.

Хаким бин Хизам:

«Бұл ынсаптылық пен әділеттіліктің белшісі. Оны дереу қабыл алыңдар. Аллаһ атымен ант етейін, бұдан кейін сендерге жанашырлық жасамайды», - деді.



Әбу Жәһил болса:

«Ант етейін, Аллаһ[102] бізге мүмкіншілік беріп тұрғанда өшімізді алмай қайтпаймыз. Бұдан кейін барлаушы жіберіп, керуеніміздің алдын кесе алмайтындай қылып олардың әкесін танытамыз», - деп мүшриктерді қайрап соғысқа әрекеттендірді. (Уақиди I, 61-65)

Құрайыштар Үмәйр бин Уахбті және атты әскер Әбу Усаманы Ислам әскерлерін бақылау үшін жіберді. Ислам әскерлерінің төңірегін бақылап келген бұл екі барлаушы оларға мынадай мағлұмат берді:

«Аллаһқа ант етейін! Біз ешқандай ірі түйе не ат, не айтарлықтай көп әскер және асқан дайындық көрмедік. Тек қана үйлеріне қайқылары келмей, өлгісі келетін бір жамағат көрдік. Қылыштарынан басқа ешқандай қорғанатын әрі сиынатын нәрселері жоқ». (Уақиди I, 62)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Кешқұрым Бәдірде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ана жер Құдай қаласа ертең пәленшенің жығылып өлетін жері!» - деп, алдыңғы қатардағы мүшриктердің өлетін жерлерін жеке-жеке көрсетті. Оны хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етейін, олардың ешқайсысы Аллаһ Расулінің көрсеткеннен басқа жерде өлмеді. Кейін бәрі бір

102. Исламнан бұрынғы жәһилиет арабтары Аллаһтың бар екендігін қабыл ететін. Бірақ олар Аллаһпен бірге басқа тәңірлерге де табынғандықтарынан таухид сенімінен адасып мүшрик болған еді. Сондықтан осы мысалда айтылғандай Аллаһтың атын айтып, оны ұлықтайтын сөздер қолданатын. Олардың мүшрик болуларының себебі, Аллаһқа жақындау сияқты көрініп немесе Аллаһпен бірге шапағатшыларға жалбарыну немесе ізеттілік пен шарапатқа кенелу сияқты мақсатпен шектен шығып пұттарға табынулары болатын. (Анкәбут сүресі 61-аят; Зүмәр сүресі 3-аят)

шұңқырға бірінің үстіне бірі лақтырылды». (Муслим, Жәннат 76, Жиһад 83)

Мұсылмандардың Бәдірде тоқтаған жері құмды болғандықтан жүру қиын еді. Сонымен қатар алынған сулар азайып, су жағы қиындай бастады. Дәрет, ғұсыл үшін жеткілікті су табу қиындап кетті. Шайтан да осы қиыншылықтарды және мүшриктердің көп әрі күшті екендігін пайдаланып мүминдердің көңіліне үрей салуға тырысты.

Түнде Аллаһ Тағала жаңбыр жаудырып, ойпаттан сел ақты. Мұсылмандар ыдыстарын суға толтырды, дәрет алып, ғұсыл құйынды және малдарын суғарды. Жауған жаңбыр шаңды басып, жерді қатайтты. Жаңбыр жауғандықтан Құрайыштық мүшриктер орындарынан қозғалмай, бір жерде қалды.

Мұнымен қоса Аллаһ Тағала мұсылмандарды тыныұтырып, тыныштандыратын ұйқы жіберді.[103]

Хақ Тағала бұл жайында былай дейді:

اِذْ يُغَشِّيكُمُ النُّعَاسَ اَمَنَةً مِنْهُ وَيُنَزِّلُ عَلَيْكُمْ مِنَ السَّمَآءِ مَآءً
لِيُطَهِّرَكُمْ بِهِ وَ يُذْهِبَ عَنْكُمْ رِجْزَ الشَّيْطَانِ وَ لِيَرْبِطَ عَلٰى قُلُوبِكُمْ
وَ يُثَبِّتَ بِهِ الْاَقْدَامَ

«Аллаһ тарапынан тыныштықтың белгісі ретінде сендерге маужырататын ұйқы келді. Сендерді тазалап, бойларыңнан шайтанның азғыруын аластатып, көңілдеріңді орнықтыру үшін және аяқтарыңды нық басуларың үшін сендерге көктен су жіберді». (Әнфәл сүресі 11-аят)

103. Табәри, Тәфсир IX, 256-261.

Хазіреті Пайғамбарымыз болса түні бойы намаз оқып, Аллаһқа дұға жасады. Бұл турасында Хазіреті Али (кәррамаллаһу уәжһәһ) былай дейді:

«Анық білемін, Бәдір күні Аллаһ Расулінен басқаларының барлығы ұйықтаған еді. Хазіреті Расулұллаһ болса бір ағаштың астында таң атқанша намаз оқып, жылаған еді». (Ибн Хұзәйма II, 52)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таң атқаннан кейін:

«Уа, Аллаһтың құлдары! Намазға!» - деп дауыстап, артынан таң намазын оқып, мұсылмандарды жиһадқа үгіттеді. (Ахмед I, 117)

Құрайш мүшриктері мұсылмандардың қарсысына шықпай тұрып Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолындағы жебемен мужаһидтерді: «Бері тұр, ары тұр» деген бұйрықтармен сапқа тұрғызып, сандарын санатты. Осы кезде саптан алға шыққан Сәуәд бин Ғазияның қарнынан түртіп:

– *Ей, Сәуәд! Қатарға тұр!* - деді. Сәуәд болса:

– Уа, Расулұллаһ, маған қатты батты. Аллаһ сені ақиқатпен жіберді. Ақымды аламын! - деді. Хазіреті Пайғамбарымыз дереу көйлегін көтерді. Сонда Ансар:

– Ей, Сәуәд! Ол Аллаһтың Расулі ғой! - деді. Сәуәд:

– Әділеттілікте ешкім ешкімнен артық емес! - деді. Аллаһ Расулі:

– *Қане, ақыңды ал!* - деді.

Сәуәд еңкейіп Пайғамбардың қарнын сүйді.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ей, Сәуәд! Неге бұлай істедің?* - деп сұрады. Сәуәд:

– Көріп тұрсыз соғысқа дайынбыз. Мен соңғы сәтімнің сенімен бірге болуын қаладым! - деді. Осыдан соң Әлемдердің Сұлтаны оның жақсылығы үшін дұға жасады. (Ибн Хишам II, 266-267; ибн Сағд II, 15-16)

Екі жақтың әскерлері рамазан айының 17-де жұма күні Бәдір жазығында бір-біріне қарсы сап түзеді. Күн өте ыстық еді. Сол кезге дейін арабтар тек нәсіл, ру және туысқандық себебімен соғысатын. Қазір болса рушылдықтың орнын дін басты. Арабтардағы өте күшті туысқандық байланысын, дінді қорғау сезімі жойды. Тіпті әке, әкенің бауырлары, нағашы, ұл, бауыр сияқты жақын туысқандар да бір-біріне қарсы тұрған еді. Ол күні Хазіреті Әбу Бәкір ұлымен, Әбу Убәйда бин Жаррах әкесімен, Хазіреті Хамза бауырымен қылыштасқан еді. Өте ғибрат аларлық көрініс болды.

Аллаһ Тағала былай дейді:

قَدْ كَانَ لَكُمْ اٰيَةٌ فِى فِئَتَيْنِ الْتَقَتَا فِئَةٌ تُقَاتِلُ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ وَ أُخْرٰى
كَافِرَةٌ يَرَوْنَهُمْ مِثْلَيْهِمْ رَاْىَ الْعَيْنِ وَ اللّٰهُ يُؤَيِّدُ بِنَصْرِهِ مَنْ يَشَآءُ
اِنَّ فِى ذٰلِكَ لَعِبْرَةً لِاُولِى الْاَبْصَارِ

«(Бәдірде) **Бетпе-бет қарсыласқан екі топта сендер үшін ғибрат бар. Бірі Аллаһ жолында соғысқан топ, екіншісі болса айқын түрде оларды** (мұсылмандарды) **екі есе көп қылып көрген кәпірлер тобы. Аллаһ қалағанына жәрдем беріп қолдайды. Шын мәнінде мұнда көретін көзі барлар үшін ғибрат бар».** (Әли Имран сүресі 13-аят)

Соғыс майданына тәкәппар кейіпте келген мүшриктер даңдайсып, еш жеңілместей сыңай танытқан-ды. Аллаһ Тағала мүшриктердің бұл әрекетін аятта былайша білдірді:

وَ لاَ تَكُونُوا كَالَّذِينَ خَرَجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بَطَرًا وَ رِئَاۤءَ النَّاسِ وَيَصُدُّونَ
عَنْ سَبِيلِ اللّٰهِ وَ اللّٰهُ بِمَا يَعْمَلُونَ مُحِيطٌ ﴿47﴾ وَ اِذْ زَيَّنَ لَهُمُ
الشَّيْطَانُ أَعْمَالَهُمْ وَ قَالَ لاَ غَالِبَ لَكُمُ الْيَوْمَ مِنَ النَّاسِ وَ اِنِّى جَارٌ
لَكُمْ فَلَمَّا تَرَآءَتِ الْفِئَتَانِ نَكَصَ عَلٰى عَقِبَيْهِ وَ قَالَ إِنِّى بَرِیۤءٌ مِنْكُمْ
اِنِّىۤ اَرٰى مَا لاَ تَرَوْنَ اِنِّىۤ اَخَافُ اللّٰهَ وَ اللّٰهُ شَدِيدُ الْعِقَابِ ﴿48﴾


«Жұрттарынан қоқырайып, жұрттың көзіне түсу үшін және (адамдарды) **Аллаһ жолынан тайдыру үшін шыққандар тәрізді болмаңдар. Аллаһ олардың істегендерін толық біледі. Шайтан олардың іс-әрекеттерін өздеріне әдемі көрсетіп: «Бүгін адамдардың еш бірі сендерді жеңе алмайды. Күдіксіз мен сендердің жәрдемшілеріңмін», - деді. Бірақ екі жақ бетпе-бет келгенде кейін шегінді де: «мен сендерден аулақпын, мен сендердің көрмегендеріңді көріп тұрмын, мен шынында Аллаһтан қорқамын. Аллаһтың азабы өте ауыр», - деді.** (Әнфәл сүресі 47-48 аяттар)

Аллаһтың құдіреті олардың тәкаппарлығын әп-сәтте быт-шыт қылды:

اِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا يُنْفِقُونَ اَمْوَالَهُمْ لِيَصُدُّوا عَنْ سَبِيلِ اللّٰهِ
فَسَيُنْفِقُونَهَا ثُمَّ تَكُونُ عَلَيْهِمْ حَسْرَةً ثُمَّ يُغْلَبُونَ وَ الَّذِينَ كَفَرُوۤا
اِلٰى جَهَنَّمَ يُحْشَرُونَ

«Шындығында кәпірлер мал-мүлкін (адамдарды) **Аллаһ жолынан тайдыру үшін жұмсайды. Әлі де жұмсай бермек. Кейін бұл (жұмсағандары) оларға қасірет алып келеді, әрі соңында жеңіліске ұшырайды. Кәпірлер тозаққа айдалады».** (Әнфәл сүресі 36-аят)





Періштелердің жәрдемі

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүшриктерге көз тастады. Олар мың шақты еді. Асхабы болса үш жүз он үш кісі болатын.[104] Дереу құбылаға бұрылып қолын жайды да, дауыстап Раббысына былайша дұға жасай бастады:

«Ей, Аллаһым! Маған берген уәдеңді орындай гөр! Маған жеңіс сыйлай гөр! Ей, Аллаһым! Егер де бұл мұсылман қауымды жоқ қылатын болсаң, жер жүзінде саған ғибадат қылатын ешкім қалмайды!»

Хазіреті Пайғамбарымыз мүбәрәк қолдарын көкке көтеріп жалбарынғандығы соншалықты, үстіндегі киімі иығынан сыпырылып түсті. Мұны көрген Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қасына барып киімін алып иығына жапты да:

104. Бәра (радиаллаһу анһу) былай дейді:
«Біз Мұхаммедтің (аләйһиссәләм) асхабы арамызда Бәдірге қатысқандардың санының Талұтпен бірге өзеннен өткен мүмин әскерлердің санындай, яғни үш жүз он үш кісі болғандығын сөйлесетінбіз». (Бұхари, Мәғази 6; Тирмизи, Сияр 38/1598)

«Уа, Аллаһтың Расулі! Раббыңа жалбарынғаның жеткілікті. Аллаһ Тағала саған берген уәдесін сөзсіз орындайды», - деді.

Барлық мүминдер де жалбарынуда еді. Бұл Аллаһтың сыйы аятта былай сүйіншіленді:

اِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ اَنِّى مُمِدُّكُمْ بِاَلْفٍ مِنَ الْمَلٰٓئِكَةِ
مُرْدِفِينَ ﴿9﴾ وَ مَا جَعَلَهُ اللّٰهُ اِلاَّ بُشْرٰى وَ لِتَطْمَئِنَّ بِهِ قُلُوبُكُمْ
وَ مَا النَّصْرُ اِلاَّ مِنْ عِنْدِ اللّٰهِ اِنَّ اللّٰهَ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿10﴾

«Сонда сендер Раббыларыңнан жәрдем сұрап жалбарынуда едіңдер. Ол да: «Сөзсіз мен сендерге бірінен соң бірі (жіберілген) **мың періштемен жәрдем етемін», - деп, тілектеріңді қабыл етті. Аллаһ мұны тек қана қуантып, көңілдеріңді орнықтыру үшін істеді. Жәрдем тек қана Аллаһтан келеді. Күдіксіз Аллаһ құдіретті, үкім иесі».** (Әнфәл сүресі 9-10 аяттар)

وَلَقَدْ نَصَرَكُمُ اللّٰهُ بِبَدْرٍ وَ اَنْتُمْ اَذِلَّةٌ فَاتَّقُوا اللّٰهَ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ ﴿123﴾
اِذْ تَقُولُ لِلْمُؤْمِنِينَ اَلَنْ يَكْفِيَكُمْ اَنْ يُمِدَّكُمْ رَبُّكُمْ بِثَلٰثَةِ اٰلاَفٍ
مِنَ الْمَلٰٓئِكَةِ مُنْزَلِينَ ﴿124﴾ بَلٰٓى اِنْ تَصْبِرُوا وَتَتَّقُوا وَيَاْتُوكُمْ مِنْ فَوْرِهِمْ
هٰذَا يُمْدِدْكُمْ رَبُّكُمْ بِخَمْسَةِ اٰلاَفٍ مِنَ الْمَلٰئِكَةِ مُسَوِّمِينَ ﴿125﴾

«Шын мәнінде сендер әлсіз кездеріңде Бәдірде Аллаһ сендерге жәрдем етті. Олай болса Аллаһтан қорқыңдар. Оған шүкіршілік қылған болсаңдар. Сол кезде сен мүминдерге: Раббыларыңның сендерге түсірген үш мың періштемен жәрдем етуі жетпейді ме? - деген едің. Әрине егер сабыр сақтап (Аллаһтан) **қорқатын болсаңдар, әрі олар**

(жау) **сендерге күтпеген жерден төне қалса, Раббыларың белгіленген бес мың періштемен сендерге жәрдем етеді»**. (Әли Имран сүресі 123-125 аяттар)

Аллаһ (жәллә жәләлуһу) ол күні мүминдерге періштелермен жәрдем етті.[105] Мүминдердің ықыласына қарап періштелердің санын әуелiде мыңға, үш мыңға соңында бес мыңға дейін арттырды.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдын ала бетке ұстар мүшриктердің қай жерде өлтірілетіндігі білдірілсе де және Аллаһтың оларға жеңіс нәсіп ететіндігін, Аллаһтың жәрдемі өздерінде екенін білсе де түнімен таң атқанша Аллаһқа жалбарынып, өзіне азап жіберілетіндей дұға қылған еді. Бұл көрініс өзінің құл екендігін көрсетеді. Аллаһ Тағала бізден құл болудан басқа еш нәрсе талап етпейді. Оған жалбарынудан басқа ешқандай дұрыс жол жоқ.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәдір күні:

«Міне Жәбірейіл! Сауыт-сайманымен бірге аттарының басын ұстап тұр», - деді. (Бұхари, Мәғази 11)

Хуайтыб бин Абдулузза былай дейді:

«Мен Бәдірде мүшриктермен бірге едім. Ғибрат аларлық нәрселерді тамашалап, періштелерді көрдім. Олар көк пен жердің арасында құрайштықтарды өлтіріп, тұтқындап жатқан еді. Сол кезде өз-өзіме:

«Бұл адамды (Хазіреті Пайғамбарымыз) шын мінінде Аллаһ қорғап тұр»,- дедім. Көргенімді ешкімге айтпадым». (Хаким III, 562/6084)

---

105. Бұхари, Мәғази 4, 6; Муслим, Жиһад 58.



Әбу Дәуіт әл-Мазини былай дейді:

«Бәдір күні мүшриктердің бірін ұрып өлтірейін деп соңына түстім. Қылышым оған тимей жатып, басының жерге домалап түскенін көрдім. Оны мен емес басқа біреудің яғни періштенің өлтіргенін түсіндім». (Ахмед V, 450)

Әнәстың (радиаллаһу анһу) айтуынша, мүшриктер таяп қалғанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Кеңдігі көк пен жер арасындай жәннатқа кіру үшін орындарыңнан тұрыңдар!* - деді. Ансар Үмәйр бин Хұмам (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Кеңдігі көк пен жер арасындай жәннат па?- деп сұрады. Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

– Иә, - деді. Үмәйр:

– Не деген тамаша, не деген ғажап, - деді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Неге олай дедің?* - деп сұрады. Үмәйр (радиаллаһу анһу):

– Аллаһқа ант етейін, уа, Расулұллаһ! Жәннаттық болғым келгендігі үшін солай дедім. Басқа мақсатым жоқ, - деді. Ардақты Пайғамбарымыз:

– *Күдіксіз сен жәннаттықсың*, - деді.

Осы сөзден кейін Үмәйр дорбасынан бірнеше құрма алып жей бастады. Сосын:

– Егер мына құрмаларды жеп болғанға дейін өмір сүретін болсам, шындығында бұл ұзын өмір, - деп, қолындағы құрмаларын тастап жиһадқа жүгірді. Сосын шейіт болғанға дейін мүшриктермен соғысты. (Муслим, Имара 145; Ахмед III, 137)

Бәдір соғысы жекпе-жекпен басталды. Мұсылмандардан жекпе-жекке шыққан ер жүрек Хазіреті Хамза, Хазіреті Али және Хазіреті Убәйда қарсыластарын өлтірді. Бірақ Убәйда (радиаллаһу анһу) аяғы кесіліп қайтты. Біраз уақыттан соң Аллаһ Расулінің:

– *Сен ұлы мәртебеге қауыштың*, - деген сүйіншісін естіп шейіт болды. (Уақиди I, 69-70)

Осыдан соң екі жақтың әскерлері бір-біріне жақындай бастады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларының дереу шабуылға шығуына рұқсат бермеді. Өйткені Құрайштық мүшриктердің арасында керуеннің құтылғандығын ойлап, соғысқысы келмейтіндер де бар еді. Мұсылмандардың дереу шабуылға шықпағандығы мүшрик әскерлеріндегі соғысу құштарлығының жойылуына себеп болды. Онсыз да жекпе-жекке шыққан жауынгерлерінің жеңілуі оларды біршама сескендірген болатын. Бірақ малғұн Әбу Жәһил өштеніп айқайға салды:

«Сендер бір-екі кісінің өлгеніне қарамаңдар! Жүріңдер!»- деді. (Уақиди I, 71)

Осыдан соң мүшриктер жалпы шабуылға шықты. Мұсылман әскерлерінің Хақ Тағалаға жөнелген шынайы жалбарынулары мен күпір әскерлерін үркіткен «тәкбір және Аллаһ» деген дауыстары жаңғырып, мүминдердің көңілдерін көтеріп, ықыластарын арттырып, демеу болды.

Соңында Расулұллаһ та (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шабуыл бұйрығын берді. Екі жақтың әскерлері бір-біріне араласып кетті. Шайқас қызу басталып, барған сайын қыза түсті.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағалаға сыйынып, әрі асхабының күш-қайраты мен ықыласын арттыру үшін араларында жүгіріп, жиі-жиі:

سَيُهْزَمُ الْجَمْعُ وَ يُوَلُّونَ الدُّبُرَ

«Ол топ жақын арада жеңіліске ұшырап, арттарына бұрылып қашады», - деген Қамар сүресінің 45-ші аятын оқып жатты. Артынан былай сүйіншіледі:

«Кімде-кім бүгін дұшпаннан бас тартпай соңына дейін соғысып шейіт болатын болса, сөзсіз Хақ Тағала оны жәннатқа кіргізеді. Бүгін шейіт болғандарға Фирдаус жәннаты дайын тұр. Шабуылға, алға ұмтылыңдар!» (Ибн Хишам II, 267-268)

Бұл сөздерден кейін қасындағы Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) қарап:

«Сүйінші! Жәбрейіл мен періштелер жәрдемге келді», - деді.

Сосын жерден майда тастар алып: «Жүздерің қарайсын», - деп, дұшпандарға қарай лақтырды.[106] Сол кезде дұшпан жаққа қарай қатты жел тұрды. Өте қатты дауыл тұрып, еш нәрсе көрінбей қалды.

Бәдірдің арыстандары

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Біз бәдірде Аллаһтың Расулін паналадық. Ол күні арамызда дұшпанға ең жақын жүрген және адамдардың ең ер жүрегі әрі шыдамдысы Расулұллаһ еді». (Ахмед I, 86)

Сүйікті Пайғамбарымыздың ер жүректігі жайында Бәра (радиаллаһу анһу) да былай деген:

106. Ибн Хишам II, 267.



«Аллаһ атымен ант етейін! Соғыс қызған кезде біз Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) панапайтынбыз. Арамыздағы ең ержүрек адамның өзі Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге жауға қарсы тұра алған кісі еді». (Муслим, Жиһад 79)

Бұл ғазауатта асхабы кирам жан қиярлық көрсетіп, қаһармандық танытты. Әсіресе Аллаһтың арыстаны Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) асқан ер жүректік пен батырлықтың үлгісі болды.

Мүшриктердің бетке тұтары Үмәйя бин Халәф сахабалардан Абдуррахман бин Ауфтан:

– Соғыста белгі ретінде көкірегіне түйе құсының қанатын таққан адам кім? - деп сұрады.

– Ол Хамза бин Абдулмүттәлиб, - деп жауап бергеннен кейін:

– Біздің басымызға не келсе де содан келді, - деді. (Ибн Хишам II, 272)

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) де көкесі Хамза сияқты қаһармандық көрсетіп, мүшриктердің бастарын шауып, допша домалатты.[107]

Әбу Жәһил ат үстінде қаһармандыққа шақыратын жыр шумақтарын оқып, өзінен ешқандай соғыста өш ала алмайтындығын айтып, көкірек ұрып:

«Шешем мені осындай істер үшін туған», - деп мақтанды. (Ибн Хишам II, 275)

Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу) айтады:

---

107. Ибн Әсир, Усдул-Ғаба IV 97 бет.

«Бәдірде жан-жағыма қарасам, Ансарлық екі жігіттің арасында екенмін. Олардан да күшті адамдардың арасында болуды қалайтын едім. Олардың бірі жанындағысына естіртпей менен:

– Көке, сен Әбу Жәһилді танисың ба? - деп сұрады. Мен:

– Иә, танимын. Оны не қылайын деп едің, - дедім. Әлгі жігіт:

– Естуімше, ол Расулұллаһты балағаттап, тіл тигізген екен. Жаным қолында болған Аллаһқа ант етейін, егер оны көрсем, екеуіміздің біріміз ажалымыз келіп өлмейінше, одан айрылмаймын, - деді.

Жігіттің бұл сөзіне таң қалдым. Екінші жігіт те дәл соның айтқандарын айтты. Бұл екі жігіттің арасында болғандығыма қатты қуандым. Біраздан кейін соғыс майданында Әбу Жәһилдің теріс қарап тұрғанын көріп:

«Әне, сұраған адамдарың», - дедім.

Жігіттер дереу қылыштарын суырып, Әбу Жәһилге қарай жүгірді де, оны қылышпен шапты. Бұл екі жігіт Муаз бин Афра (радиаллаһу анһу) мен Муаз бин Амр (радиаллаһу анһу) болатын. (Бұхари, Мағази 10; Муслим, Жиһад 42)

Муаз бин Амр былай дейді:

«Әбу Жәһилді қылышпен ұрғанымда оның ұлы Икрима да мені қылышпен ұрып, қолымды шапты. Қолым терісіне ілініп қалды. Күні бойы қолым арқамда салбырап, соғысуды тоқтатпадым. Бұл күйімде шайқасу қиынға соқты. Маған кедергі жасағаннан кейін, қолымды аяғыммен басып, жұлып тастадым». (Ибн Хишам II, 275-276)

Бұл кезде Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әбу Жәһил не істеп жатыр екен. Кім барып көреді», - деді. Абдуллаһ бин Масғуд (радиаллаһу анһу) оны іздеуге шығып, жерде жатқанын көрді. Оқиғаның жалғасын өзі былай түсіндіреді:

«Мен оны соңғы сәттерінде көріп, таныдым да, тамағын аяғыммен басып:

– Ей, Аллаһтың дұшпаны! Аллаһ сені қорлап, бейшара қылмады ма? - дедім. Ол:

– Аллаһ мені немен қорлап, бейшара қылды? Қауымының өлтірген адамдарының арасында менен ұлы кім бар? Ей, шопан. Сен өте қиын әрі ауыр іске бас сұғыпсың, сен оны қоя тұр. Одан да маған айтшы, бүгін дәурен кімнің қолында, - деді.

– Аллаһ және Расулінің, - деп оны өз қылышымен өлтірдім. Сосын Расулұллаһтың қасына бардым да:

– Әбу Жәһилді өлтірдім, - дедім. Аллаһқа мақтау, мадақ айтып:

– *Ол бұл үмметтің Перғауыны еді, - деді».* (Бұхари, Мағази 12; Ахмед I, 444; ибн Хишам II, 277; Уақиди I, 89-90)

Үммі Харисаның ұлы Бәдір ғазауатында жау жақтан қаңғып келген оққа ұшырап, шейіт болды. Осыдан кейін анасы Аллаһ Расулінің алдына келіп:

«Уа, Расулұллаһ, егер ұлым Хариса жәннатта болса, сабыр сақтап сауабын күтемін. Ал олай болмаса, ол үшін еңіреп жылаймын», - деді.

Расулұллаһ оған мына қуанышты хабарды айтты:

«Уа, Үммі Хариса, жәннатта көптеген дәрежелер бар. Ұлың осы дәрежелердің (ең жоғарғысы) Фирдаус Алада». (Бұхари, Жиһад 14; Ахмед III, 272)

Бұл сүйіншіден кейін Харисаның анасы күлімсіреп қайтты. Жолда өз-өзіне:

«Ой, пәлі. Сенің несібең зор екен, ей, Хариса!» - деген болатын. (Ибн Асир, Усдул Ғаба I, 426)

Бәдір ғазауаты Ислам мен иман өмірінің күресі болғандықтан, бұл алғашқы ұлы жиһадқа қатысқан таңдаулы сахабалар мұсылмандардың ең абзалы деген шарапатқа лайық болды. Хақ Тағала бұл соғыста періштелер әскерін де қолданды. Бәдірде ұлы жиһадқа қатысқан періштелер де басқа періштелерге қарағанда жоғары дәрежеге ие болды. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, Расулұллаһ! Бәдір соғысына қатысқандар жайында не айтасың?» - деп сұрағанда Әлемдердің Сұлтаны:

«Оларды мұсылмандардың ең абзалы деп санаймыз», - деп жауап берді.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) де былай деді:

«Біз де дәл солай. Бәдір соғысына қатысқан періштелерді петіштелердің ең абзалы деп санаймыз». (Бұхари, Мәғази 11)

Сол күні түске қарай соғыс мүминдердің жеңісімен аяқталды. Он төрт мұсылман шейіт болып, Әбу Жәһилді қосқанда жетпіс мүшрик өлтірілді, жетпіс шақтысы да тұтқынға алынды. Осылайша оңбаған мүшриктердің Бәдірге келуге батылы жеткенімен, дәметкен жеңістері өлім қайғысына тап болды. Күндері де өлең айтпақ түгіл жылап-сықтап аза тұтты. Әскерлеріндегі арабтардың қарнын

тойдырмақ түгіл оларды жаландаған тозақ шұқырларына толтырды.

Пайғамбарымыздың үстінде сауыты:

سَيُهْزَمُ الْجَمْعُ وَ يُوَلُّونَ الدُّبُرَ

«Ол топ жақын арада жеңіліске ұшырап, арттарына бұрылып қашады», - деген аятты оқып шатырынан шықты. (Бұхари, Жиһад 89)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бұл аят Меккеде түскен кезде өз-өзіме: «Жеңіліске ұшырайтын қай жамағат? Кімнен жеңіледі?»- деген едім. Бәдір күні Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы аятты оқығанын естігенімде, жеңілетіндігі білдірілген топтың Құрайш мүшриктері екендігін білдім. Аяттың тәпсірін сол күні үйрендім». (Ибн Сағд II, 25; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 312)

Ибн Аббас (радиаллаһу анһума):

اَلَمْ تَرَ اِلَى الَّذِينَ بَدَّلُوا نِعْمَةَ اللهِ كُفْرًا وَ اَحَلُّوا قَوْمَهُمْ دَارَ الْبَوَارِ

«Аллаһтың нығметтеріне шүкіршілік етуді қарсы келуге (күпірлікке) **айырбастап халқын құритын жаққа итермелегендерді көрмедің бе?»** (Ибраһим сүресі 28-аят) деген аятты тәпсір жасаған кезде былай деген:

«Аллаһқа ант етейін, олар Құрайш кәпірлері. Нанкөрлік жасап қарсы шыққан нығметтері Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Халқын құритын жаққа итермелеуі болса, Бәдір күні қауымдарын тозаққа айдаулары еді». (Бұхари, Мәғази 8; Тәфсир 14/3)



Ислам және иманның жеңісімен аяқталған Бәдір ғазауаты Аллаһтың шынайы әрі ықыласты құлдарына жәрдем еткен ұлық мұғжизасы. Одан алатын өте көп ғибраттар бар.

Бұл ұлы жеңістен соң мұсылмандарда менмендік сезімі пайда болмауы үшін Хақ Тағала мына аятты түсірді:

فَلَمْ تَقْتُلُوهُمْ وَلٰكِنَّ اللّٰهَ قَتَلَهُمْ وَمَا رَمَيْتَ اِذْ رَمَيْتَ وَلٰكِنَّ اللّٰهَ
رَمٰى وَلِيُبْلِىَ الْمُؤْمِنِينَ مِنْهُ بَلَٓاءً حَسَنًا اِنَّ اللّٰهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

«(Ей, пайғамбар) **оларды сендер өлтірмедіңдер, бірақ оларды Аллаһ өлтірді. Атқан кезде сен атпадың Аллаһ атты. Мұны муминдерді жақсы бір сынақпен сынау үшін** (жасады)**. Расында Аллаһ толық естуші, анық білуші».** (Әнфәл сүресі 17-аят)

Адам баласының күш-қуаты иләһи тағдырдың аясынан аспайды. Сондықтан былай айтылған:

لاَ حَوْلَ وَ لاَ قُوَّةَ اِلاَّ بِاللّٰهِ الْعَلِىِّ الْعَظِيمِ

«Ұлы және құдіретті Аллаһтан басқа (ешкімде) күш қуат жоқ». Өйткені алдын жоқ бола тұра тек Аллаһтың құдіретінің және берген сыйының арқасында бар болған барлық мақлұқаттың қолындағы әрбір нәрсесі Аллаһ Тағалаға тән. Осы себептен жалпы және негізгі қалау (кулли ирада) барлық оқиғаларды, іс-әрекетті әрі мақлұқатты қамтиды. Бұл қалаудың негізі жаратушыға тиісті. Бірақ адам баласы бұл өмірге сынақ үшін жіберілгендіктен оған қалаудың бір бөлігі (жузи ирада) берілген, әрі жақсылықты да, жамандықты да жасауға қабілет берілген. Бұл қабілетті қолдану болса, оның қалауына берілген.

Бәдірден оралу

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұшпанға тізе бүктірген кезде, әдет бойынша сол төңіректегі жазық жерде үш күн тұратын еді. Осылайша Бәдір соғысынан үш күн өткеннен соң Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйесін алып келуді бұйырды. Жол-жарағы түйеге артылды. Аллаһ Расулі жаяу жүре бастады. Асхабы да оның соңынан ілесіп бір-біріне:

«Расулұллаһ бір шаруамен бара жатыр-ау», - деді. Сөйтіп Хазіреті Пайғамбарымыз мүшриктер лақтырылған шұңқырдың жанына тоқтап, олардың аттарын атап:

«Уа, Әбу Жәһил? Уа, Үмәйә бин Хәләф? Уа, Ұтба бин Рабиғ? Уа, Шайба бин Рабиғ?» - деп дауыстап былай деді:

«Сендер Аллаһқа және Расуліне мойынсұнғандарыңда бұдан жақсы болмас па еді? Біз Раббымыздың бізге берген уәдесінің ақиқат екендігіне көзіміз жетті. Сендер де Раббыларыңның сендерге берген уәдесінің ақиқат екендігіне көздерің жетті ме?»

Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Жаны жоқ денелерге сөйлеп жатырсыз ба?! Олар өлгеннен кейін қалайша естіп сізге жауап береді? - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз:

– Мұхаммедтің нәпсісі (жаны) оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Олар менің айтқандарымды сендерден де жақсы естиді. Бірақ жауап бере алмайды! - деді. (Бұхари, Мәғази 8; Муслим, Жәннат 77)

Бәдірде соғыс аяқталғаннан кейін Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Пайғамбарымызға (аләйһиссалату уәссәләм) келіп:

– Ей, Мұхаммед! Аллаһ Тағала мені саған жіберді, сен (жәрдемімізге) разы болғанға дейін қасыңнан кетпеуімді бұйырды. Разымысың? - деді.

Екі дүниенің Пайғамбары:

– Иә, Разымын! - деґеннен кейін Жәбрейіл (аләйһиссәләм) қасынан кетті. (Уақиди I, 113; ибн Сағд II, 26-27)

Бұл ұлы жеңіспен Мәдина Мунаууара қуанышқа бөленіп, Мекке болса аза тұтты. Тіпті Әбу Ләһәб қайғы күйігінен жан тапсырды.[108]

Бірақ Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бауыры болған Хазіреті Руқияның қайтыс болуымен мұсылмандар арасындағы Бәдір жеңісінің қуанышы көпке созылмады.

Тұтқындардың жағдайы

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәдірде үш күн болғаннан кейін Мәдинаға оралды. Қолға түскен тұтқындардың жағдайын Хазіреті Әбу Бәкір, Хазіреті Али және Хазіреті Омар (радиаллаһу анһум әжмаин) сынды сахабалармен ақылдасты. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Аллаһтың Расулі! Олар біздің туысқандарымыз, әрі бауырларымыз. Меніңше олардан фидия (құтылу ақшасы) алғанымыз жөн. Олардан алған ақшамен бәлкім кәпірлерге қарсы күшейерміз. Мүмкін Аллаһ оларды һидаятқа (тура жолға) салып, олар да бізге жәрдемші болар, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз Хазіреті Омарға:

108. Ибн Хишам II, 289.

– *Ей, Хаттабтың ұлы! Сенің ойың қандай?* - деп сұрады. Сонда ол:

– Жоқ! Аллаһқа ант етейін, уа, Расулұллаһ! Мен Әбу Бәкірдің пікіріне қосылмаймын. Олардың басын шабуға рұқсат бер. Маған рұқсат беріңіз (туысқаным) пәленшенің басын шабайын. Алиге де рұқсат беріңіз (бауыры) Ақилдің басын шапсын. Хамзаға рұқсат беріңіз бауыры пәленшенің (Хазіреті Аббас) басын шапсын. Аллаһ жүрегімізде мүшриктерге деген мейірімділіктің жоқ екендігін жария етсін. Бұл тұтқындар мүшриктердің бетке тұтарлары, күпірдің қолбасшылары, - деді.

Ардақты Пайғамбарымыз Хазіреті Әбу Бәкірдің пікірін қолдады. (Муслим, Жиһад 58; Тирмизи, Сияр 18/1567; Ахмед I, 30-31, 383-384; Уақиди I, 107; ибн Сағд II, 22)

Өйткені олардың һидаятқа түсетіндігін және олардың арасынан Аллаһқа құлшылық ететін ұрпақ шығатындығын үміт еткен еді.

Осылайша кеңескеннен кейін қолға түскен тұтқындардан фидия алынып, олар босатылды. Фидия төлей алмайтындарды да қинамай, еш нәрсе алмастан босатты. Бірақ олардың оқу-жазу білетіндеріне Мәдиналық он балаға оқу-жазу үйрету міндеттелді. Осылайша олар да фидияларын өтеген болды. Уахиді жазғандардың бірі, кейіннен Құранды жинақтаған Зәйд бин Сәбит (радиаллаһу анһу) жазуды осылардан үйренген еді.

Аллаһ Тағала тұтқындар жайында және олардан алынған фидия жайында былай дейді:

مَا كَانَ لِنَبِيٍّ اَنْ يَكُونَ لَهُٓ اَسْرٰى حَتّٰى يُثْخِنَ فِى الْاَرْضِ تُرِيدُونَ
عَرَضَ الدُّنْيَا وَ اللّٰهُ يُرِيدُ الْاٰخِرَةَ وَ اللّٰهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿67﴾
لَوْلاَ كِتَابٌ مِنَ اللّٰهِ سَبَقَ لَمَسَّكُمْ فِيمَٓا اَخَذْتُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ ﴿68﴾
فَكُلُوا مِمَّا غَنِمْتُمْ حَلاَلاً طَيِّبًا وَ اتَّقُوا اللّٰهَ اِنَّ اللّٰهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿69﴾

«Ешбір пайғамбар жер жүзінде үстемдік жүргізбейінше тұтқын алуы дұрыс емес. Сендер дүниелік пайданы қалайсыңдар, ал Аллаһ (сендерге) **ақыретті қалайды. Аллаһ өте үстем, әрі өте дана. Егер де алдын Аллаһтан бір жазу** (үкім) **болмағанда** (фидия) **алғандарыңның салдарынан міндетті түрде сендерге қатты азап берілер еді. Енді олжаға алған нәрселеріңді адал, таза ретінде жеңдер. Аллаһтан қорқыңдар. Шынында Аллаһ аса жарылқаушы, өте мейірімді».** (Әнфәл сүресі 67-69 аяттар)

Хазіреті Омар айтады:

«Таңертең Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барғанымда Әбу Бәкір екеуі жылап отыр еді.

– Уа, Расулұллаһ! Досың екеуіңді жылатқан не нәрсе? Маған айтыңыздаршы. Жылауға тұрарлық болса, мен де жылайын. Жылауға тұрмайтын нәрсе болса, сізбен қосылып жылауға тырысайын, - дедім. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мына достарыңның тұтқындардан алған фидияларының себебінен қайғы-мұңға баттым. Маған олардың ұшырайтын азабының мына жанымдағы ағаштан да жақын екендігі көрсетілді, - деді. (Ахмед 1, 31; Муслим, Жиһад 58)



Аллаһ Тағала жаудың толығымен тізе бүгіп, дін үстем болмайынша және фитнә толығымен жойылмай тұрып тұтқынға алуға, олардан фидия алып босатып жіберуге разы болмаған. Сондықтан мұсылмандарға қатты ескерту жасаған. Фидия алудың астарында дүниелік нәрсеге деген құштарлық жатыр. Ал Аллаһтың қалауы ақыреттік бақытқа кенелу. Дін дұшпандарын толығымен бас идірмейінше тұтқынға алу муминдердің ақыреттегі бақытына кесірін тигізуі мүмкін

Ижтиһадтағы (ғалымдардың бір мәмілеге келуі) бір қателіктің себебінен сөгіс жасамау, Бәдір соғысына қатысқандарға азап жібермеу немесе ашықтан-ашық тыйым салынбаған бір істі жасаған кісіні жазаламау сияқты иләһи үкім «Ләухул Махфузда» жазылғандықтан Аллаһ Тағала мүминдерді кешіріп, алған олжаларын адал қылған және оларды жазаламаған.

Хақ Тағала тұтқындар мен құлдарға жақсы қарым-қатынас жасауды бұйырған.[109] Хазіреті пайғамбарымыздың да бұл жайында айтқан көптеген сөздері бар. Тіпті өмірінің соңғы сәттеріндегі сөздерінің бірі де мынадай еді:

«Намазға, әсіресе намазға қатты көңіл бөліңдер. Қолдарыңның астындағылар жайында да Аллаһтан қорқыңдар». (Әбу Дәуіт, Әдәб 123-124/5156; ибн Мәжә, Уасая 1)

Мағрұр бин Сууәйд былай дейді:

«Мен Әбу Зәрдің (радиаллаһу анһу) үстінен қымбат киім көрдім. Қызметшісі де дәл сол киімнен киген екен. Одан мұның себебін сұрадым. Әбу Зәр Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кезінде бір кісіні шешесіне

109. Ниса сүресі 36-аят.

қарап кемсіткендігін және бұған Хазіреті Нәбидің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дегенін айтты:

«Бойында жәһилият ахлағы бар адам екенсің. Олар сендердің қызметшілерің, мұнымен қоса бауырларың. Аллаһ оларды сендердің қамқорлықтарыңа берді. Кімде-кімнің қол астында бауыры бар болса, оған өзінің жегенінен жегізсін, кигенінен кигізсін. Оларға көтере алмайтын нәрселерді жүктемеңдер. Егер жүктей қалсаңыздар оларға жәрдем етіңдер». (Бұхари, Итқ 15; Муслим, Әйман 40)

Мұсаб бин Ұмәйрдің бауыры Әбу Азиз мына ғибратты оқиғаны түсіндіреді:

«Бәдір соғысында мен де тұтқынға түсіп, ансарлық кісілердің қолына тапсырылған едім. Аллаһ Расулі:

«Тұтқындарға жақсы қарым-қатынас жасаңдар!» - деп бұйырған еді. Оның бұл бұйрығын орындау үшін менің қарамағымда болған ансарлық кісілер таңертеңгі және кешкі үлестеріне түскен нандарын маған беріп, өздері құрманы қанағат тұтатын еді. Мен болсам ұялып нанды олардың біріне беретін едім. Ол да нанды еш түртпей маған қайта беретін. (Хайсәми VI, 86; ибн Хишам II, 288)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабаларының осындай мәрттік әрекеттері орта ғасырдағы зұлымдық пен әділетсіздіктің шарықтап тұрған кезінде қияметке дейін бүкіл адамзатқа үлгі боларлық тамаша әрекет болды. Аллаһ Расулі адамдарға жақсылықпен және жылы шыраймен қарым-қатынас жасап, оларға іс-әрекетімен тәблиғ жасау арқылы көңілдерін аулап, содан кейін Исламды түсіндіретін еді. Бәдір тұтқындарының көпшілігі осы тамаша қарым-қатынастың арқасында мұсылман болды.

Ислам құл иеленушілікті[110] қолдамаған, әрі адамдарды да бұған үгіттемеген. Бірақ қоғамдағы мұндай әрекеттерді көріп оны дереу тоқтату халық арасында түсініспеушілікке себеп болатындығын біліп, толығымен жоюдың орнына оның қағидаларын қойып құлдың құқығын жүйеге келтіру қажет болды.

Исламның қойған принципі құл мен иесінің арасын жақындатады және құлдарды құтқаруға көмектеседі. Мысалы, бір кісі қателікпен адам өлтірсе, бұл қателігіне «кәффәрат» ретінде бірінші, бір құл азат етуді бұйырады. Екінші, ол адамның отбасымен келісіп белгілі мөлшерде күміс және түйе беріп құнын төлеуді шарт қылған. Егерде бір мұсылман қажылық ғибадатында қателік жасаса, тағы да оның кәффәрәтын құл азат етуге бұйырады. Ал ант етіп, қасам ішсе, зыхар[111] жасаса немесе оразаны бұзса бұларға кәффәрәт үшін ең алдымен тағы да құл азат ету міндеттелген. Кейбір амалдардың сауабының көп екендігін білдіргенде:

«Мұнша құл азат етумен барабар», - деп адамдарды еркіндікке, қауыштырудың абзал іс екендігін көрсеткен. Мұнымен қоса жазықсыздан-жазықсыз бейкүнә кісіні құл ету ең үлкен күнәлардың бірі болып табылады. Егер мұндай жолдар арқылы құл болған кісілер болса, оларға дұрыс мәміле жасау керектігі бұйырылады.

Ислам құлдың иесіне әрдайым: «Жегеніңнен жегіз, ішкеніңнен ішкіз, кигеніңнен кигіз, ауызы берік кезде ауыр жүк немесе ауыр іс жүктеме, оның мұқтаждықтарын

110. Бұл жерде тұтқын және құлдық мәселелері бірге қолға алынып отыр. Өйткені құлдықтың негізі тұтқындықта жатыр. Соғыста тұтқынға түскендер құл етіледі.

111. Зыхар - бір кісінің әйеліне: «сенің арқаң маған анамның арқасы сияқты» - деп, оны өзіне харам етуі. Ислам бұл жәһилиет кезіндегі әдетке тыйым салып, мұны жасаған кісіге кәффәрәт беруді бұйырған.

өте!» - деп бұйырады. Мұмин үшін құл азат ету құтылудың оңай жолы ретінде көрсетіледі. Құлдарға құқық бергені соншалық, бұлар орындалған кезде құл иеленуден көрі құл иеленбегені өте қайырлы сияқты болады. Яғни құл иелену құл болу деген сөз.

Сондықтан Ислам құлдыққа түскендердің есіктерін жабылғанынша жауып, одан шығатын есіктерді барынша ашқан және осы жағдайдағы кісілердің еркіндікке қауыштырылуын әрдайым үгіттеп, осыған ынталандырған.

Адамзаттың Асыл Тәжі болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұтқындардың арасындағы әкесінің інісі Аббасқа:

– Ей, Аббас! Сен өзің дәулетті адамсың. Өзің үшін, бауырыңның ұлдары Ақил, Нәуфәл бин Харис үшін және араларыңда келісімі бар Ұтба бин Амр үшін фидия төле! - дейді.

Аббас болса:

– Уа, Расулұллаһ! Мен мұсылманмын. Құрайш мені зорлап соғысқа шығарды? - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сенің мұсылмандығыңды тек Аллаһ біледі. Айтқаның рас болса Аллаһ сөзсіз сауабын молынан береді. Бірақ сен бұл сөзіңмен бізге қарсы шықтың. Сондықтан фидияңды өтеуің керек, - деп, оның жанындағы сегіз жүз дирхам алтынды соғыс олжасы ретінде алды.

Сонда Аббас:

– Уа, Расулұллаһ! Еш болмаса бұны фидияның орнына есепте, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Жоқ! Ол Аллаһтың бізге нәсіп еткен олжасы*, - деді.

Аббас:

– Уа, Расулұллаһ! Ендігі өмірімде мені тіленші болуға мәжбүрлеме, - деді.

Сол кезде Аллаһ Расулі:

– *Ей, Аббас! Әйелің Үммұ Фадлға берген алтындарың ше?* - деп сұрағанда Аббас:

– Қандай алтын? - деді

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Есіңде ме? Сен Меккеден жолға шығатын күні, өздеріңмен бірге Аллаһтан басқа ешкім жоқ кезде әйелің Үмму Фадлға: «Бұл жорықта басыма не келерін білмеймін. Егер жазатайым бір нәрсе бола қалса мұншасы сенікі болсын, мұншасы Убайдуллаһқа, мұншасы Фадлға, мұншасы Құсамға, мұншасы да Абдуллаһқа», - деп айтқан алтының»*, - деді.

Бұл сөздерге аң-таң қалған Аббас:

– Сені Пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етейін, мұны менімен Үмму Фадлдан басқа ешкім білмеуші еді. Күдіксіз сен Аллаһтың Расулісің! - деді. (Ахмед I, 353; ибн Сағд IV, 13-15)

Бәдір тұтқындарының арасында Пайғамбардың күйеу баласы, Хазіреті Зейнептің күйеуі Әбул Ас бин Раби да бар еді. Әбу әл-Ас Меккеде байлық пен сауда-саттықта алдыңғы қатардағы болған сенімді кісі болатын. Оның шешесі Халә бинти Хуайлид Хазіреті Хадишаның сіңлісі еді. Хадиша анамыз жиені Әбул Асты өз ұлындай көретін еді.

Құрайш мүшриктері Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күйеу балаларына:

– Сендер Мұхаммедтің қыздарын алып оның дертіне дауа болдыңдар. Қыздарын қайтарып жіберіңдер, олармен басы қатсын, - деді. Дәл осылай Әбул Асқа да:

– Әйеліңмен ажырас! Сені Құрайш әйелдерінің ішінен қалағаныңмен үйлендіреміз, - деді. Бірақ Әбул Ас:

– Жоқ! Аллаһқа ант етейін мен әйеліммен ажыраспаймын, әрі оның орнына Құрайш әйелдерінің еш бірін қаламаймын, - деді.

Меккеліктер тұтқындағыларға фидия жібере бастағанда Хазіреті Зейнеп те Абул Асқа біраз дүниемен бірге, үйленген кезінде шешесі Хадишаның (радиаллаһу анһа) өзіне сыйлаған алқасын да жіберді. Аллаһ Расулі ол алқаны көрген кезінде өте қатты әсерленіп:

– Егер Зейнептің тұтқынын босатып, мал-мүлкін де қайтарып беруді жөн көрсеңдер, солай етіңдер, - деді.

Мұсылмандар:

– Жарайды, уа, Расулұллаһ - деп, Әбул Асты босатып жіберді. Жіберілген мал-мүлік пен алқаны да Хазіреті Зейнепке қайтарып берді. Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) қызы Зейнепті Мәдинаға жіберуі үшін Әбул Астың келісімін алып, оны босатқанда осылай шарт қойған еді. Бірақ бұл Аллаһ Расулі мен оның арасында қалып, ешкімге айтылмауы керек еді. (Ибн Хишам II 296-297; Әбу Дәуіт, Жиһад 121/2692; Ахмед VI, 276)

Үмәйр бин Уахбтың ұлы Уахб та Бәдірде тұтқындалған еді. Үмәйр Құрайыш мүшриктерінің кеңесшісі әрі қаһарманы болатын. Меккеде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә

сәлләм) пен асхабына өте көп жәбір көрсеткен еді. Үмәйр бір күні Хижр деген жерде Сәфуан бин Үмәйямен бірге отырып Бәдірде шұңқырға лақтырылғандарды және бастарынан өткендерді айтып берді. Сәфуан бин Үмәйя:

Аллаһқа ант етейін, олар мұндай жағдайға ұшырағаннан кейін өмір сүрудің не керегі бар, - деді.

Үмәйр:

– Дұрыс айтасың! Менің қарыздарым, бала-шағам бар. Егер мен өліп кетсем олар аш-жалаңаш қалады. Бұлар болмағанда сөзсіз барып Мұхаммедті өлтірер едім. Әрі мені қабыл етулеріне сылтауым да бар. «Тұтқындағы ұлым үшін келдім» деймін. Естуімше ол базарда да жүреді екен, - деді.

Сәфуан Үмәйрдың бұл сөзіне қуанып:

– Қарыздарыңды маған таста. Сенің орныңа мен өтеймін. Бала-шағаңа да, өз бала-шағаммен бірге тірі болғанынша мен қараймын. Күнкөрісін жақсылап қамтамасыз етемін, - деді.

Үмәйр қылышын жақсылап қайрап, улаттырды. Сәфуан болса көлігі мен керек-жарағын дайындатты. Үмәйр Мәдинаға келіп мешіттің алдына тоқтады. Түйесін байлап, қылышын асынды. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) оны көрісімен:

– Бұл Аллаһтың дұшпаны Үмәйр ғой. Аллаһ атымен ант етейін, ол жамандық үшін келді. Арамызға от салған, Бәдір күнінде де құрайштықтарға санымызды білдірген ол емес пе? - деп, артынша Аллаһ Расуліне барды:

– Уа, Расулұллаһ! Мына Аллаһтың дұшпаны Үмәйр қылышын асылып келіп тұр, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Оны маған жіберіңдер, - деді. Омар (радиаллаһу анһу) қайтып келіп оның мойнындағы қылышынан мықтап ұстап, жанындағы ансарлық кісілерге:

– Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына кіріп отырыңдар. Оны мына жексұрыннан қорғаңдар. Өйткені ол сенімді адам емес,- деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз болса:

– Ей, Омар оны қоя бер! Ей, Үмәйр сен де маған жақында! - деп, артынан Үмәйрдың не үшін келгендігін сұрады. Үмәйр:

– Тұтқынға түскен ұлым үшін келдім. Оған дұрыстап қараңыздар, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олай болса мойныңдағы қылыштың керегі не?- деп сұрады.

Үмәйр:

– Қылышты қарғыс атсын. Бізге олардың қандай пайдасы тиді? - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтадан:

– Маған шыныңды айт. Сен бұл жерге не үшін келдің? - деп сұрады.

Үмәйр:

– Мен басқа шаруамен емес, тек сендерде тұтқында отырған ұлым үшін келдім, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссәләту уә сәлләм):

– Сен Хижрда Сәфуанға қандай шарт қойдың? - деп сұрағанда Үмәйр қорқып:

– Мен оған қандай шарт қойыппын? - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз олардың әңгімелерін әрбір сөзіне дейін айтып берді де:

– Аллаһ ол істі істеуіңе жол бермей саған кедергі болды, - деді.

Сосын Үмәйр:

– Мен куәлік беремін, сен шын мәнінде Аллаһтың Расулісің. Уа, Расулұллаһ! Біз саған көктен хабар келетіндігін және саған уахи түсетіндігін жалғанға шығардық. Бұл істі Сәфуан екеумізден басқа ешкім білмейтін еді. Аллаһқа ант етейін бұл хабарды саған тек Аллаһ білдірді. Мені Исламға кіргізген және бұл жерге алып келген Аллаһқа мақтаулар болсын, - деп, кәлима шәһәдәт айтты. Содан кейін Аллаһ Расулі:

– Бауырларыңа дінін жақсылап түсіндіріңдер. Оған Құран оқуды үйретіңдер. Тұтқынын да босатыңдар, - деді.

Пайғамбардың айтқандары дереу орындалды. Үмәйр:

«Уа, Расулұллаһ! Мен Аллаһтың нұрын сөндіруге тырысып, мұсылмандарға қатты жәбір көрсеткеннің бірімін. Рұқсат етсеңіз Меккеге барып Меккелік мүшриктерді Аллаһқа, Расуліне және Исламға шақырайын. Бәлкім Аллаһ оларға һидаят нәсіп етер, - деді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) та оған рұқсат берді.

Осы кезде болып жатқан оқиғадан хабарсыз Сәфуан бин Үмейя Меккелік мүшриктерге:

«Бірнеше күннің ішінде қуанышты хабар естисіңдер. Ол сендерге Бәдірдің қайғысын ұмыттырады!», - деп, келген кәпірлерден хабар сұрастырып жатты. Соңында оған бір атты кісі Үмәйрдың мұсылман болғанын айтты.

Үмәйр бин Уәхб (радиаллаһу анһу) Меккеге келгеннен кейін адамдарды Исламға дағуат жасауға кірісті. Қарсы шыққандардың сазайын берді. Оның арқасында көптеген кісі мұсылман болды. Бір күні Хазіреті Үмәйр Қағбаның жанында Үмәйямен кездесіп, оған:

«Сен бетке тұтарларымыздың бірісің! Біздің тастарға табынатынымызды және оларға құрбан шалатынымызды көрмей жүрсің бе? Дін осы ма? Мен куәлік беремін, Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Мұхаммед те Аллаһтың құлы әрі Расулі!» - деді. Сәфуән оған бір ауыз сөз де айта алмай, ауызына құм құйылды. (Ибн Хишам II, 306-309 Ғ. Уақиди I, 125-128; ибн Сағд IV, 199-201)

Бұл оқиға «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген мақалдың ең тамаша мысалы болып, мүминдердің көңілінде орын алды.

Бәдірде мүшриктердің бетке тұтарлары өлтіріліп, қолға түскен тұтқындарының қолдары мойындарына байланып, Мәдинаға алып келген кезде Аллаһ Тағала Мәдинадағы мүшриктерді, мунафиқтарды және яһудилерді масқара қылды. Абдуллаһ бин Убәй мен оның соңынан ерген Мәдиналық мүшриктер: «Енді жеңіс пен үстемдік оған ауыды!» - деп Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға кіргендіктері жайлы сөз беруге мәжбүр болды.[112]

112. Бұхари, Тәфсир 3/15; Уақиди I, 121.

Олжа жайындағы үкім

Олжа жайындағы Ислам қағидасы әлі нақты болмағандықтан Бәдірде алынған олжаларды үлестіруде келіспеушілік шықты. Мұнымен қоса Бәдірде бауыры шейіт болған Сағд бин Әби Уаққас өзі өлтірген Саид бин Астың қылышын алып Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барды да бұл қылышты өзіне сұрады. Міне, осындай жағдайлардан кейін Бәдірден қайтпай тұрып, әрі олжалар үлестірілмей тұрып Әнфәл сүресінің алғашқы аяты түсті:

يَسْأَلُونَكَ عَنِ الْاَنْفَالِ قُلِ الْاَنْفَالُ لِلّٰهِ وَ الرَّسُولِ فَاتَّقُوا اللّٰهَ
وَ اَصْلِحُوا ذَاتَ بَيْنِكُمْ وَ اَطِيعُوا اللّٰهَ وَ رَسُولَهُٓ اِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

«Олар сенен (соғыста түскен) **олжа жайында сұрайды.** (Оларға) **Былай де: Олжалар Аллаһқа және Пайғамбарына тән. Олай болса шын мүмин болсаңдар Аллаһтан қорқып, араларыңды түзелтіңдер. Әрі Аллаһқа және Расуліне мойынсұныңдар».** (Әнфәл сүресі 1-аят)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаларды Мәдинаға жақын жерде соғысқа қатысқан мужаһидтерге теңдей етіп орын-орнымен үлестірді.[113]

Кейінірек соғыс олжаларына байланысты егжей-тегжейлі үкімдерді қамтыған осы сүренің 41-ші аяты түсті:

113. Ахмед I, 178; V, 323-324; Әбу Дәуіт, Жиһад 144-145/2737-2744.

وَاعْلَمُوٓا اَنَّمَا غَنِمْتُمْ مِنْ شَيْءٍ فَاَنَّ لِلّٰهِ خُمُسَهُ وَ لِلرَّسُولِ وَ لِذِى الْقُرْبٰى وَالْيَتَامٰى وَالْمَسَاكِينِ وَابْنِ السَّبِيلِ اِنْ كُنْتُمْ اٰمَنْتُمْ بِاللّٰهِ وَمَٓا اَنْزَلْنَا عَلٰى عَبْدِنَا يَوْمَ الْفُرْقَانِ يَوْمَ الْتَقَى الْجَمْعَانِ وَ اللّٰهُ عَلٰى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Егер Аллаһқа иман келтірген болсаңдар, әрі дұрыс пен бұрыстың айырылған күні, екі топтың қарсыласқан (Бәдір) **күні құлымызға түсірген аяттарымызға иман келтірген болсаңдар, онда олжалап алған нәрселеріңнің бестен бірі Аллаһқа тән. Сондай-ақ Пайғамбарға, жақындарына, жетімдерге, міскіндерге және жолда қалғандарға тән екендігін біліңдер. Аллаһтың барлық нәрсеге толық күші жетеді».** (Әнфәл сүресі 41-аят)

Бұл жоғарыда аятта айтылғандай олжаның бестен бірі Аллаһқа, Расуліне, оның туысқандарына, жетімдерге, жоқ-жітікке және жолда қалғандарға тән.

Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне түскен үлесті отбасының мұқтаждығына жұмсап, артылғанын бәйтүл малға (қазынаға) салды. Мұны да мұсылмандардың мұқтаждығына және әскердің шығынына жұмсады.[114]

Амр бин Абәсә (радиаллаһу анһу) айтады:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құбыла жаққа сұтра[115] ретінде олжадан түскен бір түйені қойып,

114. Бұхари, Фарайд 3, Хумус 1, Нафақат 3; Муслим, Жиһад 49.
115. Сұтра – перде, арқылы жабдықталатын жер деген мағынаны білдіреді. Сұтра намаз оқыған кісінің алдына қойылады. Намаз кезінде алдынан кесіп өткен кісінің намазға кедергі келтіруіне жол бермейді.



бізге имам болып намаз оқыды. Намаз біткеннен соң түйенің бүйірінен бір қыл алып (қолына ұстап көрсетіп):

«Түскен олжаның бестен бірінің артығы мынадай болса да маған халал емес. Мұнымен қоса хумус та (5/1) сендерге қайтарылуда (сендер үшін жұмсалуда)», - деді. (Әбу Дәуіт, Жиһад 149/2755)

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолында болған әрбір нәрсесін асхабының мұқтаждарына беретін. Көбінесе өзінің үйінде бірнеше күн бойы от жанбайтын, тамақ пісірмейтін. Тіпті оның отбасының бір күндік жейтін тағамы да болмайтындығы көптеген риуаяттарда бар. Оның осы жайындағы мінез-құлқы мына риуаяттарда ап-айқын көрсетілген:

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бахрейннен дүние-мүлік алып келді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Оны мешітке төгіңдер», - деді. Бұл дүние-мүлік (осы кезге дейін) Аллаһ Расуліне әкелінген мал-мүліктің ең көбі болатын. Расулулллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазға барды, бірақ әлгі дүниеге еш көңіл бөлмеді. Намаз біткеннен кейін дүние-мүліктің қасына келіп, әрбір көрген адамға одан бере бастады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір дирхам қалмағанға дейін барлығын таратқаннан соң ғана ол жерден кетті». (Бұхари, Салат 42, Жизя 4, Жиһад 172)

Құран Кәрімдегі Әнфәл сүресі хижреттің екінші жылы Мәдинада түскен болатын. Басым бөлігі Бәдір соғысы жайында болғандықтан, әрі Бәдір күндерінде түскендіктен бұл сүре «Бәдір сүресі» деп те аталады.

Шейіттік мәртебе

Шейіттік мәртебе – муминнің бұл дүниеде қол жеткізе алатын ең жоғарғы, ұлы мәртебесі. Жәннаттың ең төменгі дәрежесінің өзі дүниедегі барлық нәрседен де қайырлы болғандықтан шейіт болған кісі мәртебесінің ұлылығының арқасында және жәннатта көрген сыйлығының себебінен дүниеге қайта-қайта келіп, қайта-қайта шейіт болуды қалайды. Хақ Тағала былай дейді:

وَ لَئِنْ قُتِلْتُمْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ اَوْ مُتُّمْ لَمَغْفِرَةٌ مِنَ اللّٰهِ وَرَحْمَةٌ خَيْرٌ مِمَّا يَجْمَعُونَ

«Егер Аллаһ жолында өлтірілсеңдер немесе өлсеңдер әрине Аллаһтың жарылқауы мен мархабаты олардың барлық жиған-тергенінен де қайырлы». (Әли Имран сүресі 157-аят)

Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге имам болып намаз оқып жатқанда бір кісі келді. Сапқа тұрғаннан кейін:

– Аллаһым, маған ізгі құлдарыңа бергеніңнің ең абзалын бер! - деп дұға жасады. Ардақты Пайғамбар намазды бітіргеннен кейін:

– Әлгінде дұға жасаған кім еді? - деп сұрады. Ол кісі:

– Мен болатынмын уа, Расулұллаһ! - деді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):



– Олай болса атың жығылып, Аллаһ жолында шейіт етілесің, - деді. (Хаким I, 325/748)

Хазіреті Пайғамбарымыз асхабының кейбірінің шейіт болатындығын алдын ала сүйіншілейтін. Соғысқа аттанатын кезде Аллаһтан жарылқау мен мейірімділік тілеп дұға жасаған сахаба сол соғыста шейіттік мәртебесіне жететін. Амир бин Акуаға (радиаллаһу анһу) осылай дұға жасағанда, ол көп ұзамай Хайбарда шейіт болды.[116]

Хазіреті Пайғамбарымыз өз дұғаларында жарылқау тілеуі шейіт болудың, оған жетудің ұлы мәртебе екендігіне дәлел. Расулұллаһтың дұғасының осылайша іске асқандығын, яғни қабыл болғандығын көрген асхабы кирам ол дұғаларды шейіттік сүйінші деп түсінген.

Әбу Қатададан (радиаллаһу анһу) келген риуаятта Хазіреті Пайғамбарымыз бір күні асхабының арасында орнынан тұрып:

– Аллаһ жолындағы жиһад пен Аллаһқа иман келтіру амалдардың ең абзалы, - деп ескертті. Осыдан кейін бір кісі орнынан тұрып:

– Уа, Расулұллаһ! Егер де Аллаһ жолында өлтірілсем бұл менің күнәларыма кәффәрат (жарылқау) болады ма? - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– Иә, егер де сабыр етіп, сауабын тек Аллаһтан күтіп, соғыс майданынан қашпай жауға қарсы тұрып өлтірілсең күнәларыңа кәффәрат болады. Бірақ қарыздарың бұдан бөлек. Мұны маған Жәбрейіл айтты, - деді. (Муслим, Имара 117; Тирмизи, Жиһад 33/1712)

116. Муслим, Жиһад 123,132; Бұхари, Мағази 138.



Мына риуаятта да былай айтылады:

«Шейіттің құл ақысынан басқа барлық күнәларын Аллаһ жарылқайды». (Муслим, Имара 119)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні сахабаларына былай дейді:

«Түнде түсімде екі адамды көрдім. Қасыма келіп мені бір ағаштың басына шығарды, кейін мені бір үйге алып барды. Бүгінге дейін ондай әсем әрі зәулім үй көрмедім. Сосын әлгі екі кісі маған:

«Бұл теңдессіз үй – шейіттердің сарайы, - деді». (Бұхари, Жиһад 4, Жанаиз 93)

Хазіреті Пайғамбарымыз асхабының шейіт болғандарымен өте тығыз байланыста болып оларға ерекше көңіл бөлген. Олардың жәннатта екендіктерін сүйіншілеп, олардың туған-туыстарын жұбатқан және сахабаларды шейіттік мәртебеге ынталандырған.

Жәбир (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Әкеміздің мұсла[117] жасалған денесі Хазіреті Пайғамбарымыздың алдына әкеліп қойылды. Жүзін ашайын деп жақындап едім, бірақ ол жердегі халық мені қайғырмасын деп, бетін аштырмады. Сол кезде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Періштелер оны қанаттарымен тоқтаусыз көлеңкелеуде», - деді. (Бұхари, Жанайз 3, 35, Жиһад 20; Муслим, Фадайлус Сахаба 129-130)

117. Мұсла - өлтірілген кісінің мұрнын, құлағын және басқа да мүшелерін кесіп, көздерін ою. Расулуллаһ (саллалаһу аләйһи уәсәлләм) адамдарға тіпті жануарларға да мұсла жасауды қатаң түрде тыйым салған. (Бұхари, Мәзәлим 30, Зәбәих 25; Әбу Дәуіт, Жиһад 110)

Шейіт болу негізінен өлу емес, біз түсіне алмайтын басқа өмірде мәңгілік нығметтерге кенелу деген сөз. Міне, сондықтан Аллаһ Тағала шейіт болған құлдарын «өлі» деп атамауды бұйырған. Аятта былай айтылады:

وَ لاَ تَقُولُوا لِمَنْ يُقْتَلُ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ اَمْوَاتٌ
بَلْ أَحْيَآءٌ وَلٰكِنْ لاَ تَشْعُرُونَ

«Аллаһ жолында өлтірілгендерді «өлілер» демеңдер. Олар тірі, бірақ сендер сезіп біле алмайсыңдар». (Бақара сүресі 154-аят)

وَ لاَ تَحْسَبَنَّ الَّذِينَ قُتِلُوا فِى سَبِيلِ اللّٰهِ اَمْوَاتًا بَلْ اَحْيَآءٌ
عِنْدَ رَبِّهِمْ يُرْزَقُونَ ﴿169﴾ فَرِحِينَ بِمَآ اٰتَاهُمُ اللّٰهُ مِنْ فَضْلِه
وَ يَسْتَبْشِرُونَ بِالَّذِينَ لَمْ يَلْحَقُوا بِهِمْ مِنْ خَلْفِهِمْ اَلاَّ خَوْفٌ عَلَيْهِمْ
وَلاَ هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿170﴾ يَسْتَبْشِرُونَ بِنِعْمَةٍ مِنَ اللّٰهِ وَ فَضْلٍ
وَ اَنَّ اللّٰهَ لاَ يُضِيعُ اَجْرَ الْمُؤْمِنِينَ ﴿171﴾

«Аллаһ жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі. Раббыларының қасында ризыққа бөленуде. Аллаһтың кеңшілігінен өздеріне берген нәрселеріне қуанып, әрі әзірше арттарында қалып өздеріне қосылмағандарды: оларға ешқандай қорқыныш жоқ, әрі олар қайғырмайды, деп сүйінші сұрағылары келеді. Олар Аллаһтың нығметі мен кеңшілігін және Аллаһтың мүминдердің сауабын босқа жібермейтінін сүйіншілейді». (Әли Имран сүресі 169-171 аяттар)

Бүкіл Әлемнің Жаратушысы тарапынан мадақталған шейіттердің адамдар тарапынан да еске алынып, тағзым етілетіндігін Зия Патша мына өлең шумағымен өте тамаша жеткізеді:

Адамзат тағзым етер махшарға дейін атына

Кім жанын пида етсе халқының жәрдеміне...

«Кімде-кім адамдарға жәрдем етіп, олар үшін жанын пида етсе, бүкіл адамзат қияметке дейін ол кісіні құрметпен еске алады».

Қиямет күні шейіттер денелері жаңадан жараланғандай аққан қанымен және бұл қан айналасына жайылған мискке (әтір) ұқсас хош иісімен танылады. Адамдар олардың абзалдығына және құрметтілігіне куә болады. Осы себептен шейіттердің мүбәрак қаны мен денесі жуылмайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаланың құлдарына шейіт болар кезде көрсеткен жеңілдігін былай түсіндіреді:

«Сендердің бірің құмырсқаның шаққанынан қаншалықты қиналсаңдар, шейіт болған кісі өлімнен соншалықты қиналады». (Тирмизи, Фадайлул Жиһад 26/1668; Нәсаи, Жиһад 35; ибн Мәжә, Жиһад 16)

Аллаһ Тағала құлдарын шейіттікке былай үгіттейді:

فَلْيُقَاتِلْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ الَّذِينَ يَشْرُونَ الْحَيٰوةَ الدُّنْيَا بِالْاٰخِرَةِ وَ مَنْ
يُقَاتِلْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ فَيُقْتَلْ اَوْ يَغْلِبْ فَسَوْفَ نُؤْتِيهِ اَجْرًا عَظِيمًا

«Ендеше дүние тіршілігін ақыретке айырбастағандар Аллаһ жолында соғыссын. Ал кімде-кім Аллаһ жолында



соғысып өлтірілсе немесе жеңіске жетсе біз оған үлкен сыйлық береміз». (Ниса сүресі 74-аят)

Шын ықыласпен шейіттікті қалаған Пайғамбар бұл сезімін былай жеткізеді:

«Үмметіме ауыр соқпағанда ешқандай жорықтан қалмай, барлығына қатысар едім. Аллаһ жолында шейіт болып, сосын тіріліп қайтадан шейіт болып және тіріліп қайтадан шейіт болуды қалар едім». (Бұхари, Иман 26; Муслим, Имара 103, 107)

Бір күні Расулұллаһ Хазіреті Омардың үстіне киген көйлегін көріп:

– Бұл көйлегің жаңа ма, жоқ әлде жуылған ба? - деп сұрады.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

– Жоқ жаңа емес, жуылған көйлек, - дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жаңасын ки, (Аллаһқа) мақтау айтып өмір сүр, шейіт болып өл», - деді. (Ахмед II, 89)

Хазіреті Пайғамбар осылайша Хазіреті Омардың шейіт болатындығын сүйіншілеген еді.

Тағы бірде сүйікті Пайғамбарымыз Хазіреті Әбу Бәкір, Омар, Османдармен (радиаллаһу анһум әжмаин) бірге Ұхұд тауына шыққан еді. Осы кезде тау сілкіне бастады. Сонда Расулұллаһ аяғымен жерді теуіп былай деді:

«Тыныштал ей, Ұхұд! Сенің үстіңде бір пайғамбар, бір сыддық (растаушы) және екі шейіт бар». (Бұхари, Асхабун Нәби 6; Тирмизи, Манақиб 18/3703; Нәсаи, Ахуаз 4)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) да:

«Аллаһым мені өзіңнің жолыңда шейіт болып және Расуліңнің мекенінде өлтіріп бақытты қыл», - деген тілекте болатын. (Бұхари, Фадайлул Мәдина 12) Аллаһ та оны бұл мәртебеге қауыштырды. Хазіреті Омардың қызы Хафса анамыз былай дейді:

Әкемнің бұл дұғасын естігенде аң-таң болып:

– Сонда бұл қалай? (Әрі Мәдинада өліп, әрі шейіт болуды қалайсың!) - дедім. Ол:

– Аллаһ қаласа мұны іске асырады, - деді.

Хазіреті Омар шейіт болғанға дейін халық оның бұл дұғасына таңданып, соңы қалай болар екен деп күтіп жүрді. (Ибн Хажар, Фәтхул Бари IV, 101)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрбір мұсылманның шейіт болуды қалау керек екендігін мына сөздерімен де жеткізеді:

«Аллаһ Тағаладан шын жүректен шейіт болуды тілеген кісі төсегінде өлсе де Аллаһ оған шейіттік мәртебесін нәсіп етеді». (Муслим, Имара 157; Нәсаи, Жиһад 36)

«Шейіт болуды шын көңілімен қалаған кісі шейіт болмаса да оның сауабын алады». (Муслим, Имара 156)

Мұнымен қоса Аллаһ Расулі кейбір кісілерді де шейіт үкімінде қабыл еткен. Бірде сахабаларына:

– Сендер кімдерді шейіт деп санайсыңдар? - деп сұрады. Сахабалар:

– Уа, Расулұллаһ! Кімде-кім Аллаһ жолында өлтірілсе ол кісі шейіт, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз:

– Олай болса үмметімнің шейіттері өте аз, - деді.

Ардақты сахабалар:

– Сонда шейіт кімдер, уа, Расулұллаһ! - деді.

Сонда ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһ жолында өлтірілген – шейіт, Аллаһ жолында өлген – шейіт, жұқпалы аурудан өлген – шейіт, іші өтіп өлген – шейіт, суға батып өлген де – шейіт, - деді. (Муслим, Имара 165; ибн Мәжә, Жиһад 17)

Басқа риуаяттарда да Пайғамбарымыз (аләйһиссәләту уә сәлләм) малы, қаны, діні және жанұясы үшін өлтірілген кісілердің де шейіт екендігін атаған.[118]

Пайғамбарымыздың қызы Хазіреті Зейнептің Мәдинаға келуі

Бәдірде тұтқындалған Пайғамбарымыздың күйеу баласы Әбу әл-Ас босатылып Меккеге оралғаннан кейін жұбайы Зейнептің (радиаллаһу анһа) Мәдинаға баруына рұқсат берді. Бәдірден бір ай немесе бір айға жуық уақыт өткеннен соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зәйд бин Хариса мен ансарлық бір кісіні аттандырып оларға:

«Яжиж ойпатына барып Зейнеп келгенге дейін сол жерде күтіңдер. Зейнеп келгеннен кейін оны маған алып келерсіңдер», - деді.

Әбу әл-Ас Зейнепке (радиаллаһу анһа) әкесінің қасына баруын айтты. Ол да дайындалып, түйенің өркешіне

118. Бұхари, Мәзәлим 33; Муслим, Иман 226; Әбу Дәуіт, Сүнән 28-29; Тирмизи, Дият 21.

қойылған хаудажға (кішкене үйшік) отырды. Әбу әл-Астың бауыры Кинана садақ, қорамсабын иығына асынып, түйені жетектеп күндіз Меккеден жолға шықты. Бұл жағдай Құрайш мүшриктерінің арасында сөз болды. Сосын бірнеше кісі Хазіреті Зейнепті кері қайтару үшін дереу жолға аттанды.

Зитууа деген жерге келгенде оларды қуып жетті. Хаббар бин Әсуад найзасымен хаудаждың ішіндегі Зейнепті (радиаллаһу анһа) ұрып тастың үстіне құлатты. Ол кезде Хазіреті Зейнеп жүкті болатын. Қан-жоса болып сол жерде баласын түсіріп алды. Хазіреті Зейнеп қатты қиналды. Кинана еңкейіп қорамсабынан жебе алып:

– Ешкім жақындамасын! Әйтпесе жайратып саламын! - дегеннен кейін, қуып келген кісілер соңына түсуін қойды.

Әбу Суфян бірнеше Құрайш мүшриктерімен ол жерге барып Кинанаға:

– Ей, адам! Бізге оқ атудан бас тарт. Сенімен сөйлесейік, - деді.

Кинана оқ атуын тоқтатты. Әбу Суфян Кинананың қасына барып:

«Сен дұрыс істемедің. Бір әйелді жұрттың көзінше, ашықтан-ашық шығарып салдың. Сен Мұхаммедтің кесірінен басымызға түскен қиыншылық пен машақатты білесің. Халықтың көзінше оның қызын емін-еркін арамыздан алып, оған апаратын болсаң, адамдар мұны басымызға түскен пәлекеттен туындаған қорлық, біздің әлсіздігіміздің, шарасыздығымыздың нәтижесі деп ойлайды. Өміріме ант етейін, Зейнепті әкесіне жібермей Меккеде ұстау біз үшін еш маңызды емес. Біз одан өш аламыз деген ниетіміз де жоқ. Сен мені тыңда. Қазір оны Меккеге алып жүр. Әңгіме басылып, халық оны кері қайтарғандығымызға сенгеннен

кейін, тыныш қана Меккеден шығарып әкесіне тапсыр» - деді.

Кинана да солай жасады. Бірнеше күн Меккеде қалып, тиіп-қашты әңгімелер басылғаннан кейін бір күні түнде Хазіреті Зейнеппен бірге жолға шықты. Оны Яжижде тосып тұрған Зәйд бин Хариса мен досына тапсырды. Олар да Хазіреті Зейнепті қадірлі әкесіне алып барды.[119]

Хижреттің алтыншы жылы Әбу әл-Ас қарамағындағы Құрайш керуенімен бірге екінші рет тұтқындалды. Таң ата Аллаһ Расулінің қызы Хазіреті Зейнепке хабар жіберіп: «Әкеңнен мен үшін еркіндік сұра», - деді. Пайғамбарымыз мұсылмандармен бірге таң намазын оқып жатқанда Зейнеп бөлмесінің есігінен басын шығарып:

– Уа, халайық! Мен Расулұллаһтың қызы Зейнеппін! Мен Әбу әл-Асты өз қамқорлығыма алдым! - деп дауыстады. Хазіреті Пайғамбарымыз:

– Сенің қамқорлығыңа алған кісіңді біз де қамқорлығымызға алдық! - деді. Аллаһ Расулі қасына келген кезде Зейнеп (радиаллаһу анһа):

– Әбу әл-Ас ағайын, әрі балаларымның әкесі. Сондықтан оны қамқорлығыма алдым, - деді.

Хазіреті Пайғамбар мужаһидтерге былай деді:

– Егер оған мал-мүлкін қайтарып беруді жөн көрсеңдер беріңдер. Ал бергілерің келмесе онсызда ол сендердің ақыларың. Мужаһидтер:

– Жоқ, уа, Расулұллаһ! Біз мал-мүлкін оған қайтарып береміз, - деді.

119. Ибн Хишам II, 297-299; ибн Абдил Бәр IV, 1854; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 362-363.

Әбу әл-Ас алған мал-мүлкімен Меккеге қайтты. Барлығының мал-мүлкін тапсырып, шаруасын бітіргеннен кейін:

– Ей, Құрайш халқы! Дүниесін алмаған адам қалды ма? - деп сұрады.

– Жоқ! Құдай ұрсын қалмады! - деді. Әбу әл-Ас:

– Сендерге берген сөзімде тұрдым ба? - деп сұрады.

– Иә! Аллаһқа ант етейік сөзіңде тұрдың, жақсылығың Аллаһтан қайтсын. Сен адал әрі мәртсің, - деді. Әбу әл-Ас:

«Аллаһ атымен ант етейін. Бұл жерге келместен бұрын Мәдинада мұсылман болмағандығымның себебі, мұсылмандардан дүние-мүліктеріңді кері алуым үшін Исламға кірді деп ойлауларыңнан қорқтым. Мен Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік беремін және Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі Расулі екендігіне де куәлік беремін!» - деп, Аллаһ Расулінің қасына, Мәдинаға кетті.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған Зейнептің некесін қиып берді. (Уақиди II, 553-554; ибн Сағд VIII, 32-33)

Яһудилер және бәни Қайнұқа соғысы

(Шәууәл 2/Сәуір 624)

Мәдина төңірегінде өте көп, әрі тығыз қоныстанған яһуди халқы бұрындары арабтарға пайғамбар жіберілетіндігін айтатын. Ол Пайғамбардың өздерінің арасынан шығатынын ойлағындықтан бұл хабарды жасырмай жан-жаққа таратты. Бірақ ақыр заман пайғамбары Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздерінің араларынан емес, арабтардың арасынан шыққандықтан қатты қызғанды. Дереу

сөздерінен тайып оның пайғамбарлығын жоққа шығарды. Аллаһ Тағала олар жайында былай деді:

وَاِذْ اَخَذْنَا مِيثَاقَ بَنِىٓ اِسْرَٓائِلَ لاَ تَعْبُدُونَ اِلاَّ اللّٰهَ وَ بِالْوَالِدَيْنِ اِحْسَانًا وَ ذِى الْقُرْبٰى وَ الْيَتَامٰى وَ الْمَسَاكِينِ وَ قُولُوا لِلنَّاسِ حُسْنًا وَ اَقِيمُوا الصَّلٰوةَ وَ اٰتُوا الزَّكٰوةَ ثُمَّ تَوَلَّيْتُمْ اِلاَّ قَلِيلاً مِنْكُمْ وَاَنْتُمْ مُعْرِضُونَ

«Бұрын біз Исрайл ұлдарына: Аллаһтан басқаға құлшылық қылмаңдар, әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, жоқ-жітікке жақсылық жасаңдар, әрі адамдарға көркем сөз сөйлеңдер, намаз оқыңдар зекет беріңдер деп сөз алған едік. Содан кейін сендер азыңнан басқаларың бет бұрып бас тарттыңдар». (Бақара сүресі 83-аят)

بِئْسَمَا اشْتَرَوْا بِهِٓ اَنْفُسَهُمْ اَنْ يَكْفُرُوا بِمَٓا اَنْزَلَ اللّٰهُ بَغْيًا اَنْ يُنَزِّلَ اللّٰهُ مِنْ فَضْلِهِ عَلٰى مَنْ يَشَٓاءُ مِنْ عِبَادِهِ فَبَٓاؤُ بِغَضَبٍ عَلٰى غَضَبٍ وَلِلْكَافِرِينَ عَذَابٌ مُهِينٌ

«Аллаһтың өз кеңшілігінен құлдарынан қалағанына түсіргенін (пайғамбарлықты) **қызғанып, Аллаһтың түсіргеніне** (Құранға) **қарсы шығып өздерін нендей жаман нәрсеге қиды. Осылайша ашу үстіне ашуға ұшырады. Кәпірлер үшін қорлаушы азап бар».** (Бақара сүресі 90-аят)

Яһудилердің бұлай әрекет етулерінің себебі бұл дүниеге деген құштарлықтарынан туындады. Олардың мұндай қылықтары аятта былай суреттеледі:

وَ لَتَجِدَنَّهُمْ اَحْرَصَ النَّاسِ عَلٰى حَيٰوةٍ وَ مِنَ الَّذِينَ اَشْرَكُوا يَوَدُّ
اَحَدُهُمْ لَوْ يُعَمَّرُ اَلْفَ سَنَةٍ

«(Ей, Расулім!) **Сен оларды дүние тіршілігіне адамдардан, тіпті мүшриктерден бетер құштар екенін көресің. Олардың әрбірі мың жыл өмір сүруді қалайды...».** (Бақара сүресі 96-аят)

Мұнымен қатар сауда-саттық қолдарында болғандықтан мал-мүлкіне, дәулетіне сүйеніп дандайсыған яһудилер өздерін басқалардан артық санап:

نَحْنُ اَبْنٰٓؤُا اللّٰهِ وَ اَحِبّٰٓؤُهُ

«...Біз Аллаһтың ұлдарымыз және сүйіктілеріміз...»- деді. (Мәида сүресі 18-аят)

Оларға істеген жамандықтарының кесірінен Аллаһтың азабы ескертілгенде былай деп жауап берді:

لَنْ تَمَسَّنَا النَّارُ اِلَّآ اَيَّامًا مَعْدُودَةً

«...Санаулы күндердің тысында бізге еш тозақ оты жоламайды...». (Бақара сүресі 80-аят)

Аллаһ Тағала мұның бұлай болмайтындығын мына аятта білдіреді:

بَلٰى مَنْ كَسَبَ سَيِّئَةً وَ اَحَاطَتْ بِهٖ خَطِيٓئَتُهُ
فَاُولٰٓئِكَ اَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ



«Жоқ! Кімде-кім жамандық істеп, қателіктері оны баурап алса, міне солар тозақтықтар. Олар онда мәңгі қалады». (Бақара сүресі 81-аят)

Мәдина яһудилері қаншалықты Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіссөз жасаса да, біле тұра оған дұшпан болды. Ру арасындағы келіспеушіліктерді өршітіп, араларына от салып, іріткі тастап бүлік шығарды. Хақ Тағала олардың бұл жағдайын Расуліне және мүминдерге былай түсіндіреді:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَتَّخِذُوا بِطَانَةً مِنْ دُونِكُمْ لاَ يَاْلُونَكُمْ خَبَالاً
وَدُّوا مَا عَنِتُّمْ قَدْ بَدَتِ الْبَغْضَآءُ مِنْ اَفْوَاهِهِمْ وَ مَا تُخْفِى صُدُورُهُمْ
اَكْبَرُ قَدْ بَيَّنَّا لَكُمُ الْاٰيَاتِ اِنْ كُنْتُمْ تَعْقِلُونَ ﴿118﴾ هَآ اَنْتُمْ اُولَآءِ
تُحِبُّونَهُمْ وَ لاَ يُحِبُّونَكُمْ وَ تُؤْمِنُونَ بِالْكِتَابِ كُلِّهِ وَ اِذَا لَقُوكُمْ قَالُوٓا
اٰمَنَّا وَ اِذَا خَلَوْا عَضُّوا عَلَيْكُمُ الْاَنَامِلَ مِنَ الْغَيْظِ قُلْ مُوتُوا بِغَيْظِكُمْ
اِنَّ اللّٰهَ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿119﴾ اِنْ تَمْسَسْكُمْ حَسَنَةٌ تَسُؤْهُمْ
وَ اِنْ تُصِبْكُمْ سَيِّئَةٌ يَفْرَحُوا بِهَا وَ اِنْ تَصْبِرُوا وَ تَتَّقُوا لاَ يَضُرُّكُمْ
كَيْدُهُمْ شَيْئًا اِنَّ اللّٰهَ بِمَا يَعْمَلُونَ مُحِيطٌ ﴿120﴾

«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңнен басқаларды сырлас қылмаңдар. Олар сендерге зиян тигізуден тартынбайды, әрі күйзеліске түсулеріңді қалайды. Олардың кектері ауыздарынан (шыққан сөздерінен) **көрініп тұр. Ал жүректеріне жасырғандары болса оданда зор. Егер ақыл жүгіртер болсаңдар сендерге аяттарымызды баян еттік.**

Міне сендер оларды жақсы көресіңдер, ал олар болса сендерді жақсы көрмейді. Сендер кітаптың барлығына сенесіңдер. Олар сендермен кездескенде «иман келтірдік» - дейді, ал өздерімен оңаша қалғанда сендерге деген ызаларынан бармақтарын шайнайды. (Оларға) **Айт: «ызаланған күйде өліңдер». Күдіксіз Аллаһ көкіректегі нәрселерді толық біледі.**

Егер сендерге жақсылық келсе оларды қайғыртады. Ал егер де сендерге жамандық келсе оған қуанады. Егер сабыр сақтап, тақуалықты ұстансаңдар, олардың айлаларынан сендерге ешқандай зиян келмейді. Күдіксіз Аллаһ олардың не істегендерінен толық хабардар». (Әли Имран сүресі 118-120 аяттар)

Аятта айтылғандай мұсылмандарға қарсы кек сақтап, қызғанып, ызаланған яһудилер мұсылмандар Бәдір соғысында жеңіске жеткенде, шын мәнінде қатты қиналды. Тіпті Бәни Қайнұқа деген яһудилердің бұған іші ашығаны соншалықты, мұсылмандарға қарсы соғыс жариялады. Араларындағы жасаған келіссөзге құлақ аспады.

Олардың ең жақын досы мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй мен яһудилердің базары, мұсылмандарға қарсы ұйымдастырылған айла мен сұрапылықтың ордасына айналды. Мұсылмандар үшін әсте қайырлы нәрсе ойламайтын. Тіпті Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өміріне қастандық жасауды жоспарлады. Бір күні бұзықтықта алдына жан салмайтын яһудилер өздерінің базарындағы бір зергермен сауда жасап жатқан мұсылман әйелге тиісіп, мазасын алды. Келемеждеп қорлап зорлауға дейін барды. Ол әйелдің жан айқайын естіген ол жерден өтіп бара жатқан әрі бұл оқиғаның куәсі болған бір мұсылман жәрдемге келіп, оны қорғап әлгі зергер яһудиге тұра

ұмтылды. Бір-біріне қол жұмсап, мұсылман күштірек келіп яһудиді өлтірді. Ол жерге жиылған яһудилер де мұсылманды шейіт етті. Араларындағы шиеленіс өрши түсті. Жасалған бейбітшілік келісімшарты толығымен бұзылды. Осыған байланысты Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) яһудилерді жинап:

«Ей, яһуди халқы! Аллаһтан қорқыңдар! Оның Құрайштың басына жібергеніндей сендердің де бастарыңа пәлекет жіберуінен қорқыңдар. Мұсылман болыңдар. Өйткені сендер менің пайғамбар екенімді білесіңдер. Мұны кітаптарыңнан және Аллаһтың сендерге берген уәдесінен көрдіңдер», - деді.

Осылайша оларға істеген қателіктеріне жауап беретіндігін, әрі арадағы келіссөзді бұзғысы келмейтіндігін білдірді. Артынан келіссөздің қайтадан жасалуын ұсынды. Бірақ яһудилер шіреніп, менсінбей былай деді:

«Уа, Мұхаммед! Сен бізді соғыстың не екенін білмейтін құрайштықтар деп ойлайсың ба? Біз олардан да асқан жауынгерміз. Бізбен соғысуға бел буған кезіңде, соғыстың қандай болатынын көрерсің».

Осыған байланысты Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

قُلْ لِلَّذِينَ كَفَرُوا سَتُغْلَبُونَ وَتُحْشَرُونَ اِلٰى جَهَنَّمَ وَبِئْسَ الْمِهَادُ ﴿12﴾
قَدْ كَانَ لَكُمْ اٰيَةٌ فٖى فِئَتَيْنِ الْتَقَتَا

«Ол кәпірлерге айт: «Сендер жақын арада шегінесіңдер және жиналып тозаққа айдаласыңдар. Ол жер нендей жаман орын». (Бәдірде) **Қарсыласқан екі топта сендер үшін үлкен ғибрат бар…».** (Әли Имран сүресі 12-13 аяттар)[120]

120. Әбу Дәуіт, Хараж 21-22/3001.

Яһуди халқы кезінде Хазіреті Мұсаға (аләйһиссәләм):

فَاذْهَبْ اَنْتَ وَرَبُّكَ فَقَاتِلاۤ اِنَّا هَاهُنَا قَاعِدُونَ

«...Өзің және Раббың барып соғысыңдар. Біз осы жерде отырамыз», (Мәида сүресі 24-аят) - деп, иләһи жәрдемге лайық болған жиһадтан бас тартып, қазір болса керісінше өздеріне зиянды, зая болған соғысқа құштарланып, жалған қаһармандық көрсетті.

Келіссөзді бұзған кезден бастап мұсылмандарға қарсы соғыс жариялаған болып көрінген яһудилер, бұл әрекеттерімен дұшпандық ниеттерін ап-ашық білдіріп қойды. Осыдан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туды Хазіреті Алиге беріп Қайнұқа яһудилеріне қарай аттанды. Олар қорғандарына тығылды. Өйткені Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды жақсылап қоршауға алған еді. Әрі мунафиқтардың көтерілісіне қарсы тиісті барлық дайындықтарын жасаған болатын.

Олардың қорғандарына бекінуін мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй айтқан болатын. Әрі өздерінің де олармен бірге болатынын айтқан еді. Бірақ мунафиқтардың басшысы қорыққандығынан сөзінде тұрмай оларды жалғыз қалдырды.

Қоршау он бес күнге созылды. Соңында еш нәрсе істей алмаған яһудилердің жүректеріне өте қатты үрей ұялады. Күткен жәрдемдері келмеген соң, кешірім сұраудан басқа амалдары қалмады. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) беретін жазасына амалсыз келісті.

Қайнұқалықтар мен Хазреж тайпасының арасында бұрыннан келісім болғандықтан мунафиқтардың басшысы

хазреждік Абдуллаһ бин Убәй олар үшін кешірім сұрады. Негізінде әдет-ғұрыпқа жүгінетін болса, оларды өлтіру керек еді.

Бірақ қайта-қайта жалынып кешірім сұрағандықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды өлтірмеді. Жаза ретінде Сирия жаққа жер аударды. Уадил Құраға барып, сол жерде бір ай тұрды. Уадил Құра яһудилері бұларға азық түлік, жаяу жүргендеріне көлік берді. Кейін ары қарай жолға түсті. Қайнұқалықтардың барған жерінде де өмірлері ұзаққа созылмады.[121]

Сәуиқ соғысы (Зилхижжа 2/Мамыр 624)

Әбу Жәһил өлгеннен кейін Құрайштың басына Әбу Суфян келді. Бәдірдегі жеңілістерінің өшін алу үшін қасам ішіп, дереу екі жүз атты кісімен Меккеден сескеніп жолға шықты. Мәдинаға бір сағаттық жерге дейін барды. Түннің қараңғылығын пайдаланып Бәни Надыр яһудилерінің қонысына дейін жақындады. Олардың көсемі әрі қазынадан жауаптысы Сәллам бин Мишкәмның үйіне барды. Сәлләм Әбу Суфянды жақсылап қарсы алып, ішіп-жегізді. Мұсылмандардың кейбір құпия мәселелерінен мағлұмат берді.

Әбу Суфян ол жерден қайтып, достарына барды. Ансарлық Сағд бин Амрды өлтіріп бірнеше құрма бағын өртеді. Әбу Суфян мұнымен берген антын орындағандығына сеніп, әрі артынан қуғыншы келуінен қорқып дереу кері қайтты. Бұл жағдайдан хабардар болған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың соңына түсті. Мүшриктер оңай, әрі жылдам қашу үшін қап-қап талқандарын (сәуиқ) тастап

121. Ибн Хишам II, 426-429; Уақиди I, 176-180; ибн Сағд II, 28-30.

кеткен еді. Осы себепті бұл жорыққа «Сәуиқ ғазауаты» деп атады.[122]

Хазіреті Али мен Хазіреті Фатиманың үйленуі

Мұнымен қоса хижреттің екінші жылында Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызы Фатима (радиаллаһу анһа) мен Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) үйленген еді.

Хазіреті Фатимаға алдымен Хазіреті Әбу Бәкір, Хазіреті Омар сияқты бірнеше Құрайш зиялылары құда түспек болған. Бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен ол (Фатима) жайында иләһи үкімді күтіп жүрмін», - деді. Сондықтан Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) туысқандары Хишам ұлдары үгіттесе де оны айттыруға бата алмай жүрді. Көп ұзамай туысқандарының мәжбүрлеуімен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына барды.[123]

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) өзі бұл оқиғаны былай түсіндіреді:

«Ақыры соңында Аллаһ Расулінің құзырына бардым. Ол барынша айбатты әрі салмақты еді. Алдына отырып, ләм-мим демедім. Сөйлеуге батылым жетпеді. Ол маған:

«Не үшін келдің, бір шаруаң бар ма? Бәлкім Фатиманы айттыруға келген боларсың», - деді. Мен де тек қана «Иә», - дей алдым». (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 379)

122. Ибн Хишам II, 422-423; Уақиди I, 181-182; ибн Сағд II, 30.
123. Ибн Сағд VIII, 19.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (аләйһиссатату уә сәлләм) қолдауымен кейбір заттарын сатып 480 дирхам мәһір дайындады. Аллаһ Расулі бұл ақшаның үштен екісіне иіс су алуды, қалған бір бөлігіне де киім алуды бұйырды.[124]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Фатиманың (радиаллаһу анһа) жасауына бархыттан жабу, су құйатын ыдыс және іші изхир шөбімен толтырылған жастық берді.[125] Біләл Хабашиге:

«Ей, Біләл! Мен үмметімнің үйленген кезде тамақ беруді сүннет халіне келтірулерін қалаймын», - деп, тамақ пісіруін айтты. Осыдан соң Хазіреті Али сауытын бір яһудиге кепілдікке беріп жарты өлшек арпа алды. Той дастарханына «хайс»[126] деп аталатын дәмді тағам тартылды. Мухажирлер мен Ансар топ-топ болып келіп тамақ жеп тарқады. (Ибн Сағд VIII, 23; Абдурраззақ V, 487; Диярбақри I, 411)

Пайғамбарымыз ыдыспен су алып келіп дәрет алды. Хазіреті Алиді шақырып дәрет суын оның көкірегіне және екі иығының арасына септі. Артынан Фатиманы (радиаллаһу анһа) шақырып, оған да дәл солай жасады, әрі оны әһлул бәйттің (Пайғамбарымыздың үй-іші) ең қайырлысымен некелегенін айтты. Фатима мен Алиге көздерінше және арттарынан:

«Аллаһым! Олар үшін және ұрпағы үшін қуылған шайтаннан саған сыйынамын!» - деп дұға жасады. (Ибн Сағд VIII, 24; Диярбақри I, 411)

124. Ибн Сағд VIII, 19.
125. Нәсаи, Никах 81.
126. Бұл дәні тазаланған құрма, таза май мен сүзбе араластырып пісірілетін тағам. Кейде ішіне қуырылған ұн қосады.

Ардақты Пайғамбарымыз шаруаларды бөлген кезде үй шаруаларын қызы Фатимаға, ал күйеу баласы Алиге болса сырттағы шаруаларды тапсырды.[127]

Усама бин Зәйд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Мен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында отыр едім. Али мен Аббас (радиаллаһу анһума) келіп, кіруге рұқсат сұрады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олардың не үшін келгенін білесің бе? - деді.

– Жоқ білмеймін,- дедім.

– Ал мен білемін. Оларға рұқсат бер, - деді. Олар ішке кірді де:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Сенің жанұяңнан кімді өте жақсы көретініңді сұрауға келдік, - деді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Фатима бинти Мұхаммед, - деді.

– Өз отбасыңыздан кімді жақсы көретініңізді сұрап жатқан жоқпыз. (Олардан басқа жақындарыңыздан кімді жақсы көретініңізді) сұрап жатырмыз, - деді.

– Отбасымнан Аллаһтың (һидаят беріп) нығметіне бөлеген әрі (өзімнің азат етіп өкіл ұл қылып) құрмет көрсеткен Усаманы жақсы көремін, - деді.

– Мейлі, одан кейін кім? - деді.

– Али, - деді. Осы кезде көкесі Аббас (радиаллаһу анһу):

– Уа, Аллаһтың Расулі, көкеңді ең соңына қалдырдың ғой, - деді.

127. Қасани IV, 24.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Али хижрет жасауда сенен бұрын әрекет етті, - деп жауап берді. (Тирмизи, Манақиб 40/3819)

Ибн Аббас (радиаллаһу анһума) былай дейді:

Пайғамбарымыз жерге төрт сызық сызып:

– Бұл сызықтарды неге сызғанымды білесіңдер ме? - деп сұрады.

Сахабалар:

– Ең дұрысын Аллаһ және Расулі біледі, - деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Жәннаттағы әйелдердің ең абзалы Хадиша бинти Хуайлид, Фатима бинти Мұхаммед, Мәрям бинти Имран және Перғауынның әйелі Асия бинти Мұзахим», - деді. (Ахмед I, 293)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отбасы мүшелерінің тәліміне, рухани тәрбиесіне және олардың мәңгілік өмірге дайын болуларына қатты көңіл бөлетін. Мысалы Ахзаб сүресінің:

يَا نِسَآءَ النَّبِيِّ لَسْتُنَّ كَاَحَدٍ مِنَ النِّسَآءِ اِنِ اتَّقَيْتُنَّ فَلاَ تَخْضَعْنَ
بِالْقَوْلِ فَيَطْمَعَ الَّذ۪ى ف۪ى قَلْبِه۪ مَرَضٌ وَ قُلْنَ قَوْلاً مَعْرُوفًا ﴿32﴾
وَقَرْنَ ف۪ى بُيُوتِكُنَّ وَ لاَ تَبَرَّجْنَ تَبَرُّجَ الْجَاهِلِيَّةِ الْاُولٰى وَ اَقِمْنَ الصَّلٰوةَ
وَ اٰتينَ الزَّكٰوةَ وَ اَطِعْنَ اللّٰهَ وَ رَسُولَهُ اِنَّمَا يُر۪يدُ اللّٰهُ لِيُذْهِبَ عَنْكُمُ
الرِّجْسَ اَهْلَ الْبَيْتِ وَيُطَهِّرَكُمْ تَطْه۪يرًا ﴿33﴾

«Ей, Пайғамбардың әйелдері! Сендер басқа (қарапайым) **әйелдер сияқты емессіңдер. Егер тақуалықты ұстансаңдар** (бөгде еркектерге) **қылымсып сөйлемеңдер.** (Алайда олай етсеңдер) **жүрегінде дерті барлар** (ойы бұзық еркектер) **сендерден дәмеленіп қалады. Олай болса дұрыс сөз айтыңдар. Үйлеріңде отырыңдар, бұрынғы надандық дәуіріндегі сияқты** (сәнденіп) **шықпаңдар. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаһқа және Расуліне бағыныңдар. Ей, Пайғамбардың үй-іші! Аллаһ сендерден күнәларды аулақ қылып, сендердің мүлде пәк болғандарыңды қалайды»** (Ахзаб сүресі 32-33 аяттар) деген аят түскен кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алты ай бойы таң намазына шыққанда Хазіреті Фатиманың есігіне барып:

«Намазға, ей, Пайғамбардың үй-іші! **«Аллаһ сендерден күнәларды аулақ қылып, мүлде пәк болғандарыңды қалайды», -** деп айтатын. (Тирмизи, Тәфсир 33/3206)

Мәңгілік өмір үшін дайындалған ең маңызды құлшылықтың бірі тәһәжжуд (түнгі намаз) намазы үшін де Пайғамбарымыз кейбір түндері Хазіреті Али мен Фатиманың есігін қағып:

«Намаз оқымайсыңдар ма?» - дейтін. (Бұхари, Тәһәжжуд 5)

Осыған орай Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) мына әсерлі оқиғаны айтады:

«Фатима әкесіне жанұясындағылардың ең сүйіктісі еді. Диірмен тартқандықтан қолдары ойылып, торсықпен су тасығандықтан мойыны жара болып, үй сыпырғандықтан үсті-басы шаң-шаң болатын. Бірде Аллаһ Расуліне бірнеше құл алып келген еді. Фатимаға:

«Әкеңнен бір құл сұрап алсаңшы» - дедім.

Фатима барған кезде Хазіреті Пайғамбарымыздың (аләйһиссалату уәссәләм) айналасындағы бірнеше кісімен әңгімелесіп отырғанын көрді де, кері қайтты. Ертесіне Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Фатимаға келіп:

«Қызым, қандай мұқтаждығың бар?» - деп сұрады. Фатима үнсіз қалып еш нәрсе айта алмады. Сонда мен сөзге араласып:

– Мен айтып берейін, уа, Расулұллаһ, - деп, мәселені түсіндірдім.

Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Фатима! Аллаһтан қорық! Аллаһтың парыздарын орында! Үйіңнің шаруаларын істе! Жатар кезіңде отыз үш рет Субханаллаһ, отыз үш рет Әлхамдулилләһ, отыз төрт рет Аллаһу Әкбар де. Осылайша барлығы жүз болады. Осы саған қызметшіден де қайырлы», - деді.

Фатима (радиаллаһу анһа):

«Аллаһқа және Аллаһтың Расуліне разымын», - деді.

Осылайша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған қызметші бермеді». (Әбу Дәуіт, Хараж 19-20/2988)

Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыздың мыналарды да айтқандығы бар:

«Аллаһпен ант етейін! Әһли суффа аштықтан қарындарына тас байлап, мен де оларға беретін еш нәрсе таба алмай жүргенде сендерге қызметші бере алмаймын. Тұтқындардан фидия (құтылу ақшасын) алып асхабы суффаға жұмсаймын». (Ахмед I, 106)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) азат еткен құлы Сәубан (радиаллаһу анһу) айтады:

Аллаһ Расулі жолға шығарда әуелі отбасымен, ең соңында Фатимамен (радиаллаһу анһа) қоштасатын еді. Оралған кезде де ең әуелі Фатимаға баратын. Тағы бірде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сапардан оралды. Фатима есігіне перде іліп, Хасан мен Хұсейінге екі күміс білезік таққан еді. Хазіреті Пайғамбарымыз Фатиманың үйіне келді, бірақ ішке кірмеді. Фатима Расулұллаһтың үйге кірмеуіне әлгі нәрселер себеп болғанын байқады. Дереу пердені жыртып, ұлдарының қолындағы күміс білезіктерді алды. Мұның бірін екі ұлына бөліп берді. Хасан мен Хұсейін жылап Расулұллаһтың қасына барды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білезіктерді алып:

«Ей, Сәубан! Мыналарды анау үйге апарып бер. Хасан мен Хұсейін менің отбасым. Хақ Тағаланың оларға сыйлаған жақсылығын бұл дүниеде ішіп-жеп, қолдануын қаламаймын. Ей, Сәубан! Фатимаға сүйектен жасалған алқа және (балаларына) сүйектен жасалған екі білезік сатып ал», - деді. (Әбу Дәуіт, Тәрәжжул 21/4213)

Әһлі бәйт (Пайғамбарымыздың отбасы) **және әһлі бәйт сүйіспеншілігі**

Әһлі бәйт – бір үйде өмір сүретін отбасы мүшелері деген мағынаны білдіреді. Хазіреті Пайғамбарымыздың бүкіл отбасы мүшелері де осылай аталады. Сонымен әһлі бәйтке жататындар: Хазіреті Пайғамбарымыз бен оның жанұясы, Али, Жағфар, Ақил, Аббас және осылардың жанұясы. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салауат айтып, аман-есендік тілеу барлық мүминдердің борышы

болса, әһлі бәйтке құрмет көрсетіп, шын жүрекпен оларға тәуелді болу да, барша мұсылмандардың міндеті.[128]

Аллаһ Расулінің әһлі бәйтіне зекет алу харам. Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) немересі Хасанның қазынаға түскен зекет құрмасынан біреуін ауызына салғанын көрді. Дереу оны ауызынан шығарып былай деді:

«Мұхаммедтің үй-ішінің зекет жемейтінін білмейсің бе?». (Бұхари, Зекет 57; Ахмед I, 200)

Зәйд бин Әрқам (радиаллаһу анһу) айтады:

«Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке мен Мәдина арасындағы Хұм суының басында орнынан тұрып әуелі Аллаһқа мақтау, мадақ айтқаннан кейін бізге насихат жасады. Артынан былай деді:

«Уа, халайық! Мен де адаммын. Жақында маған да Раббымның елшісі келеді, әрі мен де оның әміріне мойынсұнып аттанамын. Сендерге екі маңызды нәрсе қалдырып барамын. Оның бірі адамдарды туралыққа алып баратын жолбасшы, әрі нұр болған Аллаһтың кітабы Құран. Оған мықтап жабысып, ұстаныңдар...»

Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Құран Кәрімді ұстанып, оған тәуелді болу керектігін үгіттеді. Кейін былай жалғастырды:

«Сендерге әһлі бәйтімді де қалдырып барамын. Аллаһтан қорқыңдар және әһлі бәйтімді құрметтеңдер».

– Пайғамбардың әһлі бәйті кімдер, уа, Зәйд? Жұбайлары да әһлі бәйттен бе? - деп сұрағанда Зәйд:

128. Ахмед VI, 323.

– Жұбайлары да әһлі бәйтінен. Бірақ оның негізгі әһлі бәйті өзінен кейін де садақа алулары харам болғандар, - деді.

– Садақа алуы харам болғандар кімдер? - деп сұрады.

– Али, Ақил, Жағфар және Аббастардың жанұясы, - деді. (Муслим, Фадайлус Сахаба 36)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Аллаһты шексіз нығметтеріне қауыштырғаны үшін жақсы көріңдер. Мені де Аллаһты жақсы көргендерің үшін жақсы көріңдер. Әһлі бәйтімді де мені жақсы көргендерің үшін жақсы көріңдер». (Тирмизи, Манақиб 31/3789)

Тағы да бір күні ардақты Пайғамбарымыз сүйкімді немерелері Хасан мен Хүсейіннің қолдарынан ұстап былай деді:

«Кімде-кім мені, бұл екеуін, осылардың әке-шешесін жақсы көретін болса қиямет күнінде менімен бірге болады». (Тирмизи, Манақиб 20/3733)

Сахабалар Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туған-туыстарын қатты құрметтеп, оларға сүйіспеншілік танытатын. Өйткені кісі біреуді жақсы көрсе оның достарын, қызметшілерін, жеген тағамдарын, киген киімдерін қысқасы оған қатысты болған және оны еске түсіретін барлық нәрсені жақсы көреді. Махаббаты артқан сайын, бұл махаббат сүйіктісінің айналасындағы барлық нәрселерге тарайды.

Міне, Аллаһ Расулін өз жандарынан да артық жақсы көрген ардақты сахабалар Аллаһ Расулінің туған-туыстарының бірі атына мінетін болса дереу үзеңгісін

ұстайтын.[129] Қиямет күні барлық туысқандық байланыс үзіліп, тек Пайғамбарымызбен жақындығы болғандардың ғана байланысы үзілмейтіндігін білген сахабалар Хазіреті Расулұллаһтың жақындарының бірімен үйленіп онымен жегжат болуды шын көңілден қалайтын еді.[130]

Аллаһ Расулінің пәк нәсілінен тараған ұрпақтары бүгінгі күні Ислам әлемінің түрлі өңірінде өмір сүруде. Хүсейіннің (радиаллаһу анһу) ұрпағынан тарағандарға «сейіт», ал Хасанның (радиаллаһу анһу) ұрпағынан тарағандарға «шәриф» делінеді. Османлылар сейіттерге «әмір» дейтін. Ал бастарындағы жасыл сәлдеге «әмір сәлдесі» дейтін. Пайғамбарымыздың нәсілінен тараған әйелдер де бастарына жасыл белгі тағатын.

Османлылар әһлі бәйтке қызмет жасауды қасиетті борыш санап, әрі осы үшін ресми лауазымдар тағайындаған. Олар әһлі бәйттің істерімен айналысқан ресми лауазымдағыларға «нәқибу әшраф» деп атаған. Нәқибу әшраф Хазіреті Пайғамбарымыздың ұрпақтарынан сайланатын, әрі әһлі бәйттің барлық ісін қадағалайтын, олардың ұрпақтарын тіркеуге алатын, туылуы мен өлімін қағазға түсіретін, олардың нашар мамандықтарды таңдауына жол бермейтін, фәйдан (қару қолданбай жаудан олжаланған мал-мүлік) және олжалардан оларға тиісті пайын беріп араларында тарататын, әйелдерінің теңі болмаған еркектермен үйленуіне жол бермейтін.[131]

Нақибу әшраф жалпы Пайғамбар ұрпағының өкілі ретінде, әрі бұл құрметті қызметінің арқасында ең жоғарғы мәртебелерге лайық болатын және мемлекеттік рәсімдерде

129. Хайсәми IX, 348.
130. Хайсәми IX, 173.
131. Мехмет З. Пакалын II, 647.

халифадан кейінгі орынды алатын. Ресми мәжілістерде Сұлтанға ең алдымен нәқибу әшраф бейат жасап (ант беріп) бата беретін, кейін басқа тұлғалар бейат жасайтын. Мерекелік құттықтауларда да алғашқы құттықтау сөзді нәқибу әшраф сөйлейтін. Сұлтан орнынан тұрып нәқибу әшрафқа құрмет көрсететін.

Сейіттер мен шәрифтер заңға және әдет ғұрыпқа қарсы әрекет жасаса Стамбұлдағыларды нәқибу әшраф, ал басқа аймақтағыларды сол аймақтың әкімдері жазалайтын. Жазаға тартатын кезде алдымен басындағы жасыл сәлдесін алып сүйетін, жазалап біткеннен кейін сәлдесін қайтадан беретін.



ХИЖРЕТТІҢ ҮШІНШІ ЖЫЛЫ

Ұхұд ғазауаты – ғибратты оқиғаларға толы соғыс

(7 Шәууәл 3/23Наурыз 625)

Ұхұд[132] ғазауаты – Бәдір ғазауаты сияқты Меккелік мүшриктермен болған кескілескен қанды шайқас. Хижреттің үшінші жылы Шәууәл айында болған еді.

Меккелік мүшриктер Бәдір жеңілісінен кейін қатты қайғырып аза тұтты. Барлығы бір-бір жақынынан айырылған еді. Осының кегін қайтару үшін әбден ызалынып өштенді. Құрайштың жаңа басшысы Әбу Суфянның әйелі Хинд те осылардың басында болатын. Нәтижеде көп уақыт өтпей кек қайтару дертіне шалдыққан үш мың кісілік мүшрик әскері дайындыққа көшті. Әскерді жасақтандыру үшін Әбу Суфянның Бәдір ғазауатында құтқарып қалған керуеніндегі дүние-мүлік жұмсалды. Төңіректегі арабтардан да жәрдем алынды.[133]

Осы аралықта Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Аббас болған жағдайларды Мәдинаға жеткізді.[134] Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де дереу соғыс мәжілісін құрды. Мәдинаны іштен

132. Ұхұд – Мәдинаның солтүстігінде бір миль қашықтытағы жер.
133. Уақиди I, 199-203.
134. Ибн Сағд II, 37.



қорғау керек пе, жоқ әлде қала сыртына шығып жауға қарсы шайқасу керек пе, сол жайлы ақылдасты. Өздері қаланы іштен қорғап соғысуды қалаған еді.[135]

Бірақ Бәдір ғазауатына қатыса алмаған жігіттердің және Хазіреті Хамза сияқты палуандардың көзқарастары басым келіп қаланың сыртына шығып жауға қарсы соғысуға шешім қабылданды.[136]

Тіпті олардың кейбірі:

«Біз осы күнді асыға күткен едік», - деді.

Осыдан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Хужра Сағдетіне» (үйіне) кіріп сауытын киді. Бірақ осы кезде Мәдинаны іштен қорғауға келіскендер жауға қарсы соғысамыз дегендерді райынан қайтарды. Сағд бин Муаз, ибн Үсәйд, ибн Хұдайр:

«Аллаһ Расулі Мәдинадан шығуды қаламаса да сендер оны мәжбүрледіңдер. Ал оған әмір көктен келеді. Сендер бұл іске араластыңдар. Оның бұйырған нәрсесін орындаңдар», - деді. (Уақиди I, 213-214)

Олар да дереу Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарай жүгіріп, оған былай деді:

---

135. Бұлай болуының себебі Пайғамбарымыздың көрген түсіне байланысты еді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейіннен былай деді: «...Түсімде қылыш сермеп жатыр екенмін. Қылыштың ұшы сынған еді. Бұл Ұхұд соғысында мүминдердің басына келген сәтсіздіктің белгісі екен. Кейін қылышымды тағы да сермегенімде бұрынғысынан дұрысталды. Бұл да Хақ Тағаланың берген жеңіс сыйын және мұсылмандарды бір жерге жинау арқылы берген нығметтерін білдірді. Осы түсімде көр сиырлар және Аллаһтың (берген басқа да) жақсылықтарын көрдім. Сиырлар Ұхұд күніндегі (шейіт етілген бір топ мүминдер екен. Ал (көрген) жақсылықтарым Аллаһтың Бәдірден кейін нәсіп еткен жеңістердің игілігі және Раббымыздың бізге жазған сауаптары екен». (Бұхари, Тарих 39,44; Муслим, Руя 20)

136. Ибн Хишам III, 6-7.

«Уа, Расулұллаһ! Біз сіздің пікіріңізге қарсы шықпаймыз. Біз қателестік. Сіз ойлағаныңыздай істеңіз».

Бірақ Аллаһ Расулі былайша нақты жауап берді:

«Бір Пайғамбар сауытын кигеннен соң соғыспайынша оны шешпейді. Мен сендерге не әмір етсем соны орындаңдар. Қане Аллаһтың атымен аттаныңдар. Егер сабыр сақтап, міндеттеріңді толық атқаратын болсаңдар сонда Аллаһ Тағала сендерге жақсылығын аямайды». (Уақиди I, 214; ибн Сағд II, 38)

Сол демекші Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұма намазынан соң Мәдинада өкіл ретінде Абдуллаһ бин Үммү Мәктүмді қалдырып мың кісілік қолмен жолға шықты. Бірақ жолда мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй мен оған ерген үш жүз кісі кері қайтып Ислам сарбаздарының қатары жеті жүзге кеміді. Жаббар Хақ бұл оқиғадан кейін мына аят кәриманы түсірді:

وَمَٓا اَصَابَكُمْ يَوْمَ الْتَقَى الْجَمْعَانِ فَبِاِذْنِ اللّٰهِ وَلِيَعْلَمَ الْمُؤْمِنِينَ ﴿166﴾
وَلِيَعْلَمَ الَّذِينَ نَافَقُوا وَ قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا قَاتِلُوا فِى سَبِيلِ اللّٰهِ اَوِ ادْفَعُوا
قَالُوا لَوْ نَعْلَمُ قِتَالاً لَاتَّبَعْنَاكُمْ هُمْ لِلْكُفْرِ يَوْمَئِذٍ اَقْرَبُ مِنْهُمْ لِلْاِيمَانِ
يَقُولُونَ بِاَفْوَاهِهِمْ مَا لَيْسَ فِى قُلُوبِهِمْ وَاللّٰهُ اَعْلَمُ بِمَا يَكْتُمُونَ ﴿167﴾

«Екі топ қарсыласқан күні сендердің бастарыңа келген нәрсе мүминдер мен мунафиқтарды анықтау үшін Аллаһтың әмірімен болған еді. Оларға: «Келіңдер Аллаһ жолында соғысыңдар немесе қорғаныңдар» - делінгенде олар: «Егер соғысуды білсек сендердің соңдарыңнан ерер едік», - деді. Ол күні олар иманнан көрі күпірлікке жақын еді. Ниеттерінде жоқ нәрсені ауыздарымен айтты. Олардың жасырғандарын Аллаһ жақсы біледі». (Әли Имран сүресі 166-167 аяттар)

وَ اِذْ غَدَوْتَ مِنْ اَهْلِكَ تُبَوِّئُ الْمُؤْمِنينَ مَقَاعِدَ لِلْقِتَالِ وَاللّٰهُ سَميعٌ
عَليمٌ ﴿121﴾ اِذْ هَمَّتْ طَائِفَتَانِ مِنْكُمْ اَنْ تَفْشَلاَ وَ اللّٰهُ وَلِيُّهُمَا
وَ عَلَى اللّٰهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ ﴿122﴾

«(Ей, Расулім) **Сен үйіңнен ерте шығып мүминдерді соғыс майданына орналастыруда едің. Аллаһ әр нәрсені естіп, білуші. Сол кезде сендерден екі топ уайымдап қобалжыған еді. Ал Аллаһ ол екеуінің де жәрдемшісі. Мүминдер тек Аллаһқа тәуекел етсін».** (Әли Имран сүресі 121-122 аяттар)

Мунафиқтардың әскерлердің қатарынан кетуі бір жағынан Аллаһтың сыйы еді. Өйткені олардың айырылуымен әскерлер әлсіреп қалған жоқ, керісінше іштеріндегі екі жүзді су жүректерден тазаланды. Осылайша ішкі рухани дүниелері одан сайын нығайып, арта түсті. Егер де олар соғыс үстінде сатқындық жасағанда одан бетер қауіпті болып, мүминдерді рухани ойсыратуы мүмкін еді.

Сахабалардың шейіттікке құштарлығы

Ансарлық Сәлімұлдарының көсемі Амр бин Жәмух ақсақ кісі болатын. Ол төрт ұлымен Аллаһ Расулімен бірге соғыстарға қатысатын. Ардақты Пайғамбарымыз Ұхұд ғазауатына аттанарда Амрдің да бұл жорыққа қатысқысы келді. Ұлдары оған:

– Сіз жиһадқа шығуға міндетті емессіз. Аллаһ Тағала сізді үзірлі қылды. Біз сіздің орныңызға барамыз, - деді.

Амр:

– Сендер Бәдір күні менің жәннатқа кіруіме кедергі болдыңдар. Аллаһқа ант етейін, мен бүгін сау қалсам да



әйтеуір бір күні сөзсіз шейіт болып жәннатқа кіремін, - деді. Артынан әйеліне:

– Барлығы шейіт болып жәннатқа кіріп жатқанда, мен сендердің қастарыңда отырады екенмін ғой, - деп ренжіді. Дереу қалқанын алып:

– Аллаһым! Отбасыма кері қайтарма, - деп дұға жасап, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарай бет алды. Хазіреті Пайғамбарымызға келіп:

– Ұлдарым мені Мәдинада қалдырғылары келеді. Менің сенімен бірге соғысқа шығуыма қарсы болып жатыр. Аллаһқа ант етейін, мына ақсақ күйіммен жәннатта жүруді қалаймын, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһ Тағала сені үзірлі қылды. Саған жиһад парыз емес, - деді.

Сонда Амр (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Сен менің Аллаһ жолында жан тапсырып соғысып, шейіт болып мына ақсақ аяғыммен жәннатта жүруімді лайық көрмейсің бе? - деді. Хазіреті Нәбиуллаһ:

– Әрине, лайық көремін, - деді де Амрдің ұлдарына:

«Енді әкелеріңді соғыстан тыймаңдар. Бәлкім Аллаһ оған шейіттік нәсіп етер», - деді.

Амр құбылаға бұрылып:

«Аллаһым! Маған шейіт болуды нәсіп ет! Мені мақрұм, мазасыз күйде үй-ішіме қайтарма!» - деп дұға жасап, жиһадқа қосылды.

Ұхұд соғысына қатысып арманы шейттік болуды қалаған бұл сахаба, жиһад кезінде: «Аллаһқа ант етейін мен жәннатты сағындым», - деген еді. Ақыры өзін қорғаған бір ұлы екеуі осы соғыста шейіт болды. Кейін сүйікті Пайғамбарымыз ол жайында былай деді:

«Жаным оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Амрдің жәннатта ақсаңдап жүргенін көрдім». (Уақиди, I. 264-265; ибн Әсир, Усдул Ғаба IV, 208)

Ардақты Расулұллаһ Ұхұд соғысына шығарда әскерлерін іріктеді. Соғысқа қатыса алатын жастағы жігіттерге рұқсат беріп, қалғандарын кері қайтарды. Сәмура бин Жүндәб пен Рафи бин Хадиж кері қайтарылғандардың арасында еді. Зұхайр бин Рафи:

«Уа, Расулұллаһ! Рафи өте мерген», - деп оның әскерден кетпеуін сұрады. Рафи бин Хадиж оқиғаның жалғасын былай түсіндіреді:

«Аяғымда мәсім бар еді. Саусақтарымның ұшымен тұрып, ұзын болып көрінуге тырыстым. Расулұллаһ менің әскер қатарына қосылуыма рұқсат берді. Сәмура бин Жүндәб маған рұқсат бергенін естіп, өкіл әкесі Мұрай бин Синанға:

– Әкешім! Расулұллаһ Рафиге рұқсат берді. Ал мені кері қайтарды. Негізінде мен оны күресте жығып кетемін, - деді. Мұрай (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Менің ұлымды кері қайтарып Рафиға рұқсат бердіңіз. Ал ұлым күресте Рафиді жеңеді, - деді. Аллаһ Расулі Самура екеумізге:

«Қане күресіңдерші көрейік!» - деді.

Екеуміз күресіп, Самура мені жеңді. Содан соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған да рұқсат берді». (Табәри, Тарих II, 505-506; Уақиди, I 216)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқа тарапқа Ұхұд тауын қалдырып әскерлерін орналастырды. Айнайн деген төбешікке жаудың осы арадағы өткелден шабуыл жасау қауіпі болғандықтан елу садақшыны сол жерге орналастырды. Бастарына Абдуллаһ бин Жубәйрді тағайындап, оларға мынадай тапсырма берді:

«Сендер біздің арт жағымызды қорғайсыңдар. Жау жеңсе де, жеңілсе де менен хабар келмейінше орындарыңнан жылжымаңдар». (Ибн Хишам III 10; Ахмед, I 288)

Соғыс әдеттегідей жекпе-жекпен басталды. Аллаһтың арыстаны Хазіреті Али мүшриктердің туын ұстап жүрген Талханы бір соққымен құлатып салды. Екінші рет құрайш туын қолына алған Талханың бауыры Османды да Хазіреті Хамза, Туды алған үшінші адамды да Сағд бин Әби Уаққас өлтірді.

Артынан қызу соғыс басталып кетті. Шайқас әбден қайнаған кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қорқақтық – қорлық пен масқара, алға ұмтылу – абырой мен құрмет!» - деген жазуы бар қылышын қолына алып:

– Мұны менен кім алады? - деп сұрады.

Сахабалар:

– Мен, мен! - деп, қылышты алу үшін қолдарын созды.

Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

– Бұл қылыштың ақысын беру (қадірін біліп, осыған лайықты түрде шайқасу) үшін кім алады? - деп сұрағанда барлығы оны алудан бас тартты. Ансарлық Әбу Дұжана (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып:

– Оның ақысы не, уа, Аллаһтың Расулі? - деп сұрады.



Хазіреті Пайғамбарымыз:

– Мұның ақысы жерге құлағанша соңына дейін жаумен шайқасу, - деді.

Әбу Дүжана:

– Оның ақысын беру үшін мен аламын, уа, Расулұллаһ,- деді.

Әбу Дүжана қылышты алып, қызыл сәлдесін басына байлады да Ислам сарбаздары мен мүшрик әскерлерінің арасында тәкаппарланып, шіреніп жүре бастады. Хазіреті Пайғамбарымыз оның тәкаппарланып жүргенін көргенде:

«Осы жағдайдан басқа уақытта мұндай жүріспен жүру Аллаһты ашуландырады», - деді. (Ибн Хишам III, 11-12; Уақиди I, 259; Муслим, Фадайлус Сахаба, 128)

Соғыс кезінде яһуди ғалымы Мұхайрық мұсылман болды. Ол Хазіреті Пайғамбарымызды Тәураттағы айтылған белгілерінен өте жақсы танитын. Ғылыммен тапқан бұл ақиқатын Ұхұдқа дейін жариялай алмаған еді. Пайғамбарымыз Ұхұд соғысына шыққан кезде яһудилерге:

– Ей, яһуди қауымы! Аллаһқа ант етейін, сендер Мұхаммедтің пайғамбар екенін және оған жәрдемші болуларың керек екенін өте жақсы білесіңдер, - деді.

Яһудилер:

– Бүгін сенбі күні, еш нәрсемен айналысуға болмайды, - деді.

Мұхайрық:

– Сендерге сенбі деген нәрсе жоқ, - деді. Қылышын және керек-жарағын алып туысқанының біріне:

«Егер де бүгін мерт болсам мал-мүлкімнің барлығы Мұхаммедтікі. Ол оларды Аллаһтың көрсеткеніндей етіп жұмсайды», - деп өсиет етті. Өзі Ұхұд соғысына қатысып, шейіт болды. Артында қалдырған жеті құрма бағын Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) алып уақыфқа (мұсылмандардың игілігіне жарату үшін құрылған қор) өткізді, әрі:

«Мұхайрық яһудилердің ең абзалы», - деді. (Ибн Хишам III, 38; Уақиди I, 263; ибн Сағд I, 501-503)

Ұхұдта небір ғибратты оқиғалар болды:

Құзман деген Мәдиналық кісі соғыста жеті адам өлтіріп, өзі де ауыр жараланып өлді. Осыған қарамастан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Құзман тозақтық!» - деді.

Өйткені оған өлер шағында Қатада бин Нұғман:

– Шейіттігің мүбәрак болсын, ей, Құзман, - дегенде, ол Қатадаға:

«Мен өз руым үшін соғыстым, шейіт болу үшін соғыспадым», - деп, өз қылышымен өзін өлтірген еді. (Уақиди I, 263)

Мұның есесіне бұдан бұрын тайпасының Исламға кіруіне қарсылық білдіріп, кейін мұнысына өкінген Ұсайрам бақайшығына дейін қаруланып Нәбиге (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді де:

– Уа, Расулұллаһ! Бірінші сендермен бірге соғысқа қатысайын ба, әлде мұсылман болайын ба? - деді.

Ардақты Расул:

– Алдымен мұсылман бол, сосын соғыс! - деді. Сонан соң Ұсайрам мұсылман болды, артынан соғысып шейіт болды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аз әрекет қылды, бірақ көп пайда көрді», - деді.(Бұхари, Жиһад 13; Муслим, Имара 144)

Соңғы сәтінде жаралылардың арасында жатқанда өзіне таңдана қарағандарға:

«Мен мұсылман болу үшін келдім. Аллаһ және Расулі үшін соғысып жараландым», - деген еді.

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) бұл кісіні жұмбақтап сахабалардан былай сұрайтын:

«Маған айтыңдаршы, өмірінде бірде-бір намаз оқымай жәннатқа кірген кісі кім?». Адамдар жауабын таба алмай, кім екенін өзінен сұрайтын. Сонда Әбу Һұрайра:

«Ол – Ұсайрам, яғни Амр бин Сәбит!» - дейтін. (Ибн Хишам III, 39-40; Уақиди I, 262)

Соғыс кезінде Абдуллаһ бин Жахштың (радиаллаһу анһу) қылышы сынды. Адамзаттың Сұлтаны болған Пайғамбарымыз оған құрма бұтағын берді. Хазіреті Абдуллаһтың қолындағы құрма бұтағы қылышқа айналды. Абдуллаһ шейіт болғанға дейін осы қылышпен шайқасты. «Уржун» аты берілген бұл қылышты Абдуллаһ бин Жахштың мұрагерлерінен түрік шонжарларының бірі екі жүз динарға (алтын) сатып алды.[137]

Мұсылмандардың дұшпанға қарсы жасаған жойқын шабуылынан көп ұзамай-ақ жеңістің төбесі көрінді. Саны мен сауыт-сайманы едәуір артық болған жау қаша бастады.

137. Ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 195; Диярбақри I, 433.

Бірақ мұсылмандар дұшпанды біраз уақыт ығыстырғаннан кейін жеңіске толық қолжеткіздік - деп, олжа жинауға кірісті. Тіпті Аллаһ Расулінің тапсырмасын ескерткен қолбасшыны тіл алмай садақшылар да орындарын тастап олжа жинауға жүгірді. Төбенің басында тек садақшылардың басшысы Абдуллаһ пен жеті кісі ғана қалды.

Міне барлығы осыдан кейін басталды. Жаудың айлакер қолбасшысы Халид бин Уәлид пен атты әскері асыға күткен сәт келген еді. Дереу атты әскері садақшылар тұрған төбенің артын айналып Абдуллаһ пен қасындағы садақшыларды аз уақыттың ішінде шейіт қылды. Олжа жинап жүрген мұсылмандардың артынан ойсырата соққы берді. Тым-тырақай қаша жөнелген жау әскерлері мұны көрісімен дереу кері бұрылып мұсылмандарға қарсы қайтадан шабуылға шықты. Ислам әскерлері екі қыспақтың арасында қалып, жан-жаққа шашырап кетті.

Шейіттердің сұлтаны Хазіреті Хамза

Осы сәтте әскерлердің арасында ана бастан мына басқа жүгіріп шайқасып жүрген Исламның ержүрек жауынгері Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) Уахшидің лақтырған найзасынан шейіт болды. Әлі азаттығын алмаған құл – Уахши, мұны Хиндтің уәде етуі бойынша өз азаттығын алу үшін орындаған еді. Көп уақыттан бері осы бір сәтті аңсаумен асыға күтіп жүрген Хинд, Хамзаның (радиаллаһу анһу) бауырын сыртқа шығарып шайнап, осыншалықты хайуандық әрекетке дейін барды. Осы себептен оған «әкилатул әкбад», яғни «бауыр жеген» деген ат берілді.

Хазіреті Хамзаның шейіт болуымен мұсылмандар қайғы-қасіретке бөленді. Қатарлары да шашырап кетті. Аллаһ Тағала бұл жағдайды былай баяндайды:



وَ لَقَدْ صَدَقَكُمُ اللّٰهُ وَعْدَهُٓ اِذْ تَحُسُّونَهُمْ بِاِذْنِهِ حَتّٰٓى اِذَا فَشِلْتُمْ
وَ تَنَازَعْتُمْ فِى الْاَمْرِ وَ عَصَيْتُمْ مِنْ بَعْدِ مَٓا اَرٰكُمْ مَا تُحِبُّونَ مِنْكُمْ
مَنْ يُرِيدُ الدُّنْيَا وَمِنْكُمْ مَنْ يُرِيدُ الْاٰخِرَةَ ثُمَّ صَرَفَكُمْ عَنْهُمْ لِيَبْتَلِيَكُمْ
وَلَقَدْ عَفَا عَنْكُمْ وَ اللّٰهُ ذُو فَضْلٍ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ

«Аллаһ сендерге берген уәдесін орындап, оның жәрдемімен оларды өлтірдіңдер. Бірақ Аллаһ сендерге ұнатқандарыңды (жеңісті) **көрсеткеннен кейін осалдық жасап** (Пайғамбардың берген) **әмірі жайында таластыңдар да қарсы келдіңдер. Сендердің араларыңда бұл дүниені қалайтындар бар, әрі ақыретті қалайтындар да бар. Осыдан соң Аллаһ сендерді сынау үшін беттеріңді қайтарды** (жауға үстемдік берді)**. Сөйте тұра сендерді кешірді. Аллаһтың мүминдерге кеңшілігі өте мол».** (Әли Имран сүресі 152-аят)

Аллаһ Тағала осы аятта орындарын тастап кеткен садақшыларға: «Араларыңда дүниені қалағандар да бар»- деп, ескерту жасаса, орындарынан табжылмай шейіт болғандарды да: «Әрі ақыретті қалағандар да бар» - деп, мақтап, мадақ айтқан.

Сол мүшриктер көптеген мүминдерді шейіт қылды. Тіпті бірнеше мүшрик тікелей Аллаһ Расуліне жөнеліп шабуылға шықты. Әлемдердің Сұлтанына қарай жасалған шабуыл үдеп кетті. Талха бин Убайдуллаһ былай дейді:

«Расулұллаһтың асхабы шашырап кеткеннен кейін, мүшриктер шабуылдады және Аллаһ Расулін жан-жақтан қоршауға алды. Оны төнген жаудан не алдынан, не артынан, не оң жағынан, не сол жағынан қорғайтынымды білмей қалдым. Қылышымды жалаңдатып бірде алдынан, бірде артынан келгендерді жақындатпадым. Әйтеуір соңында тарап кетті». (Уақиди I, 254)



Мүшриктердің құралайды көзге атқан мергені Мәлик бин Зұхайр Расулұллаһқа қарай оқ атты. Талха бин Убайдуллаһ атылған оқтың Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тиетінін біліп, қолын оққа қарсы тосты. Жебе саусағына тиіп жұлып кетті.[138]

Мұхажир мен ансарлық бірнеше сахаба Аллаһ Расулін қоршап алды. Оның алдында шейіт болуға сөз беріп:

«Жүзіміз сен үшін қорған, денеміз сенің денең үшін пида болсын. Саған әрдайым Аллаһтың сәлемі жаусын. Еш уақытта қасыңнан айырылмаймыз», - деп соңына дейін соғысты. (Ибн Сағд II, 46; Уақиди I, 240)

Әбу Талха (радиаллаһу анһу) өте мықты садақ тартатын мерген еді. Ұхұд күні оның қолынан екі-үш садақ сынды. Аллаһ Расулі жанынан өткен қорамсабы барларға:

«Қорамсабыңды Әбу Талханың жанына төк», - деп бұйыратын. Хазіреті Пайғамбарымыз оның арқасынан мүшриктерге қарау үшін басын көтергенде Әбу Талха:

«Уа, Расулұллаһ! Әке-шешем саған пида болсын! Басыңды көтерме! Мүшриктердің оқтары тиіп кетер. Менің кеудем саған қорған болсын. Саған тиетін нәрсе маған тисін!», - дейтін еді. (Бұхари, Мағази 18)

Қатада бин Нұғман (радиаллаһу анһу) да Аллаһ Расулін қорғау үшін алдына тұрып садағын соңына дейін тартып мүшриктерге оқ атып жатты. Бір кезде өзі де көзіне оқ тиіп жараланды. Көзінің қарашығы ағып кетті. Қатаданың жағдайын көргенде Аллаһ Расулінің көзіне жас келді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қатаданың көзінің қарашығын қолына алып қайтадан орнына қойды.

138. Ибн Сағд III, 217.

Осыдан кейін ол көзі екінші көзінен де жақсы болып, одан артық көре бастады.[139]

Ұхұд соғысында әйел сахабалардан Үммү Умара (радиаллаһу анһа) да қолына садақ-жебесін алып жаумен шайқасқандардың бірі болды. Аллаһ Расулі соғыстан соң Мәдинаға оралғаннан кейін:

«Соғыс кезінде оңыма қарасам да, солыма қарасам да жанымда Үммү Умараның шайқасып жүргенін көрдім», - деген еді. (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 479)

Осының арқасында Пайғамбарымыздың ілтипатына лайық болып, батасын алған Үммү Умара Аллаһ Расуліне былай деді:

«Жәннатта сенімен көрші болуымыз үшін Аллаһқа дұға жасаңыз».

Ардақты Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

«Аллаһым! Бұларды жәннатта менімен көрші әрі дос қыл», - деп дұға қылды. Осыдан кейін Үммү Умара (радиаллаһу анһа):

«Енді болды, осыдан соң дүниеде қандай тауқымет көрсем де мойымаймын», - деді. (Уақиди I, 273; ибн Сағд VIII, 415)

Соғыс қызған шақта Аллаһ Расуліне жасалған шабуылдардың бірінде Сағд бин Әби Уаққастың мүшрик інісі Ұтба ардақты Пайғамбарымызға қарай тас атты. Осы кезде жер мен көктерді дүр сілкіндірген оқиға болды. Лақтырылған тас Расулұллаһтың дулығасына тиіп, екі қалқаншасы мүбәрак жүзіне кірді. Жағын тіліп бір тісін сындырды.[140] Сүйікті Пайғамбарымыз пасық Әбу Амрдың

139. Хаким III, 334/5281; Хайсәми VI, 133; ибн Сағд III, 453.

140. Опасыз Ұтба бин Әби Уаққастан тараған әулеттің барлығының иләһи

мұсылмандар үшін қазған орына құлап түсті. Талха бин Убайдуллаһ Аллаһ Расулін сүйеп, Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) де қолынан тартып шұңқырдан шығарды. Әбу Убәйда бин Жаррах Расулұллаһтың жүзіне кірген дулығаның қалқаншаларының бірін тісімен суырып алды. Тістеп тартқанда өзінің де күрек тісі сынды. Екінші қалқаншаны алып жатқанда тағы бір тісі сынды. Осы сәтте Барлық қадірлі сахабалар, тіпті періштелер қатты қайғырды. Бұл жағдай сахабалардың жанына қатты батып Пайғамбарымызға:

«Құрайш мүшриктеріне қарғыс оқыңыз!» - деді.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

«Мен лағынеттеу үшін жіберілмедім. Керісінше тура жолға шақыру үшін және мейірімді болу үшін жіберілдім. Аллаһым қауымымды тура жолға сал. Өйткені олар білмейді», - деп дұға жасады. (Бұхари, Мағази 24; Хайсәми VI, 117; Уақиди I, 244; Қады Ияс I, 95)

Адамзаттың Асыл Тәжі жараланған кезінде былай деді:

«Расулінің жүзін жарақаттаған қауымға Аллаһ қатты ашуланды».

Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Аллаһ атымен ант етейін! Расулұллаһтың осы сөзін естігенімде (оны жаралаған) бауырым Ұтба бин Әби Уаққасты өлтіргім келгені соншалықты, басқа ешкімді олай өлтіргім келмеген еді».

Шынында Сағд (радиаллаһу анһу) інісін өлтіру үшін мүшриктердің арасына кіріп бірнеше рет әрекет жасаған еді.

ғибрат ретінде күрек тістері сынық немесе кетік болды. (Рамазанұлы Махмут Сами, Ұхұд ғазауаты 26 бет)

Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған мұны істеуге жол бермеді.[141]

Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) Әлемдердің Сұлтанының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанында тұрып тоқтатпай мүшриктерге оқ жаудырды. Хазіреті Пайғамбарымыз да:

«Ата бер, ей, Сағд. Әке-шешем саған пида болсын!» - деп жатты. Осыған куә болған Хазіреті Али (радиаллаһу анһу):

«Мен ардақты Нәбидің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сағдтан басқа ешкімге: «Әке-шешем саған пида болсын», - дегенін естімедім», - деді. (Тирмизи, Әдеп 61, Манақиб 26; Ахмед I, 92)

Асыл Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай алай-дүлей қанды шайқастың ішінде де берік иман қуатымен Аллаһ Тағалаға тәуекел етіп, бір жағынан қанаған мүбәрәк жүзін қолымен сүртіп, екінші жағынан Хақ Тағалаға сиынып:

«Ей, Раббым! Қауымым – надан, не істегендерін білмейді. Сен оларды тура жолға сал!» - деген дұғада болды.

Сәхл бин Сағд (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд соғысында жараланған кезде Фатима (радиаллаһу анһа) оның мүбәрак жүзіндегі қанды жуа бастады. Хазіреті Али де Фатимаға су құйып жатты. Хазіреті Фатима судың қанды тоқтатпай, онан сайын үдеткенін көріп, шиден тоқылған төсеніштің бір бөлігін алып өртеді. Күл болған соң жараға басып, қанды тоқтатты». (Бұхари, Жиһад 80, Мағази 24; Муслим, Жиһад 101)

141. Уақиди I, 245.

Міне, Ұхұд соғысында осындай қайғылы сәттер болды. Бастапқыда мүминдер басымдылық таныта бастаған еді. Бұйрыққа құлақ аспағандықтың салдарынан мүшриктер дереу әрекетке көшіп оларды кері ығыстыра бастады. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айналасында не бары он төрт кісі қалды. Әлемдердің Сұлтаны үрейленген бірнеше мүминдерге:

«Ей, Аллаһтың құлдары! Маған қарай келіңдер! Мен Аллаһтың Расулімін!» - деп, айқайлай бастады. (Уақиди I, 237)

Бұл жағдай Құран Кәрімде былай бейнеленеді:

اِذْ تُصْعِدُونَ وَ لاَ تَلْوُونَ عَلٰٓى اَحَدٍ وَ الرَّسُولُ يَدْعُوكُمْ فِىٓ اُخْرٰيكُمْ
فَاَثَابَكُمْ غَمًّا بِغَمٍّ لِكَيْلَا تَحْزَنُوا عَلٰى مَا فَاتَكُمْ وَ لاَ مَآ اَصَابَكُمْ
وَ اللّٰهُ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ

«Сол уақытта Пайғамбар сендерді арттарыңнан шақырса да сендер ешкімге бұрылып қарамай қаштыңдар. Қолдарыңнан шығып кеткенге де, бастарыңа түскенге де қайғырмауларың үшін Аллаһ сендерге қайғы үстіне қайғы берді. Аллаһ сендердің не істегендеріңді толық біледі». (Әли Имран сүресі 153-аят)

Кейбір мүсылмандар Хазіреті Пайғамбар шейіт болды деп естіп, жай соққандай дел-сал болды. Тіпті: «Аллаһ Расулі өлген болса біз бұл жерде не істейміз!» - деп соғыс майданын тастап кетіп жатты. Негізінде бұлар Мәдинаны қорғау үшін кері қайтқан еді. Бірақ мүсылман әйелдер оларды қайтадан артқа қайтарды.

Бір бөлігі болса: «Аллаһ Расулі өлсе де Аллаһ мәңгі», - деп соғысты ары қарай жалғастырды. Осылардың бірі Әнәс

бин Надыр (радиаллаһу анһу) (әйгілі Әнәс бин Мәликтің көкесі) үмітсіздікке түсіп, не істерін білмей тұрған мүминдерден Аллаһ Расулінің шейіт болғанын естігенде, асқан төзімділігін және бағыныштылығын көрсетіп:

– Расулұллаһ шейіт болғаннан кейін өмір сүрудің не керегі бар. Қане сендер де ол сияқты шейіт болыңдар!- деп арыстандай ақырып, мүшриктердің ішіне сүңгіп кетті. Біраз уақыт өткен соң сексеннен аса жарақат алып, шейіттік шәрбәтін ішті. (Ахмед III, 253; ибн Хишам III, 31)

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Көкем Әнәс бин Надыр (радиаллаһу анһу) Бәдір соғысына қатыса алмаған еді. Осыған қатты өкініп:

«Ей, Аллаһтың Расулі! Мүшриктермен болған алғашқы соғысқа қатыса алмадым. Егер де Аллаһ Тағала мүшриктерге қарсы соғысқа қатысуды нәсіп етсе мен оларға көресіні көрсетемін», - деді.

Ұхұд соғысына қатысты. Мұсылмандардың қатары бытшыт болып тарай бастағанда достарын меңзеп: «Раббым! Бұлардың істеген әрекеттері үшін сенен кешірім сұраймын», - деді. Мүшриктерді меңзеп: «Бұлардың істегендерінен аулақпын, уа, Раббым! - деп ілгері ұмтылды. Сағд бин Муазбен жолығып:

«Ей, Сағд! Арманым жәннат. Қағбаның Раббысына ант етейін, Ұхұдтың етегіне келгелі бері жәннаттың иісін сезіп жүрмін», - деді.

Кейіннен Сағд бұл жағдайды Хазіреті Пайғамбарымызға айтып жатып:

– Мен оның істегеннін істей алмадым, уа, Расулұллаһ! - деген болатын.

Көкемді соғыс майданынан таптық, шейіт болған екен. Денесінде сексеннен аса қылыштан, найзадан, жебеден алған жарақаттар бар еді. Мүшриктер мұсла жасап, дене мүшелерін кескен екен. Сондықтан оны ешкім тани алмай, тек қарындасы ғана саусақтарының ұшынан таныды. Мына аят көкем жайында және сол сияқтылар үшін түсті:

مِنَ الْمُؤْمِنِينَ رِجَالٌ صَدَقُوا مَا عَاهَدُوا اللّٰهَ عَلَيْهِ
فَمِنْهُمْ مَنْ قَضٰى نَحْبَهُ وَ مِنْهُمْ مَنْ يَنْتَظِرُ وَ مَا بَدَّلُوا تَبْدِيلاً

«Мүминдердің арасында Аллаһқа берген сөздерін орындаған ерлер бар. Олардың кейбірі жанын құрбан қылды (соғысып шейіт болды), **енді біреулері (**шейіт болуды**) күтуде. Олар сөздерінен әсте тайған емес».** (Ахзаб сүресі 23-аят) (Бұхари, Жиһад 12; Муслим, Имара 148)

Шайқаста мүминдер жеңіліске ұшырай бастағанда соғыс алаңынан қашқандар, негізінде қала сыртына шығып соғысамыз деген болатын. Бұл да Аллаһтың хикметі. Аллаһ Тағала оларға былай деді:

وَ لَقَدْ كُنْتُمْ تَمَنَّوْنَ الْمَوْتَ مِنْ قَبْلِ اَنْ تَلْقَوْهُ
فَقَدْ رَاَيْتُمُوهُ وَ اَنْتُمْ تَنْظُرُونَ

«Расында сендер өліммен бетпе-бет келмей тұрып оны армандайтын едіңдер. Міне, енді оны өздерің көрдіңдер». (Әли Имран сүресі 143-аят)

Өлімге дайын екендіктерін айтып, артынан Хазіреті Пайғамбар өлді деген сандыраққа сеніп тым-тырақай қашқандарға келген Аллаһтың ескертуі өте қатаң болды:

وَ مَا مُحَمَّدٌ اِلاَّ رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ اَفَائِنْ مَاتَ
اَوْ قُتِلَ انْقَلَبْتُمْ عَلٰى اَعْقَابِكُمْ وَ مَنْ يَنْقَلِبْ عَلٰى عَقِبَيْهِ
فَلَنْ يَضُرَّ اللّٰهَ شَيْئًا وَ سَيَجْزِى اللّٰهُ الشَّاكِرِينَ

«Мұхаммед бір Пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Егер ол өлсе немесе өлтірілсе онда бұрынғы діндеріңе кері кетесіңдер ме? Кімде-кім кері қайтса Аллаһқа ешқандай зиян бере алмайды. Аллаһ шүкіршілік етушілерге сыйын аямайды». (Әли Имран сүресі 144-аят)

Осы қиын-қыстау кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш нәрсеге мойымай темірқазық секілді тұрған жерінен еш айырылмай нәбәуи қабілетімен қарсылық көрсетті. Қаһармандығымен, ержүректігімен және тұрақтылығымен жауынгерлік танытып сахабаларына мақтан тұтарлық үлгі болды. Өйткені Жаратушы Тағала былай деген :

وَ لاَ تَهِنُوا وَ لاَ تَحْزَنُوا وَ اَنْتُمُ الْاَعْلَوْنَ اِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ ﴿139﴾
اِنْ يَمْسَسْكُمْ قَرْحٌ فَقَدْ مَسَّ الْقَوْمَ قَرْحٌ مِثْلُهُ
وَتِلْكَ الْاَيَّامُ نُدَاوِلُهَا بَيْنَ النَّاسِ

«Босаңсымаңдар, әрі еңселеріңді түсірмеңдер! Егер сендер шын мүмин болсаңдар әлбетте үстем боласыңдар. Сендер (Ұхұдта) **жараланған болсаңдар** (Құрайш) **қауымы да** (Бәдірде) **сол сияқты жараланған еді. Біз осы күндерді адамдардың арасында алма-кезек ауыстырып тұрамыз...».** (Әли Имран сүресі 139-140 аяттар)



Ұхұд күні Аллаһ Тағаланың Пайғамбарына және мүминдерге көрсеткен жанашырлығының және жәрдемінің арқасында мүмкіншіліктері болғанымен мүшриктер көздеген мақсаттарына жете алмады. Осы кезде сахабалар Расулұллаһты көріп бірте-бірте жинала бастады. Мүшриктердің шабуылына тойтарыс беріліп, мүминдер асқан қайсарлықпен Аллаһ Расулін қорғады. Меккелік мүшриктер қайтадан шығынға ұшырай бастады. Сондықтан шығындарын арттырмау үшін біраз кейін шегінді. Әбу Суфян таудың төбесінен келіп мүминдерді қоршауға алуға тырысса да, нәтиже шықпады.

Осы үрейлі сәтте Аллаһ Тағала мүминдерді ұйқыға бөлеп, тұрған орындарында тәтті әрі тыныш ұйқыға кетті. Тіпті кейбіреулері қолдарындағы қылыштарын бірнеше рет жерге түсіріп алды. Бұл ұйқы тек қана мүминдерге келді. Мұсылмандардың арасындағы мунафиқтар мен күмәншілдердің көздері ілінбеді. Осы сәтте олар мазасызданып алақ-жалақ етіп, мүшриктердің келіп өлтіретіндігінен қорықты.[142]

Бір кезде Әбу Суфян мен Хазіреті Омар біраз айтысып қалды.[143] Сөйтіп кері қайтуға әрекет жасаған Әбу Суфян көздеген мақсатына жете алмағандықтан іші күйіп соңғы сөзін айтты:

«Келесі жылы Бәдірде кездесейік!» - деді.

Хазіреті Омар (радиаллаһуанһу) ардақты Пайғамбарымыз бұған не дер екен, деп күтіп тұрды. Әлемдердің Сұлтаны:

«Жарайды! Құдай қаласа кездесетін жеріміз сол жер болсын деп айт!» - деді. (Ибн Хишам III, 45; ибн Сағд II, 59)

142. Бұхари, Мағази 18, 20; Уақиди I, 295-296.
143. Ибн Хишам III, 45.

Негізінде мүшриктердің көңіліне үрей ұялап, сондықтан кері қайтқан болатын. Шынында да Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берілген мұғжизалардың бірі жаудың көңіліне ұзақ қашықтықтан үрей салу болатын. Аллаһ Тағала былай дейді:

سَنُلْقِى فِى قُلُوبِ الَّذِينَ كَفَرُوا الرُّعْبَ بِمَآ اَشْرَكُوا بِاللّٰهِ مَا لَمْ يُنَزِّلْ بِهٖ سُلْطَانًا وَمَاْوٰيهُمُ النَّارُ وَبِئْسَ مَثْوَى الظَّالِمِينَ

«Ешбір дәлел-дерек түсірілмеген нәрсені Аллаһқа ортақ қосқандары үшін жақын арада кәпірлердің көңілдеріне үрей саламыз. Олардың орны тозақ. Залымдардың барар жері нендей жаман». (Әли Имран сүресі 151-аят)

Міне мүшриктер көңілдеріне ұялаған үрейдің әсерінен уақытша болса да мұсылмандарға қарсы басымдылық танытқанымен, толығымен қорғаусыз қалған Мәдинаны жаулап алуға батылдары жетпеді. Мұнымен қатар бірде-бір мұсылманды тұтқынға ала алмай кері қайтты. Күдіксіз бұл Аллаһтың Пайғамбарына және мүминдерге көрсеткен жәрдемі әрі мейірімділігі еді.

Мүшриктер Ұхұдтан қайтқан кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сапқа тұрыңдар, Раббыма мақтау айтып, дұға жасайын!» - деді.

Сахабалар Аллаһ Расулінің арқасына сап құрды. Хазіреті Пайғамбарымыз болса былай дұға жасады:


«Аллаһым! Барлық мақтаулар мен мадақтар саған тән. Аллаһым! Сенің жайып-төсеп кеңейткен нәрсеңді ешкім тарылта алмайды. Сенің тарылтқан нәрсеңді де ешкім кеңейте алмайды. Сенің адастырғаныңды ешкім тура жолға сала алмайды. Сен тура жолға салғанды да ешкім

адастыра алмайды. Сенің бермеген нәрсеңді ешкім бере алмайды. Сенің бергеніңді де ешкім тыйа алмайды. Сенің ұзақтатқан нәрсеңді ешкім жақындата алмайды. Сенің жақындатқаныңды ешкім ұзақтата алмайды.

Аллаһым! Біздерге мейіріміңді, берекетіңді және жақсылығыңды жаудыра көр! Аллаһым! Сенен ешқашан өзгермейтін және ешқашан жоғалмайтын мәңгілік нығметіңді сұраймын! Аллаһым! Сенен тарыққанда нығмет, қорыққанда амандық тілеймін. Аллаһым! Берген нәрселеріңнің, әрі бермеген нәрселеріңнің жамандығынан саған сыйынамын!

Аллаһым! Бізді мұсылман күйімізде өлтір, мұсылман болып өмір сүрдір! Құрмет, абыройымыздан жұрдай қылмай, фитнәға ұшыратпай ізгілердің қатарына қос.

Аллаһым! Сенің пайғамбарыңды жалғанға шығарған, адамдарды сенің жолыңнан тайдырған кәпірлер тобын оңдырма! Оларға пәлекетіңді және азабыңды жібер. Аллаһым! Өздеріне кітап берілген кәпірлерді де оңдырма! Уа, бар болған және ақиқат болған Тәңір (иләһ)! Әмин!» (Ахмед III, 424; Хаким I, 686-687/1868; III, 26/4308)



Ақталуға жол қалдырмаған сахаба – Сағд бин Раби

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сағд бин Рабиді (радиаллаһу анһу) тауып, не халде екенін біліп келу үшін сахабаларының бірін соғыс алаңына жіберді. Әлгі сахаба Сағдты (радиаллаһу анһу) қанша іздесе де таба алмады, қаншалықты айқайласа да жауап ала алмады. Соңғы үмітпен жаралылар мен шейіттер жатқан жаққа бұрылып:

«Ей, Сағд! Мені Расулұллаһ жіберді. Аллаһ Расулі сенің тірі ме, жоқ әлде шейіт пе екеніңді біліп, өзіне хабар беруім үшін жұмсады», - деп айқайлады.

Осы кезде ақырғы сәттерін өткізіп жатқан және жауап беруге әлі қалмаған Сағд (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулінің өзін уайымдап жатқанын естіп, соңғы қуатын жинап, әлсіз ғана ыңырсыған дауыспен:

«Мен енді өлілермен біргемін», - деуге ғана шамасы келді. О дүниеге аттанып бара жатқаны белгілі еді. Әлгі сахаба Сағдқа (радиаллаһу анһу) қарай жүгірді. Оның денесі қылыш соққыларынан тілім-тілім болған екен. Оның ауызынан сыбырлап шыққан керемет асыл сөздерді естіді:

«Аллаһқа ант етейін, кірпік қағуға шамаларың бола тұра Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаудан қорғамай, осының кесірінен бастарыңа пәлекет келетін болса, сендерге Аллаһтың алдында ақталуға ешқандай сылтау жоқ!». (Муатта, Жиһад 41; Хаким III, 221/4906; ибн Хишам III, 47)

Сағд бин Раби (радиаллаһу анһу) үмметке өсиет іспетті осы сөзін айтып, жалған өмірмен қоштасты.

Ұхұд шейіттері

Мүшриктер Ұхұдтан толық кеткеннен кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыс майданына түсіп шейіттерді жерледі. Тура жетпіс кісі шейіт болған еді. Бұлардың арасында Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) сияқты жауынгерлер мен Мұсаб бин Үмәйр (радиаллаһу анһу) сияқты ержүректер де бар болатын.

Мұсылмандардың туын ұстаған Мұсаб бин Үмәйр (радиаллаһу анһу) Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қорғап жүргенде шейіт болды. Осы кезде бір періште Мұсабтың бейнесіне еніп туды қолына алды. Хазіреті Пайғамбар оның шейіт болғанынан хабарсыз болғандықтан ту ұстап тұрған кісіге:

«Алға ұмтыл, ей, Мұсаб!» - деді.

Сонда періште Аллаһ Расуліне бұрылып қарады. Сол кезде барып оның періште екенін аңғарған Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Мұсабтың шейіт болғанын түсінді. Соңынан Мұсабтың мүбәрак денесі табылды, бірақ оны орайтын кебін табылмады. (Ибн Сағд III, 121-122)

Мүбәрак шейіттің үстіндегі киімімен бас жағын жапса аяқтары ашылып, аяқтарын жапса басы ашық қалатын еді. Сахабалар не істеу керек екенін сұрап Аллаһ Расуліне барды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шейіттің бас жағын киімімен, аяқ жағын хош иісті шөптермен жабуды бұйырды.

Негізінде Мұсаб (радиаллаһу анһу) Меккенің ең танымал әрі дәулетті отбасының бірінен шыққан еді. Меккенің бүкіл жігіттері оның өміріне таңырқап, таңдай қағатын. Тіпті бойжеткен қыздар оның жүрген жолына гүл лақтыратын еді. Ол болса мүшрик жанұясының оны тоқтату үшін жасаған



барлық әрекетіне қарамастан, бүкіл байлығын, дүние-мүлкін, тіпті мұрагерліктен бас тартып Аллаһ Расулімен бірге болуды таңдады. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шын жүректен тәнті болып, оған ілесті. Осы өлермендігі үшін шейіт болғанда бір періште оның кейіпіне енді. Мұсабтың осы әрекеттерінің ақысы ретінде осындай керемет Аллаһтың сыйы берілді.

Бұл жан күйзелтерлік жағдай адамдардың көңілдерінде терең із қалдырды. Бірнеше жылдан соң мұсылмандар күшейіп әбден қуаттанған кезеңде ынсапты дәулеттілерден болған Абдуррахман бин Ауфқа (радиаллаһу анһу) ауыз ашу үшін ұлы бірнеше түрлі тағам ұсынады. Ол бұдан әсерленіп:

«Мұсаб Ұхұд соғысында шейіт болды. Ол менен де абыройлы болатын. Бірақ кебініне бір шапаннан басқа еш нәрсесі жоқ еді. Онымен басын жапса аяғы, аяғын жапса басы ашық қалатын. Кейін бізге мал-мүліктен барлық нәрсе берілді. Шынын айтсам істеген жақсылығымыздың қарсылығы осы дүниеде беріле ме деп қорқамын», - деген еді. Артынан Абдуррахман жылап, әлгі тағамдардан бас тартып дастарханнан тұрып кетті. (Бұхари, Жанайз 27)

Ұхұд шейіттерінің арасында Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және бүкіл мүминдердің жүректерін қан жылатқан Ислам әскерлерінің қаһарманы, Аллаһтың арыстаны Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) болатын.

Хазіреті Сафия бауыры Хамзаны (радиаллаһу анһу) көру үшін шейіттер жатқан жаққа бет алды. Алдынан ұлы Зубәйр шығып:

– Расулұллаһ кері қайтуыңды бұйырды - деді. Ол:

– Неге? Бауырымды көрмеймін бе? Мен оны тілшелеп тастағанын естіп қойдым. Ол Аллаһ үшін бұл халге ұшырады. Бізді де жұбататын осы. Құдай қаласа сабыр етіп сауабын Аллаһтан күтемін,- деді.

Зубәйр шешесінің айтқандарын Хазіреті Расулға жеткізді. Ардақты да асыл Пайғамбарымыз:

«Олай болса жібер көрсін», - деді. Сафия бауыры Хазіреті Хамзаның денесінің жанына келіп дұға жасады. (Ибн Хишам III, 48; ибн Хажар, әл-Исаба IV, 349)

Ұхұдта болған теңдессіз діни бауырмалдық көріністі Зубәйр бин Аууам (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Шешем Сафия шиден тоқылған екі алашаны беріп:

«Мыналарды бауырым Хамзаға кебін қыларсыңдар деп алып келген еді», - деді. Оны алып Хамзаның қасына бардық. Оның жанында ансарлық кебінсіз тағы бір шейіт жатыр екен. Екі алашаны да Хамзаға жауып ансарды кебінсіз қалдыруға ұялдық.

«Алашаның бірі Хамзаға, екіншісі де Ансарға кебін болсын», - дедік. Алашаның бірі үлкен. Екіншісі кіші болғандықтан екеуінің арасына шек салдық». (Ахмед I, 165)

Бұл әсерлі оқиғадан көргеніміздей енді мүминдердің көңіліндегі туысқандық сезімнің орнына иман бауырмалдығы орнықты. Қияметке дейін келетін бүкіл мүминдерге діни бауырмалдықпен өмір сүру сезімін ұсынды.

Шейіттердің намазын оқу үшін әуелі Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) болып, он шейіт алып келінді. Намаздары оқылып тоғызы жерленді. Хазіреті Хамзаның жанына тағы тоғыз шейіт алып келініп намаздары оқылды. Осылайша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесінің,



әрі шейіттердің сұлтаны болған мүбәрак шейіттің жаназа намазын бірнеше рет оқыды.[144]

Жабирдің (радиаллаһу анһу) риуаят етуі бойынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд ғазауатында шейіт болғандарды әр қабірге екі кісіден қойылатындай етіп дайындатып:

«Бұлардың қайсысы Құранды көп білетін еді (Құранмен өмір сүретін еді)?» - деп сұрап, екі шейіттің қайсысын көрсетсе соны құбыла жағына қойды. (Бұхари, Жанайз 73, 75)

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) Ұхұдта болған жағдайлардан хабар алу үшін әйелдермен бірге жолға шықты. Харраға келгенде салихалы әйел Хинд бинти Амрға (радиаллаһу анһа) кездесті. Хинд күйеуі Амр бин Жамух, ұлы Халлад және бауыры Абдуллаһтың мүрделерін түйеге артып алып келе жатыр екен. Хазіреті Айша одан:

– Артыңда қандай хабар бар? - деп сұрады. Хинд:

– Шүкіршілік. Расулұллаһ жақсы. Ол аман болғаннан соң барлық қиыншылық түк емес, - деді.

Хазіреті Айша түйенің үстіндегі мүрделерді көрсетіп:

– Мыналар кімдер? - деп сұрады. Салихалы Хинд:

– Бауырым Абдуллаһ, ұлым Халлад, күйеуім Амр, - деді.

Хазіреті Айша:

– Оларды қайда алып барасың? - деп сұрады. Хинд:

– Мәдинаға алып бара жатырмын. Сонда жерлеймін, - деді. Түйесін жүруі үшін айдаған еді, жерге шөге кетті. Хазіреті Айша:

144. Ибн Мәжә, Жанайз 28.

– Түйе жүгінің ауырлығынан шөгіп жатыр ма? - деп сұрады.

Хинд:

– Неге шөккенін білмеймін. Негізінде басқа уақытта екі түйенің жүгін таситын еді. Бірақ қазір бұған бір нәрсе болған сияқты, - деді.

Біраз зорлаған еді түйе орнынан тұрды. Мәдинаға қарай айдап еді, қайта шөкті. Ұхұдқа қарай бұрып еді жүйітки жөнелді. Хинд ардақты Пайғамбарымызға барып жағдайды түсіндірді. Пайғамбарымыз оған:

– Түйеге солай міндеттелген. Амрдың қандайда бір өсиеті бар ма еді? - деп сұрады.

Хинд:

– Амр Ұхұдқа жүрер алдында құбылаға бет бұрып: «Аллаһым! Маған шейіт болуды нәсіп ет! Мені мақұрым, мазасыз күйде үй-ішіме қайтарма! - деп дұға еткен еді, - деді.

Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

– Міне, сондықтан түйе жүрмей жатыр.

Ей, Ансар қауымы! Сендерден кімде-кім Аллаһқа сөз берсе сөзінде тұрсын.

Ей, Хинд! Сенің күйеуің Амр сөзінде тұрғандардың бірі. Ол шейіт болғаннан бастап періштелер қанаттарын жайып оның үстін көлеңкелеп, қай жерге жерленеді екен, деп күтуде. Ей, Хинд! Күйеуің Амр, ұлың Халлад және бауырың Абдуллаһ жәннатта бірге, әрі бір-бірімен дос болады.

Бұл қуанышты хабарды естіген Хинд шыншыл күйеуімен мәңгілік өмірде де бірге болуды тілеп:

– Уа, Расулұллаһ! Аллаһқа дұға қыл, мені де олармен бірге қылсын, - деп өтінді. (Уақиди I, 264-265; ибн Хажар Фатхул Бари III, 216; ибн Абдил Бәр III, 1168)

Тағы бір мынадай ғибратты оқиға болды:

Ұхұд күні Мәдина суық хабар естіп астан-кестен болды. «Мұхаммед өлтірілді», - дегенді естіп, қалада айқай-шу басталды. Айқайлап жылаған дауыстар көкке көтерілді. Тіпті ансарлық Сүмәйра ханымға екі ұлының, әкесінің, күйеуінің және бауырының шейіт болған хабары жеткенде, ол бұған еш көңіл бөлмей дереу Аллаһ Расулінің жағдайын сұрап:

– Оған ештеңе болмады ма? - деді.

Сахабалар жауап ретінде:

– Құдайға шүкір, аман-есен. Ол сенің қалағаныңдай тірі, сап-сау, - деді.

Сүмәйра ханым:

– Оны маған көрсетіңдерші, көңілім жайтапсын, - деді. Оған Пайғамбарымызды көрсеткенде дереу барып киімінің бір бұрышына жабысып:

«Әке-шешем саған пида болсын, уа, Расулұллаһ! Сен тірі болсаң болды, басқа еш нәрсені уайымдамаймын», - деді. (Уақиди I, 292; Хайсәми VI, 115)

Бәшир бин Ақраба (радиаллаһу анһу) айтады:

«Ұхұд күні әкем Ақраба шейіт болғанда жылап Пағамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бардым. Ол маған:

– Ей, балақай! Сен неге жылайсың? Қояғой жылама! Сенің әкең мен болсам, шешең Айша болса разымысың, - деді.

Мен болсам:

«Әке-шешем саған пида болсын уа, Расулұллаһ! Әрине разымын, - дедім. Сонда Расулұллаһ басымды сипады. (Қазір) шаштарым ағарса да Расулұллаһтың мүбәрак қолдары тиген жерлер әлі қап-қара». (Бұхари, әт-Тарихул Кәбир II, 78; Али әл-Муттақи XIII, 298/36862)

Аллаһқа қауышуға деген құштарлық жайындағы оқиғаны Жабир (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Ұхұд соғысына қараған түні әкем мені қасына шақырып:

«Ардақты Нәбидің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларынан алғаш шейіт болатын кісі менмін-ау шамасы. Расулұллаһтан (аләйһиссалату уәссәләм) кейін артымда қалатын ең қымбатты сенсің. Қарыздарым бар, оларды өте. Бауырларыңа әр дайым жақсы қарым-қатынас жаса», - деді.

Таңертең алғаш шейіт болған адам әкем болды. Басқа бір шейіт екеуін бір қабірге жерледім. Кейін оны өз алдына басқа жерге жерлегім келді. Алты айдан кейін оны қабірінен шығардым. Қарасам құлағынан басқа бүкіл денесі қабірге жерлеген күндегідей еді. Оны жалғыз өзін басқа мазарға жерледім». (Бұхари, Жанайз 78)

Ұхұд шейіттері еске алынғанда Әлемдердің Сұлтаны ол мүбәрак шейіттердің абзалдығын білдіру мақсатында:

«Аллаһқа ант етейін асхабыммен бірге мен де шейіт болып Ұхұд тауының етегінде болуды шын қалаймын», - дейтін еді. (Ахмед III, 375)

Бірде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд шейіттеріне барып:

«Олардың (иманына және шыншылдығына) куәлік беремін», - деді.

Сонда Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз олардың бауырлары емеспіз бе? Олар қалай мұсылман болса, біз де солай мұсылман болдық. Олардың жиһад жасағанындай біз де жиһад жасадық» - деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз болса былай деп жауап берді:

«Иә, (дұрыс айтасың) бірақ менен кейін қандай бидғаттар (дінде болмаған нәрсе) шығаратындарыңды білмеймін».

Хазіреті Әбу Бәкір көз жасын төгіп жылады. Артынан:

«Демек біз сенің артыңда қаламыз ба?» (деп қайғырды). (Муатта, жиһад, 32)

Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) бұл халі сүйікті Пайғамбарымызға деген шексіз махаббатының дәрежесін және оның «Үшіншісі Аллаһ болған екі кісінің бірі» екендігін көрсеткен тамаша бір мысал.

Сахабалар Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық нәрседен, тіпті өз жандарынан да жақсы көретін. Үйде отырғанда Әлемдердің Сұлтаны келсе, үйдің ішінде шыдай алмай, дереу оның қасына баратын. Оның мүбәрак және айдан да нұрлы жүзіне қарап рахаттанып, сұхбаттарынан нәр алатын.[145] Оны көрмеген кездерінде жандары тәндеріне симастай болатын. Жәннатта онымен бірге бола алмаудан қорқып олардың жүздері сұп-сұр болып,

145. Қасталани II, 104.

не істегендерін білмей қалатындай халге түсетін.[146] Сондай-ақ Расулұллаһқа қызмет жасаған Рабиға (радиаллаһу анһу) бір күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Менен қалағаныңды сұра», - дегенде, жәннатта онымен бірге болудан басқа еш нәрсе қаламаған еді.[147] Сахабалар өлер сәттерінде Аллаһқа және Расуліне қауышатындықтары үшін қатты қуанатын.[148] Сондықтан олар (Ислам нығметінен кейін) «Кісі сүйгенімен бірге» деген Пайғамбар сүйіншісіне қуанғанындай еш нәрсеге қуанбаған еді.[149]

Әли Имран сүресінің алпыс аяты Ұхұд соғысына байланысты. Мисуәр бин Махрамнан Ұхұд жайында сұрағанда Абдуррахман бин Ауф былай деген еді:

«Әли Имран сүресін 120-шы аяттан ары қарай оқы. Бізбен бірге Ұхұдта болғандай боласың.» (Ибн Хишам III, 58; Уақиди I, 319)

«Біз Ұхұдты жақсы көреміз, Ұхұд та бізді жақсы көреді!»

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көңілінде Ұхұдтың ерекше орны бар. Әлемдердің Сұлтаны (аләйһиссалату уәссәләм) өмірінде Ұхұдты және Ұхұд шейіттерін жиі-жиі зиярат жасайтын.

«Біз Ұхұдты жақсы көреміз, Ұхұд та бізді жақсы көреді!» - дейтін. (Бұхари, Жиһад 71; Муслим, Хаж 504) Бұл Нәбәуи ілтипатпен құрметтеген, шейіттердің мазары болған Ұхұд – Аллаһ Расулінің махаббатына айналған мекен ретінде қияметке

146. Құртуби V, 271.
147. Муслим, Салат 226; Ахмед III, 500.
148. Ахмед I, 8; ибн Мәжә, Жанайз 4.
149. Бұхари, Әдеп 96.

дейін келетін үмметке баға жетпес естеліктерге толы зиярат орнына айналды.

Хазіреті Пайғамбарымыз соғыстың сәтсіз нәтижеленуінің салдарынан Ұхұдтың сәтсіздікке ұшырауынан қорқып, мүминдердің көңіліне орнығуы ықтимал болған ашу-ыза мен жек көру сезіміне жол бермеу үшін:

«Біз Ұхұдты жақсы көреміз, Ұхұд та бізді жақсы көреді!» - деп, бұл мекенге деген махаббатын білдірді. Пайғамбарымыздың осы махаббатының берекетімен Ұхұд жеңіліс орны ретінде емес, Расулұллаһтың шын көңілден құштар болған және қойнауында мүбәрак шейіттер жерленген қасиетті мекен ретінде еске алынуда.

Сонымен қатар Хазіреті Пайғамбарымыздың Ұхұдты жақсы көруі, оны тануы, барлық мақлұқаттың да ардақты Расулді біліп, оны растайтындығының ап-айқын дәлелі. Расында да Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жындардың және адамдардың кәпірлерінен басқа жер мен көктің арасында болған барлық нәрсе мені Аллаһтың Расулі екенімді біледі» - деген болатын. (Ахмед III, 310)

Ұхұд ғазауатынан алынатын сабақтар (хикметтер)

Ұхұд ғазауатында өте қайғылы сәттер мен өмірдің көптеген ащы-тұщы кезеңдері құлдық сезіммен іске асты. Бір жағынан иманнан туындаған толқу ішінде сабырлылық, тәуекел, бағыныштылық танытып және тағдырға разылық білдіріп, екінші жағынан ғапылдық пен дүниеге іш тарту сияқты нәпсінің әлсіздігінен туындайтын өте қайғылы сынақтарға тап болды.

Аллаһ Расулінің әмірін орындауда жасалған салғырттық

табан астында соғыстың тағдырын өзгертіп, иләһи ескертуге ұшырап жеңістің кейінге қалуына себеп болды. Бірнеше кісінің қателігі жалпының жазаландырылуымен нәтижеленіп, барлығы бірдей қиыншылыққа тап болып еді. Өйткені бұл өмір заңы (сүннәтуллаһ). Араларында Аллаһтың сүйіктісінің де болуы бұл сүннәтуллаһты өзгертпеген.

Ал Бәдірде болса асхабы кирам Аллаһ Расуліне ешқандай себепсіз бағынған болатын. Әрі оған:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз саған сендік. Сенің Аллаһтан алып келген Құранның ақиқат екеніне шын жүректен иман келтірдік, әрі саған мойысұнып бағыну үшін сөз беріп ант іштік. Қалай қаласаң солай әрекет ет, бізге әмір ет. Біз сенімен біргеміз, сені жіберген Аллаһ үшін сен теңізге түссең біз де сенімен бірге түсеміз, ешқайсымыз артта қалмаймыз!...» (Ибн Хишам, II, 253-254) - деген сахабалар, көңіл толқуының ең шыңында болатын.

Ұхұд соғысындағы иләһи сынақтың себебі, кейбір көңіл бөлінуі керек өте маңызды мәселелерде бір сәттік ғапылдыққа түскендіктен мүминдерге жасалған қатаң ескерту еді.

Ұхудтың ең басты хикметтерінің бірі – мүминдерді араларындағы мунафиқтардан тазалап, арылдырды.

Тағы бір хикметі де мүшриктерге іс жүзінде ешқандай нәтижесі жоқ алдамшы жеңіс беріліп, олардың қапыда қалып әрекет жасауына жол берілмеген болатын. Бұл алдамшы жеңіспен мүшриктердің Бәдірден бері көңілдеріне толған ашу-ыза мен кек біраз бәсеңсіп, осы уақытқа дейінгі олардың Исламға қарсы ұстанған қаталдығы мен дұшпандығы азайған болатын.



Назар аударатын жайт сахабалар жеті жастағы баладан жетпістегі қартқа дейін барлығы Ұхұд ғазауатына қатысып шейіт болу үшін таласқан еді. Он бес жасындағы бозбалалар да Расулұллаһтың әскеріне жауынгер болып қосылу үшін әр түрлі әрекеттер жасаған. Осылайша барлық жастағы адамдардың өлімге жүгіруінің сыры мынада болса керек: Жүректерінің қуатты иманға толы болуы және әлемнің жаратылуының себебі болған Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген көңілдеріндегі шынайы махаббат сезімі. Қай жерде осы иман мен махаббат болса, барлық батылдық пен ержүректік сол жерде. Ал қай жерде азайған болса, олжерде жалқаулық, тартыншақтық, қорлық және қорқақтық бой көтереді. Бұл махаббатқа алып баратын жол болса зікірді арттыру, Расулұллаһқа көп салауат айту, Аллаһтың берген нығметтерін терең ойлану және Расулұллаһтың өмірімен және көркем мінез-құлқымен өмір сүруге тырысу.

Ұхұдта Расулұллаһтың жаралануында және шейіт болғандығы жайлы алыпқашпа әңгімелердің жайылуында мүминдер үшін үлкен хикмет бар. Мұнымен олардың имандары мен тағдыр жайындағы сенімдері сыналған секілді. Осылайша Аллаһ Расулінің адам баласы екендігін, уақыты келгенде оның да Раббысының құзырына көшетіндігін және ол қайтыс болғаннан кейін мүминдердің кері шегініп кетпей Пайғамбардың көрсеткен жолымен ары қарай жүрулері керектігін үйретіп әрі бастарына осындай жағдайлар келмей тұрып өздерін оған қарсы дайындады.

Қорыта келгенде Ұхұдта мұсылмандарға жаумен соғысқанда жеңіске қалайша қол жеткізуге болатыны, жеңіліске ұшырау және кері шегіну қаупінен қалай құтылу керектігі сияқты көптеген мәселелер үшін сабақтар мен ғибраттар ұсынылған.

Хамраул Әсәд (8 Шәууәл 3/24 Наурыз 625)

Ұхұдтан қатты үрейленіп шығып Меккеге бет алған мүшриктерді Аллаһ (Жәллә Жәләлуһу) мең-зең қылып барлық нәрсені ұмыттырды. Жолда бара жатып естерін жиды. Қайтадан кері барып мүминдерге бас салып шабуыл жасауды ойлады.

Осы кезде Мәдинаға оралған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де дұшпанды қорқытып мысын басу керек екенін ойлады. Аллаһ Тағала мұндай жағдайда әсте салғырттық жасамау керектігін көрсеткен аятын түсірді:

وَ لاَ تَهِنُوا فِى ابْتِغَآءِ الْقَوْمِ اِنْ تَكُونُوا تَاْلَمُونَ فَاِنَّهُمْ يَاْلَمُونَ كَمَا
تَاْلَمُونَ وَ تَرْجُونَ مِنَ اللّٰهِ مَا لاَ يَرْجُونَ وَ كَانَ اللّٰهُ عَلِيمًا حَكِيمًا

«Жауды өкшелей қууда салғырттық жасамаңдар. Егер сендер қатты қиналсаңдар, олар да сендер сияқты қиналуда. Әрі сендер Аллаһтан олардың үміт етпеген нәрселерін үміт етесіңдер. Аллаһ барлық нәрсені біледі, әрі өте дана». (Ниса сүресі 104-аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабына:

«Кім жауды өкшелей қууды қалайды?»- деп сұрады.

Дереу бір топ әзірленді расында Хазіреті Әбу Бәкір мен Зубәйр (радиаллаһу анһума) бар еді. Дұшпанның соңына түсу үшін жолға шыққан бұл топтың барлығы дерлік жаралы болатын. Бұл жаралы мужаһидтер дайындықтарын жасап Әбу Инаба құдығының басында Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артынан жетіп, оның қатарына қосылды.[150]

150. Уақиди I, 334-335.

Үсәйд бин Хұдайр (радиаллаһу анһу) жараларын таңуды тастай салып:

«Мен Аллаһ Расулінің шақыруын естідім әрі оған бағындым!»- деп, дереу қару-жарағын алып ардақты Пайғамбардың қасына келді.

Сағд бин Үбәда (радиаллаһу анһу) да асығыс дайындалып, қауымына дереу әрекетке көшуін бұйырды. Олар да дереу каруларын асынып келді.[151]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан бұл топ тез арада жаудың соңына түсті.

Абдуллаһ бин Сәхл мен бауыры Рафи (радиаллаһу анһума) Ұхұдта Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге соғысып, Мәдинаға жаралы күйде оралған еді. Аллаһ Расулінің мұсылмандарды жаудың соңына түсу үшін шақырғанын естіген кезде:

«Аллаһқа ант етейік, жарақатымыз ауыр, таңатын шүберегіміз де жоқ. Бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан жорықты бос жібермейміз», - деп, дереу жолға аттанды. Жеңіл жараланғанынан жарасы ауыр болғанын бірде арқалап, бірде қолтығынан сүйеп Пайғамбарымызға барып, оның қасынан айырылмады.[152]

Осындай жанқиярлық танытқан мүминдер иләһи құрметке лайық болды:

الَّذِينَ اسْتَجَابُوا لِلّٰهِ وَالرَّسُولِ مِنْ بَعْدِ مَٓا اَصَابَهُمُ الْقَرْحُ
لِلَّذِينَ اَحْسَنُوا مِنْهُمْ وَاتَّقَوْا اَجْرٌ عَظِيمٌ

151. Уақиди I, 334-335.
152. Ибн Хишам III, 53.

«Жарақат алғаннан кейін де Аллаһқа және Пайғамбарға құлақ асқандар, олардан жақсылық жасағандар және тақуалықты ұстанғандар үшін өте үлкен сауап бар». (Әли Имран сүресі 172-аят)

Бұл топ Мәдинадан сегіз шақырым қашықтықтағы «Хамраул Әсәд» деген жерге дейін барды. Осы жорыққа «Хамраул Әсәд» деп атаған болатын. Ту Хазіреті Алидің (радиаллаһу анһу) қолында еді. Күн батып қараңғы түскенде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бес жүз жерге бөлек-бөлек от жағуды бұйырды. Тамаша ғажайып көрініс туындады. Төңіректен қарағандар осы жерде қалың қолдың бар екендігіне күмәндары болмады. Осы кезде Меккеге жол тартқан, әлі мұсылманшылықты қабыл етпеген Мабәд есімді кісі мүшрик әскерлеріне барып мұсылмандардың соңдарынан қуып келе жатқанын айтты. Олардың өте көп екенін білдіру үшін:

«Мен өмірімде мұншалықты қалың қолды көрмедім», - деді. Жағдайдың анық-қанығынан хабар алған мүшриктердің жүректерінде өте қорқынышты үрей туындап:

«Мұсылмандардың қимылдауға шамасы қалмаған еді ғой. Сонда бұл қалай болғаны?» - деп, бір-біріне қарап аңтаң болды. Артынан мұның мәнісін түсіне алмаған күйде:

«Қой, бір пәлеге жолықпай тұрғанда бұл жерден кетейік!» - десті.

Қайтып барып шайқасуға батылдары жетпеді. Ақыры асығыс түрде ары қарай Меккеге жолдарын жалғастырды. Осылайша олар қайтқаннан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де асхабымен бірге қайтадан Мәдинаға оралды.[153]

153. Ибн Хишам III, 52-56; Уақиди I, 334-340.

Мирас мәселесі

Осы кезде мұраларды бөлуге байланысты аяттар түсті. Өйткені Ұхұдтан кейін осыған байланысты бірнеше мәселе шыққан еді. Ұхұдта шейіт болған Сағд бин Рабидің (радиаллаһу анһу) бауыры оның екі қызына еш нәрсе бермей барлық мұрасын өзіне алған еді. Ал бұл жәһилият дәуіріндегі ғұрып болатын. Жәһилият дәуірінде әйелдер мен қыз балаларға құрмет көрсетілмегендіктен олардың мирас алуға құқықтары жоқ еді. Ислам осы әділетсіз қылықты тоқтатты.

يُوصِيكُمُ اللّٰهُ فِيٓ اَوْلَادِكُمْ لِلذَّكَرِ مِثْلُ حَظِّ الْاُنْثَيَيْنِ فَاِنْ كُنَّ نِسَآءً
فَوْقَ اثْنَتَيْنِ فَلَهُنَّ ثُلُثَا مَا تَرَكَ وَ اِنْ كَانَتْ وَاحِدَةً فَلَهَا النِّصْفُ
وَ لِاَبَوَيْهِ لِكُلِّ وَاحِدٍ مِنْهُمَا السُّدُسُ مِمَّا تَرَكَ اِنْ كَانَ لَهُ وَلَدٌ فَاِنْ لَمْ
يَكُنْ لَهُ وَلَدٌ وَوَرِثَهُٓ اَبَوَاهُ فَلِاُمِّهِ الثُّلُثُ فَاِنْ كَانَ لَهُٓ اِخْوَةٌ فَلِاُمِّهِ
السُّدُسُ مِنْ بَعْدِ وَصِيَّةٍ يُوصِي بِهَٓا اَوْ دَيْنٍ اٰبَٓاؤُكُمْ وَاَبْنَٓاؤُكُمْ لَا تَدْرُونَ
اَيُّهُمْ اَقْرَبُ لَكُمْ نَفْعًا فَرِيضَةً مِنَ اللّٰهِ اِنَّ اللّٰهَ كَانَ عَلِيمًا حَكِيمًا

«Аллаһ сендерге балаларың жайында еркекке екі әйелдің үлесіндей (мирас беруді) **бұйырады. Егер қыз балалары екіден көп болса оларға** (марқұмның) **қалдырған барлық мұрасының үштен екісі беріледі. Егер** (мұрагер) **жалғыз қыз болса** (мұраның) **жартысы соған. Егер өлген кісінің баласы болса, онда әке-шешесінің әр қайсысына қалдырған мирастың алтыдан бірі тиеді. Ал оның балары болмай мұрагері әке-шешесі ғана болса, шешесіне үштен бірі** (беріледі)**. Егер марқұмның бауырлары болса, анасына алтыдан бірі тиеді.** (Бұл үлестен марқұмның) **өсиеттері орындалып, қарыздары өтелгеннен кейін** (беріледі)**. Сендер пайда тұрғысынан өздеріңе әкелерің мен балаларыңның**

қайсысы жақын екендігін білмейсіңдер. Бұлар (үлестер) **Аллаһ тарапынан бекітілген парыз. Шынында Аллаһ барлығын біледі, асқан дана».** (Ниса сүресі 11-аят)

Осылайша Исламдағы алғашқы мұра үлестіру Сағд бин Рабидің (радиаллаһу анһу) мұрагерлерінің арасында іске асты.[154]

Исламдағы мирас құқығында үлес пен мұрагерлер арасында әділетті тепе-теңдік орнатылған. Еркектің міндеті көп болғандықтан әйелге қарағанда артық үлес берілген. Өйткені үйленгенде мәһір беріп, тойдың шығындарын көтеруден бастап, жанұясын асырау, яғни отбасыға қатысты барлық міндеттер еркектің мойнына жүктелген.

Исламныңмирасқұқығындаеркекпенәйелдіңарасындағы айырмашылық оларға міндеттелген жауапкершіліктің әр түрлі болуына байланысты. Бұл екеуінің арасында тепе-теңдік орнатылған. Әйел баласы ұрпақ жалғастыру, бала-шағаны бағу және үй-ішінің тіршілігін атқару сияқты ауыр жауапкершілікті атқаратындықтан отбасын асырауға міндеттелмеген. Осы себепті мирастағы үлесі тең жарымға түсірілген. Бұл үлес тұрмыс құра алмаған, ажырасқан кейбір әйелдердің жағдайын және жеке басына қажетті мұқтаждықтарын ескеріп берілген.

Мұнымен қоса әйелдерге керемет сезімдер, нәзіктік, ұяңдық пен мейірімділік, ар-ұят, өлермендік, бала тәрбиесі және ұрпақ қорғау сияқты жақсы қасиеттер берілген. Олардың дене құрылысы нәзік, өте сезімтал және мейірімді болғандықтан өмірдің әр түрлі кезеңдерінде, әсіресе бір жағдайларға тап болғанда рухани және тәндік әлсіздікке ұшырайды. Сондықтан Исламда әйелдердің куәлігі

154. Ахмед III, 352, 575 б.

жартылай болады. Мұны түсінбейтін кейбіреулер тілдеріне тиек етіп Исламға қарсы шығады. Оның жаратылысқа сай, өзгермейтін ерекшеліктерін біле тұра яғни Исламның қойған керемет қағидаларын дұшпандығынан немесе надандығынан көре алмайды.

Шын мәнінде Жаратушы Аллаһ барлық жаратылысты және жаратылыстың әрбір бөлігін белгілі мақсатта жаратқан, мұны іске асыру үшін қолайлы тәндік және рухани болмыс берген. Ер кісіні өмір үшін күресіп, үй-ішін асырауға міндетті қылған. Оның осы міндетін дұрыс атқару үшін Аллаһ Тағала дене құрылысын қуатты, руханиятын берік қылған. Әйел болса ұрпақты қорғауға, бала-шаға бағуға және оны өте әлсіз нәресте кезінде бағып-қағуға, қамқорлық жасауға жауапты етілген. Осы себепті оның міндеті дене құрылысынан гөрі, руханиятының берік те сезімтал болуын керек етеді. Сондықтан нәрестені шақалақ кезінде асқан мейірімділікпен және махаббатпен аялап өсіру үшін әйелге иләһи сый ретінде өте жоғары сезімталдық берілген.

Осы сезімталдықпен мейірімділік анаға берілгендіктен, оған басқадай міндет жүктелсе оң нәтиже бермеуі мүмкін. Өткені әйел баласы кінәліге жаны ашып мейірімділік жасап әділеттіліктен жаңылуы ықтимал. Міне, бұл да жоғарыда айтқанымыздай оның куәлігінің жартылай болуындағы Аллаһтың қойған үкімінің хикметтерінің бірі болса керек.

Мұнымен қатар Ислам куә болуды адамның психологиялық құрылысына да қарап белгілеген. Кей жағдайда еркектің куәлігі қабыл етілмейді, ал кей жағдайда әйелдің куәлігі толық болып қабыл етіледі. Мысалы: еркектердің хабар алуы мүмкін болмаған жерлерде тек қана әйелдердің куәлігі жеткілікті болады.[155]

155. Мәжәллә 1685-ші мақала.

Куәлік мәселесіне қарап әйелдердің төмен саналатындығын айтатындар, Исламның мұндай айыптаушылықтан аулақ екенін, оның құқық пен міндеттердің арасында әділетті тепе-теңдік орнатқанын, адамдардың өзгермейтін табиғи ерекшеліктерімен бірге бүкіл қоғамды да қарастырғанын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді.

Әйелге тән абырой тек қана Аллаһтың берген тамаша қабілеттері мен қасиеттерін қорғау арқылы сақталады. Ал егер де әйел ерекшеліктері мен қасиеттерін Аллаһтың белгілегенінен теріс жолда жұмсаса абыройдан жұрдай болып, қадірі кетіп, бақытсыздыққа душар болады. Осылайша отбасының шаңырағын шайқалтып, қоғам өміріне зиянын тигізеді.

Қазіргі таңда әйел мен еркектердің арасында әділетсіз жасанды теңдіктің жарысы басталған. Әйелдің жаратылыс ерекшеліктеріне теріс келетін бұл жарыс, әйелді аналық қасиетінен жұрдай қылып отбасын жаралауда. Міне, шағымыздағы өте көп кездесетін бала алдыру мәселесі жәһилият кезіндегі қыз балаларын тірідей жерге көмудің жаңаша тәсілі, әрі ғасырымыздағы нағыз қанішерліктің өзі. Ғасырымыздағы азып-тозған әйел мен жәһилият кезіндегі әйелдің арасында тек қана киім-кешекте ғана айырмашылық қалған. Бұл болса руханияттан жұрдай материалистік тәлім-тәрбиенің қоғамға тигізген зардаптары.





ХИЖРЕТТІҢ ТӨРТІНШІ ЖЫЛЫ

Ражи оқиғасы (Сапар 4/Шілде 625)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға тәблиғ жасап, оны үйрету мақсатында төңіректегі тайпаларға мұғалімдер жіберетін. Бірақ жіберілген кейбір мұғалімдерге қастандық жасалатын. Бұл қастандықтардың ең ірілерінің бірі «Ражи оқиғасы» болды.

Мәдинаға жақын жердегі Адал және Қара деген тайпалар Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздеріне Исламды үйрететін мұғалімдер сұрады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Асым бин Сәбитті басшы қылып он кісіні жібереді.

Бұлар Ұсфан мен Мекке арасындағы Хұдат деген жерге келді. Хұзайл тайпасына тиесілі жердегі Ражи деген судың басына тоқтады. Мұсылман мұғалімдердің бұл жерге келгенін Хұзайл тайпасынан шыққан Лихянұлдарының тайпасы естіді. Лихянұлдары жүзге жақын садақшылар тобымен олардың соңына түсті. Асым мен достары іздеріне адам түскенін байқап қалып, олардан қорғану үшін биіктеу бір төбеге шықты. Жау оларды қоршап:

– Төмен түсіңдер. Қолдарыңдағы каруларыңды тастап беріліңдер. Сөз береміз, ешбіріңді өлтірмейміз, - деді.

Сонда Асым:



– Достар! Мен кәпірдің сөзіне сеніп төмен түспеймін, - деді. Артынан:

«Аллаһым, біздің жағдайымызды Расуліңе білдір!» - деп, дұға жасады. Кейінірек дұшпан Асымды және оған ерген алты кісіні оқтың астына алып шейіт етті.

Асым бин Сәбит жараланған кезінде былай дұға етті:

«Аллаһым! Мен күннің басында сенің дініңді қорғадым. Сен де күннің соңында менің мүрдемді қорға!».

Бәдір соғысында құрайштықтардың бірін өлтіргені үшін Құрайштың кейбір бетке тұтарлары оның шейіт етілгенін естіген кезде адам жіберіп, оны танып білу үшін дене мүшесінің бірін кесіп алып келуге жұмсады. Бірақ Аллаһ Тағала Асымды (радиаллаһу анһу) қорғау үшін құжынаған ара жіберді. Бұл құжынаған ара Асымның денесін жауып қоршап тұрды. Құрайштықтардың жіберген адамдары оның денесінен еш нәрсе кесіп ала алмады. (Бұхари, Жиһад 170, Мағази 10, 28; Уақиди I, 354-363)

Кеш болып құжынаған аралардың тарқап кетуін күткен әлгі кісі, күтпеген бір жағадайға тап болды. Бірден нөсер жауын құйып, сел боп ақты. Осы арада Асымның денесі ұшты-күйлі жоғалып кетті. Осылайша дұшпан Асымның денесінің еш қандай бөлігін ала алмады. Осы оқиғадан кейін Асым «Аралар қорғаған шейіт» - деп еске алынатын болды. (Ибн Хишам III, 163)

Мүшриктер берілген мұсылмандарды садақтарының шегімен (жібімен) шандып байлай бастағанда, біреуі:

«Бұл бізді алғашқы алдаулары. Аллаһқа ант етейін, сендерге әсте берілмеймін. Мына шейіттер маған тамаша үлгі!» - деп, қарсы шықты. Мүшриктер оны зорлықпен айдап алып кетіп жатса да қасарысып қарсы шықты. Сонан соң оны да шейіт қылды.



Осы он сахабадан екеуі ғана, яғни Хұбәйб пен Зәйд (радиаллаһу анһумә) қана тірі қалды. Мүшриктер ол екеуін Меккеге алып барып сатты. Хұбәйбті Бәдір ғазауатында өзі өлтірген Харис бин Амирдың ұлдары сатып алды. Хұбәйб өлтірілуге шешім қабылданғанға дейін олардың қолында тұтқында болды.

Жергілікті әйелдердің бірі былай дейді:

«Аллаһқа ант етейін, мен өмірімде Хұбәйбтан артық тұтқын көрмедім. Ант етейін ол шынжырмен байлаулы болса да, әрі Меккеде ешқандай жеміс-жидектің таптырмайтын кезінде жаңа піскен жүзім жеп отырғанын көрдім. Бұл Аллаһтың Хұбәйбке тарту еткен ризығы. Хұбәйб Құран оқып, тәһәжжуд намазына тұратын. Оның оқыған Құранын тыңдаған әйелдердің жаны ашып, әсерленіп жылайтын. Одан:

– Ей, Хұбәйб! Қандайда бір мұқтаждығың бар ма? - деп сұрағанымда,

– Жоқ! Маған тұщы су ішкізсең, пұттардың атына сойылған малдың етін жегізбесең және мені өлтіретін кезде уақытын білдірсең болды, басқа еш нәрсеге ықтияжым жоқ, - деді.

Харам айлары өтіп оны өлтіруге шешім қабылдағандарын айтқанымда, Аллаһқа ант етейін оның бұдан қорқып, қайғырғанын көрмедім. Харистің ұлдары оны өлтіру үшін Харам (құрмет) аймағының сыртына Хил деген жерге шығарған кезде оларға Хұбәйб:

«Маған мүмкіншілік беріңдер, екі рәкәт намаз оқиын», - деді. Олар да қоя берді. Хұбәйб екі рәкәт намаз оқып артынан:

– Аллаһқа ант етейін, өлімнен қорықты деп ойламайтындарыңды білсем намазды бұдан да ұзартар

едім, - деді. Осылайша Хұбәйб өлім жазасына кесілген әрбір мұсылманның екі рәкәт намаз оқу әдетін алғаш бастаған кісі болды.

Артынан:

«Аллаһым! Бұлардың әрбірін жеке-жеке жой, бір-бірлеп жандарын ал. Ешқайсысын сау қалдырма», - деп, дұға жасады[156] да мына мағынадағы өлең шумағын оқыды:

«Мұсылман болып өлгеннен кейін қалай өлсем де әсте өкінбеймін. Осылардың барлығы әлбетте Аллаһтан. Ол қаласа бөлшектелген денеммен Хақтың разылығына қауышуым оп-оңай!»

Сонан соң Хұбәйб (радиаллаһу анһу) Аллаһ Тағалаға былай жалбарынды:

«Тәңірім! Бұл жерде дұшпандардан басқа ешкім жоқ. Расуліңе елші ретінде жіберетін де ешкім жоқ. Оған сәлемімді сен жеткіз!»

Осы кезде Мәдинада асхабымен бірге отырған Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«(وَ عَلَيْهِ السَّلَامُ) Оған да сәлем болсын», - дегенін айналасындағылар естіді. Сахабалар аң-таң болып:

156. Хұбәйб дұға жасаған кезде ол жердегілердің барлығы қорқып, дұғаның әсерінен қорғану үшін оңға-солға жүгіріп тығылуға әрекет жасады. Бұдан аман қалмаймыз деп ойлады. Бір айдан астам уақыт Құрайш мәжілістерінде Хұбәйбтің оқыған қарғысынан басқа сөз айтылмады. Саид бин Амир анда-санда талып қалатын еді. Омар (радиаллаһу анһу) халифа болған кезде оның бұл жағдайын естіп қандай ауру-сырқауы бар екенін сұрағанда Саид:
«Уа, мүминдердің әміршісі! Менің ешқандай ауру-сырқауым жоқ. Бірақ мен Хұбәйб өлтірілген кезде сол жерде болатынмын, оның қарғысын естіген едім. Аллаһқа ант етейін, осыны қандайда бір мәжілісте есіме алсам міндетті түрде талықсып кетемін», - деді. (Уақиди I, 359-360)

«Уа, Расулұллаһ! Кімнің сәлеміне жауап қайтардың?» - деп сұрағанда:

«Бауырларың Хұбәйбтің сәлеміне. Міне, Жәбрейіл Хұбәйбтің сәлемін жеткізді», - деді. Осылайша Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл сахабалардың шейіт етілгендерін дәл сол мезетте асхабына хабар берді». (Бұхари, Жиһад 170, Мағази 10, 28; Уақиди I, 354-363)

Хұбәйбті өлтіретін кезде дар ағашына байлап тұрып одан былай сұрады:

– Сенің құтылып орнында Пайғамбардың болуын қалайсың ба?

Хұбәйб бұл сұраққа еш ойланбастан, асқан батылдықпен әрі салмақтылықпен былай деді:

– Әсте! Оның осы жерде менің орнымда болуы былай тұрсын, дәл қазір тұрған Мәдина Мунауўарада мүбәрак аяқтарына бір тікеннің кіруіне де еш разы емеспін!

Бұл жауапқа таңырқаған Әбу Суфян:

«Мен дүниеде достары шын сүйген Мұхаммедтен басқа ешкімді көрмедім», - деп, таңдай қақты. (Уақиди I, 360; ибн Сағд II, 56)

Оны дарға асқан кезде мүшриктер жүзін Мәдина жаққа бұрды. Хұбәйб (радиаллаһу анһу): «Аллаһым! Егер де бұл істегендерім сенің құзырыңда қайырлы болса жүзімді құбылаңа қарай бұр!» - деп дұға жасады. Аллаһ Тағала оны құбылаға бұрды. Мүшриктер қанша тырысса да жүзін құбыладан басқа жаққа бұра алмады. Осы мүбәрак сахаба жайында мына аят түсті:

يَآ اَيَّتُهَا النَّفْسُ الْمُطْمَئِنَّةُ ﴿27﴾ ارْجِعِى اِلٰى رَبِّكِ رَاضِيَةً مَرْضِيَّةً ﴿28﴾
فَادْخُلِى فِى عِبَادِى ﴿29﴾ وَادْخُلِى جَنَّتِى ﴿30﴾

«Ей, тыныштық тапқан нәпсі! Сен одан, ол сенен разы болған күйде Раббыңа қайт. Енді құлдарымның қатарына қосыл, әрі жәннатыма кір». (Фәжр сүресі 27-30-аяттар) (Құртұби XX, 58; Алуси XXX, 133)

Хұбәйбтен (радиаллаһу анһу) кейін шейіт етілген Зәйд (радиаллаһу анһу) те дәл сондай мықты иманға ие еді. Түнде тәһажжуд намазын оқып, күндіз ораза ұстайтын. Пұттардың атына сойылғандықтан етті тағамдарды жемейтін. Мұның орнына сүтті қалайтын. Сүтпен ораза ұстап, сүтпен ауыз ашатын. Шейіт ету үшін Тәним деген жерге алып барғанда Хұбәйбпен кездескенде бастарына түскен сынаққа сабыр көрсетуді бір-біріне үгіттеді. Зәйд (радиаллаһу анһу) те екі рәкат намаз оқыды.

«Сенің орныңда Мұхаммедтің болуын қалайсың ба?» - деп сұрағанда дәл Хұбәйб (радиаллаһу анһу) сияқты жауап берді. (Уақиди I, 361-362)

Оған мұсылмандықтан бас тартқан жағдайда ғана тұтқыннан босатылатындығын айтқан ақымақ мүшриктерге:

«Мұсылман болып өлу дінімнен бас тартып өмір сүруден мың есе артық! - деп шынайы мүмин екенін көрсетіп, шейіттік шәрбәтін сусындап ішті.

Осындай иман ләззәтын сезіне білген Пайғамбар ғашығы Юнус Әмре Аллаһ және Расулінің жолында жан беруге құштарлығын және ақыретте ұлы шапағатқа лайық болуды қалайтындығын мына өлең шумағымен жеткізеді:

Жаным құрбан болсын сенің жолыңда,
Аты әдемі, өзі әдемі Мұхаммед.
Кел шапағат қыл әлсіз үмметіңе,
Аты әдемі, өзі әдемі Мұхаммед...

Бири Мауна оқиғасы (Сапар 4/Шілде 625)

Ражи оқиғасы болған күндерде Нәжід өңірінің бетке тұтарларының бірі Әбу Бәра, тайпасын тура жолға салу үшін мұғалімдер сұрап Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді. Аллаһ Расулі оның сұранысын қабыл еткісі келмеді. Тіпті оның алып келген тартуларын да алмады:

«Мен достарым үшін Нәжід халқынан (қиянат жасайтындығынан) қорқамын!..»- деді.

Сонда Әбу Бәра тайпасының атынан мұсылмандардың өміріне кепілдік берді. Мұнымен қоса Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да Әбу Бәраның атынан Нәжідтегі тайпаларды басқаратын жиені Амирге хат жаздырды. Артынан асхабы Суффадан «Құрра» деп аталатын жетпіс мұғалімді дайындап Әбу Бәрамен бірге аттандырды.

Мұғалімдер Мәдинадан төрт күн түнеп баратын қашықтықтағы Бири Маунаға барған кезде жан түршігерлік опасыздыққа тап болды. Әбу Бәраның жиені Амир қалың қолмен шабуыл жасады. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хатын да оқымады. Өзінің тайпасы Әбу Бәра мұсылмандарды қорғауына алғандығы үшін оған қосылмағандықтан Ұсайя, Риль, Зәқуан, Бәни Лихя тайпаларын алдап өзіне ертіп мұсылмандарды қылыштан өткізді. Араларынан тек Амр бин Үмәйя ғана қашып құтылды.[157]

157. Ибн Хишам III, 184; Хайсәми VI, 125-130.

Осы қайғылы оқиға болған күні қиянат жасағандардың арасында болған Жәббар бин Сұлма мына оқиғаны айтады:

«Мұсылмандардың бірі болып, Исламға шақырған Амир бин Фухайраны найзаммен түйредім. Найзамның кеудесін тесіп өткенін көрдім. Ол болса бұған қарамастан:

«Аллаһқа ант етейін, табысқа жеттім!», - деді. Өз-өзіме:

«Қандай табысқа жетті? Мен оны өлтірдім емес пе?» - дедім. Осы кезде денесі көкке көтерілді де көзден ғайып болды. Басымнан өткен осы оқиға, менің мұсылман болуыма себеп болды». (Ибн Хишам III, 187; Уақиди I, 349)

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) ардақты Пайғамбарымызға келіп Ислам дағуатшыларының шейіт болып Раббыларына қауышқандығын, Раббыларының олардан разы болғанын, әрі оларды да разы еткенінен хабар берді.[158]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жағдайға қатты қиналып, жүрегі қан жылап қайғырды. Мүбәрак қолдарын Раббысына жайып:

«Ей, Аллаһым! Аллаһқа және Расуліне қарсы шыққан Рил, Зәқуан және Ұсайяға (тайпаларына) лағынет ет!»- деп, бір ай бойы таң намазынан кейін жалбарынды. (Бұхари, Жиһад 9, 19, Мағази 28; Муслим, Мәсәжид 297)

Мүминдер қайғы-қасіреттен көз жастарын төкті. Мунафиқтар мен яһудилер болса қуаныштары қойындарына сыймай масаттанып, Ұхұдтан бері болған оқиғаларға көңілдері шат болды. Мұнымен қоса Ұхұдта мұсылмандарға қарсы ойлағандарын іске асыра алмағандықтан іштеріндегі өшпенділіктері өршіп, құйтырқы үгіттерін одан сайын жая бастаған еді. Соғысқа аттанғанда жасаған опасыздықтары

158. Бұхари, Жиһад 9.

мен жалған өтіріктерін асқан көрегендік, шебер санап, көптеген құрбандар берген мұсылмандарға:

«Ол өлгендер біздің сөзімізді тыңдағанда қазір тірі болар еді», - дей бастады. Олардың бұл әрекетіне Құран Кәрімнің жауабы өте қатаң ескерту түрінде болды:

الَّذِينَ قَالُوا لِاِخْوَانِهِمْ وَ قَعَدُوا لَوْ اَطَاعُونَا مَا قُتِلُوا قُلْ فَادْرَؤُا عَنْ اَنْفُسِكُمُ الْمَوْتَ اِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

«(Үйлерінде) **отырып алып бауырлары жайында: «Егер бізді тыңдағанда өлтірілмейтін еді», - дегендерге айт: «Егер айтқандарың рас болса өз жандарыңды ажалдан құтқарыңдаршы».** (Әли Имран сүресі 168-аят)

وَ مَا كَانَ لِنَفْسٍ اَنْ تَمُوتَ اِلاَّ بِاِذْنِ اللهِ كِتَابًا مُؤَجَّلاً

«Аллаһтың бұйрығынсыз ешкім өлмейді. (Өлімнің) **белгілі мерзімі жазылып қойған...»** (Әли Имран сүресі 145-аят)

Әнәс (радиаллаһу анһу):

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бири Маунада шейіт болған асхабына қайғырғанындай басқа уақытта осылайша еш нәрсеге қайғырғанын көрмедім», - деген болатын. (Муслим, Мәсәжид 302) Өйткені Бири Мауна шейіттерінің барлығы дерлік асхабы Суффадан болатын, әрі Аллаһ Расулінің рухани тәрбиесінен нәр алған Құран мен сүннеттің нағыз мұғалімдері еді.

Ражи мен Бири Мауна оқиғалары мұсылмандар үшін тәблиғ (дінді жаю) пен иршадтың (тура жолға салу) зор маңызды екендігін әрі өмірлік борыш екенін көрсетеді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабының

ең таңдаулыларын қауіп-қатерге бас тіге отырып Ислам дағуатшысы әрі мұғалімі ретінде жіберді. Хақ Тағала осы ұлық міндетті атқару жолында шейіт болған мужаһидтерді мадақтап, олардан разы болғанын, әрі олардың Раббыларынан да разы болғандығын баяндаған.[159]

Бәни Надырдың қастандық әрекеті

Бири Маунадағы қанды оқиғадан қашып құтылған Амр бин Үмәйя Мәдинаға келе жатып өздеріне шабуыл жасаған тайпаның екі адамын ұйықтап жатқан жерінде бас салып өлтіреді. Негізінде олар Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қорғауында болатын. Мәдинаны зиярат етіп қайтып бара жатқан беттері еді. Сондықтан құн төлеуге тура келді. О бастан жасалған келіссөз бойынша төленетін құнның бір бөлігі Бәни Надырдан алынатындықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір топ асхабымен бірге олардың ауылына барды.

Хазіреті Пайғамбардың азын-аулақ кісімен жұрттарына келгенін көрген Бәни Надыр яһудилері бұл жағдайды өздері үшін таптырмайтын қолайлы сәт деп біліп, Аллаһ Расуліне қастандық ұйымдастырды. Төленетін құнның өздеріне түскен пайын сөз жоқ беретіндерін айтып, беретін үлестері дайын болғанға дейін Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір үйдің көлеңкесіне отыра тұруға шақырды. Әрі осы арада дәм-ауыз тиетінін айтып, құрған жоспарларын іске асыру үшін дереу әрекетке көшті. Пайғамбарымыз көлеңкесінде отырған үйдің шатырынан үлкен тас домалатып оны құрбан еткілері келді. Бұл қауым осындай опасыз әрекеттерін бұдан бұрынғы пайғамбарларға да жасағандықтан, бұл істе әбден тәжірибелі еді.

159. Бұхари, Мағази 28, Жиһад 9; Муслим, Мәсәжид 297.



Осы сәтте Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отырған жерінен ұшып тұрып, ол жерден асығыс кетіп қалды. Ал негізінде Аллаһ Тағала болып жатқан жағдайды Расуліне білдірген болатын. Хақ Тағала Расулін қорғап қалып мүминдерге көрсеткен құрметін былай еске салады:

يَٓا اَيُّهَا الَّذٖينَ اٰمَنُوا اذْكُرُوا نِعْمَةَ اللّٰهِ عَلَيْكُمْ
اِذْ هَمَّ قَوْمٌ اَنْ يَبْسُطُٓوا اِلَيْكُمْ اَيْدِيَهُمْ فَكَفَّ اَيْدِيَهُمْ عَنْكُمْ
وَاتَّقُوا اللّٰهَ وَعَلَى اللّٰهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Кезінде әлдебір қауым сендерге қол сұқпақ болғанда, Аллаһ олардың қолын сендерден қаққан еді. Аллаһтан қорқыңдар. Мүминдер Аллаһқа ғана тәуекел етсін». (Мәида сүресі 11-аят)

Қастандық Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасалса да аяттағы тіркестің: «сендерге қол сұқпақ болған» деп келуі Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүминдердің жаны әрі өмірі екендігін, тіпті одан да қымбат екенін білдірген.

Осы қастандық әрекетіне байланысты Аллаһ Тағала былай дейді:

وَاِمَّا تَخَافَنَّ مِنْ قَوْمٍ خِيَانَةً فَانْبِذْ اِلَيْهِمْ عَلٰى سَوَٓاءٍ
اِنَّ اللّٰهَ لَا يُحِبُّ الْخَٓائِنٖينَ

«Егер бір қауымның опасыздығынан қорықсаң онда сен де дәл солай (келісімді бұзғаныңды) **оларға білдір. Анығында Аллаһ опасыздарды жақсы көрмейді».** (Әнфәл сүресі 58-аят)

وَ اِنْ جَنَحُوا لِلسَّلْمِ فَاجْنَحْ لَهَا وَتَوَكَّلْ عَلَى اللّٰهِ اِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ ﴿61﴾ وَ اِنْ يُرِيدُوٓا اَنْ يَخْدَعُوكَ فَاِنَّ حَسْبَكَ اللّٰهُ هُوَ الَّذٖى اَيَّدَكَ بِنَصْرِهٖ وَ بِالْمُؤْمِنٖينَ ﴿62﴾

«Егер олар бейбітшілікке бейімделсе онда сен де оған бейімдел, әрі Аллаһқа тәуекел ет! Өйткені ол естіп, біліп тұрады. Ал егер олар сені алдамақ болса, онда саған Аллаһ жетеді. Ол сені өз жәрдемімен әрі мүминдермен қолдады». (Әнфәл сүресі 61-62 аяттар)

Осыдан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәни Надырға елші жіберіп келісімшартты жаңалауларын, әйтпесе он күннің ішінде Мәдинадан шығып кетулерін ескертті. Бірақ мунафиқтар қарап отырмай Мәдинадан шығуға дайындалып жатқан Бәни Надырға жасырын хабар жіберді. Оларға қалың қолмен жәрдемге келетінін, Мәдинадан әсте шықпауларын айтып, оларды азғырып айдап салды. Бұл жасырын хабарды Хақ Тағала Құран Кәрімінде былай жариялады:

اَلَمْ تَرَ اِلَى الَّذٖينَ نَافَقُوا يَقُولُونَ لِاِخْوَانِهِمُ الَّذٖينَ كَفَرُوا مِنْ اَهْلِ الْكِتَابِ لَئِنْ اُخْرِجْتُمْ لَنَخْرُجَنَّ مَعَكُمْ وَلَا نُطٖيعُ فٖيكُمْ اَحَدًا اَبَدًا وَ اِنْ قُوتِلْتُمْ لَنَنْصُرَنَّكُمْ وَ اللّٰهُ يَشْهَدُ اِنَّهُمْ لَكَاذِبُونَ

«Мунафиқтардың кітап иелерінен күпірлік еткен достарына: «Егер жұрттарыңнан қуылсаңдар сөз жоқ біз де сендермен бірге шығамыз, сендерге қарсы шығу үшін ешкімге әсте мойынсұнбаймыз. Егер сендерге қарсы соғыс шыға қалса әлбетте сендерге көмек береміз», - дегендерін естімедің бе? Аллаһ олардың нағыз суайт екеніне куәлік береді». (Хашр сүресі 11-аят)

Яһудилер айдап салған мунафиқтарға арқа сүйеп өздерін қауіп-қатерден аулақ санап Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы шықты. Бірақ мунафиқтар уәде еткен жәрдемін бере алмайтын еді. Бұны Аллаһ Тағала былай бейнелейді:

لَئِنْ اُخْرِجُوا لاَ يَخْرُجُونَ مَعَهُمْ وَلَئِنْ قُوتِلُوا لاَ يَنْصُرُونَهُمْ
وَ لَئِنْ نَصَرُوهُمْ لَيُوَلُّنَّ الْاَدْبَارَ ثُمَّ لاَ يُنْصَرُونَ

«Егер олар қуып шығарылатын болса олармен бірге шықпайды. Ал егер оларға қарсы соғыс басталса оларға жәрдем бермейді. Жәрдем бергеннің өзінде арттарына бұрылып қашады. Сосын олар ешбір жәрдем көре алмайды». (Хашр сүресі 12-аят)

Өйткені мунафиқтар қаншалықты араға от салып, бүлік шығарып, арқаларынан ор қазса да мүминдерден барынша қорқатын. Бұл ақиқатты да Құран Кәрім былай баяндайды:

لَاَنْتُمْ اَشَدُّ رَهْبَةً فِى صُدُورِهِمْ مِنَ اللّٰهِ ذٰلِكَ بِاَنَّهُمْ قَوْمٌ لاَ يَفْقَهُونَ

«Расында олардың жүректерінде Аллаһтан гөрі сендерге деген қорқу өте басым. Бұлай болуының себебі, олар түсінбейтін қауым». (Хашр сүресі 13-аят)

Бәни Надыр яһудилерінің тым шектен шыққанын көрген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа ешқандай шара қалмаған соң олардың ауылын қоршауға алды. Яһудилердің Бәни Құрайза тайпасы да келісімшартты бұзып Бәни Надырға қосылды.[160]

160. Бұхари, Мағази 14.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) яһудилердің үйлерінің үстіне шығып соғысқанын, жеңіліске ұшырай бастағанда үйлеріне тығылғанын көріп, ең жақын жерден бастап олардың үйлерін біртіндеп жақтырды. Құрма ағаштарының бір бөлігін кестіріп, оларды да өртеуді бұйырды. Мұны көрген Яһудилер:

«Ей, Мұхаммед! Сен бұзақылық жасауға жол бермей солай жасағандарды айыптайтын едің. Енді ағаштарды кесіп, өртеттің. Бұл қалай болғаны?» - деп, айқайласты. Яһудилердің бұл сөзін естіп кейбір мұсылмандар не істерін білмей абыржып қалды. Осыған байланысты Аллаһ Тағала:

مَا قَطَعْتُمْ مِنْ لِينَةٍ اَوْ تَرَكْتُمُوهَا قَآئِمَةً عَلٰى اُصُولِهَا
فَبِاِذْنِ اللّٰهِ وَلِيُخْزِىَ الْفَاسِقِينَ

«Сендердің құрма ағашын кесулерің немесе оған тиіспеулерің Аллаһтың әмірімен болатын іс, әрі жолдан тайғандарды масқаралау үшін» (Хашр сүресі 5-аят) - деп мүминдердің қобалжуын басты.[161] Әрі яһудилердің айлаларына қарсы сақ болу керек екенін де білдірді.

Бәни Надыр тайпасы жиырма шақты күннен соң Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) керемет соғыс тәсілінің арқасында және мунафиқтардың уәде еткен жәрдемі келмеген соң берілді. Аллаһ Расулі Бәни Надырды Мәдинадан жер аудартты, ал Бәни Құрайзаны жаңадан келіссөз жасауды қабыл еткені үшін өз жерлерінде қалдырды. Оларға жақсылық жасады.[162]

161. Бұхари, Тәфсир 59/2; ибн Хишам III, 192.
162. Бұхари, Мағази 14; Муслим, Жиһад 62.

Бәни Надыр қоныстарынан шығар алдында аман қалған үйлерін мұсылмандарға тастамау үшін өз қолдарымен қиратты. Олардың бір бөлігі Хайбарға, бір бөлігі де Шам жаққа көшті.[163]

Аллаһ Тағала бұл ғазауатта мүминдерге көрсеткен жәрдемін қасиетті аятта былай баяндайды:

هُوَ الَّذٖى اَخْرَجَ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ اَهْلِ الْكِتَابِ مِنْ دِيَارِهِمْ لِاَوَّلِ
الْحَشْرِ مَا ظَنَنْتُمْ اَنْ يَخْرُجُوا وَظَنُّوٓا اَنَّهُمْ مَانِعَتُهُمْ حُصُونُهُمْ مِنَ اللّٰهِ
فَاَتٰيهُمُ اللّٰهُ مِنْ حَيْثُ لَمْ يَحْتَسِبُوا وَقَذَفَ فٖى قُلُوبِهِمُ الرُّعْبَ
يُخْرِبُونَ بُيُوتَهُمْ بِاَيْدٖيهِمْ وَاَيْدِى الْمُؤْمِنٖينَ فَاعْتَبِرُوا يَٓا اُولِى الْاَبْصَارِ

«Ол (Аллаһ) **кітап иелерінен кәпір болғандарды алғашқы шабуылда жұрттарынан шығарды. Сендер оларды шығады деп ойламаған едіңдер. Олар да қорғандары өздерін Аллаһтан қорғайды деп ойлаған еді. Бірақ оларға Аллаһтың қаһары ойламаған жерден тап болды. Ол олардың жүректеріне үрей салды. Үйлерін өз қолдарымен әрі мүминдердің қолдарымен талқандауда еді. Ей, ақыл иелері, ғибрат алыңдар».** (Хашр сүресі 23-аят)

Бәни Надырдың артында қалған мал-мүлікке қару қолданбай-ақ алынғандықтан «фәй» аты берілді, әрі оларға қару қолданып олжаланған мал-мүліктен басқа үкім берілді:

163. Ибн Хишам III, 191-194; Уақиди I, 363-380.

مَٓا اَفَاءَ اللّٰهُ عَلٰى رَسُولِه۪ مِنْ اَهْلِ الْقُرٰى فَلِلّٰهِ وَلِلرَّسُولِ وَ لِذِى
الْقُرْبٰى وَ الْيَتَامٰى وَ الْمَسَاك۪ينِ وَابْنِ السَّب۪يلِ كَىْ لَا يَكُونَ دُولَةً بَيْنَ
الْاَغْنِيَٓاءِ مِنْكُمْ وَمَٓا اٰتٰيكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهٰيكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا
وَاتَّقُوا اللّٰهَ اِنَّ اللّٰهَ شَد۪يدُ الْعِقَابِ ﴿7﴾ لِلْفُقَرَٓاءِ الْمُهَاجِر۪ينَ الَّذ۪ينَ
اُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ وَ اَمْوَالِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلاً مِنَ اللّٰهِ وَ رِضْوَانًا
وَيَنْصُرُونَ اللّٰهَ وَرَسُولَهُ اُو۬لٰٓئِكَ هُمُ الصَّادِقُونَ ﴿8﴾

«Аллаһтың (қару қолданбай алынған) **ауылдардың халқынан Пайғамбарына берген олжалары Аллаһқа, Пайғамбарға, жақындарына, жетімдерге, міскіндерге және жолда қалғандарға тән. Бұл мал-мүлік сендердің іштеріңдегі байлардың арасында қалмауы үшін** (осылай етілді)**. Сендерге Пайғамбар не нәрсе берсе оны алыңдар, ал неден шектесе ол нәрседен тыйылыңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Шынында Аллаһтың азабы қатты.** (Оның бір бөлігі де) **хижрет жасаған пақырларға тән. Олар жұрттарынан қуылып, мал-мүлкінен айырылды, Аллаһтың мейірімі мен разылығын тілейді. Аллаһқа және Пайғамбарына көмек береді. Міне осылар нағыз шыншылдар».** (Хашр сүресі 7-8-аяттар)

Аятта Аллаһтың үлесі ретінде бөлінген «фәй», Қағбаның және басқа да мешіттердің жөнделуіне қолдану үшін болды. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса өзіне түскен фәйді асхабының жоқ-жітіктеріне таратып берді. Фәйдың осылайша үлестірілуінің хикметі қасиетті аятта айтылғандай бұл дүние-мүліктің белгілі адамдардың қолына түсіп, тек солардың арасында қалуына жол бермеу. Өйткені Исламның қаржы жөнінде қойған принципі адамдардың өзара бір-біріне жәрдемдесу, қолдарындағы



нығметтерді әлсіздермен, пақырлармен бөлісу. Осылайша әр түрлі сатыдағы адамдардың арасы жақындастырылғаннан соң әділетті қоғам қалыптасады, әрі бұл қоғамда бір-бірін қанайтын топтар пайда болмайды.

Осы себептен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәни Надырдан түскен олжаларды мұхажирлердің арасында үлестірді. Ансардан мұқтажы болған үш кісіге ғана берді. Олжаны үлестірмей тұрып Ансарға сөз сөйлеп:

«Қаласаңдар Мұхажирлерге бұрын бергендерің оларда қалып, сендер де мына олжадан үлес алыңдар. Қаласаңдар бергендеріңді кері алып, мына олжаның барлығын оларға беріңдер», - деді.

Сонда Ансар (радиаллаһу анһум әжмаин) мына тамаша жауапты берді:

«Берген мал-мүлкімізді де, үйлерімізді де қайтып алмаймыз. Әрі олжаны да оларға қалдырамыз, оған ортақ болмаймыз».

Ансарлықтардың бұл ұсынған теңдессіз бауырмашылдық әрекеті мына аяттың түсу себептерінің бірі болды:

وَالَّذِينَ تَبَوَّؤُا الدَّارَ وَالْاِيمَانَ مِنْ قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ اِلَيْهِمْ
وَلاَ يَجِدُونَ فِى صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِمَّآ اُوتُوا وَيُؤْثِرُونَ عَلٰى اَنْفُسِهِمْ
وَ لَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ

«Бұрыннан Мәдинаны қоныстанған әрі жүректеріне иманды орнықтырғандар, өздеріне (паналап) **келген босқындарды жақсы көреді. Оларға берілген нәрселерге көңілдерінде көре алмаушылық болмайды. Өздері жұпыны бола тұра оларды өздерінен артық көреді...»** (Хашр сүресі 9-аят) (Рази XXIX, 250; Құртуби XVIII, 25)

Ішімдік пен құмардың тыйым салынуы

Мәлім болғандай Исламның алғашқы кезеңдерінде ішкілік пен құмарға байланысты үкім қойылмаған еді. Аллаһтың қалауымен кейінге қалдырылған болатын. Ішкіліктің харам қылынуы мына кезеңдерден кейін іске асты:

Меккеде:

وَ مِنْ ثَمَرَاتِ النَّخِيلِ وَ الْاَعْنَابِ تَتَّخِذُونَ مِنْهُ سَكَرًا وَ رِزْقًا حَسَنًا
اِنَّ فِى ذٰلِكَ لَاٰيَةً لِقَوْمٍ يَعْقِلُونَ

«Құрманың жемісінен және жүзімнен мас қылатын ішімдік әрі таза тағамдар дайындайсыңдар. Күдіксіз мұнда ойланатындар үшін айқын ғибрат бар», (Нахл сүресі 67-аят) деген аят түскен еді. Бұл аятта құрма мен жүзімдей таза тағамдардан басқа, мас қылатын заттардың да жасалатындығы айтылған. Осылайша мас қылатын нәрселердің таза емес екендігі, рұқсат етілген ішімдік емес екендігі білдіріліп, оның ілгеріде тыйым салынатындығы меңзелген болатын. Мекке дәуірінде ішкілікке қатысты басқа аят түспеді.

Хазіреті Пайғамбарымыз Мәдинаға Хижрет жасағаннан кейін, халықтың сұрақтарына байланысты Аллаһ Тағала былай деді:

يَسْئَلُونَكَ عَنِ الْخَمْرِ وَالْمَيْسِرِ قُلْ فِيهِمَآ اِثْمٌ كَبِيرٌ وَمَنَافِعُ لِلنَّاسِ
وَ اِثْمُهُمَآ اَكْبَرُ مِنْ نَفْعِهِمَا

«Олар сенен ішкілік пен құмар жайлы сұрайды. (Оларға) **айт: екеуінде де зор күнә әрі адамдар үшін аздаған пайда**

бар. Бірақ екеуінің де күнәсі пайдасынан әлдеқайда ауыр...» (Бақара сүресі 219-аят)

Бұл аят түскеннен кейін мұсылмандардың басым бөлігі ішкілікті тастады, бір бөлігі де ішуін жалғастырды.

Ардақты сахабалардың бірі имам болып намаз оқып жатқанда бір аятты мағынасы бұзылатындай етіп қате оқыды. Осыған байланысты:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَقْرَبُوا الصَّلٰوةَ وَ اَنْتُمْ سُكَارٰى
حَتّٰى تَعْلَمُوا مَا تَقُولُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Сендер мас кездеріңде не айтқандарыңды білгенге дейін намазға жоламаңдар!...» (Ниса сүресі 43-аят) деген аят түсті.

Осыдан соң ішімдік ішетін мұсылмандар барынша азайды. Намазға тұрған кезде Аллаһ Расулінің хабаршысы:

«Мас болғандар мүлде намазға жоламасын!» - деп айқайлайтын. Мұсылмандар бұдан былай ішімдіктің қатаң түрде тыйым салынатындығын біліп, осыған өздерін дайындап жүрген еді.

Соңында мұсылмандардың басым көпшілігі ішімдікті тастаған еді. Кейбірі де ішімдік ішіп мас болғанына дел-сал болып, қатты қобалжитын.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Аллаһым! Ішімдік жайында бізге ап-айқын хабар бер», - деп дұға жасайтын. Ақыры соңында ішімдік қосылған отырыстың артынан ерегіс, айқай-шу болып ішімдіктің зияны айдай анық ортаға шықты. Осылайша ішімдікке тыйым салынуды талас-тартыссыз қабыл ететін жағдай

туындаған соң, бұл жағдай аяттың түсуіне себеп болып, иләһи тыйым қойылды. Аллаһ Тағала мына аятын түсірді:

يَٓا اَيُّهَا الَّذ۪ينَ اٰمَنُٓوا اِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَ الْاَنْصَابُ وَ الْاَزْلَامُ
رِجْسٌ مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ ﴿90﴾ اِنَّمَا يُر۪يدُ
الشَّيْطَانُ اَنْ يُوقِعَ بَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةَ وَ الْبَغْضَٓاءَ فِى الْخَمْرِ وَالْمَيْسِرِ
وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللّٰهِ وَ عَنِ الصَّلٰوةِ فَهَلْ اَنْتُمْ مُنْتَهُونَ ﴿91﴾

«Ей, иман келтіргендер! Ішімдік, құмар, тігілген тастар (бұттар), **бал ашатын оқтар шайтанның істерінен, жиіркенішті қылықтар. Бұлардан аулақ болыңдар, құтыларсыңдар. Шайтан ішімдік пен құмар арқылы араларыңа дұшпандық пен өшпенділік салып, сендерді Аллаһты еске алудан және намаздан тыюға әрекет жасайды. Енді** (осылардың барлығынан) **бас тарттыңдар ма?».** (Мәида сүресі 90-91-аяттар)

Ардақты Пайғамбарымыз Хазіреті Омарды шақырып, оған осы аятты оқиды. «Енді бас тарттыңдар ма? - деген жеріне келгенде ол:

«Бас тарттық! Бас тарттық, уа, Раббым!» - деді. Тек Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) ғана емес, бүкіл мұсылмандар:

«Енді ішімдіктен, құмардан аулақпыз уа, Раббымыз!» - деді.

Осы аят түсе салысымен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әмірімен бір хабаршы:

«Тыңдаңыздар, ішімдік харам етілді!» - деп айқайлады.

Торсықтар босатылып, құмыралар сындырылып Мәдина көшелерінде шарап сел боп ақты.

Бұл тыйым салынған аяттан кейін ішімдік ішетін мұсылмандар үйлерінде сақтап қойған шараптың барлығын толығымен жойды. Одан соң еш ауыздарына алмады. Сосын Расулұллаһ:

«Шын мәнінде Аллаһ ішімдікті, оны таратқандарды, тарқатылған жерлерді, ішкенді, ішкізгенді, тасығанды, сатқанды, сатып алғанды, түскен пайдасын жегендерді лағынеттеді!»- деді. (Ахмед I, 53; II, 351; Нәсаи, Әшриба 1-2; Хаким II, 305/3101)

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай айтады:

Әбу Талханың үйінде адамдарға шарап жеткізуші болып жұмыс істеп жүргенімде ішімдік харам етілді. Аллаһ Расулі бір хабаршыға әмір беріп, ол мұны адамдарға естіртті. Біз үйде отырғанымызда хабаршының дауысы естілді. Әбу Талха:

– Шығып тыңдай қойшы, не деп жатыр? - деді. Шығып тыңдап келдім де:

– Бір хабаршы: «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, ішімдік харам етілді!» - деп айқайлап жатыр, - дедім. Сонда Әбу Талха:

«Олай болса бар да оларды төк!» - деді. Сол кезден бастап Мәдина көшелерінде шарап ақты. (Бұхари, Тәфсир 5/11)

Бұл жағдайдан асхабы кирамның Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындауға қаншалықты көңіл бөлетіндерін аңғаруға болады. Ешқандай қарсы келместен, сылтау айтпастан әрі уақыт өткізбей-ақ, дереу қолдарындағы ішімдік құйылған құмыралары мен торсықтарын төгіп, осы иләһи әмірге шынайы бағыныштылық танытып, шын көңілдерімен мойынсұнып Аллаһтың разылығына ұмтылды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадис шәрифтерінде былай деген:

«Мас қылатын әрбір нәрсе харам. Ол мас қылған нәрсенің азы да харам». (Ибн Мәжә, Әшриба 10; Нәсаи, Әшриба 24, 48)

«Ішімдік – барлық жамандықтың кілті». (Ахмед V, 238)

«Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген кісі арақ қойылған дастарханға отырмасын». (Тирмизи, Әдеп 43/2801)

«Үмметімнің кейбірі ішімдікке басқа атаулар беріп ішеді». (Ахмед IV, 237)

Ішімдік пен құмардың тыйым салынуы тұрмысқа сай түрде бірте-бірте іске асырылып, Исламдағы тәблиғ, иршад (тура жолға салу) пен жамандыққа қарсы күресудің методын белгілеуде өнеге аларлықтай үлгі болды. Аллаһ Тағала шексіз, бүкіл ілімнің иесі бола тұра Ислам үкімдерін қойған кезде, осы үкімдерге жауапты болған адам баласының шама-шарқын ескере отырып, бұл үкімдерге қалыптасу сатыларын да назардан тыс қалдырмаған. Осыны көрсететін ең маңызды мысал, сенімге (ақидаға) байланысты аяттардың Мекке кезеңінде бірінші болып, яғни Құран Кәрімнің бүгінгі тәртібіне теріс түрде түсірілуі. Құран Кәрім түспей тұрып «Ләухул-Махфузда» бар болғанына қарағанда, кей аяттың бұрын түсіріліп, кей бірінің кейінге қалдырылуы бұл мәселені пенделердің ыңғайына қарай туындағанын айқын көруге болады.

Бұл пенденің Құранға бағынуындағы қабілеті мен бейімділігін және осылардың дамуын қадағалап отырады. Мысалы, бір нәрестенің өскен сайын оның жауапкершілігінің де артатыны сияқты...

Бақытты шақта (Пайғамбарымыздың кезеңі) өте тамаша түрде «әсте-әсте іске асырылу» принципі иләһи



мейірімділік ретінде Хақ Тағаланың қойған хикметке толы заңдылығы, сүннетуллаһы. Бұл заңдылық Исламды жаюда барлық уақытта қолданылған әрі қажетті метод ретінде адам баласының іс-әрекетіне өте лайықты әдіс. Өйткені Исламға алдымен сенімді дұрыстау арқылы кіреді. Бұл кезеңді жақсылап өткізгеннен кейін кезек амалға келеді. Амалдардың орындалуы пенденің шама-шарқына қарай әсте-әсте болатын нәрсе. Бұл жағдай тек Исламды жаюда ғана емес, қай уақытта болмасын адамдардың бағыт бағдар берерде оларға жол көрсету кезінде де керек. Осы себептен Аллаһ Тағаланың Адам (аләйһиссәләм) атадан бастау алған дінінде (сенімдегі үкімдер өзгеріссіз) қоғамдағы ережелер бірте-бірте ілгерілеп, дами отырып, жетістіктерге жеткен. Бұл жетістіктер Ислам дінімен толықтырылып, тәмәмдалған. Міне, осы мәселе адамның табиғаты мен шама-шарқын ескерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Зәтур-Риқа[164] (Мұхаррам 5/Маусым 626)

Ғатафан тайпасының Мұхарібұлдары мен Саләбұлдары бірігіп мұсылмандарға қарсы соғыс ашуға дайындалып жатқандықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) төрт жүз кісілік әскермен оларға қарсы аттанды.

Қарсы алдарында мұсылмандарды кездестірген мүшриктер қорқып кейін шегінді. Біраз уақыт өткен соң бесін намазының уақыты кіріп мүминдер намаздарын оқыды. Оларды ұзақтан бақылап отырған жау сандарын ұрып, намаз кезінде шабуыл жасамағандарына қатты өкінді. Араларынан бірі:

164. Бұл ғазауаттың Хандәктен немесе Хайбәрдан кейін болғандығы жайлы риуаяттар да бар. Бірақ біз көпшілік сияр (тарих) ғалымдарының қабыл етуіне қарап бұл ғазауатты осы жерде баяндадық.

«Өкінбеңдер! Олардың әкелерінен, бала-шағаларынан да қымбат тағы бір намаздары бар. Бұл намаз – екінті намазы», - деді. Олар күте бастады.

Аллаһ Тағала осы кезде Жәбрейілді (аләйһиссәләм) жіберді. Жаудың құрған жоспарын быт-шыт қылған мына иләһи әмірді алып келді:

وَ اذَا كُنْتَ فيهِمْ فَاَقَمْتَ لَهُمُ الصَّلٰوةَ فَلْتَقُمْ طَٓائِفَةٌ منْهُمْ مَعَكَ وَلْيَاْخُذُوٓا اَسْلِحَتَهُمْ فَاِذَا سَجَدُوا فَلْيَكُونُوا منْ وَرَٓائِكُمْ وَلْتَاْتِ طَٓائِفَةٌ اُخْرٰى لَمْ يُصَلُّوا فَلْيُصَلُّوا مَعَكَ وَلْيَاْخُذُوا حِذْرَهُمْ وَاَسْلِحَتَهُمْ وَدَّ الَّذينَ كَفَرُوا لَوْ تَغْفُلُونَ عَنْ اَسْلِحَتِكُمْ وَ اَمْتِعَتِكُمْ فَيَميلُونَ عَلَيْكُمْ مَيْلَةً وَاحِدَةً

«(Ей, Расулім!) **Сен олармен бірге имам болып намаз оқитын болсаң, олардың бір бөлігі сенімен бірге намазға тұрсын, каруларын да** (жандарына) **алсын. Олар** (намаз оқып) **сәжде жасаған кезде** (қалғандары) **арт жақтарында тұрсын. Кейін намаз оқымаған қалған топ келіп сенімен бірге намаздарын оқысын, әрі олар да мұқият болып каруларын алсын. Кәпірлер сендердің кару-жарақсыз қалған сәттеріңді күтіп, тұтқиылдан шабуыл жасауды көздейді...»** (Ниса сүресі 102-аят) (Тирмизи, тәфсир 4/3035)

Осылай оқылған намаз «салату хауф» (қорқу намазы) деп аталады.[165] Қалай оқылатынын Жәбрейіл (аләйһиссәләм)

165. Қорқу намазы – жаудың шабуылдауы сияқты үлкен қауіп-қатер кезінде жамағаттың екіге бөлініп, имамның артында парыз намазын кезектесіп оқуы. Екі рәкатты намаздың алғашқы рәкатын, төрт рәкатты намаздың алғашқы екі рәкатын имаммен бірге оқыған бірінші топ екінші сәждеден кейін немесе бірінші отырыстан кейін жамағатты тастап міндетіне барады. Олардың артынан екінші топ келіп имаммен бірге қалған рәкаттарды

үйретті. Сол күнгі екінті намазы осылай оқылды және шабуыл жасау үшін аңдып отырған жаудың күткені босқа кетті. Жорық он бес күнге созылып, дұшпанның қорқып кері қашуымен аяқталды.[166]

Әбу Мұса әл-Әшари (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге жорыққа шыққан едік. Бір түйені алты кісі кезектесіп міндік. Жүре-жүре аяқтарымыз тілім-тілім болды. Менің де аяқтарым тілініп, тырнақтарым түсіп қалды. Аяқтарымызды шүберекпен таңған едік. Осы шүберекке байланысты бұл жорыққа Зәтур-Риқа аты берілді».

Бұл хадисті риуаят еткен Әбу Бұрда айтады:

«Әбу Мұса осыларды айтып, артынан бұл әрекетіне өкініп: «Бұларды айтқаным дұрыс болмады», - деп, өкінішін білдірді. Ол Аллаһ үшін істеген жігіттік әрекетін басқаларға жайғаны үшін өкінген болуы керек». (Бұхари, Мағази 31)

Жоқшылық пен таршылық саңлақ сахабаларға міндеттерін атқаруына және Аллаһ жолында жиһад жасауларына кедергі болмайтын. Мұнымен қоса олар істеген ізгі амалдарын жасырын сақтауға, әрі Аллаһқа мойынсұну кезінде тартқан қиыншылықтарын басқаларға жаймауға қатты көңіл бөлетін. Мұндай нәрселерді тек қажет болғанда ғана бір мақсаттың іске асуы үшін айтатын. Мысалы, ғибрат

бітіреді де олар да міндеттеріне кетеді. Имам жалғыз өзі сәлем береді. Артынан бірінші топ «лахик» үкімінде болғандықтан қырағатсыз, екінші топ «мәсбуқ» үкімінде болғандықтан қырағатпен кезектесіп намаздарын өз беттерінше толықтырады. Осылайша әрі жамағатпен намаз оқылып, әрі міндеттері де қараусыз қалмайды. (Диянет илмихали I, 334; Хамди Дөндірен, «Делиллерииле Ислам Илмихали» 377-378 бет)

166. Ибн Хишам III, 214-221; ибн Сағд II, 61.

алу үшін, оны іске асыру үшін немесе қатты қиналғандарды жұбату үшін айтатын.

Осы жорықта Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәрет алу үшін су сұрады. Бірақ ешкімнен су табылмады. Содан соң Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түбінде аз ғана суы бар ыдысқа мүбәрак қолдарын салған еді, саусақтарынан мұғжиза ретінде сорғалап су ақты. Осы сумен бүкіл әскерлер сусындарын қандырды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдарын шығарғанда ыдыс әлі суға лық-толы еді.[167]

Затур-Риқа жорығынан қайтып келе жатып түс мезгілінде ағашты алқапқа келіп жетті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тоқтауға бұйрық беріп, мужаһидтер көлеңкелеу үшін төңірекке тарады. Пайғамбарымыз біраз тынығу үшін Сәмура атты қалың жапырақты ағаштың астына жайғасты. Қылышын да ағашқа асты. Асхабтың көздері ілініп кеткен болатын, Расулұллаһтың шақырғанын естіп дереу оған қарай жүгірді. Қасынан бір бәдәуиді көрді. Аллаһ Расулі сонда былай деді:

«Мен ұйықтап жатқанда мына бәдәуи қылышымды алған екен. Оянсам қылышты қынынан суырып қолына ұстап тұр екен. Маған:

«Қазір сені менің қолымнан кім құтқарады?» - деді. Мен үш рет:

«Аллаһ! - деп жауап бердім». (Бұхари, Жиһад 84, 87; Муслим, Фадайл 13)

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін өлтіруге әрекет жасаған бұл бәдәуиді жазаламады.

167. Бұхари, Вуду 32; Манақиб 25; Муслим, Фадайл 5.

Керісінше оны Исламға шақырды. Бұл кішіпейіл, сыпайы әрекеттен қатты әсерленген бәдәуи қауымына оралғанда оларға:

«Мен ең қайырымды адамның қасынан келе жатырмын», - деді. (Хаким III, 31/4322)

Мәдинаға келе жатып түнеу үшін тоқтағанда Пайғамбарымыз:

– Бүгін түнде бізді кім күзетеді? - деп сұрады. Дереу мұхажирлер Аммар бин Ясир мен ансарлық Аббад бин Бишр:

– Біз күзетеміз, уа, Расулұллаһ! - деді.

Аббад (радиаллаһу анһу) Аммарға:

– Сен түннің басында ма, әлде соңында ма, қай бөлігінде күзетке тұрғың келеді? - деп сұрады. Аммар (радиаллаһу анһу):

– Соңғы бөлігінде тұрайын, - деді де жатып ұйықтап қалды. Аббад болса намаз оқуға тұрды. Осы кезде бір мүшрик келді. Тұрып тұрған қарайған нәрсені көріп күзетші екенін аңғарды да бір оқ атты. Атылған жебе Аббадқа тиді. Аббад жебені жұлып алды да намазын жалғастыра берді. Әлгі адам екінші рет, үшінші рет оқ атып дәл тигізді. Аббад (радиаллаһу анһу) әрбірінде оқты жұлып алып, түргеп тұрып намазын жалғастырды. Рукуғ, сәжде жасап сәлем бергеннен соң досын оятып:

«Тұр! Мен жараландым!» - деді. Аммар ұшып тұрды. Мүшрик оларды көргенде өзін байқап қалғанын сезіп қашып кетті. Аммар Аббадтың қан-жоса болғанын көріп:

– Субханаллаһ! Бірінші оқ атылғанда мені оятпадың ба? - деді. Аббад намазға деген сүйіспеншілігі мен ықыласын білдірген мына керемет жауапты берді:

«Бір сүре оқып жатыр едім, оны бітірмейінше намазды бұзғым келмеді. Бірақ үсті-үстіне оқ жауған соң сүрені тоқтатып рукуға бардым. Аллаһқа ант етейін! Аллаһ Расулінің бұйырған күзетінің бос қалатынынан қорықпағанымда сүрені жартысынан үзіп намазды бітіргеннен гөрі өлуді қалар едім». (Әбу Дәуіт, Таһарат 78/198; Ахмед III, 344; ибн Хишам III, 219; Уақиди I, 397)

Жолда Жабир (радиаллаһу анһу) түйесі нашар болғандықтан жолдастарынан артта қалып қойды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның қасына барып:

«Ей, Жабир! Саған не болды, артта қалып қойдың ғой», - деп сұрады. Хазіреті Жабир жағдайды түсіндірген соң Пайғамбарымыз бір шыбық алып, оның түйесін жай ғана түртті. Түйе Аллаһ Расулінің түйесімен жарысатындай жағдайға жетті.

Жолда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Жабирмен әңгімелесіп оның жақында үйленгенін, соған байланысты өте көп қарызы бар екенін білді. Аллаһ Расулі Жабирден қаншалықты дүние-мүлкі бар екенін сұрады. Ол жалғыз түйеден басқа еш нәрсесі жоқ екенін айтты. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны қарыздан құтқару үшін оның түйесін сатып алғысы келді. Хазіреті Жабир (радиаллаһу анһу) Мәдинаға барғанша мініп бару шартымен сатты. Мәдинаға барғаннан кейін түйені тапсыру үшін Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді. Сол кезде оны қатты қуандырған және басқа адамдарды таң қалдырған нағыз жомарттық кең пейіл әрекет көрді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйенің ақшасын беріп, түйені қайтадан өзіне тарту етті. (Бұхари, Жиһад 49, Буюғ 34; Муслим, Мусақат 109)



Жабир (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Аллаһ Расулі түйемнің ақшасын беріп, түйені де маған сыйлағаннан кейін таныс бір яһудиге кездесіп қалдым. Бұл оқиғаны оған жеткіздім. Яһуди аң-таң болып: «Түйенің ақшасын да берді, артынан түйені де тарту етті ме?!» - деп, қайта-қайта айтты. Мен әрбірінде: «Иә», - дедім». (Ахмед III, 303)

Аллаһ Расулінің бұған ұқсас сыпайылығы мен жомарттығы мұсылмандарға әсер еткені соншалықты, бұл оқиға болған түн «Ләйләтул Бәир» яғни «Түйе түні» деп еске алынатын болды.

Бәдр суғра (Кіші Бәдір) (Зилқағда 4/Сәуір 626)

Ұхұд күніндегі келісім бойынша Меккелік мүшриктер мен мұсылмандар бір жылдан кейін қайтадан соғысулары керек еді. Әбу Суфян әскерлерін бастап «Мәрруз Захран» деген жерге дейін келді. Бірақ жүрегі дауламай тағы да үрейленіп кері қайтты. Бірақ беделін де түсіргісі келмей Мәдинаға жаушы жіберіп өздерінің қалың әскермен келе жатқанын айтып, өз ойынша мұсылмандарды қорқытып, соғысқа шығармауға әрекет жасады.

Бұл хабар Мәдинаға жеткенде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғысқа дайындығын бітіріп, жолға шығуға әмір берген болатын. Жаушы Әбу Суфянның қорқып кері қайтқанын білсе де мұсылмандарды сескендіріп соғысуға қорқытып, жолға аттануларына мүмкіндік бермеу үшін қолынан келгенін істеді. Өзіне тапсырылған жалған хабарларға ойынан тағы да өтіріктер қосып, егер мұсылмандар меккеліктермен қала сыртында шайқасатын болса соңы жақсылыққа алып бармайтынын айтты. Әлгі

адамның және мунафиқтардың ат салысып әрекет етуінің нәтижесінде кей мұсылмандардың үрейленіп жорыққа шыққылары келмей қалды. Сол кезде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Тағдырым оның құдіретінде болған Аллаһқа ант етейін! Жанымда ешкім болмаса да мен жалғыз өзім Бәдірге аттанамын!» - деді. Осыдан кейін Аллаһ Тағала мұсылмандарға қарасып көңілдерін орнықтырып, күш-жігер берді. (Ибн Сағд II, 59; Уақиди I, 386-387)

Осылай Ислам әскерлері Бәдірге барды. Бірақ жаудың ізін де көре алмады. Ол жерде тек қана құрылып жатқан жәрмеңкеге кездесті. Мұсылмандардың сауда-саттық жасаудан басқа істейтін тіршіліктері қалмады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәдірде Әбу Суфян мен әскерлерінің келуін сегіз күн бойы күтіп, сосын ешқандай келеңсіз жағдайға кезікпей сауда-саттықтан тапқан пайдаларын алып Мәдинаға қайтты.[168]

Бұл жорықтағы мұсылмандардың ержүректігі мен батылдығы Құран Кәрімде былайша дәріптеледі:

الَّذِينَ قَالَ لَهُمُ النَّاسُ اِنَّ النَّاسَ قَدْ جَمَعُوا لَكُمْ فَاخْشَوْهُمْ
فَزَادَهُمْ اِيمَانًا وَقَالُوا حَسْبُنَا اللّٰهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ ﴿173﴾
فَانْقَلَبُوا بِنِعْمَةٍ مِنَ اللّٰهِ وَفَضْلٍ لَمْ يَمْسَسْهُمْ سُوٓءٌ
وَاتَّبَعُوا رِضْوَانَ اللّٰهِ وَاللّٰهُ ذُو فَضْلٍ عَظِيمٍ ﴿174﴾

168. Ибн Хишам III, 221; ибн Сағд II, 59; Уақиди I, 384-389.

«(Мүминдерге) **Кейбіреулер:**

«Сендерге қарсы қалың қол жиналды, олардан қорқыңдар», - дегенде, бұл олардың имандарын арттырды да:

«Аллаһ бізге жетеді, ол нендей керемет қолдаушы!» - деді. Сонымен ешқандай сәтсіздікке ұшырамай, Аллаһтың нығметімен әрі кеңшілігімен қайта оралды. Осылайша Аллаһтың разылығына бөленді. Аллаһ өте мол кеңшілік иесі». (Әли Имран сүресі 173-174 аяттар)

Абдуллаһ бин Аббастың (радиаллаһу анһумә) риуаят етуі бойынша:

«Аллаһ бізге жетеді, ол нендей керемет қолдаушы», - деген сөзін Ибраһим (аләйһиссәләм) отқа лақтырылған кезде айтқан екен. Пайғамбарымыз да осы сөзді: «Мүшриктер сендерге қарсы қол жинады, әрекеттеріңді жасай беріңдер», - деген кезде айтты. Сонда мұсылмандардың имандары онан сайын артып, барлығы бірге: **«Аллаһ бізге жетеді, ол нендей керемет қолдаушы»**, **-** деп, Аллаһқа деген асқан бағыныштылықтарын көрсеткен еді.[169]



169. Бұхари, Тәфсир 3/13.

ХИЖРЕТТІҢ БЕСІНШІ ЖЫЛЫ

Салман Фарисидің мұсылман болуы және азат етілуі

Мәдиналық бір яһудидің құлы болған Салман Фариси (радиаллаһу анһу) Ислам нығметіне қауышуының ғибратқа толы хикаясын Хазіреті ибн Аббасқа былай түсіндірген еді:

«Мен Исфаханның «Жай» деген ауылында тұратын едім. Әкем ауылымыздың құрметті кісілерінен еді. Өмірінде ең жақсы көрген адамы мен едім. Қатты жақсы көргендігінен мені қасынан тастамайтын, қыз баладай әрдайым үйде ұстап, сыртқа шығармайтын. Әкемнің діні Мәжусилікке (отқа құлдық) берілгенім соншалықты отқа табынатын құлшылық орнына карауды, от жағу ісін де мойныма алған едім. Отқа табынатын құлшылық орнындағы оттың бір сәт те болса сөніп қалуына жол бермейтінмін. Әкемнің аумақты шаруа қожалығы бар еді. Бір күні өзі құрылыспен айналысып қолы тимей маған:

«Ұлым! Мен бүгін азаннан кешке дейін құрылыспен айналысамын, шаруа қожалығына бара алаймын. Ол жерге сен бар!» - деп атқарылуы тиіс кейбір істерді тапсырды. Артынан маған:

«Бірақ абай бол, ол жерде көп кідіріп мені уайымдатпа. Егер кідіріп қалсаң сені уайымдап бүкіл істерім жайында қалады», - деді.



Шаруашылыққа баруға жолға шықтым. Жолда христиандардың шіркеуін көрдім. Дауыстарын естідім, іште құлшылық жасап жатыр екен. Әкем мені әрдайым үйде ұстағандықтан адамдардың қандай жағдайда екенін білмейтінмін. Сондықтан қызығып не істеп жатыр екен деп қастарына бардым. Олардың істегендерін тамашалап, өз-өзіме:

«Ант етейін, бұл біздің дінімізден артық екен», - дедім. Күн батқанша сол жерде болдым. Шаруа қожалығына мүлде бармадым. Оларға:

– Бұл діннің асыл негізі қай жерде? - деп сұрадым. Олар:

– Шамда,-деді. Күн бата әкемнің қасына келдім. Әкем барлық істі тастап, кешке дейін маған іздеу салыпты. Қасына барғанымда:

– Балам-ау! Қайда жүрсің? Мен саған не істеуің керек екенін айтпадым ба? - деді.

Оған:

– Әкетайым! Шіркеуде құлшылық етіп жатқан бірнеше кісіге жолықтым. Олардың құлшылықтарын көрдім, маған қатты ұнады. Күн батқанға дейін солармен бірге болдым, - дедім.

Әкем:

– Ұлым, ол дінде жақсылық жоқ. Сенің және аталарыңның діні одан әлдеқайда артық, - деді.

Әкем менің қашып кетуімнен қорқып аяғымды кісендеп, үйге қамап қойды. Шіркеудегі христиандарға:

– Сендерге Шамнан сауда керуені келген кезде маған хабар беріңдер, - деп, адам жібердім. Шамнан христиан

саудагерлер келгенде хабар жіберді. Аяғымдағы кісенді кесіп, олармен бірге Шамға аттандым. Ол жерге барған соң:

– Дін адамдарынан ең ғалым кісі кім? - деп сұрадым.

– Шіркеудегі епископ, - деген соң, қасына барып оған:

– Мен осы дінге кіріп, сенімен бірге болғым келеді. Шіркеуде қызмет жасап, сенен христиандықты үйреніп, әрі сенімен бірге құлшылық жасағым келеді, - дедім.

Маған:

– Шіркеуге кір, - деді.

Онымен бірге шіркеуге кірдім.

Бірақ, Шам епископы жаман адам болатын. Христиандарға садақа беруді бұйырып, түскен садақаларды өзіне жинап, кедей-кепшікке еш нәрсе бермейтін. Осылайша жеті құмыра алтын мен күміс жинаған еді. Істеген әрекеттерін көрген сайын оған өшпенділігім арта түсті. Әйтеуір ол адам ажалы жетіп өлді. Христиандар оны жерлеу үшін жиналды. Оларға:

«Бұл нашар адам. Сендерге садақа беруді бұйырып әрі оған үгіттеп, бергендеріңді өзі үшін жинайтын. Жоқ-жітікке еш нәрсе бермейтін», - дедім.

Маған:

– Сен мұны қайдан білесің? - деп сұрады.

Оларға:

– Сендерге оның қазынасын көрсетейін, - дедім.

Көрсеткен жерімнен іші алтын-күміске толған жеті құмыра алды. Осыны көргеннен кейін:

– Ант ұрсын біз оны әсте көмбейміз, - деді. Оның өлі денесін асып қойып тас боратты. Шіркеуге оның



орнына басқа бір діндар адамды қойды. Бес уақыт намаз оқымайтындардың ішінен одан артық, ол сияқты дүниеге еш мән бермейтін, ақыретті шын қалайтын, күндіз-түні ғибадат қылатын ешкімді көрмедім. Кейін бұл адам төсек тартып жатып қалып, өлім ауызына қарағанда, оған:

– Уа, пәленше! Мен сенің қасыңда жүрдім. Бұдан бұрын сені жақсы көргендей ешкімді жақсы көрмеген едім. Көріп тұрсың дәм-тұзың таусылып барады. Маған кеңес бер. Не істейін? Кімге барайын? - дедім. Ол:

«Қарағым! Бүгінде менің жолыммен жүретін адам бар ма білмеймін. Жақсылардың барлығы өліп бітті. Қалғандар да бұрыннан орындалып келген үкімдерді өзгертіп, көбісін алып тастады. Тек Мұсылда бір кісі бар. Ол менің жүрген жолымда. Сен соған бар», - деді.

Бұл құрметті кісі қайтыс болғаннан кейін Мұсылдағы досының қасына бардым. Ол өлгеннен кейін айтуы бойынша Нусайбиндегі кісіге, кейін Аммуриядағы (Ескі шахарға жақын маңдағы бір жер) кісіге бардым. Аммурияда азды-көпті мал-мүлік жинадым. Тіпті біраз уақ малым, сиырларым болды. Соңында аммуриялық діндар кісіге де Аллаһтың әмірі келді. Өлерінде маған:

«Балам! Шынымды айтсам бүгінде жер бетінде сен баратын, саған жөн көрсететін, біздің пікіріміздегі ешкімді білмеймін. Бірақ ақыр заман Пайғамбарының келуі өте жақын. Көп уақыт өтпей келіп те қалар. Ол Пайғамбар Ибраһимнің (аләйһиссәләм) дінінде болып келеді. Ол араб жерінен шығады. Екі жотаның арасындағы құрма бақшалары бар жерге хижрет жасайды. Ол – берген сыйлықтан жейді, садақадан жемейді. Оның екі жауырының арасында пайғамбарлық мөрі бар. Егер ол өлкеге баруға шамаң жетсе бар, дереу жолға түс», - деді.

Сөйтіп ол да өлді. Аллаһтың қалауынша сол жерде тағы да біраз уақыт тұрдым. Сосын Кәлб тайпасының бірнеше саудагерлерімен келістім. Оларға:

«Мені араб өлкесіне алып барыңдар. Мен де мұның ақысы ретінде сендерге мына уақ малдарымды және сиырларымды берейін», - дедім. Олар қабыл етті. Малдарымды оларға бердім, олар да мені өздерімен бірге алып кетті. Уадил Құраға барған кезімізде олар маған зұлымдық жасап бір яһудиге құл қылып сатып жіберді. Яһудидің қасында біраз уақыт қалдым. Уадил Құрадағы құрма ағаштарын көргенде: «Бұл жер Аммуриядағы мырзамның маған сипаттаған ақыр заман Пайғамбарының хижрет жасайтын жері емес пе?» - деп үміттенсем де бұған анық көңілім толмады.

Уадил Құрада болған кезімде қожайынымның Құрайза ұлдарына жататын көкесінің баласы келіп, мені сатып алды да Мәдинаға алып барды. Аллаһқа ант етейін Мәдинаны көрер-көрмес Аммуриядағы мырзамның сипаттап берген ақыр заман Паығамбарының хижрет жасайтын жері осы жер екенін түсіндім. Осыдан кейін Мәдинада болдым. Ал Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар етіп жіберіліпті, Меккеде біршама уақыт тұрыпты. Бірақ мен құлдық күйбең тіршілікпен айналысып жүріп ол жайында еш нәрсе естімеппін. Кейін Мәдинаға қоныс аударып келіпті, одан да хабарым болмапты. Бір күні құрма ағашына шығып жұмыс істеп жатыр едім. Қожайыным да ағаштың көлеңкесінде отырған болатын. Осы кезде көкесінің ұлы келіп қожайыныма:

«Уа, пәленше! Аллаһ Қайла ұлдарының (Әус пен Хазреждің) бәлесін берсін! Ант ұрсын олар Құба ауылында Меккеден келген, әрі өздері пайғамбар деп атаған бір адамның айналасында үйіріліп жүр», - деді.



Осыны естер-естімес қатты қалтырап, қожайынымның үстіне құлап түсе жаздадым.

«Не дедің? Не дедің?» - деп, дереу құрма ағашынан түстім. Қожайыным ашуланып, мені шапалақпен тартып-тартып жіберіп:

«Сенің жұмысың қанша? Сен өз жұмысыңды біл!» - деді.

Мен де:

«Жоқ, ешнәрсе емес. Әншейін оның не дегенін білейін деп едім», - дедім. Өзімде жинаған біраз азық бар еді. Кеш батқан соң соларды алып Құбадағы Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кеттім. Оған:

– Сенің ізгі бір адам екеніңді естідім. Айналаңда да мұқтаж, ешкімі жоқ сахабаларың бар екен. Менде садақадан түскен біраз нәрселер бар еді. Жағдайыңызды естігеннен кейін сізді осыған лайық көрдім, - деп, оларды оған ұсындым. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабына:

– Алыңдар, мынаны жеңдер! - деді, бірақ өзі одан жемеді. Өз-өзіме:

«Бұл бір!» - дедім. Сосын ол жерден шығып орныма қайттым. Тағы да бір нәрселер жинадым. Ол кезде Аллаһ Расулі Мәдинаға келген еді. Оған барып:

– Сенің садақадан жемейтініңді көрдім. Мынау саған тарту ретінде дайындаған сыйлығым,- дедім. Бұл жолы Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан жеді әрі асхабына да ұсынды. Өз-өзіме: «Бұл екі!» - дедім.

Кейінірек ардақты Расулұллаһ Бәқиул Ғарқада жүрген кезінде қасына бардым. Ол жерге асхабынан бірінің жаназасының себебімен барған екен. Асхабының арасында

отыр екен. Үстінде денесін толық жауып тұрған екі ихрамы бар еді. Оған сәлем бердім. Сосын Аммуриядағы кісінің маған айтқан пайғамбарлық мөрін көре алар ма екенмін - деп, арқа жағына шықтым. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менің ниетімді түсініп үстіндегі киімін төмен түсірді. Пайғамбарлық мөрін көре сала таныдым. Үстіне құлай кеттім де сүйіп, жылап жібердім. Пайғамбар маған:

«Мына жаққа өт!», - деді. Барып алдына отырдым».

Сосын Салман (радиаллаһу анһу) Хазіреті ибн Аббасқа былай айтты:

«Уа, ибн Аббас! Саған айтқанымдай басымнан өткендерді Аллаһ Расуліне де айтып бердім. Менің бұл хикаямды асхабының да естіп білгені Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты ұнады». Салманның Бәдір мен Ұхұд ғазауаттарында Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болуына құлдық тауқыметі кедергі болды. (Ахмед V, 441-444; ибн Хишам I, 233-242; ибн Сағд IV, 75-80)

Салман өмірі бойы іздеп келген Аллаһ Расуліне қауышты. Ендігі оның жалғыз тілегі әрдайым Хазіреті Пайғамбарымыздың қасында болып, оның қол астында жүру болатын. Хазіреті Салманның (радиаллаһу анһу) осындай ынтызарлығын көрген Аллаһ Расулі бір күні оған:

«Уа, Салман! Құлдықтан құтылу үшін қожайыныңмен келіссөз жасасаң қайтеді?» - деп сұрады. Сосын Салман (радиаллаһу анһу) шұқырларын қазып, үш жүз құрма ағашын отырғызып және қырық укия[170] алтын беретін болып қожайынымен келісті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабына:

170. Бір укия жобамен 128 грамға тең ауырлық өлшем бірлігі.

«Бауырларыңа жәрдем беріңдер!» - деді. Бірі он көшет, бірі он бес, енді бірі жиырма көшет беріп, әркім шама-шарқының жеткенінше көмек берді. Осылайша Салманға (радиаллаһу анһу) қажетті жеті жүз құрма көшеті жиналды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Салман! Көшеттер үшін шұқыр қаз. Шұқырларды бітіргеннен кейін маған хабар бер, оларды өз қолыммен отырғызайын», - деді.

Салман Фариси (радиаллаһу анһу) оқиғаның жалғасын былай түсіндіреді:

«Құрма көшеттері үшін шұқыр қаза бастадым. Достарым да маған көмек берді. Бітірген соң хабар бердім. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менімен бірге көшеттер отырғызылатын жерге барды. Біз көшеттерді оған беріп тұрдық, ол да отырғызды. Тағдырым оның құдіретінде болған Аллаһқа ант етейін! Аллаһ Расулінің отырғызған көшеттерінің бірде-біреуі сынып немесе өліп қалған жоқ. Осылайша ағаш отырғызу қарызымнан да құтылдым. Көшеттер келесі жылы жеміс бере бастады.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жорықтан тауық жұмыртқасының үлкендігіндей алтын күлшесін алып келді.

«Салман не қылды?», - деп сұрады.

Аллаһ Расуліне барғанымда маған:

– Ей, Салман! Мынаны алып қарызыңды өте! - деді.

– Уа, Расулұллаһ! Мойнымдағы соншалықты қарызға мына кішкене алтын күлшесі қалай жетеді? - дедім.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алтын күлшесін қолына алып, тіліне сүйкеді де:

«Ал мынаны! Аллаһ Тағала осымен қарызыңды өтейді», - деді.

Алтынды алып менде алашағы болған адамға бардым да таразыға тартып-тартып бердім. Аллаһқа ант етейін! Ол алтыннан қырық укия тарттым. Егер ол Ұхұд тауымен тартылғанда, шынында оданда ауыр болар еді».

Салман (радиаллаһу анһу) құлдықтан құтылғаннан кейін Хандәк соғысына азат болып қатысты. Осыдан соң Хазіреті Пайғамбармен бірге барлық соғыстарға қатысты.[171]

Салман Фариси (радиаллаһу анһу) барлық жағынан өте керемет үлгі аларлық тұлға, әрі тартымды кісі болды. Тіпті Ансар мен Мұхажирлер:

«Салман бізден», - деп, әрқайсысы өзі жағына тартты.

Сонда адамзаттың асылы болған Пайғамбарымыз:

«Салман бізден, әһлі бәйттен (менің үй-ішімнен)» - деп, мүбәрак сахабасын ілтипаттың ең жақсысымен марапаттады. (Ибн Хишам III, 241)

Бұл мүбәрак сахаба бүкіл ғұмыр бойы Ислам ахлағының кереметтерін көрсете білді. Қаншама тамаша әрекеттер жасап, мүминдер үшін үлгі боларлық беткетұтар тұлғаға айналды.

Оның артықшылығы мен абзалдығын көрсететін мысалдар көп. Соның бірі:

Ислам дәулеті қол жеткізген жеңістердің арқасында өте үлкен аумаққа ие болғаннан кейін, кезінде бір яһудидің құлы болған Салман (радиаллаһу анһу) Мәдаин өңіріне

171. Ахмед V, 443-444; ибн Әсир, Усдул Ғаба II, 419; ибн Абдилбәр II, 634-638.



әкім болып сайланды. Сол кездерде Шамнан Тәймұлдары тайпасының бір адамы Мәдаинға барды. Ол өзімен бірге бір қап інжір алып барған еді. Салманның үстінде өте қарапайым жүннен басылған шапаны бар еді. Шамнан келген кісі Хазіреті Салманды танымайтын. Оны көріп:

– Кел мынаны тасышы! - деді. Салман (радиаллаһу анһу) да барып жүкті арқалады. Жұрт оны көріп таныды да, әлгі адамға:

– Сенің жүгіңді арқалап бара жатқан кісі – әкім ғой, - деді.

Шамнан келген кісі дереу:

– Сені білмей қалдым, - деп, кешірім сұрап, арқасындағы қапты алуға ыңғайланды. Салман болса:

«Оқасы жоқ, жүгіңді үйіңе жеткізбейінше арқамнан түсірмеймін», - деді. (Ибн Сағд IV, 88)

Бала асырап алудың тоқтатылуы

Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық келмей тұрып оған қадірлі әйелі хазіреті Хадишаның сыйға тартқан құлы Зәйд, Хазіреті Пайғамбардың азат етуімен еркіндігін алған еді. Зәйд (радиаллаһу анһу) әкесінің қасына қайтпай Расулұллаһтың қасында болуды қалады. Хазіреті Пайғамбар да оны өзіне ұл қылып алды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зәйдті өте қатты жақсы көргендіктен әуелі оны азат еткен күні Үммү Әйманмен, кейін апасының қызы Зейнеп бинти Жахшпен үйлендірді. Бірақ бір-бірінің теңі болмағандықтан бастапқыда Хазіреті Зейнеп Зәйдпен (радиаллаһу анһу) үйленгісі келмеген еді. Сөйтсе де Хазіреті Пайғамбар қалаған соң:

اِنَّ اَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللّٰهِ اَتْقٰيكُمْ

«Шындығында Аллаһтың алдында сендердің ең құрметтілерің ерекше тақуа болғандарың...». (Хұжурат сүресі 13-аят)

وَ مَا كَانَ لِمُؤْمِنٍ وَ لاَ مُؤْمِنَةٍ اِذَا قَضَى اللّٰهُ وَرَسُولُهُ اَمْرًا
اَنْ يَكُونَ لَهُمُ الْخِيَرَةُ مِنْ اَمْرِهِمْ وَمَنْ يَعْصِ اللّٰهَ وَرَسُولَهُ
فَقَدْ ضَلَّ ضَلاَلاً مُبِينًا

«Аллаһ және Расулі бір іске үкім айтса мүмин еркек пен әйелге ол істе өз қалауларымен таңдау жасауға болмайды. Егер кімде-кім Аллаһқа және Расуліне қарсы келсе, онда ол ашықтан-ашық адасқан болады», (Ахзаб сүресі 36-аят) - деген аят кәрималардың себебімен бұған ризашылығын білдірген еді. Бірақ Зәйдке іші жыли қоймады. Екеуінің құрған шаңырақтары көпке созылмады, ажырасатын жағдайға дейін барды. Зәйд те одан безер болды. Тіпті Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып жағдайын айтқанында, оған:

«Әйеліңмен бірге бол. Аллаһтан қорық!» - деген еді.

Негізінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы арада келген иләһи уахимен Зейнептің Аллаһтың әмірімен өзіне әйел ретінде берілетінін білетін еді. Бірақ халық арасында мунафиқтардың: «Мұхаммед өкіл баласының ажырасқан әйелімен үйленіпті», - деп, сөз таратуынан бата алмай күтіп жүрген еді. Өйткені сол кездің салт-дәстүріне қарағанда бір кісі бала асырап алса, адамдар ол баланы әлгі кісінің атымен шақыратын, оған туған баласындай әрекет жасайтын және мирастан үлес



берілетін. Ақыры Хазіреті Зәйд пен Зейнеп (радиаллаһу анһа) ажырасты. Артынан жаңа бір уахи түсті. Аллаһтың әмірі Аллаһ Расуліне Хазіреті Зейнепті алуын бұйырып, әрі бұл жағдайдағы алғашқы әрекетті Хазіреті Пайғамбардың өзіне орындатып, жәһилият ғұрпына жататын бала асырап алу мәселесін тоқтатты:

وَ اِذْ تَقُولُ لِلَّذٖى اَنْعَمَ اللّٰهُ عَلَيْهِ وَأَنْعَمْتَ عَلَيْهِ اَمْسِكْ عَلَيْكَ زَوْجَكَ وَاتَّقِ اللّٰهَ وَتُخْفٖى فٖى نَفْسِكَ مَا اللّٰهُ مُبْدٖيهِ وَ تَخْشَى النَّاسَ وَ اللّٰهُ اَحَقُّ اَنْ تَخْشٰيهُ فَلَمَّا قَضٰى زَيْدٌ مِنْهَا وَطَرًا زَوَّجْنَاكَهَا لِكَيْ لاَ يَكُونَ عَلَى الْمُؤْمِنٖينَ حَرَجٌ فٖٓى اَزْوَاجِ اَدْعِيَٓائِهِمْ اِذَا قَضَوْا مِنْهُنَّ وَطَرًا وَ كَانَ اَمْرُ اللّٰهِ مَفْعُولاً

«(Ей, Расулім!) **Сен Аллаһтың нығмет беріп, өзіңнің жақсылық жасаған адамыңа: «Әйеліңмен бірге бол** (ажыраспа), **Аллаһтан қорық», - деген едің. Аллаһтың ашық жариялайтын нәрсесін ішіңе сақтадың. Жұрттың** (өсегінен) **қорықтың. Негізінде Аллаһтан қорқуың керек. Асырап алған ұлдары әйелдерімен ара-қатынасын кескеннен кейін** (олардың әйелдерімен үйленуде) **мүминдер үшін күнә жоқ екенін білдіру үшін, Зәйд ол әйелмен ара-қатынасын кескеннен кейін** (ажырасқаннан кейін) **біз ол әйелді саған некеледік. Аллаһтың ұйғарымы орындалды».** (Ахзаб сүресі 37-аят)

Осы иләһи бұйрықпен Хазіреті Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйленген Хазіреті Зейнеп анамыз:

«Менің некемді Раббым қыйды!...» - деп, Хақ Тағалаға шүкіршілік етті. (Тирмизи, Тәфсир 33/3213)

Бірақ бұл оқиға мунафиқтардың өсек-аяң жаюына себеп болды. Екі жүзді надандар Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ұлының ажырасқан әйелімен үйленді», - деп, айыптап оның бұл әрекетіне қарсы шықты. Осыған Құран Кәрім былай жауап береді:

مَا كَانَ مُحَمَّدٌ اَبَآ اَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَ لٰكِنْ رَسُولَ اللّٰهِ
وَ خَاتَمَ النَّبِيّٖنَ وَ كَانَ اللّٰهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا

«Мұхаммед сендердің араларыңдағы еркектердің ешқайсысының әкесі емес. Бірақ ол Аллаһтың Пайғамбары әрі Пайғамбардың соңғысы. Аллаһ барлық нәрсені толық біледі». (Ахзаб сүресі 40-аят)

Қысқасы осы оқиғамен жәһилият дәуірінен бері келе жатқан «бала асырап алу» әдеті тоқтатылды.

Бүгінгі құдайдан безген мунафиқтардың да: «Хазіреті Пайғамбар Зейнептің сұлулығына қызығып, онымен үйленді», - деген мардымсыз сөздері барып тұрған надандық, әншейін бос өсек-аяң ғана. Зейнеп (радиаллаһу анһа) Аллаһ Расулінің апасының қызы болатын, әрі Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) оны бұрыннан көріп жүретін. Егер де Хазіреті Пайғамбарымыздың мұндай ниеті болғанда Хазіреті Зейнепті Зәйдтен бұрын өзіне некелеуіне әбден болар еді. Хазіреті Зейнеп те мұны қарсылықсыз қабыл алар еді.

Үйленуді тек қана шахуат жағынан ойлайтын түсінігі жоқ, саяз ақылдылар Пайғамбарымыздың үйленуінің мәнісін еш түсіне алмайды. Жүректері мен ақылдарын нәпсінің



қалаулары жаулап алған ақымақтардың берген әділетсіз үкімдері – өздерінің бықсып, қарайған ішкі дүниелерінен шыққан нәрселер. Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйленген кезеңінің 24 жылы, яғни жас, тың кездері тек Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа) анамызбен өткен. Одан кейінгі үйленулері болса кейбір Ислами, саяси және әлеуметтік мәселелерге байланысты болған. Кейінгі әйелдерінің көпшілігі өзінен үлкен және жесір әйелдер еді. Олардың ішінде жастай, қыз күйінде үйленген тек Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) болатын. Мұның себебі де әйелдерге байланысты фиқһ мәселелерін дұрыс үйретіп, оны қадағалау еді. Шынында да ол зеректігімен және алғырлығымен әйелдерге қатысты шарғи мәселелерді толық игеріп, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өмір сүріп, мұсылман әйелдерді осы мағлұматтарымен тура жол көрсетіп, шариғат үкімдерінің негіздерін мықты құрып кетті. Сахабалардың арасындағы аты шулы жеті фиқһшының бірі болғандықтан, әйелдердің арасындағы фиқһ ілімі ең көп соның арқасында жайылған.

Көре алмайтын дұшпандардың айтқанындай оның үйленудегі себебі шахуат болғанда Хазіреті Пайғамбарымыз өмірінің жастық шағын өзінен он бес жас үлкен, жесір, әрі балалы әйелмен өткізбейтін еді. Бұл үйленулердің қандай мақсатпен, қандай ұлы хикметпен іске асқандығын, тек жүрегінде иманы, ар-ожданы бар парасаттылар ғана түсінеді.

Әурет жерлерін жабудың (тәсәттурдің) **парыз етілуі**

Исламнан бұрын арабтарда әурет жерлерін жабу деген әдет жоқ болатын. Исламның алғашқы жылдарында

да заманның талабына сай дәл осылай жалғасты. Бірақ жоғарыда ішімдік пен құмар тақырыптарында айтылғандай «әсте-әсте» бұл жағдайдың солай кете бермейтіні белгілі еді. Соңында әурет жерлерін жабуға байланысты аят түсті және осы аятпен әйел кісілердің дәрежесі жоғарылады. Абыройы мен ар-намысы қорғалып, беделдері артты. Қадір-қасиетін сыйлап, құрметтеді.

Мұнымен қатар әурет жерлерін жабуға байланысты үкім тек қана әйелдерге қатысты болмады, еркектерге де тиісті болды. Яғни бұл жайындағы үкім еркек-әйел деп бөлінбестен жаппай барша мүмин кісілерге қатысты болды. Аллаһ Тағала былай бұйырады:

قُلْ لِلْمُؤْمِنِينَ يَغُضُّوا مِنْ اَبْصَارِهِمْ وَيَحْفَظُوا فُرُوجَهُمْ ذٰلِكَ اَزْكٰى لَهُمْ اِنَّ اللّٰهَ خَبِيرٌ بِمَا يَصْنَعُونَ ﴿30﴾ وَقُلْ لِلْمُؤْمِنَاتِ يَغْضُضْنَ مِنْ اَبْصَارِهِنَّ وَ يَحْفَظْنَ فُرُوجَهُنَّ وَ لاَ يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ اِلاَّ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَ لْيَضْرِبْنَ بِخُمُرِهِنَّ عَلٰى جُيُوبِهِنَّ

«(Ей, Мұхаммед!) **Мүминдерге айт:** (Бөгде әйелдерге сұқтанып) **көз сүзбесін, ұятты жерлерін қорғасын. Бұл олардың өздері үшін жақсы. Шынында Аллаһ олардың не істегендерін біліп тұрады. Мүмин әйелдерге айт:** (бөгде еркекке) **көз тікпесін, ұятты жерлерін қорғасын.** (Өздігінен) **көрінгендерінен басқа** (бет, қол, аяқ) **ішкі** (тән) **көріктерін көрсетпесін. Жаулықтарымен омырауларын жауып жүрсін...»** (Ниса сүресі 30-31 аяттар)

Әйелдің жабылуы арқылы әйелдік абыройы қорғалады. Жаулықты әйел қарсы алдындағыларға сыпайылық, сыйластық сезімін береді. Ал ашық-шашық әйел нәпсінің құмарлықтарын қоздырып, шахуатты оятады. Нәтижеде

абырой-намыстан жұрдай қалып, аналық қасиеттерінен айырылады.

Бұл жерде ерекше айта кетерлік жайт әйел мен еркек арасында жаратылыс жағынан да айырмашылық бар. Бұл Аллаһтың әйел мен еркекке берген міндетінің әр түрлі екендігінен туындаған. Сондықтан әйелдердің әурет жерлерін жабуы өзгеше, еркектердікі өзгеше болған. Сонымен қатар әйелдің жаратылысы еркекке қарағанда тартымды келеді. Оранып жабылмай, жұрттың көзінше ашық-шашық жүретін болса сыпайылығы мен әсемдігін кір шалады. Аналық қасиеті мен ұрпақты қорғау ерекшелігі зиянға ұшырайды. Міне сондықтан әурет жерлерін жабуға бұйырғаны, оның тартымдылығы мен әсемдігі тек күйеуіне ғана тән болды. Өйткені еркек пен әйел арасында нәсілдің жалғасуы үшін бір-біріне деген өзгермейтін табиғи қызығушылық бар. Әурет жерлерін жабуға мойынсұнбаса сол уақытша қызығушылығының соңында Аллаһтың қойған шегінен шығып, қауіпті тәрбиесіздікке, жаман мінез-құлыққа алып барады. Аллаһ Тағаланың:

وَلاَ تَقْرَبُوا الزِّنٰى

«Зинадан аулақ болыңдар...», (Исра сүресі 32-аят) деп әмір беруінің түбінде: «Әурет жерлеріңді ашып жүріп, зинаға жол ашпаңдар, оған мүмкіншілік бермеңдер», - деген үлкен мағына жатыр. Сөйтіп бұл үкім жалпыға бірдей қатысты болды. Сондықтан Ислам сырт көрінісі тартымды, сүйкімді болмаған әйелге де оранып жүруді бұйырған. Яғни «бұл әйел басын, қол-аяғын ашып жүрсе де, ашпаса да бәрібір, онсызда тартымды емес», - деуге болмайды. Бұл жерде әйелдің жабылып әйелдік абыройын қорғауы маңызды.

Адамның жаратылысын ескере отырып үкім қойған Ислам әйелдердің және еркектердің қажеттіліктерін белгілеп қойған. Сондықтан Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдерге ұқсағысы келген еркектерді және еркектерге ұқсағысы келген әйелдерді лағынеттеген.[172] Әйелдер мұндай қауіп-қатерден қорғану үшін салихалы, ізгі әйелдермен бірге болуға тырысулары керек. Өйткені адам кіммен бірге жүретін болса соған еліктейді. Бұл – психологиялық заңдылық. Егер де әйел көшедегі өмірге түсіп, еркектерге араласатын болса, сүйкімді әйелге тән ерекшеліктері мен қасиеттерінен жұрдай болады.

Әйелдер мен еркектерге киінуде де бір-біріне ұқсауларына тыйым салынған. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйел сияқты киінген еркектердің және еркек сияқты киінген әйелдердің Аллаһтың мейірімінен құр қалатынын білдірген.[173] Сондықтан әйелдер де, еркектер де өз абырой-намыстарын қорғаулары керек.

Мұнымен қатар екі жыныс бір-бірінің жүріс-тұрысына еліктеуі, кісінің тұлғалығының және мінез-құлқының бұзылуына себеп болады. Мысалы, өз жынысына тән киімдерді кимей қарсы жынысқа тән киімдерді киген адамдардың іс-әрекеті де соларға ұқсай бастайды. Ал бұл болса жаратылыстың бұзылуы.

Мұрайси ғазауаты (Шағбан-Рамазан 5/Қаңтар-Ақпан 627)

Бұл ғазауатты Бәни Мұсталық соғысы деп те атайды. Мұсталықұлдары меккелік мүшриктердің айдап салуына алданып Мәдинаға шабуыл жасау үшін қалың қол жинай

172. Бұхари, Либас 61.
173. Әбу Дәуіт, Либас 28/4098.

бастаған еді. Мұны естіген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеті жүз кісілік әскермен оларға қарсы аттанды. Аллаһ Расулі Мұсталықұлдарына: «Лә иләһә иллаллаһ, деп айтыңдар да жандарың мен малдарыңды құтқарып қалыңдар»,- деп айқайлауы үшін Хазіреті Омарға бұйрық берді. Бірақ Мұсталықұлдары бұл ұсынысты қабыл етпеді, әрі алғашқы оқты атқан да солар болды.[174]

Мұсылмандар Мұрайси суының басында жауға ойсыратып соққы беріп, оларды жеңді. Жау жақтан он екі кісі өлді, мұсылмандардан бір кісі шейіт болды.

Соғыстан өте көп олжа түсіп, көптеген адам тұтқынға алынды. Тұтқындардың арасында тайпа көсемінің қызы Жуайрия да бар еді.

Тұтқындардан фидия алынып босатылып жатты. Жуайрия Сәбит бин Қайстың үлесіне түскен еді. Құтылу ақшасы жайлы жолығу үшін Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барды. Осы кезде әкесі де келіп өздерінің текті екендігін, сондықтан қызының күң қылынбайтынын айтты. Әрі абыройын кірлетпеуін өтінді. Өзімен бірге алып келген бірнеше түйелерін көрсетіп:

– Мына түйелер қызымның ақысы. Оны босатыңдар, - деді. Ол ойламаған жерден Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан:

– Тығып қойған екі түйең қайда? Оларды неге алып келмедің? - деп сұрады.

Ойпатқа жасырып қойған екі түйені өзінен басқа ешкім білмейді деп ойлаған Харис аузы ашылып, аң-таң болып:

174. Уақиди I, 407.

«Аллаһқа ант етейін! Мұны менен басқа ешкім білмейтін еді ғой», - деді. Бұл ап-ашық мұғжизаның арқасында һидаятқа түсіп, қасында еріп келгендермен бірге иман келтірді.[175]

Осыдан соң Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жуайрияның пікірін сұрады. Оның өзімен бірге қалғысы келгенін түсінгеннен кейін, фидиясын өзі беріп еркіне жіберді (Ибн Сағд VIII, 118). Еркіндігін алған Жуайрия өз еркімен мұсылман болды. Артынан Хақ Тағаланың берген сыйы ретінде Хазіреті Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйлену шарапатына кенелді. Осылайша оның осыған дейін көрген түсі орындалды. Әкесінің фидия төлеп тұтқыннан құтқаруға келгеніне қарамастан Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге қалуды қалауының себебі де осы болатын.

Жуайрияның Хазіреті Пайғамбармен некелескенін естіген асхабы кирам:

«Пайғамбар қайын жұртының тұтқын болуы дұрыс емес», - деп, қолдарындағы барлық тұтқындарды фидиясыз босатып жіберді. Бұл жайында Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) былай деген еді:


«Қауымы үшін қайырлы болған Жуайриядан артық әйел көрмедім. Оның себебімен Бәни Мұсталықтан жүз отбасы азат етілді». (Әбу Дәуіт, Итқ 2/3931)

Міне бұл оқиғадан да Пайғамбарымыздың Жуайрия анамызбен үйленуі саяси мақсатпен іске асқандығын көруге болады. Әрі:

وَ مَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوٰى ﴿3﴾ اِنْ هُوَ اِلاَّ وَحْىٌ يُوحٰى ﴿4﴾

175. Ибн Хишам III, 340.

«Ол өз ойынан сөйлемейді. Оның айтқандары өзіне келген уахи ғана», (Нәжм сүресі 3-4 аяттар) деген аятта айтылғандай нәпсінің қалауынан емес, Аллаһ Расулінің жүрегіне уахи етілген Аллаһтың қалауымен іске асқан. Міне осы үйленуден кейін Бәни Мұсталық тұтқындары еркіндігін алды, ең маңыздысы бір қауым түгелімен мұсылман болды.



Тәяммум

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) мыналарды айтады:

Бір жорықта (Мұрайси) Расулұллаһпен бірге едім. Бәйда немесе Зәтул Жәйш деген жерге келгенде менің алқам үзіліп қалды. Расулұллаһ оны іздеп біраз уақыт сол жерде қалды. Онымен бірге біраз кісілер де қалды. Олардың жанында су қалмады, ол төңіректе де су табылмады. Кейбіреулер Әбу Бәкірге барып:

«Айшаның не істегенін көрдің бе? Расулұллаһты да, басқаларды да әуреледі. Олар судың басында да емес, әрі өздерімен бірге сулары да жоқ», - деген екен. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тіземнің үстіне басын қойып ұйықтап жатқанда әкем Әбу Бәкір келді.

«Сен Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да, басқаларды да мына жерде әуреледің. Жақын маңда су жоқ, жандарындағы су да таусылды» - деп, маған ұрысып біраз сөз айтты. Тіпті ашуланғаны соншалықты қолы жаныма батты. Расулұллаһтың басы тіземнің үстінде болғандықтан қимылдамауға тырыстым.

Таңертең Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұрған кезде еш су жоқ еді. Біраз уақыттан кейін Аллаһ Тағала тәяммум аятын түсірді:

وَ اِنْ كُنْتُمْ مَرْضٰى اَوْ عَلٰى سَفَرٍ اَوْ جَٓاءَ اَحَدٌ مِنْكُمْ مِنَ الْغَٓائِطِ
اَوْ لٰمَسْتُمُ النِّسَٓاءَ فَلَمْ تَجِدُوا مَٓاءً فَتَيَمَّمُوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَامْسَحُوا
بِوُجُوهِكُمْ وَ اَيْدِيكُمْ مِنْهُ مَا يُرِيدُ اللّٰهُ لِيَجْعَلَ عَلَيْكُمْ مِنْ حَرَجٍ
وَ لٰكِنْ يُرِيدُ لِيُطَهِّرَكُمْ وَ لِيُتِمَّ نِعْمَتَهُ عَلَيْكُمْ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ



«...Егер сырқат болсаңдар немесе сапарда жүрсеңдер немесе дәрет сындырсаңдар, әйтпесе әйелдеріңмен жақындассаңдар әрі су таба алмасаңдар таза топырақпен тәяммум жасаңдар. Беті-қолдарыңды сонымен таяммум жасаңдар (сипаңдар)**. Аллаһ сендерге ауырлық түсіргісі келмейді. Бірақ шүкіршілік етулерің үшін сендерді тазартуды және нығметін толықтыруды қалайды».** (Мәида сүресі 6-аят)

Ұсайд бин Хұдайр (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Ей, Әбу Бәкірдің жанұясы! Бұл бүкіл үммет үшін сіздің сансыз берекеттеріңіздің біреуі ғана».

Мінген түйемді тұрғызғанымда алқа соның астынан шықты». (Бұхари, Тәяммум 1; Асхабун Нәби 5, 30)

Ұсайд (радиаллаһу анһу) Айша анамызға:

«Аллаһ саған жақсылығын жаудырсын! Аллаһқа ант етейін, қашан басыңа қиын іс түссе, Аллаһ оны сен үшін, әрі мұсылмандар үшін қайырлы қылады», - деді. (Бұхари, Тәяммум 1)

Ифк (жала жабу) **оқиғасы**

Мұрайси ғазауатынан қайтып келе жатып Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пәк жұбайы Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа)[176] әскерлердің түнеу үшін тоқтаған жерінде ықтияжы үшін біраз ұзақтау жерге кеткен еді. Қайтып келгенінде әскерлердің жүріп кеткеніне біраз

176. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жорыққа шыққанда мүбәрак жұбайларының арасында шек тастап кімге шықса соны өзімен бірге алып баратын еді. Мұрайси ғазауатында шек Хазіреті Айша анамызға шығып, оны өзімен бірге алып барған болатын.

уақыт болып еді. Өйткені ол кезде тәсәттур аяты түсіп, мүминдердің аналары бір жерге баратын болса түйенің өркешінің үстіне қойылатын хаудаж атты кішкене үйшіктің ішіне мініп баратын еді. Осы себептен әскерлер әрекет еткенде мүминдердің анасы Хазіреті Айшаны (радиаллаһу анһа) да түйе үстіндегі хаудажда деп ойлаған еді.

Хазіреті Айша анамыз әскерлердің артынан жүріп адасып кетермін деп, тұрған жерінде күтуге бел буды. Біраз көзі ілініп кеткен еді. Осы кезде керуеннен қалып кеткен нәрселерді жинауға міндеттелген Сафуан бин Муаттал (радиаллаһу анһу) Хазіреті Айшаны (радиаллаһу анһа) байқап қалып:

اِنَّا لِلّٰهِ وَ اِنَّآ اِلَيْهِ رَاجِعُونَ

«...Біз Аллаһқа тәнбіз, әрі оған қайтып барамыз», (Бақара сүресі 156-аят) деген аятты оқып өзінің сол жерде екенін білдірді.

Бұл дауыстан Хазіреті Айша анамыз оянды. Сафуан бір ауыз сөз де сөйлемей түйесін шөгерді. Хазіреті Айша анамыз да мінді. Түс уақытында әскерлерді қуып жетті. Бұл жағдайды көрген мунафиқтар бұл жолы да қолдарына таптырмайтын мұрсат түскендей өсек-аяң айтып жала жабуға кірісті.

– Аллаһқа ант етейін, не Айша одан, не ол Айшадан құтылды,- деді. Абдуллаһ бин Убәй тым қатты кетіп мүминдерге:

«Міне Пайғамбарларыңның әйелі бір адаммен түнеді», - деп, мысқылдап мазақ қылды.



Бұл өсек дем арасында бүкіл әскерлерге тарады. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қатты қиналып, жүрегі қан жылып:

– Аллаһқа ант етейін, біз жәһилият кезеңінде де мұндай жала жабуды кездестірмеген едік, - деді.

Хазіреті Сафуан (радиаллаһу анһу) болса қатты қайғы-мұңға батты. Ол Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ол жайында жақсылықтан басқа еш нәрсе білмеймін!», - деген таңдаулы сахабасы еді. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса қайғы-мұңнан күдіксіз мүбәрак жүрегі қан жылады. Көбінесе үйінде болып, адамдармен онша көп кездеспеді. Бұл жайында кішігірім сұрау жүргізіп, анық-қанығын іздестірді. Хазіреті Айшаның кінәлі екендігіне титтей де дәлел жоқ еді. Бірақ мунафиқтар ашқан ауыздарын жаппады.

Бұл әңгімені ең соңғы болып естіген Айша анамыз болатын. Бұл өте ауыр жаланы есітер-естімес өте қатты қиналды. Қатты қынжылып Хазіреті Пайғамбарымыздан рұқсат алып, бұл мәселе жайында мағлұмат алу үшін әкесінің үйіне кетті. Естіген өсек-аяңын олардан естіген кезде ішкі дүниесі астан-кестен болып күзді күнгі жапырақтай сарғайып, солды да қалды.

Осы кезде Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) бұл оқиға жайлы Айша анамызбен сөйлесу үшін Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) үйіне барды. Ардақты жұбайына:

«Уа, Айша! Сен жайында маған біраз сөз жетті. Егер кінәң жоқ болса Аллаһ сені ақтап алады», - деді.

Әлемдердің Сұлтанының да бұл жабылған жалаға сеніңкірегенін аңғарып қалған сезімтал Хазіреті Айша анамыз әке-шешесіне қарады. Олар үндемеген соң көзі жасаурап Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Аллаһқа ант етейін, менің анық көзім жетті. Сіз айтылған сөздерді есітіп сеніп қалған сияқтысыз. Қазір мен кінәсізбін десем сенбеуіңіз мүмкін. Ал кінәлімін десем дереу сенуіңіз мүмкін. Бірақ Аллаһ кінәсіз екенімді біледі. Олай болса мен бұл айтылғандарға қарсы Аллаһтан жәрдем сұраймын».

Сол кезде Хазіреті Әбу Әйюб әл-Ансаридің әйелі Үммү Әйюб күйеуінен былай деп сұрады:

– Адамдардың Айшаға айтқандарын естідің бе?

Әбу Әйюб:

– Иә, естідім. Оның бәрі өтірік, жалған әңгіме, - деді. Артынан әйеліне:

– Сен осындай жаман тірлік істер ме едің? - деп сұрады.

Әйелі де:

– Жоқ! Аллаһқа ант етейін, мен әсте мұндай жамандық істемеймін, - деді.

Сонда Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу):

«Сен осындай болсаң, Аллаһқа ант етейін Айша сенен әлде қайда қайырлы», - деді. (Ибн Хишам III, 347; Уақиди II, 434)

Енді бұл істің анықталуы үшін иләһи уахиді күту ғана қалды. Сөйтіп көп уақыт өтпей Аллаһ Тағала бұл оқиғаға байланысты аяттарын түсірді. Айтылған сөздер мунафиқтардың жапқан жаласы екені ап-ашық белгілі болды. Аллаһтың аяттары Айша анамызды ақтап алды. Әрі



мунафиқтардың орынсыз таққан кінәларын беттеріне басып, олардың азапталатынын білдірді. Сондай-ақ бұл жабылған жаланың анық-қанығын білмей жатып әңгіме қылғандарға қатты ескертті.

Аллаһ Тағала осыған байланысты аят кәрималарында былай дейді:

إِنَّ الَّذِينَ جَآؤُا بِالْإِفْكِ عُصْبَةٌ مِنْكُمْ لاَ تَحْسَبُوهُ شَرًّا لَكُمْ
بَلْ هُوَ خَيْرٌ لَكُمْ لِكُلِّ امْرِئٍ مِنْهُمْ مَا اكْتَسَبَ مِنَ الْإِثْمِ
وَ الَّذِى تَوَلّٰى كِبْرَهُ مِنْهُمْ لَهُ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Шын мәнінде ауыр жала жапқандар, сендердің араларыңдағы бір топ. Сендер оны жамандыққа жорымаңдар, қайта ол сендер үшін қайырлы. Жалақорлардың әрқайсысы өздеріне тиісті жазасын алады. Олардың ішіндегі басшысы азаптың ең ауырына душар болады.

لَوْلآَ اِذْ سَمِعْتُمُوهُ ظَنَّ الْمُؤْمِنُونَ وَالْمُؤْمِنَاتُ بِاَنْفُسِهِمْ خَيْرًا وَقَالُوا
هٰذَآ اِفْكٌ مُبِينٌ ﴿12﴾ لَوْلاَ جَآؤُا عَلَيْهِ بِاَرْبَعَةِ شُهَدَآءَ فَاِذْ لَمْ يَأْتُوا
بِالشُّهَدَآءِ فَاُولٰئِكَ عِنْدَ اللهِ هُمُ الْكَاذِبُونَ ﴿13﴾ وَلَوْلاَ فَضْلُ اللهِ
عَلَيْكُمْ وَ رَحْمَتُهُ فِى الدُّنْيَا وَ الْاٰخِرَةِ لَمَسَّكُمْ فِى مَآ اَفَضْتُمْ فِيهِ
عَذَابٌ عَظِيمٌ ﴿14﴾ اِذْ تَلَقَّوْنَهُ بِاَلْسِنَتِكُمْ وَ تَقُولُونَ بِاَفْوَاهِكُمْ مَا لَيْسَ
لَكُمْ بِهِ عِلْمٌ وَ تَحْسَبُونَهُ هَيِّنًا وَهُوَ عِنْدَ اللهِ عَظِيمٌ ﴿15﴾

Бұл жаланы естіген кездерінде мүмин еркектер мен мүмин әйелдер көңілдерінде жақсылық ойлап: «Бұл нағыз

жала», - деуге болмас па еді? Жалақорлардың бұған төрт кісіні куә етулері керек емес пе еді? Олар куәлар алып келе алмаған екен, олай болса олар Аллаһтың алдында нағыз өтірікшілердің өзі. Егер сендерге бұл дүниеде де, ақыретте де Аллаһтың кеңшілігі мен рақымы болмағанда, жала жапқандарың үшін әрине ауыр азапқа душар болар едіңдер. Сендер бұл өсекті ауыздарыңмен тараттыңдар, білмеген нәрселеріңді өсектеп, ол істі жеңіл-желпі санадыңдар. Ал ол Аллаһтың алдында зор күнә болып саналады.

وَ لَوْلَآ اِذْ سَمِعْتُمُوهُ قُلْتُمْ مَا يَكُونُ لَنَآ اَنْ نَتَكَلَّمَ بِهٰذَا
سُبْحَانَكَ هٰذَا بُهْتَانٌ عَظِيمٌ

Мұны естігендеріңде: «Біздің бұлай айтуымыз дұрыс емес. Аллаһ сақтасын. Бұл өте үлкен жала», - деп айтсаңдар болмас па еді?

يَعِظُكُمَ اللّٰهُ اَنْ تَعُودُوا لِمِثْلِهٖٓ اَبَدًا اِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ ﴿17﴾
وَ يُبَيِّنُ اللّٰهُ لَكُمُ الْاٰيَاتِ وَ اللّٰهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ ﴿18﴾

Аллаһ сендерге: «Егер мүмин болсаңдар бұдан былай мұндай әрекетті еш қайталамаңдар», - деп насихат береді. Аллаһ сендерге аяттарын түсіндіреді. Аллаһ өте білгір, әрі данышпан.

اِنَّ الَّذِينَ يُحِبُّونَ اَنْ تَشِيعَ الْفَاحِشَةُ فِى الَّذِينَ اٰمَنُوا لَهُمْ عَذَابٌ
اَلِيمٌ فِى الدُّنْيَا وَ الْاٰخِرَةِ وَ اللّٰهُ يَعْلَمُ وَ اَنْتُمْ لاَ تَعْلَمُونَ ﴿19﴾
وَ لَوْلاَ فَضْلُ اللّٰهِ عَلَيْكُمْ وَ رَحْمَتُهُ وَ اَنَّ اللّٰهَ رَؤُفٌ رَحِيمٌ ﴿20﴾

Мүминдердің ішінде арсыздықтың жайылуын жақсы көретіндер бар. Олардың бұл дүниеде де, ақыретте де ауыр азапқа ұшырайтыны сөзсіз. Аллаһ бәрін біледі, сендер білмейсіңдер. Егер Аллаһтың кеңшілігі және рақымы болмаса (қайтер едіңдер)**? Аллаһ өте кең әрі ерекше мейірімді.**

يٰٓ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَتَّبِعُوا خُطُوَاتِ الشَّيْطَانِ وَ مَنْ يَتَّبِعْ خُطُوَاتِ الشَّيْطَانِ فَاِنَّهُ يَاْمُرُ بِالْفَحْشَآءِ وَالْمُنْكَرِ وَ لَوْلاَ فَضْلُ اللهِ عَلَيْكُمْ وَ رَحْمَتُهُ مَا زَكٰى مِنْكُمْ مِنْ اَحَدٍ اَبَدًا وَ لٰكِنَّ اللهَ يُزَكّٖى مَنْ يَشَآءُ وَ اللهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

Ей, иман келтіргендер! Шайтанның соңынан ермеңдер. Кімде-кім шайтанның соңынан ерсе күдіксіз ол арсыздыққа әрі жамандыққа жетелейді. Егер сендерге Аллаһтың кеңшілігі әрі рақымы болмаса онда ешқайсыларың әсте тазармас едіңдер. Бірақ Аллаһ қалаған құлын тазартады. Аллаһ естуші, әрі білуші». (Нұр сүресі 11-21 аяттар)

Бұл ұлы ақиқаттан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айша анамызға күлімсіреп:

«Сүйінші уа, Айша! Аллаһ сені ақтап алды!»- деді.

Айша анамыз қасиетті аяттармен ақталып, жаман әрекеттерден аулақ екені белгілі болғаннан кейін:

«Мен сияқты әлсіз құл жайында аят түседі деп ойламаппын. Аллаһ Расулінің жүрегіне илхам келіп, менің кінәсіз екенім осылай білінеді деп ойлаушы едім», - деп Хақ Тағалаға шүкіршілік етті. Басынан сүйіп Расулұллаһтың қасына баруын ымдаған әкесі Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) де:

«Мен Аллаһтан басқа ешкімге мақтау әрі шүкіршілік айтпаймын. Мені ақтап алған Аллаһ», - деп біраз назданып, өкпесін білдірді.

Мұны естіген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жымиып күлді. Бір айға созылған бұл қиын жағдай Аллаһтың рақымы мен мейірімінің арқасында аяқталды. (Бұхари, Шәхадат 15, 30, Жиһад 64, Мағази 11, 34; Муслим, Тәубә 56; Ахмед VI, 60, 195)

Жала жабылған Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұбайы – мұсылман үмметінің анасы, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең жақын досының қызы әрі үмметтің ең абыройлы әйелдерінің бірі еді. Осы оқиға да пайғамбарлардың сынақ үшін төзімді екендіктерін көрсетеді. Бұл қияметке дейін зұлымдыққа ұшырап, жала жабылғандарға үлкен бір жұбаныш.

Осы тарихи ақиқаттарға қарамастан және Құран Кәрімнің бұл оқиғаны «ифкун мубин» ап-айқын жала және «бухтанун азим» - үлкен жала деп атап, Хазіреті Айша анамызды аяттармен ақтап, жаман әрекеттерден аулақ екенін білдірсе оның «Жәмәл» оқиғасына қатысқандығынан оны айыптауларын қоймаған надан адамдарға не деуге болады?

Жала жабуға себепші болған күнәхарлар намысты әйелге зина жасады деп жала жапқандықтан жазаға тартылды. Сөйтіп жала жабушылардың әрбіріне сексен дүре соғылды.[177]

Ибн Аббастың (радиаллаһу анһума) айтуына қарағанда Аллаһ Тағала төрт кісіні ақтап алған:

Юсуфты (аләйһиссәләм) өзіне жала жапқан әйелдің

177. Ахмед VI, 35.

туысқандарынан бір кісі арқылы.[178]

Мұсаны (аләйһиссәләм) яһудилердің өсегінен.[179]

Хазіреті Мәриямды құшағындағы жаңа туған баласын сөйлету арқылы.[180]

Хазіреті Айшаны да қияметке дейін оқылатын Құран Кәрімдегі аяттармен ақтап алған. Аллаһ Тағаланың осыншалықты кем-кетіксіз шебер түрде ақтап алуының себебі, Расулінің қаншалықты ұлы мәртебеге ие екендігін көрсету үшін еді. (Замәхшари IV, 121)

Осы қиын-қыстау кезде уахидың ұзақ уақыт кешігуінің мәнісі Пайғамбарымыздың расул және нәби болуымен қатар пенде екенін білдіру, уахидың оның қабілеті мен нәпсісінен шыққан нәрсе емес екендігін көрсету үшін мұсылмандардың шынайылығын сынау болатын.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) әрдайым Мыстах деген кедейге жәрдем беретін. Ифк оқиғасында оның да жала жабушылармен бірге болғанын көріп, бұдан соң оған және отбасына еш жақсылық жасамайтындығына ант ішті. Хазіреті Әбу Бәкірдің жәрдемі тоқтағаннан кейін Мыстах пен отбасы мүсәпір болды да қалды. Аллаһ Тағала бұл жәрдем тоқтағаннан соң мына аят кәрималарды түсірді:

وَ لَا يَأْتَلِ اُولُو الْفَضْلِ مِنْكُمْ وَ السَّعَةِ اَنْ يُؤْتُوا اُولِى الْقُرْبٰى
وَ الْمَسَاكِينَ وَ الْمُهَاجِرِينَ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ وَ لْيَعْفُوا وَ لْيَصْفَحُوا
اَلَا تُحِبُّونَ اَنْ يَغْفِرَ اللّٰهُ لَكُمْ وَ اللّٰهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

178. Юсуф сүресі 26-29.
179. Ахзаб сүресі 69-аят.
180. Мәриям сүресі 29-33.

«Сендердің араларыңдағы дәулетке ие болған бай кісілер жақындарына, жоқ-жітікке, хижрет жасағандарға (малдарынан) **бермеу үшін ант етпесін. Кеңшілік жасап кешірсін. Аллаһтың сендерді жарылқауын қаламайсыңдар ма? Аллаһ аса жарылқаушы, өте мейірбан».** (Нұр сүресі 22-аят)

وَلاَ تَجْعَلُوا اللّٰهَ عُرْضَةً لِاَيْمَانِكُمْ اَنْ تَبَرُّوا وَتَتَّقُوا وَتُصْلِحُوا
بَيْنَ النَّاسِ وَ اللّٰهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

«Ант етіп Аллаһты жақсылық жасауларыңа, тақуалықты ұстануларыңа, адамдардың арасын жарастыруларыңа бөгет қылмаңдар (Осыларды орындамау үшін Аллаһ атымен ант етпеңдер). **Аллаһ барлық нәрсені есітіп, біліп тұрады».** (Бақара сүресі 224-аят)

Бұл аят кәрималар Хақ Тағаланың құлдарына деген мейірімділігінің нақты мысалы болады. Мұнымен қоса ізгілердің дәрежесінің онан сайын асқақтауына жөн көрсетеді.

Осы аяттар түскеннен кейін Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Әлбетте мен Аллаһтың мені жарылқауын қалаймын», - деді. Артынан берген антының кәффаратын өтеп, жасаған жақсылығын ары қарай жалғастырды. (Бұхари, Мағази 34; Муслим, Тәубе 56; Табәри, Тәфсир II, 546)

Яғни Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қызына жала жапқан адамға да жәрдемін аямады. Бұл да ол мүбәрак сахабаның теңдессіз абзал жан екендігіне мысал.



Олар – дұшпан! Олардан сақтаныңдар!

Мұрайси ғазауатында мунафиқтардың шығарған бүлігі тек Ифк оқиғасы ғана емес еді. Мұхажирлер мен Ансардан екі кісі бір-бірімен тартысып қалды. Сонда мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй Мұхажирлерді меңзеп айналасындағыларға:

«Мыналардың істегендерін көрдіңдер ме? Біздің қонысымызға келіп басымызға шықты. Ақырында бізді танымай кетті. Егер де Мәдинаға қайтатын болсақ, асыл негізгілер қор болғандарды ол жерден қуып шығады», - деді. Осы кезде тыңдап тұрғандардың арасындағы салих мүмин Зәйд бин Әрқам ақиқатты бетке басып айтты:

– Қауымының арасында нағыз қор болған – сенсің! Аллаһ Тағала Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асыл қылды!

Бұл оқиға Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткенінде мунафиқтар дереу сөздерінен тайып ант ішіп айтқан сөздерін айтпадық деп, бастарын ала қашты. Тіптен болмай Хазіреті Зәйдті өтірікші деді. Бұған Хазіреті Зәйд қатты ренжіді. Хазіреті Омар болса Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһ бин Убәйдан бастап барлық мунафиқтарды өлтіру үшін рұқсат сұрады. Бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асқан көрегендігімен:

«Ей, Омар! Жағдайдың астарын білмейтіндер «Мұхаммед асхабын өлтіріп жатыр, - деп сөз қылады. Жоқ! Бұлай істемейсің. Сен мұсылмандарға хабар бер, дереу жолға дайындалсын», - деді.

Артынан мұсылмандар жолға шықты. Хазіреті Пайғамбарымыз сол күні кешке дейін және түні бойы жүріп

отырды. Таң атып күн ыси бастағанда дем алуға тоқтады. Мұсылмандар шаршап-шалдығып, әбден ұйқылары келгендіктен дереу жатып ұйықтап қалды. Аллаһ Расулінің бұлай етуінің себебі, мұсылмандардың Абдуллаһ бин Убәйдың айтқан сөздеріне құлақ асуларына жол бермеу болатын.[181] Хазіреті Пайғамбарымыздың бұл орайдағы нәзік саясаты оның адамның жаратылысын өте жақсы білетінін көрсетеді.

Біраз уақыт өткеннен соң аятта мунафиқтардың жағдайы былай білдірілді:

اِذَا جَاۤءَكَ الْمُنَافِقُونَ قَالُوا نَشْهَدُ اِنَّكَ لَرَسُولُ اللّٰهِ وَ اللّٰهُ يَعْلَمُ اِنَّكَ
لَرَسُولُهُ وَ اللّٰهُ يَشْهَدُ اِنَّ الْمُنَافِقِينَ لَكَاذِبُونَ ﴿1﴾ اِتَّخَذُوۤا اَيْمَانَهُمْ
جُنَّةً فَصَدُّوا عَنْ سَبِيلِ اللّٰهِ اِنَّهُمْ سَاۤءَ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿2﴾
ذٰلِكَ بِاَنَّهُمْ اٰمَنُوا ثُمَّ كَفَرُوا فَطُبِعَ عَلٰى قُلُوبِهِمْ فَهُمْ لَا يَفْقَهُونَ ﴿3﴾

«(Ей, Расулім!) **Мунафиқтар саған келгенде: «Сенің шынында да Аллаһтың Пайғамбары екеніңе куәлік береміз», - дейді. Аллаһтың өзі де Сенің оның шынайы Пайғамбары екеніңді біледі. Мунафиқтардың нағыз жалғаншылар екендігіне де Аллаһ куәлік береді. Олар** (берген) **анттарын қалқан қылып Аллаһ жолынан бөгеді. Шынында олардың істегендері нендей жаман. Мұның себебі олар алдымен иман келтіріп артынан қарсы шықты. Сондықтан жүректері бітелді. Енді олар еш түсінбейді.**

181. Ибн Хишам III, 335-336.

وَ اِذَا رَاَيْتَهُمْ تُعْجِبُكَ اَجْسَامُهُمْ وَ اِنْ يَقُولُوا تَسْمَعْ لِقَوْلِهِمْ كَاَنَّهُمْ
خُشُبٌ مُسَنَّدَةٌ يَحْسَبُونَ كُلَّ صَيْحَةٍ عَلَيْهِمْ هُمُ الْعَدُوُّ فَاحْذَرْهُمْ
قَاتَلَهُمُ اللّٰهُ اَنّٰى يُؤْفَكُونَ

Оларды көрген кезінде дене бітімі сені таң қалдырады. Олар сөйлей қалса сөздерін тыңдай кетесің. Олар бейне бір дуалға сүйенген ағаш тәрізді. Әр айтылған сөзді өздеріне айтылғандай көреді. Олар дұшпан. Олардан сақ бол. Аллаһ олардың жанын алсын. Қалайша кері кетіп барады?

وَ اِذَا قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا يَسْتَغْفِرْ لَكُمْ رَسُولُ اللّٰهِ لَوَّوْا رُؤُسَهُمْ وَرَاَيْتَهُمْ
يَصُدُّونَ وَهُمْ مُسْتَكْبِرُونَ ﴿5﴾ سَوَآءٌ عَلَيْهِمْ اَسْتَغْفَرْتَ لَهُمْ اَمْ لَمْ
تَسْتَغْفِرْ لَهُمْ لَنْ يَغْفِرَ اللّٰهُ لَهُمْ اِنَّ اللّٰهَ لاَ يَهْدِى الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ ﴿6﴾

Егер оларға: «Келіңдер Аллаһ Расулі сендер үшін жарылқау тілесін», - деп айтылса бастарын шайқайды. Олардың бет бұрып тәкәппарланғанын көресің. Олар үшін жарылқау тілесең де, тілемесең де бәрі бір. Аллаһ оларды еш жарылқамайды. Аллаһ жолдан шыққан қауымды тура жолға салмайды.

هُمُ الَّذِينَ يَقُولُونَ لاَ تُنْفِقُوا عَلٰى مَنْ عِنْدَ رَسُولِ اللّٰهِ حَتّٰى يَنْفَضُّوا
وَلِلّٰهِ خَزَآئِنُ السَّمٰاوَاتِ وَ الْاَرْضِ وَ لٰكِنَّ الْمُنَافِقِينَ لاٰ يَفْقَهُونَ ﴿7﴾
يَقُولُونَ لَئِنْ رَجَعْنَآ اِلَى الْمَدِينَةِ لَيُخْرِجَنَّ الْاَعَزُّ مِنْهَا الْاَذَلَّ وَلِلّٰهِ
الْعِزَّةُ وَلِرَسُولِهِ وَلِلْمُؤْمِنِينَ وَ لٰكِنَّ الْمُنَافِقِينَ لاَ يَعْلَمُونَ ﴿8﴾



Олар: «Аллаһ Расулінің қасындағыларға еш нәрсе бермеңдер, тарқап кетсін», - дейді. Көктердің және жердің қазыналары Аллаһтікі. Бірақ мунафиқтар мұны түсінбейді. Олар: «Егер Мәдинаға қайта оралар болсақ асыл болған қор болғанды әлбетте ол жерден қуып шығады», - дейді. Негізгі құрмет Аллаһқа, оның Расуліне, мүминдерге тән. Бірақ мунафиқтар мұны білмейді». (Мұнафиқун сүресі 1-8 аяттар)

Мұнафиқун сүресі түскеннен кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зәйд бин Әрқамды шақырып осы аяттарды оқыды да былай деді:

«Уа, Зәйд! Аллаһ Тағала сені растады!». (Бұхари, Тәфсир 63/1-2; Муслим, Сифатул Мұнафиқун 1)

Артынан Зәйдтың құлағын ұстап:

«Міне мынау Аллаһ жолында құлағымен міндетін атқарған жігіт», - деді. (Ибн Хишам III, 336)

Аллаһтың құдіреті, мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәйдың Абдуллаһ атты ұлы бар болатын. Ол шынайы мүмин еді. Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шын берілген еді. Ол әкесінің істегендеріне қатты ашуланып бұған шыдай алмайтын. Соңғы оқиға оны одан сайын ызаландырып Аллаһ Расуліне барды:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Егер қаласаң әкемді өлтірейін - деді.

Аллаһ Расулі бұған рұқсат бермеді, әрі:

– Жоқ! Керісінше оған күлер жүзді болуымыз, жылы шырай танытуымыз керек. Онымен жақсы қарым-қатынаста боламыз, - деді.



Осыдан соң Абдуллаһ Ислам әскерлерінің арасындағы әкесіне барып, түйесінің бұйдасынан ұстады да жекіріп:

«Күш-қуат пен абырой-даңқ Аллаһ Расуліне тән екенін айтпағаныңша бұл жерден аттап баспайсың», - деді.

Мунафиқтардың басшысы сасып қалды. Осынша адамның арасында ұлының өзіне жасаған әрекетіне намыстанып:

– Осынша адамның арасында сен мені қазір Мәдинаға жібермейсің бе? - деді.

Ұлы имани қаһармандықпен:

– Иә, бүгін осы халықтың ортасында нағыз сорлы мен ең ардақтының кім екенін саған үйретпейінше жібермеймін. Ақиқатты мойындамайтын болсаң басыңды шабамын...» - деді.

Оңбаған мунафиқ орнынан тырп ете алмады. Ұлының айтқанын істетпей қоймайтынына анық көзі жеткеннен кейін қатты үрейленді. Бұрын айтқандарын жоққа шығарып, қаламаса да ақиқатты айтты:

«Үстемдік пен күш-қуат Аллаһқа, Расуліне және мүминдерге тән екеніне куәлік беремін», - деп айтуға мәжбүр болды.

Расулұллаһ (аләйһиссалату уәсәлләм) Абдуллаһқа:

«Аллаһ саған Расулінің және мүминдердің себебімен жақсылық берсін», - деп дұға жасады, әрі әкесіне жол беруін бұйырды. (Ибн Хишам III, 334-337; ибн Сағд II, 65; Хайсәми IX, 317-318; Замахшари VI, 117)

Сахабалар Әлемдердің Сұлтаны Хазіреті Мұхаммед Мұстафаны шын көңілден жақсы көретін. Оның өзі былай тұрсын, атына тіпті бір қылына қандайда бір зиян тиюіне

разы болмайтын. Біреудің оған көз алартып қарауына немесе құрметсіздік жасауына қатты ашуланатын. Тіпті әкелері осылай жасайтын болса да еш ойланбастан оны өлтіруге дайын еді.

Өте ауыр машақат және тауқыметке толы Хандәк ғазауаты

(Шәууәл - Зілқағда 5/Наурыз 627)

Хандәк ғазауаты мүшриктердің мұсылмандарға қарсы ашқан өте қорқынышты әрі қиын соғыс еді. Бұл ғазауат мұсылмандарды және Мәдина Ислам мемлекетін жер бетінен жою үшін болған еді.

Жер аударылған Бәни Надыр яһудилерінің кейбір атқамінерлері Хайбарға қоныстанған болатын. Осыған іштері күйіп мұсылмандардан өш алуға бел байлады. Құрайштықтарды одақ болуға шақырды. Тіпті олардың бұтқа табынуларын мұсылмандықтан артық екенін айтып, өздері де бұтқа табынды. Осыған байланысты Аллаһ Тағала былай деді:

اَلَمْ تَرَ اِلَى الَّذِينَ اُوتُوا نَصِيبًا مِنَ الْكِتَابِ يُؤْمِنُونَ بِالْجِبْتِ
وَ الطَّاغُوتِ وَ يَقُولُونَ لِلَّذِينَ كَفَرُوا هٰٓؤُلَٓاءِ اَهْدٰى
مِنَ الَّذِينَ اٰمَنُوا سَبِيلاً ﴿51﴾ اُولٰٓئِكَ الَّذِينَ لَعَنَهُمُ اللّٰهُ
وَ مَنْ يَلْعَنِ اللّٰهُ فَلَنْ تَجِدَ لَهُ نَصِيرًا ﴿52﴾

«Өздеріне кітаптан үлес берілгендерді көрмейсің бе? Олар бұтқа және тағұтқа иман келтіреді, әрі кәпірлер үшін: «Бұлардың жолы иман келтіргендердің жолынан да тура», - дейді. Бұлар Аллаһтың қарғысына ұшырағандар.

Аллаһтың лағынетіне ұшырағандарға ешқандай жәрдемші таба алмайсың». (Ниса сүресі 51-52 аяттар)[182]

Онсыз да мүшриктер осындай сәтті күтіп жүргендіктен дереу әрекетке көшті. Мұсылмандардың Ұхұд соғысында жеңіске толық қол жеткізбегендіктері басқа араб тайпаларына дем беріп, олардан да көмек алып бірнеше қолдаушы тапқан құрайштықтар он мыңнан астам жер қайысқан қалың қол жинады.[183]

Бұл жағдайдан хабардар болған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабымен кеңесті. Оларға Аллаһтың әміріне қарсы шықпаса және Аллаһ жолындағы зорлықтарға төзетін болса Аллаһтың жәрдемінен құр қалмайтындарын ескертті. Аллаһқа және Расуліне бағынуларын бұйырды.

Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбарымызға ор қазу керек екенін жүрегіне салды. Осыдан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларынан Мәдинадан шығып соғысамыз ба, жоқ әлде қорғану үшін қаланың айналасына ор қазамыз ба деп қайсысын қалайтындарын сұрады. Салман Фариси (радиаллаһу анһу):

«Уа, Расулұллаһ! Біз де Парсы өңірінде жаудың атты әскерлерінің шабуылынан қорыққанда айналамызға ор қазатынбыз», - деді.

Пайғамбарымыздың айтқан ұсынысын Салманның (радиаллаһу анһу) қолдағаны мұсылмандарға ұнады.[184]

Мұнымен қоса асхабы кирам Ұхұд ғазауатында Аллаһ Расулінің Мәдинадан сыртқа шықпай, қаланы іштен қорғауды қалағанын естеріне түсірген еді. Осылайша

182. Уахиди 160 бет.
183. Уақиди II, 444; ибн Сағд II, 66.
184. Ибн Хишам III, 231; Уақиди II, 445.

Мәдинаның айналасына ор қазылуы керек екендігіне шешім қабылданды.

Мәдинаның ашық әрі қауіпті болған бір жағы ғана еді. Басқа жақтары бір-біріне қосылған үйлермен, бейне бір қорғанмен қоршалған еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұшпанға ашық болған жағына ор қазылуына шешім шығарды. Шәйхайн қорғанынан бастап Мәзад деген жерге дейін ұзыннан-ұзақ сызық сызып, әр он кісіге «мына жерден мына жерге дейін» деп көрсетіп, ор қазылатын жерді белгіледі.[185]

Ор қазу ісіне Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі де қатысты. Тіпті жейтін нәрсе таба алмағандықтан мүбәрак қарнына тас байлап алуға мәжбүр болды.[186] Бірақ пайғамбарлардың сұлтаны болған Расуліміз (аләйһиссалату уәссәләм) бұл жағдайда да Раббысына шүкіршілік айтуын тоқтатпады.

Бәра бин Азиб (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Ахзаб күні[187] Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізбен бірге топырақ тасып жүргенін көрдім. Ол кезде Абдуллаһ бин Рауаханың мына өлеңін айтып жүрген болатын:

185. Табәри, Тарих II, 586; Диярбакри I, 482.
186. Бұхари, Мағази 29.
187. Хандәк соғысында мұсылмандарға қарсы көптеген тайпалар бас қосқандықтан, бұл соғысқа Ахзаб аты да берілген еді.



اَللّٰهُمَّ لَوْلاَ اَنْتَ مَا اهْتَدَيْنَا
وَ لاَ تَصَدَّقْنَا وَ لاَ صَلَّيْنَا
فَاَنْزِلَنْ سَكِينَةً عَلَيْنَا
وَ ثَبِّتِ الْاَقْدَامَ إِنْ لاَقَيْنَا
إِنَّ الأُلٰى قَدْ بَغَوْا عَلَيْنَا
وَ إِنْ أَرَادُوا فِتْنَةً اَبَيْنَا

«Аллаһым егер де сен болмасаң біз тура жолды таба алмас едік, садақа да бере алмас едік, намаз да оқи алмас едік. Бізге тыныштық бере көр. Дұшпан бізге қарсы келгенде аяғымызды тайдырма. Алғашқылар бізге қастандық жасады. Олар бүлік шығаруды қаласа біз қашпаймыз, қарсы тұрамыз!»

Өлеңнің соңындағы «қашпаймыз, қарсы тұрамыз» бөлігін қаттырақ айтатын». (Бұхари, Мағази 29)

Сахабалардың қатты қиналғаны соншалықты, қарындарын да тойдыра алмайтын. Әнас (радиаллаһу анһу) бұл жағдайды былай жеткізеді:

«Сахабаларға жеу үшін бір уыс арпа алып келетін. Ол иісі мен дәмі бұзылған майға пісіріліп, олардың алдына қойылатын. Барлығы аш бола тұра жеген кезде бұл майдың бұзылған, жағымсыз дәмін байқамайтын. Тамақтың өте жағымсыз, жаман иісі болатын». (Бұхари, Мағази 29)

Үлкен-кіші барлық мұсылмандар ор қазуға жұмыла ат салысты. Он бес жас шамасындағы бозбала Зәйд бин Сәбит (радиаллаһу анһу) бір кезде ұйықтап қалды. Мұсылмандар оны ордың шетінде ұйықтап жатқан жерінде тастап кетті. Оның қасына барған Умара бин Хазм (радиаллаһу анһу) қалжыңдап оның каруларын алды да тығып қойды. Зәйд



ояныпқаруларын таба алмаған соң қорқып, уайымдай бастады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұны естіді де Зәйдті қасына шақырып, оған:

– Ей, ұйқыбас! Сен ұйықтап жүргенде қаруларың жоғалып кетті, - деп артынан:

«Бұл жігіттің қаруларының қайда екенін білетіндер бар ма?» - деп сұрады.

Умара (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ мен білемін, қарулары менде, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

«Қаруларын оған қайтарып бер!» - деді де, қалжыңдап болса да мұсылмандарды қорқытуды немесе олардың қандайда бір затын алып тығып қоюға тыйым салды. (Уақиди II, 448)

Ор қазу кезінде берілген сүйінші

Осы кезде сахабалар өте үлкен қатты жартасқа кезігіп, оны сындыра алмағандарын Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткізді. Әлемдердің Сұлтаны қолына қайла алды да бисмилләны айтып ол тасты үш рет ұрды. Оны майда құм сияқты үгітіп жіберді.[188] Сонымен қатар әр ұрғанында мүминдерді қуанышты хабармен сүйіншіледі. Бірінші ұрғанында Шамның (Византия), екінші ұрғанда Иранның, үшінші рет ұрғанда Йеменнің кілттерінің өзіне берілгендігін, бұл мемлекеттердің сарайларын көргендігін айтты. Бұл жерлерге Аллаһтың діні жайылып, абыройы артатынын сүйіншілей отырып, келешектегі жеңістердің

188. Бұхари, Мағази 29.

қуанышымен мүминдердің көңіліне үміт отын жақты.[189] Ақиқат жақын арада жалғанды жаныштап, езетінін сүйіншілеп, болмастай болып көрінген нәрселердің, біртебірте іске асатын бүкіл әлемдік һидаят картасын сызды.

Ардақты Пайғамбарымыз Мәдәйндағы Кисраның ақ сарайын сипаттап бергенде Салман Фариси (радиаллаһу анһу):

«Тура айттың! Сені хақ дінмен және кітаппен жіберген Аллаһқа ант етейін, ол дәл сенің сипаттағаныңдай. Сенің Расулұллаһ екеніңе куәлік беремін!» - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Салман! Аллаһ бұл жеңістерді менен кейін сендерге нәсіп етеді. Шам міндетті түрде алынады. Хираклиус мемлекетінің ең шалғай жағына қашады. Сендер бүкіл Шамға үстемдіктеріңді жүргізесіңдер. Сендерге ешкім қарсы шыға алмайды. Йемен де сөзсіз алынады. Одан кейін Кисра өлтіріледі», - деді.

Шынында Салман (радиаллаһу анһу):

«Мен бұлардың барлығының тегіс іске асқанын көрдім»,- деді. (Уақиди II, 450)

Бұл жерлер біртіндеп алынған сайын Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу):

«Сендер үшін бұл – жеңістердің бастамасы ғана. Әбу Һұрайраның бар болуы құдірет иесі болған Аллаһқа ант етейін! Алған қалаларыңның және қияметке дейін алатын барлық қалаларыңның кілттерін Аллаһ Тағала алдын-ала Мұхаммедке (аләйһиссалату уәссәләм) беріп қойған», - дейтін еді. (Ибн Хишам III, 235)

189. Ахмед, IV, 303; ибн Сағд IV, 83, 84.



Аллаһ Расулінің осы сүйіншілері мұсылмандардың бастарына түсетін қиыншылықтарға оңай төзулері үшін үлкен рухани сүйеніш болды. Нәтижеде мүминдер табысқа жетіп, Ислам дұшпандарының жеңіліске ұшырайтынының алдын ала білдірілуі олардың сабыры мен шыдамдылығын арттырды. Шынында да Хандәкта қиыншылық, шаршап-шалдығу, аштық, қараңғылық пен суық адам төзгісіз халде өте қатты болды. Сондықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһым! Негізгі өмір тек ақыреттегі өмір. Ансар мен Мұхажирлерге жәрдеміңді аяма...» (Бұхари, Мағази 29) - деп жалбарынып, дүниедегі барлық зорлық пен қиыншылықтың мәңгілік бақытты өмірдің алдында түк емес екенін білдіріп, асхабына ақыреттегі өмірді нұсқаған.

Хазіреті Жабирдің берекелі тамағы

Хазіреті Жабир (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Біз Хандәк соғысы кезінде ор қазып жатыр едік. Алдымыздан өте қатты жартас шықты. Сахабалар Хазіреті Нәбиге (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып.

«Біз қазып жатқан шұңқырдың ішінде өте қатты тас шықты», - деді.

Ардақты Расулұллаһ:

«Мен сол шұңқырға түсемін», - деп, орнынан тұрды. Аш болғандықтан қарнына тас байлап алған екен. Біз үш күн бойы нәр татпай сол жерде болған едік. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайланы қолына алып, әлгі қатты тасты ұрды. Ол жартас майдаланып үгітіліп, үйілген құмға айналды. Мен:



– Уа, Расулұллаһ! Үйге баруыма рұқсат беріңіз, - дедім. Үйге барып әйеліме:

– Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте аш екенін көрдім, жейтін бір нәрселерің бар ма? - деп сұрадым. Әйелім:

– Аз ғана арпа мен бір лақ бар, - деді.

Лақты сойып, арпаны тарттым. Етті қазанға салдық. Нан пісіп, қазан бұрқырап қайнап жатқанда Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Біраз тамақ бар еді, бір-екі кісімен бірге біздікіне өтіңіз, - дедім.

Ардақты Пайғамбарымыз:

– Қаншалықты тамағың бар? - деп сұрады. Мен қанша екенін айттым. Сонда ол:

– Көп екен ғой, жақсы болды. Әйеліңе айт, мен бармайынша қазанды оттан алмасын, нанды да пештен шығармасын, - деді. Артынан асхабына:

– Ей, Хандәк халқы! Жабир бізге дастархан жайыпты, қане жүріңдер, - деп айқайлады. Ол жердегілердің барлығы орнынан тұрды. Мен қатты уайымдап, әйеліме қарай жүгірдім. Барып оған:

– Енді қайттік? Пайғамбарымыз өзімен бірге Мұхажирлерді, Ансарды және қасындағыларды ертіп келе жатыр - дедім.

Әйелім болса:

– Аллаһ Расулі сенен қаншалықты тамағымыз бар екенін сұрады ма? - деді. Мен:



– Иә, - дедім. Ол болса:

– Онда уайымдамай-ақ қой, ол сенен жақсы біледі, - деді.

Біраздан кейін барлығы келген соң сүйікті Пайғамбарымыз сахабаларына:

– Тығылыспай асықпай кіріңдер, - деді. Олар он-оннан кірді. Пайғамбарымыз наннан сындырып алып, үстіне ет қойып, асхабына беріп жатты. Әр алғанында қазан мен пештің ауызын жауып қоятын. Барлық кісіге осылай істеді. Келгендер мың кісі еді. Ол жердегілер тойғанша наннан үзіп алып, үстіне ет қойып алып жатты. Соңында біраз тамақ та артылып қалды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйеліме бұрылып:

«Мынаны же, көршілеріңе де жегіз. Өйткені аштық адамдарды әбден титықтатты», - деді. (Бұхари, Мағази 29; Муслим, Әшрибә 141; Уақиди II, 452)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айқын мұғжизасымен бірнеше кісілік тағам Аллаһтың қалауымен мың кісіні тойдырды. Тіпті одан да артылып, көршілерге де берілді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолына түскен барлық дүниесін Аллаһ жолында жұмсағандықтан қолында артық мал-мүлкі болмайтын. Мұқтаждығы болған жағдайда да мұны сахабаларынан жасыратын, ешкімнің мойнына жүк болғысы келмейтін. Бірақ асхабы кирам оның жағдайын қадағалап, көңіл бөліп жүретін. Қандайда бір мұқтаждығы шыққанын байқап қалса, дереу оған көмек беруге тырысатын. Аштықтың әсерінен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дауысының жай шығып қалғанын байқайтын болса, дереу үйлеріне барып, жейтін не



нәрсе тапса соны Расулұллаһқа әкеліп беретін.[190] Хазіреті Расулұллаһтың түрінің сұры болғанын көрген кезде жейтін бір нәрселер табуға тырысатын. Таба алмаса түйе суарып болса да ақысына бірнеше құрма алып оған алып келетін.

Әлемдердің Сұлтаны бір күні асхабының қасына барып еді. Ансарлық бір кісіге ұшырасты. Сонда ол былай деді:

– Уа, Расулұллаһ! Әке-шешем саған пида болсын. Сіздің жүзіңіздегі мына хал маған қатты батты. Мұның себебі неде?

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) ол кісінің жүзіне біраз қарап тұрып:

– Аштық, - деді. Әлгі сахаба дереу жүгіріп үйіне келді. Жейтін бір нәрселер іздеп еді, бірақ таба алмады. Дереу Бәни Құрайзаға барды. Құдықтан су тартып, әр қауғаға бір құрма алатын болып келісті. Бір уыс құрма жинағаннан кейін оларды алып, ардақты Нәбиге (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді. Сүйікті Пайғамбарымыз әлгі мәжілісте отыр еді. Сахаба:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мыналарды жеңіз, - деді.

Пайғамбарымыз құрмалардың қайдан келгенін сұрады. Ол қайтіп тапқандығын айтты. Содан соң Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм):

– Пайымдауымша сен Аллаһты және Расулін жақсы көретін сияқтысың, - деді.

Ол кісі:

– Иә, сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етейін. Сені өзімнен, бала-шағамнан, отбасымнан және мал-мүлкімнен де артық жақсы көремін,- деді.

190. Бұхари, Әтима 6; Муслим, Әшриба 142.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Олай болса кедейлікке сабырлы бол, басыңа келетін пәлекеттерге қалқан дайында. Мені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етейін, бұл екеуі (кедейлік пен пәлелер) мені жақсы көрген кісіге судың, таудың төбесінен төмен қарай аққанынан да жылдам келеді». (Хайсәми X, 313; Зәхәби, Сияр III, 54; ибн Хажар, әл-Исаба III, 298)

Хандәкта көрген қиыншылықтар

Қыс кезі болатын. Мүшриктер Мәдинаны қоршауға алған еді. Бірақ қарсы алдарында өте алмайтын үлкен орды көріп қатты састы. Мәдинаға кіре алмады. Мүшриктер шатырларын құрып орналасқаннан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада орнына өкіл ретінде ибн Үммү Мәктумді қалдырып, үш мың Ислам мужаһидтерімен бірге дереу Хандәкқа қарай бет алды. Арқа тараптарын «Сәл» деген тауға қаратып, тау етегіне шатырларын құрды. Артта қалған әйелдер мен балаларды қорғандар мен бекіністерге орналастыруға бұйрық берді.[191] Он бес жасқа толмаған балаларды қорғандарға, яғни жанұяларына кері қайтарды. Ал он бес жасқа толған ибн Омар, Зәйд бин Сәбит, Бәра бин Азиб сияқты сахабаларға қалуға рұқсат берді.[192]

Осы кезде Бәни Құрайза яһудилері көтеріліске шығып, Расулұллаһпен жасаған арадағы келісімшарттарын бұзды. Осылайша келісімшартты екінші рет бұзған болды. Әрі бұл олардың жасаған екінші қиянаты еді. Мұсылмандар екі

191. Ибн Хишам III, 235.
192. Уақиди II, 453.



оттың арасында қалды. Яһудилер мүшриктердің басшысы Әбу Суфянға елші жіберіп, былай деді:

«Сендер соңына дейін аянбаңдар. Біз мұсылмандардың арттарынан шабуыл жасап, оларды түп тамырымен жоямыз».[193]

Бұл қиянат Аллаһ Расуліне қатты тиді. Бірақ ол әрдайым Аллаһқа тәуекел етіп, бағыныштылық танытатын. Сондықтан осы ауыр, қиын сәтте:

«Хасбуналлаһу уа нигмал уакил – Бізге Аллаһ жетеді! Ол нендей керемет жәрдемші», - деді. (Уақиди II, 457; ибн. Сағд II, 67)

Артынан:

– Бізге Бәни Құрайзадан хабар алып келетін ешкім жоқ па? - деп сұрады.

Зубәйр бин Ауам (радиаллаһу анһу):

– Мен бармын, уа, Расулұллаһ, - деп, Бәни Құрайзаға кетті.

Жағдай қиындап, қауіп-қатер төне бастаған соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Зубәйрді яһудилердің жағдайын біліп келу үшін тағы да бірнеше рет жіберді. Зубәйрдің (радиаллаһу анһу) жасаған қызметтеріне разы болып, бұл ризашылығын былай білдірді:

«Әр пайғамбардың бір хауарии бар. Ал менің хауарим – Зубәйр». (Ахмед III, 314)

Кейінірек Хазіреті Пайғамбарымыз яһудилерге бір топ адам жіберді. Әрі ол кісілерге мынадай тапсырма берді:

193. Абдурраззақ V, 368.

«Барып хабар алыңдар! Бізге жеткен хабарлар дұрыс па, жоқ әлде жалған ба? Егер де дұрыс болса, оны маған ишарамен білдірерсіңдер. Ашық айтып адамдарды үрейлендіріп алмаңдар, үмітсіздікке түсірмеңдер. Ал егер де олар арамыздағы келіссөзге берік болса, мұны адамдарға ашық айта беріңдер».

Елшілер Бәни Құрайзаға барып, олардың естігендерінен де бетер екенін көрді. (Ибн Хишам III, 237)

Хазіреті Пайғамбарымыз қандайда бір шабуыл бола қалған жағдайда Мәдинаны қорғау үшін екі жүз әскермен Сәләмә бин Әсләмді (радиаллаһу анһу), үш жүз кісілік әскермен Зәйдті (радиаллаһу анһу) Мәдинаға қайтарды. Бұлар Мәдинаны күзетіп, айқайлап тәкбір айтып, Мәдина көшелерінде жүруге міндеттелді.[194]

Бәни Құрайза яһудилерінің шабуылына ұшырамай таң аттырған күндері мүминдер рахаттанып қалатын. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Мәдинадағы бала-шағамызды уайымдап, Бәни құрайзалықтардан Құрайш пен Ғатафан әскерлерінен де бетер қорқатынбыз. Кей-кейде Сәл тауының төбесіне шығып, Мәдина үйлеріне қарайтынбыз. Олардың аман-есен, тыныш екенін көргенде Аллаһқа мақтау айтып, шүкіршілік ететінмін», - деген. (Уақиди II, 460)

Үммү Сәләма анамыз да былай деген еді:

«Мен Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге қорқынышты әрі шайқаспен өткен, Мұрайси, Хайбар, Хұдайбия, Меккенің жеңісі және Хұнайн сияқты ғазауаттарда болдым. Бұлардың еш қайсысы Расулұллаһ

194. Ибн Сағд II, 67.

үшін Хандәктан да қорқынышты, әрі зор болмаған еді. Бәни Құрайзаның бала-шағамызға шабуыл жасамайтынына сенімді емес едік». (Уақиди II, 467)

Бір жағынан қазылған орға қарай мүшриктер әлсін-әлсін шабуыл жасап, түннің бір уақытына дейін кескілескен шайқастар болатын. Кейде Аллаһ Расулінің шатырына да оқ жаудыратын.

Бір күні мүшриктер барлық күштерін жұмылдырып, Аллаһ Расулінің тұрған жеріне шабуыл жасады. Сол күні Пайғамбарымыздың да, сахабалардың да намаздарын оқуларына мүмкіндіктері болмады. Кеш болып әскерлер орындарына қайтқан соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Біләлға азан айтуды бұйырды. Әр намаз үшін жеке-жеке қамат айтып, бесін, екінті және ақшам намаздарының қазасын оқыды.[195] Бұған қатты қайғырған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «көзімнің нұры» деп атаған намазды орындауға кедергі болған мүшриктерге былайша лағынет айтты:

«Олар қалай күн батқанға дейін бізге намаз оқытпай, әбігерге салған болса, Аллаһ та олардың үйлеріне, қарындарына, қабірлеріне от толтырсын». (Бұхари, Мағази 29; ибн Сағд II, 68-69; ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 112)

195. Бұл оқиға өз уақытында оқылмай қалған намаздарды қаза қылуға болатындығына дәлел.



Хандәктағы қаһармандық әрекеттер

Соғыста үлкен-кіші барлығы өз міндетін атқарды. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі де ордың енсіз жерінде күзетке тұрды.[196]

Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһу) анамыз былай дейді:

«Хандәкта Расулұллаһпен бірге болдым. Қай жерге барса да оның қасынан еш айрылмадым. Аллаһ Расулі орды өзі күзетіп тұр еді. Сол кезде өте қатты суық болды. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарап едім, намазға тұрған екен. Кейін барып ор жаққа біраз уақыт қарап тұрды да:

«Шамасы мыналар мүшриктердің атты әскерлері. Ордың төңірегін торуылдап жүр. Оларға қарсы тұратын кім бар?» - деді. Содан соң:

196. Уақиди II, 463-464.

– Ей, Аббад бин Бишр, - деп дауыстады. Аббад (радиаллаһу анһу):

– Ләббәй, айта беріңіз уа Расулұллаһ, - деді.

Ардақты Расулұллаһ оған:

– Қасыңда біреулер бар ма? - деп сұрады.

Аббад (радиаллаһу анһу):

– Иә! Мен және асхабыңыздың кейбірі шатырыңыздың айналасындамыз, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Достарыңмен барып ордың бойын аралаңдар. Анау көрінген аттылар шамасы дұшпанның атты әскерлері, сендерді торуылдап жүр. Бейғам болған сәттеріңді пайдаланып, күтпеген жерден лап қойып сендерді өлтірейін деп жүр», - деді. Артынан былай деп дұға жасады:

«Уа, Аллаһым! Олардың жамандығын бізден аулақ қыл! Оларға қарсы тұруға бізге жәрдем ет, әрі бізді оларға үстем қыл! Бізді үстем қылатын сенен басқа ешкім жоқ!»

Аббад бин Бишр (радиаллаһу анһу) достарымен бірге кетті. Сол кезде мүшриктердің басшысы Әбу Суфян біраз атты әскермен ордың енсіздеу бір жерін көздеп жүр еді. Мұсылмандар сол жерге барып оларды таспен, оқпен атқылады. Мен де олармен бірге тұрып мүшриктердің атты әскерлеріне тас пен оқ аттық. Әйтеуір оларды әлсіретіп басып тастадық. Сосын олар жан-жаққа шашырап артқа қайтуға мәжбүр болды. Расулұллаһтың қасына қайтып келгенімде, ол намазда тұр екен. Аллаһ Аббад бин Бишрға мархамат етсін. Ол әрдайым Аллаһ Расулінің шатырын күзеткен сахабалардан еді». (Уақиди II, 464)

Осы кезде Аллаһ Расулінің апасы Хазіреті Сафия әйел, балалармен бірге Хассан бин Сәбиттің Фари деген сарайында болатын. Яһудилерден он шақты адам келіп сарайға оқ атып, ішке кіруге әрекет жасады. Олардың бірі сарайды айналып ашық жер іздеп жүрген болатын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен асхабы болса нақ осы сәтте Хандәкта жаумен шайқасып жатқан еді.

Хазіреті Сафия (радиаллаһу анһа) бұл қауіптен құтқаратын өзінен басқа ешкімнің жоқ екенін көріп, басқа амал қалмаған соң басын орамалмен мықтап байлап, қолына ұзын ағаш алды да сарайдан төмен түсті. Қақпаны ашып сол жерді айналып жүрген яһудидің артынан ақырын ғана жақындады. Қолындағы ағашпен басынан ұрып оны өлтірді. Достарының өлгенін көрген яһудилер үрейлене бастады.

«Бізге бұл жердегі әйелдердің басында күзетшілердің жоқ екенін айтып еді ғой», - деп, тарқап кетті. (Хайсәми VI, 133-1334; Уақиди II, 462)

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) анамыз да сахабалардан көргенін, олардың жиһадқа деген құштарлықтарын былай түсіндіреді:

«Хандәк ғазауаты күнінде адамдардың артынан жүрдім. Артымнан бір дауыстар естідім. Бұрылып қарап едім Сағд бин Муаз бен бауырының ұлы Харис бин Әусты көрдім. Тұрған жерімде отырып қалдым. Сағдтың үстінде тар сауыты бар еді, ал қолдары жалаң болатын. Жиһадқа қатысуға үгіттейтін және ажал келгенде өлімнің қандай тамаша екенін білдіретін өлең оқып бара жатыр еді. Шешесі оған:

– Ұлым-ау! Жүгір, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жет. Әбден кеш қалдың, - деді. Сағдтың анасына:

– Сағдтың сауыты саусақтарына дейін бүкіл денесін



жапқанда дұрыс болар еді, - дедім. Оның ашық қалған қолына оқ тиеді деп уайымдадым.

Сағдтың анасы:

«Аллаһ үкімін іске асырады», - деді. Сол күні Сағд жараланды». (Ахмед VI, 141; ибн Хишам III, 244)

Сағд (радиаллаһу анһу) жарақатының ауыр әрі қауіпті екенін түсінгеннен кейін:

«Аллаһым! Егер Құрайш мүшриктерімен тағы да шайқасуды жазған болсаң, менің де сол шайқасқа қатысуым үшін аман қалдыр. Өйткені Расуліңді қорлап жамандақ істеген, оны жалғанға шығарып, қонысынан қуған Құрайш қауымымен соғысуды қалайтынымдай, басқа ешбір қауыммен соғысуды қаламаймын. Егер бізбен олардың арасындағы шайқас осы ғана болса, жарақатымды шейіттікке себеп қыл. Мені Құзырыңа қабыл ал. Құрайзаұлдарының жазаға тартылғанын көріп қуанбайынша жанымды алма», - деп дұға жасады. (Уақиди II, 525; ибн Сағд III, 423)

Сағд (радиаллаһу анһу) дұғасын жасап болысымен бірден қаны тыйылды. Бірде-бір тамшы ақпады.[197]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сағдқа арнап мешіттің ішіне шатыр тіктірді. Мақсаты жиі-жиі оның көңілін сұрап, оған жақсылап қарау еді.[198]

Терең ордан тек бірнеше мүшрик қана өте алды. Бұлардың бірі бүкіл Арабстанның ең әйгілі палуаны Амр бин Абд болатын. Оған қарсы Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) шығып Аллаһтың қалауымен оны өлтірді. Басқалары да оның кебінін киді.

197. Тирмизи, Сияр, 29/1582; Ахмед, III, 350.
198. Бұхари, Мағази, 30.

Соғыс өте ұзаққа созылды. Мүминдердің қиналғандығы соншалықты Аллаһтың жәрдемі қашан келеді деп күте бастады. Бұл жағдайды Аллаһ Тағала қасиетті аятта былай сипаттайды:

اِذْ جَاؤُكُمْ مِنْ فَوْقِكُمْ وَمِنْ اَسْفَلَ مِنْكُمْ وَ اِذْ زَاغَتِ الْاَبْصَارُ
وَ بَلَغَتِ الْقُلُوبُ الْحَنَاجِرَ وَتَظُنُّونَ بِاللّٰهِ الظُّنُونَا ﴿10﴾
هُنَالِكَ ابْتُلِىَ الْمُؤْمِنُونَ وَ زُلْزِلُوا زِلْزَالاً شَدِيدًا ﴿11﴾

«Олар сендердің жоғарғы жақтарыңнан да, төменгі жақтарыңнан да келген еді. Көздері аларып, жүректер ауызға тығылып, сендер Аллаһ жайында әр түрлі ой ойлаған едіңдер. Міне сол жерде мүминдер сыналып, қатты қобалжып дел-сал болған еді.

وَ اِذْ يَقُولُ الْمُنَافِقُونَ وَ الَّذِينَ فِى قُلُوبِهِمْ مَرَضٌ مَا وَعَدَنَا اللّٰهُ
وَرَسُولُهُ اِلاَّ غُرُورًا ﴿12﴾ وَ اِذْ قَالَتْ طَآئِفَةٌ مِنْهُمْ يَآ اَهْلَ يَثْرِبَ لاَ
مُقَامَ لَكُمْ فَارْجِعُوا وَيَسْتَاْذِنُ فَرِيقٌ مِنْهُمُ النَّبِىَّ يَقُولُونَ اِنَّ بُيُوتَنَا
عَوْرَةٌ وَ مَا هِىَ بِعَوْرَةٍ اِنْ يُرِيدُونَ اِلاَّ فِرَارًا ﴿13﴾ وَ لَوْ دُخِلَتْ عَلَيْهِمْ
مِنْ اَقْطَارِهَا ثُمَّ سُئِلُوا الْفِتْنَةَ لَاَتَوْهَا وَ مَا تَلَبَّثُوا بِهَا اِلاَّ يَسِيرًا ﴿14﴾
وَلَقَدْ كَانُوا عَاهَدُوا اللّٰهَ مِنْ قَبْلُ لاَ يُوَلُّونَ الْاَدْبَارَ وَكَانَ عَهْدُ اللّٰهِ
مَسْؤُلاً ﴿15﴾ قُلْ لَنْ يَنْفَعَكُمُ الْفِرَارُ اِنْ فَرَرْتُمْ مِنَ الْمَوْتِ اَوِ الْقَتْلِ

Сол уақытта мунафиқтар мен жүректерінде дерті барлар: «Аллаһ және Расулі бізге жалған уәде берді», - деген еді. Олардың бір бөлігі де былай деген еді: «Ей, Ясриб халқы (мәдиналықтар)! **Енді сендерге** (бұл жерде) **тұруға**

болмайды. Дереу қайтыңдар». Олардың тағы бір бөлігі: «Шынында үйіміз қорғаусыз»,-деп, Пайғамбардан рұқсат сұрайды. Негізінде үйлері қорғаусыз емес болатын. Олар тек қана қашуды қалайтын. Егер оларға (қаланың) **барлық жағынан келіп, сосын фитнә шығаруды талап еткенде, мұны кешіктірмей дереу орындайтын еді. Шындығында олар кері бұрылып қашпауға Аллаһқа серт берген еді. Аллаһқа берілген уәде (үлкен) жауапкершілік.** (Расулім! Оларға) **айт: «Егер өлімнен немесе өлтірілуден қашқан болсаңдар, қашуларың сендерге еш пайда бермейді...».** (Ахзаб сүресі 10-16-аяттар)

وَلَمَّا رَاَ الْمُؤْمِنُونَ الْاَحْزَابَ قَالُوا هٰذَا مَا وَعَدَنَا اللّٰهُ وَ رَسُولُهُ
وَ صَدَقَ اللّٰهُ وَ رَسُولُهُ وَ مَا زَادَهُمْ اِلَّاۤ اِيمَانًا وَتَسْلِيمًا

«Мүминдер жау топтарын көрген сәтте: «Міне Аллаһтың және Расулінің бізге берген уәделері. Аллаһ және Расулі рас айтқан», - деді. Бұл олардың имандарын және бағынышты екендіктерін арттырды». (Ахзаб сүресі 22-аят)

Соғыс – айла

Осылайша мүминдер барлық күштерімен жанталаса әрекет етті. Ғатафан тайпасының бетке тұтарларынан мұсылман болып, бірақ Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған: *«Соғыс – айла»* (Бұхари, Жиһад 157; Муслим, Жиһад 17) - деп берген бұйрық нұсқауымен өзін жасырып жүрген Нуайм (радиаллаһу анһу) мүшриктер мен Бәни Құрайзаның арасын бұзды. Мәдинаны қоршауға алған тайпалардың аралары ашылып, келіспеушілік туды. Барлығы бір-бірінен тартына бастады. Соңында яһудилер Нуаймның

айласына сеніп кері шегініп қорғандарына тығылды. Ендігі жау тек қана мүшриктер еді. Бірақ мүминдердің жағдайы әлі де ауыр болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз бен асхабы мүшриктердің қоршауында қалып, ауыр сынаққа түсіп, «жүрекетерінің ауызға тығылған» кезінде мына аят түсті:

اَمْ حَسِبْتُمْ اَنْ تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ وَلَمَّا يَأْتِكُمْ مَثَلُ الَّذِينَ خَلَوْا مِنْ
قَبْلِكُمْ مَسَّتْهُمُ الْبَأْسَآءُ وَالضَّرَّآءُ وَزُلْزِلُوا حَتّٰى يَقُولَ الرَّسُولُ
وَالَّذِينَ اٰمَنُوا مَعَهُ مَتٰى نَصْرُ اللّٰهِ اَلَا اِنَّ نَصْرَ اللّٰهِ قَرِيبٌ

«Сендер өздеріңнен бұрын өткендердің бастарына келген нәрсе, сендердің де бастарыңа келмей жатып жәннатқа кіреміз деп ойлайсыңдар ма? Оларға қатты тапшылық және қиыншылық келіп, өте қалжырағандары соншалықты, пайғамбар мен қасындағы иман келтіргендер «Аллаһтың жәрдемі қашан келеді», - дейтін. Біліп қойыңдар шынында Аллаһтың жәрдемі жақын». (Бақара сүресі 214-аят)[199]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағалаға қолын жайып былай деп жалбарынды:

«Уа, Раббым! Ей, қасиетті Құранды жіберген Аллаһым! Ей, дұшпандардан тез арада есеп алған Раббым! Сен Мәдинаның маңына жиналған мына араб тайпаларын тарқат! Аллаһым! Олардың қатарын бұзып қалауларын жой. Орындарында тұра алмасын!». (Бұхари, Мағази 29)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы дұғасын бітірмей жатып мұбәрак жүзін күлімсіретіп қуаныш ұялатқан иләһи жәрдем келді. Өте қатты дауыл дұшпан әскерлеріне

199. Табәри, Тәфсир II, 464.



қарай соға бастады. Алдына келгеннің бәрін жайпап қопарған асау құйын Мәдинаның барлық шаң-топырағын үйіріп, мүшриктердің үсті-басына және көздеріне толтырды. Шатырларын жұлып әкетті. Қазандарын төңкеріп, оттарын өшірді. Түйелері мен аттарын бір-бірімен араластырды.[200]

Төбелеріне құдайдың апаты мен азабы үйірілген мүшриктер абыржып қатты састы. Соғысуға ең құштар болған Әбу Суфянның өзі шарасыз қалып әскерлеріне:

«Мен кері қайттым. Сендер де жолға шығыңдар», - деп, түйесіне мінді де Меккеге қарай жол тартты.[201]

Хақ Тағала мүминдерге жәрдемін жіберген еді. Аятта былай делінді:

يَٓا اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا اذْكُرُوا نِعْمَةَ اللّٰهِ عَلَيْكُمْ اِذْ جَٓاءَتْكُمْ جُنُودٌ
فَاَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ رِيحًا وَ جُنُودًا لَمْ تَرَوْهَا وَ كَانَ اللّٰهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرًا

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге берген нығметтерін естеріңе алыңдар. Сендерге әскерлер шабуыл жасағанда біз де оларға қарсы дауыл және сендер көрмейтін әскерлер жіберген едік. Аллаһ не істегендеріңді толық көруші». (Ахзаб сүресі 9-аят)

وَ رَدَّ اللّٰهُ الَّذِينَ كَفَرُوا بِغَيْظِهِمْ لَمْ يَنَالُوا خَيْرًا
وَكَفَى اللّٰهُ الْمُؤْمِنِينَ الْقِتَالَ وَ كَانَ اللّٰهُ قَوِيًّا عَزِيزًا

«Аллаһ кәпірлерді ашуланып өштенген күйде кері қайтарды. Олар ешқандай табысқа жете алмады. Соғыста

200. Ибн Сағд II, 71.
201. Ибн Хишам III, 251.



Аллаһ мүминдерге толығымен жетті. Аллаһ аса күшті, тым үстем». (Ахзаб сүресі 25-аят)

Бейшара күйде қаша жөнелген мүшриктер арттарында көптеген көліктерін, соғыс құрал-жабдықтарын, азық-түлік пен заттарын тастап кетті. Осының арқасында Мәдинадағы тапшылық пен аштық жойылды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл иләһи жәрдем мен ұлы жеңістен кейін сахабаларына:

«Ендігі кезек сендердікі! Осыдан кейін Құрайш сендерге қарсы келе алмайды», - деді. (Бұхари, Мағази 29)

Осылайша қорғануды емес, оларға шабуыл жасайтындықтарын білдірді. Өйткені мүшриктер абыройдан және шабуыл жасайтын күш-қуаттан жұрдай болған еді. Сөйтіп барлық мүминдер Аллаһ Расулінің осы айтқан ақиқатын өлеңдетіп айтатын болды:

«Бұдан былай біз оларға шабуыл жасаймыз!»

Бәни Құрайза ғазауаты (23 Зілқағда 5/15 Сәуір 627)

Хандәк соғысы сәтті болып, дұшпан көздеген мақсатына жете алмай күйініп Меккеге қайтты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне оралып әдетінше сауытын шешіп, жуынған еді, Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келді. Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Қаруыңды тастадың ба? Біз әлі тастаған жоқпыз! - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Демек жорық бар ғой. Қайда? - деп сұрады.



Жәбрейіл (аләйһиссәләм) соғыс кезінде опасыздық жасаған Бәни Құрайзаның қонысын көрсетіп:

«Міне, мына жақта!»- деді. (Бұхари, Мағази 30)

Өйткені Бәни Құрайза да алдыңғы яһудилер сияқты Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасаған келіссөздерін бұзып, қиын-қыстау кезеңде опасыздық жасаған еді. Негізінде жасалған келісімшарт бойынша Мәдинаға шабуылдаған мүшриктерге қарсы шығулары керек еді. Бірақ керісінше ебін тауып қиянат жасап, істемеген сорақы әрекеттері қалмады. Осылайша өз қолдарымен өздерін құрдымға жіберді.

Аллаһтың әмірін алған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу мүминдерді жинап Бәни Құрайзаға қарай аттанды. Тіпті:

«Естіп мойынсұнғандардың барлығы Бәни Құрайзаның қонысына бармайынша екінті намазын оқымасын» - деп, яһудилер бас қосып бірікпей тұрғанда әрекет етті. (Бұхари, Мағази 30)

Яһудилер Хазіреті Али бастаған бастапқы әскерлерді көргенде істеген әрекеттеріне өкінудің орнына, қызалақтап Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайында орынсыз әңгімелер айта бастады.[202] Ал аз уақыттан соң Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі бастаған үш мың кісілік Ислам әскерлерін қарсы алдарында көрген кезде айтқан сөздерінен бас тартты.

Ұсайд бин Хұдайр (радиаллаһу анһу) былай деді:

– Ей, Аллаһтың дұшпандары! Біз сендер аштан өлгенге дейін қорғандарыңды қоршап тұрамыз. Сендер інінде қыстырылған түлкі сияқтысыңдар.

202. Уақиди II, 499.

Бәни Құрайза яһудилері қорқып:

– Ей, ибн Хұдайр! Біз хазреждіктердің емес сендердің, әустіктердің жақтаушыларымыз, - деді.

Ұсайд (радиаллаһу анһу):

– Енді сендермен арамызда ешқандай келісімшарт қалмады, - деді. (Уақиди II, 499)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғысудан бұрын яһудилердің қорғанының түбіне барып оларды Исламға шақырды. Бірақ олар қабыл етпеді.[203]

Қоршау ұзаққа созылып яһудилер әбден титықтағаннан кейін олардың көсемдерінің бірі Кағб бин Әсәд яһудилерге былай деді:

– Уа, яһуди жамағаты! Көріп тұрғандарыңдай басымыз пәлекетке тап болды. Менің сендерге айтар үш ұсынысым бар. Қайсысын қаласаңдар соны орындаңдар.

– Оларың не нәрсе? - деп сұрады.

Кағб былай деді:

– Бірінші, мына адамға бағынып пайғамбарлығын мойындаймыз. Ант етейін бұл ап-ашық белгілі болды. Ол сендер үшін жіберілген пайғамбар және кітаптарында белгілері жазылған адам. Оған иман келтірсеңдер қандарыңды, малдарыңды, бала-шағаларыңды және әйелдеріңді қорғап қаласыңдар.

Олар болса:

– Біз еш уақытта Тәураттың үкіміне қарсы шықпаймыз, әрі оны басқа кітапқа алмастырмаймыз, - деді.

203. Абдурразақ V, 216, 370.

Осыдан кейін Кағб бала-шағалары мен әйелдерін өлтіріп соғысуды немесе сенбі күні түнде, яғни мұсылмандар шабуылдайды деп ойламаған кезінде лап қоюды ұсынды. Олар еш бірін қабыл етпеді.[204] Өйткені Аллаһ жүректеріне үрей салған еді.

Сағләб, Ұсайд, Әсәд деген үш жігіт яһуди ғалымдарының айтқан соңғы пайғамбардың ерекшеліктерін Аллаһ Расулінде бар екенін көріп мұсылман болды. Түнде қорғаннан асып Пайғамбарымыздың қасына барды.[205]

Сол күні яһудилер ешқандай шартсыз берілуге мәжбүр болды. Бәни Құрайза яһудилері Әус тайпасының қорғауында болғандықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол тайпаның ақсақалы Хазіреті Сағдты төрешілік жасау үшін шақыртты. Хазіреті Сағд соғыста жараланғанына қарамастан Пайғамбардың әміріне шын көңілден бағынып ол жерге барды. Негізінде ол соғыста жараланған кезде Хақ Тағалаға былай жалбарынған еді:

«Уа, Раббым! Бәни Құрайзадан кек алмайынша жанымды алма!» Хазіреті Сағд (радиаллаһу анһу) яһудилердің қалауы бойынша оларға Мұсаның (аләйһиссәләм) шариғатымен үкім берді.[206] Оның берген үкімін Хазіреті Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де құптап былай деді:

«Уа, Сағд! Ант етейін, сен жеті қабат көктегі Аллаһтың үкіміне сәйкес түрде үкім бердің». (Бұхари, Мағази 30; ибн Сағд III, 426)

204. Ибн Хишам III, 254.
205. Ибн Хишам III, 256.
206. Тәураттың үкімі бойынша осылай әрекет еткендердің жазасы, қолына қару ұстай алатын еркектер өлтіріледі, малдары тәркіленеді, әйел, бала-шағалары тұтқынға алынады. (Ескі Өсиет, Тәнсия 20/10-15)

Хазіреті Сағдтың шын жүректен жасаған дұғасы қабыл болып, соғыста мұсылмандардың арқаларынан қауіп төндірген опасыз яһудилердің үкімін бергеннен кейін жарасы асқынып кетті. Көп уақыт өтпей Пайғамбар ғашығы болған бұл сахаба шейіт ретінде жан тапсырып Аллаһтың рахметіне қауышты.[207]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сағд бин Муаздың қайтыс болғанына Рахманның ғарышы сілкінді» - деді. (Бұхари, Манақибул Ансар, 12; Муслим, Фадайлус Сахаба 125)

Сағд (радиаллаһу анһу) ірі денелі кісі бола тұра адамдар оның жаназасын көтерген кезде өте жеңіл екенін көрді. Аллаһ Расулі мұның хикметін былай түсіндірді:

«Оны басқа біреулер көтеріп жүр. Аллаһқа ант етейін, періштелер Сағдтың рухымен қатты қуанды», - деді. (Ибн Хишам II, 271; Тирмизи, Манақиб 50/ 3848)

Хазіреті Пайғамбарымыз Сағдтың (радиаллаһу анһу) жаназа намазын оқып, оны қабіріне қойып көмгеннен кейін біраз уақыт тасбих айтты. Сахабалар да Аллаһ Расуліне ілесіп тасбих айтты. Артынан Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) тәкбір айтты. Асхабы кирам да қайталады. Сосын сахабалар:

– Уа, Расулұллаһ! Не үшін тәсбих және тәкбір айттыңыз? - деді. Аллаһ Расулі:

– *Аллаһ оған кеңшілік бергенге дейін мына қабір ол ізгі құлды сыққан сайын сықты*, - деді. (Ахмед III, 360) Артынан сөзін былай жалғастырды:

207. Ибн Хишам III, 271.

«Егер бір кісі қабірдің фитнасынан құтылатын болса, күдіксіз Сағд құтылар еді. Бірақ оны алдымен қабір сықты, артынан Аллаһ оған кеңшілік берді». (Табәрани, Мужамул Кәбир X, 334)

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алтын мен күміс қосылып тоқылған жібек шапан сыйлаған болатын. Адамдардың барлығы бұл шапанға қатты қызығып, әсемдігі мен жұмсақтығына таң қалған еді. Аллаһ Расулі:

«Мұхаммедтің жаны оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Сағд бин Муаздың жәннаттағы орамалы мынадан да әдемі, әрі артық», - деді. (Бұхари, Бәдул Халқ 8; Муслим, Фадайл 126)

Хандәк ғазауатында Аллаһтың мейірімділігінің арқасында қол жеткізген табыс Құран Кәрімде былайша баяндалады:

وَ اَنْزَلَ الَّذِينَ ظَاهَرُوهُمْ مِنْ اَهْلِ الْكِتَابِ مِنْ صَيَاصِيهِمْ وَ قَذَفَ فى
قُلُوبِهِمُ الرُّعْبَ فَرِيقًا تَقْتُلُونَ وَ تَاْسِرُونَ فَرِيقًا ﴿26﴾
وَ اَوْرَثَكُمْ اَرْضَهُمْ وَ دِيَارَهُمْ وَ اَمْوَالَهُمْ وَ اَرْضًا لَمْ تَطَؤُهَا
وَ كَانَ اللّٰهُ عَلٰى كُلِّ شَىْءٍ قَدِيرًا ﴿27﴾

«(Аллаһ) **Оларға** (мүшрик әскерлеріне) **болысқан кітап иелерін бекіністерінен түсірді және олардың жүректеріне үрей салды. Сендер олардың бір бөлігін өлтіріп, бір бөлігін тұтқынға алдыңдар. Сондай-ақ олардың жерлеріне, қоныстарына, малдарына және сендер аяқ баспаған жерлеріне сендерді мұрагер қылды. Аллаһтың барлық нәрсеге толық күші жетеді».** (Ахзаб сүресі 26-27 аяттар)

ХИЖРЕТТІҢ АЛТЫНШЫ ЖЫЛЫ

Жеңістердің кілті – Хұдайбия келіссөзі

Қағба сағынышынан туындаған сапар

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрген түсіне орай мұсылмандарды Қағбаны зиярат жасап, тауаф қылуға шақырды.[208] Хижреттің алтыншы жылы Зілқағда айының алғашқы дүйсенбі күні бұл шақыруға құлақ асқан мың төрт жүз[209] сахабасымен бірге Меккеге жолға шықты. Соғысқа аттанбағандықтан өздерімен бірге тек қана жолға қажетті заттарын алды. Құрбандыққа арнап жетпіс шақты түйе алды.[210]

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) :

– Уа, Расулұллаһ! Әбу Суфян адамдарымен бірге бізге шабуыл жасауынан қорықпайсыз ба? Соғысып жатсақ қажет болып қалар, каруларымызды алсақ қайтеді? - деп сұрады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Білмеймін. Мен умраға ниеттендім, өзіммен бірге қару алғым келмейді, - деді. (Уақиди II, 573)

---

208. Уақиди II, 572.
209. Ибн Сағд II, 95. Кейін бұлардың саны жолдан қосылған бәдәуи арабтармен артып, мың бес жүз, тіпті мың жеті жүзге шыққандығы риуаят етіледі.
210. Ибн Сағд II, 95.



Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) миқат жері Зұлхұлайфаға келгенде ихрамға кіріп умраға ниет етті. Асхабы кирам да ихрамға кіріп, умраға ниет етті. Дауыстап тәлбия айтыла бастады. Мүминдер қасиетті Қағбаға деген сағыныштарынан оған бір сәт болса да ертерек жетуге асықты. Мүминдердің жан дүниелері толқып, рухани тебіреніп бірте-бірте ол жерге жақындай түсті.

Бірақ мұсылмандардың Меккеге қарай жолға шыққанын естіген құрайштықтар қатты абыржыды. Араларында бас қосып мүминдерді Меккеге кіргізбеуге шешім қабылдады. Халид бин Уәлид пен Икриманы басшы қылып тез арада екі жүз әскер дайындап жолға шығарды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сәния деген жерге келді. Ол жерден құрайштықтар отырған жерге баруға болар еді. Бірақ Пайғамбарымыздың түйесі Қасуа сол жерге шөге кетті. Адамдар:

– Шу жануар. Шу-шу десе де түйе тұрмады. Сонда олар:

– Қасуа шөкті, Қасуа шөкті, - десті.

Осы кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жоқ. Қасуа шөкпеді. Оның мұндай әдеті жоқ. Оны (Меккеге кіруден) Хақ Тағала тоқтатты, - деді.

Артынан ардақты Пайғамбарымыз сөзін былай жалғастырды:

«Жаным оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Құрайш мұшриктері Аллаһтың Харамында (құрмет аймағында) істелуіне тыйым салған (соғысу, қан төгу сияқты) нәрселерге құрмет көрсету мақсатында маған қаншалықты ауыр талап қойса да мен мұны қабыл етемін».

Осыдан кейін түйені тұрғызып еді, орнынан ытқып тұрды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бағытын құрайштықтар отырған жерден өзгертіп, суы аз бір құдықтың жанына тоқтады. Бұл жер Хұдайбияға ең шалғай жер болатын. Құдықтың суы аз еді, көп ұзамай бұл су да таусылды. Мұсылмандар Аллаһ Расуліне келіп судың тапшы екенін айтты. Пайғамбарымыз қорамсабынан бір жебе алып, оны құдықтың түбіне қадауды тапсырды. Көп ұзамай Аллаһтың қалауымен су атқылап шыға бастады, әрі сахабалар ол жерден кеткенге дейін тоқтамай ақты.

Осы кезде Хұза тайпасының көсемі Бұдайл бір топ адаммен келді. Меккеліктердің абыржып, соғысқа дайындалып жатқанынын айтты. Олардың бұл жағдайын естіген соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген мақсаттарын Бұдайылға былай түсіндірді:

«Біз ешкіммен соғысу үшін келгеніміз жоқ. Мақсатымыз Бәйтуллаһты (Қағбаны) зиярат етіп, умра жасау. Соғыс Құрайшты әбден титықтатып, оларға үлкен зиян берді. Егер қаласа олармен (арадағы соғысты тоқтату үшін) белгілі мерзімге дейін келіссөз жасайық. Осыны қабыл етсе, олар менімен адамдардың арасына араласпайды. Егер мен адамдарды өзіме көндіре алсам, мұны яғни адамдардың қабыл еткен Исламын құрайштықтар да қабылдасын. Ал егер мен өзіммен бірге ерте алмасам (құрайштықтар менімен соғысудан құтылып) рахаттанады. Егер де Құрайш менің бұл ұсынысымды қабыл етпесе, Аллаһқа ант етейін бұл дін үшін бір тамшы қаным қалғанша соғысамын. Шүбәсіз Аллаһ уәдесінде тұрады».

Бұдайыл Меккеге оралып Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқандарын Құрайшқа баяндады. Сонда Уруа бин Мәсуд орнынан тұрып:

«Бұл адам сендерге жақсылық ойлап жатыр. Оны қабыл алыңдар және келіссөз жасауға оған мені жіберіңдер», - деді.

Құрайштықтар:

«Жарайды, бара ғой», - деді. Уруа Аллаһ Расуліне барды. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған да Бұдайылға айтқан сөздеріне ұқсас нәрселер айтты. Уруа осы кезде көзінің қырын салып Расулұллаһтың сахабаларын бақылап тұрды. Қайтып оралған кезінде көріп-білгендерін құрайштықтарға былай баяндады:

«Уа, халайық! Жақсылап тыңдаңдар. Ант етейін, мен көптеген патшаның алдына елші ретінде бардым. Кисраның, Кайсердің және Нәжәшидің құзырына дейін шықтым. Бірақ мұсылмандардың Мұхаммедке көрсеткен құрметі мен бағыныштарын ешқандай халықтан көрмедім. Бір нәрсе бұйыра қалса барлығы бірден жүгіреді. Дәрет алса дәрет алған суына барлығы таласады. Бір нәрсе сөйлесе дереу үнсіздік сақтайды. Оны құрметтегендіктен жүзіне тесіле қарамайды, бастарын иіп тұрады. Басынан бір тал шаш түссе дереу оны алып сақтап қояды. Бұл адам сендерге дұрыс нәрсе ұсынып отыр. Оны қабыл етіңдер».[211]

Уруа осыларды айтқаннан кейін Кинанаұлдарынан бір кісі:

«Рұқсат етсеңдер оған мен де барып көрейін», - деді. Бұл адам Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен асхабына жақындаған кезде Пайғамбарымыз:

---

211. Батыстық жазушы Томас Кэрлил бұл ақиқатты мойындауға мәжбүр болып былай деген:
«Басына тәж киген ешбір император өз қолымен жамаған шапанды киген Хазіреті Мұхаммедтей құрметке бөленбеген».

«Әне пәленше! Ол қажылықпен умраға аталған құрбандық түйелерге құрмет көрсететін қауымнан. Құрбандықтарыңды алдына айдаңдар, көрсін», - деді. Асхаб ол кісіні тәлбиямен қарсы алды. Ол бұл көріністі көргенде аң-таң болып:

«Бұл адамдарға Бәйтуллаһтың жолын бөгеу дұрыс емес»,- деді. (Бұхари, Шурут 15; Ахмед IV, 323-324)

Бірақ мүшриктер бұл елшілерді тыңдамай, шабуыл жасау үшін жасақ жіберді. Бұл жасақты мұсылмандар тұтқынға алғанымен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғысуға келмегендігін айтып, тек умра жасап кері қайтатынын білдіру үшін қолға түскен мүшриктерді босатып жіберді.[212]



Хазіреті Пайғамбарымыздың шатыры Хұдайбияда Мекке Харамының тысындағы жерге тігілген еді. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол жерде қалған кезінде барлық намаздарын Мекке харамына өтіп оқитын еді.[213] Өйткені Мәсжид Харамда оқылған намаз басқа жерлерде оқылған жүз мың намаздан да абзал.[214]

212. Муслим, Жиһад 132, 133.
213. Уақиди II, 614; Ахмед IV, 326.
214. Ибн Мәжә, Иқама 195.

Бәйатур-Ридуан – Аллаһтың разы болған келіссөзі

Осы арада мүшриктердің тағы да бірнеше елшісі келіп кетті. Бірақ ешбірінде келіссөзге және нақты бір нәтижеге бара алмады. Содан соң ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Османды (радиаллаһу анһу) мүшриктермен кездесіп мәселені шешу үшін Меккеге жіберді. Әрі оған:

«Құрайштықтарға барып оларға айт, біз бұл жерге ешкіммен соғысу үшін келмедік. Біз тек қана Бәйтуллаһты зиярат ету үшін, оның қасиетіне құрмет көрсетіп, тағзым ету үшін келдік. Алып келген түйелерді құрбан шалып кері ораламыз. Сосын оларды Исламға шақыр», - деп тапсырды. Мұнымен қатар ол жердегі барлық (әйел-еркек) мұсылмандармен кездесіп, жақын арада Меккенің алынатынымен сүйіншілеуін және Аллаһ Тағаланың дініне жәрдем ететінін, Меккеде иман таңы ататын күннің ұзақ емес екенін айтуын тапсырып бұйырды. (Ибн Сағд II, 97; ибн Қайюм III, 290)

Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың әмірін орындау үшін дереу Меккеге аттанды. Мүшриктерге ниеттерінің умра жасап кері оралу екенін айтты. Осыған қарамастан мүшриктер бәрібір рұқсат бермеді. Хазіреті Османды бақылау астына алып:

«Қаласаң өзің тауаф жасауыңа болады», - деді. Бірақ, өзін Аллаһқа және Расуліне атаған мүбәрак сахаба Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу):

«Хазіреті Пайғамбар Қағбаны тауаф етпейінше мен де тауаф етпеймін. Мен Бәйтуллаһты тек оның артынан жүріп зиярат жасаймын», - деп, Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген адалдығын білдірді. (Ахмед IV, 324)

Осылайша әңгіме ұзаққа созылып, Осман (радиаллаһу анһу) кешіккен соң, оны өлтірді деген өсек-аяң тарап кетті. Сөйтіп мұсылмандар мен мүшриктердің арасы шиеленісе бастады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің өкілі ретінде жіберген Хазіреті Османның өлтірілгенін ойлап дереу асхабын жинады да:

«Мүшриктермен соғыспайынша бұл жерден кетпейміз-ау шамасы», - деді. (Ибн Хишам III, 364)

Артынан барлық сахабалардан Аллаһ жолында жандарын құрбан етуге дайын екендіктеріне байланысты сөз берулерін сұрады. Еркек, әйел демей тегіс барлық мүминдер:

«Аллаһ Расулінің көңілінде қандай қалауы болса, соны орындауға сөз береміз», - деп, Расулұллаһтың осы тілегін қуана-қуана орындады. (Уақиди II, 603)

Мүминдер Аллаһ жолында өлгенше соғысуға сөз берді. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак қолын алып бәйат етті (сөз берді). Барлығы сөз беріп болған соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір қолымен екінші қолын ұстап:

«Бұл Османның бәйаты», - деп, Османға (радиаллаһу анһу) деген сенімі мен сүйіспеншілігін іс-әрекетімен көрсетті. (Бұхари, Асхабун Нәби 7)

Бір ағаштың астында жасалған бұл келісімге «Бәйатур-Ридуан» немесе «Хұдайбия келіссөзі» деп атады. Сол күні бір мунафиқтан басқа барлық сахабалар тегіс сөз берген еді. Бұл келіссөз асхабы кирамның Аллаһ Тағаланың ризашылығын алуларына себеп болды.

لَقَدْ رَضِيَ اللّٰهُ عَنِ الْمُؤْمِنِينَ اِذْ يُبَايِعُونَكَ تَحْتَ الشَّجَرَةِ
فَعَلِمَ مَا فِي قُلُوبِهِمْ فَاَنْزَلَ السَّكِينَةَ عَلَيْهِمْ

«Шүбәсіз Аллаһ сол ағаштың астында саған сөз берген кезде ол мүминдерден разы болды. Әрі олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тыныштық берді...» (Фәтх сүресі 18-аят)

Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Хафса анамыздың қасында былай деді:

«Иншаллаһ ағаштың астында бәйат еткен асхабымның еш бірі тозаққа кірмейді».

Хафса анамызда осы айтылған сөзге байланысты сұрақ туындап:

– Жарайды, уа, Расулұллаһ. Жаратушы Хақ:

وَانْ مِنْكُمْ الاَّ وَارِدُهَا

«Сендерден тозаққа бармайтын ешкім жоқ...» - дейді. (Мәриям сүресі 71-аят) Сонда бұл қалай? - деді.

Екі дүниенің Пайғамбары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала былай да деген», - деп, содан кейінгі аятты оқыды:

ثُمَّ نُنَجِّى الَّذِينَ اتَّقَوْا وَ نَذَرُ الظَّالِمِينَ فِيهَا جِثِيًّا

«Кейін тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тізе бүккен күйде сонда қалдырамыз». (Мәриям сүресі 72-аят)

Артынан бұл жердегі «тозаққа барудың» сырат көпірінен өткенде тозақтың жанынан өту екенін, оның ішіне кіру мағынасына келмейтінін айтты. (Муслим, Фадайлус Сахаба 163)

Хазіреті Жабир (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хұдайбия күні адамдар қатты шөлдеп Пайғамбарымызға келді. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында теріден жасалған су құйатын ыдыс бар еді. Аллаһ Расулі дәрет алды. Халық оның айналасына үйірілді. Сонда ол:

– Не болды? - деп сұрады. Олар:

– Дәрет алуға және ішуге сіздің алдыңыздағыдан басқа суымыз қалмады, - деді.

Аллаһ Расулі дереу қолдарын ыдысқа салды. Осы кезде саусақтарының арасынан су атқылай бастады. Бейне бір бұлақтан атқылағандай болды. Барлығымыз одан ішіп, дәрет алдық».

Хазіреті Жәбирден:

– Ол күні қанша кісі едіңдер? - деп сұрады.

«Егер жүз мың кісі болсақ та су жетер еді. Бірақ біз мың бес жүз кісі болатынбыз», - деп жауап берді. (Бұхари, Манақиб 25)

Хұдайбия келіссөзі: дағуаттың жаңа кезеңі

Жандарын пида ету мақсатында жасалған Ридуан бәйатын естіген мүшриктер қатты састы. Мүминдердің бұл іске шындап кірісуі оларды барынша үрейлендірді. Дереу келісімшарт жасауға шешім қабылдап, Сұхайл бин Амрды Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жіберді. Хазіреті Пайғамбарымыз Сұхайлды көргенде оның атының «жеңілдік» деген мағынаны білдіретіндіктен жорамалдап:

«Енді жағдайларың жеңілдеді, сендерге Сұхайл келді», -

деді. Сөйтіп ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың:

وَ اِنْ جَنَحُوا لِلسَّلْمِ فَاجْنَحْ لَهَا

«Егер олар келісім жасауды қаласа, сен де келісімге кел...» (Әнфәл сүресі 61-аят) деген әмірі бойынша әрекет етті.

Мүшриктердің басты мақсаты сол жылы мұсылмандардың умра жасауына жол бермеу болатын. Мұнымен қоса сырттай қарағанда өте ауыр болып көрінген бірнеше шарттары да бар еді. Ұзаққа созылған қатты тартыстардан кейін келіссөздің шарттары белгіленді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіссөз шарттарын жазуды Хазіреті Алиге тапсырды. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әмірінен соң Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) алдымен «Бисмилләһир рахманир рахим» (Аса қамқор ерекше мейірімді Аллаһтың атымен) деген сөзді жазайын деп еді, Сүхайл бұған қарсы шықты. Оның орнына «بِاسْمِكَ اللّٰهُمَّ» (Аллаһым сенің атыңмен) деп жазылды.

Осы сөздерден кейін Сүхайл Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың Расулі екендігін жазуға да қарсы шықты:

«Аллаһтың Расулі екеніңді қабыл еткенімізде сенімен соғысар ма едік?» - деді.

Онсыз да келіссөз шарттарына наразы болған сахабалар қатты ашуланды. Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) қолындағы қаламын лақтырып жіберіп:

«Аллаһқа ант етейін! Мен «Аллаһтың Расулі» деген сөзді өшіре алмаймын уа, Расулұллаһ...» - деді.



Сол кезде Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сұхайлға:

«Сендер жоққа шығарсаңдар да мен Аллаһтың Расулімін», - деп, жазылған әлгі сөзді өзіне көрсетуін сұрады. Мүбәрак қолымен ол жерді сызып, орнына Мұхаммед бин Абдуллаһ деп жаздырды.

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көптеген хикметтерге байланысты бұл келіссөзге қол қойды. Келіссөздің кейбір шарттары мынадай еді:

1.Келіссөздің мерзімі он жыл.

2.Мұсылмандар осы жылы Қағбаны зиярат жасамайды. Зияратты келесі жылы жасайды. Келесі жылы зияратқа келгенде Меккеде үш күн қалады. Мүшриктер ол кезде Мекке сыртына шығып, мұсылмандармен қарым-қатынас жасамайды.

3.Құрайштықтардың бірі Мәдинаға баратын болса, тіпті ол мұсылмандықты қабыл етсе де кері қайтарылады. Ал Мәдинадан Меккеге барғандар болса кері қайтарылмайды.

4.Басқа араб тайпалары қаласа мұсылмандарға, қаласа құрайштықтарға қосыла алады.

Келіссөз шарттары жазылып болған кезде Құрайштың өкілі Сұхайл бин Амрдың ұлы Әбу Жәндәл аяғындағы шынжырын сүйретіп жәй-жәй Хазіреті Пайғамбарымызға қарай аяңдады. Әбу Жәндәл (радиаллаһу анһу) мұсылман болғаны үшін мүшриктерден көп қорлық көрген еді. Бір ретін тауып олардан қашып мұсылмандардың арасына келген беті болатын. Сұхайл келіссөз бойынша алғашқы қайтарылатын адамның өз ұлы екенін айтып, қолындағы ағашпен Әбу Жәндәлдың бетінен ұрды. Бұл оқиғаны көрген мейірімді Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаны ашып



Әбу Жәндәлдың бұл келіссөзден тыс қалуын, әрі оны өзіне беруді Сұхайлдан өтінді. Бірақ қатыгез мүшрик бұл өтінішті қабыл етпеді. Әбу Жәндәл (радиаллаһу анһу) мүшриктердің қолына берілген кезде зар жылап мұсылмандарға жалынып жәрдем сұрады. Қатты кейіген түрде:

«Мені қайтадан жауыздық ошағына тастайсыңдар ма?» - деп, олардың жүрегін қан жылатты. Мұсылмандар бұған шыдай алмай жылай бастады. Сол кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Жәндәлды жұбатып былай деді:

«Уа, Әбу Жәндәл! Біраз сабыр етіп шыда. Мұның сыйын Аллаһ Тағаладан күт. Ұлы Аллаһ күдіксіз саған және қасыңдағы әлсіз, ешкімі жоқ мұсылмандарға кеңшілік әрі шығар жол береді. Біз бұл қауыммен бейбіт келіссөз жасадық, әрі осы үшін оларға Аллаһ атымен сөз бердік. Олар да бізге Аллаһ атымен сөз берді. Біз берген сөзімізді бұза алмаймыз. Өйткені берген сөзді бұзу бізге жараспайды». (Ахмед IV, 325; ибн Хишам III, 367)

Артынан мейірімді Пайғамбарымыз Сұхайлға:

«Қой енді, сен оны маған бер», - деп, өтініш жасады. Бірақ Сұхайл ешбір ұсынысын қабыл етпеді. Әлемдердің Сұлтаны:

«Олай болса оны мен үшін қорғауыңа ал» - деп өтінді. Сұхайл мұны да қабыл етпеді. Оның осылай қасарысқанын көрген Құрайш өкілдері Хуайтыб пен Микраз:

«Ей, Мұхаммед! Сенің құрметің үшін оны біз қорғауымызға аламыз. Оны азаптауға жол бермейміз», - деді. (Уақиди II, 608; Бәлазури I, 220)

Осылайша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біраз да болса жеңілдеп қалды.

Сол күні Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) мүшриктердің бұл қырсық, тәкәппар әрекетіне шыдай алмай бойындағы иманнан туындаған ызадан қатты ашуланып, әрең дегенде басылды. Хазіреті Әбу Бәкірден (радиаллаһу анһу) басқа барлық сахабалардың жағдайы да Хазіреті Омардың жағдайындай еді. Сырт қарағанда жеңіліс болып көрінген бұл келіссөзде Пайғамбардың әмірі бола тұра Хазіреті Омар басқадай пікірлер айтты. Осыған орай Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен Аллаһтың елшісімін. Оған қарсы келе алмаймын. Менің жәрдемшім – ол», - деп, істеген әрекетінің Аллаһтың әміріне сай екенін білдірді. (Бұхари, Мағази 35; Муслим, Жиһад 90-97)

Келіссөз біткен соң Сұхайл ұлын алып қуанып, масаттанып Меккеге қайтты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де ардақты сахабаларына былай деді:

«Қанекей енді құрбандарыңды шалыңдар және шаштарыңды алыңдар».

Бірақ бұл әмірді орындау үшін асхабы кирамның ешбірі орындарынан қозғала қоймады. Бұл әсте қарсы келу емес, Қағбаны зиярат етудің құштарлығ көңілдерді өртеп, жаңа жасалған келісімшарттың өзгертілуін үміттеніп тосу болатын. Әйтпесе бір күн алдын барлығы:

«Аллаһ Расулінің көңілінде қандай қалауы болса, соны орындауға сөз беремін», - деп ардақты Пайғамбарымызға бас иіп, мойынсұнып ант берген еді.

Асхабтың бұл әрекетіне Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қайғырып, көңілсіз күйде қымбатты жұбайы Үммү Сәләманың шатырына барды. Жағдайды Үммү Сәләмаға айтқаннан соң мүбәрак анамыз Аллаһ Расулін жұбатып мына сөздерді айтты:



«Уа, Аллаһтың Расулі! Сіз асхабыңызға еш нәрсе демей өз құрбаныңызды шалыңыз, шашыңызды алыңыз. Сонда олар өздеріне ауыр келген қиыншылыққа қайғырса да сізге ілесіп әрекет етеді. Олардың жағдайын түсініңіз».

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылай жұбайымен ой бөлісkеннен кейін шатырынан шығып оның айтқанындай әрекет етті. Бұл жағдайды көрген сахабалар келіссөздің өзгермейтініне көздері жетіп, барлығы Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ілесті. Құрбандарын шалып, шаштарын алдырды. Бұл оқиғаның куәсі болған Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһа) былай деді:

«Мұсылмандардың құрбан шалатын малдарына қарай асыққандары соншалықты, бір-бірін езіп кетер деп қорықтым». (Бұхари, Шурут 15; Ахмед IV, 326, 331; Уақиди II, 613)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен асхабы кирам құрбандарын шалып, шаштарын алдырғаннан кейін Аллаһ Тағала самал жел естірді. Сахабалардың шаштарын жел есіп Харам аймағының ішіне қарай алып кетті. Сахабалар мұны умраларының қабыл болғандығына жорыды.[215] Осыдан соң Мәдинаға қарай жолға шықты.

Мұсылмандар жасалған келіссөздің хикметін бірден түсіне алмағандықтан келіспеушілік білдіріп, бұйрықты дер кезінде орындамағандары үшін қатты қорыққан еді. Өздері жайында уахи түседі және азапқа ұшыраймыз деп ойлай бастады. Осы кезде «Фәтх сүресі» түсті.

اِنَّا فَتَحْنَا لَكَ فَتْحًا مُبِينًا ﴿1﴾ لِيَغْفِرَ لَكَ اللّٰهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِكَ
وَ مَا تَاَخَّرَ وَ يُتِمَّ نِعْمَتَهُ عَلَيْكَ وَ يَهْدِيَكَ صِرَاطًا مُسْتَقِيمًا ﴿2﴾
وَ يَنْصُرَكَ اللّٰهُ نَصْرًا عَزِيزًا ﴿3﴾

215. Ибн Сағд II, 104; Халәби II, 713.

«(Ей, Расулім!) **Расында біз саған ап-ашық жеңіс сыйладық. Осылайша Аллаһ сенің өткен және келешектегі кемшіліктеріңді кешіріп, саған деген нығметін толықтырады және сені тура жолға салады. Әрі саған ұлы жеңіспен жәрдем береді»**. (Фәтх сүресі 1-3 аяттар)

Мужамми бин Жария (радиаллаһу анһу) Фәтх сүресі түсетін уақытта сахабалардың қалай қорыққандығын былай түсіндіреді:

«Адамдар қатты қорқып түйелерінің айналасына тарап бір-біріне:

«Адамдарға не болды?» - деп сұрай бастады. Бір кезде:

«Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи келіпті», - десті. Біз барлығымыз қорқып Аллаһ Расуліне қарай беттедік. Асхаб жиналғаннан кейін Пайғамбар Фәтх сүресін оқыды». (Ибн Сағд II, 105)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Ол күні Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы айтқан сөздерімнен қатты қорыққандығымнан ақыретімнің қайырлы болуы үшін әрдайым ораза ұстадым, садақа бердім, нәпіл намаздар оқыдым және өте көп құл азат еттім». (Ибн Сәйидин Нас II, 167)

Фәтх сүресі мүминдерге Хұдайбиямен бірге жеңіс қақпаларын сүйіншілеген болатын. Шынында да көп уақыт өтпей бұл берілген сүйіншілер бірінен соң бірі орындала бастады. Төңіректегі тайпалар Расулұллаһтың Қағба зияраты үшін шыққан бұл сапарын «барса келмес сапар» деп атаған болатын. Бірақ Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) титтей де зиян көрмей аман-сау кері оралғанын көргенде қобалжып, одан кешірім сұрады. Олардың осы халін Аллаһ Тағала аятта былай баяндайды:



بَلْ ظَنَنْتُمْ اَنْ لَنْ يَنْقَلِبَ الرَّسُولُ وَ الْمُؤْمِنُونَ اِلٰى اَهْلِيهِمْ اَبَدًا وَزُيِّنَ
ذٰلِكَ فِى قُلُوبِكُمْ وَ ظَنَنْتُمْ ظَنَّ السَّوْءِ وَ كُنْتُمْ قَوْمًا بُورًا ﴿12﴾
وَ مَنْ لَمْ يُؤْمِنْ بِاللّٰهِ وَ رَسُولِهِ فَاِنَّا اَعْتَدْنَا لِلْكَافِرِينَ سَعِيرًا ﴿13﴾

«Негізінде сендер Пайғамбар мен мүминдер жанұяларына мүлде қайта оралмайды деп ойлаған едіңдер. Бұл (ой) **сендердің көңілдеріңе ұнамды болды. Сондай-ақ жаман ойға берілдіңдер де жойылуға лайық қауым болдыңдар. Кімде-кім Аллаһқа және Пайғамбарына иман келтірмеген болса Біз ондай кәпірлерге жалындаған тозақ дайындадық».** (Фәтх сүресі 12-13 аяттар)

Сол күні Хұдайбияда мүшриктермен жасалған келіссөздің шарттары сырттай қарағанда мұсылмандар үшін зиян болып көрінген еді. Фәтх сүресі түсіп, бұл мәселедегі ұлы хикметтер және қуанышты хабарлар білдірілді. Бір қарағанда жеңіліс әрі қорлық болып көрінген бұл кері қайтудың ап-ашық жеңіс екендігі артынан белгілі болды. Аятта былай айтылды:

وَ عَسٰى اَنْ تَكْرَهُوا شَيْئًا وَ هُوَ خَيْرٌ لَكُمْ وَ عَسٰى اَنْ تُحِبُّوا شَيْئًا
وَ هُوَ شَرٌّ لَكُمْ وَ اللّٰهُ يَعْلَمُ وَ اَنْتُمْ لاَ تَعْلَمُونَ

«...Кейде жек көрген нәрселерің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Ал кейде жақсы көрген нәрселерің сендер үшін жаман болуы да мүмкін. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер». (Бақара сүресі 216-аят)

Бастапқыда Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түсіндіре алмаған бұл оқиға екі жылдың төңірегінде ап-айқын көріне бастады. Шынында да осы келіссөзбен орнаған бейбітшілік кезінде көптеген кісі



Исламды қабыл етті. Осы екі жылдың ішінде мұсылман болғандардың саны сол уақытқа дейінгі мұсылман болғандардың жалпы санынан асып кетті.

Сонымен осы жылы мұсылмандардың умра жасамай, кейбір ауыр шарттарға біраз уақыт сабыр етулеріне тура келді. Бірақ осының соңында өте көп пайдаларға қол жеткізетін еді. Әрі осы келіссөзбен Ислам мойындалып, ресми түрде танылған еді. Бір жылдан соң Қағба да зиярат жасалатын еді. Қалаған Араб тайпалары мұсылмандардың қол астына кіре алатын еді. Ал бұл болса Құрайш санының азайып, Ислам мемлекетінің еркін құрылуы болатын.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл келіссөзді қабыл етуінің бір себебі де, ол кезде Меккеде мұсылман болып, бірақ мұсылмандығын жарияламаған бірнеше адамдар бар еді. Егер де мүшриктермен арада соғыс бола қалған жағдайда олардың мұсылмандығы мәлім болып өмірлеріне қауіп төнуі мүмкін еді.

Яғни мейірімді болған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл әрекетімен Меккедегі және басқа араб тайпаларындағы мұсылмандықты қабыл ететін адамдарға жасырын түрде ой тастап, оларды Исламға үндеді. Шын мәнінде мұның жемісі келешекте айқын түрде ортаға шықты.

Ап-ашық жеңіс. Есе-есе артқан берекет

Хұдайбия келіссөзіне сырттай қарап қуанған мүшриктер негізінде мүминдердің алдындағы бөгеттерді жойып, олардың жолын ашқандарын байқамаған еді. Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бүкіл сахабалардың бұл келіссөзді өздеріне пайдасыз деп қарсы шығулары



мүшриктердің көздерін онан сайын тұмшалап, бұл шарттарға қуана-қуана, тартынбастан қол қоюларына септігін тигізді. Бірақ бастапқыда сыры мүминдерге де белгісіз болған бұл келіссөздің ақиқат тарапы осы шарттар орындалған сайын бірте-бірте көріне бастады.

Осы келіссөздің берекетін о бастан білген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбия келіссөзінің шарттарын толық орындайтын. Әрі мұндағы айтылмаған кейбір мәселелерді де пайдаланып отырды. Мысалы, кейбір Меккелік мүмин әйелдер Мәдинаны паналағанда оларды кері қайтару үшін мүшриктердің қойған талабын орындамады. Өйткені келіссөздегі шарт тек еркектерге ғана қатысты еді. Мұнымен қоса Аллаһ Тағала да әйелдерді мүшриктердің қолына бермеуді бұйырған болатын:

يَٓا اَيُّهَا الَّذينَ اٰمَنُوٓا اِذَا جَٓاءَكُمُ الْمُؤْمِنَاتُ مُهَاجِرَاتٍ فَامْتَحِنُوهُنَّ اَللّٰهُ اَعْلَمُ بِاِيمَانِهِنَّ فَاِنْ عَلِمْتُمُوهُنَّ مُؤْمِنَاتٍ فَلَا تَرْجِعُوهُنَّ اِلَى الْكُفَّارِ لَا هُنَّ حِلٌّ لَهُمْ وَ لَا هُمْ يَحِلُّونَ لَهُنَّ وَ اٰتُوهُمْ مَٓا اَنْفَقُوا وَ لَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ اَنْ تَنْكِحُوهُنَّ اِذَا اٰتَيْتُمُوهُنَّ اُجُورَهُنَّ وَلَا تُمْسِكُوا بِعِصَمِ الْكَوَافِرِ وَ اسْاَلُوا مَٓا اَنْفَقْتُمْ وَ لْيَسْئَلُوا مَٓا اَنْفَقُوا ذٰلِكُمْ حُكْمُ اللّٰهِ يَحْكُمُ بَيْنَكُمْ وَ اللّٰهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ

«Ей, иман келтіргендер! Сендерге мүмин әйелдер қоныс аударып келсе, оларды сынаңдар. Аллаһ олардың имандарын жақсы біледі. Егер де олардың мүмин екендіктеріне көздерің жетсе оларды кәпірлерге қайтарып берменңдер. Олар кәпірлерге халал емес, кәпірлер де оларға халал емес. Олардың мүмин әйелдерге бергендерін (мәһірлерін) **қайтарып беріңдер. Мәһірлерін беріп олармен үйленсеңдер сендерге ешқандай күнә жоқ. Кәпір әйелдерді**



некелеріңде ұстамаңдар, оларға бергендеріңді (мәһірлерін) **қайтарып алыңдар. Кәпірлер де** (мүмин әйелдерге) **берген мәһірлерін қайтарып алсын. Міне сендерге Аллаһтың үкімі. Араларыңда Ол үкім береді. Аллаһ барлық нәрсені біледі, әрі өте дана».** (Мумтахина сүресі 10-аят)[216]

Бірде жаңадан мұсылман болған Әбу Басир атты бір Меккелік кісі Мәдинаны panaлап келген еді. Бірақ Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келісімшарт бойынша оны мүшриктерге қайтарып беруге мәжбүр болды. Бастапқыда Әбу Басир да Аллаһ Расулінің бұл әрекетін түсіне алмай:

«Мені пұтқа табынушыларға қайтарып бересіңдер ме?» - деп, аң-таң болды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны сыпайы түрде былай деп жұбатты:

«Уа, Әбу Басир! Біз берген уәдемізді бұза алмаймыз. Бірақ сен біраз сабыр ет. Аллаһ Тағала саған және сен сияқтыларға әлбетте шығар жол көрсетеді».

Осы сөздерден кейін Әбу Басир үндемей Пайғамбардың үкіміне мойынсұнды. Барлық мұсылмандардың жағдайын ойлап мүшриктерге берілді. Бірақ ол Меккеге емес өлімге айдалған болатын. Ол мұны білгендіктен бір ретін тауып, жолда өзін алып бара жатқан адамдармен шайқасып өзін құтқарып қалды. Өзін алып бара жатқан екі кісінің бірі Хұнайсты өлтірді, ал екіншісі қашып кетті. Әбу Басир Хұнайстың киім-кешегін және қылышын алып Аллаһ Расуліне келді де:

«Уа, Расулұллаһ! Мынаның бестен бірін айырып өзіңе ал», - деді. Пайғамбарымыз:

216. Бұхари, Шурут 15; Уақиди II, 631-632.

«Мен мұның бестен бірін алатын болсам олармен жасаған келіссөзді бұзған боламын. Бірақ сенің істеген әрекетің және өлтірген адамыңның заттары тек саған қатысты», - деді. (Уақиди II, 626-627)

Қашып кеткен әлгі мүшрик Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп тағы да оның қайтарылуын сұрады. Осы кезде Әбу Басир:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Сіз мені оларға қайтарып беріп келіссөзде тұрдыңыз. Бірақ мен өзімді құтқардым», - деді.

Артынан Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан сөздерінің сырын көрегендігімен түсініп Мәдинадан кетті. Теңіз жағасындағы Мекке мен Шам арасындағы Ис деген жерге орналасты. Көп ұзамай ол жер бейтарап аймақ ретінде бас сауғалайтындардың мекеніне айналды. Әбу Жәндәл да қашып барып паналаған бұл жердегі мұсылмандардың саны аз уақыттың ішінде үш жүзге жетті. Меккеліктердің Шамға баратын сауда жолы қауіпті бола бастады. Сондықтан шарасыз қалған Меккелік мүшриктер Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіссөздегі осыған байланысты шарттың тоқтатылуын талап етті. Яғни мұсылман болып Меккеден қашқандардың Мәдинаға қабыл етілуін өтінді. Осылайша мұсылмандарға пайдасыз болып көрінген бұл шарт аз уақыттан соң мұсылмандардың пайдасына шешілді.[217]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Басирдың жамағатына хат жолдады. Бірақ Әбу Басир өлім төсегінде жатқан еді. Хатты оқып, қолына ұстаған күйде жан тапсырды. Әбу Жәндәл оны өлген жеріне жерледі және қабірінің жанына мешіт салды. Әбу Жәндәл қасындағы

217. Бұхари, Шурут 15; ибн Хишам III, 372.

мұсылмандармен бірге Мәдинаға келді және Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге көптеген жиһадқа қатысты.[218]

Хұдайбияда жасалған бұл келіссөз Исламның жылдам жайылуына, әрі осыған қолайлы сәттің туындауына септігін тигізді. Өйткені Аллаһ Тағала бұл келіссөзді «ап-ашық жеңіс» деп атаған болатын.[219]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбияның ұлы жеңіс екенін айтқан кезде сахабалардың бірі:

«Бәйтуллаһты тауаф қылуымызға кедергі болды, құрбандарымызды харам аймағында шалуға жол бермеді. Мұсылман болып бізді паналаған екі кісіні де Расулұллаһ қайтарып берді. Мұның қай жері жеңіс?» - деп мыңғырлады.

Пайғамбарымыз оның мұндай сөздерін естігеннен кейін бұл келіссөздің қай жағынан ұлы жеңіс екенін былай түсіндірді:

«Иә! Бұл келісімшарт үлкен жеңіс. Мүшриктер сендердің өз елдеріңе барып келулеріңе және тірліктеріңді атқаруларыңа ризашылығын білдірді. Барып келгенде аман-есен, қауіпсіз болуларыңды қалады. Олар бүгінге дейін өздері қаламаған, ұнатпаған Исламды осының арқасында сендерден көріп, оны үйренеді. Аллаһ сендерді жеңімпаз қылады, барған жерлеріңнен есен-сау, табысты болып ораласыңдар. Ал бұл болса жеңістердің ең ұлығы». (Халәби II, 715)

218. Уақиди II, 629.
219. Фәтх сүресі 1-аят.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) де Хұдайбия келіссөзіне байланысты өз ойын былай жеткізеді:

«Исламда Хұдайбия жеңісінен де ұлы бір жеңіс болған емес. Бірақ халық тар пікірлі, саяз көзқарасты болғандықтан бұл келісімшартқа қарсы шықты. Адамдар Аллаһ және Пайғамбарының арасындағы мәселелерде асығыстық жасайды. Аллаһ Тағала болса олар сияқты асығыстық жасамайды, қалаған ісінің ең қолайлы сәті келіп, әбден жетілмейінше орындамайды». (Уақиди II, 610; Халәби II, 721)

Хұдайбия келіссөзінің ең болымды нәтижесі Исламның өте жылдам таралуы болатын. Осы келісімшарт арқасында Исламның таралуына жаңа мүмкіндіктер туды және жаңа аймақтарға жол ашылды. Осының арқасында мұсылмандар мүшриктермен бас қосып оларға Құран Кәрім оқи бастады және Ислам жайында емін-еркін айта бастады. Мұсылмандығын жасырып жүргендер де бұдан былай қорықпай сенімдерін жариялай бастаған болатын.[220]

Ал бұдан бұрын екі жақ бір-бірімен мұншалықты емін-еркін кездесе алмайтын. Келіссөзден кейін мүшриктер Мәдинаға, мұсылмандар болса Меккеге еркін түрде келіп-кететін болды. Ол жердегі жанұяларымен, достарымен және басқа да адамдармен кездесіп әңгімелесулеріне мүмкіндік туды. Хазіреті Пайғамбарымыздың іс-әрекеттері, мұғжизалары, ахлағы және ұстанған жолының артықшылығы жайында мұсылмандардың айтқан мәліметтеріне, уағыз-насихаттарына құлақ асылды. Осылайша мүшриктердің жүректері жұмсарып Исламға бейімделе бастады. Онсыз да шөлдегі арабтар мұсылман болу үшін Құрайш мүшриктерінің иман келтіруін күтіп жүрген болатын. Осы аралықтарда алдыңғы қатардағы мүшриктер Амр бин Ас, Халид бин

220. Ибн Қайюм III, 309-310.

Уәлид және Осман бин Талха сияқты кісілер де мұсылман болған еді.[221]

Ислам өкілдері қауіпсіздік ішінде көптеген жерлерге барып, түрлі себептермен адамдарға Исламды түсіндіру мүмкіндігіне қол жеткізді. Осы кезде мұсылман болғандардың саны есе-есе артты.

Имам Зуһри Аллаһ Расулінің осы жайындағы хадис шәрифтеріне сүйене отырып Хұдайбия келіссөзінің нәтижесін былай қортындылады:

«Мұнан бұрындары мұсылмандар мен мүшриктер қай жерде бір-бірімен бетпе-бет кездессе, сол жерде соғысып қақтығысатын еді. Хұдайбия келіссөзі жасалысымен соғыс та, қақтығыс та тоқтады. Екі жақтың арасында бір-біріне деген сенім қалыптасты. Өзара кездесіп, араласуларына жол ашылды. Тіпті әр түрлі мәселелерде бір-біріне көмектесе бастады. Кейбіріне Исламнан сөз қозғалып, біраз ойланғаннан кейін ақиқатты танып, дереу мұсылман болып жатты. Айтар болсақ Хұдайбиядан Мекке жеңісіне дейінгі екі жылдық мерзімнің ішінде мұсылман болғандардың саны Хұдайбияға дейінгі он тоғыз жылдық Ислам дағуатының нәтижесінде мұсылман болғандардың санынан да асып кетті».

Ибн Хишам да бұған мына сөздерін қосады:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбияға аттанарда мың төрт жүз кісімен жолға шыққан еді. Осыдан екі жыл өткен соң Меккенің жеңісінде болса қасында он мың кісі болған. Басқа бір риуаятқа қарағанда жолда тағы да екі мың кісі қосылып, барлығы он екі мың мұсылман болған еді. Бұл сандар Зуһридің пайымдауының шындыққа саятындығын білдіреді». (Хайсәми VI, 170; ибн Хишам III, 372)

221. Уақиди II, 624.

ХИЖРЕТТІҢ ЖЕТІНШІ ЖЫЛЫ

Патшаларды Исламға шақыру

Бүкіл адамзатқа Расул ретінде жіберілген ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбия келіссөзінен кейін мүмкіндігі болғанынша алыс-жақын елдерді де Исламға шақыра бастады. Хақ тағала да осыны бұйырған болатын:

قُلْ يَآ اَيُّهَا النَّاسُ اِنّى رَسُولُ اللّٰهِ اِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذى
لَهُ مُلْكُ السَّمٰوَاتِ وَ الْاَرْضِ

«(Расулім! Оларға) **Айт: Ей, адамзат! Расында мен сендердің барлығыңа көктер мен жердің иесі болған Аллаһтың елшісімін...»** (Ағраф сүресі 158-аят)

يَآ اَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَآ اُنْزِلَ اِلَيْكَ مِنْ رَبِّكَ
وَ اِنْ لَمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ رِسَالَتَهُ وَ اللّٰهُ يَعْصِمُكَ مِنَ النَّاسِ

«Ей, Пайғамбар! Раббыңнан саған түсірілгенді (барлық адамзатқа) **жеткіз. Егер мұны атқармасаң оның** (саған берген) **пайғамбарлық міндетін атқармаған боласың. Аллаһ сені адамдардан қорғайды...»** (Мәида сүресі 67-аят)



وَ مَٓا اَرْسَلْنَاكَ اِلاَّ كَآفَّةً لِلنَّاسِ بَشِيرًا وَ نَذِيرًا
وَ لٰكِنَّ اَكْثَرَ النَّاسِ لاَ يَعْلَمُونَ

«Біз сені бүкіл адамзатқа қуантушы әрі қорқытушы ретінде жібердік. Бірақ адамдардың көпшілігі мұны білмейді». (Сәбә сүресі 28-аят)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жер-жүзіндегі мемлекеттерді Исламға хат жолдау арқылы шақырды. Осы хаттардың ең әйгілілері алтау, кей деректерде сегіз болатын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрбір хатты ең таңдаулы сахабаларының бірі арқылы жолдап отырды. Әлемдерге шамшырақ болған Пайғамбарымыз патшаларға хат жаздыратын кезде ардақты сахабалар:

«Уа, Расулұллаһ! Олар мөрі болмаған хатты оқымайды», - деді. Осыдан соң ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күмістен жүзік жасатты. Жүзіктің бетіне үш қатар етіп «Аллаһ, Расул, Мұхаммед» деген сөздерді ойғызып жаздырды. Сөйтіп хат жазғанда осы жүзікті мөр ретінде қолданды.[222]

Жүзіктің бетіне «Мухаммадун Расулұллаһ» деп жазылуы керек еді, бірақ құрмет ретінде «Аллаһ» есімін жоғарыға, «Расул» сөзін ортаға, «Мұхаммед» есімін де астыңғы қатарға жаздырды.

Аллаһ Расулінің Византия императоры Гераклға жазған хатын Дихятул Кәлб (радиаллаһу анһу) атты сахаба алып барды. Византия императоры Геракл Парсыларды жеңіп, қайтарында Сирияға келген еді. Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға шақырған хаты

222. Бұхари, Илм 7; Муслим, Либас 57, 58; ибн Сағд I, 258.

оның қолына осы кезде табыс етілді. Византия императоры бұл хатқа ашуланбады. Керісінше ден қойып, ол шақырылған нәрсенің не екенін білгісі келіп, әрі осы жайында мағлұмат алуы үшін Хазіреті Пайғамбардың жерлестерінен бірнешеуін алып келуді бұйырды.

Осы кезде Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең үлкен дұшпандарының бірі Әбу Суфян меккелік саудагерлердің керуенін бастап Шамға бара жатқан еді. Ол уақытта Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен Құрайш бітімге келген болатын. Гераклдің адамдары оларды жолықтырып, императордың алдына алып барды. Геракл адамдарымен Илья яғни Бәйтул Мақдисте еді. Қасында Римнің атқамінерлері отырған кезде Геракл оларды құзырына қабыл алды және тілмаш шақырды. Гераклдің әмірі бойынша тілмаш олардан:

– Пайғамбармын деген бұл адамға туысқандық жағынан ең жақын болғаның қайсысың? - деп сұрады.

Әбу Суфян:

– Ең жақын болғаны менмін, - деді.

Сонда Геракл:

– Оны және достарын қасыма алып келіңдер. Мен онымен сөйлескенде достары да қасымызда болсын, - деді. Артынан тілмашқа бұрылып былай деді:

– Мыналарға айт. Менің ол адам жайында мынаған қоятын біраз сұрағым бар. Егер ол маған өтірік айтатын болса «Жалған айтады» десін.

Әбу Суфян:

«Аллаһқа ант етейін, егер өтірік айтар болсам, ерте ме кеш пе достарым мұны айтып қояр деп ұялмағанымда, ол

жайында өтірік айтар едім», - деген болатын. Артынан да әңгімесін былай жалғастырды:

Осыдан кейін Гераклдің менен алғаш сұраған сауалы мынау еді:

– Араңызда оның тегі қандай?

Мен:

– Арамызда ол өте текті, - дедім. Геракл:

– Араларында бұл сөзді (Пайғамбар екендігін) одан бұрын айтқан адам бар ма? - деді.

– Жоқ, - дедім.

– Ата-бабасынан патша болғаны бар ма? - деді

– Жоқ, - дедім.

– Оған ілескендер үстем таптағылар ма, жоқ әлде төменгі таптағылар ма? - деді.

– Төменгі таптағылар, - дедім.

– Оған ергендер артуда ма, жоқ азаюда ма? - деді.

– Артуда, - дедім.

– Араларында оның дініне кіріп, артынан ұнатпай ол діннен шыққандар бар ма? - деді.

– Жоқ, - дедім.

– Пайғамбарлығын жариялаудан бұрын оның аз да болса өтірік айтқанын көрдіңдер ме? - деді.

– Жоқ, - дедім.

– Бұрын-соңды сөзінде тұрмаған кезі болды ма? - деді.

– Жоқ! Берген сөзінде тұрады, бірақ қазір біз онымен

белгілі уақытқа дейін келіссөз жасадық. Осы уақыт ішінде не істейтінін білмейміз, - дедім. Оны жамандау үшін осыдан басқа қосып айтатын сөз таба алмадым.

– Осы уақытқа дейін онымен соғыстыңдар ма? - деді.

– Иә, - дедім.

– Бұл соғыстардың нәтижесі қалай болды? - деді.

– Кейде ол бізді жеңеді, ал кейде біз оны, - дедім.

– Жарайды. Ол сендерге нені бұйырады? - деді.

– Бізге жалғыз Аллаһқа құлшылық қылыңдар, оған еш нәрсені серік қоспаңдар. Аталарыңның табынған пұттарын тастаңдар, - дейді. Әрі намаз оқуды, туралықты, ар-намысты болуды және туған-туыстан қол үзбеуді бұйырады, - дедім.

Сонда Геракл тілмашқа былай деді:

– Оған айт: Оның тегін сұрадым, араларында ең текті екенін айттың. Пайғамбарлар қауымының ең тектілерінен жіберіледі.

Араларында одан бұрын бұл сөзді (Пайғамбар екенін) айтқан адам бар ма?- деп едім, жоқ дедің. Одан бұрын бұл сөзді айтқан біреу бар болса, содан көріп айтып отыр дер едім.

Ата-бабаларынан патша болған бар ма? - деп сұрадым. Жоқ дедің. Егер аталарының бірі патша болған болса, соның дүниесін қайтарып алғалы жатыр дер едім.

Пайғамбарлығын жариялаудан бұрын оның аз да болса өтірік айтқанын көрдіңдер ме?- деп сұраған едім, жоқ дедің. Менің білетінім адамдарға өтірік айтпайтын кісі Аллаһ жайында да өтірік айтпайды.

Оған ергендер бай-шонжарлар ма, жоқ әлде төменгі тап па? - деп сұрадым. Төменгі тап екенін айттың. Шынында да бастапқыда пайғамбарларға еретіндер қарапайым халық.

Оған ергендер артуда ма, жоқ әлде азаюда ма? - деп сұрағанымда, артып жатыр - дедің. Хақ діннің бір ерекшелігі сенушілерінің артуы.

Араларында оның дініне кіріп, артынан ұнатпай ол діннен шыққандар бар ма? - деп сұрадым. Жоқ - дедің. Адам иман келтіріп, сенімі жүрекке бекігеннен кейін осындай болады.

Бұрын-соңды сөзінде тұрмаған кезі болды ма? - деп сұрағанымда, жоқ - дедің. Пайғамбарлар да осындай, сөздерінен таймайды.

Осы уақытқа дейін онымен соғыстыңдар ма? - деп сұрадым. Соғысқандарыңды және оның жеңгенін, ал кейде сендердің жеңгендеріңді айттың. Негізінде пайғамбарлар да осылай, қатты қиыншылық көріп, артынан жақсылыққа кенеледі.

Сендерге нені бұйырады? - деп сұрағанымда, жалғыз Аллаһқа құлшылық қылып, оған еш нәрсені серік қоспауды бұйырғанын, пұттарға табынуға тыйым салғанын және намаз оқуға, туралыққа, ар-намысты болуға шақырғанын айттың.

Егер осы айтқандарың рас болса, ол адам көп ұзамай мына менің отырған жерімді де қолы астына қаратады. Онсыз да мен бұл Пайғамбардың шығатынын білетін едім. Бірақ сендерден шығады деп ойламаппын. Ол жаққа барар болсам онымен кездесу үшін барлық қиыншылықтарға төзер едім. Оның қасында болсам аяқтарын жуар едім.

Осыдан кейін Геракл Хазіреті Пайғамбардың Дихя (радиаллаһу анһу) арқылы Бусра әміршісіне жолдаған,



кейін өзіне жеткізілген хатын сұрады. Хатты алып келіп Гераклге берді. Ол да оқып шықты. Хаттың мәтіні мынадай еді:

«Аллаһтың құлы және Расулі Мұхаммедтен Римдіктердің мәртебелісі Гераклге:

Тура жолға түскендерге сәлем болсын. Мен сені Исламға шақырамын. Исламды қабыл ет, қауіп-қатерден ұзақ боласың және Аллаһ сауабыңды да есе-есе арттырады. Егер де қабыл етпесең (қол астыңдағы) диқандардың күнәсі сенің мойныңда.

قُلْ يَآ اَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا اِلٰى كَلِمَةٍ سَوَآءٍ بَيْنَنَا وَ بَيْنَكُمْ اَلاَّ نَعْبُدَ اِلاَّ
اللّٰهَ وَ لاَ نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَ لاَ يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا اَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللّٰهِ
فَاِنْ تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِاَنَّا مُسْلِمُونَ

«(Оларға): **Ей, кітап иелері! Сендер мен біздің арамыздағы ортақ сөзге** (кәлима таухидке) **келіңдер. Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық әрі оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Аллаһты тастап бір-бірімізді тәңір қылмайық! - деп айт. Егер де олар бас тартатын болса: Куә болыңдар біз мұсылманбыз, - деңдер».** (Әли Имран сүресі 64-аят)

Әбу Суфян былай дейді:

«Геракл айтатынын айтып, хат оқылып болған соң ол жердегілер гүбірлеп, дауыстар үдей түсті. Осыдан соң бізді сыртқа шығарды. Мен достарыма айттым:

«Әбу Кәбшаның ұлының[223] ісі алға басайын деді. Қарандаршы Бәни Әсфәр патшасы да (Геракл) одан қорқып

223. Пайғамбарымыздың лақаб аттарының бірі. I том



жатыр». Міне, сол кезден бастап ол жақын арада үлкен табыстарға жетеді деген сенімімді жоғалтпадым. Соңында Аллаһ маған да Исламды нәсіп етті».

Геракл жоғары лауазымдағыларды шақырып, өзінің сарайларының біріне жиналды. Оларға:

«Ей, Рим зиялылары! Өздеріңнің мәңгілік құтылып, салтанаттарыңның мәңгі жалғасуына не дейсіңдер? - деді (Исламға кірулерін меңзеді). Осы кезде олардың барлығы жабайы есекше үркіп бірден есікке қарай жүгірді. Бірақ барлық есіктер құлыптаулы еді. Геракл айналасындағы мемлекет қайраткерлерінің Исламға кіруге ынталы емес екендіктерін түсінген соң оларды кері шақырды. Айтқан сөздерін өзгертіп:

«Мен сендердің Христиандықтағы табандылықтарыңды және беріктіктеріңді көру үшін сынаған едім. Сендердің бұл әрекеттерің маған қатты ұнады», - деді. Осыдан соң мемлекет қайраткерлері оған сәжде жасап, ризашылықтарын білдірді. (Бұхари, Бәдул Уахи 1, 5-6, Иман 37, Шәһадат 28, Жиһад 102; Муслим, Жиһад 74; Ахмед I, 262)

Византия императоры Геракл алдына келген Ислам нығметін көріп, әрі ақиқатты ұға тұра дүниелік пайдаға беріліп бұл үлкен мүмкіншілікті кері тепті және мәңгілік салтанат пен бақыттан мақрұм қалды.

Иран кисрасына (патшасына) жолданған хатты Абдуллаһ бин Хузафа (радиаллаһу анһу) алып барды. Бірақ кисра Геракл сияқты жылы қарсы алмады. Хатта Хазіреті Пайғамбардың аты өзінің атынан бұрын жазылғаны үшін қатты ашуланып, ол хатты жыртып тастады. Елшілерге ауыр-ауыр сөздер айтты.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) кисра мен адамдарына былай деді:



«Ей, парсы халқы! Сендер пайғамбарсыз, кітапсыз иеліктеріңдегі жер жүзінің кішкене бөлігіне ғана ие болып, түс тәрізді санаулы күндеріңді өткізіп жатырсыңдар. Ал жер-жүзінде сендердің иеліктеріңе кірмеген жерлер одан да көп.

Ей, кисра! Сенен бұрын дүниені немесе ақыретті қалаған көптеген патшалар келіп кеткен. Олардың ақыретті қалағандары дүниеде де өз несібелерін алған. Дүниені қалағандары болса ақыреттегі несібелерінен құр қалған. Біздің саған ұсынып отырған бұл дінді менсінбей отырсың. Бірақ ант етейін қайда барсаң да бұл дін саған барады. Сол уақытта одан қатты қорқасың, әрі одан қорғана алмай қаласың».

Кисра болса мүлік пен салтанаттың тек өзіне ғана тән екенін айтып, жеңілуден, өзіне қарсы келгендерден қорықпайтынын жеткізді. (Сухайли VI, 589-590) Артынан сақшыларына Абдуллаһ бин Хузафаны сыртқа шығарып жіберуін әмір етті.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) кисраның алдынан шыға салысымен атына мініп Мәдинаға қарай тартты. Өз-өзіне:

«Аллаһқа ант етейін! Мен үшін екі жолдың (өлім немесе құтылу) қайсысы келсе де өкінбеймін. Расулұллаһтың хатын тиісті жеріне тапсырдым, өз міндетімді орындадым», - деді. (Ахмед I, 305; ибн Сағд I, 260, IV, 189; ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 263-266; Хамидуллаһ, әл-Уасаиқ 140 бет)

Абдуллаһ бин Хузафаның (радиаллаһу анһу) абзалдығын және асқан ержүректігін көрсететін, ғибратқа толы бір хикаясы бар:

Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) халифалығы тұсында Шамның Кайсария деген аймағында Римдіктерге

қарсы Ислам әскерлері аттанған болатын. Ол әскерлердің арасында Абдуллаһ бин Хузафа (радиаллаһу анһу) да бар еді. Римдіктер оны тұтқынға алды. Патшаларына алып барып: «Мынау Мұхаммедтің сахабаларынан» - деді.

Патшаның бұйрығымен Абдуллаһты бірнеше күн сусыз-тамақсыз аштан-аш бір үйге қамап қойды. Артынан оған біраз шарап пен шошқа етін берді. Үш күн бойы аңдыды. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) шарапқа да, шошқа етіне де жақындамады. Сонда патшаға:

– Ол әбден аштықтан қалжырады. Егер ол жерден шығармасаңыз өледі, - деді.

Патша оны алдырып:

– Сенің ішіп-жеуіңе не нәрсе бөгет болды? - деп сұрады.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Негізінде зәру болған жағдайда оларды ішіп-жеуіме болады. Ол кезде халал етіледі. Бірақ сенің маған және Исламға күліп, мазақ етуіңе жол бергім келмеді, - деді.

Патша оның байсалдылығын көріп:

– Сен Христиандықты қабыл ет, дүние-мүлкімнің жартысы сенікі болсын. Сені мал-мүлкіме және билігіме ортақ қылайын, қызымды да саған берейін. Қалай қарайсың? - деді.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Сен маған Мұхаммедтің (аләйһиссәләм) дінінен тіпті көзді ашып-жұмғандай уақыт шығуым үшін дүние-мүлкіңнің барлығын, бұған қоса бүкіл арабтардың мал-мүлкін берсең де мұны еш қабыл етпеймін, - деді.

Сонда патша:

– Олай болса сені өлтіремін, - деді.

Хазіреті Абдуллаһ:

– Оны өзің білесің, - деді.

Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) ағашқа керді. Алдымен оны қорқыту үшін садақшылар тигізбей оқ атты. Артынан қайтадан оны Христиан болуға шақырды. Ол мүбәрак сахаба кішкене де болса ыңғай танытпады.

Патша:

«Христиандықты қабыл ет немесе қайнаған қазанға лақтырамын», - деді. Қабыл етпеген соң бақырдан жасалған қазан алып келіп ішіне зейтін майын және су толтырып қайнатты. Патша мұсылмандардан бір тұтқынды алып келуді бұйырды. Оны алып келіп Христиандықты қабыл етуін бұйырды. Мұны қабыл етпеген соң «қазанға лақтырыңдар» - деп әмір берді. Мұсылман тұтқынды қазанға лақтырды. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) та мұны көріп тұрды. Әп-сәтте еттері сүйектерінен ажырап ыдырап кетті.

Патша Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) қайтадан Христиан болуға шақырды. Қабыл етпеген соң оны да қазанға тастауға әмір етті. Қазанға тастайын деп жатқанда Хазіреті Абдуллаһ жылап жіберді. Патша оны райынан қайтты деп ойлап қасына алдыртты да қайта Христиан дініне үгіттеді. Қатты ашуланып бас тартқанын көргенде аң-таң болып:

– Олай болса неге жыладың? - деп сұрады.

Хазіреті Абдуллаһ бин Хузафа (радиаллаһу анһу) былай деп керемет жауап берді:

– Сенің маған істегендеріңнен қорқып жылады деп ойлама. Мен Аллаһ жолында пида ететін жанымның біреу-ақ болғаны үшін жыладым. Өз-өзіме: «Сенің қазір бір жаның

бар. Мына қазанға тасталып Аллаһ жолында бірден өліп кетесің. Ал мен денемдегі қылдардың санындай жанымның болуын және әрбір жаным үшін маған Аллаһ жолында қайта-қайта азап көрсетілуін қатты қалаған едім», - дедім.

Хазіреті Абдуллаһтың мұндай иман беріктігінен туындаған шынайы әрекеті патшаға қатты ұнап, оны босатқысы келді.

– Басымнан сүйе ғой, сені еркіңе жіберейін, - деді.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Менімен бірге барлық мұсылман тұтқындарды да босатасың ба? - деді.

– Иә, босатамын, - деді. Сол кезде барып Абдуллаһ:

– Міне енді болады, - деді.

Хазіреті Абдуллаһ былай дейді:

Өз-өзіме: «Өз жанымды әрі мұсылман тұтқындардың жанын құтқарып қалу үшін Аллаһтың дұшпанының басын сүйсем оның күнәсі жоқ шығар. Сүйе сал», - дедім.

Сол күні сексен мұсылман тұтқыннан босатылды. Хазіреті Омарға барғаннан соң болған жағдайды оған баяндады. Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Абдуллаһ бин Хузафаның басын сүю әрбір мұсылманның міндеті. Мұны да алғаш болып мен орындаймын», - деді. Орнынан тұрып оның қасына барды да басынан сүйді. (Ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 212-213; Зәхәби, Сияр II, 14-15)

Міне, бұл мүбәрак сахаба Аллаһ Расулінің Исламға шақырған хатын Иран кисрасына алып барып тапсыру құрметіне ие болды. Әміршісінің бір ауыз сөзін күтіп тұрған жендеттің алдында өте берік иман қуатын көрсетіп кисра мен адамдарына Исламды ұсына білді.



Кисраның хатты жыртып, Ислам дағуатына қарсы әрекет еткенін естіген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Аллаһым! Сен де оның жерін дәл солай парам-парша қыл!» (Бұхари, Илм 7; ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 212)

Шынында да Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл мұғжизасы «Хуләфа Рашидин» кезеңінде орындалды. Кисраның жерлері толығымен мұсылмандардың қарамағына өтті.

Кисра Йеменнің әкімі Базанға хат арқылы хабар жіберіп Пайғамбарды (аләйһиссалату уәссәләм)өзіне алып келуін бұйырды. Базанның елшілері Аллаһ Расуліне келіп жағдайды түсіндірді де оған хатты табыс етті. Әлемдердің Сұлтаны хатты оқыған соң жымиып күлді. Артынан елшілерді Исламға шақырды. Базанның елшілері Хазіреті Пайғамбарымызға:

«Егер бізбен бірге жүрмейтін болсаң әмірші Базанның хатына жауап жаз», - деді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаланың жіберген уахиі бойынша оларға былай деді:

– Аллаһ Тағала кисраға ұлы Ширауайхты қарсы қойды. Ширауайх оны мына айдың мына түнінде, түннің де мына-мына сағатында өлтірді.

Елшілердің көздері шарасынан шыға жаздап:

– Біз сенен естігенімізді жазып әкімге хабар берейік пе? - деді.

Асыл Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Иә! Менен естігендеріңді оған айтып барыңдар. Әрі оған былай деңдер: *«Менің дінім мен үстемдігім кисраның билігі*

тараған жерлерге жетеді. Ат пен түйе бара алатын ең ұзақ жерлерге дейін жайылады». Оған мынаны да айтыңдар: *«Егер де сен мұсылман болатын болсаң қол астыңдағы жерлерді саған беремін. Сені Әбналарға, яғни Йемендегі Парсылардың қауымына әмірші етіп тағайындаймын»*, - деді.

Базан бұл хабарды естіген соң:

– Шынында да оның сөзі жай билеушінің сөзі сияқты емес. Менің ойымша бұл адам айтқанындай бір пайғамбар. Оның кисра жайында айтқан сөздерінің нәтижесін күтейік. Егер осы айтқандары тура болып шықса расында ол Аллаһтың адамдарға жіберген пайғамбары. Ал егер айтқандары орындалмаса, сонан соң оған не істейтініміізді ойланармыз, - деді. Елшілерге бұрылып:

– Сендердің ойларыңша ол қандай адам? - деп сұрады.

– Біз одан айбынды және сыпайы, ол сияқты еш нәрседен қорықпайтын, айналасында қорғаушылары жоқ және адамдардың арасында жаяу жүретін ешбір билеуші көрмедік. Асхабы оның қасында дауыстарын шығармайды, сыбырлап сөйлеседі, - деп көрген нәрселерін таңдана-таңдана жеткізді.

Ширауайхтың әкесін өлтіргендігі жайлы хаты келгенде қарап еді, Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан уақыты минутына дейін дәлме-дәл келді. Әкім Базан Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бұл адам шын мәнінде Аллаһ тарапынан адамдарға жіберілген пайғамбар!» - деп, мұсылман болды. Йеменде тұратын шыққан тегі Парсыларға тірелетін Әбналар да мұсылман болды. (Ибн Сағд I, 260; Әбу Нуайм, Дәләйл II, 349-350; Диярбақри II, 35-37)

Аллаһ Расулінің жазған хатын, әрі хатты алып келген Пайғамбар елшісін ең жақсы түрде қарсы алған Хабаш

Нәжәшиі (патшасы) болатын. Амр бин Умаяның (радиаллаһу анһу) Нәжәшиге тапсырған хатында Исламға шақырумен бірге Хазіреті Мәрям және Хазіреті Иса жайында да қысқа мағлұмат бар еді. Исламды алдын Хабашстанға хижрет жасаған мұсылмандардан азды-көпті үйреніп, бұған о бастан жылы шырай танытқан нәжәши бұл шақыру хатымен иман нұрына бөленді. Осы аралықта сол жерде болған Әбу Тәлибтің үлкен ұлы Хазіреті Жағфардың алдында кәлима шәһадат айтып мұсылман болды. Кейін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрауы бойынша ол жердегі мұхажирлерді екі кемеге мінгізіп аттандырды. Мұнымен қатар иман келтіргенін білдіріп Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хат жолдады. Хаты мынадай еді:

«Аллаһтың Расулі Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Нәжәшиден:

Уа, Расулұллаһ! Саған сәлем болсын! Аллаһтың мейірімі мен берекеті де саған болсын! Өзінен басқа ешбір тәңір болмаған Аллаһ мені Исламға қауыштырды.

Уа, Расулұллаһ! Хазіреті Исаның жағдайын білдірген хатыңыз маған жетті. Жер мен көктің Раббысына ант етейін, Хазіреті Иса да сіздің ол жайында айтқандарыңыздан артық еш нәрсе айтпаған. Оның шақырған нәрсесі де сіздің шақырған нәрсеңіздей. Сіздің бізге жеткізуге міндетті болған Исламның негіздерін үйрендік. Көкеңнің ұлымен (Жағфар Тайяр) бірге елімізге қоныс аударған асхабыңды қонақ қылдық. Мен Сені Аллаһтың Расулі екендігіңе куәлік беремін. Сен сөзіңе беріксің. Хақсың әрі расталғансың.

Уа, Расулұллаһ! Мен саған өкілің көкеңнің ұлы арқылы бәйат еттім (сөз бердім). Оның алдында Әлемдердің Раббы Аллаһқа мойынсұндым. Саған ұлым Әрханы жіберемін. Мен

өзіме қожайынмын. Уа, Аллаһтың Расулі егер саған келуімді қаласаң, дереу барамын. Мен сенің айтқандарыңның ақиқат екеніне куәлік беремін. Уа, Аллаһтың Расулі саған сәлем болсын!». (Ибн Сағд I, 259; ибн Қайюм III, 689; Хамидуллаһ, әл-Уасайқ 100, 104-105 беттер)

Тағы бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, халайық! Сауабын Аллаһтан күтіп мына хатты Искандария Мұқауқисына[224] (патшасына) кім алып барады?» - деп сұрады. Хатиб бин Әби Бәлта (радиаллаһу анһу) орнынан ұшып тұрып Расулұллаһтың алдына барды:

– Уа, Рауслұллаһ! Мен алып барамын, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Хатиб! Аллаһ бұл міндетті саған берекелі қылсын», - деді.

Хатиб (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың хатын Искандария Мұқауқисына жеткізді. Хатта былай жазылған еді:

«Бисмилләһир рахманир рахим.

Аллаһтың құлы және Расулі Мұхаммедтен Қыбтилардың ұлысы Мұқауқисқа. Тура жолдағыларға сәлем болсын!

Сені Исламға шақырамын. Мұсылман бол да құтыл. Сонда Аллаһ сауабыңды екі есе арттырады. Егер де мұны

224. Византия императорлары үшін Қайсар және Рим Қайсары, Парсы билеушілері үшін Кисра, Хабаш билеушілеріне Нәжәши, Мысыр билеушілеріне Перғауын, Искандария билеушілері үшін Мұқауқис, Йемен мен Шиххир билеушілеріне Тубба, Үнді билеушілері үшін Батлимус аты берілген. Бұлар кісі аты емес, жалпы билеушілерге берілген лауазым. (Ибн Кәсир, әл-Бидая XI, 228)



қабыл етпесең Қыбтилардың күнәсі сенің мойнында болады.

قُلْ يَٓا اَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا اِلٰى كَلِمَةٍ سَوَٓاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ اَلَّا نَعْبُدَ اِلَّا
اللّٰهَ وَ لَا نُشْرِكَ بِه۪ شَيْـًٔا وَ لَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا اَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللّٰهِ
فَاِنْ تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِاَنَّا مُسْلِمُونَ

«(Оларға): **Ей, кітап иелері! Сендер мен біздің арамыздағы ортақ сөзге** (кәлима таухидке) **келіңдер. Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық әрі оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Аллаһты тастап бір-бірімізді тәңір қылмайық! - деп айт. Егер де олар бас тартатын болса: «Куә болыңдар біз мұсылманбыз», - деңдер».** (Әли Имран сүресі 64-аят)

Хазіреті Пайғамбарымыздың хатын оқығаннан кейін Муқауқис Хатибты (радиаллаһу анһу) қасына шақырып, дін адамдарын да жинады. Бұл оқиғаның жалғасын Хатиб (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Муқауқис маған:

– Білгім келген кейбір нәрселерді сенен сұраймын, сенімен әңгімелесейін, - деді.

Оған: «Жарайды сөйлесейік», - дедім.

Муқауқис:

– Сенің қожайының пайғамбар емес пе? - деп сұрады.

– Иә, ол Аллаһтың Расулі, - дедім.

– Ол шынында да пайғамбар болса, өз елінен қуылып басқа жерді паналауға мәжбүр еткен қауымы үшін неге Аллаһтан қарғыс тілемеді? - деп сұрағанда оған:

– Сен Мәриямұлы Исаның Аллаһтың Пайғамбары екендігін қабылдайсың ғой? Оның шынында да пайғамбар екендігін көре тұра қауымы оны ұстап алып асайын деп жатқанда Аллаһтан оны көкке көтеріп алып кетуінің орнына, қауымын талқандауы үшін дұға қылса болмас па еді? - дедім.

Мұқауқис айтарға сөз таба алмай қалды. Біраз уақыт үнсіз қалғаннан соң:

– Сөзіңді қайталашы, - деді. Қайталадым. Мұқауқис тағы да үндемей қалды. Сосын:

– Әдемі айттың. Сен данышпансың, әрбір сөйлеген сөзің орынды-ақ және данышпанның қасынан келдің, - деді.

Осыдан соң мен де Мұқауқисқа:

– Бұл жерде сенен бұрын бір адам өзінің ұлы тәңір екендігін жариялаған еді. Аллаһ Тағала ол перғауынды дүние және ақырет азабымен азаптады. Сен өзіңнен бұрынғылардан ғибрат ал, басқаларға ғибрат болма,[225] - дедім.

Мұқауқис:

– Біздің өз дініміз бар, одан артық дін көрмейінше оны тастамаймыз, - деді.

Мен оған:

– Әлбетте Ислам сенің дініңнен әлдеқайда артық. Біз сені Аллаһ Тағаланың адамдарға дін ретінде қалаған Исламға шақырамыз. Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек қана сені емес бүкіл адамзатты

225. Бұл жайында ақын өте тамаша айтқан:
Өткеннен ғибрат алмаса кісі,
Келешекке ғибрат болу оның ісі.

шақырады. Оған ең көп қарсы шығып, өрескел әрекеттер жасаған құрайштықтар болатын. Оған қарсы ең көп дұшпандық жасағандар да яһудилер еді. Ал ең көп жылы шырай танытқандар болса Христиандар. Хазіреті Мұса Хазіреті Исаның келетінін сүйіншілеген болса, ол да Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келетінін сүйіншіледі. Біздің сені Құранға шақыруымыз, сенің Тәуратқа сенетіндерді Інжілге шақыруың сияқты. Әр адам сол заманда келген пайғамбарға үммет болуға міндетті. Сен де Хазіреті Мұхаммедтің (аләйһиссалату уәссәләм) заманына жеттің. Олай болса біз сені Исламға шақырумен Исаның (аләйһиссәләм) дінінен аластатпаймыз. Керісінше оның алып келгеніне сай түрде амал жасауыңа үгіттейміз», - дедім.

Муқауқис:

– Мен бұл пайғамбардың дінін мұқият қадағаладым. Байқауымша онда дүниеден үзілді-кесілді бас тартуда бұйырмайды, әрі жағымды және жақсы әрекеттерден тыймайды. Ол жолынан адасқан сиқыршы да емес, өзінің ғайыптан хабар алатынын айтып далбасалайтын өтірікші де емес. Керісінше онда ғайып сырларын ашып, хабар беру сияқты пайғамбарлық нышаны бар. Сонда да мен тағы да біраз ойланайын, - деді.

Кейін Хазіреті Пайғамбарымыздың хатына мынадай жауап жаздырды:

«Бисмилләһир рахманир рахим.

Мұхаммед бин Абдуллаһқа Муқауқистан:

Сәлем саған! Хатыңды оқыдым. Айтқандарыңды және мені шақырған нәрсеңді түсіндім. Тағы бір пайғамбардың келетінінен хабарым бар еді. Бірақ оны Шамнан шығады деп

ойлайтын едім. Елшіңді күтіп алдым. Саған Қыптилардың арасында мәртебелі болған екі күң мен киімдер жіберемін. Тағы да мінуің үшін саған қашыр сыйлаймын. Сау-саламат бол!»

Мұқауқис бұдан әрі еш нәрсеге бармады, мұсылман да болмады. Маған да: «Байқа! Қыптиларға тіс жарып жүрме, олар бірде-бір сөз естімейтін болсын», - деп ескертті». (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 266-267; ибн Сағд I, 260-261; ибн Хажар, әл-Исаба III, 530-531)

Жоғарыда айтылғандай Мұқауқис Аллаһ Расулінің шақыруына жылы шырай танытты. Ол соңғы пайғамбардың келетінін білетін, бірақ оны Шам өңірінен шығады деп ойлайтын. Бұл ойы оның ақиқатқа бас иуіне кедергі болды. Сондықтан Мұқауқис Иман келтірмеді. Бірақ хатты алып келген Хатиб арқылы түрлі сыйлықтар, бір қашыр және екі күң (Хазіреті Мария мен сіңлісі Сиринді) беріп жіберді.

Жолда Хатиб (радиаллаһу анһу) бұл апалы-сіңлілі екеуіне Исламды түсіндіріп оларды мұсылман болуға үгіттеді. Олар да иман бақытына кенелді.[226] Осылайша Мәдинаға келместен бұрын ақиқатты таныды.

Хатиб (радиаллаһу анһу) Мұқауқистың сөздерін баяндаған соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Ай қырсық адам, билігін қиғысы келмеді. Қиғысы келмеген салтанаты оның қолында қалмайды». (Ибн Сағд I, 260-261; Диярбакри II, 38)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күң Сиринді Хассан бин Сәбитке некеледі. Хазіреті Мариямен

226. Ибн Сағд VI, 212.

өзі отасты. Ибраһим атты ұлы осы әйелінен дүниеге келді. Хазіреті Пайғамбардың бұл үйленуі де Аллаһтың қалауы бойынша жүзеге асты. Әрі көптеген саяси пайдалары тиді. Бұл жағдайдың мысырлықтарға қатты әсері болды. Сондай-ақ кейінгі жылдары болған Ислам мен Византия соғыстарында мысырлықтар византиялықтардан бөлініп кетті. Сөйтіп Ислам әскерлерінің жеңіске біраз да болса емін-еркін жетуіне септігі тиді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туған-туыстарға жақсы қарым-қатынас жасау керектігін ұсына отырып асхабына былай деді:

«Сендер «карад» өлшем бірлігін қолданатын Мысырды аласыңдар. Ол жердің халқына дұрыстап қарауларыңды өсиет етемін. Өсиетімді орындаңдар, өйткені олармен тегіміз бір, әрі жекжаттығымыз бар». (Муслим, Фадайлус Сахаба 226-227)

Аллаһ Расулінің шыққан тегі Хазіреті Исмаилге барып тіреледі. Исмаилдің анасы Хазіреті Хажар мысырлық болғандықтан Әлемдердің Сұлтаны мысырлықтарды туысқан ретінде санаған. Жекжаттық болса Мария анамыздан келеді.[227]

Шужа бин Уахб (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың хатын Сириядағы Ғассани арабтарының көсемі Хариске алып барғанда дөрекілік көрсетіп, құрметсіздік жасады. Тіпті мұсылмандарға қарсы шабуыл жасау үшін Византия императорынан рұқсат сұрады. Бірақ император рұқсат етпеді.[228]

Ямама патшасы Хаузаға Пайғамбарымыздың хатын Сәйид бин Умайр (радиаллаһу анһу) алып барып тапсырды.

227. Ибн Хишам I, 4.
228. Ибн Сағд I, 261.

Бірақ ол дағуатты қабыл етпеді. Ол көп ұзамай ғапылдық түнегінде адасқан күйде өліп кетті.[229]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жіберген елшілеріне көңіл бөлуі керек ең маңызды мәселелерді атап, кеңесін берді. Мысалы, Аллаһ Расулі Химярда тұратын кейбір адамдарға хат жазған еді. Хатты Хазіреті Ияш (радиаллаһу анһу) арқылы жолдап, оған мынадай кеңестер айтты:

«Ол жерге барған кезіңде түнде кірме. Таңның атқанын күт. Сосын жақсылап дәретіңді ал, екі рәкат намаз оқы. Кейін жақсылап дайындығыңды жасап хатты оң қолыңа ал және оны оң қолыңмен олардың оң қолына табыс ет. Осылай ететін болсаң олар сені қабыл алады».

Ияш (радиаллаһу анһу) айтады:

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтып тапсырғанындай жасадым. Исламды қабыл етті. Одан кейінгі жағдайлар да дәл Аллаһ Расулінің айтқанындай болды». (Ибн Сағд I, 282-283)

Мәдинадан таркаған бұл дағуаттар бүкіл жер жаханды құшағына алу үшін жасалған Исламның алғашқы қадамдары болды. Мұнымен қатар Арабия түбегінен бастау алған Ислам күн өткен сайын кең жайыла бастады. Осылайша ұлы жеңістердің іргетасы Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз қолымен қаланды.

229. Ибн Сағд I, 262.

1	Дихия б. Халифа ал-Кальби	Византия патшасы Хераклий	Илия Құдыс	Патшалығынан айрылу қорқып, мұсылман болмады
2	Абдуллаһ б. Хузафа ас-Сахми	Кисра (Иран патшасы)	Мадайн	Аллаһ Расулінің хатын жыртты. Аллаһ та оның мүлкін...
3	Амр б. Умаййа ад-Дамри	Хабеш Нәжашиі	Хабешистан	Мұсылман болды
4	Хатиб б. Әби Балтаға	Мысыр	Мысыр	Мұсылман болмады, Елшіге құрмет көрсетті
5	ал-Ала б. Хадрами	Бахрейн патшасы	Бахрейн	Мұсылман болды
6	Селит б. Амр ал-Амири	Ямама әміршісі	Ямама	[illegible]
7	Шужа б. Уахб ал-Әсади	Гассани әміршісі Харис ал-Ғассани	Хауран	Мадинаға соғыс ашуға ниеттенді
8	ал-Мухажир б. Умаййа ал-Махзуми	Йемен әміршісі ал-Харис ал-Химйари	Йемен	Мұсылман болды
9	Амр б. ал-Ас ас-Сахми	Уман патшасы Жулянди	Уман	Мұсылман болды

АНАДОЛЫ
САСАНИ
АКТЕҢІЗ
Шужа б. Уахб
Хауран
Шам
Мадайн
Абдуллаһ б. Хузафе
ИРАК
Искендерия
Құдыс
Хатиб б. Әбу Балтаа
Дихия б. Халифе
Тәбук
ХИЖАЗ
Ала б. Хадрами
Басра шығанағы
ИРАН ИМПЕРИЯСЫ
Мысыр
Судан топырағы
МӘДИНА МУНАУУАРА
НЕЖИД
Ямама
Селит б. Амр
Уман шығанағы
Уман
Амр б. әл-Ас
Нубә патшалығы
Ніл
МЕККЕ МУКАРРАМА
АРАБ ЖАРТЫ АРАЛЫ
Жұләндия
ҚЫЗЫЛТЕҢІЗ
Мухажир б. Үмәййә
Араб теңізі
Хабеш
Йемен
Аксум патшалығы
Амр б. Үмәййә
Хабешистан
Аден теңізі

Яһудилердің Хазіреті Пайғамбарымызды дуалауы

Яһудилердің беделділері мұсылман болғандығын жариялағанымен екі жүзді, өте шебер сиқыршы Ләбид бин Асам атты яһудиге былай деді:

«Сен біздің өте білгір сиқыршымызсың. Мұхаммед еркектерімізді де, әйелдерімізді де сиқырлады. Біз оған қарсы еш нәрсе істей алмадық. Сен оның бізге не көрсеткенін, қалай дінімізге қарсы әрекет жасағанын, бізден кімдерді өлтіргенін, кімдердің жер аударғанын көрдің. Біз оны істеген әрекеттеріне қарсы дуалап жазалауды саған тапсырамыз». Сөйтіп адамзаттың асылы Пайғамбарымызды дуалау үшін үш динар (алтын) берді.

Ләбид Пайғамбарымыздың бірнеше тал шашын қолға түсірудің жолдарын іздестіре бастады. Оны қолға түсірген соң, бірнеше жерінен түйіндеп үрледі. Артынан оны еркек құрма гүлінің қабығына салды. Сөйтіп оны алып барып бір құдықтың ішіндегі баспалдақ тасының астына жасырды. Ләбид дұға жасаған соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) науқастанып қалды. Көзінің жанары солғын тартып, науқасы созылып кетті. Ішіп-жеуден қалды.

Аллаһ Тағала Расуліне бұл дуаны кім істегенін, қалай жасағанын және қай жерге жасырғанын көрсетті. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Али мен Аммарды Заруан құдығына жұмсады. Құдықтың суы хынаға боялып, қасындағы құрма ағаштарының бастары шайтанның басындай болған екен. Хазіреті Али мен Аммар құдықтың суын тартып тауысты, ішіндегі баспалдақ тасты алып, дуаны тапты.

Осы кезде Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Фәләқ пен Нас сүрелерін алып келді. Әр аятын оқығанда бір түйіні

шешіліп отырды. Ең соңғы түйіні шешілген кезде Хазіреті Пайғамбарымыз еңсесі көтеріліп, қайтадан қалпына келді. Тамақ жеп, су іше бастады. Расулұллаһ Заруан құдығын көмдірді. Дуа жасаған яһуди Ләбидтің істеген кінәсін айтып бетіне баспады, тіпті оған бармады да. Өміріне қауіп төндірген Ләбидті әрі оның руы Бәни Зұрайқ яһудилерінен ешкімді өлтірмеді.[230]

Бір күні Хазіреті Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

– Жеті нәрседен сақтаныңдар!

Сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Бұлар не нәрсе? - деп сұрады.

Сонда Әлемдердің Сұлтаны былай деді:

«Аллаһқа серік қосу, дуа жасау, Аллаһ харам қылған адамды жазықсыз өлтіру, өсім жеу, жетімнің малын жеу, соғыстан қашу, намысты әрі абыройлы әйелдерге зина жаласын жабу». (Бұхари, Уасая 23; Муслим, Иман 145)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бір хадисінде былай деген:

«Кімде-кім түйін жасап оған үрлейтін болса дуа жасаған болады. Ал кімде-кім дуа жасаса шірікке кіреді...» (Нәсаи, Тахрим 19)

«Кімде-кім жоғалған немесе ұрланған малдың қайда екенін айтатын кісіге (арраф)[231] *барып, одан бір нәрсе сұрайтын*

230. Ибн Сағд II, 197; Бұхари, Тыб 47,49; Муслим, Сәләм 43; Нәсаи, Тахрим 20; Ахмед IV, 367, VI, 57; XXI, 282.

231. Кахин – келешектен хабар беретіндігін айтатын адам. Арраф та кахиннің мағынасына келеді. Бірақ Арраф деп әсіресе ұрланған немесе жоғалған бір заттың орнын айтып беретін адамдарға айтады. Тағы да мүнәжжимдер

болса және айтқан нәрселеріне сеніп мақұлдайтын болса, ол кісінің қырық күнге дейін ешбір намазы қабыл болмайды». (Муслим, Сәләм 125)

Опасыз және бүлікшіл яһудилерге соңғы соққы

Хайбардың алынуы (Сапар-Рабиуләууәл 7/Маусым-Шілде 628)

Мунафиқтар мұсылмандар мен Меккелік мүшриктердің Хұдайбияда жасаған келіссөздерінің сырт көрінісіне қарап, мұны мұсылмандардың әлсіздігіне жорыған еді. Олардың бұл әрекетіне Хайбар яһудилері де қосылды. Біраз уақыт өткен соң бұрын жер аударылған яһуди тайпаларынан Хайбарға қоныстанғандары оларды арандатып Хайбарда бүлік отын бықсытты. Яһудилер Ғатафан тайпасына хабар жіберіп өздеріне қосылатын болса бір жылдық өнімдерінің жартысын беруге уәде етті. Оларға Ғатафан тайпалары да қосылған соң, арам ниеттерін іске асыру үшін барлығы бірігіп әрекетке көшті. Мәдинаға әскер жіберуді жоспарлады.[232]

Яһудилердің бұл әрекетіне қарсы Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабынан Абдуллаһ бин Рауаханы бейбіт келісім үшін Хайбарға аттандырды. Бірақ олар бұдан бас тартқан соң асхабына Хайбар ғазауатына шақыратынын хабарлап:

«Бізге тек қана жиһадты қалайтындар ерсін», - деді (Ибн Сағд II, 92, 106)

Өйткені соғыстан басқа жол қалмаған еді. Бір жағынан Мәдина Хайбар мен Меккенің арасында болатын. Демек

бар. Негізінде олар да кахин. Арадағы айырмашылықтары мүнәжжим болатын оқиғаларды жұлдыздарға қарап білетіндігін айтады.

232. Уақиди II, 530-531, 266, 640; ибн Сағд II, 92.

мүшриктермен соғыс бола қалған жағдайда, Хайбар мұсылмандардың арқасында қалып аса қауіп төндіруі әбден мүмкін еді.

Пайғамбардың әмірін естіген саңлақ сахабалар ғазауатқа шығуды қуана-қуана қабыл алды. Бірақ та Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабын жиһадқа шақырғанымен, Хұдайбияда болмағандарды әскер қатарына алмады. Өйткені бұдан бұрынғы соғыстарда тек олжа алу үшін қосылған мунафиқтардың қысылтаяң сәтте жасаған опасыздықтары Ислам сарбаздарына кері әсерін тигізген еді. Қазір де сол адамдар дәулетті яһудилердің мал-мүлкіне қызығып, одан үлес алуды көздеп соғысқа қатысқылары келген еді. Міне сондықтан Хұдайбияда болғандардан басқа соғысқысы келгендер қабыл етілмеді. Дегендей Хақ Тағаланың әмірі де осыны бұйырған еді:

قُلْ لَنْ تَتَّبِعُونَا

«...(Расулім! Оларға) **Айт: сендер әсте бізге ере алмайсыңдар...»** (Фәтх сүресі 15-аят)

Мұсылмандардың Хайбарға аттану үшін дайындалып жатқанын көріп, Хазіреті Пайғамбарымызбен келіссөзі болған Мәдина яһудилері қатты сасып, айқай-шу шығара бастады. Олар Пайғамбарымыздың Қайнұқа, Надыр, Құрайза яһудилеріне тізе бүктіргеніндей Хайбар яһудилерін де күйрететінін білді. Мұсылмандарда аз болсын, көп болсын алашағы болған яһудилердің барлығы бірден мүминдердің жағасына жармасты. Төмендегі оқиғада бұл жағдай ап-айқын көрінеді, әрі мұнымен бірге Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құл ақысына қаншалықты мән беріп, ден қоятынын көрсетеді:

Әбу Шахм атты яһудидің Абдуллаһ бин Әби Хадрадта (радиаллаһу анһу) алашақ бес дирхамы бар еді. Абдуллаһ бала-шағасы үшін бұл яһудиден арпа сатып алған еді. Әбу Шахм жағасына жармасқан соң:

– Маған біраз уақыт бер. Иншаллаһ қарызымды беремін. Аллаһ Тағала Пайғамбарына Хайбар олжасын уәде еткен. Ей, Әбу Шахма! Біз Хижаздағы азық-түлік пен мал-мүлікке өте бай қалаға бара жатырмыз, - деді.

Яһуди Әбу Шахманың қызғанышы мен ашу ызасы онан сайын арта түсті:

– Сен Хайбар яһудилерін сендермен соғысқан арабтар деп ойлайсың ба? Тәуратқа ант етейін, ол жерде он мың сарбаз бар, - деді.

Абдуллаһ:

– Ей, Аллаһтың дұшпаны! Сен біздің қорғауымыздасың. Аллаһқа ант етейін сені Расулұллаһтың алдына алып барамын! - деді де, оны ұстап Аллаһ Расулінің құзырына алып келді.

– Уа, Расулұллаһ! Мына яһудидің маған не дегенін тыңда, - деп, Әбу Шахманың айтқандарын айтып берді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнсіз қалды, еш нәрсе демеді. Тек еріндері ғана қимылдады, бірақ не айтқаны естілмеді.

Яһуди:

– Уа, Әбул Қасым! Мынау маған әділетсіздік жасады, қарызын бермеді, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһқа:

– Бер, мынаның ақысын, - деді.

Абдуллаһ кедей екенін, Хайбар олжасынан қарызын беретінін айтса да Әлемдердің Сұлтаны бұл сөзін екі рет қайталады. Осыдан соң Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып базарға барды. Үстіндегі ридасын (киімін) шешіп, өзі сәлдесімен оранды да яһудиге:

– Мына киімімді менен сатып ал, - деді.

Яһуди оны төрт дирхамға сатып алды. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) қалған қарызын да тауып өтеді. (Ахмед III, 423; Уақиди II, 634-635)

Аллаһ Расулі әскерлерімен жолға шыққан кезде барлық соғыстағыдай Аллаһ Тағалаға мына дұғаны айтып жалбарынды:

اَللّٰهُمَّ رَبَّ السَّمٰوَاتِ السَّبْعِ وَ مَا أَظْلَلْنَ وَ رَبَّ الْاَرْضِينَ اَلسَّبْعِ وَ مَا
أَقْلَلْنَ وَ رَبَّ الشَّيَاطِينِ وَ مَا أَضْلَلْنَ وَ رَبَّ الرِّيَاحِ وَ مَا ذَرَيْنَ أَسْأَلُكَ
خَيْرَ هٰذِهِ الْقَرْيَةِ وَ خَيْرَ أَهْلِهَا وَ خَيْرَ مَا فِيهَا وَ نَعُوذُ بِكَ
مِنْ شَرِّهَا وَ شَرِّ أَهْلِهَا وَ شَرِّ مَا فِيهَا

«Ей, жеті қабат көк пен оның астындағылардың Раббысы. Жеті қабат жердің және ішіндегілердің Раббысы. Шайтандар мен оның адастырғандарының Раббысы. Дауыл мен ұшырылғандардың Раббысы болған Аллаһым! Біз сенен бұл мекеннің, оның халқының және ішіндегілердің жақсылығын тілейміз. Бұлардың жамандығынан да саған сиынамыз».[233] (Ибн Хишам III, 379; Уақиди II, 624)

233. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қандайда бір елді мекенге кірер кезде, оны көрісімен әрдайым осы дұғаны оқитын. (Хаким I, 614/1634)

Жолда бара жатып мұсылмандар бар дауысымен «Аллаһу Әкбар! Аллаһу Әкбар! Лә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар!»- деп барлығы бірге тәкбір айта бастады. Сол кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Өздеріңе мейірімді болыңдар. Сендер саңырау біреуге айтып жатқан жоқсыңдар, әрі ол ғайып та емес. Сендер көретін, еститін, сендермен бірге болған Аллаһқа айтып жатырсыңдар. Дұға жасаған нәрселерің әрбіріңе көлігінің мойнынан да жақын». (Бұхари, Дағуат 50, 67; Муслим, Зикр 44)

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) түнде жетіп, ол жерде күтті. Өйткені ол жауға түнде шабуыл жасамайтын, таңның атуын күтетін. Таң атқан соң яһудилер қайта, күректерін және зембілдерін алып сыртқа шықты. Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көргенде:

«Мұхаммед, шынымен де Мұхаммед пен әскерлері», - деп айқайлап қорғандарына кіріп кетті. Сол кезде ардақты Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар! Хайбар быт-шыт болып құлады! Біз, дұшпан болған бір елге шабуыл жасасақ, ол ескертілген кәпірлердің жағдайы қиын болады!» - деді. (Бұхари, Мағази 38; ибн Хишам III, 380)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шатырын Ғатафан мен Хайбардың арасындағы Ражи деген жерге құрды. Осылайша екі одақтастың бір-біріне жәрдем берулеріне бөгет болды. Хайбар яһудилері көмек сұраған соң жолға шыққан ғатафандықтар жолдың бөгелгенін көргенде қорқып, кері қайтты.

Сөйтіп жалғыз өзі соғысуға мәжбүр болған Хайбар яһудилері қорғандарына тығылды.



Қоршау кезінде бір бүлікші яһудилерді соғысқа айдап салу үшін жалған сөздер айтқан еді. Расулұллаһ (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм):

«Яһудилерге бір шайтан келіп: «Мұхаммед тек қана сендердің мал-мүліктеріңді алу үшін соғысып жатыр», - деген екен. Оларға: «Лә иләһә иллаллаһ» деңдер. Мұнымен малдарың мен қандарыңды қорғап қаласыңдар. Ақыреттегі есептерің болса Аллаһқа тән», - деп айтыңдар» - деді.

Яһудилерге дауыстап осылай айтылды. Олар болса:

«Қолымыздағы Мұсаның кітабы Тәуратқа ант етейік! Біз сендердің айтқандарыңды істемейміз, дінімізден де шықпаймыз», - деп жауап қайтарды. (Уақиди II, 653)

Қоршау бірнеше күнге созылды. Мұсылмандардың азық-түлігі таусыла бастады. Соғыстың жағдайы өте қиындап кетті. Мұсылмандар шейіт болып, жараланып жатты. Өте зор қиыншылықтарға тап болды. Бірақ Аллаһ Расулі әрбір сәтте адамдарды Исламға және Аллаһқа шақыруын тоқтатпады.

Расулұллаһ (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) Исламға шақырғанда ешкімді кіші көріп кемсітпейтін. Хайбар ғазауаты кезінде де мұның бір мысалын көруге болады. Аллаһ Расулі бір яһудидің қойын бағып жүрген құлға да Исламды әбден түсіндіріп, ол құлдың һидаятқа түсуіне себеп болған болатын.[234] Оқиға былай болған еді:


Яһуди шонжарларынан бірінің қойын бағып күнелтіп жүрген Ясар, бір күні таңертең қорған сыртында қой бағып жүргенде Хазіреті Пайғамбарымызға жолығады. Біраз уақыт әңгімелескеннен кейін Ясар Исламды қабыл етті. Аллаһ

234. Ибн Хишам III, 398.

Расулі оның есімін Әсләм деп өзгертті. Сосын ол бағып жүрген қойларды не істеу керектігін Хазіреті Пайғамбарымыздан сұрады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– Оларды кері қайтарып айдап жібер. Күмәнданбай-ақ қой барлығы иесіне оралады, - деді. Әсләм бір уыс қиыршық тас алып қойларға қарай лақтырды да:

– Иелеріңе қайтыңдар! Аллаһқа ант етейін бұдан кейін ешқашан сендермен бірге болмаймын, - деді. Қойлар жұбын жазбай, оларды біреу айдап барғандай қорғанға кірді. Әлгі қойшы да соғысу үшін мұсылмандармен бірге қорғанға қарай беттеді.[235]



Мұсылман болып артынша дереу жиһадқа қатысқан Әсләм (радиаллаһу анһу) біраз уақыттан соң шейіт болды. Артынан оны Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алып келді. Аллаһ Расулі бірнеше асхабымен бірге оған қарай аяңдап еді, жүзін басқа жаққа бұрды. Себебін сұраған кезде:

235. Ибн Хишам III, 397-398; ибн Хажар, әл-Исаба I, 38-39.

«Дәл қазір хор қыздарынан екі жұбайы оның жанында»,- деді. (Ибн Хишам III, 398; ибн Хажар, әл-Исаба I, 38-39)

Мұсылмандар әбден қиналып, жасаған шабуылдары тойтарылып шаршап-шалдыққан кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Ертең туымды бір кісіге тапсырамын. Аллаһ оның қолымен Хайбардың жеңісін сыйлайды. Ол адам Аллаһ Расулін жақсы көреді. Аллаһ Расулі де оны жақсы көреді».

Ғазауатқа қатысқандар тудың кімге берілетіндігін ойлап, әңгімелесіп таңды атырды. Таң атқан соң Аллаһтың және Расулінің сүйіспеншілігіне бөлену мақсатымен, тудың өзіне берілетінін үміттенген барлық сахаба тегіс Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарай жүгірді. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Қолбасшы болуды ол күнге дейін ешқашан қаламаған едім. Мені шақырып қалар деп Расулұллаһқа өзімді көрсетуге тырыстым», - деген еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туды тапсыру үшін Хазіреті Алиді (радиаллаһу анһу) шақырды. Хазіреті Алидің көздері ауырғандықтан оны қолтығынан сүйеп алып келді. Көз ауруы аяғының басқан жерін де көре алмайтындай дәрежеде еді. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Алидің (радиаллаһу анһу) бұл жағдайын көргенде, оның ауырған көздеріне оқып дем салды. Арыстандай айбатты Хазіреті Али Аллаһтың қалауымен айығып кетті. Осыдан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған сауыт кигізіп, қолына туды бергеннен кейін былай деді:

«Уа, Али! Қане алға ұмтыл! Аллаһ жеңіс бергенге дейін оң-солыңа қарама!»

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) дереу жүріп кетті. Артынан тоқтап арқасына бұрылмай дауыстап былай деді:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Олармен қашанға дейін соғысайын?».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Олармен Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына және Мұхаммедтің Аллаһтың Расулі екендігіне куәлік бергенге дейін соғыс. Мұны айтқан кезде қандары мен малдарын сенен қорғап қалады. Ал олардың негізгі есептері Аллаһқа тән. Асықпастан өте байсалды түрде оларға бар. Алдымен оларды иманға шақыр. Егер осыдан соң бір кісі мұсылман болса, бұл саған қызыл түйелерді алуыңнан да қайырлы...» (Бұхари, Асхабун Нәби 9; Муслим, Фадайлус Сахаба 32-34; Хайсәми VI, 151)

Сол күні яһудилердің ең атақты жауынгерлері өлтірілді. Хайбар алынды. Хайбардың сегіз бекінісі бар болатын. Олардың екеуі еш соғыспастан бекіністерін берді. Осылайша Пайғамбарымыздың мұғжизасы орындалды. Бұл соғыста яһудилерден тоқсан үш адам өлді, мүминдерден он бес кісі шейіт болды.[236]

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Хайбар ғазауатында Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болдық. Мұсылман болғандығын айтқан бір кісі үшін Аллаһ Расулі:

«Ол тозақтық», - деді. Соғыс басталған соң әлгі адам қаһарманша соғысып жараланды. Сахабалардың кейбірі:

---

236. Сәйид Сайфуллаһ бұл оқиғаны мына мағынадағы өлең жолдарымен былай түсіндіреді:
«Бір үзім нан үшін надан адамды мақтама, негізгі надандық осы. Хайбар қорғанындай мықты нәпсіңді жең. Сонда Хазіреті Али сияқты қаһарман боласың».

– Уа, Аллаһтың Расулі! Сіздің біраз бұрын тозақтық екенін айтқан кісіңіз тайсалмай соғысып өліп кетті, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы да:

– Ол жәһәннәмға кетті, - деді.

Осы сөзден кейін мұсылмандардың кейбірі күдіктене бастаған еді. Әскерлер Пайғамбарымызға (аләйһиссалату уәссәләм):

– Ол әскер әлі өлмеген екен, бірақ өте ауыр жараланыпты, - деді. Түн болғанда әлгі адам жарақатының сыздағанына шыдай алмай өзіне-өзі қол жұмсап, қылышын алды да ұшын денесіне тақап үстіне құлай кетті. Бұл жағдай Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білдірілді. Сонда ол:

– Аллаһу Әкбар! Мен Аллаһтың құлы әрі Расулі екендігіме куәлік беремін! - деді. Артынан Біләлға (радиаллаһу анһу) адамдардың арасына барып мына хабарды беруін бұйырды:

«Жәннатқа тек қана мұсылман болғандарға ғана кіреді. Сөзсіз Аллаһ бұл дінді күнәһар адамдармен де қуаттандырады». (Бұхари, Жиһад 182, Мағази 38, Қадар 5; Муслим, Иман 178)

Хайбардың жеңісінен кейін яһудилер өздерінің жерінде жұмыс істеп, түскен өнімнің жартысын алатын болып сол жерде тұрақтап қалғылары келді. Осыдан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық яһудилерді жер аудартпады. Қалаған уақытында шығарып жіберу шартымен, бұл құнарлы жерлерге егін егіп жылдық пайдаларының жартысын алып отыратын болып келісті. Осы яһудилер Хазіреті Омардың халифалық кезеңіне дейін осы келісім бойынша орындарында қалды.[237]

237. Муслим, Мұсақат 5; Әбу Дәуіт, Хараж 23-24/3007.

Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу анһу) әр жылы ол жерге барып шыққан өнімнің мөлшерін жобамен есептеп жартысын олардан алатын. Яһудилер Абдуллаһтың есеп-қисапта өте мұқият зерек болғанына іштері күйіп шыдай алмады. Тіпті бір рет оларға біраз жеңілдік жасауы үшін оған пара бергілері келді. Адбуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу анһу) оларға:

«Аллаһқа ант етейін! Сендер маған (мына істеген әрекеттеріңмен) Аллаһтың мақлұқатының ішіндегі ең жағымсызысыңдар. Осыған қарамастан менің сендерді жек көруім сендерге әділ болуыма кедергі келтірмейді. Сендер маған пара ұсынып отырсыңдар. Пара болса харам, біз оны жемейміз», - деді.

Яһудилер Абдуллаһқа (радиаллаһу анһу) тәнті болып:

«Міне, осындай әділет пен туралықтың арқасында көк пен жер өз тәртібімен жүріп, аман-есен қалады», - деді. (Муатта, Мусақат 2)

Құл ақысына мұқият болу

Хайбардан алынған олжа ол жерде болсын, болмасын Хұдайбия сапарына қатысқандардың арасында үлестірілді. Өйткені Аллаһ Тағала Хайбар олжасын Хұдайбия жорығына қатысқан мұсылмандарға «Фәтх» сүресінің жиырмасыншы аятымен уәде еткен.[238]

Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хайбар ғазауаты болатын. Хазіреті Нәбидің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабынан бір топ кісі келіп:

238. Уақиди II, 684.

– Пәленше шейіт болды, түгенше де шейіт болды, - деді. Артынан бір кісінің қасынан өтіп бара жатып:

– Пәленше де шейіт болыпты, - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

«Жоқ! Мен оны олжадан түскен малдан өзіне тиесіліні алмағаны үшін шапан киген күйде тозақта көрдім», - деді». (Муслим, Иман 182)

Ең ұлы дәрежелердің бірі болған шейіттік мәртебесі кісінің көптеген күнәларына кәффарат болса да, көпшіліктің мал-мүлкіне жасалған қиянаты мен құл ақысын өшіре алмайды. Осы себептен Хазіреті Пайғамбарымыз шейіт болған бұл сахабаның олжа үлестірілмей жатып, одан алған бір шапанның себебінен тозақта азапталғанын білдірген. Көпшіліктің мүлкіне қиянат жасаудың және құл ақысының кешірілмейтіндігін үмметіне үйреткен.

Хазіреті Пайғамбарымызға қызмет жасаған Мидам атты қара нәсілді құл бар еді. Оны Рифа бин Зәйд сыйлаған болатын. Пайғамбарымыздың жүгін түсіріп жатқанда қайдан келгені белгісіз, қаңғып келген оқ соған тиіп жан тапсырды. Мұсылмандар:

– Ей, Мидам! Саған жәннат мүбәрак болсын! Уа, Расулұллаһ, қызметшіңе шейіттік мүбәрак болсын, - деп қызғана көңіл айтты. Сол кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жоқ! Олай емес. Жаным оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Хайбар күні олжалар үлестірілмей тұрып алған кілемі дәл қазір оның үстінде лаулап жатыр, - деді.

Мұны естіген мұсылмандар қатты қорықты. Бір кісі ардақты Расулұллаһқа бір-екі аяқ киімнің бауын алып келді:

– Уа, Расулұллаһ! Мен де олжа малдары бөлінбей тұрып аяқ киімім үшін мына бауларды алған едім, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Саған да тозақ отынан бір немесе екі бау бар», - деді. (Бұхари, Әйман 33; Муслим, Иман 183)

Хайбар алынған күні бір кісі Хазіреті Расулұллаһқа келіп:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мен бүгін өте көп табыс таптым. Бұл аймақ халқынан ешкім бұлай пайда көрмеген, - деді.

Пайғамбарымыз:

– Қане, қандай пайда таптың,- деп сұрады. Ол адам:

– Мен еш тынбастан алып саттым. Сөйтіп үш жүз укия пайда көрдім, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Саған пайдалардың ең қайырлысын айтайын ба? - деп сұрады.

Ол адам:

– Ол не нәрсе, уа, Расулұллаһ? - деді.

Сонда ардақты Нәбиуллаһ мына жауапты берді:

«(Парыз) намаздан кейін оқылатын екі рәкат нәпіл намазы». (Әбу Дәуіт, Жиһад 168/2785)

Мұхажирлер Хайбар олжаларынан үлестеріне түскен мал-мүлік пен құрма бақтарын алып жағдайлары әжептеуір дұрысталып қалды. Сондықтан Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ансардың бұрын оларға сыйлаған әрі пайдалану үшін уақытша аманат ретінде берген құрма бақтарын және ағаштарын Ансарға қайтарып берді.[239]

239. Ибн Қайюм III, 359.

Дәустіктердің Мәдинаға келуі

Осы мезгілде Дәус тайпасынан бір топ кісі Мәдинаға келді. Бұлардың басшысы Туфәйл бин Амр Исламның алғашқы жылдарында Меккеге келіп, адамзаттың Асыл Тәжімен кездесіп, мұсылман болған болатын. Сосын Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рұқсат алып, тайпасына кері оралып, әрі оларды да Исламға шақырған еді. Оның шақыруына алғаш құлақ асқан Хазіреті Әбу Һұрайра болды.[240] Кейін мұсылмандардың қатары көбейіп, жетпіс немесе сексен отбасына тарады. Олар Хайбардың жеңісі кезінде хижрет жасап Мәдинаға келді. Ол жерден Хайбарға барып, Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесті және жиһадқа қатысты.

Жолда Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) тағатсызданып, бір сәт те болса Аллаһ Расуліне ертерек жеткісі келіп сабырсызданды. Бір жағынан мына өлең шумағын оқитын:

«Ей, түнгі сапар! Сенің ұзақтығыңнан және машақатыңнан әбден жалықтым!

Бірақ, күпір мен тозақ жұртынан, мені құтқарған сенсің!» (Бұхари, Мағази 75; Уақиди II, 636)

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) Дәустіктермен Хайбарға барған кезінде Хазіреті Пайғамбарымыз Хайбарды алып қойған болатын.[241] Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Һұрайраны көргенде:

– Сен кімдерден боласың? - деп сұрады.

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу):

– Дәустен боламын, - деді.

240. Ибн Хажар, әл-Исаба II, 226.
241. Ибн Сағд IV, 328.

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

– Мен дәустіктердің қайсысымен кездессем де одан қайыр көрдім, - деді. (Тирмизи, Манақиб 46/3838)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәустіктерге Хайбар олжасынан үлес берді.[242]

Хабаштан мұхажирлерінің оралуы

Хайбар жеңісі аяқталған кезде Хабаштаннан Хазіреті Жағфар бастаған он алты кісілік мұхажирлер тобы Мәдинаға оралды. Олар Расулұллаһтың Хайбарға кеткенін естіген соң ары қарай жолға шығып Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдымен Хазіреті Жағфарға:

– Сен жаратылысың мен мінез-құлқың жағынан маған қатты ұқсайсың, - деп, артынан Хазіреті Жағфардың маңдайынан сүйіп:

«Хайбардың жеңісіне ме, жоқ әлде Жағфардың келгеніне ме қуанарымды білмей тұрмын», - деді. (Ибн Хишам III, 414)

Жағфар (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың көрсеткен құрметіне желігіп, қатты толқыды. Қуанышы көңіліне сыймай бейкүнә сәби секілді бір аяқтап секіріп Әлемдердің Сұлтанын айналып жүре бастады.[243]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жағфардың бұл әрекетін тыймады. Бұл желігіп, толқу кейбір тариқаттарда «тақрири» сүннет ретінде қабыл етіледі, әрі желігіп, тебіренуге негіз ретінде санайды.[244]

242. Ибн Сағд I, 353.
243. Ахмед I, 108; Ибн Сағд IV, 35.
244. Мәуләуи тариқатындағы желігіп, тебіренгеннен соң басталатын сәма (екі қолын екі жаққа созып айналу) да осы оқиғаға сүйенеді.

Хабашстан мұхажирлерімен бірге Йемен тайпаларынан ашғариліктер де Хайбарға келген еді. Олардың бірі Әбу Мұса әл-Әшғари былай дейді:

«Біздер ашғариліктер Йеменде Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген хабарын естідік. Осыдан соң қауымымыздан 53 кісі болып Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижрет жасау үшін жолға шықтық. Жолда ауа-райы күрт бұзылып, қатты толқын кемемізді Хабаш Нәжәшиінің еліне апарып тастады. Ол жерде Жағфарға (радиаллаһу анһу) және қасындағы достарына жолықтық. Сонда Жағфар (радиаллаһу анһу):

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізді осында жіберді, әрі біраз уақыт осы жерде қалуымызды бұйырды. Сендер де бізбен бірге қалыңдар», - деді.

Соңында ол жерден кемеге мініп жолға шықтық. Барлығымыз бірге Мәдинаға келдік. Аллаһ Расуліне Хайбарды алған кезінде қауыштық. Хазіреті Пайғамбарымыз бізге де Хайбар олжасынан үлес берді». (Бұхари, Мағази 38; Муслим, Фадайлус Сахаба 169)

Яһудилердің Пайғамбарымызды улауға әрекет етулері

Яһудилер мұсылмандардан үнемі жақсы қарым-қатынас көрсе де қиянаттарын тоқтатпады. Олар жасырын жоспар құрып Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіруге шешім қабылдады. Бұл оңбаған яһудилер алдыңғы кінәларынан арылмай жатып, басқа яһуди тайпалары сияқты жер аудармай өздерін кешірген ұлы Пайғамбарға қиянат жасап, тағы да келіссөздерін бұзды.

Осы астыртын қиянатты іске асыру үшін яһуди көсемдерінің бірі Харистің қызы Зейнеп Расулұллаһты

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабымен бірге тамаққа шақырды. Бір қойдың етін пісіріп барлық жағын улады. Пайғамбарымыздың жауыр етін жақсы көретінін естіп, ол жерін асыра улады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы үзім етті ауызына салар-салмас, қайтадан шығарып тастап асхабына:

«Маған бұл ет уланғандығын айтты. Байқаңдар, одан жемеңдер», - деді. Бірақ сахаба Бишр бин Бәра Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жей бастаған соң, Хазіреті Пайғамбардың ескертуінен бұрын бір үзім ет алып шайнап жұтып жіберген еді. Ал одан басқалары етке қол тигізбеген еді.

Көп ұзамай қиянат жасаған әйел ұсталып Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына әкелінді. Хазіреті Пайғамбарымыз оған:

– Мына қойды улаған сенбісің? - деп сұрады.

Зейнеп:

– Менің улағанымды саған кім айтты? - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мына алдымдағы жауырын сүйегі айтты, - деді. Зейнеп:

– Иә, мен уладым, - деп, кінәсін мойындады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұны не үшін істегенін сұрағанда былай деп жауап берді:

«Сен менің әкемді, көкемді және күйеуімді өлтірдің. Қауымыма істемеген нәрсең қалмады. Өз-өзіме: «Егер де ол шынымен де пайғамбар болса, күдіксіз менің істегендерімді Аллаһ оған білдіреді және у оған әсер етпейді. Егер де ол



өтірікші біреу немесе жай ғана билеуші болса бұл удан өледі. Осылайша одан құтыламыз», - деп ойладым».

Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Аллаһ саған мұны істеуге қуат бермеді», - деді.

Ол әйел бір жағынан күнәсін мойындаса, екінші жағынан өзі куә болған мұғжизаның әсерінен иман келтірді. Өкінішін білдіріп. Кешірім сұрады. Бүкіл әлемге мейірімділікпен жіберілген ардақты Пайғамбарымыз өзіне жасалған қастандықты кешірді. Бірақ көп ұзамай удың зиянынан Бишр (радиаллаһу анһу) қайтыс болып, оның туысқандары қысас (есесін қайтару) жасауды сұрады. Осылайша Харистің қызына да сол удан ішкізіліп қысас жасалды.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы удың кесірінен құтылу үшін екі жауырының арасынан қан алдырды. (Бұхари, Жизя 7; Муслим, Сәләм 45; ибн Хишам III, 390; Уақиди II, 678-679; Хайсәми VI, 153)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үш жылдан кейін қайтыс боларында науқасының да осы удың салдарынан келгендігін айтқан. (Хаким III, 242/4966)

Мұта (уақытша үйлену) **мәселесі**

Хайбар жеңісінің тұсында бұрындары рұқсат етілген мұта некесіне, яғни уақытша некелесуге тыйым салынды.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай деген:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбар ғазауатында әйелдермен уақытша некелесуді (мұтаны) және үй есегінің етін жеуді харам етті». (Бұхари, Мағази 38, Никах 31, Забайх 28, Хиял 3; Муслим, Никах 29-32; Муатта, Никах 41; Нәсаи, Никах 71)

Мұта – әйелге ақы төлеп белгілі уақытқа дейін некелесу. Бұл жәһилият дәуірінен қалған үйленудің бір түрі болатын. Мұта некесі алдын-ала келісілген уақыттың бітуімен бұзылады. Мұтада мұрагерлік, напақа, иддәт (ажырасқаннан кейін әйелдің күтетін уақыты) сияқты әдеттегі некедегі шарттар жоқ. Осыған байланысты Хайбардың алынуынан кейін көптеген хадис шәрифтермен харам етілді. Осы жайындағы бір риуаятта былай айтылады:

«...Енді Аллаһ (жәллә жәләлуһу) оны қиямет күніне дейін харам қылды. Кімде-кімнің мұта некесімен үйленген әйелі болса, бұдан былай оны еркіне жіберсін. Оларға ақы ретінде төлеген нәрселеріңнен еш нәрсе алмаңдар». (Муслим, Никах 21; ибн Мәжә, Никах 44; Дарими, Никах 16; Ахмед III, 406)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тәбүк сапарында Сәниятул Уәдә деген жерге аялдаған еді. Ол жерде жылап-сықтаған әйелдерді көріп, олардың неге жылағынын сұрады. Оған:

«Олар мұта жасалған (уақытша некемен үйленген) әйелдер», - деп жауап берді. Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Мұтаны Исламның некеге, талаққа, иддатқа және мирасқа байланысты үкімдері харам қылды». (Ибн Бәлбан VI, 178; Дарақутни III, 259)

Сондықтан мұтамен некеленген әйел жұбай ретінде немесе күң ретінде саналады. Мұта әһлі сүннет ғалымдарының пікірі бойынша бірауыздан «зина» деп қабыл етілген.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) айтады:

«Исламның алғашқы жылдарында мұта бар болатын. Бір кісі танымайтын елге барғанында ол жерде қаншалықты қалатынын болжап жергілікті әйелмен сол уақыт үшін некеге

тұратын. Ол әйел оның мал-мүлкіне қарап, қажеттіліктерін орындайтын. Бұл мына аят түскенге дейін осылайша жалғасты:

وَ الَّذِينَ هُمْ لِفُرُوجِهِمْ حَافِظُونَ ﴿5﴾

اِلاَّ عَلٰى اَزْوَاجِهِمْ اَوْ مَا مَلَكَتْ اَيْمَانُهُمْ فَاِنَّهُمْ غَيْرُ مَلُومِينَ ﴿6﴾

«Олар ұятты жерлерін қорғайды (ие болады). **Бірақ жұбайлары және күңдері мұның тысында. Оларға жақындауынан сөгіс алмайды».** (Муминун сүресі 5-6 аяттар) Осы аят түскеннен кейін мұта харам етілді. Бұл екеуінен (әйелі мен күңі) басқа барлық қатынас харам». (Тирмизи, Никах 29, 1122)

Мұтаның қоғамға тигізер зияндары мыналар:

а) Балаларға зардабы тиеді. Мұндай балалар әкесіз өскендіктен тәрбиеден мақрұм қалады және зинадан туған баладай саналады. Қыз балаларға тигізер зардабы бұдан бетер қауіпті.

ә) Бір кісінің мұтамен жақындасқан әйелі сол кісінің ұлымен мұта арқылы немесе әдеттегі некемен байқаусызда жанұя құруы мүмкін. Тіпті әкесінің өз қызымен, қызының қызымен, ұлының қызымен, әпкесінің немесе қарындасының қызымен, яғни өзіне некелесу мәңгілік харам болғандармен байқаусызда бірге болуы мүмкін. Бұл болса өте үлкен қауіп. Тарихта да мұның көптеген жан түршігерлік мысалдары кездеседі.

б) Бірнеше рет мұта жасаған кісінің артта қалған дүниелері үлестірілмейді. Өйткені бұл кісінің мұрагерлерінің саны, аттары және тұрған жерлері де белгісіз.

Мұта некесінен туындайтын осы зардаптар шын мәнінде де өте қауіпті. Ұрпақты жоюдан басқа еш нәрсе емес.

Мұта жасалған әйелдің ішкі жан дүниесі әбден күйзеліп, құлазиды. Өйткені қолдан-қолға өту ар-намысты таптайтын әрекет. Міне сондықтан мұта барып тұрған арсыздық. Бір кісі қызының немесе анасының мұта жасауына разылық білдіреді ме? Міне осының өзі мұтаның жан түршігерлік нәрсе екенін көрсетуге жетерлік.[245]

Хайбардан қайтқанда

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбардан кейін Мәдинаға екі күндік ұзақтықтағы «Фәдәк» деген жерге өкіл жіберді. Ол жерді ешқандай соғыссыз Исламның қолы астына кіргізді.

Хайбардан қайтар жолда яһудилер тұратын кішігірім елді-мекен Уәдил Құра да қоршауға алынып, бір күннен соң ол да алынды. Олар да хайбарлықтар сияқты өз жерлерінде түскен өнімнің жартысына жұмыс істейтін болып қалдырылды.

Тайма яһудилері болса өздері келіп Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіссөз жасап, жизя және хараж беретін болды. Осылайша өз жерлері өздеріне қалып, тұрғылықты жерлерінен кетпеді. Бұл яһуди тайпалары алдын Хайбар яһудилерімен келісіп, Мәдинаға шабуыл жасайтын болып шешім қабылдаған болатын.[246]

Хайбар мен ол төңіректің алынуы мұсылмандарға Мекке жеңісіне жол ашты. Өйткені Бәни Қайнұқа, Бәни Надыр, Бәни Құрайза және соңында Хайбар яһудилерінің тізе бүгуі төңіректегі адамдарды үрейлендіріп, осыдан соң

245. Мұта мәселесі жайында кең мағлұмат алу үшін фиқһ кітаптарына қараңыз.
246. Ибн Хишам III, 391; Уақиди II, 707, 711.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үстем болғандығына ешкімнің күмәні қалмады. Өйткені бұлардың барлығы Хижаз яһудилерінің ең дәулетті әрі ең мықтылары болатын. Олардың ержүрек әрі жауынгер екендігі баршаға мәлім еді. Өте берік, аса алмайтын қамалдары және өте шұрайлы құрмалықтары да бар еді. Бүкіл арабтар оларды паналайтын болса, барлығын қорғауға шамалары келетінді. Бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды жаулап алып, өзіне бағындырғаннан кейін олардың ержүректігі мен батылдығы су сепкендей басылып, ауыр шарттарға көндіккеніне бүкіл арабтар куә болды. Осылайша мұсылмандардың абырой-даңқы арта түсті.[247]

Мұнымен қатар Хайбар алынғаннан соң Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күйеуі соғыста қайтыс болып жесір қалған Сафия анамызбен отасты.[248] Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Хайбарға келеместен бірнеше күн бұрын Сафия яһуди шонжарларының бірімен үйленген еді. Алғашқы түні түсінде Мәдина жақтан ай келіп құшағына енгенін көрді. Бұл түсін күйеуіне айтқан кезде, ол ашуланып:

– Сен Хижаздың билеушісі Мұхаммедке барғың келіп тұр ғой, - деп, жұдырығымен жүзіне қойып қалып көзін көгерткен еді. Хазіреті Сафия күйеуі өліп, Аллаһ Расулімен үйленген кезде көзінің көгергені әлі қайтпаған болатын. Пайғамбарымыз:

– Мынау не? - деп сұрағанда Хазіреті Сафия болған оқиғаны айтып берді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған Исламды түсіндіріп, артынан:

247. Уақиди II, 729-731; ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 234.
248. Ибн Сағд VIII, 121-126.

– Біз сені өз дініңді таста деп зорламаймыз. Егер де сен Аллаһты және Расулін қаласаң сені өзіме жұбай етіп аламын. Ал егер яһудилікті қалайтын болсаң сені азат етемін, ел-жұртыңа қайтасың! - деді.

Сафия анамыз Исламды таңдап «уммаһатул-мүминин» (мүминдердің аналары) қатарына қосылды. (Уақиди II, 674, 707; ибн Сағд VIII, 123; Ахмед III, 138)

Ардақты Пайғамбарымыздың яһуди беделділерінен Хуяйдың қызы Сафиямен үйленуі Хайбар яһудилерімен арадағы ынтымаққа, дұшпандықтың азаюына және достық қарым-қатынастың нығаюына себеп болды. Сафия анамыз яһудилерді өзіне өте жақын тұтатын. Тіптен олардың «хана Сағдаттағы» Пайғамбар үйіндегі өкілі іспетті еді.

Бір күні Хазіреті Сафияның (радиаллаһу анһу) күңі халифа Хазіреті Омарға:

– Уа, мүминдердің әміршісі! Сафия сенбі күнін жақсы көреді, әрі яһудилермен әлі де қарым-қатынас жасауда, - деп шағымданды.

Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) жағдайдың анық-қанығын білу үшін адам жіберді. Ардақты анамыз:

«Сенбі күнін сұрап тұрсың. Аллаһ маған оның орнына жұманы сыйлағаннан бастап ол күнді жақсы көрмеймін. Яһудилердің жағдайына келер болсақ, олардың ішінде менің туған-туыстарым бар. Олардың қал-жағдайларын сұрап барып тұрамын», - деп жауап берді. (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 347)

Кейін Сафия анамыз күңінен неліктен бұлайша жала-жапқанын сұрады. Ол болса:

«Шайтанның азғыруына ердім», - деп күнәсін мойындады.

Сафия анамыз Ислам ахлағына сай түрде көрегендігімен өте кішіпейілділік танытып, өзіне жала жапқан күңіне:

«Бара ғой, саған бас-бостандық бердім», - деді. (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 347)

Умратул қаза (Зілқағда 7/Наурыз 629)

Мұсылмандар бір жыл бұрын ихрамға кіргенімен Меккелік мүшриктер рұқсат етпеген соң Умра орындалмай қалды. Кейіннен бұл қайта жасалғаны үшін «Умратул қаза» деп аталды.

Хұдайбияда жасалған келіссөз бойынша бір жыл өткен соң жасалатын умраның уақыты келген еді. Хижреттің жетінші жылы Зілқағда айы келгенде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбия сапарына қатысқандардың барлығын түгелдей умраға дайындалуға бұйрық берді. Жалпы халыққа да дайындалуға әмір берді. Сол уақытта төңіректен келіп Мәдинаға жиылған арабтар:

«Уа, Расулұллаһ! Біздің ішіп-жейтін азық-түлігіміз де, қарайласатын ешкіміміз де жоқ», - деді.

Әлемдердің Сұлтаны мәдиналықтарға мұқтаж болғандарға Аллаһ үшін садақа беріп, оларға қарайласуын әмір етті. Егер оларға қолқанат болмайтын болса құрдымға кететіндіктерін айтты. Мәдиналықтар:

– Уа, Расулұллаһ! Біз садақаға не берейік, еш нәрсеміз қалмады? - деді.

Сонда Әлемдердің Асыл Тәжі:

– Не нәрселерің бар болса соны беріңдер. Тіпті жарты құрма болса да... - деді. (Уақиди II, 731-732)

Хазіреті Пайғамбарымыз Мәдинадан екі мың асхабымен умраға аттанды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дулыға, сауыт-сайман, найза сияқты қару-жарақ пен жүз шақты ат алды.

Асхабы кирам:

– Уа, Расулұллаһ! Құрайштықтар жолаушы қылышынан басқа қару алмауымызға шарт қойған еді ғой, - деді.

Аллаһ Расулі:

– Біз Харамға бұл қару-жарақпен кірмейміз. Бірақ тұтқиылдан шабуылдай қалған жағдайда қолдану үшін бұл қарулар жақын маңайда болады, - деп қару-жарақ пен екі жүз кісіні Меккеге үш миль қашықтықтағы «Батн Яжаж» деген жерге жіберді. (Уақиди II, 733-734)

Жолда Әбуаға келді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаладан рұқсат сұрап анасының қабірін зиярат жасады. Зиярат кезінде қабірін қолымен түзетіп, көңілі босап жылап жіберді. Оның жылағанын көрген мұсылмандар да өздерін ұстай алмай көздеріне жас алды. Артынан не үшін жылағанын сұрағандарға сүйікті Пайғамбарымыз:

«Анамның маған деген махаббаты мен мейірімі есіме түсіп, осы үшін жыладым», - деді. (Ибн Сағд I, 116-117)

Хұдайбия келіссөзі бойынша мүшриктер Меккені босатып, үш күнге мүминдерге қалдырды. Өздері тауға шығып мұсылмандардың іс-әрекеттерін тамашалап отырды. Жеті жылдық ұзақ мерзімнен кейін Қағбаны көрген мүминдердің көңілдері елжіреп, толқып, барлығы бір ауыздан:

لَبَّيْكَ، اَللّٰهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ، اِنَّ الْحَمْدَ
وَ النِّعْمَةَ لَكَ وَ الْمُلْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ

«Ләббәйкә Аллаһумма ләббәйк. Ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк. Иннәл хамда, уан ниғматә ләкә уал мулк, лә шәрикә ләк», - деп тәлбия айта бастады.

Ибн Аббастың (радиаллаһу анһу) айтуына қарағанда Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) Меккеге кіргенде оны Мутталибұлдарының балалары қарсы алды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың бірін (түйесінің) алдына, тағы бірін арқасына отырғызды.[249]

Ардақты Расулұллаһ мұсылмандарды Мәдина безгегі әбден әлсіретіп, титықтатты деген мүшриктердің өсек-аяңының олай емес екендігін көрсету үшін мұсылмандарға жылдам әрі еңселерін көтеріп жүрулерін бұйырды.[250]

«Бүгін құрайштықтарға өзін қуатты және күшті қылып көрсеткен кісіні Аллаһ жарылқасын!» - деді. (Ибн Хишам III, 424-425)

Сол кездің шарттарында Мәдинадан Меккеге дейін төртжүз шақырымнан астам жолды басып өтіп Қағба зияратына келген мұсылмандар шаршап-шалдыққандарына қарамастан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ескерткен соң умраларын байсалды да айбынды түрде орындады. Тіпті тауафтың алғашқы үш шаутында (айналымында) және сағи жасағанда бүгінгі жасыл тіректің арасында керден басып жүгірді.

249. Бұхари, Умра 13, Либас 99.
250. Бұхари, Хаж 55; Муслим, Хаж 240; Ахмед I, 305-306.



Мына жақтан мүшриктер төбелердің басынан мүминдерді бақылап отырды. Егер олардан әлсіздіктің, босаңдықтың белгілерін көргенде басқадай ойлаулары мүмкін еді. Бірақ олар мұсылмандарды тың әрі жайдары күйде көріп, бұған қайран қалды. Бір жағынан қатты үрейленіп:

«Безгектен әбден титықтап, әлсіреді дегендерің осы ма? Олар бізден де ширақ әрі шапшаң ғой», - деді. (Муслим, Хаж 240)

Мұнымен қатар сол күні Біләл Хабашидің Қағбаның үстіне шығып айтқан азанының жаңғырған үні мүминдердің көңілдерін тебірентіп, мүшриктерді қатты састырды.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларымен бірге тауаф жасап жүргенде Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу анһу) өлең оқи бастады. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) оған:

– Сен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында және Аллаһтың Харамында қалайша мынадай өлеңдер оқисың? - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Омарға:

– Оған кедергі болма. Аллаһқа ант етейін! Оның айтқан сөздері Құрайш мүшриктеріне жауған оқтан да қатты әсер етеді. Ей, ибн Рауаха жалғастыра бер, - деді де, артынан Абдуллаһқа:

لَا اِلٰهَ الاَّ اللهُ وَحْدَه أَنْجَزَ وَعْدَه وَ نصرَ عَبْدَه
وَ اَعَزَّ جُنْدَه وَ هَزَمَ الْاَحْزَابَ وَحْدَه

«Аллаһтан басқа ешқандай тәңір жоқ, ол жалғыз. Ол уәдесін орындады және құлына жәрдем етті. Ол әскерлерін асқақтатты. Ол жалғыз өзі бас қосып жиналған тайпаларды күйретті», - деді.

Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу анһу) осы сөздерді айта бастағанда мұсылмандар да бір ауыздан оның айтқандарын қайталай бастады. (Уақиди II, 736; ибн Сағд II, 122-123)

Үш күннен соң Мәдина Мунаууараға оралған соң әрбірінің жүзінен ерекше сезім байқауға болатын еді. Алғашқы Қағба зияраты орындалып, бір жыл бұрын Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түсінде көріп сүйіншілеген хабары орындалды. Аллаһ Тағала бұл ақиқатты Хайбардың жеңісіне нұсқап және жақын арада Меккенің алынатындығын сүйіншілей отырып, мұны Құран Кәрімде былай баяндады:

لَقَدْ صَدَقَ اللّٰهُ رَسُولَهُ الرُّؤْيَا بِالْحَقِّ لَتَدْخُلُنَّ الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ اِنْ
شَٓاءَ اللّٰهُ اٰمِنِينَ مُحَلِّقِينَ رُؤُسَكُمْ وَ مُقَصِّرِينَ لَا تَخَافُونَ فَعَلِمَ مَا لَمْ
تَعْلَمُوا فَجَعَلَ مِنْ دُونِ ذٰلِكَ فَتْحًا قَرِيبًا ﴿27﴾ هُوَ الَّذٖى اَرْسَلَ رَسُولَهُ
بِالْهُدٰى وَ دِينِ الْحَقِّ لِيُظْهِرَهُ عَلَى الدِّينِ كُلِّهٖ وَكَفٰى بِاللّٰهِ شَهِيدًا ﴿28﴾

«Расында Аллаһ Расулінің түсін түп-тура іске асырды. Аллаһ қаласа қауіп-қатерсіз шаштарыңды алдырып немесе қысқартып қорықпастан Мәсжид Харамға кіресіңдер. Аллаһ (Хұдайбия келіссөзіндегі) **сендер білмеген нәрсені білген болатын. Сондықтан бұдан бұрын жақын жеңіс** (Хайбар жеңісі) **нәсіп етті. Ол Аллаһ бүкіл діндерден үстем қылу үшін Пайғамбарын тура жолмен және хақ дінмен жіберді. Бұған куә ретінде Аллаһ жеткілікті».** (Фәтх сүресі 27-28 аяттар)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабымен бірге орындаған қаза умрасы меккеліктерге өте қатты әсер етті. Көп ұзамай Құрайш бетке тұтарларынан болашақта Сирияны алушы Халид бин Уәлид, Осман бин Талха, болашақта Мысырды тізе бүктіретін Амр бин Ас секілді тұлғалар иман келтіріп, мұсылмандардың қатарына қосылды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеден шығып бара жатқанда Хазіреті Хамзаның қызы Умама (радиаллаһу анһа) соңына түсіп оған:

– Көкешім, көкешім! - деп айқайлады. Хазіреті Али оның қолынан ұстап Фатимаға (радиаллаһу анһа):

– Көкеңнің қызын қасыңа ал, - деді. Мәдинаға оралғаннан кейін Хазіреті Али, Зәйд, Жағфар (радиаллаһу анһум ажмаин) үшеуі Умаманы қамқорлыққа алу үшін таласып қалды. Хазіреті Али:

– Ол менің көкемнің қызы (әкемнің ағасының), - деді.

Жағфар (радиаллаһу анһу) да:

– Ол менің де көкемнің (әкемнің інісінің) қызы, әрі мен оның нағашы апасымен үйлендім, - деді.

Зәйд болса:

– Ол менің бауырымның қызы, - деді. (Хазіреті Расулұллаһ оны Хамзамен (радиаллаһу анһу) бауыр қылған болатын)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Умаманың нағашы апасының қасында болуға үкім беріп былай деді:

– Нағашы апа шеше орнында! Артынан Хазіреті Алиге (радиаллаһу анһу) бұрылып:



– Сен мененсің, мен де сененмін! - деді.

Жағфарға (радиаллаһу анһу) бұрылып:

– Жаратылысың мен мінез-құлқың маған қатты тартқан, - деді.

Зәйдке (радиаллаһу анһу) бұрылып:

– Сен біздің бауырымызсың, әрі азат еткен құлымызсың, - деп, әрбіріне жеке-жеке ілтипатын білдірді. (Бұхари, Мағази 43, Умра 3; Муслим, Жиһад 90)

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зәйдке ілтипат көрсеткенде Зәйдтің қуанғаны соншалықты орнынан тұрып бір аяқтап секіріп Хазіреті Пайғамбарымызды айнала бастады. Жағфарға ілтипат көрсеткенде ол да Зәйдтің артынан дәл солай жүрді. Маған ілтипат көрсеткенде мен де Жағфардың артынан қуанышым қойныма сыймай бір аяқпен секіре бастадым». (Ахмед I, 108; Уақиди II, 739)



ХИЖРЕТТІҢ СЕГІЗІНШІ ЖЫЛЫ

Расулұллаһтың қызы Хазіреті Зейнептің қайтыс болуы

Хазіреті Зейнепті (радиаллаһу анһа) Меккеден алып келе жатқанда мүшриктер түйеден құлатып, содан науқастанған болатын. Сол науқасынан айыға алмай хижреттің сегізінші жылының басында қайтыс болды. Оны Үммү Әйман, ансарлық әйелдерден Үммү Атия және Хазіреті Сәудә мен Үммү Сәләмә аналарымыз жуды. Осы кезде Әлемдердің Сұлтаны олардың қасына барып:

«Оны жууды оң жағынан және дәрет алғанда жуылатын мүшелерден бастаңдар. Су және сидрмен[251] (лотос) тақ қылып үш рет, бес рет немесе жеті рет қажет болса одан да артық жуыңдар. Соңғы рет шайғанда суға кафур (камфара) қосыңдар. Жуып болған соң маған хабар беріңдер», - деді.

Хазіреті Зейнептің шашын тарап үш бұрым қылып өрді. Екі бұрымды екі жағындағы шашынан, бір бұрымды да төбесіндегі шашынан өрді. Мәйітті жуып болған соң Аллаһ Расулі беліне байлаған алжапқышын оларға беріп:

«Мынаны Зейнепке іш киім қылыңдар», - деді.[252] (Бұхари, Жанайз 9, 13, 17; Муслим, Жанайз 36; ибн Сағд VIII, 34-36)

251. Сидр – Арабстанда көлеңкесі қалың, өте жағымды шие ағашының бір түрі. Сидр ағашының жапырағымен жаназа жуылады. (Асым Эфенди, Қамус II, 385)
252. Сүннет болған кебін: еркектер үшін изар, көйлек және бүкіл денені жабатын матадан (лифафа) тұрады, яғни үш бөлік. Әйелдер үшін изағ, жаулық, лифафа, көкірегі мен қарнын жабатын мата және көйлек, бес бөліктен тұрады.



Расулұллаһ жаназа намазын оқып болып қайғырып, мұңайған түрде қабірге түсті. Біраз тұрып сосын қуанып сыртқа шықты да:

«Зейнептің әлсіз екендігін ойлап оған қабір қиыншылығын жеңілдетуі үшін Аллаһқа дұға қылдым. Аллаһ Тағала да бұл тілегімді қабыл алып, оған қабір азабын жеңілдетті», - деді. (Ибн Әсир, Усдул Ғаба VII, 131)

Азын-аулақ сахабаның көрсеткен ерлігі

Мутә соғысы (Жәйшул Умара)

(Жәмәзиул Әууәл 8/Тамыз-Қыркүйек 629)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға шақырып жазған хаттарын патшалар мен әкімдерге алып барған елшілер барған жерлеріндегі билеушілерден ауыр сөздер естісе де соңында «елшіге тиюге болмайды» деген қағидаға сай аман-есен Мәдинаға оралып жатты. Бірақ бұл елшілерден Бусра әкіміне жіберілген Харис бин Умайрдың жағдайы басқаша болды. Харис (радиаллаһу анһу) Мутәға барғанда Ғассани көсемдерінің бірі Шурахбил бин Амр оның жолын бөгеп, қайда бара жатқанын сұрады. Харис Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) елшісі екендігін айтты. Осыған қарамастан қанішер Шурахбил елшінің құрметін аяққа таптап мүбәрак сахабаны айуандықпен шейіт етті.[253]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Харистің мұндай қастандыққа ұшырағанына қатты қайғырды. Исламға қарсы ашықтан-ашық жасалған бұл қастандық мұсылмандарды менсінбегендік болғандықтан

253. Уақиди II, 755; ибн Қайюм III, 381.

дереу үш мың кісілік жасақ дайындалды. Егер бұлай етпегенде Мәдина Ислам мемлекетінің абыройы түсіп, келеңсіз нәтижелерге жол ашуы мүмкін еді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәһилият кезеңіндегі таптық жүйені жойған Исламның бүкіл әлемдік жүйесі бойынша азат еткен құлы Зәйдті (радиаллаһу анһу) дайын болған әскерге қолбасшы етіп сайлады. Артынан мынадай бұйрық берді:

«Егер соғыста Зәйд шейіт болатын болса қолбасшылықты Жағфар алсын. Жағфар да шейіт бола қалса әскерлерге Абдуллаһ бин Рауаха қолбасшы болсын. Ол да шейіт болатын болса мұсылмандар араларынан бір қолбасшы сайласын!» Бұл бұйрықты бір яһуди естіп, оны өлім хабары деп түсінді де Хазіреті Зәйдтің (радиаллаһу анһу) қасына барып:

«Өсиетіңді айтып кет. Егер Мұхаммед пайғамбар болатын болса сен қайтадан оның қасына оралмайсың. Өйткені Бәни Исраил пайғамбарлары да кімнің атын атайтын болса ол кісілер соғыста өлетін, аман сау қайтпайтын...»- деп, бұл асқақ сахабаның жүрегіне үрей салғысы келді. Бірақ Хазіреті Зәйд (радиаллаһу анһу) мұны көңіліне алмады. Керісінше қуанды. (Ибн Кәсир әл-Бидая IV, 238)

Бұл қаскүнем яһуди Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саңлақ сахабалары сияқты Хазіреті Зәйдтің (радиаллаһу анһу) шейіт болуға құмар екенін қайдан білсін.

Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу анһу) дайындығын бітіріп, нұр жүзді Расулұллаһқа барып қоштасқаннан кейін:

– Уа, Расулұллаһ! Маған жадымда сақтайтын өсиет айтыңыз, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз оған:

– Сен ертең Аллаһқа өте аз сәжде етілетін бір өлкеге барасың. Ол жерде сәжделерің мен намаздарыңды ұзартыңдар, - деді.

– Уа, Расулұллаһ! Маған тағы да өсиет айтыңыз, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әрдайым Аллаһты зікір ет. (Есіңнен шығарма). Өйткені Аллаһты зікір ету көздеген мақсатыңа жәрдемші болады!» - деді. (Уақиди II, 758)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әскерлерді Мәдина сыртындағы «Сәниятул Уәдә» деген жерге дейін шығарып салып, ақ жол тілеп, бата беріп жауға аттандырды. Харисті шейіт еткен жерге дейін барып, ол жердің халқын Исламға шақыруды, егер де мұсылмандықты қабыл етпесе Аллаһтан жәрдем сұрап олармен шайқасуды әмір етті.[254]

Ислам сарбаздарының жолға шыққанын естіген залым Шурахбил Византиядан қолдау алып жүз мың кісілік қалың қол дайындады. Оларға христиан арабтардан да жүз мың кісілік әскер келіп қосылды.[255]

Жаудың осыншалықты жер қайысқан қалың қол дайындағанын Ислам сарбаздары Сирия жеріне келгендерінде бірақ білді. Бұлай болады деп күтпегендіктен өз араларында кеңесті. Көпшілігі жағдайды Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хабар беріп, одан келген нұсқау бойынша әрекет еткілері келді. Өйткені екі жақтың күші тең емес еді. Тіпті салыстыруға да келмейтін. Бұрын-соңды тарихта да мұндай болмаған еді.

254. Ибн Сағд II, 128.
255. Ибн Хишам III, 429.

Сондықтан жағдайды Аллаһ Расуліне білдіріп, одан хабар күтуге келіспекші болғанда Абдуллаһ бин Рауаха:

«Біздің қазір тартыншақтап тұрған нәрсеміз қолға түсіру үшін аттанған нәрсеміз емес пе? Біз жаумен санның көптігімен және күш-қуаттың басымдылығымен соғысып жүрміз бе? Жоқ. Біз Аллаһтың берген дінінің қуатымен соғысып жүрміз. Не күтіп тұрмыз, бізге екі қайырлы нәрсенің біреуі келеді. Шейіт болу немесе жеңіске жетіп ғази болу (жеңу)».

Осыдан соң соғысуға шешім қабылдап арі қарай аттанды.

Зәйд бин Әрқам (радиаллаһу анһу) былай айтады:

«Мен Абдуллаһ бин Рауаханың тәрбиесінде жүрген жетім едім. Мутә жорығына шыққанда мені де түйесінің артына мінгестіріп алған еді. Түн ортасында бара жатып мына мағынадағы өлеңді оқыған еді:

«Ау, түйем. Мені жүгіммен құмдағы құдыққа барғаннан кейін, тағы төрт күндік жолға алып барсаң сені одан кейін басқа жорыққа алып бармаймын. Сен иесіз еркін қаласың. Мен отбасыма қайтып оралмаймын-ау шамасы. Шейіт болуды үміт етемін. Мұсылмандар осы жерге келіп мені өз қалауыммен мәңгілік Шам жеріне тастап кетті. Енді маған құрмалары түйіндеп, жаңбыр суымен нәр алған ағаштар да, арықпен суарылып суға қанған құрма ағаштары да керек емес».

Осы өлеңді оқығаннан кейін жыладым. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) мені қамшысымен түртіп:

«Ей, балақай! Аллаһтың маған шейіттік нәсіп етуінің және сенің көлік пен жүктерді алып қайтуыңның саған не зияны бар? Осылайша дүниенің дертінен, күйбеңі мен қайғы-қасіретінен құтыламын», - деді.



Түнде түйеден түсіп екі рәкат намаз оқыды. Артынан ұзақ дұға жасады. Дұғаның соңында:

«Иншаллаһ, бұл жорықта маған шейіттік нәсіп болады», - деді. (Ибн Хишам III, 431-432; Уақиди II, 759)

Мутә ауылында Хазіреті Зәйд бастаған азын-аулақ Ислам сарбаздары еш сескенбестен жау әскерлеріне шабуыл жасады. Таухидті жаюшылар Аллаһ жолында жан беріп жатты. Соғыс әбден қызған кезде Меккелік алғашқы сегіз мұсылманның бірі және Аллаһ Расулінің сүйіктісі болған Зәйд (радиаллаһу анһу) дұшпан найзасынан шейіт болды.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әмірі бойынша туды дереу Жағфар (радиаллаһу анһу) алды. Ол да арыстанша ақырып дұшпанның арасына қойып кетті. Жаумен шайқасып жүріп қылыш тиіп қос қолынан айырылды. Расулұллаһтың туын жерге құлатпау үшін кесілген қолдарымен құшақтап, көкірегіне қысуға тырысты. Біраз уақыттан соң ол да шейіт болды. Хазіреті Жағфар (радиаллаһу анһу) Аллаһқа және Расуліне деген махаббатына қатты берілген жан еді. Сондықтан осы жолда жанын пида етіп, Аллаһтың ризашылығына бөленді.

Кезек Абдуллаһ бин Рауахаға келген еді. Ол да дәл осындай құштарлықпен байрақты дұшпанның арасында желбіретті. Нәпсісі мазалап, ойын бөлмеу үшін қасындағыларға былай өсиет етті:

«Куә болыңдар. Мәдинадағы мал-мүлкімнің барлығын бәйтулмалға (мемлекет қазынасына) бердім!»

Артынан шейіт болғанша қаһармандықпен шайқасты. Абдуллаһ бин Рауаха да шейіт болған соң жаңадан мұсылман болған, әрі мұсылман әскерлерімен алғаш рет соғысқа қатысып жатқан хазіреті Халид бин Уәлид (радиаллаһу

анһу) туды қолына алып, шайқасты ары қарай жалғастырды. Бір топ сахабамен шегірткедей қаптаған дұшпанға қарсы тұрып ерлік көрсетті.

Осы сәтте Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітінің мінберіне отырып болып жатқан оқиғаның әрбір сәтін дәлме-дәл асхабына айтып отырды. Соғыс майданы көз алдарында болып жатқандай еді. Ол жерде бірінен-соң бірі шейіт болғандарды мұңды әрі қайғылы түрде былай жеткізіп отырды:

«Зәйд бин Хариса туды қолына алды. Шайтан дереу оның қасына барып, оған бұл өмірді жақсы көрсетіп, өлімді жаман етіп көрсетті. Зәйд болса:

«Дәл қазір мүминдердің жүректеріндегі имандарын қуаттандыратын кезең. Сен болсаң маған дүниені жақсы көрсеткің келеді», - деп, алға ұмтылды. Шайқасып артынан шейіт болды. Ол үшін Аллаһтан жарылқау және кешірім тілеңдер».

Артынан былай деді:

«Ол қазір жәннатқа кірді. Ол жерде серуендеп жүр. Одан соң туды Жағфар алды. Шайтан дереу оның қасына барды. Бұл дүние мен өмірді жақсы көрсетіп, өлімді ұнамсыз, жағымсыз етіп көрсетуге тырысты. Жағфар болса:

«Дәл қазір мүминдердің жүректеріндегі имандарын қуаттандыратын кезең», - деп, алға ұмтылды. Жау әскерлеріне қойып кетіп шайқасты, артынан ол да шейіт болды. Мен оның шейіт болғанына куәлік беремін.[256]

256. Ибн Омар (радиаллаһу анһума) былай деді:
«Жағфарды іздеп едік, оны шейіттердің арасынан таптық. Денесінің алдыңғы жағынан тоқсаннан аса жебенің және найзаның іздерін көрдік. Арқасында болса ешқандай жарақат жоқ еді». (Бұхари, Мағази 44)

Кейін:

«Бауырларың үшін Аллаһтан жарылқау тілеңдер. Ол шейіт болып жәннатқа кірді. Ол қазір жәннатта жақұттан жасалған екі қанатымен қалағанынша ұшып жүр», - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жағфардан кейін туды Абдуллаһ бин Рауаха алды», - дегеннен кейін біраз уақыт үнсіз қалды. Ансардың жүзі сұп-сұр болды. Абдуллаһ бин Рауаха Аллаһқа және Расуліне ұнамайтын бір нәрсе істеп қойды деп ойлай бастады. Ол сәтте Абдуллаһ болса атына мініп, қолына туды ұстап жауға қарай бет алған еді. Бір жағынан азғырушы нәпсісін мойынсұндыруға әрекет жасаған еді:

«Ей, нәпсім! Мен сені өзіме мойынсұндыруға ант еттім. Сен осыған өз еркіңмен разы бол, әйтпесе мұны саған зорлап қабыл еттіремін. Байқауымша сен жәннатқа разы емес сияқтысың. Сен дененің ішінде бір тамшы су сияқтысың, одан басқа еш нәрсе емессің. Ей, нәпсім! Сен қазір өлмесең еш өлмеймін дейсің бе? Егер мына екі кісінің істегенін істеп, шейіт болуды қаласаң дұрыс нәрсе істеген боласың. Егер кешігетін болсаң нағыз сорлы сен боласың!

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) осы кезде бармағынан жараланып, атынан түсті де жараланған бармағын аяғымен басып:

«Сен әншейін қанаған саусақсың. Аллаһ жолында бұл қиындыққа кезіктің», - деген мағынадағы өлең жолын оқыды да қолын жұлқып тартып салбырап тұрған саусағын жұлып

Жағфар (радиаллаһу анһу) шейіт болғанда отыз үш жаста болатын. (Ибн Хишам III, 434) Демек хабашстанға һижрет жасап Нәжәшидің алдында хикметпен, ғылымымен және айбынымен сөйлеген кезде он жеті жастағы жігіт еді.

тастады. Артынан ары қарай шайқаса бастады. Бір жағынан дұшпанмен кіші жиһад жасап, екінші жағынан өз нәпсісімен үлкен жиһадын да жалғастырып:

«Ей, нәпсім! Егер әйеліңнен айырыламын деп уайымдайтын болсаң, одан үш талақпен толығымен ажырастым. Егер құлдарыңнан ұзақта қаламын деп уайымдасаң олардың барлығын азат еттім. Ал егер бау-бақшамнан айырылып қаламын дейтін болсаң, оларды Аллаһқа және Расуліне бердім».

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыс майданын ары қарай айта бастады:

«Абдуллаһ бин Рауаха барлық күш-қайратын жинап қолына туды алып жаумен шайқасып шейіт болды. Біраз қиналып жәннатқа кірді. Ол үшін де Аллаһтан жарылқау мен кешірім тілеңдер», - деді.

Абдуллаһтың (радиаллаһу анһу) жәннатқа біраз қиналып кіргендігі Ансарға қатты батты:

– Уа, Расулұллаһ! Ол неге жәннатқа қиналып кірді? - деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

– Ол жараланған кезде жаумен соғысудан біраз тартынып қалған еді. Артынан нәпсісін айыптады да күш-жігерін жинап шейіт болды. Жәннатқа кірді. Олардың жәннатта алтын тақта отырғанын көрдім. Абдуллаһ достарынан кішкене төмендеу еді. Мұның себебін сұрағанымда:


«Абдуллаһ шайқасуға бара жатқанда біраз сескеніп қалып, кейін шайқасқа кеткен еді», - деп айтты.

Хазіреті Абдуллаһтың шейіт болып жәннатқа кіргеніне Ансар қуанып көңілдері орнығып қалды. Осыларды түсіндіріп жатып Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты мұңайып, қайғы-қасіреті арта түсті. Артынан көзінен моншақтап жас ағып жылай бастады. Сосын:

«*Қазір туды Аллаһтың қылыштарының бір қылышы қолына алды. Соңында Аллаһ мужаһидтерге жеңіс нәсіп етті*», - деді. (Бұхари, Мағази 44; Ахмед V, 299; III, 113; ибн Хишам III, 433-436; Уақиди II, 762; ибн Сағд III, 46, 530; ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 237)

Артынан көзіне жас алған күйде Хақ Тағалаға қол жайып былай дұға жасады:

«*Аллаһым! Халид сенің қылыштарыңнан бір қылыш. Сен оған жәрдем ете көр!*» (Ахмед V, 299)



Халид бин Уәлидтің қолбасшылығы

Хазіреті Халид бин Уәлид күн батып әскерлер кері қайтқанға дейін жалғасқан соғысты өте шебер басқарды. Түнде соғыс тәртібін толығымен өзгертті. Оң қанаттағыларды солға, сол қанаттағыларды оңға, арттағыларды алға, алдағыларды артқы жаққа ауыстырды. Ертеңінде бұл өзгеше соғыс тәсілін көрген жау аң таң болып түсінбей қалды. Қарсы алдарынан басқа адамдарды көргенде мұсылмандарға жәрдемге әскер келген екен деп сескеніп қалды. Аллаһтың қылышы Хазіреті Халид (радиаллаһу анһу) болса жаудың сескенгенін пайдаланып бар күштерімен соққы берді. Мұндай шабуылды күтпеген жау өздеріне лап қойған иман селіне төтеп бере алмады. Бірте-бірте қатарлары ыдырай бастады. Сөйтіп кері шегінуге мәжбүр болды.

Сол күні қолынан тоғыз қылыш сынған Хазіреті Халид (радиаллаһу анһу)[257] бұл мұрсатты қолдан жібермей дұшпанға білдірмей өзі де әскерлерін кері алды. Бұл саяси әрекет оның қолбасшылықта асқан шебер екендігін көрсеткен екінші әрекеті болды. Осылайша екі жақ бірін-бірі жеңе алмай соғысты тоқтатып, кері шегінді. Хазіреті Халид (радиаллаһу анһу) әскерін аса шығынға ұшыратпай Мәдинаға алып қайтты. Жеті күнге созылған соғыста шейіт болғандардың саны он төрт болатын. Жау жақтан өлгендердің саны өте көп еді. Мұсылман әскерлері өздерімен бірге азын-аулақ олжа да алып қайтты. (Уақиди II, 746, 768; ибн Сағд III, 407)

Хазіреті Пайғамбарымыз мұсылмандарға:

257. Халид бин Уәлид былай деген болатын:
«Ант етейін Мутә соғысында қолымнан тоғыз қылыш сынды. Тек Йеменде жасалған ұшы жалпақ қылыш қана шыдап берді». (Бұхари, Мағази 44)

– Жиналыңдар! Бауырларыңды қарсы алыңдар! - деді. Күннің өте ыстық болғанына қарамастан барлық мұсылмандар жиналды. Аллаһ Расулі де түйесіне мініп мұжаһидтерді қарсы алуға шықты. Балалардың да олардың арқаларынан ергенін көріп Пайғамбарымыз:

«Балаларды да көліктеріңе мінгізіңдер! Жағфардың ұлын маған беріңдер!» - деді. Сөйтіп Абдуллаһты алып алдына отырғызды. (Ахмед V, 299; ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 244)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Халидтің бұл жетістігін жоғары бағалады. Жағдайдың анық-қаныгын толық білмей Мәдинаға оралған жауынгерлерді қашқындар деп атағандарға Расулұллаһтың өзі былай деп жауап берді:

«Олар Аллаһ жолындағы соғыстан қашқандар емес, қайта-қайта шабуыл жасап соғысатындар!» (Ибн Хишам III, 438; Уақиди II, 765)

Өйткені бұл соғыста әскер қатары өте аз болғанымен жер қайысқан қалың қолға қарсы соққы беріп оларды үрейлендірген болатын. Аллаһтың айтқан мына ақиқаты көрініс тапқан еді:

كَمْ مِنْ فِئَةٍ قَلِيلَةٍ غَلَبَتْ فِئَةً كَثِيرَةً بِإِذْنِ اللهِ وَ اللهُ مَعَ الصَّابِرِينَ

«Саны өте аз топ Аллаһтың қалауымен саны көп топты жеңді. Аллаһ сабырлылармен бірге». (Бақара сүресі 249-аят)

Мутә соғысы әһлі кітаптан саналатын христиандармен болған Исламның алғашқы соғысы еді. Иман жүзді үш мың кісі жүз мың, екі жүз мың кісілік теріс сенімдегі әскерге ойсырата соққы берді.

Хазіреті Жағфардың жұбайы Әсма бинти Умәйс былай дейді:

«Жағфар мен достары шейіт болған кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасымызға келді. Сол күні қырық тері илеген едім. Нанға қамыр илеп болғаннан кейін балаларымның беті-қолын жуып, шаштарын тарап майлаған едім. Аллаһ Расулі маған:

– Уа, Әсма! Жағфардың балалары қайда? - деді. Оларды құшақтап. Сүйіп иіскеді. Осы кезде көздеріне мөлтілдеп жас келе бастады.

– Уа, Расулұллаһ! Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын. Неге жылап жатырсыз? Неге балаларыма жетімдер сияқты әрекет жасап жатырсыз? Әлде Жағфар мен достарынан суық хабар келді ме? - дедім.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Иә! Олар бүгін шейіт болды, - деді.

– Ой, қожайыным. Ой, Жағфарым, - деп айқайлап жылап қоя бердім.

Ардақты Расул орнынан тұрып қызы Фатимаға барды. Оған:

– Жағфардың отбасына тамақ пісіріңдер. Бүгін олардың басына қайғы-мұң туды, - деді.

Жағфардың (радиаллаһу анһу) отбасына үш күнге дейін тамақ апарып отырды. Әлемдердің Сұлтаны үш күнге дейін Жағфардың үйіне бармады. Олардың мазасын алмай өз еріктеріне қалдырды. Кейін оларға барып:

– Енді бауырым үшін жылай бермеңдер. Бүгіннен кейін бауырымның балаларына қарауды мен мойныма аламын, - деді.

Хазіреті Жағфардың ұлы Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аллаһ Расулі бізді құстың балапанындай етіп үйіне алып барды да:

«Маған шаштаразды шақырыңдар», - деді. Шаштараз келіп шашымызды алды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдарын жайып:

«Аллаһым! Жағфардың үй-ішіне жақсылық бере көр! Абдуллаһтың қолын сауда-саттықта берекелі қыл!» - деп дұға жасады да мұны үш рет қайталады.

Шешеміз келген соң мұны оған айтып едім қатты қуанып қалды. Хазіреті Расулұллаһ оған:

«Сен бала-шағамды қалай асыраймын деп уайымдама. Дүниеде де ақыретте де олардың қамқоршысы менмін!» - деді. (Ахмед I, 204-205; Әбу Дәуіт, Тәражжул 13/4192; ибн Хишам III, 436; Уақиди II, 766; ибн Сағд IV, 37)

Абдуллаһ бин Жағфар (радиаллаһу анһу) өздеріне Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көңіл бөліп жақын тартқандығын көрсететін мына оқиғаны түсіндіреді:

«Әлі есімде бала кезімізде мен, Хазіреті Аббастың екі ұлы Құсам мен Убәйдуллаһ бір күні көшеде ойнап жүр едік. Аллаһ Расулі көлігімен шыға келді. Мені көрсетіп:

«Мынаны көтеріп жіберіңдер», - деп мені көлігінің алдына отырғызды. Құсамды көрсетіп:

«Мынаны да көтеріп жіберіңдер», - деді. Оны артына мінгестірді.

Расулұллаһтың көкесі Аббас (радиаллаһу анһу) ұлдарының ішінде Құсамнан көрі Убәйдуллаһты жақсы көретін еді. Осыған қарамастан Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) көкесінен тартынбастан арқасына Құсамды мінгестірді. Осыдан кейін басымды үш рет сипап, әр сипағанында:

«Аллаһым! Жағфардың балаларына сен ие бол!» - деп дұға жасады.[258] (Ахмед I, 205; Хаким III, 655/6411)

Ақиқат келді, негізсіз нәрселер жойылды

Меккенің жеңісі (20 Рамазан 8/10 Қаңтар 630)

Мәдиналық мұсылмандар мен Меккелік мүшриктердің Хұдайбияда жасаған келіссөзіне қарай бітімнің мерзімі он жыл еді. Бірақ мүшриктер күн өткен сайын Исламның бүкіл Арабстанға жайылып жатқанын көре алмады. Сондықтан келіссөз шарттарын бірте-бірте бұза бастады. Уақыт өте келе келіссөз шарттарына қарсы әрекеттер жасап, батырсына бастады. Хұдайбия келіссөзінен 17-18 ай өткеннен кейін өздеріне қарасты Бәни Бәкір тайпасын арандатып мұсылман хұзалықтарға айдап салды. Өздерінен кейбіреуі де бұл сорақы қылмысқа қатысты.[259]

Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарасты Хұза тайпасы шабуылға ұшыраған кезде намаз оқып жатқан болатын. Кейбірі сәжде кезінде, кейбірі рукуда, енді бірі қиямда тұрған кезінде айуандықпен шейіт қылды. Тіпті Харам аймағына тығылса да Құрайш пен Бәни бәкірліктер ол жердің Харам екеніне қарамастан оларды қырып салды. Бұл жағдай дереу Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткізілді.[260]

---

258. Хадис рауилерінің бірі былай дейді:
Абдуллаһ бин Жағфарға былай дедім:
– Кейін Құсамға не болды? Ол болса:
– Шейіт болды,- деді. Сонда оған былай дедім:
– Аллаһ және Расулі ең қайырлысын жақсы біледі. Ол да:
– Иә,- деді. (Хаким III, 655/6411)
259. Ибн Хишам IV, 4; Бәйхақи, Дәләил V, 6.
260. Ибн Хишам IV, 11; Уақиди II, 782.

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) бұл қайғылы хабарды жеткізген Амр бин Салимді (радиаллаһу анһу) тыңдап отырғанда мүбәрак көздерінен моншақтап жас төгіліп, нұр жүзін жуып кетті. Пайғамбарлар Сұлтаны қатты қасірет шекті. Көңіліне қаяу түскен сахабасы Амр бин Салимді жұбатып:

«Уа, Амр! Саған жәрдем келеді», - деді. (Ибн Хишам IV, 12; Уақиди II, 784-785)

Осыған қарамастан Аллаһ Расулі мүшриктермен жасалған келіссөзді ойлай отырып хұзалықтарға жасаған шабуылға байланысты алдымен меккеліктерге елші жіберді. Өйткені олар Хұдайбия келіссөзін кешірілместей бұзған еді. Осыған байланысты өлтірілген хұзалықтардың құнын төлеулері керек, я болмаса Бәни бәкір тайпасын қорғаудан бас тартулары керек болды. Ал егер бұл екі ұсынысты да қабыл етпейтін болса Хұдайбия келіссөзінің бұзылғандығын мойындаулары керек еді.

Көздері қанталап, әбден өшіккен қанішер мүшриктер Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұсынған үш ұсынысының соңғысын, яғни келіссөзді ашықтан-ашық бұзуды қабыл етті.[261]

Артынан өкініп, сан соққанымен бәрі кеш болды. Келіссөз екі жақты бұзылған болатын. Жағдайды қайтадан қалпына келтіру үшін Құрайш көсемі Әбу Суфян опық жеп, шарасыз күйде Мәдинаға аттанды. Аллаһ Расулі оның келліссөзді жаңалау мақсатымен Меккеден шыққанын уахи арқылы біліп сол мезетте асхабына хабарлады.[262] Онсыз да жауыздықпен шабуылға ұшыраған мұсылмандарға қайғырып, аза тұтқан Мәдинада ешкім Әбу Суфянды

261. Уақиди II, 787.
262. Ибн Хишам IV, 12.

елемеді. Тіптен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұбайларының бірі Үммү Хабиба Әбу Суфянның қызы болса да үйіне келген әкесінің астынан отырмақшы болған көпшігін тартып алды. Әбу Суфян аң-таң болып:

– Қызым, көпшікті маған лайық көрмедің бе, жоқ әлде мені көпшікке лайық көрмедің бе? - деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жан-тәнімен жақсы көретін Үммү Хабиба анамыз былай жауап берді:

– Бұл Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көпшігі. Сен нәжіс бір мүшриксің. Сондықтан оған отыруға лайық емессің.

Әбу Суфян бұл жауапқа серейіп қатты да қалды.

– Қызым сен бізден кеткелі бері қатты өзгеріп кетіпсің, - деді.

Бірақ Үммү Хабиба:

«Жоқ, Аллаһ Исламмен менің абыройымды көтерді», - деп, иманның барлық нәрседен жоғары екенін ескертті. (Ибн Хишам IV, 12-13)

Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бастап бүкіл асхабтың бұл ұстанған әрекетіне амалы болмай шарасыз Меккеге қайтуға мәжбүр болған Әбу Суфян айналасына жиылған меккеліктерге келіссөз жасаудың мүмкін еместігін айтты. Мұнымен қоса таңданғандығын жасыра алмай:

«Мен жүректері бір ғана жүрекке бағынған қауымнан келе жатырмын. Ант етейін жәрдемі тиеді деген үлкен-кіші, әйел-еркек барлығымен сөйлестім, бірақ ешқандай нәтиже бермеді», - деді. (Абдурраззақ V, 375)

Осы кезде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жорыққа дайындалуға бұйрық берді. Жақын жердегі тайпаларды Мәдинаға шақырып, ұзақтағыларды тұрған жерлерінде күтіп әскерлерге жолдан қосылуларын бұйырды. Барынша жасырын әрекет етті. Мәдинадағы қызу әрекеттен жаудың күдіктенбеуі үшін Сирия жаққа барлаушы әскер жіберген Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жан-жақты қатаң түрде бақылауға алды. Ұлы жеңіске қан-төгіссіз қол жеткізуді мақсат еткен еді. Бұл үшін бірнеше стратегиялық (алдын-алу) шараларын жасады.

Алдымен асхабына жорыққа дайындалуларын бұйырса да қайда баратындарын айтпай жасырын ұстады.[263] Тіпті ең жақын досы әрі сырласы Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) де Меккеге баратындарын білмейтін. Қызы әрі Расулұллаһтың жұбайы Айшадан (радиаллаһу анһа) қайда аттанатындарын сұраған еді ол да:

«Білмеймін. Бәлкім Бәни Сүләймға немесе Сәқифқа, бәлкім Хауазиндерге баратын шығар», - деді. (Ибн Хишам IV, 14)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) меккеліктердің қандайда бір соғыс дайындығын жасамай, бейбіт жолмен жеңіске қол жеткізудің жолдарын қарастырды. Меккеге ешқандай хабаршы мен тыңшының баруына мүмкіншілік бермеді, әрі былай дұға жасады:

«Аллаһым! Қоныстарына күтпеген жерден барғанға дейін құрайштықтардың тыңшылары мен хабаршыларын бөге. Оларды көрмейтін, естімейтін қыл. Құрайштықтардың көздерін тұмшала. Мені ойламаған жерден қарсы алдарынан тапсын». (Ибн Хишам IV, 14)

263. Ибн Сағд II, 134.

Хазіреті Пайғамбарымыз Мәдинадан аттанғанда құрайштықтарды жаңылыстыру үшін қарсы бағытқа жүріп, ол жақтағы одақтас тайпалармен жолығып, жүрген жолын шеңбер тәрізді айналып мақсатының не екенін сездірмеді. Меккеге жақындағанда әрбір әскерге бөлек-бөлек от жақтырып, психологиялық тұрғыдан әсер етіп, сандарын көп қылып көрсетуі де осы мақсатта еді.[264]

Осыған қоса Миқат жері саналатын Зулхуләйфада ихрамға кірмеуі де сапарының бағытын жасырын ұстағандығы болатын.[265]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күш-қуатқа қол жеткізгеннен кейін, бұл күш-қуатын адамдарды өлтіріп, қалаларды басып алу үшін емес, олардың жүрегін Аллаһқа бұрып тура жолға салу үшін қолданды. Өйткені ол бүкіл әлемге мейірімді болып, тура жолға салу үшін жіберілген мейірім пайғамбары еді.

Аллаһ Тағала мұсылмандардың соғыс пен бейбітшілік жайындағы түсініктерін аят кәримада была баяндайды:

الَّذِينَ اِنْ مَكَّنَّاهُمْ فِى الْاَرْضِ اَقَامُوا الصَّلٰوةَ وَ اٰتَوُا الزَّكٰوةَ وَ اَمَرُوا
بِالْمَعْرُوفِ وَ نَهَوْا عَنِ الْمُنْكَرِ وَلِلّٰهِ عَاقِبَةُ الْاُمُورِ

«Мүминдерге жер жүзін билетсек олар намаз оқып, зекет береді және жақсылықты бұйырып жамандықтан тыйады. Барлық істің соңы Аллаһқа тән». (Хаж сүресі 41-аят)

264. Хамидуллаһ I, 264-265.
265. Нәби Бозкурт, Дианет Ислам Энциклопедиясы, «Мекке» мақаласы. XXVIII, 557.

Ардақты сахабалардың барлығы тегіс бұл құпия жорықты жасырын ұстады. Тек Бәдір ғазауатына қатысқан Хатиб бин Әби Бәлта бұл жағдайды Меккеге білдіру үшін хат жазып, оны бір әйел арқылы жөнелткен болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи арқылы бұл жағдайды біліп Хазіреті Али, Зубәйр, Миқдаттарға (радиаллаһу анһум әжмайн) ол әйелдің бара жатқан жерін айтып, оны ұстап алып келуге жұмсады. Ол әйел Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұсқаған жерінде қолға түсті. Жасырған хатын алып Расулұллаһқа тапсырды. Хаттағы жазу мынадай еді:

«Ей, Құрайш! Аллаһ Расулі сендерге қарай жер қайысқан орасан қолмен бара жатыр. Қара түнектей қорқынышты бұл әскер сендерге қарай селдей ағып барады. Аллаһқа ант етейін, Расулұллаһ сендерге жалғыз өзі аттанса да Аллаһ оны жеңімпаз қылады. Әрі ол уәдесін орындайды. Қазірден бастап бастарыңды аман алып қалудың қамына кірісе беріңдер». (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 278)

Негізінде хаттағы айтылған сөздер ақиқат болатын, әрі қиянатқа да жатпайтын. Бірақ, жасырын қалуы керек болған ақиқатты дұшпанға жария ету көзделген болатын. Осыған орай Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрекетті жасаған Хатибті дереу шақырып алып:

– Ей, Хатиб! Неге бұлай істедің? – деп сұрады.

Бәдір ғазауатына қатысқан Хатиб үлкен өкінішпен:

– Уа, Расулұллаһ! Қасыңыздағы Мұхажирлердің Меккеде қалған жанұялары мен малдарын қорғайтын адамдары бар. Ал менің ешкімім жоқ. Мен де осы хат арқылы оларға жағынып отбасым мен бала-шағамды құтқарып қалғым келді. Әйтпесе ант етейін мен олардың тыңшысы емеспін.

Мен бұл әрекетті дінімнен шығу мақсатында істемедім. Мұсылман болғаннан кейін ешқашан күпірлікке разы болмаймын. Уаллаһи менің Аллаһқа және Расуліне деген иманым шексіз. Дінімді әсте ауыстырмаймын... - деді.

Сонда мейірімі шексіз Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Хатиб өзін орынды ақтап алды, - деп, оны кешірді.

Хатибтің басын шапқысы келген Хазіреті Омарға Бәдір соғысына қатысқандардың істеген қателіктерін Хақ Тағала кешіретіндігін ескерте отырып былай деді:

«Бірақ ол Бәдір соғысына қатысты, қайдан білесің бәлкім Аллаһ Тағала Бәдірге қатысқандардың жағдайын біліп, оларға: «Қалағандарыңды істеңдер, сендерді кешірдім», - деген шығар». (Бұхари, Мағази 9; Муслим, Фадайлус Сахаба 161)

Бұған қоса Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы мезетте түскен мына аят кәрималарға орай Аллаһтың дүшпандарын дос тұтынбау керектігін Хатибтен бастап барлық сахабаларына баяндады:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَتَّخِذُوا عَدُوِّى وَ عَدُوَّكُمْ اَوْلِيَآءَ تُلْقُونَ اِلَيْهِمْ
بِالْمَوَدَّةِ وَ قَدْ كَفَرُوا بِمَا جَآءَكُمْ مِنَ الْحَقِّ يُخْرِجُونَ الرَّسُولَ
وَ اِيَّاكُمْ اَنْ تُؤْمِنُوا بِاللّٰهِ رَبِّكُمْ اِنْ كُنْتُمْ خَرَجْتُمْ جِهَادًا فِى سَبِيلِى
وَابْتِغَآءَ مَرْضَاتِى تُسِرُّونَ اِلَيْهِمْ بِالْمَوَدَّةِ وَ اَنَا اَعْلَمُ بِمَا اَخْفَيْتُمْ وَمَآ
اَعْلَنْتُمْ وَ مَنْ يَفْعَلْهُ مِنْكُمْ فَقَدْ ضَلَّ سَوَآءَ السَّبِيلِ

«Ей, иман келтіргендер! Егер менің ризашылығымды қалап, менің жолымда соғысқа шыққан болсаңдар, менің әрі сендердің дұшпандарыңды жақсы көріп олармен жасырын



достық құрмаңдар. Олар болса сендерге келген ақиқатқа қарсы шықты. Раббыларың Аллаһқа иман келтірдіңдер деп пайғамбарды да, сендерді де қоныстарыңнан қуды. Мен сендердің жасырған нәрселеріңді де, ашық жариялаған нәрселеріңді де білемін. Сендерден кімде-кім мұны істесе (олармен достасса) **расында ол тура жолдан адасқан.**

اِنْ يَثْقَفُوكُمْ يَكُونُوا لَكُمْ اَعْدَآءً وَ يَبْسُطُوٓا اِلَيْكُمْ اَيْدِيَهُمْ وَاَلْسِنَتَهُمْ بِالسُّوٓءِ وَ وَدُّوا لَوْ تَكْفُرُونَ ﴿2﴾ لَنْ تَنْفَعَكُمْ اَرْحَامُكُمْ وَ لاَ اَوْلاَدُكُمْ يَوْمَ الْقِيٰمَةِ يَفْصِلُ بَيْنَكُمْ وَ اللّٰهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ ﴿3﴾

Егер де олар сендерді қолға түсірсе сендерге дұшпандық жасайды. Сендерге қолдарымен жамандық жасап, тіл тигізеді. Сендердің (иманнан бас тартып) **қарсы шығуларыңды қалайды. Қиямет күнінде сендерге жақындарыңның да, балаларыңның да пайдасы тимейді. Өйткені Аллаһ араларыңды айырады. Аллаһ әрбір істегендеріңді толық көреді».** (Мумтахина сүресі 1-3 аяттар)[266]

Бұл қасиетті аятта мұсылмандардың бала-шағалары мен мал-мүлкін себеп қылып кәпірлермен достасуына тыйым салған. Хазіреті Нухтың (аләйһиссәләм) ұлы Кәнән иман келтірмегендермен бірге болғандықтан тозақтық болды. Осы сияқты Луттың (аләйһиссәләм) әйелі де пасықтарға қосылғаны үшін ол да пасық болып Аллаһтың қарғысына ұшырады. Яғни олардың пайғамбармен жақындығы ешқандай пайда бермеді.

Хижреттің сегізінші жылы рамазан айының онында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) он мың кісілік орасан зор таухид әскерлерімен Мәдинадан шықты.

266. Бұхари, Тәфсир 60.

Жиһадқа шыққаны үшін жолда ауызын ашып жіберді. Асхабына да ауыздарын ашуларына бұйрық берді.[267]

Жухфаға келген кезде Хазіреті Аббаспен жолықты. Хазіреті Аббас (радиаллаһу анһу) бұрыннан мұсылман болатын. Бірақ мұнысын жасырып Меккеде тұрып ол жердегі Құрайштың жағдайын үнемі Аллаһ Расуліне білдіріп отырды. Мекке Мукаррамада қалуының бір себебі де қажыларға су жеткізу міндетін атқару болатын. Ақыры уақыттың келгенін біліп ол да жанұясымен хижрет жасау үшін жолға шыққан еді.[268] Бұған қатты қуанған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Менің пайғамбарлардың соңғысы болғанымдай, сен де мұхажирлердің соңғысы болдың», - деді. (Али әл-Муттақи XI, 699/33387)

Бұл Меккені алу үшін жасалған салтанатты жорық кезінде бүкіл адамзатқа ғибрат боларлық өте маңызды оқиғалар болды. Бұл да Жаратушының мақлұқатына түскен бір мейірімділігі. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әскерлері дүркіреп алға қарай бет алды. Арабстанның төрт бұрышынан жаңадан мұсылман болған тайпалар топ-топ болып келіп Ислам әскерлеріне қосылып жатты. Көрініс махшар майданын еске түсіретін. Әлемдердің Сұлтаны дүркіреген әскерімен Арж деген жерден әрекет етіп Талұбқа қарай бет алды. Жолда күшіктерін емізіп жатқан итті көріп, дереу Жуайл бин Сұрақаны шақырып оны әлгі ит пен күшіктерінің басына күзетке қойды. Оларды жеңіс сезіміндегі Ислам әскерлері үркітіп жібермеуін ескертіп тапсырды.[269]

267. Бұхари, Мағази 47.
268. Ибн Хишам IV, 18.
269. Уақиди II, 804.

Бұл не деген керемет бір көрініс! Адамзат тарихында бұрын-соңды мұндай аяушылық, осыншалықты мейірімділік болған ба екен?[270]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккенің жеңісі сияқты тарихи өте маңызды кезеңде де онша еленбейтін, ұсақ-түйек мәселелермен де айналысып, ит пен күшіктеріне де өзін жауапты деп санаған. Олай болса бұл оқиғадан алынатын тағы бір сабақ: басқарма лауазымдарында қызмет атқаратындар да әрбір істің ұсақ-түйегіне дейін жауапты екендерін біліп, кейбір жағдайға тап болған кезде дайын болулары керек.

Ол кезде меккеліктер болып жатқан мән-жайдан хабарсыз болатын. Ислам әскерлері Меккеге бір күндік жердегі Марруззахран ойпатына келіп тоқтап, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрығымен әрбір әскердің бөлек-бөлек жаққан отының тамаша көрінісін көргенде қатты сасып, естерінен танды.

Әбу Суфян достары Хаким бин Хизам мен Будайлды ертіп төңіректі барлау үшін Меккеден шықты. Ислам әскерлері жаққан мыңдаған отты көргенде қатты састы. Бұлардың қай тайпадан екенін болжай бастады. Бірақ ол жерге орналасқандардың Хазіреті Пайғамбарымыз бен асхабы болуы мүмкін екенін еш ойламаған еді. Мекке жан-жағынан қоршауға алынғандықтан көп ұзамай Әбу Суфян

270. Күнімізде бірқатар Ислам дұшпандары ұлы Исламды адамзатқа қауіпті террор сөзімен қатар қолдануда. Ал террор мен анархизм қатігездік пен мейірімсіздіктен туындаған және оларға ахлақ сияқты қасиетті сезімдердің қажеті де жоқ. Ислам болса алғаш келген күнінен бастап барлық террор мен анархизмге қарсы күрескен және әрдайым кәпір болсын, мүмин болсын бүкіл адамзаттың, тіпті жанды-жансыз барлық жаратылыстың құқығын қорғаған. Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірі терроризмге қарсы күресумен өткен.

мен достары қолға түсіп Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әкелінді.[271]

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Әбу Суфянның өлтірілуін қаласа, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Аббас (радиаллаһу анһу) оның кешірілуін талап етті. Теңдессіз саяси данышпандылығымен тамаша соғыс тәсілін қолданған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесіне:

«Әбу Суфянды алып әскерлердің өтетін жеріне апар. Ислам сарбаздарының айбынын көрсін», - деді.

Бұл – Құрайш көсемі Әбу Суфянды мүшриктердің мұсылмандарға қарсы шығуына кедергі болуына дайындап, олардың бұл әрекетінің әурегершілік екенін көрсету болатын. Дегендей мүшриктер қарсыласпағанда қан да төгілмейтін еді.

Хазіреті Аббас (радиаллаһу анһу) Әбу Суфянды Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан жеріне алып барды. Осы уақытта Ислам әскерлері топ-топ болып ілгері қарай әрекетке көшкен болатын. Әрбір топтан «Аллаһу Әкбар» деген сөз жаңғырып көк аспанға көтерілді.

Мұны көрген Әбу Суфян өз көзіне өзі сенбей аң-таң болып, бойын үрей биледі. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тобы өтіп бара жатқанда бұл сезімін жасыра алмай:

– Ей, Аббас! Ағаңның ұлы салтанатын қалай асқақтатқан! - деді.

Аббас (радиаллаһу анһу) болса:

271. Бұхари, Мағази 48.

– Жоқ, бұл салтанат емес. Пайғамбарлық... - деді.

Әбу Суфян да:

– Иә, иә! - деп құптады. (Бұхари, Мағази 48; Хайсәми VI, 164; ибн Сағд II, 135; ибн Әсир, әл-Камил II, 242)

Осыдан соң екеуі Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына келді. Әлемдердің Сұлтаны былай деп сұрады:

– Ей, Әбу Суфян! Лә иләһә илләллаһ дейтін уақыт әлі келмеді ме?

Әбу Суфян біраз ойланғаннан кейін кәлима тәухидті айтты. Бірақ Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар екенін айтпаған еді. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайта сұрады:

– Менің Аллаһтың Пайғамбары екендігімді айтатын уақытың келмеді ме?[272]

---

272. Хақ Тағаланың Құран Кәрімдегі мына аятынан:

قُلْ اَطِيعُوا اللّٰهَ وَالرَّسُولَ فَاِنْ تَوَلَّوْا فَاِنَّ اللّٰهَ لاَ يُحِبُّ الْكَافِرِينَ

«(Расулім! Оларға) **Аллаһқа және Расуліне мойынсұныңдар деп айт. Егер бас тартатын болса күдіксіз Аллаһ кәпірлерді жақсы көрмейді».** (Әли Имран сүресі 32-аят) Тек қана Аллаһқа иман келтіріп мойынсұнудың жеткіліксіз екендігі ап-ашық көрініп тұр. Демек тек Аллаһқа немесе тек Пайғамбарға иман келтіріп, мойынсұнған кісі аятқа қарағанда Аллаһ жақсы көрмейтін кәпір болып есептеледі. Негізінде маңыздысы құлдың әлсіз, нұқсан танымы бойынша емес, Аллаһтың қалауы мен әміріне сай түрде иман келтіру.

Олай болса Аллаһ Тағала Расуліне діннің негізі болып саналатын бұл мәртебені беріп, мүминдерге де иманның шарты ретінде оған куәлік беріп бағынуды бұйырған. Ал бүгінгі таңда кейбір надандар Аллаһтың әміріне қарамастан сүннеттерді қабыл етпей және тар түсініктерімен «Бізге Құран жетеді» деп Пайғамбарға бағыныштылықты жоққа шығаруда. Олардың Құранға бағыныштылықтарын білдіретін бұл сөздері өздеріне қарсы келіп, надандықтарынан не қастандықтарынан айтылған сөздер.

Әбу Суфян бұл сұраққа жауап беру үшін біраз уақыт сұраса да Хазіреті Аббас қоймаған соң кәлима шәһәдәтты толығымен айтты. Осыдан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның көңілін аулап және жүрегін Исламға жібіту үшін Мекке халқының қауіпсіз, аман-есен қалатын жерлерін айтқан кезде Әбу Суфянның үйін де сол жерге қосып былай деді:

«Кімде-кім Мәсжид Харамға кіретін болса қауіпсіздікте. Кімде-кім үйінен шықпай отыратын болса қауіпсіздікте. Кімде-кім Әбу Суфянның үйін паналайтын болса қауіпсіздікте». (Әбу Дәуіт, Хараж 24-25/3021-3022; Хайсәми VI, 164-166; ибн Хишам IV, 22)

Әбу Суфян босатылып Меккеге оралғаннан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабына соңғы үгіт-насихатын айтты:

«Сендерге қарсы шабуыл жасамайынша ешкімге қылыш көтермеңдер!» (Ибн Хишам IV, 28)

Осыдан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) төрт топқа бөлінген Ислам сарбаздарына әрекет етуге бұйрық берді. Осылайша Мекке төрт жақтан жаңғырған тәкбір дауысына бөленді.

Сегіз жыл бұрын екі түйе мен үш кісі болып Меккеден қайғылы күйде айырылған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүгін Аллаһтың құдіретімен он мың кісілік айбынды, орасан зор әскермен мүбәрак өңірге кірді. Сол кезде елінен қуылып, жәбірленген адам, бүгін елін азат еткен батыр жеңімпазға айналды. Бірақ ол бұған көкірегін керіп тәкаппарланбай, түйесінің үстінде сәждеге барғандай иіліп, осы нығыметті берген Аллаһқа шүкіршілік етіп Меккеге кірді. Аллаһқа тағзым етіп басын игені



соншалықты, сақалы түйесінің еріне тиуге дейін барды. Ол тұста тоқтамай:

اَللّٰهُمَّ لاَ عَيْشَ اِلاَّ عَيْشَ الْاٰخِرَةِ

«Ей, Аллаһым! Өмір-тек ақыреттегі өмір», - деп қайталаумен болды.[273] (Уақиди II, 824: Бұхари, Риқақ 1)

Нәбәуи ахлақпен безенген азхабы кирамның да жағдайы Аллаһ Расулінің жағдайынан айтарлықтай өзгеше еместін.

Ислам әскерлеріне қарсы ешкім шабуылға шықпады десе де болады. Бұл жайында Әбу Суфянды пайдаланып жасаған әрекеттің берекетімен оның меккеліктерді мұсылмандарға қарсы шықпауға үгіттеуінің нәтижесінде айбынды Ислам сарбаздарына қарсы шығуға ешкімнің батылы бармады. Тек Халид бин Уәлидтің Меккеге кірген жерінде кішігірім қақтығыс болып, ол да дем арасында басылды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Фәтх сүресін оқып асхабы кираммен бірге Қағба Муаззамаға қарай бет алды. Түйесінен түспей Қағбаны тауаф еткеннен кейін:

جَآءَ الْحَقُّ وَ زَهَقَ الْبَاطِلُ

«...Ақиқат келді, негізсіз нәрселер жойылды!...» (Исра сүресі 81-аят) деген қасиетті аятты оқып қолындағы таяғымен

273. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) дүниедегі өмір мен салыстырғанда ақыреттің қаншалықты маңызды екенін білдіретін осы сөзді ғұмыры бойы жиі-жиі қайталайтын. Мәсжидун Нәбәуи салынып жатқанда, Хандәк қазылып жатқанда, Меккенің жеңісінде Меккеге кіріп бара жатқанда және Уәдә қажылығында Арафа күні мүминдердің көпшілігінің көзінше айтқандығы риуаяттардан белгілі. (Бұхари, Жиһад 33, 110, Манақибул Ансар 9, Мағази 29; Муслим, Жиһад 126,129; Тирмизи, Манақиб 55; ибн Мәжә, Мәсәжид 3)

Қағбадағы пұттарды өзі құлата бастады. (Бұхари, Мағази 48; Муслим, Жиһад 87; Уақиди II, 831-832)

Расуллұлаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәйтуллаһта салынған суреттерді көріп ішке кірмеді. Алдымен оларды жоюға бұйрық берді. Сахабалар дереу бұйрықты орындады.

Ішінен Хазіреті Ибраһим мен Хазіреті Исмайлдың (аләйһиміссәләм) қолдарына бал оғын ұстап тұрған суреттерін көргенде Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) былай деді:

«Аллаһ бұл суреттерді салған мүшриктердің жанын алсын. Уаллаһи бұл пайғамбарлар әсте тағдырды жерлерге қарап белгілемеген». (Бұхари, Әнбия 8, Хаж 54, Мағази 48)

Аллаһтың досы ұлы Мәуләнә (қуддиса сиррух) өмірі бойы адам ойына келмейтін қиыншылықтар мен зорлықтарға қарсы тұрып пұттарды сындырған Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қаншалықты қарыздар екенімізді былай білдіреді:

«Ей, бүгінгі мұсылман адам! Егер Хазіреті Ахмедтің (аләйһиссалату уәссәләм) әрекеті мен пұттарды сындыруда көрсеткен күш-жігері болмағанда, сен де ата-бабаң сияқты пұттарға табынған болар едің».


Мұсылмандар Меккені алған күні таң атқанша тәкбір айтып, еш тоқтаусыз Қағбаны тауаф етті. Мұны көрген Әбу Суфян әйелі Хиндтен:

– Сен мұның Аллаһтан болғандығына сенесің бе? - деп сұрады.

Хинд:

– Иә! Бұл Аллаһтың қалауымен болған іс - деді.





Ертесіне Әбу Суфян таң ертең Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барды. Аллаһ Расулі оған бір күн бұрын әйелімен сөйлескен әңгімені айтып берді.

Әбу Суфян:

«Сенің Аллаһтың Расулі екендігіңе куәлік беремін. Жаным оның билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Бұл сөзімді Аллаһ пен Хиндтен басқа ешкім естімеген еді», - деді. (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 296)

Жеңістен кейін меккеліктер балаларын Расулұллаһқа алып келді. Расулұллаһ та олардың бастарын сипап оларға бата берді. (Ахмед IV, 32)

Кешірім мерекесі

Осы кезде құрайштықтар Мәсжид Харамға жиналып өздеріне берілетін үкімді күтіп тұрған болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек ол жердегілерге емес, барлық адамзатқа арнаған бүкіл әлемдік мына құтпасын оқыды:



«Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Тек қана Ол бар. Оның ешқандай серігі де ұқсасы да жоқ. Аллаһ уәдесін орындап құлына жәрдем етті және барлық жауларымызды ойсыратты. Қағба қызметі мен қажыларға су тарату ісінен басқа барлық ескі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, мал және қан даулары бүгін мына екі аяғымның астында.

Ей, құрайштықтар! Аллаһ сендерді надандық мақтанышын, ата-бабаларыңмен, руларыңмен тәкаппарлануды жойды. Барлық адамзат Адамнан, Адам да топырақтан жаратылған».

(Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) осының артынан мына аятты оқыды:

يَٓا اَيُّهَا النَّاسُ اِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَ اُنْثٰى وَ جَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا وَقَبَٓائِلَ لِتَعَارَفُوٓا اِنَّ اَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللّٰهِ اَتْقَاكُمْ اِنَّ اللّٰهَ عَلِيمٌ خَبِيرٌ

«Ей, адамзат! Расында біз сендерді ұлттарға, руларға бөлдік. Шын мәнінде Аллаһтың алдында ең ардақтыларың тақуа болғандарың. Анығында Аллаһ барлық нәрсені біліп, әр нәрседен хабар алушы». (Хужурат сүресі 13-аят) (Ибн Мәжә, Дият 5; Ахмед II, 11; Тирмизи, Тәфсир 49/3270)

Енді Мекке Мүкәррама Хұдайбияның сүйіншісі ретінде кешірімге, бейбітшілікке, тыныштыққа және һидаятқа толы рухани жеңіс пен негізгі иелеріне құшағын кең жайды. Мың сан қиыншылыққа, зұлымдыққа және зорлыққа толы Мекке сағынышы да аяқталды. Жылдар бойы жалғасып келген қайғы-қасірет қуанышқа ауысты. Міне, осыған шүкіршілік ретінде бұрын-соңды тарихта болмаған ұлы кешірімді жариялау үшін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке халқынан былай деп сұрады:

– Ей, Құрайш халқы! Қазір мен сендерге не істейді деп ойлайсыңдар?

Құрайштықтар:

– Біз сенің жақсылық пен ізгілік жасайтыныңды үміттеніп «Жақсылық істейсің» дейміз. Сен өте ардақты, әрі сыпайы бауырымызсың. Ардақты да сыпайы бауырымыздың ұлысың... - деді.

Сонан соң Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мен де Хазіреті Юсуфтың бауырларына айтқанындай:

لاَ تَثْرِيبَ عَلَيْكُمُ الْيَوْمَ يَغْفِرُ اللهُ لَكُمْ وَ هُوَ اَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ

«...Бүгін сендерді ешкім кінәламайды. Аллаһ күнәларыңды кешсін. Ол мейірімділердің мейірімдісі» (Юсуф сүресі 92-аят) деймін. Қане бара беріңдер, енді боссыңдар! - деді.

Тағы бір сөзінде:

«Бүгін рақымдылық күні. Бүгін Аллаһтың құрайштықтарды Исламмен қуаттандырып, ұлықтайтын күні», - деді.

Осының арқасында жеңістен бұрын көптеген мұсылмандарды өлтіріп, мал-мүлкін тартып алған кісілер де һидаят бақытына кенелді. Аллаһ Тағала Құрайш мүшриктерін Расулінің қолына беріп, оған тізе бүктірген еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды кешіріп, өз еріктеріне жіберген еді. Осы себептен меккеліктерге «Тулақа», яғни «азат етілгендер» деген ат берілді.[274]

274. Ибн Хишам IV, 32; Уақиди II, 835; ибн Сағд II, 142-143.

Хазіреті Пайғамбарымыздың ең үлкен арманы бірдебірі тыс қалмай барлық адамдардың тегіс мұсылман болуы болатын. Меккенің жеңісінен кейін қол астында күш-қуат бола тұра, кезінде өзіне әр түрлі зұлымдық жасап қорлаған адамдардан өшін алуға шамасы жете тұра бұдан бас тартып, жалпы барлығын кешіруі Жаратушысының назарында мақлұқатқа қараудың бір көрінісі еді.

Жылдар бойы жауыздықтан, зұлымдықтан, дұшпандықтан басқа еш нәрсені білмейтін Мекке сол күні жарияланған ұлы кешірім мерекесімен жадырап, шаттанып мейірімділік пен махаббатқа қарық болды. Бірақ осы мерекенің шырқын бұзғысы келген Фәдала атты Меккелік кісі Хазіреті Пайғамбарды өлтіру ниетімен оған қарай жақындады. Оның осы ниетін білген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қобалжып ашу шақырмастан мейірімділік танытып, сыпайы түрде Фәдаладан:

– Сен Фәдаламысың? - деп сұрады. Ол:

– Иә! - деді. Әлемдерге мейірімділік үшін жіберілген Пайғамбарымыз:

– Әй, Фәдала! Ниеттенген нәрсеңнен тәубә етіп, жарылқау тіле! - деп, мүбәрак қолын оның көкірегіне қойды. Сол уақытта ойындағы өлтіру ниеті жоғалып, Фәдаланың көңілі жұмсады. Иман нұрына қанып дем арасында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған жаратылыстың ішіндегі ең жақсы көретініне айналды. (Ибн Хишам IV, 37; ибн Кәсир, әс-Сира III, 583)

Әбу Суфян бин Харб Мәсжид Харамда ойланып отыр еді. Хазіреті Пайғамбарымыздың бір топ мұсылмандармен келе жатқанын көріп, ішінен:

– Мұхаммедке қарсы әскер жинасам ба, мына адаммен қайтадан соғыссам ба? Не істесем екен? - деп ойлады. Осы кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның қасына келіп төбесінен қарап екі жауырынының арасынан қағып:

– Аллаһ ол кезде сені бейшара, сорлы қылады, - деді. Әбу Суфян басын көтеріп Аллаһ Расулін көргенде:

– Осы уақытқа дейін сенің пайғамбар екендігіңе толық көзім жетпеген еді. Ішімнен ойлаған нәрселерім үшін Аллаһқа тәубе еттім, одан жарылқау тілеймін! - деді. (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 296)

Ұхұд соғысында Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Хазіреті Хамзаның іш-бауырын ашынып шайнаған Хиндте Мекке алынған күні иман келтіріп, ол да кешірілді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) калима таухидтің құрметіне оны да кешті.[275]

Әбу Жәһилдің ұлы Икрима Ислам дұшпандарының бірі болатын. Меккенің жеңісінен кейін Йеменге қашқан болатын. Әйелі оны мұсылман қылып Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алып келді. Бүкіл әлемге мейірімді етіп жіберілген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Икриманы құшақ жайып қарсы алып:

«Ей, көшпенді сарбаз, қош келдің», - деп, мұсылмандарға жасаған зұлымдығын бетіне баспай оны да кешірді. (Хаким III. 271/5059; Уақиди II, 851-852)

Хаббар бин Әсуад та алдыңғы қатарлы Ислам дұшпандарынан болатын. Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызы Зейнеп (радиаллаһу

275. Уақиди II, 850.

анһа) Меккеден Мәдинаға хижрет жасап бара жатқанда әдейілеп найзасымен ұрып түйеден құлатқан болатын. Аяғы ауыр Хазіреті Зейнеп баласын түсіріп алып, өте ауыр жараланған болатын. Кейін қайтыс болуына да осы жарақаты себеп болған еді. Хаббар осы сияқты көптеген қылмыстар істеген болатын. Мекке жеңісінен кейін қашып, ұстатпай кеткен еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада асхабымен бірге отырған кезде, сол жерге барып мұсылман болғандығын жариялады. Хазіреті Пайғамбар оны да кешірді. Оған ауыр сөздер айтып, мазасын алуға тыйым салды.[276] Өйткені Құран Кәрімде былай делінген:

خُذِ الْعَفْوَ وَاْمُرْ بِالْعُرْفِ وَ اَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ

«(Ей, Расулім!) **Сен кешірім жолын ұста. Дұрыс нәрселерді бұйыр. Надандардан аулақ бол».** (Ағраф сүресі 199-аят)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тірі Құран еді. Құранның ахлағы ең тамаша түрде Пайғамбарымызда көрініс табатын. Өзіне жасалған барлық қылмыстарды еш ойланбастан шын көңілден кешіретін. Бірақ көпшілікке қарсы істелген қылмыстарда ақиқат орнығып ақысы бар кісінің ақысын алғанға дейін оны ешкім тоқтата алмайтын.

Хазіреті Пайғамбарымыз Меккеде бұрын соңды ұқсасы болмаған кешірім жасаумен қатар, кейбір жөнге келмейтін опасыз мүшриктерді халықтың игілігі үшін көрген жерде өлтіруді бұйырған еді.[277]

276. Уақиди II, 857-858.
277. Әбу Дәуіт, Жиһад 117/2683; Нәсаи, Тахримуд Дәм 14.

Меккеден олжа ретінде еш нәрсе алынбады.[278] Адамзаттың Асыл Тәжі Пайғамбарымыз Ислам әскерлерінің басты мұқтаждықтары үшін Мекке байларынан қарызға ақша және сауыт алды. Кейін мұны Хауазын олжаларынан толығымен қайтарып берді де артынан:

«Қарыздың ақысы рахмет айту және оны қайтарып беру», - деді. (Уақиди II, 863; Әбу Дәуіт, Буюғ 88/3562; Муатта, Никах 44)

Меккеліктер Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл адамзатқа үлгі ретінде көрсеткен кешірім мерекесінің қуанышымен шаттанып жатқанда бесін уақыты кірді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күндегідей азан айту үшін Хазіреті Біләлға бұйрық берді. Біләл (радиаллаһу анһу) бір кездері құл кезінде адам сенгісіз қорлық ішінде «әхад, әхад» деп қиналған күндерін есіне алды. Енді ол зұлымдық бітіп, еркіндігін алып, жеңіске жеткен иман әскерлерімен бірге Меккеде болатын. Аллаһқа шүкіршілік етіп Қағба Муаззаманың үстіне шықты. Жаңғырған дауысымен азан айта бастады. Ынта-шынтасымен ашық дауыспен азан айтып бүкіл Мекке таулары мен көк аспаны азан үнімен жаңғырып кетті. Көк жүзі күлімсіреп, жер қуанышқа бөленді. Ол күні айтылған азан Мухаммади мүминдерге мәңгі естелік болып қалды. Бұл көріністі тамашалап тұрған мүшриктердің кейбірі:

«Бізге де сол керек!.. Бір құл құрлы бола алмадық. Олар не бір нәрселерге қол жеткізеді, біз болсақ қандай жағдайда қалдық?»- деп бұрын істегендеріне, яғни сол уақытқа дейін ақиқаттан ғапыл болғандарына өкінді.

278. Әбу Дәуіт, Хараж 24-25/ 3023.

Меккеліктердің бәйаты (серті)

Бесін намазын оқып болғаннан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сафа төбесіне шықты. Меккеліктерден бәйат (сөз) алды. Алдымен ер кісілер мұсылман болғаны үшін және жиһад үшін Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бәйат берді. Артынан әйелдер бәйат берді.[279] Аллаһ Тағала Расулұллаһқа әйелдердің бәйаты жөнінде былай бұйырды:

يَآ اَيُّهَا النَّبِىُّ اِذَا جَآءَكَ الْمُؤْمِنَاتُ يُبَايِعْنَكَ عَلٰٓى اَنْ لاَ يُشْرِكْنَ بِاللّٰهِ
شَيْئًا وَ لاَ يَسْرِقْنَ وَ لاَ يَزْنِينَ وَ لاَ يَقْتُلْنَ اَوْلَادَهُنَّ وَ لاَ يَاْتِينَ بِبُهْتَانٍ
يَفْتَرِينَهُ بَيْنَ أَيْدِيهِنَّ وَأَرْجُلِهِنَّ وَلَا يَعْصِينَكَ فِى مَعْرُوفٍ فَبَايِعْهُنَّ
وَ اسْتَغْفِرْ لَهُنَّ اللّٰهَ اِنَّ اللّٰهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«Ей, Пайғамбар! Мүмин әйелдер саған келіп Аллаһқа еш нәрсені ортақ қоспауға, ұрлық істемеуге, зина жасамауға, балаларын өлтірмеуге, басқадан пайда болған балаларын күйеуінікі деп айтпауға, жақсы істерде бұйрығыңа қарсы келмеуге серт берсе, сен де олардың сертін қабыл ал. Олар үшін Аллаһтан жарылқау тіле. Шынында Аллаһ өте кешірімді әрі мейірімді». (Мүмтахина сүресі 12-аят)

Әйелдердің бәйаты сөз жүзінде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолын салған су ыдысына қолдарын салу арқылы жүзеге асты. Олармен еш уақытта қол алысып бәйат жасамаған.

Үмәймә бинти Рұқайқа (радиаллаһу анһума) былай деді:

279. Ахмед III, 415; Бұхари, Мағази 53.

– Ансарлық бір топ әйелмен бірге Пайғамбарға (аләйһиссалату уәссәләм) барып:

– Аллаһқа еш нәрсені ортақ қоспауға, ұрлық істемеуге, зина жасамауға, балаларымызды өлтірмеуге, кінәсіз біреуді айыптамауға, сен бұйырған жақсы істерге қарсы шықпауға бәйат береміз, - дегенімізде Пайғамбар дереу:

– Шамаларың келгенше және қолдарыңнан келетін істерде, - деді. Оның бұл мейірімділік пен рақымдылыққа толы сөзінен кейін біз:

– Аллаһ және Расулі бізге өзімізден де мейірімді, қане бәйат етейік, - дедік.

Әйелдер қол алып бәйат бергілері келді. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

«Мен әйелдермен қол алыспаймын. Менің жүз әйелге жалпы айтқан сөзім, әр әйел үшін жеке-жеке айтқан болып есептеледі», - деді. (Муатта, Бәйат 2; Тирмизи, Сияр 87/1597)

Аманатты иесіне беріңдер

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаға келгенде Мәсжид Харамның бір бұрышына отырды. Мужаһидтер де айналасына отырды. Аллаһ Расулі Қағбаның кілтін алып келу үшін Хазіреті Біләлді Осман бин Талхаға жұмсады. Хазіреті Біләл Османға (радиаллаһу анһу) келіп:

– Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саған Қағбаның кілітін алып кел деп бұйрық берді, - деді. Осман:

– Жарайды! - деп, шешесі Сулафаға кетті. Ол кезде кілт сонда болатын. Шешесіне барып

– Анашым! Кілітті маған бер. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған адам жіберіпті, кілтті өзіне апаруымды бұйырды, - деді.

Сулафа:

– Қауымыңның абыройын арттырып, мақтан тұтатын нәрсесін апарып оның қолына беруіңе Аллаһқа сиынамын. Ол кілтті сендерден алғаннан кейін ешқашан кері қайтарып бермейді, - деді. Осман (радиаллаһу анһу) біраз уақыт әуреленіп анасынан кілтті алып Хазіреті Расулұллаһқа әкелді де:

– Мұны саған Аллаһтың аманаты етіп беремін, - деді. Кіліт өзіне қайтарылып берілмейді деп қорықты. (Уақиди II, 833; Хайсәми VI, 177)

Әлемдердің Сұлтаны Қағбаны ашты. Ішіне кіріп артынан есікті жабуды бұйырды. Біраз уақыт сол жерде болды. Екі рәкат намаз оқыды. (Уақиди II, 833; ибн Сағд II, 137)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбадан қайта шықты. Жеңіс құтпасын оқығаннан кейін:

– Осман қайда? - деп сұрады. Осман бин Талха орнынан тұрды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

اِنَّ اللّٰهَ يَاْمُرُكُمْ اَنْ تُؤَدُّوا الْاَمَانَاتِ اِلٰٓى اَهْلِهَا وَ اِذَا حَكَمْتُمْ
بَيْنَ النَّاسِ اَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ اِنَّ اللّٰهَ نِعِمَّا يَعِظُكُمْ بِهٖ
اِنَّ اللّٰهَ كَانَ سَمِيعًا بَصِيرًا

«Аллаһ сендерге аманаттарды иесіне берулеріңді және адамдар арасына да үкім бергендеріңде әділдікпен үкім

берулеріңді бұйырды. Аллаһ сендерге нендей тамаша насихат айтады. Шүбәсіз Аллаһ бәрін естіп, көріп тұрады» (Ниса сүресі 58-аят) деген аятты оқып, артынан:

«Ей, Әбу Тәлханың ұлдары! Аллаһ Тағаланың аманатын әрдайым сендерде қалу үшін және жақсылап қарау үшін алыңдар. Оны зұлымдық жасамағандарыңша ешкім қолдарыңнан ала алмайды. Бүгін жақсылық істеп, сөзде тұратын күн», - деді. (Ибн Хишам IV, 31-32; Уақиди II, 837-838; ибн Сағд II, 137)

Осы оқиғадан да көргеніміздей аманаттарды иесіне беру өте маңызды мәселе. Шынында да аманаттар өз иесіне берілген кезде адам бойында, отбасында, мемлекетте тыныштық пен амандық болған. Ал керісінше болса алпауыт империялар да орнынан құлап, жермен жексен болған. Тарихта мұның көптеген мысалдары баршылық.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аманат мәселесінің маңыздылығын мына хадис шәрифінде тамаша жеткізеді:

«Аманат өз иесіне берілмеген кезде қияметті күте бер». (Бұхари, Илм 2; Ахмед II, 361)

Қысқасы аманаттың иесіне берілмеуі қияметтің үлкен белгілерінің бірі. Бұрыннан сиқая (қажыларды сумен қамтамасыз ету) қызметімен міндеттеліп келген Хазіреті Аббас (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижаба[280] қызметін де сұраған еді. Хазіреті Пайғамбарымыз көкесіне:

«Мен сендерге адамдардың Бәйтуллаһқа берген жабу сияқты нәрселермен күн көретін қызметті емес, қажыларды

280. Хижаба үшін қараңыз: I том, 24-бет.

сумен қамтамасыз ету үшін дүние мүліктеріңді жұмсап жақсылыққа кенелетін машақаты көп қызметті беремін», - деп, қажыларға су тарату қызметін ары қарай жалғастыруын айтты.

Аббастың (радиаллаһу анһу) Тайфта жүзім бағы бар еді. Исламнан бұрын да, кейін де ол жерден мейіз тасып, зәмзәмға қосып қажыларға тарататын. Одан кейін ұлдары да, немерелері де осылай істеді. (Ибн Хишам IV, 32; ибн Сағд II, 137; Уақиди II, 838)

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеңістің екінші күні бесін намазынан кейін адамдардың арасынан шығып, Аллаһ Тағалаға мадақ, мақтау айтқаннан кейін былай деді:

«Ей, адамдар! Күмәнсіз Аллаһ көктер мен жерді, күн мен айды жаратқан күні Меккені де харам қылды. Қиямет күніне дейін харам болып қалады. Күдіксіз Аллаһ Піл әскерлерінің Меккеге кіруіне жол бермеді. Расулі мен мүминдерге болса мұны нәсіп етті. Менен кейін Мекке ешкімге халал емес. Меккенің аңдарын үркітуге болмайды, тікендері кесілмейді, бір затты тауып алып иесін іздеу үшін алудан басқа жоғалған затты алу халал емес. Бір кісінің жақыны өлтірілсе екі нәрсенің қайсысы қайырлы болса соны істей алады. Құнын төлеттіреді немесе қысас жасайды».

Осы кезде Хазіреті Аббас (радиаллаһу анһу):

– Изһир (шөбін жұлу) бұған кірмей-ақ қойсын. Өйткені қабірге және үйде оны қолданамыз, - деді.

Хазірет Пайғамбарымыз:

«Изһир мұнын тысында», - деді.[281] (Бұхари, Луқата 7, Мағази 53; Ахмед IV, 31-32, II, 238)

Меккенің жеңісі күні болған мына оқиға да жұлдызға теңелген асхабтың шынайылығының бір мысалы:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәсжид Харамда отырған кезде Хазіреті Әбу Бәкір әкесі Әбу Кухафаны алып келді. Аллаһ Расулі оны көргенде:

– Уа, Әбу Бәкір! Қарт әкеңді әкеліп шаршатпай-ақ қоймадың ба? Мен өзім оған барар едім ғой, - деді.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Сенің оған барғаныңнан гөрі, оның саған келгені ыңғайлы, - деп жауап берді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Кухафаны алдына отырғызып, қолын оның жүрегінің тұсына қойды да:

«Әбу Кухафа! Мұсылман бол, тыныштыққа қауышасың», - деді. Ол да мұсылман болып шын көңілден шәһәдат кАлимасын айтты. (Ибн Сағд V, 451)

---

281. Изһир – Мекке Мукаррамада өсетін үлкен жапырақты, хош иісті өсімдік. Малға жем ретінде беріледі, үйде әрі қабірде де қолданылады. Фиқһ ғалымдары Харам аймағында кесілуіне тыйым салынған ағаштарды «Өздігінен өсетіндер» деп нақтылаған. Адамдардың еңбектеніп өсірген ағаштарының кесілуге болатындығы жайында келіспеушілік бар. Көпшілік ғалымдар кесуге болады деген. Мисуак кесуге, ағашқа зиян тигізбей жапырағын және жемісін алуға рұқсат берілген. (Ибраһим Жанан, Хадис энциклопедиясы XII, 525-526)
Мәдина Харам аймағындағы жасыл ағаштың немесе өсімдіктердің мұқтаждық болғанда кесілуіне рұқсат берілген. Мәдина егістік алқабы болғандықтан Хазіреті Пайғамбардан осы жайында рұқсат сұраған. Пайғамбарымыз да Мекке Харамындағы кейбір өсімдіктердің қажет кезінде жұлынуына рұқсат берген Мадинада бұған еркін рұқсат берген. Әрі Мадина сыртында аң аулауға еркіндік берген. (Хамди Дөндүрен, Шамиль Ислам энциклопедиясы, «Харам» мақаласы)

Әбу Кухафа (радиаллаһу анһу) бәйат беру үшін қолын ардақты Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) созғанда Пайғамбар ғашығы Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) өзін ұстай алмай жылап жіберді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таңырқап не үшін жылағанын сұрағанда Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) көз жасын тыйа алмай:

«Уа, Расулұллаһ! Саған бәйат беру үшін созылған мына менің әкемнің қолының орнында сенің көкең Әбу Тәлибтің қолы болғанда ғой. Осы арқылы Аллаһ Тағала менің орныма сені қуандырған болар еді. Өте қатты қуанып қалар едің. Өйткені сен оны қатты жақсы көретін едің», - деді. (Хайсәми VI, 174)

Міне, бұл ұлы мәртебелі Пайғамбардың ұлы мінез-құлқынан алынған өнегенің оған деген ғашықтықтың теңдессіз көрінісі. Тарих бойынша осындай шынайы құрмет пен махаббат бұрын соңды кездескен бе екен?

Шынайы адалдық

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеңістен кейін Меккеде он бес күн болды. Осы кезде ансарлықтардың кейбірі Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтадан Мәдинаға оралар ма екен, оралмас па екен деп уайымдай бастады. Өйткені Аллаһ Тағала оған өзі туып өскен мүбәрак және қасиетті жердің жеңісін нәсіп еткенді. Сафа төбесінде дұға жасап отырған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ансарлықтардың мазасызданғанын аңғарып қалды. Дұға жасап болған соң олардың қасына барып:

– Не жайында әңгімелестіңдер? - деп сұрады.



Олар ойындағыларын айтқан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға деген шексіз сүйіспеншілігін білдіріп, әрі шынайы адалдықтың үлгісін ұсынып былай деді:

– Ей, Ансар! Ондай нәрсе істеуден Аллаһқа сыйынамын. Мен сендердің елдеріңе хижрет жасадым. Өмірде де, өлгеннен соң да сендермен бірге боламын.

Осы сөздерден кейін ансарлықтардың жаны жай тауып, уайым-қайғысы тарқады. (Муслим, Жиһад 84, 86; Ахмед II, 538)

Ардақты Расулұллаһ Мекке жеңісінен соң Аллаһқа деген шүкіршілігі мен мақтау-мадағын онан сайын арттырып:

سُبْحَانَ اللهِ وَ بِحَمْدِهِ أَسْتَغْفِرُ اللهَ وَ أَتُوبُ اِلَيْهِ

«Аллаһ затында, сипаттарында, іс-әрекетінде, есімдерінде өзіне жараспайтын кемшілік, нұқсандардан аулақ әрі пәк. Өзіне лайықты барлық мақтау мен мадақ Оған тән. Аллаһтың мені жарылқауын тілеймін әрі күнәларыма тәубә етемін», - деген зікірді намаздарында, әсіресе руку мен сәжделерінде көп-көп айта бастады. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) мұның себебін сұрағанда Расулұллаһ былай жауап берді:

«Раббым маған үмметімнен бір белгі көретінімді, ол белгіні көргенімде осы зікірді көптеп айтуымды бұйырды. Мен сол белгіні көрдім». (Муслим, Салат 220)

«Наср» сүресінде де өзіне жәрдем мен жеңіс келіп адамдардың топ-топ болып Исламға кіргенін көргенде тәсбих айтуды арттырып, жарылқау тілеуі бұйырылған болатын.

Наср сүресіндегі «Наср – жәрдем» бүкіл арабтарға үстемдік жүргізуін, «Фәтх – жеңіс» сөзі болса Меккенің

жеңісін білдіретіндігі айтылған. «Фәтхә» сөзі ашу мағынасына келгендіктен ибн Аббас (радиаллаһу анһу) Меккенің жеңісіне (фәтхына) «Фәтхул футух» жеңістердің жеңісі деп ат берген. Өйткені бұл жерде тек жау қолынан қаланы алу мағынасын ғана емес сонымен қатар Мәсжид Харамды қол астына алу және Қағбаның алынуы деген мағыналарды да білдіреді. Осыған қоса көңілдердің Аллаһтың дініне, Ислам есігінің бүкіл адамзатқа ашылуын да білдіреді. Яғни Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол күні қаладан бұрын адамдардың көңілдерін алғанды. Осы себептен Меккенің алынуы Ислам жеңістерінің бастамасы ретінде қабыл етілді. Дем арасында Арабстанға, одан ары бүкіл әлемге жайылған Исламның материалдық һәм рухани жеңістері, Қағба есігінің ашылуымен басталған еді. Шынында да барлық тайпалар Исламға кіру үшін Меккенің алынуын күтіп жүрген болатын. Әрі:

«Онымен қауымының арасына араласпаңдар, егер оларды жеңе алса онда ол пайғамбар», - деген болатын. (Бұхари, Мағази 53)

Хасан Басридің риуаятына қарағанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккені алғанда арабтар: «Аллаһ Тағала меккеліктерді Піл иелерінің әскерлерінен қорғаса, Мұхаммед меккеліктерден басым келді. Олай болса оған сендердің шамаларың келмейді», -деп, топ-топ болып Аллаһтың дініне кірді. (Элмалылы IX, 6236-6238)

Хұнайн ғазауаты (11 Шәууәл 8/1 ақпан 630)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке жеңісінен кейін тек Қағбадағы пұттарды ғана құлатып қоймай, төңіректегі пұттарды да қирату үшін мужаһид

әскерлер дайындап, ширктің жансыз тастарын күл талқан қылу үшін аттандырды. Яғни таухид тазалығын бастаған еді.[282] Бірақ бұған Хұнайнда тұратын Хауазын тайпасы мен Тайфты мекендейтін Бәни Сақиф келісе қоймады. Мұсылмандарға қарсы шабуылға шығуға шешім қабылдады. Сөйтіп қалың қол дайындады. Не жеңеміз, не өлеміз дегендей барлық нәрселерін өздерімен бірге алып шықты.[283]

Олардың бұл әрекетінен хабардар болған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз әскерлеріне Меккеден тағы екі мың кісі қосып оларға қарсы аттанды. Қандай таңқаларлық ғажап: бұл әскерлердің арасында жылдар бойы мұсылмандармен ширк атына соғысқан әрі оларға азаптың барлық түрін көрсеткен Әбу Суфян да бар еді. Ол қазір Ислам әскерлерінің жеңісі үшін шайқасуға бел байлағанды.

---

282. Уақиди II, 873. Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу) Ұзза пұтын қиратып Меккеге оралған соң Расулулллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны үш жүз елу кісілік әскерге қолбасшы етіп Исламға шақыру үшін Бәни Жәзима тайпасына жіберді. Халид бин Уәлид бұл жорықта қателікпен отыз кісіні өлтірді. Бұл хабар Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жеткенде Әлемдердің Сұлтаны қатты қайғырды. Көкке қолын жайып екі рет:
«Аллаһым! Халидтің істеген ісінен ұзақ (қатысым жоқ) екенімді саған айтамын», - деп Аллаһқа сыйынды. Хазіреті Алиге көп мөлшерде ақша беріп Бәни Жазима тайпасына аттандырып өлтірілген кісілердің құнын төлетті. Хазіреті Али оларға барып олжа ретінде алынған және бұзылған барлық заттарды итаяққа дейін дымын қалдырмай төлеп, ақысын берді. Артылған ақшаны да көзден қашып өтелмей қалған заттар үшін деп Бәни Жәзима тайпасына тастап кетті. Али (радиаллаһу анһу) қайтып келіп істегендерін Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтып бергенде бүкіл әлемге мейірімді болған Пайғамбарымыз: «Өте дұрыс істедің. Керегін істепсің», - деді. (Бұхари, Мағази 58, Ахкәм 35; Нәсаи, Әдепул Қудат 16; ибн Хишам IV, 53-57; Уақиди III, 875-884)
Бұл оқиға Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) шексіз мейірімділігі мен мархаматын көрсетеді. Әрі оның жаратушының көзқарасымен мақлұқатқа деген жанашырлығын көрсетеді. Сынған итаяққа дейін төленіп, жануарлардың ақысын да жемеуі біз үшін өте ұлы өнеге.
283. Ибн Хишам IV, 65; ибн Сағд II, 150.

Тіпті Меккелік әскерлерге сексен шақты мүшриктер де қосылған еді.[284]

Ислам әскерлері барлық жағынан сақадай сай еді. Адуынды айбынымен Хұнайнға қарай бет алды. Барлығы бұрын-соңды мұндай қару-жарақ пен сауыт-сайманды қалың қолды Арабстанда болмаған деп ойлады. Бұл жағдай ардақты сахабаларға дем беріп тәкаппарлыққа итермелеп:

«Мұндай әскер әсте жеңілмейді», - деп, жауды менсінбей материалдық күшке сеніп, сырт көрініске көңіл бөлулеріне себеп болды. Міне осы бір сәттік тәкаппарлық пен мақтаншақтық мұсылмандардың иләһи сынаққа түсулеріне түрткі болды.

Ислам әскерлері таң алдында Хұнайнға кіретін тар жолдан өздеріне сенімді күйде өтіп бара жатқанда тұтқиылдан жасалған шабуылға ұшырады. Өте үлкен дүрбелең туындап мұсылмандар өздеріне қарай қардай бораған оққа қарсы тұра алмады. Ислам әскерлері сасқалақтап быт-шыт болып тарай бастады. Артта келе жатқан әскерлер де бұдан әсерленіп қатарлары ыдырап кері шегінді. Хауазын мен Сақиф тайпалары оларды ығыстырып қуа бастады.

Осы қарбалас, апыр-топыр сәтте орнынан табжылмай, үнемі жауға қарай ұмтылып, астындағы көлігін алға қарай айдап өзін жаудың ортасына тастаған жалғыз Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болды. Сол күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асқан ержүректік танытып, қаһармандық пен батылдықтың үлгісін ұсынды. Тіпті көкесі Хазіреті Аббас пен Әбу Суфян бин Харб (радиаллаһу анһума) оның өміріне қауіп-қатер төндірмеу үшін астындағы көлігінің тізгінін ұстап, бұдан ары алға қарай жүруіне бөгет болуға тырысты.[285]

284. Ибн Хишам IV, 88; Уақиди III, 890.
285. Муслим, Жиһад 76.

Бір жағынан Ислам әскерлері әлі де болса басы бірікпей астан-кестен болып жатты. Араларында кейбірі:

«Бүгін сыйқыр бұзылды», - деп айқайлап жатты. Ал кейбірі болса:

«Бұл әскерлер теңізге дейін қашса да түзеле қоймас», - деп, үмітсіздікке түскендер де болды. Кейбір меккеліктерден:

«Хазіреті Пайғамбар өлді. Арабтар бұрынғы діндеріне қайтатын болды», - деген әңгімелер жайыла бастады.

Ал Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса тірі болатын, көлігінің үстінде тайсалмай дұшпанға қарсы тұрған еді. Аллаһқа тәуекел етіп, мойынсұнған халде асхабына былай дауыстады:

– Ей, Ансарлар! Ей, Мұхажирлер! Ей, Аллаһтың құлдары! Мұнда келіңдер! Мен Аллаһтың құлымын әрі Пайғамбарымын!..

Сосын зор дауысты көкесі Аббасқа (радиаллаһу анһу) ымдап Ислам әскерлеріне дауыстап айқайлауын өтінді.

– Ей, Ақабада бәйат (серт) бергендер! Ей, Рыдуан ағашының астында сөз бергендер. Аллаһтың Расулі мұнда!..- деп айқай салды.

Бұл дауысты естіген сахабалар «ләббәйк, ләббәйк» деп Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарай жүгірді. Осылайша жел тұрып жан-жаққа шашыраған көбелектердің қайтадан тартылыс күшімен жарыққа қарай құжынағанындай Расулұллаһтың айналасына сап түзей бастаған мүминдер іштеріндегі үрейден айығып, қайтадан тыныштала бастады. Аллаһтың жәрдемімен ақырын-ақырын барлық Ислам әскерлері де ес жиып, бас қосып сап түзеді. Осыдан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһқа қолын жайып:

«Аллаһым! Маған жеңіс үшін берген уәдеңді орында», - деп жалбарынды.

Тура Бәдір соғысындағыдай жерден бір уыс топырақ алып жау әскерлеріне қарай шашып жіберіп ардақты сахабаларына:

«Қане енді ынта-жігерлеріңмен құлшынып шабуыл жасаңдар», - деді. (Муслим, Жиһад 76-81; Ахмед III, 157, V, 286; ибн Хишам IV, 72; Уақиди III, 897-899)

Бұл жолы Ислам әскерлері соғысты жаңадан бастағандай екпінмен мүшриктерге қарай лап қойды. Қатты соққы мен әдіс-тәсілдің арқасында аз уақыттың ішінде жауды ойсыратып жайратып салды. Төрт кісі ғана шейіт болып, мүшриктерден жетпіс кісі өлді. Дұшпан жеңіліп, өздерімен бірге соғыс майданына алып келген барлық нәрселері мұсылмандарға қалды. Өте көп, есебі жоқ олжа түсті.[286]

Күмәнсіз бұл ұлы Аллаһтың мүминдерге нәсіп еткен үлкен сыйы еді. Өйткені олар бастапқыда жеңіліске ұшырап, соңында Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ержүректігімен, батылдығымен және Хақ Тағалаға шын жүректен жалбарынуының арқасында жеңіске жеткен болатын.

Осы ақиқатты Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай баяндайды:

لَقَدْ نَصَرَكُمُ اللّٰهُ فٖى مَوَاطِنَ كَثٖيرَةٍ وَيَوْمَ حُنَيْنٍ اِذْ اَعْجَبَتْكُمْ
كَثْرَتُكُمْ فَلَمْ تُغْنِ عَنْكُمْ شَيْئًا وَ ضَاقَتْ عَلَيْكُمُ الْاَرْضُ بِمَا رَحُبَتْ
ثُمَّ وَلَّيْتُمْ مُدْبِرٖينَ ﴿25﴾ ثُمَّ اَنْزَلَ اللّٰهُ سَكٖينَتَهُ عَلٰى رَسُولِهٖ وَعَلَى الْمُؤْمِنٖينَ
وَاَنْزَلَ جُنُودًا لَمْ تَرَوْهَا وَعَذَّبَ الَّذٖينَ كَفَرُوا وَذٰلِكَ جَزَٓاءُ الْكَافِرٖينَ ﴿26﴾

286. Ибн Хишам IV, 79.


«Расында Аллаһ көптеген соғыс майданында және Хұнайн күнінде сендерге жәрдем етті. Сол уақытта сендер сандарыңның көптігіне масаттанып кеткен едіңдер. Бірақ ол сендерге түк пайда бермеді. Әрі жер жүзі кең бола тұра сендерге тар болып көрінді. Сонан соң кері шегініп қаштыңдар. Сонан соң Аллаһ Расулі мен мүминдерге тыныштық берді. Артынан сендерге көрінбейтін әскерлер (періштелер) **жіберіп, кәпірлерді азаптады. Міне кәпірлердің жазасы осы».** (Тәубе сүресі 25-26 аяттар)

Сол күні мүшриктердің арасында болып кейіннен иман келтіргендер Аллаһ Тағаланың мүминдерге көрсеткен жәрдемін мойындап, сол уақытқа дейін еш көрмеген біреулердің шабуыл жасағанын таңырқап айтып берді. [287]

Жеңіліске ұшыраған Хауазын әскерлерінің бір бөлігі Тайфқа, бір бөлігі де Нахләға қашты. Енді бір бөлігі Әутасқа барып орналасты.[288]

Хұнайн соғысында жеңіске жеткен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қашқан жаудың артынан қууға бұйрық беріп, қолға түскен тұтқындар мен олжаларды Жиранаға жіберді. Артынан бұл әрекетті толығымен бітіру үшін Әбу Мұса әл-Әшаридің көкесі Әбу Амирды қолбасшы етіп бір топ әскерді Әутас ойпатына аттандырды. Өзі болса Ислам әскерлерімен бірге Тайфқа қарай бет алды.

287. Ахмед V, 286; Хайсәми VI, 182-183; ибн Хишам IV, 79.
288. Ибн Хишам IV, 84.



Әутас соғысы (Шәууәл 8/Ақпан 630)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайфқа аттанғандықтан бұл соғысқа қатыса алмады. Бұл соғыста Ислам әскерлерінің қолбасшысы Әбу Амир (радиаллаһу анһу) шейіт болып, бұған қарсы болған жаудың қолбасшысы да өлтірілді.

Әбу Амир (радиаллаһу анһу) жараланып өмірінен күдерін үзген соң інісі Әбу Мусаға:

«Ей, бауырымның ұлы. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менен сәлем айт. Мен үшін Аллаһтан жарылқау тілесінші», - деді.

Көкесі шейіт болған соң қолбасшылықты қолына алған Әбу Муса (радиаллаһу анһу) әскерлердің бытырап таркап кетуін тоқтатып, асқан шеберлікпен шабуыл жасап жауды жеңіп Әутаста Ислам байрағын желбіретті. Қайтып келген соң Аллаһ Расуліне көкесінің шейіт болғанын және өлер

алдында айтқан өсиетін жеткізді. Сонда Әлемдердің Сұлтаны су алдырып дәрет алды да қолын жайып:

«Аллаһым! Құлың Әбу Амирды жарылқай көр! Оны қиямет күнінде мына жаратқан адамдарыңның көбінен жоғары бір дәрежеге қой!» - деп жалбарынды. Әбу Мусаның қалауы бойынша оған да дұға қылды. (Бұхари, Мағази 55)

Тайфтың қоршауға алынуы (Шәууәл 8/Ақпан 630)

Хижаз өңіріндегі жер жәннаты болып саналатын қалалардың бірі – Тайф төбе үстіне салынған берік қамалмен қоршалған еді. Сондықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан бұл қоршау өте қиын болды.

Бұл қоршау бір кездері Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасалған зұлымдықтың кегін қайтару емес, Хұнайн соғысының жалғасы болатын. Себебі Хұнайннан қашқандар олардың жас көсемі Мәлик бин Ауфпен бірге барлығы Тайф қамалына тығылған еді. Бәни Сақифамен бірігіп қайтадан соғысуға дайындалып жатқанды.

Бұл қоршауда көптеген соғыс әдіс-тәсілі қолданылып жаңа соғыс құралдары пайдаланылды. Бірақ Тайф өте бекем, мықты қорған болғандықтан жасалған шабуылдарға қарсы шыдас берді. Екінші жағынан жауды қамалдың сыртына шығару да мүмкін болмады. Тіпті Халид бин Уәлид олардан жекпе-жекке адам сұрағанда олар:

«Қамалымызда саған қарсы тұратын ешкім жоқ», - деп, сыртқа бірде-бір адам шығармады. Сонан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жау түлкі сияқты iніне тығылды. Енді оларды қоя салсақ ешқандай зиян келмейді», -деп әскерлерді кері алып

кетсе олардан еш бір зиян келмейтінін білдірді. Өйткені ол жауыз емес, мейірімді әрі тәблиғ үшін келген пайғамбар еді. Меккеліктер сияқты тайфтықтардың да һидаятқа түсулеріне себепші болуды қалайтын. Осылайша көп уақыт өтпей қоршауды тастап, әскерлерді кері әкетті.

Саңлақ сахабалар Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайф қоршауында мұсылмандарға көп жапа шектірген Сақиф тайпасына қарғыс оқуды сұрады. Рақымды Пайғамбар болса олардың һидаятқа түсулері үшін дұға жасады:

«Уа, Раббым! Сақифке һидаят нәсіп ете көр! Оларды бізге жібер», - деп Хақ Тағалаға жалбарынып ол жерден қайтты. Соңында осы дұғаның берекетімен сақифтіктер мұсылман болу үшін Расулұллаһқа келді. (Ибн Хишам IV, 134; Тирмизи, Манақиб 73/3942)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижреттен бұрын өзіне жәбір көрсетіп, тас боратып бүкіл денесін қан-жоса қылған бұл қауымға қарғыс оқымастан олардың һидаятқа келулерін шын жүректен қалады. Бір жыл өткен соң келіп мұсылмандықты қабылдағанда шексіз қуанышқа бөленіп, оларға құрмет көрсетіп қаншама күнгі уақытын арнаған еді.

Сол кезеңдегі қоршаудың ең маңызды пайдасы Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қорғандағы құлдарға мұсылмандықты қабыл ететін болса, еркіндік беретінін уәде етіп, көптеген құлдар жау қамалын тастап қашып, Исламды таңдап һидаятқа түскен болатын.[289]

Әбу Зура (радиаллаһу анһу) былай дейді:

289. Бұхари, Мағази 56.



«Пайғамбарлардың Сұлтаны Тайф сапары кезінде «Қарны Мәнәзил» деген жерден аттанарда көлігін алып келуді бұйырып, мен түйесі Қасуаны дайындадым. Қасуаның бұйдасын ұстап тұрдым. Расулұллаһ үстіне мінген соң өзіне беріп, мен де арқасына мінгестім. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүргізу үшін түйесінің артынан қамшысымен ұрып, әр ұрғанында қамшысы маған да тиіп жатты. Сосын маған бұрылып:

– Саған да қамшы тиіп жатыр ма? - деп сұрады.

– Иә! Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын! - дедім.

Жиранаға барып тоқтағанымызда бір бұрышта біраз уақ мал үйіріліп тұр еді. Олжаға түскен малдан жауапты адамнан олар жайында бір нәрселер сұрады. Ол да сұраған нәрселері жайында мағлұмат берді. Содан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Әбу Зура қайда? - деп дауыстады.

– Мен мұндамын, - дедім.

– Мына уақ малдарды ал! Кеше кешке саған тиген қамшылардың ақысы, - деді. Санап едім, жүз жиырма екен. Маған біткен ең көп мал осы болатын. (Уақиди III, 339)

Бұл оқиғадағы Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кісі ақысы жайында көрсеткен әділеттілігі бүкіл кезеңдерге жарық шашқан тәрізді.

Соғыс олжаларының бөлінуі

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайфты қоршауын тоқтатып Ислам әскерлерімен бірге олжалар мен тұтқындардың тұрған жері Жиранаға келді. Бұл кезде

Әбу Мұса әл-Әшғари да Әутас соғысында жеңіске жетіп сол жерге барған еді. Ислам әскерлері барлық жауларын ойсыратқан болатын. Ендігі кезек олжаларды бөлістіру болатын. Бұл соғыстардан жиырма төрт мың түйе, қырық мың уақ мал, төрт мың укия күміс қолға түсіп, алты мың кісі тұтқынға алынған болатын.[290]

Олжаларды үлестірмей тұрып Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Қасында олжа малы барлар ине-жіпке дейін барлығын әкеліп тапсырсын. Біліп қойыңдар, олжа малына қиянат жасаған кісіге қиямет күнінде лаулаған тозақ бар». (Муатта, Жиһад 22; Ахмед V, 316)

Осы кезде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұтқындар арасында сүт бауыры Хазіреті Шәйманың бар екенін естіді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу оны қасына алдырып, үстіндегі киімін шешті де Хазіреті Шәйманың астына төседі. Шөлде бірге өскен қадірлі сүт бауырына құрмет көрсетіп мейіріммен қарап, оған:

– Қош келдің деді. Өткен күндерін естеріне түсіріп, көздеріне жас келді. Әке-шешесін сұрады. Шәйма олардың ілгеріде қайтыс болғанын айтты. Аллаһ Расулі басқа туыстарының да қал-жағдайын білді. Артынан:

– Қаласаң құрмет-қошеметке бөленіп менімен қал. Қаласаң саған мал-мүлік беріп қауымыңа қайтарайын? Саған мұны да істей аламын, - деді. Шәйма:

«Сен мені мал-мүлік беріп қауымыма қайтар», - деді. Артынан мұсылман болды. Аллаһ Расулі Шәйма ханым мен

290. Ибн Сағд II, 152.

жанұясынан тірі қалғандар үшін бірнеше түйе мен уақ мал берді. Мұнан басқа Шәймаға әдейілеп бір күң мен бір құл берді. Шәйма оларды бір-бірімен үйлендірді. (Ибн Хишам IV, 91-92; Уақиди III, 913)

Осыдан кейін Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаларды үлестіруді тағы біраз уақытқа кешіктірді. Мұның хикметін түсінбеген кейбір сенімі әлсіздер қайта-қайта шағымдана берді. Бәдәуи арабтар олжаның үлестірілуін қатты талап ете бастады. Ақыры Сәмура ағашының астында Хазіреті Пайғамбарымызды тоқтатып алды. Шапаны ағашқа ілініп қалды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйесін тұрғызып:

«Маған шапанымды беріңдер. Егер мына көріп тұрған ағаштарыңның санындай малым болғанда олардың барлығын сендерге бөліп берер едім. Сендер де менің сараң, өтірікші, қорқақ емес екендігімді көрер едіңдер», - деді. (Бұхари, Жиһад 24)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаларды бөліп жатқанда айналасына үйіріліп қатты мазасын алды. Сонда Пайғамбарымыз (бұрынғы өткен бір пайғамбар жайында):

«Ұлы Аллаһ құлдарының бірін қауымына жіберген еді. Қауымы оны ұрып-соғып, басын жарды. Әлгі құл болса маңдайынан аққан қанды қолымен сүртіп жатып,бір жағынан:

«Уа, Раббым қауымымды кешір! Өйткені олар не істегендерін білмейді», - деп дұға жасады» - деді. (Ахмед I, 456; Муслим, Жиһад 105)

Пайғамбарымыздың олжаларды бөлуді кешіктіруінің хикметі Жиранаға келуінің оныншы күні ғана белгілі болды.

Жеңіліс тапқан Хауазын тайпасынан бір топ адам Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп мұсылман болғандарын айтты. Осыған байланысты тұтқындалған адамдары мен малдарын қайтарып беруді сұрады. Осы кезде Сағд ұлдарынан бір кісі орнынан тұрып:

– Уа, Расулұллаһ! Мына көлеңкеде отырғандар сенің сүт апаларың және сені емізіп қараған әйелдер. Егер біз Шам немесе Ирак патшасын емізіп, дәл осындай жағдайға түсіп оған жақсылық жасап, мейірімді болуын сұрасақ бізді есіркемейтін еді. Ал сен сүт емізіп, қарағандардың ең қайырлысысың, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға былай деді:

– Мен олжаларды үлестірмей бүгінге дейін күттім. Бірақ сендер көп кешіктіңдер. Енді тұтқындарың мен малдарыңның бірін таңдаңдар.

Сонда олар тұтқындағы адамдарын босатуды таңдады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

– Мен сендерге маған және Абдулмутталибұлдарына бөлінген тұтқындарды қайтарып беремін. Қалғандары үшін ертең бесін намазынан кейін маған келіңдер, - деді.

Ертесіне Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабын жинап алып оларға мәселені түсіндірді. Өз үлесіне түскен тұтқындарды босатқандығын айтып былай деді:

– Сендерден кімде-кім қолдарындағы тұтқындарын ақысыз, шын көңілден босатып бауырларын қуантқысы келсе солай істесін. Ал кімде-кім өз үлесіне түскендерді ақысыз бергісі келмесе мұны Аллаһ нәсіп ететін алғашқы олжадан төлейміз. Қалағандар осылай істесін.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабымен кеңесуінің себебі, тұтқындар оларға тиесілі болғандықтан еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз қолындағы тұтқындарды босатып, оларды да осыған үгіттеген соң барлық сахабалар да бұл жақсы әрекетке қол ұшын беріп шын көңілден былай деді:

«Біз де тұтқындарымызды Аллаһтың Пайғамбарына табыс еттік!» (Бұхари, Мағази 54; ибн Хишам IV, 134-135)

Сөйтіп осы күні Хауазынға мыңдаған соғыс тұтқыны ешқандай ақы алынбастан кері қайтарылды. Тарих бойынша мұндай оқиға еш уақытта болмаған. Бұл тек қана Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмметіне үйреткен теңдессіз Ислам ахлағының арқасында іске асып, бір сәтте алты мың тұтқыннан ешқандай дүниелік ақы алынбастан босатылды.

Бұл – емген сүттің қадірін адал ақтау үшін жасалған шынайы әрекет еді. Залым халыққа адамгершілікті үйрету үшін берілген сабақ болатын. Ал адам баласы ұмытылып кеткен жақсылықты есіне де түсіргісі келмейді. Адамгершілік қасиеті болса еш ұмытылмайды.

Осы көрсетілген шынайы әрекеттің арқасында барлық хауазындықтар бір ауыздан Исламды қабылдады. Тіпті сол уақытта Тайфты паналаған тайпа көсемі Мәлик бин Ауф та бұл жағдайды естігенде аң-таң болды. Артынан Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шақыруымен ол да Исламды қабыл етіп, мәңгілік бақытқа қол жеткізді. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүз түйе тарту етіп қайтадан тайпасына көсем етіп сайлады.[291]

291. Ибн Хишам IV, 137-138.

Бұл жерден алынатын сабақ – уағыздаудың ең жақсы түрі көркем мінез-құлық пен жылы мәміле жасауда. Мұнымен қатар аса көрегендікпен жүргізілген саясат өте үлкен берекеттерге себеп болады. Ал керісінше ақылсыз, ойланбастан жасалған әрекеттің зардаптары да соншалықты көп болатындығын білдіреді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаларды өте тамаша түрде бөлді. Олжа беске бөлініп, төрт бөлігі әскерлерге үлестірілді, бір бөлігі болса бәйтул малға, яғни мемлекет қазынасына қалдырылды. Мемлекет қазынасын Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі қалаған жеріне жұмсайтын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаларды бөлмей тұрып алдында тұрған түйеден бір қыл жұлып алып асхабына былай деген болатын:

«Менің сендердің олжаларыңда бір түйе емес, мына түйенің бір қылындай да шаруам жоқ. Неге сабырсыздана бересіңдер? Олжа малы мына өңірдің ағашындай болса да оларды сендерге таратамын. Мұның ішінен бестен бірін алсам да оны сендердің кедей-кепшіктеріңе жұмсаймын». (Муатта, Жиһад 22; Ахмед V, 316)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олжаның Аллаһтың әмірі бойынша өзіне айырылған бестен бір бөлігінен жүректері Исламға жылы болатын адамдарға көптеп үлес берді. Осылардың бірі Хаким бин Хизам (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған олжа малынан біраз беруін сұраған едім, жүз түйе берді. Тағы да сұраған едім, тағы жүз түйе берді. Қайтадан сұрап едім тағы да жүз түйе берді. Сосын:

– Ей, Хаким! Шын мәнінде бұл мал өте тартымды. Кімде-кім аңсары аумай алатын болса ол мал оған берекелі болады. Ал кімде-кім оған көз тігіп аңсары ауып алатын болса, ол мал берекелі болмайды. Мұндай адамдар ішіп-жесе де еш тоймайтын адам сияқты. Берген қол алған қолдан әлдеқайда қайырлы, - деді.

Сонда мен:

– Ей, Аллаһтың Расулі! Сені хақ дінмен жіберген Аллаһқа ант етейін, бұл дүниеде тірі болсам сенен басқа еш кімнен еш нәрсе алмаймын, - дедім.

Хаким (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген алғашқы жүз түйесін алып, кейінгілерін қайтарып берді. Күндер өтіп Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) олжа малынан үлес беру үшін Хакимді шақырды. Бірақ Хаким оны алудан бас тартты. Одан кейін Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) да оған бір нәрселер беру үшін шақырды. Хаким (радиаллаһу анһу) мұны да қабыл етпеді. Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Ей, мұсылмандар! Сендер Хакимге куә болыңдар. Мен оған мына олжадан Аллаһтың ол үшін айырған пайын бердім. Ол болса алмады», - деді. Қысқасы Хаким Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған соң өмірінің соңына дейін ешкімнен бір нәрсе алмады. (Бұхари, Уасая 9; Уақиди III, 945)

Құрайш бетке тұтарларының бірі Сафуан бин Умәйя мұсылман болмаса да Хұнайн және Тайф соғыстарында Аллаһ Расулінен айырылмай бірге еріп жүрді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жиранада жиналған олжа малдарын аралап, оларды көріп жүргенде Сафуан да Аллаһ Расулімен бірге болған еді. Ойпаттағы түйелер мен

уақ малдарға және бастарындағы шопандарға қарап аузы ашылып, қайран болды. Хазіреті Пайғамбарымыз көз қырын салып оның бұл әрекетін бақылап жүрді. Бір кезде оған:

– Ей, Әбу Уәхб! Мына ойпат қатты ұнады ма? - деп сұрады.

Сафуан:

– Иә, - деді.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мына ойпат та, ішіндегілер де сенікі болсын, - деді.

Сонда Сафуан өз-өзін ұстай алмай:

– Пайғамбардан басқа ешкім мұншалықты жомарт бола алмайды, - деді де шәһәдат айтып мұсылман болды. (Уақиди II, 854-855)

Кейіннен Сафуан (радиаллаһу анһу) құрайштықтарға барып:

«Уа, ағайын! Мұсылман болыңдар. Уаллаһи Мұхаммедтің жомарттығы соншалықты, енді тапшылықпен жоқшылықтан еш қорықпаймын», - деді. (Муслим, Фадайл 57-58)

Әбу Суфян, Ақра бин Хабис, Уяйна бин Хисн, Аббас бин Мирдас, Мәлик бин Ауф сияқты қырыққа тарта «муәлләфәи қулубқа» яғни көңілдері Исламға берілгендерге осы секілді мал-мүлік берілді.[292]

Аббас бин Мирдас атты ақын өзіне берілген олжа малын азсынып Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ренжіңкіреп өлең шығарды. Әлемдердің Сұлтаны мұны естіп Аббасты шақырып оған:

292. Уақиди III, 944-947.

– Сенің тіліңді кесемін, - деді. Хазіреті Пайғамбарымыз одан бұрын Біләл Хабашиге:

«Саған оның тілін кесуге бұйрық бергенімде оған бір киім бер», - деп тапсырып қойған болатын. Сосын:

– Ей, Біләл! Мынаны алып барып тілін кес, - деді.

Біләл Аббасты қолынан ұстап алып бара жатқанда, Аббас:

– Уа, Расулұллаһ! Тілімді кеседі ме? Ей, Мұхажирлер тілімді кеседі ме? Ей, Ансарлар тілімді кеседі ме? - деп айқай салды. Біләл (радиаллаһу анһу) Аббастың қолынан сүйреп алып кете берді. Аббастың жан айқайы шығып қоймаған соң Хазіреті Біләл:

– Өшір үніңді! Расулұллаһ бір көйлек беріп сенің үніңді өшіруімді бұйырды, - деді. Соңында Біләл Хабаши тыныштанған Аббасқа тағы да бір көйлек қосып берді. Аллаһ Расулі оның үлесін жүз түйеге дейін арттырды. (Ибн Сағд IV, 273; Муслим, Зекет 137)

Осы кезде Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Жуайл бин Сурақа сияқты кедейлерді тастап Уяйна, Ақра сияқты бай әрі қауымының бетке тұтарларына жүз-жүз түйеден бердің, - деді.

Адамзаттың Асыл Тәжі болған Пайғамбарымыз:

«Бар болуым оның құдірет билігінде болған Аллаһқа ант етейін, Уяйна, Ақра сияқты кісілер жер жүзіне сыймай тасып жатса да Жуайл олардың барлығынан да қайырлы. Бірақ мен оларға Исламға бет бұрсын деп беріп жатырмын. Ал Жуайлға болса өзі берік болған мұсылмандығын әрі ақыретте ол үшін дайындалған шексіз сыйлықтарын қалдырдым», - деді. (Ибн Хишам IV, 143; ибн Сағд IV, 246)

Көңілдері Исламға берілгендерге олжа малынан көптеп берілуін кейбіреулер қате түсініп, асхабтың арасында дау-дамай туындады. Тіпті Тәмимұлдарынан Зул Хуайсыра атты кісі шектен шығып:

– Ей, Аллаһтың Расулі! Әділетті бол! - деп шіренді. Бұған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты ренжіп:

«Солай ма? Мен әділетті болмасам, басқа кім әділетті болады?» - деп, әлгі қарсы шыққан адамға ренішін білдірді. (Муслим, Зекет 148)

Осының артынан көп кешікпей мына аят түсті:

وَ مِنْهُمْ مَنْ يَلْمِزُكَ فِى الصَّدَقَاتِ فَاِنْ اُعْطُوا مِنْهَا رَضُوا وَ اِنْ لَمْ
يُعْطَوْا مِنْهَآ اِذَا هُمْ يَسْخَطُونَ ﴿58﴾ وَ لَوْ اَنَّهُمْ رَضُوا مَآ اٰتٰيهُمُ اللّٰهُ
وَ رَسُولُهُ وَقَالُوا حَسْبُنَا اللّٰهُ سَيُؤْتِينَا اللّٰهُ مِنْ فَضْلِهٖ وَ رَسُولُهُ
اِنَّآ اِلَى اللّٰهِ رَاغِبُونَ ﴿59﴾

«(Ей, Расулім!) **Олардың кейбіреуі садақа** (бөлу) **мәселесінде сені кінәлайды. Егер оларға да** (садақадан) **бір нәрсе берілсе риза болады, ал егер одан берілмесе ашуланады. Егер олар Аллаһ және Расулінің өздеріне бергеніне риза болып: «Біз үшін Аллаһ жеткілікті, жақында Аллаһ және Расулі бізге жақсылығынан береді. Біз Аллаһтан ғана жалынып сұраймыз» десе қандай жақсы».** (Тәубә сүресі 58-59 аяттар)

Осы аятта Аллаһ Расулінің олжаларды бөлуі Аллаһтың қалауына сай түрде болғандығы білдірілген әрі қыңыр жүрек пен адал жүректің арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Шағымданғандардың басым көпшілігі ансарлықтар болатын. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса бұл сый ретінде үлестірген мал-мүлікті жалпы олжа малынан емес, «фәй» деп аталатын қаржалуы тек Расулұллаһқа тән олжаның бестен бір бөлігінен алған еді. Бірақ ансарлық жігіттерге бұл да ауыр келді.[293] Осындай дау-дамайдың алдын алу үшін мәселе өршімей жатып Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық ансарлықтырды жинады. Бұл жиналысқа олардан өзге ешкімді қоспай мәселенің мән-жайы түсінікті болу үшін Хақ Тағаланың оларға берген нығметтерін естеріне сала отырып былай деді:

– Ей, ансарлар! Естуімше маған біраз ренжіңкіреген екенсіңдер. (Бірақ айтыңдаршы) сендер адасып жүрген мүшрик кездеріңде Аллаһ Тағала мен арқылы сендерге тура жолды көрсетпеді ме? Сендер тақыр кедей кездеріңде араларыңа мен барып Аллаһ барлығыңды байытпады ма? Өз араларыңда өшпенділік пен дұшпандыққа шалдығып алауыз болып жатқандарыңда менің келуіммен Хақ Тағала жүректеріңді жылытып, сендерді біріктірмеді ме?

Ансарлықтардан:

– Барлық нығмет пен шүкіршілік Аллаһқа және Расуліне тән, біз оларға қарыздармыз, - деген жауап алғаннан кейін, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) терең мағыналы әрі әсерлі сөздерін жалғастырды:

«Ей, ансарлар! Сендер маған: «Қауымың сені өтірікке шығарғанда біздің арамызға келдің. Сені біз мақұлдадық. Қауымың сені тастап кеткенде, біз саған жәрдем бердік. Қауымың сені қуды, біз сені бауырымызға бастық. Сен кедей

293. Камил Мирас, Тәжрид Тәржамаси X, 341.

едің, біз сені малымызға ортақ қылдық, - дейтін болсаңдар, мен де сендерді растап: «Дұрыс айтасыңдар», - дер едім.

Ей, ансарлықтар! Кейбір адамдарға дүние-мүлік берді деп, мен туралы айтқан сөздерің рас па? Менің кейбір адамдардың көңілін Исламға жылыту үшін беріп сендердің мұсылмандықтарыңның берік әрі қуатты екеніне сеніп сендерді мақұрым қылған маңызсыз дүниелік нәрселер үшін қиналдыңдар ма? Осы нәрсе жандарыңа батты ма?

Ей, ансарлар! Барлығы алған малдарымен үйлеріне қайтып жатқанда, сендер үйлеріңе Пайғамбарларыңмен бірге қайтқыларың келмей ме?»

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы сөздерінен кейін ансарлықтардың көздеріне мөлтілдеп жас келді. Енді олар өкініп жылап:

– Уа, Расулұллаһ! Біз сенімен қайтқымыз келеді! - деп, Расулұллаһқа деген сүйіспеншіліктерін тағы да білдірді. Оларға қосылып Аллаһ Расулі де жылады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ансарлықтардың көрсеткен осындай бағыныштылығынан кейін оларды мақтап:

«Ей, ансарлар! Егер хижреттің мәртебесі мен дәрежесі жоғары болмағанда, күдіксіз ансартан бірі болуды қалар едім... Ей, ансарлықтар! Егер әркім өз жолымен жүретін болса, мен ансарлықтардың жолымен жүрер едім», - деді.

Осы мұңды өткен жиналыстан соң ансарлықтардың арасынан тек: «Аллаһтың Расулі бізге жеткілікті», деген сөздер естілді. Осылайша қате түсініктен пайда болған жара Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак сөздерімен таңылды. (Бұхари, Мағази 56; Муслим, Зекет 135; Хайсәми X, 31)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы үлгі боларлық әрекетінен көптеген сабақ алуға болады. Адам баласы жаратылысынан жақсылық пен сый-сияпатқа қарсы тұра алмайды. Сый-сияпат алған адам жауың болса да дұшпандығы жоғалады. Ортада тұрған болса, тағы да жақындай түседі. Жақындар болса сүйіспеншілігі онан сайын артады.

Қысқасы Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өнеге боларлық асыл тұлға екендігінің бір көрінісі де осы олжаларды үлестіруде ап-ашық көрінуде.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жиранада он үш күн болғаннан кейін ихрамға кіріп ол жерден аттанды.[294] Осы себептен меккеліктер мен сол төңіректегілердің Жиранада ихрамға кіріп умра жасаулары абзалырақ болып саналған.

Мұсылманды өлтірудің жазасы

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдина Мұнауарадан шықпай тұрып көздеген бағытын білдірмеу үшін Әбу Қатаданы азын-аулақ әскермен Нәжд жаққа жіберген еді. Бұл әскерлер «Изам» деген жерге барғанда Амир бин Аббат деген кісіге кезігеді. Амир мұсылмандарға сәлем беріп, кәлима шәһәдат айтып мұсылман болғанын білдіреді. Бірақ Әбу Қатадамен бірге келген әскерлердің арасынан Мухаллим бин Жассам алға шығып бұрын екеуінің арасында болған келіспеушіліктің салдарынан Амирдың шынайы мұсылман болмағандығын айтып оны өлтірді де заттарын олжа ретінде алды.

294. Бұхари, Умра 3; Тирмизи, Хаж 92/935.

Әбу Қатада мен әскерлері Нәждтен оралғанда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұнайн ойпатында бесін намазан оқып болып, асхабымен бірге бір ағаштың түбінде отырған еді. Оған әлгі болған оқиға айтылған соң мына аят түсті:

يَٓا اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا اِذَا ضَرَبْتُمْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ فَتَبَيَّنُوا وَ لاَ تَقُولُوا
لِمَنْ اَلْقٰٓى اِلَيْكُمُ السَّلاَمَ لَسْتَ مُؤْمِنًا تَبْتَغُونَ عَرَضَ الْحَيٰوةِ الدُّنْيَا
فَعِنْدَ اللّٰهِ مَغَانِمُ كَثِيرَةٌ كَذٰلِكَ كُنْتُمْ مِنْ قَبْلُ فَمَنَّ اللّٰهُ عَلَيْكُمْ
فَتَبَيَّنُوٓا اِنَّ اللّٰهَ كَانَ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرًا

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ жолында жиһадқа шыққан кездеріңде (мүмин мен кәпірді) **жақсылап анықтап алыңдар. Сендерге сәлем берген адамды дүние малына қызығып «сен мұсылман емессің» демеңдер. Аллаһтың қасында өте көп олжалар бар. Бұрын сендер де сондай едіңдер. Сосын Аллаһ сендерге мейірімін төкті. Сондықтан өте мұқият анықтаңдар. Күдіксіз Аллаһ әрбір істегендеріңнен хабар алып отырады».** (Ниса сүресі 94-аят)

Осы кезде Амирдың жақындары келіп Мухаллимнен шағымданып, арыз айтты. Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында ұзақ уақыт мәселені талқылап, соңында Амирдың мұрагерлерінің келісуімен құн төлеуге шешім шығарылды. Сосын:

– Мухаллим келсін. Аллаһ Расулі ол үшін жарылқау тілесін деді, - деді. Мухаллим келген соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан:

– Амир мұсылман екенін айта тұра сен оны өлтірдің бе? - деп сұрады.

Сонда Мухаллим:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мен үшін жарылқау тіле! - деуге мәжбүр болды. Мухаллимның бұлай деуі біле тұра қылмыс істегенін мойындағандығы еді. Сондықтан ешқандай кінәсі жоқ мұсылман кісіні өлтіргендіктен күнәсі кешірілетіндей емес еді. Егер де осы мәселеде кішкене жұмсақтық көрсетілетін болса, бұдан кейін халық арасында мұндай қылмысты тоқтату мүмкін емес еді. Осыған байланысты әлемдерге мейірімділік үшін жіберілген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мухаллимнің істеген ауыр кінәсі үшін оның жарылқау тіле деген өтінішін қабылдамады. Тіпті:

«Аллаһ сені жарылқамасын, кешірмесін», - деді.[295]

Содан, пайғамбардың ашуына ұшыраған Мухаллим Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасынан кеткеннен кейін үйіне барып шықпай жатып алды. Бір аптадан соң осы күйіктен өлді. Туысқандары оны жерлеген кезде топырақ оның денесін қабылдамады. Қайта-қайта көмсе де жер оны сыртқа лақтырып тастап отырды. Жақындары әбден әбігерге түсіп не істерлерін білмей Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп жағдайды баяндады. Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бұл жер одан бетер жаман адамдарды да қойнына қабылдаған. Бірақ Аллаһ Тағала сендерге ғибрат болсын деп әрі «лә иләһә иллаллаһтың» қадірін білдіргісі келеді», - деді.

295. Бұл оқиғаны риуаят еткен сахаба былай дейді:
«Біз өз арамызда «Расулұллаһ ол үшін кешірім сұрап, жарылқау тіледі. Бірақ оның осы істеген әрекетінің жаман екенін және адамдардың бір-бірін өлтірулеріне жол бермеу үшін осылай істеді», - дейтін едік». (Ахмед V, 112; ибн Хишам IV, 304)

Артынан Мухаллимді қайтадан жерлеп қабірінің үстіне тас бастыруларын бұйырды. (Ахмед V, 112; ибн Мәжә, Фитән 1; ибн Хишам IV, 302; Уақиди III, 919)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «лә иләһә иллаллаһты» қадірлемей құрмет көрсетпеудің қаншалықты ауыр қасірет екенін және бір мұсылманға әділетсіздік жасап, оны дүниелік пайда үшін өлтірудің үлкен ауыр күнә екенін көрсету мақсатында осылай жасап, адамдарды мұндай әрекеттерден барынша тыйған еді.

Бұл оқиға кәлима таухидті айтқан әрбір адамды мұсылман деп есептеу керектігін көрсетеді. Мұндай кісінің сырт көріністе күпірлікті білдіретін әрекеті жоқ болса ол жайында жаман ойлау харам.

Осы мәселе мұсылмандарға үкім берген кезде сырт көрініске қарау керек екендігін және бұл мәселенің өте маңызды екенін көрсетеді. Өйткені адамдар сырт көрініске қарап үкім беруде де жаңылуы мүмкін. Ал оған ішкі сезімге қарай үкім беру мүмкіндігі берілсе адамдар көптеген зұлымдық пен әділетсіздікке ұшырар еді.

Сырт көрініске қарап үкім беруге міндеттелудің тағы бір себебі, кейбір жаман әрекет істейтіндердің «сен менің жүрегіме қара» деп сылтау айтуларына жол бермеу болатын. Күнімізде өте көп айтылатын бұл сылтауды Исламның осы үкімі әрі Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) істеген осы әрекеті жоққа шығарған. Сырт көрініске қарап үкім беру мунафиқтардың анда-санда істеген дұрыс әрекеттерімен өздерін жасырып, бұзақылықтарын онан сайын арттыруларына мүмкіндік беретін бір кемшілік сияқты көрінсе де, әділеттілікті күмәнді дәлелдерге қарап жүзеге асыру сияқты үлкен қателіктерге жол бермейді.



Меккеге әкім және мұғалім тағайындау

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеден аттанбастан бұрын қаланы басқарып, мұсылмандардың қажылық істерін реттеп отыру үшін Аттаб бин Әсидті әкім етіп тағайындады. Одан бұрын Хұнайн соғысына шығар алдында да оны Меккеге әкім етіп қалдырған болатын. (Ибн Хишам IV, 69, 148) Ол кезде Аттаб (радиаллаһу анһу) жиырмаға енді аяқ басқан еді.[296] Негізінде ол жерде одан жасы үлкендер және одан да абыройлы адамдар бар болатын. Бұл оқиғадан ұққанымыз қызмет пен мансап лайықты, қабілетті яғни ізгі, білімді және тақуа кісілерге берілуі керек.

Осылайша Исламның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып күнімізге дейін һидаят жұлдызы болып келуінде үлкен қызмет атқарған сахабалардың көпшілігі Аттаб бин Әсид сияқты жас сахабалар екені белгілі. Мысалға, ең көп хадис риуаят еткен сахабалар Абдуллаһ бин Омар мен ибн Аббас Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғанда не бары он үш жасында болатын. Хазіреті Әнәс, ибн Мәсғуд әсіресе әйелдердің Исламды үйренуінде белсенді түрде ат салысқан Хазіреті Айша он сегіз жастарында еді. Сондай-ақ Ақаба бәйаттарына қатысқан сахабалардың көпшілігі де жастар болатын. Және Исламды жаю жолында «Бири Маунада» шейіт болған Құран мұғалімдерінің көпшілігі жастар еді. Осы жағдай келешекте Ислам үшін маңызды қызмет атқаратын жастарға мұқият көңіл бөліп, олардың тәлім-тәрбиесін де нақты қадағалау керек екенін көрсететін өте маңызды құжат тәрізді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңадан мұсылман болған кісілердің тез арада Құран мен сүннетті үйренулерін қалайтын. Осы себептен қасына келген

296. Ибн Әсир, Усдл Ғаба III, 556.

адамдарды бір-екі күнге болса да асхабына қосып қысқа мерзімді күшейтілген тәлім-тәрбие сабақтарын бергізетін. Таң атқан соң олардың алған сабақтарын қадағалап, бақылап көретін. Егер жеткіліксіз деп білсе оларды басқа сахабаларына жіберіп Исламды жақсылап үйренулерін қадағалайтын.

Хазіреті Пайғамбарымыз осы мақсатта меккеліктерге фиқһ (діннің үкімдерін) және Құран Кәрім үйрету үшін Муаз бин Жәбәл[297] мен Әбу Муса әл-Әшғариді[298] (радиаллаһу анһума) сол жерге қалдырды. Міне, бұл да Ислами тәлім-тәрбиеге қаншалықты көңіл бөліну керек екендігін көрсететін айқын дәлелдердің бірі.



297. Ибн Хишам IV, 148-149; Хаким III, 303/5181.
298. Уақиди III, 959.



ХИЖРЕТТІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛЫ

Қылыштан өткір – тіл

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зекет беруден бас тартқан Бәни Тәмим тайпасына Хазіреті Уяйнаны бір топ әскермен аттандырған еді. Уяйна (радиаллаһу анһу) Тәмим тайпасына тұтқиылдан шабуыл жасап оларға тізе бүктірді де, көптеген олжа мен тұтқын алып Мәдина Мұнауарраға қайтты.[299]

Осыдан соң Тәмим тайпасының басындағылар өздерімен бірге ақындарын ертіп Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді. Мешітте Расулұллаһты күтіп сабырсызданып:

– Шық енді бермен, - деп, дөрекі сөйлеп құрметсіздік көрсетті.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың бұл айқай шуынан мазасызданды. Осыған байланысты мына аят түсті:

اِنَّ الَّذِينَ يُنَادُونَكَ مِنْ وَرَآءِ الْحُجُرَاتِ اَكْثَرُهُمْ لاَ يَعْقِلُونَ

«(Расулім!) **Саған бөлмелеріңнің сыртынан айқай салғандардың көпшілігі ақылсыздар».** (Хужурат сүресі 4-аят) (Ибн Хишам IV, 223, 233)

299. Ибн Сағд II, 160.



Ардақты Пайғамбарымыз бесін намазын оқып болған соң мешіттің ауласына отырды. Бәни Тәмимнен келгендер:

– Сенімен өлең айтып жарысып, мадақ сөздерімен айтысуға ақындарымыз бен шешендерімізді ертіп келдік, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Мен өлең айту үшін жіберілмедім. Мадақ сөздерін айтуға да міндеттелмедім. Бірақ сендер айта беріңдер, көрейік,* - деді. (Ибн Әсир, Усдул Ғаба I, 128)

Бәни Тәмимнен бір кісі шығып тамаша құтпа (шешендік әңгіме) оқыды. Сонан соң Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабынан Сәбит бин Қаисқа (радиаллаһу анһу) шық деп ымдады. Ол орнынан тұрып асқан шешендігімен Аллаһ Тағаланың ұлылығына, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығына байланысты өте керемет құтпа оқып тәмимдіктерден басым түсті.

Осыдан кейін Тәмим ұлдарынан Зибриқан бин Бәдірдің оқыған өлеңіне жауап ретінде мәшһүр ақын Хассан бин Сәбит (радиаллаһу анһу) Ислам дінінің абырой-даңқын асырып өте мәнерлі, әрі әсерлі өлең оқыды.

Сахабалардың осылай басым түсуі тілі өте керемет Құран Кәрімге шын ықыластарымен ден қоюдың арқасында, мұнымен қатар «Жәуәмиул Кәлим» (аз сөзбен көптеген мағыналар білдірген) және адамзаттың ең шешені болған Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген тәрбиесінің арқасында болды. Расулұллаһтың осы ықпалын ақын былайша тамаша жырлайды:



Оны бір сәт көргендер гүлдей жайнар,
Сөзіне құлақ салғандар бұлбұлдай сайрар.

Бұл жарыстағы ақиқатты аңғарған Тәмимдік ақын Ақра бин Хабис:

«Бұл адамның шешендері біздің шешендерімізден, ақындары да біздің ақындарымыздан басым түсті. Олардың дауысы біздің дауысымыздан артық...» - деп, достарымен бірге иман келтірді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға өте көп сыйлықтар тарту етті. (Ибн Хишам IV, 232)

Осы кезде Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омар Аллаһ Расулінің алдында тартысып қалды. Осыған байланысты мына аяттар түсті:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تُقَدِّمُوا بَيْنَ يَدَىِ اللّٰهِ وَ رَسُولِهٖ وَ اتَّقُوا اللّٰهَ
اِنَّ اللّٰهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿1﴾ يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَرْفَعُوٓا اَصْوَاتَكُمْ
فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ وَ لاَ تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ لِبَعْضٍ
اَنْ تَحْبَطَ اَعْمَالُكُمْ وَاَنْتُمْ لاَ تَشْعُرُونَ ﴿2﴾

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың және Расулінің алдына шықпаңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Сөзсіз Аллаһ бәрін естіп, біліп тұрады. Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер. Бір-бірлеріңмен сөйлескендеріңдей Пайғамбарға айқайлап, дауыс көтеріп сөйлемеңдер. Өйтер болсаңдар амалдарың жоққа шығып өздерің сезбей қаласыңдар». (Хужурат сүресі 1-2-аяттар)

Осыдан кейін Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында

сөйлеген кезде дауысын өте бәсеңдететін. Тіпті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) оның айтқандарын ести алмай, не айтқанын қайтадан сұрайтын.[300]

Сонымен қатар өзге де сахабалар ардақты Пайғамбарға қошемет көрсетіп, ерекше құрметтейтін. Оны мазаламау үшін қолдарынан келген барлық әрекеттерін жасайтын. Бірде жуан дауысты бір сахаба Хазіреті Пайғамбарымыздың мазасын алдым деген қорқынышпен қайғырып үйінен шықпай жатып алады. Соңында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны жұбатқаннан кейін ғана көңілі көншіді.[301]

Асхабы кирам Пайғамбарымызбен бірге дастарханға отырғанда одан бұрын тамаққа қол созбайтын.[302] Оның бөлмесінің есігін тырнақтарының ұшымен қағып, оны мазалайтын іс-әрекеттерден бойларын аулақ ұстайтын.[303] Ол жайында әңгіме айтқанда сөздеріне мұқият болатын, Аллаһ Расулін ай мен күнге балайтын.[304] Оның хадистерін риуаят қылғанда да барынша абай болып, реңдері өзгеріп, тіпті жүздерінен тер төгіліп, көздері жасқа толып, мойындарындағы тамырлары адырайып кететін.[305] Мешіттің айналасындағы үйлердің бірінен қазық немесе шеге қағылған дауыс еститін болса, дереу: «Расулұллаһты мазаламаңдар» - деп хабар жіберетін. Кейбірі үйлерінің есігін Мәдина сыртына шығып жасататын.[306]

Кағб бин Зухайр да алдын Исламға қарсы соғысқан

300. Бұхари, Мағази 68.
301. Бұхари, Тәфсир 49/1.
302. Әбу Дәуіт, Әтғима 15/3766.
303. Бұхари, Әдепул Муфрад 316-бет; Хайсәми VIII, 40.
304. Муслим, Фадайл 109.
305. Ибн Сағд III, 156; ибн Мәжә, Мұқаддима 38; Дарими, Мұқаддима 28.
306. Қасталлани II, 386.



ақындардың бірі болатын. Жамандап, келекелеп жазған өлеңдері үшін оны көрген жерде өлтіруге рұқсат берілген еді. Бірақ мұсылмандықты қабыл еткен бауыры Бужайр оған насихат ретінде өлең жазып, бұлай кете беретін болса, соңы өкінішті болатынын ескертті. Кағб қатты қорқып, сахабалардың бірі арқылы Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына кіріп, өз атын атамастан бәйат берді. Тізерлеп отырып, артынан:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Кағб бин Зухайр тәубе қылып, мұсылман болып кешірім сұрау үшін алдыңызға келгісі келіп жүр. Оны қабыл етесіз бе? - деп сұрады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Иә» - деп жауап берген соң қатты қуанған күйде:

– Кағб менмін, уа, Расулұллаһ!- деді. (Ибн Хишам IV, 152; Хаким III, 675/6480; Хайсәми IX, 393)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген кешіріміне сияпат ретінде Пайғамбарымыздың алдына келмей тұрып жазып дайындаған «Бәнат Суад» атты өлеңін оқи бастады. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған дән риза болып, үстіндегі шекпенін шешіп Кағбқа (радиаллаһу анһу) кигізді. Осылайша өлеңінің аты арабша шекпен мағынасын білдіретін «Бурда» деп аталды. Яғни **«Қасида-и Бурда»** (шекпен өлеңі) болды.

Кағбқа тарту етілген қасиетті шекпенді ол қайтыс болған соң Хазіреті Мұғауия сатып алды. Мұғауиядан бастап барлық патшалардан бір-біріне өтіп күнімізге дейін жеткен, қазіргі таңдағы Станбулдағы Топқапы сарайында сақтаулы тұрған шекпен - міне осы шекпен.

«Қасида-и Бурда» деген атпен әйгілі болған тағы да бір өлең бар. Оны жазған Хазіреті имам Бусири.[307] Бірақ бұл екінші өлеңнің негізгі аты «Қасида-и Бурә». Бурә – аурудан айығу деген мағынаны білдіреді. Имам Бусири осы өлеңнің берекетімен сол ауруынан айығып кетуіне байланысты осылай аталған. Оқиғаның барысы былай болған еді:

Хазіреті имам Бусиридің денесінің жартысы сал болып қалады. Сонда ол Қасида-и Бурәны жазып, Хақ Тағаладан шипа сұрайды. Қасиданы жазып бітірген күні түнде түсінде Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көріп, оған осы өлеңін оқиды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған риза болып мүбәрак қолдарымен имам Бусиридың сал болған жерлерін сипайды. Имам Бусири ұйқысынан тұрғанда сырқатынан еш нәрсе қалмай айығып кеткенін көріп Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етеді. Таң ертең қуанышты сезіммен мешітке бара жатып жолда асқан әулие, әрі көреген Хазіреті Шәйх Әбурражаға кездеседі. Шәйх Әбурража:

– Ей, Имам! Әлемдердің Сұлтанын мадақтаған өлеңіңді оқисың ба? - деді.

Имам Бусири:

– Менің көптеген өлеңім бар, қайсысын айтасыз? - дегенде Шәйх Әбурража:

– Бүгін түнде Расулұллаһқа оқыған өлеңіңді айтамын. Сен оны оқып жатқанда Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дән риза болғанын көрдім, - дейді.

Имам Бусири аң-таң болып:

307. Мұхаммед бин Саид әл-Бусири Мысырлық. XIII ғасырда Мамлуктер кезеңінде өмір сүрген. (608/1211-694/1296) (Х. Ибраһим Шенер, Қасида-и Бурда, Қасида-и Бурә және Су Қасидасы 32, 60 беттер)

– Бұл өлеңім мен көрген түсімді ешкімге айтпаған едім, мұны сіз қайдан білесіз? – деді.

Шәйх Әбурража:

– Ей, Имам! Мен де сол жерде болатынмын, - деп өлеңнің бастапқы шумағын оқиды:

أَمِنْ تَذَكُّرِ جِيرَانٍ بِذِى سَلَمِ
مَزَجْتَ دَمْعًا جَرٰى مِنْ مُقْلَةٍ بِدَمِ

Сәләмдағы[308] достарды еске алумен,

Жаспен бірге қан аққан ба көздеріңнен?..

«Ей көңіл! Сәләмдағыларды еске алғандықтан көзіңнен жаспен бірге қан ағып жатыр ма?»

Дерек көздерде Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында осы өлең оқылған кезде ол бұған тәнті болып мүбәрак денесін ағаш жапырақтарының баяу сыбдырлағанындай теңселтіп күлімсіреген екен.

Міне, осыған байланысты осы өлең Расулұллаһтың руханиятының әсер етуімен ауруларға шипа ретінде оқылып, бұл үрдіс ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан. Әрі осы мадақ өлеңмен Аллаһ Расулін себепші қылып Хақ Тағалаға сыйынған.[309]

Пасықтың әкелген хабарын анықтаңдар!

Хижреттің тоғызыншы жылы Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұсталықұлдарынан зекет жинау үшін

308. Сәләм – Мәдина Мұнаууарада Расулуллаһтың (саллаһу аләйһи уәсәлләм) кей-кездері сахабамен бірге сұхбаттасатын ағашы көп алқап.
309. Ирхан Армутчуоғлу, Қасида-и Бурда, Коня 1983, 8-11 беттер.

Уәлид бин Уқбаны жіберді. Уәлид өзін қарсы алу үшін жиналған халықты көргенде жәһилият кезінде олармен арасында болған келіспеушіліктің салдарынан өзін өлтіреді деп ойлап, қатты қорықты. Дереу бұрылып Мәдинаға қайтты. Жағдайды Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқаша жеткізді. Яғни оларға жала жауып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Олар діндерінен безіпті. Зекет бермей мені өлтіруге әрекет жасады, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұсталықұлдарына аттандыру үшін жасақ дайындады. Бәни Мұсталық мұны естіп, Уәлидті қарсы алу үшін жиналғандар дереу Мәдинаға келді. Мәдинада өздеріне жіберілейін деп жатқан Ислам әскерлеріне кезікті. Мәселенің мән-жайы анықталып белгілі болды. Осы кезде Хақ Тағала барлық мүминдерге қандайда бір жағдай болмасын анық-қанығын біліп, көз жеткізбейінше үкім бермеулерін ескерте отырып уахи жіберді:

يَآ اَيُّهَا الَّذينَ اٰمَنُوا اِنْ جَآءَكُمْ فَاسِقٌ بِنَبَاٍ فَتَبَيَّنُوٓا اَنْ تُصيبُوا قَوْمًا
بِجَهَالَةٍ فَتُصْبِحُوا عَلٰى مَا فَعَلْتُمْ نَادِمينَ ﴿6﴾ وَاعْلَمُوٓا اَنَّ فيكُمْ
رَسُولَ اللّٰهِ لَوْ يُطيعُكُمْ فى كَثيرٍ مِنَ الْاَمْرِ لَعَنِتُّمْ وَ لٰكِنَّ اللّٰهَ
حَبَّبَ اِلَيْكُمُ الْايمَانَ وَ زَيَّنَهُ فى قُلُوبِكُمْ وَ كَرَّهَ اِلَيْكُمُ الْكُفْرَ
وَ الْفُسُوقَ وَ الْعِصْيَانَ اُولٰٓئِكَ هُمُ الرَّاشِدُونَ ﴿7﴾

«Ей, иман келтіргендер! Егер сендерге әлдебір бұзық адам хабар жеткізсе, оның анық-қанығын жақсылап анықтап алыңдар. Әйтпесе бір елге байқаусызда кесірлерің тиіп, артынан істегендеріңе өкінесіңдер. Естеріңде болсын сендердің араларында Аллаһтың Расулі бар егер ол көптеген істе сендерге еретін болса, сөз жоқ жағдайларың

қиындар еді. Бірақ Аллаһ сендерге иманды сүйдіріп, әрі оны жүректеріңе орнықтырды. Күпірлікті, пасықтықты және күнәні жек көрсетті. Міне осылар тура жолдағылар». (Хужурат сүресі 6-7 аяттар)

Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм):

– *Ей, Аббад! Олармен бірге еріп бар. Зекеттерін ал. Малдарының ең жақсысын таңдап алудан сақ бол,* - деді. Аббад бин Бишр Мұсталықұлдарында он күн болды. Оларға Құран Кәрімді оқытып, Исламды үйретті. (Ахмед IV, 279; ибн Хишам III, 340-341; ибн Сағд II, 161)

Кейде бір пасықтың айтқан жаңылыс хабары ауыздан-ауызға тарап, көңілі таза кісіге жетіп, ол да бұл хабарды жақсы ниетпен сіздерге жеткізуі мүмкін. Мұндай жағдайда хабарды жеткізген кісі пасық болса да, негізсіз хабарларға сеніп оны жаюдың да жауапкершілігі бар екенін білген жөн. Себебі хабар дұрыс болған жағдайда одан ешқандай да зиян келмесе де, бұрыс болған жағдайда кісі ақысына қол сұғу және ғайбаттау сияқты үлкен күнәларға түсу қаупі бар. Міне сондықтан айтылған негізсіз хабарларға мұқият болу керек.

Үлкен иман сынағы

Тәбүк сапары (Рәжәб 9/Қазан-қараша 630)

Тәбүк Мәдина мен Шамның дәл ортасында орналасқан бір қаланың аты. Ол жерге жасалған жорық Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан ең соңғы жорығы еді. Бұл жорық Мутә соғысының жалғасы іспетті болатын. Византия империясы Мутә соғысынан алған әсерін ұмыта алмай көп уақыт өткізбей мұсылмандар онан сайын күшеймей тұрып бүкіл Арабстанды жаулап алу ниетінде болатын. Әрі осы істе христиан арабтарды пайдаланғысы

келетін. Осыған лайықты деп білген ғассанилар онсыз да мұндай әрекетті көптен бері күтіп жүрген еді. Олар осылай дайындалып жатқанда Мәдинаға келген сауда керуендері жаудың дайындығын мұсылмандарға жеткізіп, жақын арада өлкелерінің шабуылға ұшырайтынын айтып жатты.

Осыған байланысты Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жалпы халыққа соғысқа шығатындығын жариялады. Сол уақытқа дейінгі болған барлық әскери әрекеттер құпия сақталып, жаудың бұдан хабардар болмауын қалайтын. Бірақ Тәбүк сапарында жағдай басқаша болды. Өйткені сол уақыт жаздың ең ыстық күндері болатын. Жау әлдеқайда күшті, әрі баратын жер өте ұзақ еді. Оның үстіне сол жылы Мәдинада қуаңшылық пен аштық етек алып, мұсылмандар экономикалық дағдарысқа ұшыраған еді.[310]

Нақ осы сәтті пайдаланған мунафиқтар тағы да ескі әдеттеріне салып бүлік шығарып, мүминдердің көңіл-күйлерін бұзуға әрекет жасады. Мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй:

– Мұхаммед Рим патшалығын бал ойыншығы деп ойлай ма? Мен оның асхабымен бірге тұтқындалғанын көзіммен көріп тұрғандаймын, - деді.

Мунафиқтардың кейбірі болса:

– Осындай аптап ыстықта адам жолға шыға ма? - дей бастады. Бұларға жауап ретінде мына аят түсті:

فَرِحَ الْمُخَلَّفُونَ بِمَقْعَدِهِمْ خِلَافَ رَسُولِ اللّٰهِ وَ كَرِهُوٓا اَنْ يُجَاهِدُوا
بِاَمْوَالِهِمْ وَ اَنْفُسِهِمْ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ وَ قَالُوا لَا تَنْفِرُوا فِى الْحَرِّ
قُلْ نَارُ جَهَنَّمَ اَشَدُّ حَرًّا لَوْ كَانُوا يَفْقَهُونَ

---

310. Ибн Сағд II, 165; Бұхари, Тәфсир 66/2.

«Аллаһтың Расуліне қарсы шығып (соғысқа шықпай) **артта қалғандар** (үйлерінде) **отырғандарына қуанды. Аллаһ жолында малдарын, жандарын аямай соғысуды жақтырмай: «мына ыстықта соғысқа шықпаңдар, - деді. Сен айт: «тозақ оты бұдан да ыстық». Бірақ олар мұны түсінсе болар еді».** (Тәубе сүресі 81-аят)

Бәдәуилердің кейбірі де Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сылтау айтып рұқсат сұрады. Мұны аятта былай баяндайды:

وَجَآءَ الْمُعَذِّرُونَ مِنَ الْاَعْرَابِ لِيُؤْذَنَ لَهُمْ وَ قَعَدَ الَّذِينَ كَذَبُوا اللّٰهَ
وَ رَسُولَهُ سَيُصِيبُ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْهُمْ عَذَابٌ اَلِيمٌ

«Бәдәуилерден кейбірі жағдай айтып рұқсат сұрап келді. Ал Аллаһқа және Расуліне өтірік айтқандар шықпай отырып қалды. Олардың кәпір болғандары күйзелтуші азапқа ұшырайды». (Тәубе сүресі 90-аят)[311]

Осыдан кейін Құран Кәрім мүминдер мен мунафиқтарды бір-бірінен айыру үшін ап-айқын өлшем қойды:

لَوْ كَانَ عَرَضًا قَرِيبًا وَسَفَرًا قَاصِدًا لَاتَّبَعُوكَ وَ لٰكِنْ بَعُدَتْ عَلَيْهِمُ
الشُّقَّةُ وَ سَيَحْلِفُونَ بِاللّٰهِ لَوِ اسْتَطَعْنَا لَخَرَجْنَا مَعَكُمْ يُهْلِكُونَ اَنْفُسَهُمْ
وَ اللّٰهُ يَعْلَمُ اِنَّهُمْ لَكَاذِبُونَ

«(Ей, Расулім!) **Егер оңай** (қолға түсетін) **олжа және жақын сапар болғанда олар күдіксіз саған ілесер еді. Бірақ бұл жолғы жорық оларға ұзақ болып көрінді. Олар: «Егер шығуға шамамыз жеткенде сөзсіз сендермен бірге шығар**

311. Уақиди III, 993-996; ибн Сағд II, 165.



едік», - деп Аллаһ атымен ант етеді. Осылайша өз-өздерін құрдымға тастайды. Ал Аллаһ олардың нағыз суайт екенін біледі». (Тәубе сүресі 42-аят)

لاَ يَسْتَاْذِنُكَ الَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِاللهِ وَ الْيَوْمِ الْاٰخِرِ اَنْ يُجَاهِدُوا بِاَمْوَالِهِمْ وَ اَنْفُسِهِمْ وَ اللّٰهُ عَلِيمٌ بِالْمُتَّقِينَ ﴿44﴾ اِنَّمَا يَسْتَاْذِنُكَ الَّذِينَ لاَ يُؤْمِنُونَ بِاللهِ وَ الْيَوْمِ الْاٰخِرِ وَ ارْتَابَتْ قُلُوبُهُمْ فَهُمْ فِى رَيْبِهِمْ يَتَرَدَّدُونَ ﴿45﴾

«(Ей, Расулім!) **Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіргендер малдарын және жандарын аямай соғысуға** (бармай қалып қою үшін) **сенен рұқсат сұрайды. Аллаһ Тақуаларды жақсы біледі. Ал сенен рұқсат сұрайтындар Аллаһқа және ақырет күніне сенбейтіндер. Олардың көңілдерінде күдіктері бар, олар күдік-күмән ішінде екі ойлы болып жүреді».** (Тәубе сүресі 44-45 аяттар)

Мунафиқтар жорық үшін ешқандай дайындық жасамады. Міне осы да олардың соғысуға ешқандай ниеттері жоқ екнедігін айдай анық көрсетеді. Хақ Тағала былай дейді:

وَ لَوْ اَرَادُوا الْخُرُوجَ لَاَعَدُّوا لَهُ عُدَّةً

«Егер олардың (сенімен бірге соғысқа) **шығуға ниеттері болғанда, әрине ол үшін дайындалып, қамдарын жасайтын еді...»** (Тәубе сүресі 46-аят)

Мунафиқтардың осылайша ашықтан-ашық әскерлерге қосылмауы, бұл да Аллаһтың сыйы еді. Сондай-ақ Абдуллаһ бин Убәй осы жорықта Ұхұдта істегеніндей кері қайтқан болатын. Бұл жағдайды Хақ Тағала былай баяндайды:



وَ لٰكِنْ كَرِهَ اللهُ انْبِعَاثَهُمْ فَثَبَّطَهُمْ وَ قِيلَ اقْعُدُوا مَعَ الْقَاعِدِينَ ﴿46﴾
لَوْ خَرَجُوا فِيكُمْ مَا زَادُوكُمْ اِلاَّ خَبَالاً وَ لاَوْضَعُوا خِلاَلَكُمْ
يَبْغُونَكُمُ الْفِتْنَةَ وَ فِيكُمْ سَمَّاعُونَ لَهُمْ وَ اللهُ عَلِيمٌ بِالظَّالِمِينَ ﴿47﴾

«...Бірақ Аллаһ олардың іс-әрекеттерін жақтырмады. Сондықтан оларға тосқауыл болды. Оларға: «отырғандармен (әйел, бала-шағамен) **бірге отыра беріңдер», - делінді. Егер сендермен бірге шықса да араларыңа іріткі салып, бүлік шығарып, сендерді әбігерге салумен айналысатын еді. Сендердің араларыңда олардың тыңшылары да бар. Аллаһ залымдарды жақсы біледі».** (Тәубе сүресі 46-47 аяттар)

Қазірдің өзінде бүлік шығарған мунафиқтардың соғыс кезінде тигізетін зиянкештері сөзсіз аса зор. Бүлік шығарып, өтірік айтып, жала жауып және қорқақтықтарымен Ислам әскерлерінің шырқын бұзып, әрбірі мүминдерге аса қауіп төндіріп бастарына пәле болатын. Осыған орай Хақ Тағаланың жәрдемі тиіп, бұл жорықтың машақат пен қиыншылықтары мунафиқтарды қорқытып, олар осы сапарға қатыспады. Осылайша сахабалар олардың бүлігі мен іріткісінен аман қалды.

Мунафиқтар әр нәрсені сылтауратып соғысқа бармау үшін рұқсат сұрап жатты. Тіпті не болса соны сылтауратып, қалайда рұқсат алуға тырысты. Бірақ Аллаһ Тағала олардың бұл әрекетін де ашық жариялады:

وَ مِنْهُمْ مَنْ يَقُولُ ائْذَنْ لِى وَ لاَ تَفْتِنِّي اَلاَ فِى الْفِتْنَةِ سَقَطُوا
وَ اِنَّ جَهَنَّمَ لَمُحِيطَةٌ بِالْكَافِرِينَ



«Олардың арасында: «Маған рұқсат бер. Мені фитнәға түсірме (пәлеге душар етпе**)» - дейтіндер де бар. Біле білсеңдер онсыз да олар фитнәға түскен. Сөзсіз тозақ кәпірлерді баурап алады».** (Тәубе сүресі 49-аят)

Хақ Тағала бір жағынан мунафиқтарды ауыр азаппен қорқытса, екінші жағынан олардан әсерленіп біраз босаңсыған мүминдерге де ескерту жасайды:

يَآ اَيُّهَا الَّذينَ اٰمَنُوا مَا لَكُمْ اِذَا قيلَ لَكُمُ انْفِرُوا فِى سَبيلِ اللّٰهِ اثَّاقَلْتُمْ
اِلَى الْاَرْضِ اَرَضيتُمْ بِالْحَيٰوةِ الدُّنْيَا مِنَ الْاٰخِرَةِ فَمَا مَتَاعُ الْحَيٰوةِ الدُّنْيَا
فِى الْاٰخِرَةِ اِلَّا قَليلٌ ﴿38﴾ اِلَّا تَنْفِرُوا يُعَذِّبْكُمْ عَذَابًا اَليمًا وَ يَسْتَبْدِلْ
قَوْمًا غَيْرَكُمْ وَ لَا تَضُرُّوهُ شَيْئًا وَ اللّٰهُ عَلٰى كُلِّ شَيْءٍ قَديرٌ ﴿39﴾

«Ей, иман келтіргендер! Сендерге не болды? «Аллаһ жолында соғысқа шығыңдар» - делінсе, орындарыңнан қозғалғыларың келмейді. Әлде ақыреттен гөрі дүние тіршілігін артық көресіңдер ме? Дүние тіршілігінің пайдасы ақыретпен салыстарғанда түкке тұрғысыз. Егер (соғысқа) **шықпасаңдар** (Аллаһ) **сендерді ауыр азаппен азаптайды да** (сендерді құртып) **орындарыңа басқа қауым әкеледі. Сендер** (соғысқа шықпай) **Аллаһқа ешқандай да зиян тигізе алмайсыңдар. Аллаһтың барлық нәрсеге құдіреті жетеді».** (Тәубе сүресі 38-39 аяттар)

اِنْفِرُوا خِفَافًا وَ ثِقَالًا وَ جَاهِدُوا بِاَمْوَالِكُمْ وَ اَنْفُسِكُمْ فِى سَبيلِ اللّٰهِ
ذٰلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ اِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

«(Ей, мүминдер!) **ауыр болсын, жеңіл болсын** (Аллаһ жолында) **соғысқа шығыңдар. Әрі Аллаһ жолында малдарыңды және жандарыңды аямай жиһад жасаңдар.**



Егер біле-білсеңдер сендер үшін осы қайырлы». (Тәубе сүресі 41-аят)

Осы ескертулер мүминдерге қатты әсер етті. Көңілдеріндегі босаңдықтың орнын өкінішке толы әрекет басты. Бірден әрекетке көшіп соғысқа дайындалды. Өйткені жау Ислам өлкесіне баса-көктеп кіретіндей жағдай болса жиһад парызы айн болып, бүкіл мүминдер бұған баруға міндетті болады. Бірақ осы парыздан міндетті болмай жиһадқа шықпауына рұқсат берілгендер бар. Олар жайында аятта былай айтылады:

لَيْسَ عَلَى الضُّعَفَآءِ وَ لاَ عَلَى الْمَرْضٰى وَ لاَ عَلَى الَّذِينَ لاَ يَجِدُونَ مَا يُنْفِقُونَ حَرَجٌ اِذَا نَصَحُوا لِلّٰهِ وَ رَسُولِهِ مَا عَلَى الْمُحْسِنِينَ مِنْ سَبِيلٍ وَ اللّٰهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«Аллаһқа және Расуліне адал болған (және адамдарға жақсы үгіт насихат жүргізіп тұрған) **әлсіздерге, ауруларға және** (соғысқа шығатын) **қаражат таба алмаған жоқ-жітіктерге** (соғысқа бармаса да) **күнә жоқ. Ізгі іс істеушілерді кінәлауға жол жоқ. Аллаһ кешірімді, ерекше мейірімді».** (Тәубе сүресі 91-аят)

Аятта айтылғанындай соғыстан босатылғандар мемлекет ішінде бүлік шығармай, жалған хабар таратпай, соғысқа қатысқан мужаһидтердің жанұяларына қолғабыс тигізіп, жақсы амал істейтін болса соғысқа қатыспағандықтары үшін оларға күнә жазылмайды. Бірақ олардың соғысқа қатысуларына тыйым салған ешқандай әмір болмағандықтан қаласа әскерлерге ауыртпалығын салмай олар да соғысқа қатыса алады.

Тәбүк сапарына дайындық жүріп жатқан кезде асхабы кирам мен Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жандарын Аллаһ жолындағы соғыста пида етуге дайын екендіктерін көрсетті. Асхабы кирамнан тек жеті кісі ғана пақыр болғандықтан сапарға аттанатын көлік таба алмаған еді. Әскерлердің көпшілігі бір түйеге екі кісі болып, кейбірі үш кісі болып кезектесіп мінетін болды. Бірақ сапарға қатысуды және әрбір сәтте Расулұллаһпен бірге болуды қаласа да, кезектесіп мінуге де түйе таба алмаған пақыр сахабалар да бар еді. Олар да келіп Аллаһ Расуліне жағдайларын айтты. «Сендерге мінгізетін түйе қалмады» деген жауапты естіп егіліп жылап қала берді. Осы Аллаһ үшін төгілген көз жастарын Аллаһ қабыл етіп, аятта былай деді:

وَ لاَ عَلَى الَّذِينَ اِذَا مَآ اَتَوْكَ لِتَحْمِلَهُمْ قُلْتَ لآَ اَجِدُ مَآ اَحْمِلُكُمْ
عَلَيْهِ تَوَلَّوْا وَ اَعْيُنُهُمْ تَفِيضُ مِنَ الدَّمْعِ حَزَنًا اَلاَّ يَجِدُوا مَا يُنْفِقُونَ

«Сенен көлік сұрап келгендерге: «Сендерге мінгізетін көлігім жоқ» дегеніңде, сарп ететін еш нәрсе таба алмағандықтары үшін қайғырып, көз жастарын төккен күйде қайтты. Міне бұларға да күнә жоқ». (Тәубе сүресі 92-аят)

Аятта айтылған Аллаһтың ілтипатына лайық болған кісілерден Абдуррахман бин Кағб пен Абдуллаһ бин Муғаффәл Аллаһ Расулінің алдынан жылап қайтып бара жатқанда, ибн Ямин олардан:

– Сендер неге жылап жатырсыңдар? - деп сұрады.

– Бізге көлік тауып бер, деп Расулұллаһқа барған едік. Бізге мінгізетін еш нәрсе таба аламады. Бізде де Аллаһ Расулімен бірге жорыққа аттануға мінетін көлігіміз жоқ, - деді.

Ибн Ямин ол екуіне бір түйемен, азық ретінде біршама құрма берді. Әлгі көз жасын төккендердің екеуін Хазіреті Аббас, үшеуін Хазіреті Омар көлікпен қамтамасыз етті.[312] Кейіннен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейбір мұқтаждарға да көлік тауып берді.[313] Сапарға шығудан босатылса да Аллаһ Расулінен бір сәт айырылғысы келмейтін және Аллаһ Тағалаға махаббаты шексіз болған бұл сахабалар осы ынтықтығы мен шынайы махаббатының арқасында сапарға қатысу абыройына қол жеткізді.

Міне осы жағдай асхабы кирамның Хақ жолында қалайша малымен және жанымен әрекет еткендігін және олардың ішкі дүниесін көрсететін сансыз мысалдардың бірі ғана.

Уасила бин Асқа (радиаллаһу анһу) Тәбүктегі өте ғибратты мына оқиғаны былай түсіндіреді:

«Тәбүк сапарына шығатын күндерде Мәдинада былай деп айқай салдым:

– Олжадан алатын үлесімді берейін. Кім мені көлігіне мінгізеді?..

Ансарлық бір қарт кісі көлігіне кезектесіп мінетін болсам соғысқа алып баратынын айтты. Мен дереу: «Келістік», - дедім. Сонда ол:

– Олай боса Аллаһтың берекетімен аттандық, - деді. Сөйтіп қайырлы доспен жолға шықтым. Аллаһ олжа нәсіп етіп, үлесіме бірнеше түйе түсті. Түйелерді айдап (ансарлыққа) алып келдім. Ол болса маған:

– Түйелеріңді алып кете бер, - деді.

– Баста жасаған келісімшарт бойынша бұлар сенікі, - дедім.

312. Ибн Хишам IV, 172; Уақиди III, 994.
313. Бұхари, Мағази 78.

Бірақ ол:

– Уа, бауырым! Олжаңды ал, мен сенің мына материалдық үлесіңді қаламаған болатынмын (мен сауабыңа, яғни рухани пайдаңа ортақ болуды ойлаған едім), - деді. (Әбу Дәуіт, Жиһад 113/2676)

Бұл ғибратты сапарда жандары мен мал-мүліктерін ақыретке арнап, жәннатты сатып алу сезімі барынша жанданып, қияметке дейін бүкіл үмметке үлгі боларлық көріністер орын алды. Сахабалар Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызмет көрсету үшін оның айналасына шоғырланып, қасқайып тік тұрды. «Әке-шешем, жаным сен үшін пида болсын, уа, Расулұллаһ», деп Аллаһ жолында жан беруге дайын екендіктерін жеткізді.

Осы сезім мен ынта асхабы кирамда кейін де жалғасын тапты. Ибн Үммү Мәктум (радиаллаһу анһу) жоғарыдағы аятта айтылған тақуалықты таңдап екі көзі соқыр болғанына қарамастан Қадисия соғысына қатысып, тіпті Ислам әскерлерінің туын алып жүрді.

Түскенаяттағыескертулердіңәсеріненазуақыттыңішінде орасан зор Ислам әскері дайын болды. Әскерлердің саны отыз мыңның үстінде болатын.[314] Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәлик бин Нәжжарұлдарының туын Умара бин Хазмға берген болатын. Кейін Зәйд бин Сәбитті көргенде, туды Умарадан алып Зәйдке берді. Умара (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Маған ренжідіңіз бе? - деп сұрағанда ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

314. Уақиди III, 1002; ибн Сағд II, 166.

– Жоқ! Уаллаһи ренжімедім. Бірақ сендер де Құранды таңдаңдар. Ол Құранды сенен көп жаттаған. Құранды көп жаттаған адам мұрны кесік қара құл болса да сол таңдалады, - деді.

Әус және Хазреж тайпаларына туларын Құранды ең көп жаттаған адамға тапсыруын бұйырды. Сондықтан Ауф ұлдарының туын Әбу Зәйд, Бәни Сәлимнің туын да Муаз (радиаллаһу анһу) ұстады. (Уақиди III, 1003)

Жұмыла көрсетілген жәрдем

Сапарға аттанатын кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) әскерелердің керек-жарағы үшін асхабын жалпы жәрдемге шақырды. Дәл осы кезде Мәдинада қатты қуаңшылық бар еді. Осыған қарамастан сахабалар шын ықыластарымен пәни болған барлық дүниелік пайдаларды ойламастан бір жаққа ысырып қойып, барлығы бір ауыздан жұмылып жарыса көмекке келді. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) бүкіл мал-мүлкін тегіс алып келді. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм):

– Әбу Бәкірдің мал-мүлкін пайдаланғанымдай ешкімнің малын пайдаланбадым, - дегенде Әбу Бәкірдің көзіне жас келіп:

– Мен және мал-мүлкім тек сен үшін емес пе, уа, Расулұллаһ?! (Ибн Мәжә, Муқаддима 11) - деп, өзімен қоса барлық нәрсесін Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) атап, ол үшін пида ететіндігін білдірді.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм):

– Бала-шағаңа не қалдырдың, уа, Әбу Бәкір? - деген сұрағына қатты толқыған күйде:

– Аллаһ пен Расулін - деп жауап берді. (Тирмизи, Манақиб 16/3675)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) мал-мүлкінің жартысын әкеліп, бұл жолы Хазіреті Әбу Бәкірден озамын деп ойлаған еді. Бірақ бұл жолы да оған жете алмады.

Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) да үш жүз түйені құлар-жабдығымен дайындап әскерлерге сыйлады. Бұған қоса мың динар берді. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу aлэйһи уә сәлләм) ол жайында:

– *Османға (осы әрекеті үшін) бұдан кейін істейтін ешбір нәрсе зиян бермейді,* (Тирмизи, Манақиб 18/3700; Ахмед V, 63) - деп, оны пайғамбарлық ілтипатына бөледі.

Мұнымен қатар Хазіреті Османның (радиаллаһу анһу) жұбайы да барлық асыл, әшекей бұйымдарын Аллаһ жолына жұмсады. Барлық әйел сахабалар да бүкіл әшекей-сәндік заттарын Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу алэйһи уә сәлләм) алып келді.[315] Он бір жасар кішкентай қыз құлағындағы сырғасын шеше алмай құлағын жыртып, қан-қан болған сырғасын Аллаһ Расулінің алдына қойды.

Ешнәрсесі жоқ кедей сахабалар да шамалары келгенінше жәрдем етуге асықты. Осылардың бірі Әбу Ақил (радиаллаһу анһу) түні бойы жұмыс істеп екі өлшек (10 кг) құрма тауып, бір өлшегін бала-шағасына, бір өлшегін де әскерлерге берді. Ардақты Расулұллаһ (саллаллаһу алэйһи уә сәлләм):

– *Аллаһ сенің әкеліп бергеніңді де, тастап кеткеніңді де берекелі қылсын,*- деді. Артынан әкелген құрмасын жиылған жәрдемнің арасына төгуге бұйрық берді. (Табәрани, Тәфсир X, 251)

315. Уақиди III, 992.

Мунафиқтар болса осылай жасалған жәрдемдерді әңгіме қылып, Әбу Ақилды мақтаншақ деп өсектеді. Уқба бин Амир (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Садақа аяты[316] түскеннен кейін арқалап жүк тасып, тапқан пайдаларымыздың бір бөлігін садақа етіп бере бастадық. Осы кезде бір кісі келіп өте көп садақа берді. Мунафиқтар оны да «мақтанып жатыр» деді. Тағы бір кісі келіп бір өлшек құрма садақа берді. Бұл жолы да мунафиқтар:

«Аллаһ бір өлшек құрмаға қарап қалған жоқ», - деді. Осыған орай:

الَّذِينَ يَلْمِزُونَ الْمُطَّوِّعِينَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ فِى الصَّدَقَاتِ
وَ الَّذِينَ لاَ يَجِدُونَ الاَّ جُهْدَهُمْ فَيَسْخَرُونَ مِنْهُمْ
سَخِرَ اللّٰهُ مِنْهُمْ وَ لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Мүминдерден садақаны шын көңілден бергендерді тәлкектеп, шамалары жеткенінше тапқан-таянғанын бергендерді мазақ қылып, күлкі қылғандарды Аллаһ та масқара қылады. Әрі олар үшін жан күйзертерлік азап бар», (Тәубе сүресі 79-аят) деген аят түсті». (Бұхари, Зекет 10; Муслим, Зекет 72)

---

316. Садақа аяты – басым бөлігі Тәбүкке байланысты болған Тәубе сүресінің 103-ші аяты:

خُذْ مِنْ اَمْوَالِهِمْ صَدَقَةً تُطَهِّرُهُمْ وَتُزَكِّيهِمْ بِهَا وَ صَلِّ عَلَيْهِمْ
اِنَّ صَلٰوتَكَ سَكَنٌ لَهُمْ وَ اللّٰهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

«(Ей, Мұхаммед!) **Олардың мал-мүлкінен садақа ал, осы арқылы оларды тазартып, арылдырасың. Әрі олар үшін дұға қыл. Шын мәнінде Сенің дұғаң олардың көңілдеріне дауа болады. Аллаһ толық естіп, білуші».**

Хадистің басқа риуаяттарына қарағанда өте көп садақа берген кісі Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу), бір өлшек садақа берген кісі болса Әбу Ақил (радиаллаһу анһу) болатын.

Кедей мұсылмандардың бірі Улбә бин Зәйд (радиаллаһу анһу) түн ортасы ауған соң орнынан тұрып намаз оқыды, артынан былай жалбырынды:

«Ей, Аллаһым! Сен жиһадқа шығуға әмір бердің, әрі осыған үгіттедің. Ал маған Расуліңмен бірге жиһадқа мініп шығатын көлік нәсіп етпедің. Расуліңе де маған мінгізетін көлік бермедің. Мен әрдайым мал-мүлкімнен, денемнен (яғни дене құлшылығы) тиісті болған садақаны беремін. Ей, Аллаһым! Құлдарыңның ішінен маған нәсіп еткен мына аз ғана малымды садақа қыламын».

Таң атқан соң Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

– Уа, Расулұллаһ! Садақа беретін қолымда еш нәрсе жоқ. Мына азын-аулақ нәрсені садақа қыламын. Осы үшін мені ренжітіп, маған жаман сөз айтқандарды, әрі мені мазақ қылған адамдарды да кешірдім, - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) махаббат пен жомарттықтың, кешірімділік пен мейірімділіктің нышаны болған бұл сөзге жауап ретінде:

– *Аллаһ садақаңды қабыл етсін,*- деп, бұдан басқа еш нәрсе айтпады. Ертесіне оған:

«Мен сенің садақаңды қабыл еттім. Саған сүйінші! Мұхаммедтің жаны құдірет иесі болған Аллаһқа ант етейін, сен садақасы қабыл болғандардың мәртебесіне жазылдың»,- деді. (Ибн Хажар, әл-Исаба II, 500; ибн Кәсир, әс-Сира IV, 9; Уақиди III, 994)



Бір қатар мунафиқтар әлі де иманы әлсіз болған мұсылмандарды азғырып соғысқа қатысуларына кедергі болуға тырысып бақты. Олар Суәйлим деген яһудидің үйіне жиналып тұратын. Мұны естіген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Талханы бірнеше сахабамен бірге жіберіп Суәйлимнің үйін өртеткізді. Осылайша мунафиқтар жан-жаққа тарап, осыдан кейін мұндай әрекет жасауға батылдары бармады.[317]

Бір жағынан мунафиқтардың істеген әрекеттеріне байланысты түскен ескерту аяттарынан кейін мүминдер Аллаһтың азабынан қатты қорқып барлығы тегіс соғысқа қатысты. Тіпті Мәдина Мүнауара қаңырап бос қалды. Бірақ соғыс ұзаққа созылып, осы арада қала орталығында туындауы мүмкін келеңсіз жағдайларға байланысты мемлекеттің бірлігіне қауіп төнуі ықтимал еді. Дін әлсіреп, әскерлерді керек-жарақпен қамтамасыз ету де қиынға соғар еді. Бұған қоса халықты басқаратын зиялы қауымның болмауы мемлекеттің күйреуіне әкеп соғуы мүмкін еді. Осыған жол бермеу үшін соғысқа қатысу жайында Аллаһ Тағала мынадай өлшеу қойды:

وَ مَا كَانَ الْمُؤْمِنُونَ لِيَنْفِرُوا كَآفَّةً فَلَوْلاَ نَفَرَ مِنْ كُلِّ فِرْقَةٍ مِنْهُمْ طَآئِفَةٌ
لِيَتَفَقَّهُوا فِى الدِّينِ وَ لِيُنْذِرُوا قَوْمَهُمْ اِذَا رَجَعُوآ اِلَيْهِمْ لَعَلَّهُمْ يَحْذَرُونَ

«Мүминдердің түгелдей соғысқа аттанулары дұрыс емес. Олардың әрбір тобынан діни ғылымдарды үйреніп әрі қауымы қайтып келгенде оларды сақтандырулары үшін ескертіп отыратын бір бөлік адам артта қалулары керек. Бәлкім осы арқылы олар сақтанар». (Тәубе сүресі 122-аят)

317. Ибн Хишам IV, 171.

Аллаһтың осы әмірі бойынша Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тылдың қауіпсіздігі үшін Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) мен Мұхаммед бин Мәсләманы (радиаллаһу анһу) Мәдинада қалдырды.

Саатул усра – Қысылтаяң кезең

Ақыры барлық қиыншылық пен тапшылыққа қарамастан әскерлер дүркіретіп жолға шықты. Бірақ әскерлер көптеген қиыншылыққа сабыр етіп шыдауға мәжбүр еді. Өйткені жағдай өте қиын, әрі ауыр болатын. Бұл жорықты қиындатқан себептер мыналар болатын:

1. Қатты қуаңшылық.

2. Жолдың ұзақ болуы және жаяу жүруге қолайсыз шөл болуы.

3. Қырман көтеріп, жеміс-жидектің жиналатын уағы болғандығы.

4. Аптап ыстық.

5. Византия әскерлерінің көптігіне қарап оларды күшті деп ойлаулары.

6. Сондықтан осы барлық қиыншылықтарға байланысты бұл ғазауат «Ғазауатул Усра» (қиыншылық соғысы), ол әскерлер «Жәйшул Усра» (қиыншылық әскерлері), бұл жорықтағы күндер (Саатул Усра» (қиын-қыстау кезеңі) деп аталды.

Әскерлер аттанғаннан кейін біраз уақыт өткен соң Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) мунафиқтардың өсек-аяңынан әсерленіп Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қуып жетеді де соғысқа қатысу үшін рұқсат сұрайды:

– Уа, Расулұллаһ! Мунафиқтар Сіз мені жақтырмағандықтан өзіне ертпей тастап кетті деп әңгіме қылып жатыр. Маған да жорыққа қатысуыма рұқсат беріңіз, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

– Ей, Али! Олар өтірік айтады. Мен сені артта қалғандарға өкіл етіп тағайындадым. Дереу кері қайт! Өз отбасыңа әрі менің үй-ішіме бас көз бол, олар үшін менің өкілім бол. Уа, Али! Мен үшін сен (Тур тауына бара жатқанда) Мұсаның қасындағы Харунның орнында болғың келмей ме? Арадағы айырмашылық менен кейін пайғамбар келмейді, - деді. (Ибн Хишам IV, 174; Бұхари, Мағази 78; Муслим, Фадайлус Сахаба 31)

Осындай ілтипатқа бөленген Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) қатты риза болып, қуанып міндетін атқаруға кері оралды.

Жолға шығып, бірталай жер артта қалған болатын. Арада көп уақыт өткен соң әскерлерді Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) қуып жетті. Ол астындағы көлігі жолға жарамай артта қалып қойған болатын. Ақыр соңында көлігін тастап, қиындығына қарамастан жаяу жүріп отырып әскерлердің артынан жеткен болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны көргенде күлімсіреп:

«Аллаһ Әбу Зәрды жарылқасын. Ол жалғыз өзі өмір сүріп, жалғыз өзі өледі, әрі жалғыз басына тірілтіледі», - деді.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы айтқан мұғжизалы сөздері уақыт өте келе іске асып, Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) жалғыз өмір сүріп, жалғыз өзі қайтыс болады. (Уақиди III, 1000)

Ислам әскерлерінің бұл сапары өте қатты қиын болды. Аптап ыстық әбден мазаны алды. Үш кісіге бір түйеден

келгендіктен сахабалар түйеге кезектесіп мініп, бұл да қиындық туғызды. Бір құрманы екі кісі бөлісіп жеді. Кейде судың тапшылығы да кері әсерін тигізіп отырды. Осыған байланысты дәрет алғанда дене мүшелері бір реттен жуылды. Аяқтағы мәсіге жергілікті адамдарға (муқим) бір күн, жолаушыларға (мусафир) үш күн бойы мәсі тартуларына бұйрық берілді.[318] Бір жолы Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұға жасап, тек Ислам әскерлерінің тұрған жеріне ғана жаңбыр жауды.[319]

Ислам әскерлері жолда Сәмуд қауымы жойылған Хижр деген жерден өтіп бара жатқанда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларға:

– *Бұл жер аулақ жүретін жер,* - деді. (Уақиди III, 1008)

Артынан:

«Өздеріне зұлымдық жасағандардың қонысына жылаған күйде кіріңдер. Әйтпесе олардың басына келген нәрсе сендердің де бастарыңа келуі мүмкін», - деді. Сосын бастарын жауып ол аймақтан жылдам өтіп кетті. Ол жерден алынған суларды қайтадан төктірді. Ысырапқа қатты көңіл бөлгеніне қарамастан осы сумен иленген қамырларды да лақтыртқызды. (Бұхари, Әнбия 17, Тәфсир 15/2; Муслим, Зуһд 39)

Өйткені қарғысқа ұшыраған жерлер сол пәлекеттің әсерінен қияметке дейін құтыла алмайды. Сондықтан қаһарға ұшыраған өлкелерде және күнә істелген жерлерде рухани қарғыстың кесірі тиіп кетпеуі үшін көп тұрмай Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанындай жылдам өтіп кету керек еді.[320]

318. Ибн Мәжә, Таһарат 45; Ахмед VI, 27.
319. Ибн Хишам IV, 177.
320. Жағдайдың заттарға әсер етуіне байланысты мысал:



Хижрда болған түні ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бүгін түнде өте қатты дауыл тұрады. Барлығы түйелерін мықтап байлап, тұрған жерлерінде отырсын. Орнынан тұрмасын», - деді. Шынымен де сол түні өте қатты дауыл тұрды. Дәрет алу үшін орнынан тұрған бір кісіні дауыл жерге жықты. Түйесін іздеп кеткен бір кісіні де Тай тауына қарай ұшырып әкетті. (Бұхари, Зекет 54; Муслим, Фадайл 11)

Тәбүкке бір күндік жер қалғанда Ислам әскерлері тағы да су тапшылығына ұшырады. Муаз бин Жәбәл (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Иншаллаһ ертең сендер Тәбүк бұлағына жетесіңдер», - деді.

Жапон ғалымы Масару Эмото судың мұзға айналған түріне тәжірибе жасап, олардың біртұтас және алтыбұрыш пішіндерден тұратынын және адам қолы тимеген мөп-мөлдір бұлақ суларын мұз қылып қатырғанда адамға қатты әсер ететіндей дәрежеде өте тамаша пішіндер беретінін байқады. Осы судан екі бөлек ыдысқа құйып тәжірибе жасады. Сыпайы, мейірімді және жақсы сөзде айтылған бірінші ыдыстағы судың мұзы өзінің табиғи сұлулығын сақтап қалғанын, балағатты сөздер мен шайтан сөзі айтылған екінші ыдыстағы судың мұзының жарылып, тамаша кескіндерінің бұзылып, өте ұсқынсыз пішіндер пайда болғанын көрді. Тағы да дәл осындай тәжірибе жасап сулардың сүйкімді керемет музыкаға және жағымсыз музыкаға да әр түрлі нәтиже бергенін байқады.

Масару Эмото қолжеткізген ақиқатын онан сайын айқындау үшін екі бөлек банкаға күріш салып осыған ұқсас тәжірибе жасады. Біреуінің ішіне «алғыс», екіншісінің ішіне «ақымақ» сөзі жазылған қағаз салып, бұл банкаларға бір ай бойы осы сөздер айтылып отырды. Нәтижеде бірінші банкадағы күріш аппақ күйінде қалғанын, екінші банкадағы күріш болса көгеріп, жағымсыз иіс шығарғанын байқады. (Сафвет Сених, Су кристаллеринин сыры. Сызынты, Желтоқсан 2002, 287 сан; М. Акиф Дениз, Илк Адым, Ақпан 2003)



(Ертесіне бұлаққа жеткенде) ол жердегі барлық су бір ыдысқа құйылып жиналды. Хазіреті Пайғамбар сол сумен беті-қолын жуып, қайтадан бұлаққа төкті. Сосын ұшы темір үш ағашты бұлаққа қадады. Сол уақытта дереу (мөп-мөлдір) үш бұлақ атқылай бастады. Барлық мужаһидтер суға қанды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) (маған):

– *Ей, Муаз! Егер ұзақ өмір сүргеніңде көп уақыт өтпей осы сумен бұл жердің бау-бақшаға айналғанын көрер едің,* - деді. (Муслим, Фадайл 10; Ахмед V, 238)

Тәбүк ғазауатында қатты ашыққан сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Рұқсат беріңіз, түйелерімізді сойып жейік, іш майын алайық!, - деді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Жарайды істей қойыңдар,* - деді. Сол кезде Омар (радиаллаһу анһу) келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Егер түйелерді союға рұқсат етсеңіз әскерлерде көлік азаяды. (Қаласаңыз) оларға қолдарындағы барлық азық-түліктерін алып келуге бұйрық беріңіз. Сосын оны берекелендіру үшін Аллаһқа дұға жасаңыз. Бәлкім Аллаһ оны берекелендірер, - деді.

Осыған орай Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Жарайды солай істейік,* - деді. Артынан жерге теріден жасалған жабу жайғызды да қолдағы барлық азық-түлікті алып келуге әмір берді. Әскерлердің кейбірі бір уыс тары, енді бірі бір уыс құрма, тағы бірі бір үзім нан әкелді. Әлгі жабудың үстіне өте аз нәрсе жиналды. Расулұллаһ бұл жиналған азық-түлікті берекелендіру үшін Аллаһқа дұға жасап, артынан:



– *Дорбаларыңды әкеліп мынадан алыңдар,* - деді. Әскерлер дорбаларын толтырды. Тіпті салатын бос ыдыс қалмады. Сосын тойғандарынша жеді. Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Аллаһтан өзге тәңірдің жоқтығына және өзімнің Аллаһтың Расулі екеніме куәлік етемін. Аллаһтың бірлігіне және Мұхаммедтің Пайғамбарлығына ешқандай сенбестен Аллаһқа қауышқан адам сөзсіз жәннатқа кіре алмайды». (Муслим, Иман 45)

Ислам әскері Тәбүкке тоқтап орналасқанымен жаудың титтей де әрекеті байқалмады. Өйткені осыншама орасан зор Ислам әскерлерін көрген христиан Араб тайпалары бұдан бұрын Мутәда үш мың кісілік Ислам әскерлерінің көрсеткен қаһармандығын естеріне түсіріп, соғысуға жүректері дауламады. Византия да Арабстанды жаулап алудан бас тартқан болатын. Себебі ол кезде Византия императоры Хумуста өз мемлекетінің ішкі мәселелерімен айналысып жатқан болатын. Осылайша Арабстанның жаулап алынатындығы жайлы хабардың христиан Ғассани арабтардың таратқан қауесет әңгімелері екендігі белгілі болды.

Бірақ осы жорықпен Ислам мен мұсылмандардың абырой-даңқы артты. Арабстанның оңтүстік шекарасы толығымен қауіпсіздікке алынды. Әйлә патшасы, Жәбра және Әзхур халқы, Мәкна яһудилері Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жизия төлейтін болып, мұсылмандардың қол астына кірді. Хазіреті Халид бин Уәлид төрт жүз жиырма атты әскермен Думәтул Жәндалға шабуыл жасап, христиан көсемі Уқайдир бин Абдулмәликті қолға түсіріп Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алып келді. Одан да жизия алатын болып еркіне қоя берді. (Ибн Хишам IV, 180-182; ибн Сағд I, 276-277; Ахмед V, 425)

Ислам әскерлері Тәбукте жиырма күн болды. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан ары барғысы келмеді. Өйткені ол Исламды адамдарға қылышпен жеткізгісі келмеді. Әрі Византия мемлекетін айтарлықтай қорқытып, қарсы алдарына ешқандай жау әскері шықпады. Мұнымен қатар ол кезде Сирияда оба ауруы жайылған болатын. Оба жұқпалы әрі қатерлі ауру болғандықтан Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Бір өңірде оба жайылғанын естісеңдер ол жерге кірмеңдер, егер сендер сол жерде болсаңдар ол жерден әсте шықпаңдар». (Бұхари, Тиб 30)

Артынан асхабы кираммен ақылдасып Мәдинаға оралуға шешім қабылдады.

Осы кезде әскерлерге Әбу Хайсәмә (радиаллаһу анһу) келіп қосылды. Ол бастапқыда сапар қиын болғандықтан Мәдинада қалып, әскерлерге қосылмаған болатын. Бір күні бағындағы шатырда әйелдері оған арнап дастархан жайып, оны тамаққа шақырған еді. Әбу Хайсәмә мұны көргенде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабалардың жағдайы көз алдына елестеп, жүрегі түршігіп өз-өзіне:

– Олар бұл аптап ыстықта Аллаһ жолында қиыншылық шегіп жүргенде, менің бұл әрекетім дұрыс па? - деді. Осылайша өкініп өзі үшін жайылған дастарханнан дәм татпастан дереу жолға шықты. Тәбүкте Ислам әскерлеріне келіп қосылды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның келгенін көріп, бұл әрекетіне қатты риза болды. Артынан:



«Уа, Әбу Хайсәмә! Құрып кетуіңе аз-ақ қалды», - деп оны кешіру үшін Хақ Тағалаға дұға жасады. (Ибн Хишам IV, 174; Уақиди III, 998)

Хақ Тағала құлдарына шамасы келмейтін нәрселерді жүктемейді. Бірақ шамалары келетін істерді орындауға жауапты қылған. Міне, Әбу Хайсәманың бұл әрекеті де қолынан келетін істі кеш те болса орындағандығы болатын.

Бұл оқиғалар біздер үшін ап-айқын үлгі-өнеге. Әрі материалдық және рухани мүмкіншіліктерімізді Хақ жолында қаншалықты жұмсай алатындығымызды таразылауға және мүмин болудың жауапкершілігін ойлануға себепші.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тәбүкте таң ертең бір құрма ағашына сүйеніп тұрып құтпа оқыды. Аллаһқа мақтау, мадақ айтып, артынан былай деді:

«Адамдардың ең қайырлысы, атының немесе түйесінің үстінде, яки жаяу жүріп өлгенше Аллаһ жолында жиһад жасаған кісі. Адамдардың ең жаманы да Аллаһтың кітабын оқып, одан ешқандай пайда ала алмаған пасық кісі.

Жақсылап біліп алыңдар, сөздердің ең дұрысы – Аллаһтың кітабы. Жабысатын ең мықты тұтқа – ол тақуалық. Діндердің қайырлысы – Ибраһимнің (аләйһиссәләм) діні (Ислам). Сүннеттердің қайырлысы – Мұхаммедтің сүннеттері. Сөздердің көркемі – зикруллаһ. Қыссалардың ең жақсысы – Құран.[321] *Іс-әрекеттің ең қайырлысы –*

---

321. Құран Кәрімнің үштен бір бөлігі қыссалардан тұрады. Хақ Тағала Құран қыссаларының маңызды екенін білдіріп, сол қыссаларда айтылған ақиқаттарды ойланып одан ой түйюімізді, олардан ғибрат алып, өзімізді солармен салыстыруды бұйырған. Аятта былай айтылады:

نَحْنُ نَقُصُّ عَلَيْكَ اَحْسَنَ الْقَصَصِ بِمَٓا اَوْحَيْنَٓا اِلَيْكَ هٰذَا الْقُرْاٰنَ

Аллаһ Тағаланың істелуін қалаған парыздары. Іс-әрекеттің жаманы – бидғаттар (дінде жоқ әрекеттер). Ең дұрыс жол және ең дұрыс бағыт – Пайғамбардың жолы мен бағыты. Ең абыройлы өлім – шейіттік.

Соқырлықтың ең жаманы – тура жолды тапқаннан кейін қайтадан адасу. Аз болса да жетіп тұрған нәрсе, көп болып Аллаһқа мойынсұнуға кедергі болған нәрседен қайырлы. Кешірім сұраудың ең жаманы – өлім алқымға келгендегі. Өкіністің ең жаманы – қиямет күніндегі өкініш. Ең нашар адам – жұма намазына ең соңғы келген адам және Аллаһты жаман сөздермен еске алған адам. Жаңылысы (қатесі) өте көп адам – көп өтірік сөйлейтін адам.

Ең қайырлы байлық – көңіл байлығы. Азықтардың ең қайырлысы – тақуа азығы. Хикметтің басы – Аллаһтан қорқу. Пайдасыз (сөз бен) өлең ібілістің ісі. Ішімдік – барлық күнәнің кілті. (Пасық) әйелдер – шайтанның тұзағы. (Тәрбие көрмеген) жастық – жындылықтың бір бөлігі. Өсім – пайдалардың ең жаманы. Тамақтың ең жаманы – жетімнің мал-мүлкін жеу. Бақытты адам – басқаларға қарап ғибрат алған адам.

Барлығың төрт аршын жерге (қабірге) барасыңдар. Іс-әрекеттер ақыретте есепке алынады. Іс-әрекеттің маңыздысы – нәтижесі. Ой-пікірдің ең жаманы – қалай

«(Расулім) **Біз саған осы Құранды уахи ету арқылы қыссалардың ең жақсысын баян етеміз...»** (Юсуф сүресі 3-аят)

فَاقْصُصِ الْقَصَصَ لَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ

«...Оларға қыссаларды айтып бер, бәлкім ойланар». (Ағраф сүресі 176-аят)

وَ لَقَدْ ضَرَبْنَا لِلنَّاسِ فِى هٰذَا الْقُرْاٰنِ مِنْ كُلِّ مَثَلٍ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«Шын мәнінде біз сабақ алсын деп бұл Құранда адамдар үшін әр түрлі мысал бердік». (Зүмәр сүресі 27-аят)

болса солай ойланған қате ой-пікір. Мүминді балағаттау күнахарлық. Мүминді өлтіру күпірлік. Мүминнің етін жеу (ғайбаттау) Аллаһтың әміріне қарсы шығу.


Жалған нәрсеге Аллаһ атымен ант еткен кісі, өтірікке шығарылады. Жарылқау тілеген кісіні Аллаһ жарылқайды. Кімде-кім ашуын жеңетін болса, Аллаһ ол кісіге сыйын береді. Басына түскен қиыншылыққа төзімділік танытқан кісіге Аллаһ сый-сыйапатын береді. Аллаһ қиыншылыққа төзе білген кісінің сауабын есе-есе көбейтеді. Аллаһқа қарсы келген кісіні Аллаһ азапқа ұшыратады.

Ей, Аллаһым! Мені және үмметімді жарылқай көр!
Ей, Аллаһым! Мені және үмметімді жарылқай көр!
Ей, Аллаһым! Мені және үмметімді жарылқай көр!

Өзім үшін және сендер үшін Аллаһтан жарылқау тілеймін». (Уақиди III, 1016-1017; Ахмед III, 37; ибн Кәсир, әл-Бидая V, 13-14)

Тәбүк шейіті

Тәбук жорығында бір ғана сахаба шейіт болды. Бұл сахаба мүшрик тайпаның арасынан Исламды қабылдаған Абдуллаһ әл-Музани (радиаллаһу анһу) болатын. Әкесі өлгенде артынан оған ешқандай мал-мүлік қалмаған еді. Бақуатты көкесі оны қолына алып, өсіріп, аяғына тұрғызған болатын. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижрет жасаған кезде Абдуллаһ та мұсылман болғысы келген еді. Бірақ мүшрик көкесінен бата алмағандықтан бұған бара алмаған-ды. Хазіреті Пайғамбарымыз Меккені алып Мәдинаға оралған кезде Абдуллаһ көкесіне:


АКТЕҢІЗ
Құдүс
Өлі теңізі
Мүтә
Әзрух
Мааң
Ейле
Сина
ТӘБУК
Думатул Жендел
Сәмуд аймағы
Мәдайн-и Салих
Хайбар
ҚЫЗЫЛТЕҢІЗ
Мәдина Мунауара
Мысыр
Хижаз

– Көке! Сені мұсылман болады ма деп осы уақытқа дейін күтіп жүрдім. Сен әлі Мұхаммедке бет бұрар емессің. Еш болмаса менің мұсылман болуыма рұқсат бер, - деді.

Көкесі:

– Егер сен Мұхаммедке еретін болсаң үстіңдегі көйлекке дейін саған берген барлық нәрсемді тартып аламын, - деді.

Абдуллаһ:

– Ант етейін, мен Мұхаммедке ердім. Тасқа, пұтқа табынудан бездім. Қолымдағы нәрселерімді алсаң ала бер, - деді.

Көкесі көйлегіне дейін барлық нәрсесін алып қойды. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) киімсіз шешесіне барды. Шешесі қалың кілемін екіге бөліп ұлына берді. Абдуллаһ мұның жартысымен белден төменгі жағын, жартысымен де белден жоғарғы жағын орады. Орнында тұра алмай, дереу Мәдинаға барып Аллаһ Расуліне жетуді қалады. Алдындағы барлық бөгеттер оған еш нәрсе болып көрінді. Сөйтіп бұдан ары басына пәле болған қауымынан құтылып, түнде жасырын жолға шықты. Ұзақ әрі өте қиын сапардан кейін қол-аяғы жарылып, аштық пен сусыздықтан әбден шаршап-шалдығып Мәдинаға жақындады. Көңілі қатты толқыды. Бірақ үстіндегі дөрекі, ұсқынсыз киімімен Әлемдердің Сұлтанының алдына бара алмаймын деп ойлады. Аллаһ Расуліне қауышуға деген ынтызарлығынан есі шыққан жас сахаба, жолда көргендерді таң қалдырып тура Мәсжидун Нәбәуиге барып бірақ тоқтады. Таң сәріге дейін мешітте жатты. Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) жамағатпен таң намазын оқып, артынан жамағатқа көз жүгіртіп үйіне қайтайын деп жатқанда Абдуллаһты көрді. Жалғыздыққа, қорлыққа ұшырағандарға пана болған рақым Пайғамбары

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол мүбәрак сахабаны мейірімімен құшақтады. Атын сұрап, Абдулузза екенін білгеннен кейін:

«Сен Абдуллаһ зул Бәжәдәйнсың («ذُو الْبِجَادَيْن» *қос кілем иесісің). Маған жақын жерде жүр. Жиі-жиі маған келіп тұр»*, - деді. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) Суффада қалып Құран Кәрім үйренді. Құран Кәрімнің бірнеше сүресін жаттап алды.

Аллаһ Расулін шын жүректен жақсы көріп соңынан ерген бұл мүбәрак сахаба онымен бірге барлық жиһадқа қатысып, шейіт болып Раббысының жолында жанын пида етуді қатты қалайтын. Тәбук сапарына шығарда өзіне шейіттік нәсіп болуы үшін қоярда-қоймай Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұға қыл деп жабысты. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Аллаһым! Оның қанын кәпірлерге харам қыл»,- деп дұға жасады.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Мен оны қаламаған едім,- деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сен Аллаһ жолында соғысқа шығып безгек ауруына шалдығып өлсең шейітсің. Астыңдағы көлігің сені құлатып мойның үзілсе, онда да шейітсің. Қам жеме. Бұлардың қайсысы болса да шейіт болу үшін саған жеткілікті», - деді.

Аллаһ Расулінің осы мұғжизасы орындалып, шынында да Абдуллаһ дәл осылай шейіт болды. Әскерлер қайтуға дайындалып жатқан түні пайғамбарлар Сұлтаны, екеуі Аллаһтың және Расулінің досы, яғни үш кісі болып жанған оттың жарығымен бір мүрдені тасып жүрген еді. Бұл үш

кісі Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хазіреті Әбу Бәкір және Хазіреті Омар (радиаллаһу анһума) болатын. Тасып жүрген жаназалары да Абдуллаһ зул Бижадаин (радиаллаһу анһу) еді.

Абдуллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) сүйсіне тамашалаған бұл оқиғаны былай түсіндіреді:

«Түнде мужаһидтердің шатыр құрған жағынан бір бұрышта қимылдаған жарық көрдім. Орнымнан тұрып бұл не нәрсе екен деп едім, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Әбу Бәкір және Омар (радиаллаһу анһума) Абдуллаһ зул Бижадаиннің мүрдесін тасып жүр екен. Бір жерге барып қабір қазды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қазылған қабірге түсті. Әбу Бәкір мен Омар (радиаллаһу анһума) жаназаны Пайғамбарымызға алып беруге дайындалды.

Аллаһ Расулі:

– *Бауырларыңды маған қарай жақындатыңдар,* - деді. Олар да жақындатты. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаназаны құшақтап қабірге жайғастырғаннан кейін, орнынан тұрып былай жалбарынды:

«Уа, Раббым! Мен оған ризамын, осы уақытқа дейін риза болып келдім. Сен де риза бол...»

Абдуллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) сөздерін былай жалғастырады:

«Бұл оқиғадан қатты әсерлендім. Зул Бижадайнға қызғана қарадым. Сол кезде:

«Әттең бұл қабірдің иесі мен болсам ғой. Ол жерге дәл осылай Пайғамбардың ілтипатымен мен көмілсем ғой, - деп қатты қаладым». (Ибн Хишам IV, 183; Уақиди III, 1013-1014; ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 227)

Мунафиқтардың опасыздығы және Дырар мешіті

Қайтарда бірнеше мунафиқ түнде тар бір өткелде Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қастандық жасауды жоспарлаған еді. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұны біліп қойып Хұзайфатул Яманиді оларға жіберді. Хұзайфа (радиаллаһу анһу) ол жерге барып:

– Ей, Аллаһтың дұшпандары! Қайқайыңдар, - деп айқайлап, мунафиқтарды таратып жіберді. (Ахмед V, 453)

Бірақ Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мунафиқтардың тағы бір тұзағы күтіп тұрған болатын. Ислам әбден қуаттанғаннан кейін Мәдина мен Меккеден кетіп қалған Әбу Амир Фасық атты хазреждік христиан Византияны паналап, әрдайым мунафиқтарды айдап салып отырды. Олар бұл қуйтырқы әрекеттің ошағы ретінде Құба мешітінің төменгі жағынан бір мешіт салды. Бұл – Дырар мешіті болатын.

Жоспарлаған қастандықтарын іске асыру үшін Тәбүк сапарына шықпай тұрып Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы жерге шақырған болатын. Бірақ Расулұллаһ:

«Иншаллаһ жорықтан оралғаннан кейін», - дегеннен соң Ислам әскерлерінің оралуын күте бастаған болатын.

Мәдинаға бір күндік жер қалған кезде Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбрейіл (а.с.) келіп сырт көріністе мешіт болып көрінген бұл фитнә ошағының негізгі мақсатын баяндап берді. Осылайша мешітке қарсы мешітті, дінге қарсы дінді қолданып Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және бүкіл мұсылмандарға қарсы құрған мунафиқтардың тұзағы іске аспай қалды. Өйткені Хақ Тағала бұл ақиқатты ап-ашық түрде білдірген болатын:



وَ الَّذِينَ اتَّخَذُوا مَسْجِدًا ضِرَارًا وَ كُفْرًا وَ تَفْرِيقًا بَيْنَ الْمُؤْمِنِينَ
وَ اِرْصَادًا لِمَنْ حَارَبَ اللّٰهَ وَ رَسُولَهُ مِنْ قَبْلُ وَ لَيَحْلِفُنَّ اِنْ اَرَدْنَآ
اِلَّا الْحُسْنٰى وَ اللّٰهُ يَشْهَدُ اِنَّهُمْ لَكَاذِبُونَ ﴿107﴾ لَا تَقُمْ فِيهِ اَبَدًا
لَمَسْجِدٌ اُسِّسَ عَلَى التَّقْوٰى مِنْ اَوَّلِ يَوْمٍ اَحَقُّ اَنْ تَقُومَ فِيهِ
فِيهِ رِجَالٌ يُحِبُّونَ اَنْ يَتَطَهَّرُوا وَ اللّٰهُ يُحِبُّ الْمُطَّهِّرِينَ ﴿108﴾

«(Мунафиқтардың кейбірі) **зиян тигізіп**, (Аллаһқа) **қарсы келу үшін және мүминдердің арасына от салу үшін және бұрыннан Аллаһ пен Расуліне қарсы соғысқан адамды күтіп алу үшін мешіт салып, «мақсатымыз тек қана игілік», - деп ант су ішеді. Ал Аллаһ олардың нағыз суайт екендігіне куәлік береді.** (Ей, Расулім!) **Ол мешітте әсте намаз оқыма. Әуел бастан тақуалық негізінде салынған мешіт** (Құба мешіті) **сенің намаз оқуыңа өте лайықты. Онда таза болуды қалайтын адамдар бар. Аллаһ та таза болғандарды жақсы көреді».** (Тәубе сүресі 107-108-аяттар)

Олардың бұл әрекеті тек қана мунафиқтықпен қалмай, бұған қоса тұзақ құрып, қастандық жасауға әрекет еткен болатын. Осы себепке байланысты мунафиқтардың бетперделері жыртылып, мешіт деп салған бүлік ордаларының қиратылуы қажет еді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың әмірімен әрекет етіп, Мәдинаға барысымен Дырар мешітін құлатқызды. (Ибн Хишам IV, 185)

Кіші жиһадтан үлкен жиһадқа

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысқан соңғы сапар – Тәбүк өте қиын әрі ауыр сапар еді. Ислам





әскерлері мың шақырымға барып-қайтқан еді. Мәдинаға жақындағанда олардың бет әлпеттері мүлдем өзгеріп, терілері сүйектеріне жабысып, шаштары мен сақалдары өсіп бір-біріне қосылып кеткен болатын. Сахабалар осындай жағдайда бола тұра Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға:

– *Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа бара жатырмыз,* - деді. Сахабалар аң-таң болып:

– Уа, Расулұллаһ! Жағдайымыз белгілі. Енді бұдан да үлкен жиһад бар ма? - деп сұрағанда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Енді үлкен жиһадқа (нәпсімен күресуге) қайттық,* - деді. (Суюти II, 73)

Нәпсімен жиһад – руханияттың кемелділігі және жүрек тәрбиесі. Мұндағы мақсат мінез-құлықты көркемдеп және адамның руханиятын кемелдендіріп «кәміл адам» жетілдіру. Мұның жолы да иләһи ақиқатпен негізделген ақыл, иман және көркем мінез-құлық арқылы безендірілген жүрек, яғни Құран мен сүннеттің руханиятымен көркем түрде «таухидтің шыңына асқақтап» кемелділікке жету.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келгенде бүкіл халық оны және Ислам әскерлерін қарсы алды. Тіпті бала-шаға да Әлемдердің Сұлтанын Сәниятул Уәдәда күтіп алу үшін шұбырып жолға шықты.[322]

Тәубелері кейінге қалдырылған үш сахаба

Тәбүк сапарына қатыспай Мәдинада қалған ер кісілерді үш топқа бөліп қарастыруға болады:

322. Бұхари, Жиһад 196.



1. Себептілер. Бұлар бұдан бұрын аятта айтылғандай жорыққа қатысқысы келсе де мүмкіншіліктері болмағандар. Бұл кісілер жайында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам әскерлеріне былай деген болатын:

«Мәдинада артта қалғандардың арасында біздің барған жерімізге бізбен бірге барып және өткен әрбір ойпатымызда бізбен бірге болғандар бар. Олар белгілі себептерге байланысты бізге ілесе алмады». (Бұхари, Мағази 81; Муслим, Имара 159)

Басқа бір хадис шәрифте де былай айтылады:

«Іс-әрекет ниетке байланысты!..». (Бұхари, Бәдул Уахи 1)

2. Мунафиқтар. Бұлар бірнеше сылтау айтып, мұнымен қоса Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл сапардан оралмайды деп ойлап әскерге қосылмағандар. Бірақ Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аман-есен, үлкен табыспен оралғанын көріп дереу оның алдына барып неше түрлі өтірік айтып кешірім сұрады. Сандары сексенге жақын бұл мунафиқтар жайлы Аллаһ Тағала былай дейді:

وَيَحْلِفُونَ بِاللّٰهِ اِنَّهُمْ لَمِنْكُمْ وَ مَا هُمْ مِنْكُمْ وَلٰكِنَّهُمْ قَوْمٌ يَفْرَقُونَ ﴿56﴾
لَوْ يَجِدُونَ مَلْجَاً اَوْ مَغَارَاتٍ اَوْ مُدَّخَلاً لَوَلَّوْا اِلَيْهِ وَهُمْ يَجْمَحُونَ ﴿57﴾

«(Мунафиқтар) **шынымен де сендерден екендіктеріне Аллаһ атымен ант етеді. Негізінде олар сендерден емес. Бірақ олар қорқақ халық. Егер олар пана тапса немесе үңгір, я болмаса кіреруге тесік тапса соған қарай жүгіре жөнелер еді».** (Тәубе сүресі 56-57 аяттар)

يَعْتَذِرُونَ اِلَيْكُمْ اِذَا رَجَعْتُمْ اِلَيْهِمْ قُلْ لاَ تَعْتَذِرُوا لَنْ نُؤْمِنَ لَكُمْ قَدْ نَبَّاَنَا اللّٰهُ مِنْ اَخْبَارِكُمْ وَ سَيَرَى اللّٰهُ عَمَلَكُمْ وَ رَسُولُهُ ثُمَّ تُرَدُّونَ اِلٰى عَالِمِ الْغَيْبِ وَ الشَّهَادَةِ فَيُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿94﴾ سَيَحْلِفُونَ بِاللّٰهِ لَكُمْ اِذَا انْقَلَبْتُمْ اِلَيْهِمْ لِتُعْرِضُوا عَنْهُمْ فَاَعْرِضُوا عَنْهُمْ اِنَّهُمْ رِجْسٌ وَمَاْوٰيهُمْ جَهَنَّمُ جَزَآءً بِمَا كَانُوا يَكْسِبُونَ ﴿95﴾

«(Сапардан) **қайтып оларға оралсаңдар, сендерге сылтау айтады.** (Оларға) **айт: «Сылтау айтпаңдар, сендерге әсте сенбейміз. Сендердің хабарларыңды Аллаһ бізге жеткізді. Аллаһ та Расулі де сендердің істеріңді көреді. Сонан соң жасырын және ашық нәрселерді білуші Аллаһқа қайтарыласыңдар. Сонда ол не істегендеріңді сендерге айтып береді». Егер олардың қасына қайтып оралсаңдар оларды айыптаудан бас тартуларың үшін Аллаһ атымен ант етеді. Олардан аулақ болыңдар. Өйткені олар нәжіс. Істегендерінің жазасы ретінде олардың барар жері тозақ».** (Тәубе сүресі 94-95 аяттар)

Осы аяттар бойынша мунафиқтар Ислам қоғамынан аластатылып, оларға «нәжіс» сипаты берілді әрі жиһадқа қатысуларына тыйым салынды.

3. Себепсіздер. Бұлар да екі топқа бөлінеді:

а) Бұл топтағылар ешқандай себепсіз және де мунафиқтармен бірге болмаса да соғысқа қатыспағандар. Бірақ бұл кісілер Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тәбүктен қайтпай жатып өздерінің қателіктерін түсініп қатты өкінді. Тіпті істеген қателіктерінің жазасы ретінде өздерін мешіттің діңгегіне байлап, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп шешпейінше осылай байлаулы тұрамыз деп ант етті. Расулұллаһ (саллаллаһу



алəйһи уə сəлләм) сапардан оралып олардың бұл жағдайын естігенде:

«Мен де олар жайында əмір келгенге дейін оларды шешпеуге ант етемін», - деді. Осыған орай мына аят түсті:

وَ اٰخَرُونَ اعْتَرَفُوا بِذُنُوبِهِمْ خَلَطُوا عَمَلاً صَالِحًا وَ اٰخَرَ سَيِّئًا
عَسَى اللّٰهُ اَنْ يَتُوبَ عَلَيْهِمْ اِنَّ اللّٰهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«Енді бір бөлігі күнəларын мойындады. Олар ізгі іс пен жаман істі бір-біріне араластырды. Бəлкім Аллаһ олардың тəубелерін қабыл етер. Шын мəнінде Аллаһ өте жарылқаушы, ерекше мейірімді». (Тəубе сүресі 102-аят)

Осы аят түскеннен кейін Расулұллаһ (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) өкініп өздерін діңгекке байлаған сахабаларды шешті.

б) Бұл топтағылар да ешқандай себепсіз əрі мунафиқтардың қатарында болмаса да соғысқа қатыспағандар. Бұлар жоғарыда айтылған өкініп өздерін тірекке байлаған сахабалардан бөлек үш сахаба. Ақын Кағб бин Мəлик, Мурара бин Раби жəне Хилал бин Умəйя атты бұл үш сахаба мунафиқтар сияқты өтірік айтпады. Олар Аллаһ Расуліне (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) себепсізден-себепсіз соғысқа қатыспағандақтарын айтты. Бұл əрекеттеріне қатты өкініп, Пайғамбардың алдына келіп кешірім сұрады.

Аллаһтың əмірлеріне өте мұқият қарайтын Аллаһ Расулі (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) бұл үш сахабаны кешірмеді. Тіпті иләһи уахиді күткендіктен олардың сəлемін де алмады. Барлық жағдайда өзіне еретін сахабалары да осылай істеп, олардың берген сəлеміне жауап қайтармады.

Бұл үш сахаба бүкіл ғазауаттарға қатысқан болатын. Кағбтан өзге екеуі Бәдірге де қатысқан еді. Сондықтан Тәбүкке қатыспай қателескендіктері үшін бұларға қарсы көрсетілген бұл әрекеттің салдарынан жер жүзі оларға тар болып көрінді. Әсіресе Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың сәлемін алмай теріс қарағандығына олар үшін жер жүзі жат бір әлемге айналғандай болды. Тіптен әйелдері де олар үшін бөгде адамдай сезілді. Істейтін ешқандай амалдары қалмады. Амалсыз олар күндіз-түні жылаумен болды. Еріген шам іспетті болды. Олар қателескенімен ықыластан, туралықтан, шынайылықтан, бағыныштылықтан, өкініш пен тәубеден аластамады. Осылайша елу күн өтті. Соңында тура сөйлеп, шынайы түрде тәубе етулерінің сыйы ретінде мына аятпен қателіктері кешірілді:

وَ عَلَى الثَّلٰثَةِ الَّذِينَ خُلِّفُوا حَتّٰٓى اِذَا ضَاقَتْ عَلَيْهِمُ الْاَرْضُ بِمَا
رَحُبَتْ وَ ضَاقَتْ عَلَيْهِمْ اَنْفُسُهُمْ وَ ظَنُّوٓا اَنْ لَا مَلْجَاَ مِنَ اللّٰهِ اِلَّٓا اِلَيْهِ
ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ لِيَتُوبُوٓا اِنَّ اللّٰهَ هُوَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ ﴿118﴾
يَٓا اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا اتَّقُوا اللّٰهَ وَ كُونُوا مَعَ الصَّادِقِينَ ﴿119﴾

«Аллаһ (сапардан) **қалып қойған үш кісінің де** (тәубелерін қабыл етті)**. Жер жүзі соншалықты кең болғанына қарамастан оларға тар болып көрінді. Ар-ождандары қатты қысылды. Соңында Аллаһтан басқа ешбір пананың жоқтығын аңғарды. Сосын бұрынғы күйлеріне қайтулары үшін Аллаһ олардың тәубелерін қабыл етті. Өйткені Аллаһ тәубені өте көп қабыл етуші, өте мейірімді. Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да шыншылдармен бірге болыңдар».** (Тәубе сүресі 118-119 аяттар)



Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл қуанышты хабарды Кағб бин Мәликке былай жеткізді:

– Сені туылған күніңнен бергі ең қайырлы әрі қуанышты күніңмен сүйіншілеймін![323]

Кағб бин Мәлик те (радиаллаһу анһу) Аллаһтың осы кешіріміне шүкіршілік білдіріп:

– Уа, Расулұллаһ! Мен де Аллаһ пен Расулінің ризалығы үшін мал-мүлкімнің барлығын садақа етіп бергім келеді, - деді. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

– Мал-мүлкіңнің бір бөлігін өзің үшін алып қал. Сен үшін осы дұрысырақ.

Кағб бин Мәлик:

– Олай болса мен Хайбардан алған үлесімді алып қалайын. Уа, Аллаһтың Расулі! Аллаһ мені бұл пәлекеттен тек туралықты айтқаным үшін құтқарды. Енді мен бұдан кейін өмірімнің соңына дейін туралықтан басқа нәрсе айтпаймын... - деді.

Кағб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аллаһқа ант етейін! Аллаһ Тағаланың маған Исламды нәсіп еткенінен кейінгі берген ең үлкен нығметі Хазіреті Пайғамбардың алдында туралықты айтып, өтірік айтқандармен бірге құрып кетуден аман қалғандығым. Өйткені Аллаһ Тағала Тәбүк сапарына қатыспай (сылтауратып) өтірік айтқандар үшін ешкімге қолданбаған ауыр сөздер қолданып былай деді:

---

323. Бұл қуанышты хабарды естіген Кааб (радиаллаһу анһу) Әлемдердің Сұлтанына бара жатқанда Талха бин Убәйдуллаһ (радиаллаһу анһу) дереу оған қарай жүгіріп, қолын алып, оны құттықтады. Кааб (радиаллаһу анһу) оның осы шынайы әрекетін өмір бойы ұмытпады.

فَاَعْرِضُوا عَنْهُمْ اِنَّهُمْ رِجْسٌ

«...Олардан бет бұр, өйткені олар нәжіс...» (Тәубе сүресі 95-аят)» (Бұхари, Мағази 79, Уасая 16, Жиһад 103; Муслим, Тәубә 53, Мүсәфирин 74)

Бұл үш сахаба Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге барлық ғазауаттарға қатысса да, тек бір ғазауаттан қалып қойғаны үшін осыншалықты ауыр жазаға душар болды. Бұл оқиға себепсізден-себепсіз «әмру бил маруф уан наһи анил мункәр» жасаудан және Аллаһ жолында таухид күресінен қалып қойғандарға өте қатты ескерту болды.

Шындығында да не деген ғибрат аларлық оқиға! Бір кісі сахаба бола тұра Исламның өте әлсіз кезінде Бәдірден бастап көптеген соғыстарға қатысып, өлімге бас тіге тұра, кейінгі Тәбүк сияқты өте қиын бірақ, соғыссыз бір сапарға себепсіз қатыспағаны үшін осыншалықты ауыр әрекеттерге душар болады... Мұнда ақылды, түсінігі мол кісілер үшін өте тамаша ғибрат және үлкен сабақ бар. Мұнымен бірге өте қорқынышты, терең мағыналар бар. Барлық дәуірде болғанындай күнімізде де Исламның үстемдігі үшін күресуге тура келсе, бұл күреске түрлі сылтау айтып немқұрайлық танытатындардың жағдайы да өте ауыр болмақ. Бәдір ғазауатына қатысып, Бәдір ғазиы (жеңімпазы) деп аталғандардың өзі мұндай немқұрайлылықтарын өтеу үшін қымбатқа түссе, біз сияқты адамдардың жағдайы не болар екен деп ойланып, Аллаһ Тағаланың бұйырғанындай шыншылдармен бірге болуға әрекет жасау керек.

Аллаһ Тағала мүминдердің жақсы әрекеттен әсерленіп, жаман әрекеттің әсерінен аулақ болулары үшін



шыншылдармен бірге болуды әмір еткен. Иманында, берген сөзінде, хақ дінге деген беріктігінде, ниетінде, сөзінде және іс-әрекетінде яғни барлық жағдайда тура әрі дұрыс болған кісілермен бірге болуды, оларды жақын тұтып, қолдауды, қысқасы олардан бөлек қалмауды бұйырған. Көңілге жер жүзінің тар болмауы үшін, ар-ожданның тұншықпауы үшін және Аллаһтың азабынан құтылып, оның ризашылығына бөлену үшін бұл өте қажетті. Шыншылдармен бірге болуды ақын былайша тамаша суреттейді:

Тікен егер жалғыз өссе жұлынады,
Ал егер гүлмен өссе суарылады.

Бұл әмірдің Тәбук ғазауатында яғни, қиын-қыстау сапарда түсуінің себебі ап-айқын. Тек қана жайбарақат кезеңде емес, шыншылдар қиыншылыққа ұшырағанда және Аллаһ жолында жиһадқа шыққанда да олармен бірге болу керек. Шыншылдардың төзген қиындықтарына төзіп, олардың соңынан жүріп, арттарында қалып қоймау керек.

Жалпылама Тәбүк сапарына байланысты түскен Тәубе сүресі көбінесе Аллаһ жолында малмен немесе нәпсімен жиһад жасаудың маңыздылығына тоқталады. Өйткені мал-мүлікпен және жанмен жиһад жасау мұсылмандардың дінге беріктігінің үлкен дәлелі. Осыған қоса бұл мүмин мен мунафиқтың арасын ап-айқын айырады. Хақ Тағала былай дейді:

انَّ اللّٰهَ اشْتَرٰى مِنَ الْمُؤْمِنينَ اَنْفُسَهُمْ وَ اَمْوَالَهُمْ بِاَنَّ لَهُمُ الْجَنَّةَ
يُقَاتِلُونَ فِى سَبِيلِ اللّٰهِ فَيَقْتُلُونَ وَ يُقْتَلُونَ وَعْدًا عَلَيْهِ حَقًّا فِى التَّوْرٰيةِ
وَ الْاِنْجِيلِ وَ الْقُرْاٰنِ وَ مَنْ اَوْفٰى بِعَهْدِهِ مِنَ اللّٰهِ فَاسْتَبْشِرُوا بِبَيْعِكُمُ
الَّذِى بَايَعْتُمْ بِهِ وَ ذٰلِكَ هُوَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ



«Аллаһ мүминдердің жандарын және малдарын оларға беретін жәннатқа айырбастап алды. Өйткені олар Аллаһ жолында соғысып өлтіреді және өздері өледі. Мұны Аллаһ Тәуратта, Інжілде және Құранда уәде еткен. Аллаһтан да артық уәдесін кім орындай алады? Ендеше онымен жасаған саудаларыңа қуаныңдар. Міне бұл өте үлкен табыс». (Тәубе сүресі 111-аят)

Тағы бір өте маңызды жайт, барлық ғасырда мұсылмандарға өте үлкен қауіп төндірген – мунафиқтар. Тәбүк ғазауаты мен Тәубе сүресі бұл мәселені өте ашық түрде көрсетіп, мұсылмандарға ескерту жасаған.

Бұл қиын-қыстау сәттен (саатул усра) түсінгеніміздей бір мұсылман әсте рахатқа батып, ойын-сауыққа берілмеуі керек. Басына түскен барлық зорлық-зомбылықтарға қарамастан күресіп, Аллаһ жолында алға ұмтылып, кері қалып кетпеуі керек.

Көк пен жердің қазынасы Аллаһқа тән

Кәпірлердің істеген түрлі әрекеттеріне қарамастан Аллаһ мүминдерге жеңіс нәсіп етіп дінін үстем қылды. Өйткені бұл Хақ Тағаланың Расуліне және өзінің жолында ықыласпен, әрі шын көңілмен жүрген мүминдерге берген уәдесі еді. Сондықтан Аллаһтың дұшпандары қаламаса да бұл ақиқаттың іске асары сөзсіз еді. Сондай-ақ Құран Кәрімде былай айтылады:

هُمُ الَّذِينَ يَقُولُونَ لاَ تُنْفِقُوا عَلٰى مَنْ عِنْدَ رَسُولِ اللّٰهِ حَتّٰى يَنْفَضُّوا
وَلِلّٰهِ خَزَآئِنُ السَّمٰوَاتِ وَ الْاَرْضِ وَ لٰكِنَّ الْمُنَافِقِينَ لاٰ يَفْقَهُونَ

«Олар: «Аллаһ елшісінің қасындағыларға еш нәрсе берменңдер, тарап кетсін, - дейді. Ал жер мен көктің қазыналары Аллаһқа тән. Бірақ мунафиқтар мұны түсінбейді». (Мунафиқун сүресі 7-аят)

Шынында да кәпірлер ғасырлар бойы мұсылмандарды экономикалық тұрғыдан әлсіретуге әрекет жасаса да, жер мен көктің қазыналары Аллаһқа тән болғандықтан Хақ Тағала мүминдерге жақсылық жасап, материалдық және рухани әскерлерін жәрдемге жіберіп аз уақыттың ішінде оларды жеңіске жеткізіп, кәпірлерді болса жеңіліске ұшыратты.

Ислам тарихына көз жүгіртер болсақ мүминдердің Аллаһтың жәрдемінің арқасында өте аз күшпен үлкен жетістіктерге жеткенін көреміз. Бәдір, Мута, Әндулус, Малазгирт және бұлардан басқа да көптеген жеңістер бұл ақиқаттың айқын мысалы. Сондай-ақ бүкіл дүние жүзіне Аллаһтың дінін жайып, ауызына қаратқан айбынды Осман империясын 400 атты әскер құрған болатын.

Бұл да мұсылмандардың шынайы ықыластарының арқасында табысқа қол жеткізгендігінің бір айғағы. Яғни ықыласы болмаған адамның күш-қайраты да болмайды, ал ықыластының күш-қайраты тасып, ешкімге бой алдырмайды. Міне сондықтан Ислам дұшпандары не істесе де мұсылманға ешқандай зиян тигізе алмайды. Аллаһ Тағала бұл қамқорлығын аятта былай баяндайды:

وَ اِنْ تَصْبِرُوا وَ تَتَّقُوا لاَ يَضُرُّكُمْ كَيْدُهُمْ شَيْئًا
اِنَّ اللّٰهَ بِمَا يَعْمَلُونَ مُحِيطٌ

«...(Ей, мүминдер!) **Егер де сабыр сақтап, тақуалықты ұстансаңдар олардың құлығы мен айлалары сендерге ешқандай зиян тигізе алмайды. Күдіксіз Аллаһ олардың не істегендерін толық біледі».** (Әли Имран сүресі 120-аят)

Шынында да бақыт ғасыры мен Ислам тарихы осы аяттың сансыз мысалдарының куәсі.

Ғибадатсыз дінде қайыр жоқ

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мақсат еткен жеңістерін бітіріп Мәдинаға оралғанда Тайфтың көсемі Уруа бин Мәуд те ентігіп артынан жетіп мұсылман болған еді. Артынан Тайфқа қайтып тайпасын Исламға шақыра бастады. Бірақ кезінде өздеріне Исламды уағыздау үшін келген Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне тас боратқан бұл халық Уруаға одан да зорын көрсетті. Оған оқ жаудырып шейіт қылды.[324]

Осыдан соң Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылман болып өзіне бұрынғы қызметі қайта берілген Хауазын көсемі Мәликке (радиаллаһу анһу) Тайфты қыспаққа алуға бұйрық берді. Осы бұйрықтан кейін Мәлик жиі-жиі шабуыл жасаған соң қамалдарына тығылып, сыртқа шыға алмай қалған тайфтықтар әбден жалығып тайпаларының бетке тұтарларын Мәдинаға жіберді.[325]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сақифтен келген өкілдердің жүрегін жібіту үшін мешітте қонақ қылып күтті.[326] Елшілер түнде оқылған Құран Кәрімді, сахабалардың тәхажжуд намазында оқыған сүрелерін тыңдап, мұсылмандардың бес уақыт намазда сапқа тұрғандарын көрді.[327]

324. Ибн Хишам IV, 194; Хаким III, 713/6579.
325. Ибн Хишам IV, 138, 195.
326. Ахмед IV, 218.
327. Уақиди III, 965.

Сақиф өкілдері намаздан босатылатын болса иман келтіретіндіктерін айтты. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың бұл ұсынысын:

«Руку жоқ (намазсыз) дінде ешқандай қайыр жоқ», - деп, қабыл етпеді. (Әбу Дәуіт, Хараж 25-26/3026)

Осыдан соң тайфтықтар Лат атты пұттарының тағы да үш жыл орнында қалып, оған тиіспеуін сұрады. Мұны қабыл етпеген соң: «Ең болмаса бір ай тұра тұрсыншы», - деді. Бұл өтініштері де қабыл етілмеді. Соңында амалсыз иман келтірді. Сосын еш болмаса Лат пұтын құлатуға өздерінің араласпауын өтінді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Міндетті түрде сендер жығасыңдар», - деп қасарыспай, бұл істі орындауға Әбу Суфян мен Мұғираны жіберді.[328] Нендей күлкілі жайт, пұт қиратылған кезде Сақиф тайпасының әйелдері үйлерінен шығып жоқтау айтып жылады. Әйтседе Исламның ұлылығын, ондағы мінез-құлықты үйреніп барлығы шынайы мұсылман болып, пұттарының атын толығымен ұмытты.

Осылайша Мекке дәуірінің тоғызыншы жылында Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тайфтықтардан көрген зұлымдығына қарсы олардың һидаятқа түсулері үшін жасаған дұғасын Хақ Тағала қабыл алып, іске асқан еді.

Сақифтан келген кісілерге Исламның парыздары мен үкімдері үйретілді. Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рамазанның қалған күндерінде ораза ұстауларын бұйырды. Біләл Хабаши олардың сәресін және ифтардағы тамағын тасып беретін.[329]

328. Ибн Хишам IV, 197; Уақиди III, 967-968.
329. Уақиди III, 968.



Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне келген өкілдерге бос уақыттарында таң ертең, кешке барып олармен әңгімелесіп, мәселелерін егжей-тегжейлі талқылайтын.[330] Сақифтен келген өкілдермен де күнде құптан намазынан соң кездесетін. Бір ретінде Хазіреті Пайғамбарымыз аяқта тұрып ұзақ сөйлегендіктен аяғы талып, ара-арасында салмағын бір аяғына салып, келесі аяғын тынықтырып алатын.[331]

Сақиф өкілдерінің бірі Әус бин Хұзайфа былай дейді:

«Бір күні құптан намазынан соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біраз уақыт кешігіп келді.

– Уа, Расулұллаһ! Не себептен көп кешіктіңіз? - деп сұрады.

Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм):

– *Әр күні Құраннан бір хизб оқуды өзіме міндеттеген едім. Осыны орындап болмайынша келгім келмеді,* - деді.

Таң атқан соң сахабаларға:

– Сендер Құранды қалай хизбтарға бөліп оқисыңдар? - деп сұрадық.

Олар:

– Біз сүрелердің алғашқы үшеуін бір хизб, сосын келесі бес сүрені екінші хизб, қатармен одан кейінгі жеті, тоғыз, он бір, он үш сүрені қосып әрбірін бір хизб қыламыз. Ең ақырында Қаф сүресінен бастап соңына дейінгі муфассал сүрелерді қосып бір хизб қылып Құран Кәрімді (жетіге бөліп) оқимыз, - деді». (Ахмед IV, 9; ибн Мәжә, Салат 178)

---

330. Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:
«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандарға қатысты бір мәселе жайында Әбу Бәкірмен түннің бір уағына дейін сөйлескен еді. Мен де олармен бірге болатынмын». (Тирмизи, Салат 12/169)

331. Әбу Дәуіт, Шәһру Рамазан 9/1393.



Асхабы кирам Аллаһ Тағаланың бұйрығы болғандықтан және Расулұллаһтың (аләйһиссалату уәссәләм) аманаты болғандықтан Құран Кәрімге өте қатты көңіл бөлетін. Оны намаздарында ғана оқып қоймай, саяхатқа, ғазауатқа шыққанда, сұхбаттарда, түнгі намаздарда өте көп оқитын. Құраннан алған ләззатқа ешқашан тоймайтын. Құран оқымастан бірде-бір күндерін өткізбейтін.[332] Күндерін Құранмен бастап, көзі сырқаттанғандарды да Мусхаф Шәрифке (Құран кітап) карауға үгіттейтін. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) көп оқығандықтан екі Мусхафты тоздырған болатын.[333]

Сақиф өкілдерінің арасында Құран Кәрімге өте қатты құмар болған Осман бин Әбил Ас еді. Араларында ең жасы болғандықтан оны малдарға қаратып тастап кететін. Өкілдер оның қасына қайтып келіп, қайнап тұрған тал түсте ұйқыға кеткенде Осман (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымызға барып одан дін жайында сұрақтар сұрап, Құран Кәрім тыңдайтын, әрі үйренетін. Осылайша кейбір сүрелерді Аллаһ Расулінен үйреніп жаттады.

Бірге келген достарынан бұрын жасырын бәйат беріп мұсылман болған Осман (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолы бос болмаған кездерде Әбу Бәкірге немесе Убәй бин Кағбқа барып сұрайтынын сұрап, оқитынын оқитын. Ардақты Расулұллаһ оның осы әрекетін қатты ұнатып, оны жақсы көретін. Сақиф өкілдері елдеріне қайтатын кездерінде:

– Уа, Расулұллаһ! Арамыздан бірімізді имам етіп тағайында, - деді. Ол да жасы ең кіші болғанына қарамастан Османды (радиаллаһу анһу) оларға имам етіп тағайындады. (Ибн Хишам, IV, 185; ибн Сағд V, 508; Ахмед IV, 218)

332. Ибн Сағд III, 75-76.
333. Қаттани 197.

Тәбүктен оралғаннан кейін болған оқиғалар

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мысырлық Хазіреті Мариядан Ибраһим атты ұлы бар еді. Пайғамбарымыз Тәбүктен оралған соң Хазіреті Ибраһим науқастанып, аз уақыттан соң қайтыс болды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған қатты қайғырды. Үнсіз ғана мүбәрак көздерінен мөлтілдеп жас төгілді. Осы оқиғаға байланысты Пайғамбарымыз былай деді:

إِنَّ الْعَيْنَ تَدْمَعُ وَ الْقَلْبَ يَحْزَنُ وَ لاَ نَقُولُ إِلاَّ مَا يَرْضٰى
رَبُّنَا وَإِنَّا بِفِرَاقِكَ يَا إِبْرٰهِيمُ لَمَحْزُونُونَ

«Көз жылайды, жүрек сыздайды. Бірақ біз Раббымыздың риза болатын сөзінен басқа нәрселерді айтпаймыз. Ей, Ибраһим! Сенің бізден айырылғаныңа біз қатты қайғырамыз». (Бұхари, Жанайз 44; ибн Сағд I, 138)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір тас алдырып, оны қабірдің басына тікті. Осылайша Хазіреті Ибраһимнің қабіріне белгі қойылды. Қабірінің үстіне алғаш су себілген кісі де Ибраһим болды.[334]

Осы кезде күн тұтылды. Асхабтың кейбірі мұны жаһилият әдеті бойынша Хазіреті Ибраһимнің қайтыс болуына байланыстырды. Хазіреті пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күн тұтылған кезде екі рәкат намаз оқыды. Артынан сахабалардың бұл жорамалын құптамағанын білдіріп:

«Күн мен ай Аллаһтың аяттарынан екі аят. Бұлар ешкімнің өліміне, я болмаса туылуына байланысты

334. Ибн Сағд I, 144; ибн Абдулбәр I, 59.

тұтылмайды. Ай мен күннің тұтылғанын көргенде Аллаһты зікір етіңдер және намаз оқыңдар», - деді.[335] (Нәсаи, Кусуф 14)

Ережеп (рәжаб) айында Хабашстан Нәжәшиі қайтыс болды. Хабашстан өте ұзақ қашықтықта болғанына және арада теңіз болғанына қарамастан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Нәжәши қайтыс болған күні бұл хабарды дереу асхабына білдіріп:

– *Шалғай өлкеде қайтыс болған бауырларыңның жаназа намазын оқыңдар,* - деді.

Сахабалар:

– Уа, Расулұллаһ! Ол кім? - деп сұрағанда Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Нәжәши Асхама! Бүгін Аллаһтың ізгі құлы Асхама қайтыс болды. Бауырларың үшін Аллаһтан жарылқау сұраңдар,* - деп, ғайып жаназа намазын оқыды. (Муслим, Жанайз 62-68; Ахмед III, 319; IV, 7)

Кейін Нәжәшидің дәл Аллаһ Расулі айтқан күні қайтыс болғаны белгілі болды.

Шағбан айында Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак қызы әрі Хазіреті Османның (радиаллаһу анһу) аяулы жұбайы Үммү Гүлсім (радиаллаһу анһа) дүниеден өтіп, Раббысына қауышты.[336]

335. Қазіргі таңда кейбір аймақтарда ай мен күн тұтылған кезде намаз оқып дұға жасаудың орнына дабыл қағып, мылтық атады. Бұл бидғат пен ырымға сүйенген халық арасындағы сенім. Мұның Исламмен ешқандай байланысы жоқ. Сол сияқты байғыздың дауысын естігенде мұны жамандыққа жорып ойбайлап жылау да осы секілді қате сенімнен туындаған.

336. Ибн Сағд VIII, 38.

Тәбүк сапарынан екі айдай уақыт өткен соң, яғни Зілқағда айында мунафиқтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәйдің дәм-тұзы таусылып, фитнә мен бүлікке толы өмірінен қоштасты. Оның өлімінен кейін мунафиқтардың әрекеттері ақсап олардың көпшілігі тәубе қылып шынайы мұсылман болды.

Ол өлгеннен кейін ұлы Абдуллаһ әкесінің өсиеті бойынша Аллаһ Расуліне келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Абдуллаһ бин Убәй өлді. Көйлегіңді бер, мұнымен оны кебіндеймін. Оның жаназа намазын оқып және ол үшін жарылқау тіле, - деді. Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) үстіндегі көйлегін шешіп берді. Барлығы дайын болған соң намазын оқыды. Осыған байланысты мына аят түсті:

وَ لاَ تُصَلِّ عَلٰٓى اَحَدٍ مِنْهُمْ مَاتَ اَبَدًا وَ لاَ تَقُمْ عَلٰى قَبْرِهٖ
اِنَّهُمْ كَفَرُوا بِاللّٰهِ وَ رَسُولِهٖ وَ مَاتُوا وَ هُمْ فَاسِقُونَ

«Олардан өлгендердің (жаназа) **намазын еш уақытта оқыма, тіпті қабірінің басына да барма. Өйткені олар Аллаһ пен пайғамбарына қарсы келді** (күпірлік қылды) **де пасық күйінде өліп кетті».** (Тәубе сүресі 84-аят) (Бұхари, Жанайз 23; ибн Мәжә, Жанайз 31)

Әлемдердің Сұлтанына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) неге бұлай істегені сұралғанда былай жауап берді:

«Көйлегім мен оған оқыған намазым оны Аллаһтың азабынан құтқармайды. Бірақ мен осының арқасында оның қауымынан мың кісінің мұсылман болатындығына үміттімін».



Шынында да Абдуллаһ бин Убәйдің Аллаһ Расулінің көйлегінен және өзіне оқитын намазынан шипа әрі шапағат тілегенін көрген хазреждіктерден мың кісі мүшриктікті тастап мұсылман болды.[337]

Елшілер жылы

Мекке алынып, Хұнайн соғысы жеңіспен аяқталды. Тайф халқы да қоршаудан бір жыл өткен соң мұсылман болды. Осы кезде болған өте ауыр Тәбүк жорығы да нәтижелі аяқталды. Енді Арабстан түбегінде Исламға бөгет болатындай ешқандай кедергі қалмады.

Осылайша Исламның айбыны мен ұлылығын мойындауға мүмкіндік тапқан Арабстан тайпалары Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өкілдер жіберіп бағыныштылықтарын білдіре бастады. Йемен, Хадрамаут, Бахрейн, Амман, Сирия және Иран шекараларынан келген өкілдер мұсылман болуға, Ислам дініне кіргендіктерін білдіруге келді. Әрі Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздеріне Исламды үйрететін мұғалімдер мен ұстаздар беруін сұрады.

Жан-жақтан келген өкілдердің арасынан Исламды Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінен үйреніп, дереу елдеріне қайтып, халқына үйреткендер де болды. Оған мысал ретінде Бәни Тужибті айта аламыз. Олардан Аллаһ Расуліне өкіл ретінде он үш кісі келді. Өздерімен бірге зекеттерін де алып келген еді. Олардың бұл әрекеті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты ұнады. Өкілдерге:

337. Айни VIII, 54; Диярбақри II, 140-141.



– *Қош келдіңдер,* - деді. Біләл Хабашиға оларды жақсылап күтуді тапсырды. Бәни Тужиб өкілдері:

– Уа, Расулұллаһ! Мал-мүлкіміздегі Аллаһтың ақысын саған алып келдік, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Оларды қайтадан алып кетіп кедей-кепшіктеріңе таратыңдар,* - деді.

Өкілдер:

– Уа, Расулұллаһ! Біз саған кедей-кепшіктерден артылғанын алып келіп отырмыз, - деді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Араб өкілдерінің арасынан Тужибтен келген өкілдер сияқты кісілерді көрмедім, - деді.

Ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Һидаят Аллаһ Тағаланың қалауында. Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оның жүрегін Исламға ашады,* - деді.

Тужибтік өкілдер Пайғамбарымыздан Құранға және сүннетке байланысты бірнеше мәселелер сұрады. Сұраған нәрселерінің жауабы хатқа түсіріліп оларға берілді. Бұл әрекеттерін көрген соң Пайғамбар оларға қатты көңіл бөлді. Бірнеше күн болған соң өкілдер қайтуға әрекет жасады. Олардан:

– Неге асықтыңдар? - деп сұрағанда, олар:

– Артта қалған ел-жұртымызға барып Расулұллаһтан көріп, сұрап үйренген нәрселерімізді оларға түсіндіреміз, - деді. Ардақты Расулұллаһқа келіп онымен қоштасты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға Біләл



Хабашиді жіберді. Оларға сыйлықтарын беруді тапсырып, басқа өкілдерден де артық сый-сияпат көрсетуді ескертті. (Ибн Сағд I, 323; ибн Қайюм III, 650-651)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген өкілдердің Мәдинада біраз уақыт қалуларын қалады. Олардың Құран Кәрім мен діннің негіздерін үйренулеріне әрі бұларды тікелей өзінен үйреніп Исламды толық түсінулеріне жағдай жасады. Мысалы, Абдулқайс өкілдері келген кезде ансарлықтарға оларды қонақ қылып күтуді тапсырды. Мұнымен қатар қажетті діни мағлұматтарды үйретулерін және намазға қажетті сүрелерді жаттатқызуларын да әдейілеп ескертті. Таң ертең алдына келгенде қал-жағдайларын сұрап, ансарлықтардың көрсеткен қызметіне риза ма әлде риза емес пе сол жайлы сұрады. Олар риза болғандықтарын айтты. Сосын Аллаһ Расулі бұл өкілдердің дінді еркін үйренулері үшін сахабалардың үйіне бір кісіден, екі кісіден таратты. Асхабтың көрсеткен қызметіне және абдулқайстықтардың үйренуге деген құштарлақтарына қатты риза болған ардақты Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) олармен жеке-жеке кездесіп жаттаған Фатиханы, Әттахиятты, басқа да сүрелерін және үйренген сүннеттерін өзі тексерді.[338]

Осылайша Ислам күн өткен сайын бүкіл Арабстанға жайылды. Адамдар топ-топ болып келіп Исламға кіріп жатты. Мәдинаға күнде қонақтар келіп құж-құж қайнап жатты. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген қонақтарды жақсылап қарсы алып, оларға құрмет-қошемет көрсетіп, әрбірінің жағдайына, әдет-ғұрпына қарап сұхбат өткізіп, олардың тұрған өңірлері туралы мағлұмат алды. Олардың қойған талаптарын тыңдап, сұраған сұрақтарына

338. Ахмед III, 402.

жауап берді. Мәселелерін шешіп беріп, көңілдерін Ислам нұрымен нұрландырды.[339]

Енді бұрынғы зұлымдық пен қиыншылықтың орнына берекелі сыйлықтар келді. Аллаһ Тағала осы берген сыйына шүкір ету үшін Хазіреті Пайғамбарға және оның жолында түрлі зорлық-зомбылықтарға ұшыраған мүминдерге былай деді:

اِذَا جَآءَ نَصْرُ اللّٰهِ وَ الْفَتْحُ ﴿1﴾ وَ رَاَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِى دِينِ اللّٰهِ اَفْوَاجًا ﴿2﴾ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ اِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا ﴿3﴾

«Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келген кезде адамдардың топ-топ болып Аллаһтың дініне кіргенін көресің. Сол уақытта Раббыңды мадақтап, дәріпте. Әрі одан жарылқау тіле. Өйткені ол тәубелерді аса қабыл етуші». (Насыр сүресі 1-3-аят)

Хижреттің тоғызыншы жылында Исламның Арабстанда осылайша жылдам жайылуына және Мәдинаға дін үйрену үшін тайпалардан топ-топ болып елшілердің келуіне байланысты бұл жыл «елшілер жылы» деп аталды.

Қажылықтың парыз болуы

Хижреттің тоғызыншы жылына дейін қажылық Хазіреті Ибраһимнің (аләйһиссәләм) Ханиф діні бойынша орындалып келді. Бірақ бұған мүшриктердің көптеген жаңылыс әрекеттері де қосылып араласып кеткен еді. Осы жылы Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Әбу Бәкірді қажылыққа жетекші қылып, Ислам

339. Нәсаи, Умра 5.

қажылығын мұсылмандарға үйрету үшін үш жүз кісімен Меккеге аттандырды. Өзі болса қажылыққа оныншы жылы баратынын айтты. Құрбандық үшін мойындарына белгі байлаған жиырма түйені оларға беріп жіберді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қажылық керуенін бастап жолға шыққан кезде Тәубе сүресінің алғашқы аяттары түсті. Осы аяттар арқылы пұттардан тазартылған Бәйтуллаһтың енді мүшриктерден де тазартылуы әмір етілді. Өйткені сол уақытқа дейін мүшриктердің Қағбада ғибадат жасауларына тыйым салынбаған болатын. Бірақ, негізгі мақсатына қайта оралған Қағба Муаззамада мүшриктердің қол соғып, жалаңаш күйде өз құлшылықтарын жасауы таухидке сай келмейтін еді. Әрі халық арасында бүлік шығуына әсер ететін. Міне осы кезде түскен Тәубе сүресінің аяттары Қағбада істелген таухидке қайшы әрекеттерге тыйым салды. Аллаһ Тағала былай әмір берді:

بَرَآءَةٌ مِنَ اللّٰهِ وَ رَسُولِهٖ اِلَى الَّذِينَ عَاهَدْتُمْ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ﴿1﴾
فَسِيحُوا فِى الْاَرْضِ اَرْبَعَةَ اَشْهُرٍ وَ اعْلَمُوٓا اَنَّكُمْ غَيْرُ مُعْجِزِى اللّٰهِ
وَ اَنَّ اللّٰهَ مُخْزِى الْكَافِرِينَ ﴿2﴾ وَ اَذَانٌ مِنَ اللّٰهِ وَ رَسُولِهٖ اِلَى النَّاسِ
يَوْمَ الْحَجِّ الْاَكْبَرِ اَنَّ اللّٰهَ بَرِٓيءٌ مِنَ الْمُشْرِكِينَ وَ رَسُولُهُ فَاِنْ تُبْتُمْ فَهُوَ
خَيْرٌ لَكُمْ وَ اِنْ تَوَلَّيْتُمْ فَاعْلَمُوٓا اَنَّكُمْ غَيْرُ مُعْجِزِى اللّٰهِ وَ بَشِّرِ الَّذِينَ
كَفَرُوا بِعَذَابٍ اَلِيمٍ ﴿3﴾ اِلَّا الَّذِينَ عَاهَدْتُمْ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ثُمَّ لَمْ
يَنْقُصُوكُمْ شَيْئًا وَ لَمْ يُظَاهِرُوا عَلَيْكُمْ اَحَدًا فَأَتِمُّوٓا اِلَيْهِمْ عَهْدَهُمْ اِلَى
مُدَّتِهِمْ اِنَّ اللّٰهَ يُحِبُّ الْمُتَّقِينَ ﴿4﴾

«Бұл Аллаһтан және Расулінен сендер келіссөз жасасқан мүшриктерге ескерту! (Ей, мүшриктер!) **Жер жүзінде тағы төрт ай кезіңдер. Біліп қойыңдар, сендер Аллаһты әлсіз қалдыра алмайсыңдар. Аллаһ масқара қылып қорлайды. Бұл Аллаһ пен Расулінің ұлы қажылық күніндегі адамдарға жасаған хабарландыруы. Шын мәнінде Аллаһ және Расулі мүшриктерден аулақ. Егер тәубе қылсаңдар өздерің үшін жақсы. Ал егер бет бұрсаңдар біліп қойыңдар: сендер Аллаһты әлсіз қалдыра алмайсыңдар.** (Ей, Расулім!) **кәпірлерді күйзелтуші азаппен сүйіншіле. Бірақ сендер келісім жасасқан мүшриктер келісімге қайшы әрекет жасамаса және сендерге қарсы ешкімге жәрдем етпесе, онда олармен жасаған келісімді мерзіміне дейін толық бітіріңдер. Расында Аллаһ тақуаларды жақсы көреді».** (Тәубе сүресі 1-4 аяттар)

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوٓا اِنَّمَا الْمُشْرِكُونَ نَجَسٌ فَلَا يَقْرَبُوا الْمَسْجِدَ
الْحَرَامَ بَعْدَ عَامِهِمْ هٰذَا وَ اِنْ خِفْتُمْ عَيْلَةً فَسَوْفَ يُغْنِيكُمُ اللّٰهُ
مِنْ فَضْلِهٓ اِنْ شَآءَ اِنَّ اللّٰهَ عَلِيمٌ حَكِيمٌ

«Ей, иман келтіргендер! Шындығында мүшриктер нәжіс. Сондықтан осы жылдан кейін Мәсжид Харамға жоламасын. Егер кедейліктен қорқатын болсаңдар, Аллаһ қаласа өз кеңшілігімен сендерді байытады. Сөзсіз Аллаһ аса білуші, әрі өте дана». (Тәубе сүресі 28-аят)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы аяттарды жеткізу үшін Хазіреті Алиді (радиаллаһу анһу) Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) артынан Меккеге жіберді.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) айттың бірінші күні Ақаба Жәмрасының қасында (шайтанға тас ататын жер)

орнынан тұрып Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне тапсырған міндетін атқару үшін құтпа оқыды. Тәубе сүресінен белгілі аяттарды оқығаннан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тапсырған мына төрт нәрсені халыққа жариялады:

1. Жәннатқа тек мүминдер ғана кіре алады.

2. Қағба ешқашан жалаңаш күйде тауаф етілмейді.

3. Осы жылдан соң ешбір мүшрик Бәйтуллаһқа жақындай алмайды.

4.Тек Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғана келіссөз жасап, мұны бұзбаған мүшриктердің келіссөз шарттары келісілген уақыт біткенге дейін жарамды болады.

Осы жылдан соң ешқандай мүшрик қажылыққа келмеді және ешкім жалаңаш күйде Қағбаны тауаф қылмады.

Осы жылдан кейін серік қосудың кесірінен бақытсыздыққа ұшырағанына көздері жеткен соңғы мүшриктер де иман келтірді.

Осы жылдан соң Қағба Муаззама пұттардан тазартылғанындай, мүшриктерден де тазартылып, Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлкен қажылық жасауына дайын болды.[340]



340. Ибн Хишам IV, 201; Тирмизи, Хаж 44/871; Уақиди III, 1077.

ХИЖРЕТТІҢ ОНЫНШЫ ЖЫЛЫ

Ади бин Хатимның мұсылман болуы

Халық арасында жомарттығымен танылған Хатим Тай тайпасынан болатын және Адидің әкесі болатын. Ади қауымының ішіндегі ақсақалы, абыройлы, шешен, өте тапқыр, абзал және жомарт кісі еді. Хижреттің тоғызыншы жылында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Алиді Тай тайпасының пұты Фулсты құлату үшін жіберген кезде Ади Шамға қашып кеткен еді. Қарындасы Саффана болса тұтқындармен бірге Мәдинаға келген еді.

Адамзаттың Асыл Тәжі Пайғамбарымыз Саффананы босатып, киім-кешек, азық-түлік және көлік беріп қауымының сенімді кісілеріне қосып Шамға жіберді.

Ади бин Хатим былай түсіндіреді:

«Саффана өте ақылды әйел болатын. Одан:

– Мына адам жайында не дейсің? - деп сұрадым. Маған:

– Уаллаһи, сенің тез арада оған қосылуыңды жөн көремін. Егер ол шынымен де пайғамбар болса басқалардан бұрын оған мойынсұнуың сен үшін өте пайдалы әрі абырой болар еді. Егер жай ғана билеуші болса оның арқасында Йемендегі салтанатыңды қорғап қалып, бейшара күйге түспейсің. Енді өзің шешім бер, - деді.



– Уаллаһи, ең дұрысы осы. Мен ол адамға барамын. Егер ол бір алаяқ болатын болса, маған зияны тимес. Ал дұрыс адам болса айтқандарын тыңдап, оған мойынсұнамын, - дедім де Мәдинаға келдім. Пайғамбардың (аләйһиссалату уәссәләм) айналасында туған-туысқандары, әйел, бала-шағалары тұрғанын көргенімде оның Кисра мен Кайсер сияқты билеуші емес екенін түсіндім.

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менің қолымнан ұстап үйіне алып барды. Жолда кембағал, қарт бір әйел оны тоқтатып мұқтаждығын айтты. Ол ұзақ уақыт түрегеп тұрып әлгі әйелдің дертін тыңдап, мәселені шешті. Үйіне барғанымызда маған ішіне құрма үлпілдегі салынған көпшік ұсынып:

– *Мынаның үстіне отыр,* - деді.

Мен:

– Жоқ! Оған сен отыр, - дедім.

Расулұллаһ маған:

– *Жоқ, сен отырасың,* - деді.

Мен көпшікке отырдым, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса тақыр жерге отырды. Ішімнен:

«Ант етейін, бұл патшаның ісі емес», - дедім.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ади! Мұсылман бол, құтыласың,* - дегенде , мен:

– Менің дінім бар, - дедім.

– *Сенің дініңді сенен жақсы білемін,* - деді.

– Менің дінімді менен жақсы білесің бе? - дедім.

– Иә! Рақуси емессің бе?[341] *Халқыңның тапқан олжаларының төрттен бірін жейсің ғой?* - деп сұрады.

– Иә, солай, - дедім.

– Негізінде дінің бойынша бұл саған халал емес, - деді де басқа еш нәрсе айтпады. Расулұллаһ осы сөзді айтқанда ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Оған:

– Иә! Дәл солай,- дедім. Сол кезде оның Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбар екендігіне көзім жетті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені ұялтқан сөзді бұдан кейін қайталамады. Сөздерін ары қарай жалғастырып:

– Сенің Исламға кіруіңе кедергі болған нәрсені білемін. Сен: «Оған әлсіздер, арабтар көңіл бөлмейтін қарапайым адамдар еруде», - дейсің. Сен Хираны білесің бе? - деді.

– Көрмедім, бірақ естідім, - дедім.

– Жанымды ұстап тұрған құдіреті мол Аллаһқа ант етейін! Аллаһ бұл дінді тамамдайды. Тіпті бір әйел Хирадан жалғыз өзі шығып, Аллаһтың үйіне келіп тауаф қылады. Сосын Хурмуздың ұлы Кисраның қазыналары алынады - деді.

– Хурмуздың ұлы Кисраның ба? - деп сұрадым.

– Иә, Хурмуздың ұлы Кисраның, - деді. Артынша:

– Көп уақыт өтпей мал-мүлік өте көбейеді. Тіпті ешкім оған көңіл бөлмейді. Мал-мүліктің зекетін алатын адам табылмай қалады, - деді.

Мұсылман болғанымда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қуанды. Қатты қуанғанын жүзінен

341. Рақуси – Христиан мен Сабиліктің қосындысынан пайда болған сенім жүйесі.

байқадым. Ансардың бірінің үйіне қонақ болуымды қалады. Таңертең-кешке оның үйіне барып-келіп тұрдым. Әрбір намаздың уақытын асыға күтіп, қатты сағынатынмын».

Кейіннен барып осы оқиғаны айтып берген Ади (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Уаллаһи бір әйелдің түйеге мініп Хирадан қорықпай жолға шығып, мына Бәйтуллаһқа қажылық жасағанын көрдім және де, ант етейін Кисраның қазыналарын қолға түсіргендердің арасында мен де бар едім. Аллаһқа ант етейін, үшіншісі де сөзсіз орындалады. Өйткені оны Расулұллаһ айтты». (Бұхари, Манақиб 25; Ахмед IV, 257, 377-379; ибн Хишам IV, 246, ибн Кәсир, әл-Бидая V, 62)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан үшінші нәрсесі де орындалды. Халифа Омар бин Абдулазиз зекет қызметкерлерін Африка елдеріне жіберген еді. Қызметкерлер мал-мүлікті таратпастан қайта алып келді. Өйткені зекет алатын ешкім таба алмаған болатын. Осыған байланысты ол бұл ақшаларға көптеген құл азат етті.[342]

Пайғамбардың алғашқы және соңғы қажылығы

Қоштасу қажылығы

Қажылық парыз болғаннан кейін Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) орындаған алғашқы және соңғы қажылығы – Уәдә (қоштасу) қажылығы болды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы қажылықта мұсылмандармен қоштасқандықтан адамдар «Бұл қоштасу қажылығы» деген болатын. Сондықтан осы атпен әйгілі

342. Бути 434 бет.

болды.[343] Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса бұл қажылықты «Хажжатул Ислам» (Ислам қажылығы) деп атайтын.[344]

Арабстан түгелімен мұсылман болып, Исламның ұлылығы мен үстемдігі барынша артты хижреттің оныншы жылына тура келген бұл қажылыққа барлық мұсылмандарды Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі шақырды.

Аллаһқа және Расуліне шын ғашық болған мүминдер бұл шақыруға тегіс құлақ асты. Бұл хабар Мәдинаның сыртына тарағанда адамдар жан-жақтан ағылып келді. Жолда оларға қосылғандардың есебі жоқ еді. Төңірекке көз жететін жерге дейін қалың халық жиналды. Жан-жақтан Хазіреті Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге қажылық жасау үшін келген мүминдердің саны жүз жиырма мыңға жеткен еді. Барлығы бір тұтас болып түсіндіруге тіл жетпестей өте тамаша бір көрініс туындады.

Ардақты да асыл Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиналғандарға қажылық және ихрам жайында қысқаша мағлұмат бергеннен кейін жолға шықты. Әлемдердің Сұлтаны қажылықта құрбан шалу үшін өзімен бірге жүз шақты түйе алып барды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолда мұсылмандарға тек қажылық жайында айтты. Оқыған құтпасында ихрам мен қажылықтың уәжібтерін және сүннеттерін түсіндірді. Зулхулайфаға келген кезде Ақиқ ойпатында мұсылмандарға былай деді:

«Бүгін түнде Раббымнан маған Жәбрейіл келіп: «Бұл мүбәрак ойпатта намаз оқы әрі қажылыққа және умраға ниет еттім де» - деп айтты». (Бұхари, Хаж 16)

343. Бұхари, Хаж 132.
344. Хайсәми III, 237.

Ол жерде екі рәкағат ихрам намазын оқыды. Аллаһқа мақтау және мадақ айтып дәріптеп тәкбір айтқаннан кейін:

اَللّٰهُمَّ حِجَّةٌ لاَ رِيَاءَ فِيهَا وَ لاَ سُمْعَةَ

«Аллаһым! Бұл қажылықты мақтаныш пен риядан (көзбояушылықтан) аулақ, қабыл етілген қажылық қыл» - деп дұға жасады. (Ибн Мәжә, Мәнәсик 4)

Зұлхұлайфада ихрамға кіріп:

لَبَّيْكَ، اَللّٰهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ، اِنَّ الْحَمْدَ
وَ النِّعْمَةَ لَكَ وَ الْمُلْكَ لاَ شَرِيكَ لَكَ

«Ләббәйкә Аллаһумма ләббәйк! Ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк! Иннал хамда, уанниғмәтә, ләкә уәл мулк! Лә шәрикә ләк! **-** деп тәлбия айта бастады. (Бұхари, Хаж 26)

Артынан былай деді:

«Кімде-кім қажылыққа және умраға ниет еткісі келгенде осылай істесін».

Аллаһ Расулі ихрамға кіріп тәлбия айтуды бастағаннан кейін, Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келіп былай дегенін айтты:

«Ей, Мұхаммед! Асхабыңа тәлбия айтқанда дауыстарын көтеріп айтуға бұйрық бер. Өйткені бұл қажылықтың белгілерінен». (Ибн Мәжә, Мәнәсик 16)

Айтылған тәлбияның дауысынан жер мен көк күңіреніп, барлық жер рахатқа бөленді.

Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) тоқтаған жерлерінде мұсылмандарға имам болып намаз оқыды.

Кейіннен махаббат пен сүйіспеншіліктің белгісі ретінде ардақты Пайғамбарымыз намаз оқыған жерлерде мешіттер салынды.[345]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәйтуллаһты көргенде қолын жайып:

«Уа, Аллаһым! Бұл үйіңнің қадір-қасиетін, абырой-даңқын және құрметін арттыр. Оған қажылық және умра үшін тағзым жасағандардың да қадір-қасиетін, абырой-даңқын, құрметін, құлшылығын және жақсылығын арттыр», - деп дұға жасады. (Ибн Сағд II, 173)

Ридасының (ихрамның белден жоғарғы жақты жабатын бөлігі) бір ұшын оң қолының астынан алып, сол иығына асты. Оң қол ашық күйде Мәсжид Харамға кіріп, Хажарул Әсуәдтің тұсына барып оған сәлем берді. Осы кезде көздеріне жас алды. Хажарул Әсуәдті сүйді. Екі қолын оның үстіне қойып, сосын бетін сипады.

اَللّٰهُمَّ اِيمَانًا بِكَ وَ تَصْدِيقًا بِكِتَابِكَ وَ اتِّبَاعًا سُنَّةَ نَبِيِّكَ

«Аллаһым! Саған иман келтіріп, кітабыңды растап және пайғамбарыңның сүннетіне мойынсұна отырып (бастаймын)», - деп тауаф етуді Хажарул Әсуәд тұрған бұрыштан бастады. (Хайсәми III, 240)

Тауафтың алғашқы үш айналымында адымдарын қысқа басып, иықтарын сілкіп жылдам, әрі паңданып жүрді. Рукн Яманидің және Хажар Әсуәдтің тұсына келгенде:

رَبَّنَآ اٰتِنَا فِى الدُّنْيَا حَسَنَةً وَ فِى الْاٰخِرَةِ حَسَنَةً وَ قِنَا عَذَابَ النَّارِ

345. Ибн Сағд II, 173.

«...Уа, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер. Бізді тозақ отынан сақтай көр» (Бақара сүресі 201-аят) деген аятты оқыды. Ардақты Пайғамбарымыз тауафтың осы бөлімін бітіргенде Хажарул Әсуәдті сүйіп, қолдарын оның үстіне қойып, сосын бетін сипады. Осыдан соң адамдардың арасынан әрең өтіп Мақаму Ибраһимге барды. Мақаму Ибраһимді өзі мен Бәйтуллаһтың арасына алып екі рәкағат намаз оқыды. Артынан қайтадан Хажарул Әсуәдқа қарап сәлем берді де Хазіреті Омарға былай деді:

«Ей, Омар! Сен күш-қуатың бар қарулы адамсың. Хажарул Әсуәдқа жету үшін адамдарды итеріп әлсіздерге жәбір көрсетпе, өзің қиналма, әрі ешкімді қинама. Адамдар саябырланса Хажарул Әсуәдқа қолыңды қой және сүй, ал олай болмаса ұзақтан «қолыңды тигізіп сүйгендей» ишарат жаса. Кәлима таухид пен тәкбір айтып өтіп кет».[346] (Хайсәми III, 241; Ахмед I, 28)

Осыдан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаның Бәни Махзун есігінен шығып Сафа төбесіне қарай барды. Ол жерге жақындағанда:

---

346. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) бір кісіні де ренжітпеу үшін ұзақтан истилам (қол тигізіп сүю) жасаған. Қазіргі таңда қажылыққа барған мұсылмандар да бұл мәселеге қатты көңіл бөлулері керек. Қажылықта алған сауап мүминдерді ренжіту арқылы босқа жойылып кетпеуі керек. Расулуллаһтың (саллаһу аләйһи уәсәлләм) өсиеті бойынша Қағбаға немесе Хажарул Әсуәдқа жақындау үшін басқа адамдарды итеріп, ығыстырып оларға жәбір беру сияқты әрекеттерден міндетті түрде аулақ болу керек.
Бір ретінде Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Хажарул Әсуәдқа барып оны сүйді де:
«Сен жай ғана бір тассың. Ешқандай пайдаң да, зияның да жоқ. Егер Расулуллаһтың (саллаһу аләйһи уәсәлләм) сені сүйгенін көрмегенімде, мен де сені сүймейтін едім», - деді. (Бұхари, Хаж 50; Муслим, Хаж 251)
Асхабтың осындай әрекеті бір істің хикметі білінбесе де Аллаһ Расулін үлгі алып, оның сүннетін орындаудың керекті екенін білдірген.

اِنَّ الصَّفَا وَ الْمَرْوَةَ مِنْ شَعَآئِرِ اللهِ

«Күдіксіз Сафа мен Мәруа Аллаһтың белгілерінен...» (Бақара сүресі 158-аят) деген аятты оқыды да:

«Аллаһтың аятта алғаш баян еткенінен бастаймын», - деп сағиды (жылдам жүру) Сафадан бастау үшін сол жаққа қарай бет алды. Бәйтуллаһты көргенде оған қарап тұрып үш рет былай тахлил-тәкбір айтты:

لاَ اِلٰهَ الاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ يُحْيِ
وَ يُمِيتُ وَهُوَ عَلٰى كُلِّ شَىْءٍ قَدِيرٌ لاَ اِلٰهَ الاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ
اَنْجَزَ وَعْدَهُ وَ نَصَرَ عَبْدَهُ وَ هَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ

«Жалғыз Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Оның серігі де ортағы да жоқ. Барлық мүлік Оныкі, мадақ Оған тән. Тірілтеді, өлтіреді. Оның барлық нәрсеге толық күші жетеді. Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Аллаһ берген уәдесін орындады, құлына жәрдем етті. Дұшпандық үшін бас қосқан барлық топты жалғыз Өзі күйретті». (Ибн Мәжә, Мәнәсик 84)

Содан соң Сафадан Мәруа төбесіне қарай жүрді. Екеуінің ортасына келгенде біраз жылдам жүріп, сосын қайтадан қалыпты жүрісімен жүрді. Осы кезде:

رَبِّ اغْفِرْ وَارْحَمْ وَ اَنْتَ الْاَعَزُّ الْاَكْرَمُ

«Уа, Раббым! Мені бағышта, әрі мейіріміңе бөлей көр. Сен өте ұлы, аса құдіреттісің», - деп дұға жасады. (Хайсәми III, 248)

Ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәруа төбесіне барып, ол жерде де Сафада істегендерін істеді. Сафа мен Мәруаның арасында жеті рет барып-келіп сағиды Мәруада бітірді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеде төрт күн болды. Бесінші күні (Тәурия күні) Бәйтуллаһты тауаф қылғаннан кейін түйесіне мініп Минаға барды. Ол жерде бесін, екінті, ақшам, құптан және таң намаздарын оқыды. Күн шыққанға дейін сол жерде күтті. Зилхижжаның тоғызыншы күні таң ертең Арафатқа қарай бет алды. Минадан Арафатқа барғанша тәлбия айтып барды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылайша үмбетіне қалай қажылық жасау керектігін өзі көрсетіп, барлық міндетін атқарғаннан кейін Арафатта, бүгінгі Намира мешітінің орнында түйесінің үстінде атақты «Уәдә құтпасын» оқыды:

«Уа, халайық!

Сөзімді мұқият тыңдаңыздар. Білмеймін бәлкім биылдан соң сендермен бұл жерде тағы да кездесе алмаспын.

Ей, адамдар!

Бұл күндерің қалай қасиетті болса, бұл айларың қалай қасиетті болса, мына қала (Мекке) қалай қасиетті болса жандарың, малдарың, намыстарың да сондай қасиетті. Бұларды барлық зорлық-зомбылықтан қорғау керек.

Асхабым!

Ертең Раббыларыңа қауышасыңдар және бүгін істеген әрбір іс-әрекеттеріңнен міндетті түрде сұраласыңдар. Менен кейін бұрынғы адасқан жолдарыңа бет бұрып, бір-біріңді өлтірмеңдер. Естеріңде болсын, мен сендерден бұрын

хауыздың басында сендерді күтіп тұрамын. Сендердің басқа үмбеттерден көп екендіктеріңді көріп қуанамын. Байқаңдар (күнә істеп) мені ұялтпаңдар.

Асхабым!

Кімде басқаның аманаты болса оны иесіне берсін. Өсімнің барлық түрі жойылды, аяғымның астында жанышталды. Бірақ негізгі борыштарыңды өтеңдер. Зұлымдық жасамаңдар, зұлымдыққа да ұшырай көрмеңдер. Аллаһтың әмірі бойынша өсімге тыйым салынды. Жаһилият сарқыншағы болып табылатын бұл жаман әдеттердің барлығы аяғымның астында. Ең алғаш жойылған өсім Абдулмутталибтың ұлы Аббастың өсімі.

Асхабым!

Жаһилият дәуіріндегі қан даулары да түп-тамырымен жойылды. Жойылған ең алғашқы қан дауы (атам) Абдулмутталибтың немересі Рабианың қан дауы.

Әй, Адамдар!

Бүгін шайтан сендердің жерлеріңе қайта билік жүргізетін күшінен мәңгілік айырылды. Бірақ сендер мен жойған нәрселердің тысындағы маңызсыз болып көрінген істерде оған ерсеңдер, осының өзі оны қуантады. Діндеріңді қорғау үшін бұлардан да аулақ болыңдар.

Уа, Халайық!

Әйелдердің құқықтарына құрмет көрсетіңдер. Оларға мейіріммен, сүйіспеншілікпен қараңдар. Олар жайында Аллаһтан қорқыңдар. Сендер әйелдеріңді Аллаһтың аманаты ретінде алдыңдар. Олардың ар-намысын Аллаһ атына сөз беріп өздеріңе халал қылдыңдар. Сендердің әйелдеріңнің алдында, әйелдеріңнің де сендердің алдарыңда құқықтары



бар. Сендердің әйелдеріңнің алдындағы құқықтарың – олардың жанұя абыройын ешкімге таптатпау. Әйелдеріңнің де сендердің алдарыңдағы құқықтары - халал жолмен барлық ішіп-жеу мен киім-кешектерін қамтамасыз етулерің. Әйелдің күйеуінің рұқсатынсыз оның мал-мүлкінен басқа біреуге беруі халал емес.

Құлдарыңа келер болсақ, оларға жегендеріңнен жегізіп, кигендеріңнен кигізуге мұқият көңіл бөліңдер. Кешірілмейтіндей қателік жасап, оларды кешіргілерің келмесе сатып жіберіңдер. Бірақ оларға әсте жәбір көрсетпеңдер. Өйткені олар да Аллаһтың құлы.

Ей, мүминдер!

Сөзімді мұқият тыңдап ұғып алыңдар. Мұсылман мұсылманның бауыры, осылайша барлық мұсылман бір-біріне бауыр. Дін бауырларыңның құқығына қол сұғу халал емес. Егер өз ризашылығымен берсе, ол бөлек.

Әділетсіздік жасамаңдар. Әділетсіздікке де бас имеңдер. Халықтың құқығына қол сұқпаңдар.

Асхабым!

Өздеріңе зұлымдық жасамаңдар. Өздеріңнің де өз алдарыңда құқықтарың бар.

Ей, адамдар!

Әрбір қылмыскер өз қылмысынан жауапты. Қылмыскердің істеген қылмысының жазасын ұрпағы тартпайды. Балаларының да қылмысынан әкелері жауапты емес.



Уа, халайық!

Хақ Тағала барлық құқығы барларға құқығын (Құранда) берген. Олай болса мұрагерлерге өсиет етудің қажеті жоқ.[347] *Бала кімнің төсегінде туылса сонікі. Зина жасағандар жазаланады. Тегінің өз әкесінен емес басқа біреуден екенін айтқан адам мен қожайынын тастап басқа біреуге кеткісі келген құл*[348] *Аллаһтың азабына, періштелер мен барлық мұсылмандардың лағынетіне ұшырайды. Хақ Тағала мұндай адамдардың тәубесін де, әділдігі мен куәлігін де қабыл етпейді.*

Ей, адамдар!

Раббыларың біреу, әкелерің де біреу. Барлығың Адамның балаларысыңдар, ал Адам топырақтан жаратылған. Аллаһ алдында ең ардақтыларың – өте тақуа болғандарың. Арабтың араб еместен (тақуалықтан басқа) ешқандай айырмашылығы жоқ.

Ей, адамдар!

Заман Аллаһтың көктер мен жерді жаратқан күнгі қалпына қайта келеді. Бір жыл – он екі айдан тұрады. Бұлардың төртеуі харам айлары. Бұлардың үшеуі бірінен соң бірі келетін Зілқағда, Зілхижжа және Мұхаррам, төртіншісі болса (Жамазиалахир мен Шағбан айларының арасындағы) Рәжәб айы. Бұл жылы харам айлары бұрынғы қалпына келді. Қажылық мезгілі зилхижжаның оныншы күніне тура келеді.

347. Өсиет ету мирас аяты түспей тұрып парыз болатын. Аят түскен соң барлық құқықтар белгіленгендіктен өсиет ету парыз болмай қалды. Егер кісі қаласа мал-мүлкінің үштен бір бөлігін өсиет ете алады.
348. Құлдыққа байланысты мағлұмат алу үшін 96-101 беттерге қараңыз.



Ей, мұминдер!

Сендерге бір аманат қалдырамын. Оған мықтылап жабыссаңдар еш уақытта адаспайсыңдар. Ол аманат Аллаһтың кітабы – Құран.

Ей, адамдар!

Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Бес уақыт намаздарыңды оқыңдар. Рамазан оразасын тұтыңдар, әрі әмірлеріме мойынсұныңдар. (Осылай істегенде ғана) Раббыларыңның жәннатына кіресіңдер.

Ей, адамдар!

Астамшылық жасаудан сақтаныңдар. Бұрынғылардың жойылып кетуінің себебі, дінде шектен шығулары болатын. Қажылық амалдарын менен үйреніңдер. Білмеймін бәлкім бір жылдан соң сендермен бұл жерде кездесе алмайтын шығармын. Бұл жердегілер осы насихатымды осында келмегендерге жеткізсін. Бәлкім айтқан адамдарың осы жерде тұрып естіген кісіден де жақсы түсініп жадында сақтар».

Осыларды айтқаннан соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүз мыңнан астам сахабаларынан былай деп сұрады:

– Ей, адамдар! Ертең мені сендерден сұрайды. Сонда не дейсіңдер?

Ондағы ардақты сахабалар тегіс:

– Аллаһтың елшілігін орындадың, міндетіңді атқардың. Бізге үгіт-насихат пен өсиетіңді айттың, деп куә боламыз, - деді.

Осы куәліктен кейін Пайғамбарымыз дінді жеткізгендігі жайында:

– Асхабым! Жеткіздім бе?.. Жеткіздім бе?.. Жеткіздім бе?... - деп, үш рет сұрап жауаптарын қуаттады. Содан соң қолын көкке көтеріп Хақ Тағаланың куә болуын сұрады:

«Уа, Раббым, куә бол!.. Уа, Раббым, куә бол!.. Уа, Раббым куә бол!..» (Муслим, Хаж 147; Әбу Дәуіт, Мәнәсик 56; ибн Мәжә, Мәнәсик 76, 84; Ахмед V, 30; ибн Хишам IV, 275; Хамидуллаһ, әл-Уасайқ 360 бет)

Уәдә құтпасы адамзаттың өзара қарым-қатынасын реттеу, діннің есебін беру әрі қорытынды ретінде «адамзат құқығының декларациясы» болады. 1789 жылғы ұлы Франция төңкерісінің негізгі идеяларын дайындағандардың бірі филисоф Лафает әйгілі «адамзат құқықтарының декларациясы» жарияланбай тұрып барлық құқық жүйелерін зерттейді. Зерттеп жүріп Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Уәдә құтпасында баяндалған бүкіл әлемге жарық шашарлық әділет пен адамгершілік негіздерін көргенде:

«Ей, Ұлы Мұхаммед! Әділдіктің шыңына жеткен екенсің. Бүгінге дейін ешкім ол дәрежеге жете алмаған, әрі бұдан кейін де жете алмайды», - деген.[349]

Пайғамбарымыз бұл құтпасында адамдардың білуі керек болған әрі білмеген жағдайда кешірілмейтін үкімдерді баяндаған болатын. Ол жерге жиылған халықтың көмегімен бұл үкімдердің бүкіл адамзатқа жариялануын іске асырған.

Уәдә құтпасынан кейін Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) азан шақырды. Пайғамбарымыз екі намазды біріктіріп, алдымен бесін намазының парызын, артынан қайтадан қамат айтқызып екінті намазының парызын оқыды. Намаздан кейін түйесі Қасуаға мініп Жәбәлур Рахманың түбіндегі уақфа орнына барды. Қасуаның кеудесін жартастарға

349. Камил Мирас, Тәжриду Сарих Тәржәмасы IX, 289.

қаратып Құбылаға бұрылды. Күн батып қызыл шапақ тарқағанға дейін уақфада тұрды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уақфада тұрған кезінде бір қолымен түйесінің бұйдасын ұстап, екінші қолын жайып, өзінің құл (пенде) екендігін және ішкі шынайы сезімін білдіретін ұзақ дұға жасады. Бұл дұғаның бір бөлімі мынадай:

«Ей, Аллаһым! Саған өзіңнің әмір еткеніңдей және біздің айтқанымыздан да артық түрде мақтаулар болсын. Ей, Аллаһым! Менің намазым, құлшылығым, өмірім және өлімім сен үшін. Әрі саған қайтамын.

Аллаһым! Қабір азабынан, жүректің азғыруынан, берекесіз істерден саған сыйынамын. Аллаһым! Дауыл апатының жамандығынан саған сыйынамын.

Ей, Аллаһым! Көзіме, құлағыма, жүрегіме нұр бере көр. Аллаһым! Көңілімді кеңейт. Ісімді жеңілдет. Аллаһым! Саулықтың науқасқа айналуынан, аяқ астынан келетін азабыңнан және барлық қаһарыңнан саған сыйынамын. Аллаһым! Мені тура жолыңа сала көр. Өткенімді, болашағымды жарылқа.

Ей, дәрежелерді өсірген, береке берген, көктер мен жерді жаратқан Аллаһым! Дауыстар әр түрлі тілдермен саған көтеріледі,Сенен тілек тілейді. Дүние халқы мені ұмытатын сынақ күнінде, Сен мені есіңе алуыңды сұраймын.

Аллаһым! Сен мені естіп, тұрған жерімді көріп тұрасың. Ашық-жасырын барлық нәрсемді білесің. Істегендерімнің еш бірі Саған жасырын емес. Мен бейшарамын, амалсызбын. Сенен жәрдем және тыныштық сұраймын. Сенен қорқамын, қателіктерімді мойындаймын. Шарасыз кісі Сенен қалай сұраса, мен де солай сұраймын. Бейшар күнәхар Саған қалай

жалбарынса, мен де солай жалбарынамын. Сенің құзырыңда бас иген, Сен үшін көзінен жас төккен, Сенің жолыңда барлық нәрсесін пида еткен құлың Саған қалай дұға жасаса, мен де солай дұға жасаймын. Уа, Раббым! Менің дұғамды қабыл ал, кері қайтарма. Ей, тілек тіленетіндердің ең қайырлысы және берушілердің ең жомарты маған мейірімді және рахымды бол». (Ибн Кәсир, әл-Бидая V, 166-168; Хайсәми III, 252; ибн Қайюм II, 237)

Сәләфус Салихинның (сахабалар, табиғиндер және әтбаут-табиғиндер) Арафатта жасаған дұғаларының бір бөлімі де мынадай еді:

«Тәңірім! Саған кім өзін мақтай алады? Тәңірім! Күнәлардан тілім байланды. Мені кешіруге тұрарлық ешқандай жақсы амалым жоқ және үміттен басқа ешқандай шапағатшым жоқ. Аллаһым! Қателіктерімнің себебінен Сенің құзырыңда ешқандай қадірім жоқ екенін және Сенен кешірім сұрауға бетім жоқ екенін жақсы білемін. Бірақ Сен кешірімділердің ең кешірімдісісің. Аллаһым! Мен Сенің кешіріміңе лайық болмасам да Сен мені кешіре аласың. Өйткені Сенің мейірімің барлық нәрсені қамтиды және рақымың өте кең. Тәңірім! Менің қателігім қаншалықты көп болса да, Сенің мейірімділігіңнің қасында түкке тұрмайды. Сен менің кемшіліктерімді кешіре гөр, уа, аса кешірімді Аллаһым!

Раббым! Сен тек мойысұнған құлдарыңды кешірер болсаң, күнәхарлар кімге барып сыйынады? Раббым! Сен тек қана тақуа құлдарыңа мейірімділік жасайтын болсаң, күнәхарлар кімнен жәрдем сұрайды?

Мен Саған барлық уақытта мұқтажбын. Сен маған әсте мұқтаж емессің. Сен жаратушым ретінде мені кешір. Мені мына тұрған жерімнен барлық мұқтаждықтарым мен талаптарым орындалған күйде қайтар.

Уа, тілеушілердің қалауларын беруші Аллаһым! Уа, жасырғандардың ішінен не ойлағандарын білетін Аллаһым! Уа, өзінен басқадан жәрдем күтілмейтін және өзінен басқа Раб болмаған Аллаһым! Уа, өзінен басқа қорқуға лайықты жаратушы болмаған Аллаһым! Уа, тілектер көбейгенде жомарттығы артатын, мұқтаждықтар көбейгенде жақсылығы артатын Аллаһым! Уа, Аллаһым! Сен барлық қонақты қарсы аласың. Біз де Сенің қонағыңбыз. Бізді жәннатыңда қарсы ал.

Уа, Аллаһым! Барлық жолаушыға сыйлық, барлық сұраушыға қажеті беріледі, барлық зияратшыға да құрмет көрсетіледі. Сауаптан үміт еткен әрбір адамға сауап беріледі. Біз барлығымыз Сенің Бәйтул Харамыңа келдік. Тұрылуы керек жерлерде, яғни уақфада тұрдық. Мына қасиетті жерлерде болдық. Үмітіміз Сенің сауабың мен сыйыңа бөлену. Үмітімізді босқа шығарма Аллаһым!» (Ғазали, Ихя I, 337-338; Бәйхақи, Шуабул Иман II, 25-26)

Ардақты Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Арафатта тұрған кезінде қасына Нәжд халқынан бірнеше кісі келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Қажылық не нәрсе, әрі қалай аяқталады? - деп сұрады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Қажылық – Арафат. Кімде-кім Муздалифа түнінде таң намазынан бұрын Арафатқа келетін болса, онда ол қажылыққа үлгерген болады. Минадағы күндер үшеу. Асығыстықпен ол жерде екі күн болған кісіге күнә жоқ. Кешіккен кісіге де күнә жоқ,-деп жауап берді. (Ибн Мәжә, Мәнәсик 57)

Бүгін діндеріңді толықтырдым

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уақфада тұрып, күн батқан кезде түскен мына аятпен діннің толықтырылып, тамамдалғанын жариялады:

الْيَوْمَ يَئِسَ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ دِينِكُمْ فَلاَ تَخْشَوْهُمْ وَاخْشَوْنِ
الْيَوْمَ اَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَ اَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِى
وَ رَضِيتُ لَكُمُ الْاِسْلاَمَ دِينًا

«...Бүгін кәпірлер сендердің діндеріңнен (оны жоюдан) **үміттерін үзді. Енді олардан қорықпаңдар. Менен қорқыңдар. Бүгін сендердің діндеріңді толықтырдым, әрі сендерге деген нығметімді тамамдадым және сендерге дін ретінде Исламды қалап ұнаттым...»** (Мәида сүресі 3-аят) (Тирмизи, Тәфсир 5/3043)

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) осы аятты есті сала асқан көрегендігімен барлық мәселені түсінді. «Тамамдалған нығметтің» мағынасының астарын аңғарды. «Діннің толықтырылуынан» кейін болатын жағдайды сезе бастады.

Түсіне білгендер үшін бұл аят Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден өтетіндігін хабарлау болатын. Аллаһ (җәллә җәләлуһу) жақын арада Әлемдердің Сұлтаны болған сүйіктісін мәңгілік өмірге шақыратын. Сонда Әбу Бәкірдің көзі жасқа толды. Ол әлі ешкім аңғармай тұрып Расулұллаһтан айырылатынын жүрегімен сезіп, қайғырып үнсіз жылай бастады.[350]

350. Элмалылы III, 1569.



Жиырма үш жылда келген қасиетті аманат, қияметке дейін келетін барлық үмметке рақым ретінде аманат етіп тапсырылған еді.

Күн толық батқаннан соң Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) арқасына Усама бин Зәйдті (радиаллаһу анһу) мінгестіріп Арафаттан Муздалифаға қарай әрекет етті. Ол жерде құптан уақытында бір азан, екі қаматты біріктіріп, алдымен ақшам намазын, артынан құптан намазын оқыды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таң атқанға дейін Муздалифада болды. Күн әбден ағарғанға дейін Муздалифадағы уақфадан кетпеді. Бұл кезде тәлбия айтып, дұға оқып тұрды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Минада ататын тастарын Муздалифадан жинады. Күн шықпай тұрып Муздалифадан әрекет етті. Асхабына Жәмрада[351] лақтыратын тастарын дайындап алуларын айтты. Мұнымен қоса кішкене тастарды бармақтарымен ұстап лақтыру керек екенін айтып, өзі лақтырып көрсетті.

Қарғысқа ұшыраған жер

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Уәдә қажылығында Мина мен Муздалифа арасындағы Батн Мухассир деген жерден жылдам өтіп кетті. Сахабалар аң-таң болып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Не болды, жылдам жүрдіңіз ғой? - деп сұрады.

351. Жәмра – шоқ, кішкене қиыршық тастар деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде болса қажылықта тас лақтыратын жер деген мағынада тұр. Бұл да үлкен жәмра, орта жәмра және кіші жәмрада белгілі сандағы қиыршық тастарды белгілі уақытта, белгілі жерде лақтыру дегенді білдіреді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Хақ Тағала Әбәбил құстарын жіберіп осы жерде Әбраханың пілдермен келген әскерлерін жермен жексен қылған еді. Сол қарғыстың кесірі тиіп кетпесін деп жылдам жүрдім...» - деді. (Нәуәуи, Шарху Муслим XVIII, 111; ибн Қайюм II, 255-256)

Сондықтан қажылықта осы жерде уақфаға тұрылмайды.

Рақымшылық пен қарғыстың әсері кейде жансыз заттарға да тиеді. Сондықтан рақымдылық жауған жерлерде, яғни Қағбада, мешіттерде, ізгі кісілердің мәжілістерінде көптеп болу керек. Керісінше күнә жасалып, жамандық істеліп қарғысқа ұшыраған жерлерден қашу керек.

Жансыз заттар да басқа нәрселерге әсер етеді, әрі әсерленеді. Хазіреті Пайғамбардың сүйеніп тұрып құтпа оқыған құрма ағашының түбірі нұрлы сезімге бөленіп, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа жерде тұрып құтпа оқи бастағанда ыңырсып жылаған болатын.[352] Осы оқиғаны баяндаған хадистер «мутауатир» жолмен келген.

Хазіреті Мәуләна бұл жайында былай дейді:

«Ауа, топырақ, су, от барлығы Аллаһтың құлдары, әрі оған мойынсұнады. Олар маған, саған жансыз болып көрінгенімен, бірақ Аллаһтың құзырында жанды тектес».

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұхасирден жылдам өткеннен соң үлкен жәмраға, яғни Ақаба жәмрасына барды. Ақаба жәмрасын құрбан шалынатын күні, күн шыққаннан кейін лақтырды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қиыршық тастарды басбармақ пен сұқ

352. Бұхари, Манақиб 25, Буюғ 32.

саусағымен ұстап, біртіндеп лақтырып жатқанда адамдар да тастарын лақтырып, өте қысылыс болғандықтан бірін-бірі итере бастады. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, адамдар! Бір-біріңді өлтірмеңдер. Сендер жәмрада тас атар кезде кішкене тастарды бармақтарыңмен лақтырыңдар», - деді.[353] (Ахмед VI, 379)

Құдама бин Абдуллаһ Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол кездегі жағдайын былай түсіндіреді:

«Ардақты Пайғамбарымызды түйесінің үстінде тас атып жатқанын көрдім. Біреуді қағып жібергенін я болмаса итергенін, тіпті «былай тұр» дегенінде көрмедім». (Ибн Мәжә, Мәнәсик 66)

Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) өмір сүрген әрбір жыл үшін бір түйеден алпыс үш түйені өз қолымен құрбан шалғаннан кейін пышақты Хазіреті Алиге берді. Қалғандарын ол бауыздады. Аллаһ Расулі сойылған әр түйеден бір-бір жапырақ ет алуға бұйрық беріп, сосын бұларды бір ыдысқа салып пісіргізді. Али (радиаллаһу анһу) екеуі одан жеді. Артынан Хазіреті Алиге түйелердің қалған еттерін, терілерін, жабуларын кедей-кепшікке таратып беруге әмір етті.

Ардақты Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрбанын шалып болған соң шаштаразды шақырып шашын алдырды.

«Әйелдер шаштарын алдырмайды, жай ғана ұштарынан қияды», - деп, әйелдердің шаштарын алдыруларына тыйым салды. (Дарими, Мәнәсик 63)

353. Бүгіндері шайтанға тас ату өкінішке орай тәртібіне сай түрде, құлшылық сезімімен орындалмауда. Ал бұл ғибадат Ибраһимнің (аләйһиссәләм) шайтанға тас атқан кездегі сезіміндей орындалуы керек.

Әнәс бин Мәликтің (радиаллаһу анһу) айтуы бойынша:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шайтанға тас атып болғаннан кейін құрбанын шалып, шашын алдырды. Шаштараз алдымен оң жағындағы шаштарын алды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Талханы шақырып бұл шаштарын оған берді. Сосын сол жақтағы шаштарын алды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл шаштарын да Әбу Талхаға беріп:

«Мыналарды адамдарға таратып бер», - деді. (Муслим, Хаж 323-326; Бұхари, Уду 33)

Хазіреті Пайғамбарымыздың маңдай шаштары алынғанда Халид бин Уәлид:

«Уа, Расулұллаһ! Маңдай шаштарыңды менен басқа ешкімге берме. Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын», - деп өтінді.[354] Шаштарын берген соң, олармен көзін сүртіп, бас киімінің алдыңғы жағына тығып қойды. Осының себебімен ол соғысқан жауларының ешбірінен жеңілмеді. Сондай-ақ Халид (радиаллаһу анһу):

«Мен оны қай жаққа қаратсам, сол жер алынатын», - деген болатын.[355] (Уақиди III, 1108; ибн Әсир, Усдул Ғаба II, 111)

354. Осы кезде Хазіреті Әбу Бәкір Халидтің (радиаллаһу анһу) Ұхұдта, Хандәқта, Хұдайбияда істеген әрекеттерін есіне түсіріп, сосын оның дәл қазіргі жағдайына қарап қайран қалды. (Ибн Сағд II, 174)

355. Аллаһ Расулінің шашы мен сақалын тәбәрік ету жайында Хикмет Атан мырза мына бір оқиғаны айтады:
«1983 жылы Оф қаласында тұратын Али Южел мырзадан мына оқиғаны естіген едім:
Сулуова орталық мешітінде имам болып қызмет атқарып жүр едім. Төңіректегі бір ауылдың имамы келіп маған:
– Тақсыр, басымнан бір оқиға өтті, бірақ не болғанын түсіне алмадым, - деп, түсіндіре бастады.
«Бір күні маған имам болып жүрген ауылымның қасындағы ауылдан бірнеше кісі бір бума кітап алып келіп:



Аллаһ Расулі Құрбан айттың бірінші күні түске дейін түйесіне мініп «Ифада тауабын» орындау үшін Бәйтуллаһқа барды. Тауафты бітірген соң бесін намазын оқыды. Содан соң Зәмзәм құдығына барды. Сол күні күн бата Минаға оралды. Тәшрик күндерінің түндерін Минада өткізді. Бұл түндерде Бәйтуллаһқа келіп зиярат жасап тұрды.

Пайғамбарымыз Құрбан шалынған күннен кейінгі бірінші және екінші тәшрик күндерінде күн ауығаннан соң әрекет етіп Мина мешітінен кейінгі алғашқы жәмраға барды. Соңғы тәшрик күні үшінші жәмраны атып, түстен кейін Минадан Мухассабқа[356] қарай әрекет етті. Мұсылмандар Мұхассабтан жан-жаққа тарап кете бастағанда Расулұллаһ:

«Тыңдаңыздар! Ең соңында Бәйтуллаһқа бармайынша ешкім еш жаққа кетпесін», - деді. (Дарими, Мәнәсик 85)

«Молдеке әкеміз дүние салды. Оның кітаптары бізде қалды. Бірақ біз бұл кітаптарды оқи алмаймыз. Сен молдасың, бұл кітаптарды сен-ақ оқи аласың. Кітаптарды саған сыйладық», - деді.

Кітаптарды алып, оларды шығарып салғаннан кейін, жанып жатқан ошақтың басына барып кітаптарға қарай бастадым. Кітаптардың арасынан қайтыс болған кісінің хаттары және конверт шықты. Басқа біреудің хаты болғандықтан, барлығын жинап ошаққа тастадым. Жалындап жанып жатқан ошақ бірден сөнді де қалды Қатты сасып, қорыққанымнан сыртқа қарай қаштым. Біраз уақыттан соң қорқа-қорқа үйге кірдім».

Али мырза сөзін былай жалғастырды:

Мен ол молда кісіге:

– Әлгі конверттің ішінде Пайғамбарымыздың сақалы бар еді, - дедім. Бірнеше күннен соң әлгі имамды көргенімде маған былай деді:

– Тақсыр, конверттің ішінде Пайғамбарымыздың сақалы бар екенін қайдан білдің? Маған кітапты сыйлаған адамдар кейіннен қайтып келіп: «Молдеке біз білмеппіз. Әкеміздің кітаптарының арасындағы конверттің ішінде Пайғамбарымыздың сақалы бар екен. Оны бізге қайтарып беріңізші», - деді.

356. Мухассаб – Мина мен Мекке арасындағы, Минадан көрі Меккеге жақынырақ бір жер.

Құрайш мүшриктері Пайғамбарымызға қарсы байкот жасауға осы жерде шешім қабылдаған еді. Аллаһ Расулі осы жерге келгенде сол күндерін есіне алды. (Бұхари, Хаж 45)

Зилхижжаның он төртінші күні таң намазынан бұрын Бәйтуллаһты тауаф етуге баратындарын хабарлады. Бәйтуллаһқа барып «Уәдә тауабын» жасады. Осы кезде бір кісі келіп Меккеде қалуға рұқсат сұрады. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мекке қалатын жер емес. Сырттан келген адамдар қажылық ғибадаттарын бітіргеннен кейін Меккеде үш-ақ күн қала алады», - деді. (Ахмед IV, 339)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Харам Шәрифке барынша құрмет көрсететін. Бір нәрсе жейтін кезде немесе түзге отыратын кезде Мекке сыртына шығып, ұзақтау жерге баратын. Ол жерден жалығып және құрмет көрсетуден ығыры шықпауы үшін ол жерде ұзақ уақыт қалмайтын еді. Өйткені басқа жерлерде тұрып жүректің Бәйтуллаһпен бірге болуы, Бәйтуллаһтың қасында тұрып ол жерді басқа жерлер сияқты көруден, өз мемлекетін сағынудан әлдеқайда артық.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен мұсылмандар «Уәдә тауабын» жасағаннан кейін Мәдина Мунаууараға қайтты. (Бұхари, Хаж 21, 70, 128; Муслим, Хаж 147; ибн Мәжә, Мәнәсик 84)

Бірақ Хақ Тағаланың нығметін тамамдап, дін толықтырылғаннан кейін, бұл дүниемен қоштасатын уақыт келген еді.



ХИЖРЕТТІҢ ОН БІРІНШІ ЖЫЛЫ

Рафиқи ағләға қауышу

Нәбилер тізбегінің алғашқысы және соңғысы, екі дүниенің Сұлтаны, адамдар мен жындардың Пайғамбары, бүкіл әлемге мейірім болған Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Уәдә қажылығынан кейін ыстығы көтеріліп науқастанып қалды. Бұл науқасы оны үмбетінен айыратын, өмір бойы аңсаған Ұлы Досына қауыштыратын науқас еді. Насыр сүресі түскеннен кейін-ақ ажалының жақындағанын сезген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәңгілік сапарына дайындалып жүрген еді. Өлілермен де, тірілермен де астарлы түрде қоштасып жүрген болатын. Науқастануынан бір күн бұрын Мәдинадағы Жәннатул Бақи деп аталатын мазаратқа барып өлілер үшін былай дұға жасаған еді:

«Уа, Ұлы Аллаһым! Бұл жерде жатқандарды жарылқай гөр!». (Ахмед III, 489)

Мазараттан қайтқаннан кейін мінберге шығып асхабымен қоштасып жатқандай мына құтпаны оқыды:

«Мен Кәусәр хауызына сендерден бұрын барып, сендерді сол жерде күтіп аламын. Сендермен кездесетін жеріміз – Хауыздың басы. Мен оны дәл қазір көріп тұрмын. Қазір маған жердің қазыналары мен оның кілттері берілді.



Уаллаһи, менен кейін сендерді қайтадан мүшрик болады деп қорықпаймын. Бірақ, мен сендердің дүниеге қатты құнығып, сол үшін бір-бірлеріңді қызғанып, бір-біріңді өлтіріп, сендерден бұрынғылардың жойылып кеткеніндей жойылып кетулеріңнен қорқамын...» (Бұхари, Жанайз 73; Муслим, Фадайл 31)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінберден түсіп шаршап-шалдыққан күйде үйіне кіріп кетті. Күн өткен сайын сырқаты үдей бастады. Әбден нашарлағаннан кейін пәк жұбайларынан рұқсат алып, Хазіреті Айшаның бөлмесіне келіп жатты. (Бұхари, Тиб 22; Ахмед IV, 34, 38; Бәләзури I, 545)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы уақытқа дейін дәл осылай қатты науқастанып көрмеген болатын. Өйткені ол таза, пәк түрде өмір сүргендіктен ауру-сырқаулардан аулақ болған. Бірақ жиырма үш жылдық адам төзгісіз, өте ауыр пайғамбарлық міндеті[357] оны қатты қажытып, бұған қоса дұшпандарының көрсеткен жәбірі мен зұлымдығы мүбәрак тәнін де жаралап шаршатқан болатын. Міне, осылардың барлығы сырқаттануына себеп болды.

Бір жағынан бұл науқасы ол үшін жоғары дәрежелерге көтерілуіне септігін тигізетін. Науқастануына Хайбарда улануының да айтарлықтай әсері болды. Дейтұрғанмен

357. Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи келген кезде мүбәрак денесінің салмағы онан сайын арта түсетін. Мысалы: түйесінің үстінде отырғанда, түйесі шөгіп қалатын. Түрегеп тұрған болса тізесі бүгіліп сынып кете жаздайтын. (Ахмед II, 176, VI, 445; ибн Сағд I, 197) Зәйд бин Сабит (радиаллаһу анһу) мынаны айтады:
«Бір күні Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында отырған едім. Адамдар өте көп болғандықтан (тізерлеп отырғанымызда) оның тізесі тіземнің үстіне шығып кеткен болатын. Сол уақытта оған уахи келді. Уаллаһи, Расулұллаһтың (аләйһиссәләм) тізесінен өткен ауыр нәрсе көрмедім. Тізем езіліп кететін шығар деп ойладым». (Ахмед V, 190/191)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сырқаты асқынған кезінде Хазіреті Айша анамызға:

«*Уа, Айша! Хайбарда ауызыма алған улы еттің зардабын осы күнге дейін сезініп келдім. Дәл қазір жүрегімнің тамырларының үзіліп жатқанын сезіп тұрмын*», - деген болатын. (Бұхари, Мағази 83)

Сондай-ақ Әнәс бин Мәлик (радиаллаһу анһу) те былай деген еді:

«Расулұллаһтың кіші тілінің үстінен осы удың орнын және әсерін әрдайым көретінмін». (Муслим, Сәләм 45)

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы удың зардабынан шейіт болды. Оны пайғамбарлықпен ұлықтаған Аллаһ Тағала бұған қоса шейіттік мәртебесін де берген. (Ибн Хишам III, 390; Уақиди II, 678-679; Хайсәми VI, 153)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) денесі от болып қызуы көтерілгендігі соншалықты, үстіне су төгіп жатқандай терлейтін. Көңілін сұрап барған Әбу Сайд әл-Худри:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Денеңіздің ыстығы жанып тұр ғой, - деген болатын. Әбу Сайд (радиаллаһу анһу) сөзін былай жалғастырады:

«Қолымды үстіне қойып едім, денесінің қызуын көрпенің сыртынан сездім».

– Уа, Расулұллаһ! Қызуыңыз өте жоғары ғой, - дедім.

– Біз (пайғамбарлар) осындаймыз. Біздің басымызға өте көп бәле келеді. Бірақ осыған қарсы мұның сыйы да есе-есе көп беріледі, - деді.

– Уа, Расулұллаһ! Адамдардың арасында ең көп бәлекетке ұшырайтын кімдер? - деп сұрадым.

– *Пайғамбарлар,* - деді.

– Содан соң кімдер? - деп сұрадым.

– *Кейін ізгілер,* - деді де бұған мынадай мысал берді:

«Олардың кедейлікті қалағаны соншалық, үстерін жабатын бір киімнен басқа еш нәрселері болмайтын. Олар бәлелерге сендердің мал-мүлікке қуанғандарыңдай қуанады». (Ибн Мәжә, Фитән 23)

Соңғы күндерінде науқасынан жамағаттың алдына шыға алмай қалды. Жамағатқа имам болып намаз оқып беруі үшін өз орнына Хазіреті Әбу Бәкірді (радиаллаһу анһу) тағайындады. Бір күні жағдайы біраз дұрысталып мешітке шықты. Асхабы кирамға насихат айтып былай деді:

«Ұлы Аллаһ бір құлын дүниедегі нығметтері мен өзінің құзырындағы нығметтерінің арасында өз еркіне қойды. Ол құл Аллаһ құзырындағы нығметтерді таңдады...» - деді.

Осы сөздерден кейін өте сезімтал әрі жүрегі пәк Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Хазіреті Пағамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олармен қоштасқандығын аңғарды. Қатты қайғырып, жүрегі қан жылап көзінен мөлтілдеп жас аға бастады. Өксіп-өксіп:

«Әке-шешем саған құрбан болсын уа, Расулұллаһ. Сен үшін әкемізді, шешемізді, жанымызды, малымызды және бала-шағамызды пида қыламыз», - деді. (Ахмед III, 91)

Жамағаттың ішінде одан басқа ешкім Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл ішкі сезімін және осы айтқан сөзінің сырын түсінбеген еді. Өйткені аятта айтылған Сәур үңгіріндегі «Екі кісінің екіншісі» Әбу Бәкір болатын.

Риуаят бойынша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол жайында:



«Жүрегімдегі барлық нәрсені Әбу Бәкірге ақтардым», - деген еді.[358]

Сахабалар Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл әзиз досының жылағанын көріп, аң-таң болып бір-біріне:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббысына қауышуды қалаған ізгі кісі жайында айтып жатқанда мына қарттың жылағаны несі?», - десті. (Бұхари, Салат 80)

Ал Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) сезімтал және пәк жүрегі қоштасудың жақын екенін сезіп, айырылысатындықтарынан зар жылаған-ды. Бірақ Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) науқасы әбден үдеген соң басқа сахабалар да айырылысатын уақыттың жақын екенін сезіп көз жастарын төге бастады. Мұхажирлер мен Ансардың барлығы аза тұтып қайғыра бастады. Қасындағылар:

«Уа, Расулұллаһ! Аллаһтан шипа тілеп дұға қылсаңшы», - десе де барлық уақытта денсаулық үшін дұға жасайтын Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жолы дұға қылмады.

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) былай әңгімелейді:

«Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) науқастанған кезде Муауизатайн (Фәлақ және Нас) сүрелерін оқып алақанына үрлеп денесін сипайтын. Сырқаты қатты күшейгенде мен де сол сүрелерді оқып, алақаныма үрледім де оның мүбәрак денесін сипадым. Расулұллаһ алдын ауырғанда Жәбрейілдің оған оқыған истиаза (сыйыну) дұғасын да оқыдым:

358. Ажлуни, Кәшфул Хафа II, 419.

«Ей, адамдардың Раббы! Бұл науқастан айықтыр. Шипа беру тек Сенің қолыңда. Сенен басқа ешкім шипа бере алмайды. Ешқандай сырқат қалмайтындай етіп шипа бер!» Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) (басын маған бұрып):

«Үстімнен қолыңды алшы. Енді бұл оқығаның маған пайда бермейді. Мен уақытымды күтіп жатырмын...» - деді. (Ахмед VI, 260-261; ибн Сағд II, 210)

Хазіреті Айша анамыз сөзін былай жалғастырды:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аяулы қызы, нәзік жүректі Фатиманы шақырды. Ол келгенде: «Сәлем қызым», - деп оны қасына отырғызды. Сосын оған сыбырлап бір нәрсе айтты. Фатима жылап жіберді. Артынан тағы да бір нәрсе айтты. Бұл жолы Фатима қуанып күлімсіреді.

Мен күлу мен жылаудың, қуану мен қайғырудың бір-біріне осыншалықты жақын екендігін сол күнгідей еш уақытта көрмедім. Фатимадан жылауының және күлуінің себебін сұрағанымда:

«Осы науқасының артынан қайтыс болатынын айтты. Сонда жыладым. Артынан үй-ішінен өзіне алғаш қауышатын кісінің мен екенімді айтты. Бұған қуандым», - деді. (Бұхари, Мағази 83)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) науқасынан біраз жеңілдеген кездерінде жамағатқа имам болып намаз оқып берді. Осылардың бірінде пайғамбарларының қайтыс болатынын ойлап қаймыққан сахабаларына былай деді:

«Ей, адамдар!

Естуімше сендер пайғамбарларыңның қайтыс болатындығынан қорқады екенсіңдер. Менен бұрын келіп

үмметінің арасында мәңгі қалған пайғамбар бар ма, мен де сендермен бірге мәңгі қалайын? Жақсылап біліп алыңдар мен Раббыма қауышамын. Сендер де оған қауышасыңдар. Сөзсіз барлық нәрсе ұлы Аллаһтың рұқсатымен болады.

Біліп алыңдар, мен сендерден бұрын кетемін әрі сендерді күтіп тұрамын. Сендермен кездесетін жеріміз – Кәусәр хауызының басы. Ертең менімен кездескісі келгендер қолы мен тілін күнәдан тыйсын. Ей, Адамдар! Күнә жасау нығметтің өзгеруіне себеп болады. Халық жақсы болса, басшылары да жақсы болады. Халық жаман болған жағдайда басшылары да жаман болады. Жаным оның құдірет билігінде болған Аллаһқа ант етейін, мен қазір Хауызымның басында тұрмын осы тұрған жерімнен Хауызыма қарап тұрмын...»

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы кезде еңіреп жылап жатқан Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) қарап:

«Уа, Әбу Бәкір! Жылама! - деп, сөзін ары қарай жалғастырды:

«Ей, адамдар! Адамдардың арасында маған малымен (дүние-мүлік), жанымен, достығымен Әбу Бәкірден де жомарт болған ешкім жоқ. Егер Раббымнан басқа адамдардың бірін дос қылар болсам, сөзсіз Әбу Бәкірмен дос болар едім.

Мешітке ашылған есіктердің барлығын жабыңдар. Тек Әбу Бәкірдің есігі ашық қалсын. Мен Әбу Бәкірдің есігінен нұр көріп тұрмын». (Бұхари, Салат 80; ибн сағд II, 227)

Асхабым!

Мен де бір адаммын. Менде араларыңдағы біріңнің ақысы қалуы мүмкін. Егер де біреуіңнің денеңе қолым тиген болса, міне денем. Келіп ұрсын, ақысын алсын. Кімнің арқасына ұрған болсам, міне арқам, келіп ұрсын. Кімде-кімнің мал-

мүлкінен жаңылысып алған болсам, міне мал-мүлкім. Ол да келіп алсын.

Уа, Аллаһым! Мен бір адам ғанамын. Мұсылмандардың біріне ауыр сөз айтқан болсам немесе ұрған болсам әлде лағынет еткен болсам, Сен мұны оның тазаруына, сауап алып рахметіңе бөленуіңе себеп қыл!» (Ахмед III, 400)

Аллаһым! Мүминдердің біріне ауыр сөз айтқан болсам, қиямет күнінде сен бұл сөзімді ол мүминнің саған жақын болуына себеп қыл!» (Бұхари, Дағуат 34; Дарими, Мұқаддима 14; ибн сағд II, 255; Табәри, Тарих III, 191; Халәби 463-464)

Осылайша Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлығымен қайырласқандай болды. Осы сөздерді айтқаннан кейін әлсіз халде қайтадан бөлмесіне қайтты. Одан соң қайтадан намазға шыға алмады. Тек бір рет қана өзін біраз тәуір сезініп Әбу Бәкірдің артында тұрып намаз оқыды.

Соңында Рабиуләууәл айының 12 дүйсенбі күні таң ертең тағы да біраз дұрысталғандай болды. Бірақ жамағатқа шығуға шамасы келмеді. Содан соң бөлмесінің есігіндегі пердені алғызып, Хазіреті Әбу Бәкір имам болып таң намазын оқып жатқан сүйікті сахабаларын соңғы рет тамашалады. Олардың қаз қатар сапқа тұрып, жамағатпен намаз оқып жатқанын көріп дән риза болып, қуанып күлімсіреді. Бір жағынан науқасынан қатты қиналса, екінші жағынан артына ізгі бір жамағат қалдырғандығына және Аллаһтың берген міндетін орындағандығына қатты қуанды. (Бұхари, Мағази 83, Азан 46, 94; Муслим, Салат 98; Нәсаи, Жанайз 7)

Осы оқиғаны баяндаған Хазіреті Айша анамыз былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабының намаз оқып тұрғанын күлімсіреп тамашалады. Аллаһ Расулінің еш уақытта бұлай қуанғанын көрмеген едім». (Ибн Хишам IV, 331)

Аллаһ Тағала алдыңғы пайғамбарларына бермеген ұлы нығметті Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берді. Аллаһ Расулі қайтыс болуынан бұрын тәблиғ міндетінің іске асқандығын көрді. Арабия түбегін ширктен тазартты. Пұттарды пұтқа табынғандардың өздері жығып қиратты. Қыздарын тірідей топыраққа көмген адамдар, ең мейірімді адамдар болды. Өйткені Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адам тәрбиесін кәмілдіктің шыңына жеткізген және адамды мақлұқаттың ең абзал халіне шығарған өте ұлы тәрбиеші еді.

Сол күні таң ертең Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұдан алдын дайындап, сырқаттануына байланысты жолға шықпай қалған әскерлерінің аттануына бұйрық берді. Өзі тағайындаған жас қолбасшы Усама бин Зәйдке:

«Аллаһтың берекетімен сәске уақытында жолға шығыңдар», - деп әмір берді. (Уақиди III, 1120)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол күні Айшаға (радиаллаһу анһа) қолындағы бес-алты динарды пақырларға таратып беруін әмір етті. Біраз уақыт өткен соң динарларды не істегенін сұрады. Хазіреті Айшаның науқасқа қарап жүріп оларды таратуды ұмытып кеткенін естіп, динарларды қайтадан сұрап алды да қолына ұстап тұрып:

«Аллаһтың Пайғамбары Мұхаммед бұларды кедейлерге таратпай тұрып Раббысына қауышуды жөн көрмейді...» - деп, олардың барлығын Ансардан кедей болған бес отбасына таратып берді. Содан соң:

«Міне енді жаным тыныштадды», - деді де аздап ұйқыға кетті.[359] (Ахмед VI, 104; ибн Сағд II, 237-238)

Міне бұл үздіксіз Аллаһ жолында жұмсаудың бір мысалы.

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үй-ішіне былай деді:

«Ей, адамдар! От лаулай бастады. (Сақ болыңдар) фитнәлар қараңғы түнектей төніп келеді (Болашақта болатын оқиғаларды көз алдында көріп тұрғандай еді). Мен тек қана Аллаһтың кітабы Құран Кәрімнің халал қылғанын халал, харам қылғанын харам қыламын.

Уа, Мұхаммедтің қызы Фатима!, Ей, Сафия! Аллаһтың қабыл ететін амалдарын орындаңдар (Салих амалдарың болмаса маған сенбеңдер). Өйткені мен (құлшылық жасамасаңдар) сендерді Аллаһтың азабынан құтқара алмаймын». (Ибн Сағд II, 256; Бұхари, Манақиб 13-14; Муслим, Иман 348-353)

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Байқаңдар! Намазға! Намазға көңіл бөліңдер! Қолдарыңдағы құлдарыңа жақсылап қараңдар. Олар үшін Аллаһтан қорқыңдар! (Оларды киіндіріңдер, қарындарын тойдырыңдар. Оларға жылы сөз сөйлеңдер)» - деді. (Әбу Дәуіт, Әдеп 123-124/5156; ибн Мәжә, Уасая 1)

359. Осы жайында Имам Қасталлани былай дейді:
«Әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағаланың Хабибі (сүйіктісі), пайғамбарлардың Сұлтаны Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі қателіктері кешіріле тұра осылай ойласа, мойнында мұсылмандардың қаны болған күйде және өзіне харам болған мұсылмандардың малын жеген күйде Аллаһқа қауышқандардың жағдайы қалай болар екен, ойлап көріңдерші». (Қасталлани II, 480-481)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол күні де шын ықыласымен мисуак қолданды.

Хазіреті Айша анамыз айтады:

«Расулұллаһ мисуакпен тістерін тазалап жатқанда оның бұрын соңды дәл осылай беріліп мисуак қолданғанын көрмедім». (Бұхари, Мағази 83; ибн Сағд II, 261)

Сол күні Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында кішкене бір ыдыста су тұрды. Әлемдердің Сұлтаны кей-кейде қолдарын осы ыдысқа батырып жүзін сипайтын. Сосын:

«Лә иләһә илләллаһ, сөзсіз адам өлім алдында ақылынан адасып қатты қиналады, - дейтін. (Бұхари, Мағази 83)

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағалаға былай жалбарынды:

«Уа, Аллаһым! Мені мейіріміңе бөле. Мені Рафиқи Ағләға қауыштыр. Уа, Аллаһым! Мені мейіріміңе бөле. Маған мейірімді бол. Мені Рафиқм Ағләға қауыштыр!». (Бұхари, Мағази 83; Ахмед IV, 126)

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызы Фатиманы жұбатып былай деді:

«Ей, қызым! Жылай көрме. Мен өлген кезде «иннә лилләһи уа иннә иләйһи ражиун» деп айт». (Ибн Сағд II, 312)

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұдтағы ең қиын кезде «Расулұллаһ өлді» деген айқайды естіп, бытырап қаша бастаған сахабаларға ескерту ретінде түскен мына аятты оқыды:

وَ مَا مُحَمَّدٌ الاَّ رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِه الرُّسُلُ اَفَائِنْ مَاتَ
اَوْ قُتِلَ انْقَلَبْتُمْ عَلٰى اَعْقَابِكُمْ وَ مَنْ يَنْقَلِبْ عَلٰى عَقِبَيْهِ
فَلَنْ يَضُرَّ اللهَ شَيْئًا وَ سَيَجْزِى اللهُ الشَّاكِرِينَ

«Мұхаммед бір пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Егер ол өлсе немесе өлтірілсе онда кері кетесіңдер ме? Кімде-кім кері қайтар болса Аллаһқа ешқандай зиян бере алмайды. Аллаһ шүкіршілік етушілерге сыйын аямайды». (Әли Имран 144-аят)

Сол күні Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи періштесі Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келіп:

«Сәлем саған ей, Аллаһтың Расулі! Бұл саған жер бетінде соңғы рет келуім», - деді. (Ибн Сағд II, 259)

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұдан алдын айтқан мына нәрселерін өз басынан өткізді:

«Ешқандай пайғамбарға жәннаттағы орны көрсетілмей тұрып рухы алынбайды. Сосын сол орнына барып бармауы өз еркіне беріледі». (Бұхари, Мағази 83, 84; Ахмед VI, 89)

Сол күні Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әзрейіл (аләйһиссәләм) келіп, қасына баруға рұқсат сұрады. Рұқсат алған соң Әлемдердің Сұлтанының алдында тұрып:

– Уа, Расулұллаһ! Уа, Ахмед! Ұлы Аллаһ мені саған жіберді. Сенің барлық әміріңе бағынуымды әмір етті. Егер сен қаласаң рухыңды аламын. Ал қаламасаң рухың өзіңде қалады, - деді.

Сол уақытта қастарында тұрған Жәбрейіл (аләйһиссәләм) де:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Ұлы Аллаһ сені сағынды, - деді.

Сол күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінен рұқсат сұраған өлім періштесіне:

«(Ей, Әзрейіл) Аллаһтың қасында болу өте қайырлы әрі мәңгілік. Ей, өлім періштесі! Қане бұйырылған нәрсені орында, жанымды ал», - деді. (Ибн Сағд II, 259; Хайсәми IX, 34-35; Бәләзури I, 565)

Артынан қасында тұрған ыдыстағы суға мүбәрак қолын батырып бетін сипады және Аллаһқа деген сағынышпен бұл дүниенің есігінен өтіп бара жатып кАлима таухидті айтты да:

«Ей, Аллаһым! Рафиқи Ағлә, Рафиқи Ағлә» - деп мүбәрак рухын тәслім етті. Бетін сипап сулаған мүбәрак қолы қасындағы су құйылған ыдысқа түсті. (Бұхари, Мағази 83)

Бірнеше жыл бұрын түскен:

اِنَّكَ مَيِّتٌ وَ اِنَّهُمْ مَيِّتُونَ

«(Ей, Расулім!) **сен де өлесің, олар да өледі»,** (Зұмәр сүресі 30-аят) деген аят орындалды.

«Уа, Аллаһым! Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), **от басына және асхабына жақсылық ете көр,** (олардың барлығын) **абыройлы қыл, тыныштық бере көр!»**

Ардақты Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жан тапрсырған соң, оның үй-іші көз жасын төгіп жылай бастады. Осы кезде ғайыптан оларға көңіл айтып, жұбатқан бір дауыс естілді:

«Сендерге Аллаһтың сәлемі, мархабаты және берекеті болсын!»

Әһлі бәйт те жауап қайырған соң әлгі дауыс қайта естілді:

كُلُّ نَفْسٍ ذَآئِقَةُ الْمَوْتِ وَ اِنَّمَا تُوَفَّوْنَ اُجُورَكُمْ يَوْمَ الْقِيٰمَةِ
فَمَنْ زُحْزِحَ عَنِ النَّارِ وَ اُدْخِلَ الْجَنَّةَ فَقَدْ فَازَ
وَ مَا الْحَيٰوةُ الدُّنْيَآ اِلاَّ مَتَاعُ الْغُرُورِ

«Әрбір жан иесі өлімді татады. Қиямет күнінде сендердің сауаптарың толығымен беріледі. Кімде-кім тозақтан ұзақтатылып, жәннатқа кіргізілсе сөзсіз оның құтылғаны. Дүние тіршілігі тек алданыш қана». (Әли Имран сүресі 185-аят)

«Жақсылап біліп алыңдар, Аллаһтың алдында әрбір қиыншылықтың бір жұбанышы және әрбір өлген кісінің ізбасары бар. Аллаһқа сыйыныңдар және тілектеріңді одан тілеңдер. Нағыз пәлекетке ұшыраған адам, сауаптан құр қалған адам. Сендерге Аллаһтың сәлемі, мархабаты және берекеті болсын!» (Ибн Сағд II, 259)

Ибн Омар (радиаллаһу анһума) былай деген болатын:

«Осы сөзді Әһлі бәйттің барлығы, Мәсжидун Нәбәуидегілер және жолдағылар да естіді». (Бәләзури I, 564)

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) бұл дауысты Қызырдың (аләйһиссәләм) дауысы екендігін айтады. (Ибн Сағд II, 260)

Жәннат әйелдерінің абзалы болған Фатима анамыз ардақты әкесі Хазіреті Пайғамбардың дүние салғандығына қатты қайғырып:

«Әлемдердің Сұлтанының мәңгілікке аттануымен менің басыма өте зор қиындықтар түсті. Егер бұл қиыншылықтар күндізге түсетін болса, ол жарық күн, түн секілді қап-қараңғы болар еді», - деді. (Диярбақри II, 173)



Фатима анамыз Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейін өмір сүрген алты айында бірде-бір рет күлімсіремеді. (Камил Мирас, Тәжрид Тәржәмаси XI , 25-26)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға оралғаннан кейін он үш күн бойы өте қатты науқастанып, Миләди 632 жылдың 8 маусымында, Хижри 11 жылы 12 рабиуләууәлда дүйсенбі күні Рафиқи Ағләсына, яғни ұлы досы Аллаһ Тағалаға қауышты.

Асхабы кирам күнде өзгеріссіз шығып, батып жатқан күннің сәулесінен жасырын бір солғындық байқады. Тіпті сол күннен соң Пайғамбардың азаншысы Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) көк жүзін күңіреткен қоңыр дауысымен азан шақыра алмайтын күйге түсті. Сахабалар одан азан шақыруын өтініп, ол да азан шақыра бастаса, мінберден Аллаһ Расулін көре алмағандықтан тамағы бітеліп, дауысы қарлығып азан шақыра алмайтын. Ішін күйдіріп өртеген ғашық отын өшіру үшін Мәдинаны тастап Шамға кетті.

Бір күні түсінде Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрді. Хазіреті Пайғамбарымыз оған:

«Уа, Біләл неге мұнша ұзақ кеттің? Мені зиярат ететін уақытың келмеді ме?» - деп ренішін білдірді. Біләл ұйқысынан көңілсіз оянып дереу жолға шықты. Әлемдердің Сұлтанының қабірін зиярат ету үшін Мәдинаға келді. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қабірінің басында жылап тұрған кезде Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хусейн келді. Біләл (радиаллаһу анһу) оларды бауырына басып беттерінен сүйді. Сонда олар:

«Уа, Біләл! Сенің азаныңды сағындық», - деп болмаған соң Хазіреті Біләл азан шақыра бастады. Сол уақытта бүкіл Мәдина тебіренді. «Әшһәду әннә Мухаммадар-Расулұллаһ»

деген кезде әйел-еркек демей барлығы Аллаһ Расулі тірілді деп ойлап Мәсжидун Нәбәуиге қарай жүгірді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан кейін Мәдина халқы дәл бұлай жыламаған еді. (Ибн Әсир, Усдул Ғаба I, 244-245; Зәхаби, Сияр I, 357-358)

Әнәс бин Мәлик (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен еш Уақытта Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен Әбу Бәкірдің Мәдинаға келген күнінен өткен де қуанышты бір күн көрмедім. Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) қайтыс болған күнді де көрдім. Ол күннен бетер қайғылы бір күн көрмедім. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға кірген күні бүкіл Мәдина нұрға толды. Қайтыс болған күні де бүкіл Мәдинаны қара түнек басты. Оның қайтыс болғанына сенбей мүбәрак денесін қимай-қимай жерледік». (Ахмед III, 221, 268, 287; Тирмизи, Манақиб 1/3618; Дарими, Муқаддима 14)

Бұдан кейінгі қиыншылықтар мен пәлекеттер мұсылмандар үшін түк болмай қалды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) та осы жайында:

«Егер мұсылмандардың басына қандайда бір қайғы-қасірет келе қалған жағдайда, менің қайтыс болған кезімде бастарына келген қайғы-қасіретті естеріне түсіріп өздерін жұбатсын және сабыр етсін», - деген. (Муатта, Жанайз 41; Дарими, Муқаддима 14)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Менің тірі болуым сендер үшін қайырлы. Сендер менімен сөйлесесіңдер, мен де сендермен сөйлесемін. Өлімім де сендер үшін қайырлы. Сендердің істеген іс-әрекеттерің маған білдіріледі. Егер іс-әрекеттерің қайырлы болса, соның себебімен Аллаһқа мақтау айтамын. Ал іс-әрекеттерің



жаман болса, сендер үшін Аллаһтан жарылқау тілеймін». (Хайсәми IX, 24)

Хазіреті Айшаның (радиаллаһу анһа) айтуынша Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соңғы сәттері Аллаһқа тәсбих айтып (ұлықтап), оны кемшіліктерден пәктеп, тәубе етіп және Аллаһқа мақтау, мадақ айтып өткен. Жиі-жиі:

«Субханаллаһи уа бихамдиһи, астағфируллаһа уа әтубу иләйһ. Мен Аллаһтың өзіне жараспайтын барлық кемшіліктер мен сипаттардан аулақ екенін айтып пәктеймін, әрі оны мадақтаймын. Аллаһқа мені жарылқауын тілеймін және күнәларыма тәубе етемін», - дейтін. (Бұхари, Азан 123, 139; Муслим, Салат 218-220; Ахмед I, 392; ибн Сағд II, 192)

Оның екі жауырынының арасында пайғамбарлығын білдіретін иләһи белгі бар еді. Көптеген сахаба ол белгіні сүюге құштар еді. Ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәңгілік өмірге аттанғаннан соң да мүбәрак жүзінде ешқандай өзгеріс байқалмады. Осы себептен сахабалар оның қайтыс болғандығына сене алмады. Сонда Әсма бинти Умәйс (радиаллаһу анһа) Расулұллаһтың арқасындағы пайғамбарлық мөрін іздеді. Ғайып болғанын көрген соң, мәңгілік өмірге аттанғанына толық көздері жетті.[360]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғанда артынан ешқандай динар да, дирхам да және құл да қалдырмады. Тек мініп жүрген ақ қашыры, қару-жарағы және жолаушылар үшін атаған (Фәдәк және Хайбардағы) жері қалды.[361]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүйсенбі күні көз жұмды, сейсенбі күні жерленді. Адамдар жаназа

360. Ибн сағд II, 272; ибн Кәсир, әл-Бидая V, 231.
361. Бұхари, Мағази 83.

намазын жамағатпен емес, жеке-жеке оқыды. Ешкім имам болмады. Кейбіреулер: «Мінбердің қасына жерлейік», - деді. Кейбіреулері болса: «Бақи мазаратына жерленсін», - деді. Сонда Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) келіп:

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әрбір пайғамбар қайтыс болған жеріне жерленеді», - деп айтқанын естіген едім, -деді. Осыған орай жатқан жеріне қабір қазылды.[362]

Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жуатын кезде киімін шеше бастағанда: «Киімін шешпеңдер»- деген дауыс естілді. Сондықтан киімін шешпестен жуды.[363]

Абдуллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

«Сүйікті Пайғамбарымыз қайтыс болатынын бізге бір ай бұрын білдірген болатын.

– Уа, Расулұллаһ! Сенің жаназа намазыңды кім оқысын, - деп сұрап, артынан жыладық. Ол да жылап былай деді:

– Сабыр сақтаңдар, Аллаһ сендерді жарылқасын. Сендерге Пайғамбарларыңның себебімен жақсылық берсін. Сендер мені жуып кебіндейтін кезде осы төсегімнің үстіне жатқызыңдар. Сосын осы үйімнің ішіндегі қабірімнің жанына қойыңдар да біраз уақыт жалғыз қалдырыңдар. Өйткені менің намазымды

362. Қады Ияс: «Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қабірі тұрған жер, жер жүзіндегі ең қасиетті орын екендігі бір ауыздан құпталған», - дейді. (Шифа II, 96)
Имам Бусири ішкі сезімін былай жеткізеді:
«Адамзаттың және бүкіл әлемнің сұлтаны Хазіреті Пайғамбарымыздың мүбәрак денесін қойнауында сақтаған топырақ сияқты хош иісті нәрсе жоқ. Ол топырақты иіскеп, сүйген адам нендей бақытты». (Қасидаи Бурда, 58 шумақ)

363. Муатта, Жанайз 27; Ахмед VI, 267.

ең алғаш екі досым Жәбрейіл мен Микаил, сосын Исрафил, артынан періштелер әскерімен бірге өлім періштесі оқиды. Осыдан кейін бөлек-бөлек болып кіріп намазымды оқыңдар да маған дұға жасап, сәлем жолдаңдар. Бірақ мені мақтап, айқайлап, бақырып мазамды алмаңдар.

Намазымды оқуға алдымен үй-ішімнің еркектері бастасын. Сосын әйелдері оқысын. Олардан кейін сендер оқырсыңдар.

Бұл жерде болмаған сахабаларыма сәлем айтыңдар. Қияметке дейін менің діниме мойынсұнғандарға да менен сәлем айтыңдар». (Хайсәми IX, 25; ибн Сағд II, 256-257)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқандары орындалды. Хазіреті Али (радиаллаһу анһу):

«Ешкім Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаназа намазын имамсыз оқуға бола ма? - деп күдіктенбесін. Ол тірі кезінде де, өлгеннен кейін де сендердің имамдарың», - деді де Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басында тұрып:

«Уа, Расулұллаһ! Саған Аллаһтың сәлемі, рахметі және берекеті жаусын.

Уа, Аллаһым! Біз оның Сенің түсірген нәрселеріңді жеткізгендігіне және үмметіне насихат жасағандығына, Аллаһтың дінін үстем қылып, толықтырғанға дейін Аллаһ жолында соғысқанына куәміз.

Уа, Аллаһым! Бізді оған түсірген нәрселеріңе мойынсұнғандардан қыл. Одан кейін де бізді осы жолда берік қыл. Бізді оған қауыштыр, - деп дұға жасады. Жамағат та «Әмин! Әмин!» деді. (Ибн Сағд II, 290)

Дін кемелденіп, сахабалар Пайғамбарымыздың дінді толық жеткізгендігін қоштап, Хақ Тағаланың алдында куә

болған еді. Артынан Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәңгілік өмірге аттанды. Қазір ол махшарда, сырат көпірінде және Кәусәр хауызында үмметін күтуде.

Шапағат қыла гөр, уа, Расулұллаһ!
Медет бола гөр, уа, Расулұллаһ!
Қабыл ете гөр, уа, Расулұллаһ!

Рабиуләууәлдің 12 дүйсенбі күні туылып дүниені нұрға бөлеген еді. Рабиуләууәлдің 12 дүйсенбі күні Аллаһ оған пайғамбарлық міндетін берген еді. Әбу Қатада былай риуаят етеді:

«(Хазіреті Пайғамбардан) дүйсенбі күніндегі ораза жайында сұрады. Ол былай жауап берді:

«Бұл менің туылған күнім және пайғамбар етіп жіберілген күнім...» - деді». (Муслим, Сиям 197-198)

Тағы бір Рабиуләууәл айының 12 дүйсенбі күні Мәдинаға кіріп жаңадан құрылатын және қияметке дейін жалғасатын Ислам мемлекетінің іргетесын қалаған-ды. Соңында Рабиуләууәлдің 12 дүйсенбі күні мәңгілік өмірге аттанды. Қазір ол жақта мейірім-шапағатына бөлеу үшін үмбетін күтуде.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл дүниеден мәңгілікке аттанғандығына байланысты одан айырылып қалған опасыз дүниені Азиз махмуд Худаи мына өлең шумағымен суреттейді:

Кім күтсе сенен жақсылық,
Жалған дуние емессің бе?
Мұхаммед Мұстафаны
Алған дуние емессің бе?

Бүкіл әлемді күйзелткен қасірет

Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) қайтыс болғанда Хазіреті Фатима (радиаллаһу анһа):

يَا أَبَتَاهْ مَنْ رَبَّهُ مَا أَدْنَاه

يَا أَبَتَاهْ أَجَابَ رَبًّا دَعَاه

يَا أَبَتَاهْ مَنْ جَنَّةُ الْفِرْدَوْسِ مَأْوَاه

يَا أَبَتَاهْ إِلَى جِبْرِيلَ نَنْعَاه

«Уа, Раббысына бәрінен жақын болған әкетайым! Уа, Раббысының шақыруына құлақ асқан әкетайым! Уа, ақыреттегі орны Фирдаус жәннаты болған әкетайым! Уа, өлімін Жәбірейілге хабар берген әкетайым!» - деп жоқтау айтты. Пайғамбарымыз жерленіп болған соң Әнәсқа (радиаллаһу анһу):

«Ей, Әнәс! Расулұллаһтың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) үстіне топырақ тастауға қалай дәтің барды», - деді. (Бұхари, Мағази 83; Дарими, Муқаддима 14)

Әнәс (радиаллаһу анһу) бұл сұраққа сыпайылық сақтап жауап бермеді. Бірақ оның халінен мына нәрсені ұғу мүмкін еді: «Жоқ, ей, Фатима, көңілім оған еш разы болмады. Бірақ біз Расулұллаһтың әміріне бағына отырып бұл әрекетті істеуге мәжбүр болдық». (Камил Мирас, Тәжрид Тәржамаси XI, 25)

Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) қайтыс болған соң мұсылмандар мешітке келіп жылай бастады. Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Еш біріңнен «Мұхаммед (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) өлді» дегенді естімейтін болайын. Әйтпесе қылышыммен бастарыңды шабамын. Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уә

сәлләм) жай Мұса (аләйһиссәләм) сияқты талып қалды», - деді. Осы сөзін қайта-қайта қайталады. Тіпті айта-айта ауызы көпіріп кетті.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) бұл суық хабарды ести салысымен дереу атына мініп Мәдинаға келді. Ардақты Пайғамбарымыздың бетін ашты. Сосын оның үстіне құлай кетіп жылап маңдайынан сүйді де:

«Уаллаһи! Расулұллаһ қайтыс болды. «Инна лилләһи уа инна иләйһи ражиун». Біз Аллаһқа тәнбіз, әрі оған қайтамыз. Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын. Аллаһқа ант етейін, Аллаһ саған еш уақытта өлімді екі рет таттырмайды. Сен бір рет қана өлдің. Бұдан кейін сен үшін өлім деген нәрсе жоқ. Уа, шіркін Пайғамбарым менің», - деп, еңкейіп Әлемдердің Сұлтаны болған Пайғамбарымыздың бетінен сүйді. Сосын басын көтеріп:

«Уа, досым менің», - деді де тағы да еңкейіп, Әлемдердің Сұлтанының маңдайынан сүйді.

«Уа, менің асылым», - деп қайтадан маңдайынан сүйді де:

«Сен тірі кезіңде әдемі едің, өлгеннен кейін де әдемісің. Сенің өмірің де, өлімің де нендей тамаша», - деп Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үстіндегі жабуын қайтадан жауып, сыртқа шықты. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) әлі де Пайғамбарымыздың өлмегендігін айтып жатқан болатын. Хазіреті Әбу Бәкір оған:

– Жетер енді ей, Омар, отыр, - деді.

Хазіреті Омар отыра қоймады. Хазіреті Әбу Бәкір бұл сөзін екі-үш рет қайталады да былай деді:

«Аллаһ Тағала Пайғамбарына сендермен бірге кезінде қайтыс болатынын білдірген болатын. Сендердің де



(ажалдарың келгенде) өлетіндеріңді айтқан еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болды. Сендердің еш бірің де тірі қалмайсыңдар. Кім Мұхаммедке табынатын болса біліп қойсын, Мұхаммед өлді. Ал кім Аллаһқа құлшылық қылатын болса, күдіксіз Аллаһ тірі, өлмейді. Аллаһ Тағала былай деген:

وَ مَا مُحَمَّدٌ اِلاَّ رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ اَفَائِنْ مَاتَ
اَوْ قُتِلَ انْقَلَبْتُمْ عَلٰى اَعْقَابِكُمْ وَ مَنْ يَنْقَلِبْ عَلٰى عَقِبَيْهِ
فَلَنْ يَضُرَّ اللّٰهَ شَيْئًا وَ سَيَجْزِى اللّٰهُ الشَّاكِرِينَ

«Мұхаммед бір пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Егер ол өлсе немесе өлтірілсе онда кері кетесіңдер ме? Кімде-кім кері қайтар болса Аллаһқа ешқандай зиян бере алмайды. Аллаһ шүкіршілік етушілерге сыйын аямайды». (Әли Имран сүресі 144-аят)

Адамдар осы аятты естіген соң Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғандығына толық көздері жетті. Қатты сасқандықтары соншалықты Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) оқығанға дейін бұл аяттың түскенін білмейтін секілді болды.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) айтады:

«Аллаһқа ант етейін, сол күнге дейін естімегендей едім. Оны Әбу Бәкірден тыңдағанымда тұла бойым қалтырап, аяқтарым жансызданып тұрған жерімде құлай кеттім». (Ибн Сағд II, 266-272; Бұхари, Мағази 83; Хайсәми IX, 32; Абдурраззақ V, 436)

Хазіреті Әбу Бәкірдің сөзінен кейін Хазіреті Омар Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барып еңкейді де маңдайынан сүйді. Еңіреп жылап былай деді:

«Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, уа, Расулұллаһ! Сен жаңа мінберге ауысқаныңда сенің бұрынғы сүйеніп тұратын әлгі құрма түбірі сенен айырылғанына шыдай алмай еңіреп жылаған еді. Қолыңды оның үстіне қойғаныңда жылағанын тоқтатқан болатын. Олай болса үмметің сенен айырылғанына жылап, көз жасын төгуге одан бетер лайық.

Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын, уа, Расулұллаһ! Раббың:

مَنْ يُطِعِ الرَّسُولَ فَقَدْ اَطَاعَ اللّٰهَ

«Кім Расулұллаһқа бағынатын болса, Аллаһқа бағынған болады...» (Ниса сүресі 80-аят) дей отырып, саған мойын ұсынуды өзіне мойын ұсыну деп санап, өзінің алдындағы мәртебеңді биікке көтерген болатын.

Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, уа Расулұллаһ! Аллаһ сені пайғамбарлардың соңғысы етіп жіберсе де, саған иман келтіріп, жәрдем етулері үшін алдыңғы пайғамбарлардан да сөз алып,[364] сенің өз алдыңдағы дәрежеңді жоғарылатқан еді.

Әке-шешем сенің жолыңда пида болсын, уа, Расулұллаһ! Тозақтықтар азап шегіп жатып:

يَالَيْتَنَآ اَطَعْنَا اللّٰهَ وَ اَطَعْنَا الرَّسُولاَ

«...Әттең, Аллаһқа мойынсұнғанымызда дұрыс болар еді. Расулұллаһтың тілін алғанымызда жөн болар еді» (Ахзаб сүресі 66-аят) деп, саған бағынбағандықтарына өкініп, мұны

364. Қараңыз: Әли Имран 81.



армандауы, сенің Аллаһ алдындағы дәрежеңді асқақтатқан еді». (Қасталлани II, 492)

Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһа) анамыз былай дейді:

«Расулұллаһ қайтыс болған күні оның қасына жиналып, жыладық. Сол түні ұйқы көрмедік. Аллаһ Расулі үйімізде болғандықтан, оған қарап өзімізді жұбатып жаттық. Таң сәріде жердің қазылып жатқан дауысын естіп еңіреп жыладық. Мешіттегі жамағат та бақырып, айқайға салып жылады. Мәдинаның іші у-шуға толды. Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) азан шақырғанда «Әшһәду әннә Мухаммада-р Расулұллаһ» деп, Расулұллаһтың атын айтқанда еңіреп жылап жібергенде, бізге онан сайын әсер етті. Адамдар қабірге кіруге ұмтылған соң іштегілер есікті жауып қойды. Бұл не деген ауыр қасірет еді. Одан кейін басымызға қандайда бір пәле келе қалса әуелі Расулұллаһтың өлімін есімізге түсіріп, ол пәлекетке айтарлықтай көңіл бөлмейтін едік». (Ибн Кәсир, әл-Бидая V, 256)

Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айырылу асхабы кирамды қатты күйзелтті. Өйткені оны барлық нәрседен де жақсы көретін еді. Осыған байланысты сахабалардың арасында: «Оны көрмеген көздің, оны естімеген құлақтың, онсыз сүрген өмірдің қажеті жоқ», - дегендер болды. Хазіреті Пайғамбарымыз (бұдан бұрын) олардың осы жағдайын мына хадис шәрифімен білдірген болатын:

«Мұхаммедтің жаны құдіреті күшті болған Аллаһқа ант етейін, сондай бір күн келеді, сендер мені көре алмайсыңдар. Сол уақытта сендерге менімен бірге болу отбасынан да, мал-мүлкінен де артық әрі қайырлы болады». (Муслим, Фадайл 142; Бұхари, Манақиб 25)

Олар қайтадан Аллаһ Расулімен бірге болатын күнді, Әлемдердің Сұлтанын қайтадан көре алатын күнді аңсап өмірден өтті.

Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған кезде сахабалардың бірі қатты қайғырған болатын, ол да мен едім. Басқалар да қайғырды. Тіпті осы қайғының салдарынан күдіктеніп, қате ойлағандар да болды. Бір қорғанның көлеңкесінде отырғанымда қасымнан Омар (радиаллаһу анһу) өтіп бара жатып маған сәлем беріпті. Қайғы-қасіреттен ойланып отырып оның өткенін де, сәлем бергенін де аңғармай қалыппын. Омар Әбу Бәкірге барып былай депті:

– Османға кездесіп сәлем беріп едім, сәлемімді алмады. Бұл не деген өрескелдік?

Дереу Әбу Бәкірді ертіп маған келді де сәлем берді. Сосын Әбу Бәкір былай деді:

– Омар бауырың маған келіп, саған сәлем бергенін сенің де сәлемін алмағыныңды айтты. Мұның себебі неде?

– Мен ондай нәрсе істегенім жоқ, - деп едім, Омар дереу:

– Уаллаһи сен осылай істедің, - деді.

Мен:

– Уаллаһи мен сенің өткеніңді де, сәлем бергеніңді де аңғармадым, - дедім.

Сонда араға Әбу Бәкір кіріп былай деді:

– Осман дұрыс айтады. (Ахмед I, 6)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс



болғаннан кейін Хазіреті Әбу Бәкір Омарға (радиаллаһу анһу):

«Қане кеттік, Пайғамбарымыздың жақыны Үммү Әйманға барайық. Расулұллаһ сияқты біз де оның көңілін сұрап, қал-жағдайын білейік», - деді. Оған барғандарында Үммү Әйман жылап жіберді. Олар:

– Неліктен жыладың? Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін Аллаһ алдындағы нығметтердің барлық нәрседен артық екенін білмеймісің? - деді. Үммү Әйман:

– Мен ол үшін жылап жатқаным жоқ. Әлбетте Аллаһ алдындағы нығметтердің Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) үшін өте қайырлы екенін білемін. Мен уахи тоқтап қалғандықтан жылап жатырмын, - деді. Оның осы сөзі Әбу Бәкір мен Омарға (радиаллһу анһума) әсер етіп, Үммү Әйманмен бірге олар да жылай бастады. (Муслим, Фадайлус Сахаба 103)

Бірде Омар (радиаллаһу анһу) халықтың жағдайын білу мақсатымен түнде қала көшелерін аралап жүріп бір үйде шырақ жанып тұрғанын көрді. Жақындап қарап еді, қарт бір әйелдің жүн иіріп, әрі мына мағынадағы өлеңді оқып отырғанын көрді:

«Ізгілердің сәлемі мен дұғасы Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болсын. Уа, Расулұллаһ! Барлық абзал жандар сен үшін жарылқау тілесін. Сен түнімен құлшылық қылып, таң сәріде көз жасыңды төгер едің. Бірақ өлім ақырын-ақырын барлық адамға келеді. Әттең білсем ғой! Ақыретте сүйіктіммен (Пайғамбарыммен) бірге болар ма екем?»

Омар (радиаллаһу анһу) отырып біраз уақыт жылап алды. Сосын есікті қақты. Қарт әйел кім екенін сұрап еді:

– Омар бин Хаттаб, - деп жауап берді.

Қарт әйел:

– Омардың менде не ісі бар, беймезгіл уақытта бұл жерде не іздеп жүр? - деп сескене бастады. Омар:

– Аллаһты сүйер болсаң есікті аш қорықпа, - деді. Әйел есікті ашқанда Хазіреті Омар оған:

– Жаңа оқыған өлеңіңді тағы да оқышы, - деді. Әйел де қайтадан оқыды. Соңғы қатарына келгенде Омар (радиаллаһу анһу):

– Өтінемін, мені де өзіңізбен бірге қосыңызшы, - деді. Сонда қарт әйел соңғы қатарды:

«Әттең білсем ғой! Ақыретте Омар екеуміз Сүйіктіммен (Пайғамбарымызбен) бірге болар ма екенбіз? Ей аса кешірімді болған Аллаһ! Омарды жарылқай гөр!» - деп бітірді. Омар (радиаллаһу анһу) риза болған күйде қайтты. (Али әл-Муттақи XII, 562/35762)

Әнәс (радиаллаһу анһу):

«Түсімде сүйіктімді (Пайғамбарымды) көрмеген бірде-бір түнім өтпеді», - деп егіліп жылайтын. (Ибн Сағд VII,20)

Осы ретте байқағанымыз асхабы кирам Расулұллаһ жайында (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөз қозғағанда хабиби-сүйіктім», «халили-досым» деген сияқты сүйіспеншіліктерін білдіретін тіркестерді қолданатын.[365]

Олар сәлем, дұға жолдау арқылы ұлы Пайғамбарға деген махаббаты мен оған шынайы берілгендіктерін көрсететін. Бірақ оны еске алулары оған сәлем, дұға жолдаудан ғана

365. Бұхари, Тәһәжжуд 33, Саум 60; Муслим, Мусафирин 85; ибн Мәжә, Садақат 10; Дарими, Саум 38; Ахмед V, 159; ибн Сағд IV, 229.



тұрмайтын. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолымен жүріп, оның сүннетін орындап, хадис шәрифіне мән бере отырып естеріне Хазіреті Расулді түсіретін.

Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) айтады:

«Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақыретке аттанарда бізге қалдырған әсері соншалықты, көкте қанат қағып ұшып бара жатқан бір құс көре қалсақ, ол бізге Расулұллаһтың бір хадисін есімізге салатын. Өйткені әлемдердің Сұлтаны бізге: *«Жәннатқа жақындатып, жаһаннамнан аластататын барлық нәрсе сендерге ап-ашық баяндалды»,* - деген болатын». (Ахмед V, 153, 162; Хайсәми VIII, 263)

Ардақты Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниедегі барлық нәрседен артық жақсы көріп, өз қалауларының орнына оның бұйрықтары мен тыйымдарына бас иіп, оның барлық іс-әрекеті мен сөзін өнеге ету күллі мұсылмандардың діни міндеті.



КӨРКЕМ ӨНЕГЕ

Бүкіл мақлұқаттың ішінде тек адамға ғана Аллаһтың есімдері мен сипаттарынан үлес алу нәсіп еткен. Мұнымен қатар Хақ Тағала бұл дүниенің өткінші сынақ екенін ескере отырып адам баласына пасықтық пен тақуалық қасиеттерін берген. Әрі оны жақсылық пен жамандық жасауға ерікті қылған.

Міне, осығанбайланыстыдіннің мақсаты бойында қарама-қайшы күш болған адамның жаман қасиеттерін барынша азайтып, мұның орнына жақсы қасиеттерін арттыру болып табылады. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін адам баласының жанды бір мысалға, яғни «көркем өнеге» деп аталатын ең тамаша үлгіге мұқтаждығы бар. Пайғамбарлардың жіберілуіндегі хикметтердің бірі де олардың адамдарға жол көрсетіп, өнеге боларлық кәміл тұлға екендіктері. Аллаһ Тағала былай баяндайды:

وَ مَٓا اَرْسَلْنَا مِنْ رَسُولٍ اِلاَّ لِيُطَاعَ بِاِذْنِ اللّٰهِ

«Бүкіл пайғамбарларды Аллаһтың қалауымен мойынсұну үшін ғана жібердік...» (Ниса сүресі 64-аят)

Аллаһ Расуліде (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұның ең жоғары шыңына жеткен. Сондықтан Хақ Тағала аятта былай деген:



لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِى رَسُولِ اللّٰهِ اُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ
يَرْجُو اللّٰهَ وَ الْيَوْمَ الْاٰخِرَ وَ ذَكَرَ اللّٰهَ كَثِيرًا

«Шын мәнінде сендер үшін Аллаһ пен ақыретке қауышуды үміт еткендерге және Аллаһты көп зікір еткендер үшін Расулұллаһта көркем өнегелер бар». (Ахзаб сүресі 21-аят)

Тарихта бүкіл өмірі егжей-тегжейлі қарастырылып зерттелген жалғыз адам әрі жалғыз пайғамбар – Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Оның әрбір іс-әрекеті мен сөзі егжей-тегжейіне дейін жазылып, тарихта терең із қалдырған. Оның өмірі қияметке дейін келетін ұрпақтарға сарқылмас өнеге. Құран Кәрімнің Қалам сүресінде бұл жайында былай айтылады:

وَ اِنَّكَ لَعَلٰى خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Күдіксіз сен ұлы ахлаққа иесің». (Қалам сүресі 4-аят)

Расулұллаһтың тек адам баласы түсініп, игере алатын мінез-құлқы мен іс-әрекеті бүкіл адамзаттың арасындағы қарым-қатынастың жиынтығы. Өйткені Аллаһ (жәллә жәләлуһу) ол мүбәрак пайғамбарын бүкіл адамзатқа кіршіксіз өнеге ретінде жіберген. Сондықтан оны адамдар арасында ең әлсіз кезеңнен, яғни «жетім сәбиліктен» бастап өмірдің барлық кезеңдерінен өткізіп, қолына құдірет пен билік беріп, ең жоғарғы дәрежеге, яғни пайғамбарлық пен мемлекет басшылығына дейін жоғарылатты. Қоғамның кез келген сатысындағы адамдар одан өздеріне қажетті болған үлгі-өнегені алып, өздерінің шама-шарқына қарай іске асыру үшін оны осындай кезеңдермен жетілдірген. Мұны



іске асыру үшін оны шын сүйіп, оның руханиятына бөлену керек.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге діни басшы ретінде және мемлекет басшысы ретінде үлгі. Иләһи махаббатқа шомылғандар үшін де үлгі. Раббысының нығметтеріне шүкіршілік пен қанағат етуде де үлгі болған.

Қиын-қыстау кезеңдерде сабыр сақтап, Аллаһтың тағдырына бағыныштылық көрсетуімен үлгі. Түскен олжаларды таратудағы жомарттығымен және қанағатшылдығымен үлгі. Отбасына көрсеткен мейірімділігімен үлгі. Әлсіздерге, жетім-жесірлерге, құлдарға рақымдылығымен үлгі. Қылмыстыларға кешірімді, сыпайы болуымен үлгі.

Егер әлсіз, кедей болсаң Меккеде залым әрі қатыгез мүшриктердің қол астында өмір сүрген Пайғамбардың өмірінен өнеге ал.

Егер жеңімпаз, батыр болсаң Бәдір мен Хұнайнда дұшпандарын ойсыратқан ержүрек Пайғамбардың өмірінен ғибрат ал.

Аллаһ басқа түсірмесін, егер жеңіліске ұшырай қалсаң Ұхұд соғысында шейіт болған немесе жараланған асхабының арасында батылдығымен және ержүректігімен тәуекелге бел буып жүрген Пайғамбарды есіңе ал.

Егер мұғалім болсаң, мешітте Асхабы Суффаға көңілінің нұрын шашып Аллаһтың әмірлерін үйреткен пайғамбарды ойла.

Егер шәкірт болсаң, өзіне уахи алып келген Жәбірейілдің алдында отырған Пайғамбарды есіңе ал.

Егер насихат айтқан уағызшы немесе мүршид (дұрыс жол көрсетуші, рухани ұстаз) болсаң, Мәсжидун Нәбәуиде



сахабаларына даналық шашқан Пайғамбарды тыңда. Оның айтқандарына құлақ салып, ден қойып тыңда.

Егер ақиқатты ұстанып әрі оны қорғап, жайғың келсе, бұл жолда сені қолдайтын ешқандай жәрдемшің болмаса, онда Меккеде барлық жәрдемнен мақрұм қалса да залымдарға ақиқатты айтып, оларды тура жолға шығырған Пайғамбардың өміріне қара.

Дұшпанды ойсыратып бас идірсең, қарсыласыңның шабуылына төтеп беріп одан басым келсең, жалғанды жойып, ақиқатты жайсаң, Меккенің жеңісі күні қасиетті мекенді қол астына қарата тұра түйесінің үстінде сәжде еткендей еңкейіп шүкіршілік еткен Пайғамбарды көз алдыңа елестет.

Егер диқаншылықпен айналысып ісім алға бассын десең, Бәни Надыр, Хайбар және Фәдәқ егістік жерлеріне ие болған соң, ол жерлерді жақсылап өңдеп күтіп-баптайтын адамдарға табыс еткен Пайғамбардан үлгі ал.

Егер ешкімің жоқ болса Абдуллаһ пен Әминаның жетімі, бауыр еті болған күнәсіз жетімді ойла.

Егер бозбала болсаң Меккеде қой баққан болашақ Пайғамбардың жастық шағына көз жүгірт.

Егер иманды отбасы құрып, шаңырақ көтергің келсе, Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанұялық өміріне және отбасы жайында берген кеңестеріне құлақ сал. Таңдағаның тақуа болсын, екі дүниеде де бақытты боласың.

Егер керуендермен жолға шыққан саудагер болсаң, Сириядан Бусраға қарай бет алған керуеннің ішіндегі ең ұлы адамның жағдайын ойла.

Егер қазы немесе әкім болсаң, Меккенің бетке ұстар азаматтары бір-біріне қол жұмсауға дейін барған кезде

Хажарул Әсуәдті Қағбадағы орнына қоюда оның қолданған әділ де мүлтіксіз шешімін есіңе ал.

Тарихқа тағы да көз салып Мәдинада Мәсжидун Нәбәуиде отырып кембағал кедейлер мен дәулетті байларға тең қарап, адамдар арасында әділ түрде үкім жүргізген сол Пайғамбарға тағы да бір қара.

Егер отағасы болсаң Хазіреті Хадиша мен Хазіреті Айшаның жұбайы болған мүбәрак адамның кіршіксіз ахлағына, сезімі мен мейіріміне, барлық әйелдерінің арасындағы әділ қарым-қатынасынан үлгі ал.

Егер әке болсаң Фатиматуз Заһраның әкесінің Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хүсайнның атасының оларға қалай мәміле жасағанын жақсылап үйрен.

Сен қандай қасиетке ие болсаң да, қандай жағдайда болсаң да Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саған ең кәміл жол көрсетуші, ең тамаша бағыт-бағдар беруші болады.

Ол сондай мүршид – оның сүннеттері арқылы барлық қателікті түзете аласың. Қателесіп бұзылған істеріңді қалпына келтіріп, істеріңді оңдайсың. Оның нұры мен қолбасшылығының арқасында өмірдің сәтсіздіктерінен құтылып, шынайы бақытты табасың.

Егер дүниеге деген құмарлығыңнан құтылып, рухани өмір сүргің келсе, онда әлемдердің Сұлтаны тәрбиелеген Біләл, Ясир, Сәубандарды іздеп тап. Олармен бірге болып шынайы достық құрсаң өте мейірімді, ардақты, сыпайы адам боласың. Есіңде болсын, жәһилият адамдары Аллаһ Расулінің арқасында тура жолды тауып, оған өздерін атағандықтан шынайы құл бола алды. Асхабы Кәһфтің иті Қытмир де шынайы құлдармен бірге болғандықтан ұлы сыйға ие болды. Дәл осыған қарама-қайшы болған Хазіреті



Луттың әйелі мен Хазіреті Нухтың ұлы Кәнан пасықтармен және залымдармен бірге болғандықтан Аллаһтың қаһарына ұшыраған. Олар сияқтылар нәпсінің құмарлығына беріліп құрдымға кеткен.

Олай болса өміріңнің әрбір күнін Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайы және ізгі достары болған зікір иелерімен өткіз, сонда ғана надандардан аулақ боласың.

Оның тұлғасы мен рухани бейнесі өте сирек кездесетін хош иісті гүлдермен безенген гүлістан еді.

Оның рухани жаратылысы кәміл болғанындай, дене бітімінің сұлулығы да теңдессіз еді. Ол осындай ұлы қасиетке ие болғандықтан Аллаһ Тағала былай деген:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تُقَدِّمُوا بَيْنَ يَدَىِ اللّٰهِ وَ رَسُولِهِ وَ اتَّقُوا اللّٰهَ
اِنَّ اللّٰهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿1﴾ يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَرْفَعُوٓا اَصْوَاتَكُمْ
فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ وَ لاَ تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ لِبَعْضٍ
اَنْ تَحْبَطَ اَعْمَالُكُمْ وَ اَنْتُمْ لاَ تَشْعُرُونَ ﴿2﴾

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ пен Расулінің алдына шықпаңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Сөзсіз Аллаһ бәрін естіп, біліп тұрады. Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер. Бір-бірлеріңмен сөйлескендеріңдей Пайғамбарға да айқайлап, дауыс көтеріп сөйлемеңдер. Өйтер болсаңдар амалдарың жоққа шығып өздерің сезбей қаласыңдар». (Хужурат сүресі 1-2 аяттар)

Осы аяттар барлық мүминдерді Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрмет көрсетіп әдептілік сақтауға шақырады.

Сондай-ақ Құран Кәрімде басқа пайғамбарлар аттары аталып шақырылған, ал Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «ей, Мұхаммед» деп айтылмаған. Оған «Уа, Нәби», «Уа, Расул» деп айтылған. Хақ Тағала барлық мүминдерді де осы әдептілік бойынша әрекет етуге шақырып, былай дейді:

لاَ تَجْعَلُوا دُعَاۤءَ الرَّسُولِ بَيْنَكُمْ كَدُعَاۤءِ بَعْضِكُمْ بَعْضًا

«(Ей, мүминдер!) **Пайғамбарды бір-бірлеріңді шақырғандарың сияқты шақырмаңдар...»** (Нұр сүресі 63-аят)

Осы аятта Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек атымен ғана атаудың үмметтің тәрбиесіне жараспайтындығын білдіре отырып оның атымен бірге ұлы әрі қасиетті сипаттарын қосып айтудың қажет екендігін білдіреді. Олай болса Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Нәби, Расул, Расулұллаһ, Хабибуллаһ, Әлемдердің Сұлтаны, Ардақты Расул деген сияқты сипаттармен аталуы керек. Бұған қоса Ахзаб сүресінің 56-шы аятындағы Аллаһтың бұйрығы бойынша есімі аталған кезде оған сәлем және салауат айту керек. Бұл Хақ Тағаланың Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрмет көрсету үшін бүкіл үмбетке ұсынған өсиеті еді. Аятта былай баяндалған:

اِنَّ اللّٰهَ وَ مَلٰۤئِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ
يَاۤ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَ سَلِّمُوا تَسْلِيمًا

«Күдіксіз Аллаһ және оның періштелері Пайғамбарға көптеп салауат айтады. Ей, иман келтіргендер! Сендер де оған салауат айтып, мойынсұна отырып сәлем беріңдер». (Ахзаб сүресі 56-аят)



Ол тек Құранның сөзін ғана үйреткен мұғалім емес, сонымен қатар Құранмен өмір сүрген жанды мысал еді. Жәбир (радиаллаһу анһу) риуаят еткен мына хадис шәрифте Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) былай деген:

«Аллаһ (жәллә жәләлуһу) мені көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберді». (Муатта, Хуснул Хулқ 8)

1400 жылдан бері жазылып келе жатқан бүкіл Ислами кітаптар бір ғана кітап пен бір ғана тұлғаны, яғни Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) түсіндіру үшін жазылған. Хақ Тағала оған **«(Ләмрук) - сенің өміріңмен ант етемін…»** (Хижр сүресі 72-аят) деп оның өмірімен ант еткен.

Нағыз Мұхаммедке жақындау ақылдан гөрі махаббат пен ғашықтық арқылы болады. Барлық сырлар нағыз Мұхаммедті тану арқылы ашылады. Ал бұл болса Расулұллаһтың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) көркем өнегесін ұстану арқылы, нәпсілік дүние ләззаттарынан аулақ болып, құлшылық пен мағрифаттың сырларын түсіну арқылы іске асады. Егер кісі Мұхаммедтің руханиятынан өз үлесін ала бастаса ерекше күйге еніп, ең тамаша жаратылысқа айналады және иләһи көріністің сырлары мен ақиқаты оған орнығады.

Шынында да Құранның сырлары Аллаһ Расулінің руханиятынан нәр алған жүректерге ашылады. Өйткені біз үшін бірден-бір көркем өнеге болған Аллаһ Расуліне (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) мойынсұну жайында Аллаһ Тағала аяттарда былай дейді:

وَ مَآ اٰتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَ مَا نَهٰيكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا
وَاتَّقُوا اللّٰهَ اِنَّ اللّٰهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ

«...Пайғамбар сендерге не берсе соны алыңдар. Сендерге не нәрсені тыйым салса ол нәрседен аулақ болыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Өйткені Аллаһтың азабы өте ауыр». (Хашр сүресі 7-аят)

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا اَطِيعُوا اللّٰهَ وَ اَطِيعُوا الرَّسُولَ
وَ لاَ تُبْطِلُوٓا اَعْمَالَكُمْ

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа мойынсұныңдар және Пайғамбарға бағыныңдар, істеген жақсылықтарыңды жойып алмаңдар». (Мұхаммед сүресі 33-аят)

وَمَنْ يُطِعِ اللّٰهَ وَالرَّسُولَ فَاُولٰٓئِكَ مَعَ الَّذِينَ اَنْعَمَ اللّٰهُ عَلَيْهِمْ مِنَ
النَّبِيِّنَ وَ الصِّدِّيقِينَ وَ الشُّهَدَآءِ وَ الصَّالِحِينَ وَ حَسُنَ اُولٰٓئِكَ رَفِيقًا

«Кімде-кім Аллаһқа және Пайғамбарға мойынсұнатын болса міне олар Аллаһтың нығметке бөлеген пайғамбарларымен, шыншылдарымен, шейіттерімен, ізгілерімен бірге болады. Олар неткен жақсы дос». (Ниса сүресі 69-аят)

قُلْ اِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللّٰهَ فَاتَّبِعُونِى يُحْبِبْكُمُ اللّٰهُ وَ يَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ
وَ اللّٰهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿31﴾ قُلْ اَطِيعُوا اللّٰهَ وَالرَّسُولَ
فَاِنْ تَوَلَّوْا فَاِنَّ اللّٰهَ لاَ يُحِبُّ الْكَافِرِينَ ﴿32﴾



«(Ей, Расулім оларға) **айт: егер Аллаһты шын сүйсеңдер маған еріңдер. Аллаһ та сендерді жақсы көріп күнәларыңды жарылқасын. Аллаһ өте кешірімді, ерекше мейірімді.** (Оларға) **айт: Аллаһқа және Пайғамбарға бағыныңдар. Егер олар бет бұратын болса, онда Аллаһ кәпірлерді жақсы көрмейді».** (Әли Имран сүресі 31-32 аяттар)

وَ مَنْ يُطِعِ اللّٰهَ وَ رَسُولَهُ وَ يَخْشَ اللّٰهَ وَ يَتَّقْهِ فَاُولٰٓئِكَ هُمُ الْفَآئِزُونَ

«Кімде-кім Аллаһқа және Расуліне мойынсұнса және Аллаһтан қорқып (оның азабынан) **сақтанса, міне олар құтылғандар».** (Нұр сүресі 52-аят)

وَ الْمُؤْمِنُونَ وَ الْمُؤْمِنَاتُ بَعْضُهُمْ اَوْلِيَآءُ بَعْضٍ يَاْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
وَ يَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَ يُقِيمُونَ الصَّلٰوةَ وَ يُؤْتُونَ الزَّكٰوةَ وَ يُطِيعُونَ اللّٰهَ
وَ رَسُولَهُ اُولٰٓئِكَ سَيَرْحَمُهُمُ اللّٰهُ اِنَّ اللّٰهَ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Мүмин ерлер мен мүмин әйелдер бір-бірінің қамқоршысы. Олар жақсылыққа бастап, жамандықтан тыяды, намаз оқып зекет береді, Аллаһқа және Расуліне мойынсұнады. Міне соларды Аллаһ жарылқайды. Шынында Аллаһ тым үстем өте дана». (Тәубе сүресі 71-аят)

مَنْ يُطِعِ الرَّسُولَ فَقَدْ اَطَاعَ اللّٰهَ
وَ مَنْ تَوَلّٰى فَمَآ اَرْسَلْنَاكَ عَلَيْهِمْ حَفِيظًا

«Кімде-кім Пайғамбарға бағынатын болса, Аллаһқа бағынған болады...» (Ниса сүресі 80-аят)

اَلَمْ يَعْلَمُوٓا اَنَّهُ مَنْ يُحَادِدِ اللّٰهَ وَرَسُولَهُ فَاَنَّ لَهُ نَارَ جَهَنَّمَ خَالِدًا فِيهَا
ذٰلِكَ الْخِزْىُ الْعَظِيمُ



«Кімде-кім Аллаһқа және Расуліне қарсы шықса, оған мәңгілік тозақ оты бар екенін олар білмейді ме? Міне нағыз қорлық осы». (Тәубә сүресі 63-аят)

وَ اَطِيعُوا اللّٰهَ وَ رَسُولَهُ وَ لاَ تَنَازَعُوا فَتَفْشَلُوا
وَ تَذْهَبَ رِيحُكُمْ وَ اصْبِرُوٓا اِنَّ اللّٰهَ مَعَ الصَّابِرِينَ

«Аллаһқа және Расуліне мойынсұныңдар. Бір-біріңмен тартыспаңдар. Әйтпесе үрейленіп құттарың қашады. Сабырлы болыңдар, өйткені Аллаһ сабырлылармен бірге». (Әнфәл сүресі 46-аят)

Шындығында мүмин Аллаһтан шын қорқып, ішкі дүниесін нәпсінің қалаулары мен құмартқан нәрселерінен тазартқанда ғана Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) махаббаты мен өнегелі өмірінен үлгі алуға қадам басқан болады.

Оның мүбәрак тұлғасынан үлгі алып, өздерін оның жолына атаған үмметінің шынайы жанашырлары қияметке дейін жалғасатын Расулұллаһ сүйіспеншілігіне өте тамаша үлгілер көрсеткен. Олар нағыз Расулұллаһты тану арқылы өмірлерін мәнді түрде өткізген.

Алпыс үш жасына келгенде өзіне жер астынан қабір тәрізді орын дайындатып, қалған өмірі мен құлшылығын сол жерде өткізіп:

«Бұл жастан кейін маған жер бетінде жүру харам», - деген Пайғамбар ғашығы Қожа Ахмет Яссауи осы жолда аты аңызға айналғандардың бірі болды. Ол өмір сүрген жерге құрмет ретінде «Хазіреті Түркістан» деп атаған.

Уәйсәл Қарани Ұхұдта Расулұллаһтың бір тісі сынғанын естігенде қай тісінің сынғанын біле алмағандықтан барлық



тістері өзіне жат болып көрінді. Оған ұқсап көңілінің онымен бірге болуына кедергі болғандықтан барлық тісін жұлдырып, содан кейін барып жаны жай тапқан. (Фаридуддин Аттар 23 бет)

Имам Мәлик (радиаллаһу анһу) Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұқсап, онымен бірге болу сезімімен өмір сүрген. Мәдина Мунаууарада көлікке мініп жүрмеді. Мәдина Харамының ішінде дәретке отырмады. Раузада имам болғанда үнемі бәсең дауыспен сөйледі. Сол кездегі халифа Әбу Жағфар Мансур дауыс көтеріп сөйлегенде:

«Ей, Халифа! Бұл жерде дауысыңды бәсеңдет. Аллаһ сенен де абыройлы, абзал адамдарға да ескерту жасаған», - деп, мына аятты оқыды:

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا لاَ تَرْفَعُوٓا اَصْوَاتَكُمْ فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ
وَ لاَ تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ لِبَعْضٍ اَنْ تَحْبَطَ
اَعْمَالُكُمْ وَ اَنْتُمْ لاَ تَشْعُرُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер. Бір-бірлеріңмен сөйлескендеріңдей Пайғамбарға да айқайлап, дауыс көтеріп сөйлемеңдер. Өйтер болсаңдар амалдарың жоққа шығып өздерің сезбей қаласыңдар». (Хужурат сүресі 1-2 аяттар)

Хазіреті Имам Мәлик өзіне зұлымдық жасаған Мәдина әкімін кешіріп:

«Махшарда Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немересінен шағымдануға ұяламын», - деген.

Бәзми Алем Уалида сұлтан:

Махаббаттан пайда болды Мұхаммед,
Мұхаммедсіз махаббат не керек!

деп, рухтың қорегі тек Расулұллаһ сүйіспеншілігінде екенін тамаша жырлағын.

Ғашық Юнус та Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арнаған махаббатына күйіп, өртенгенін былай жеткізеді:

Күндіз-түні іздеп тапсам ізіңді,
Сол іздің шаңына қойсам жүзімді.
Хақ Тағала нәсіп етіп, көрсем ғой жүзіңді.
Уа, Мұхаммед, жаным қалайды сені.

Ақын Нәби 1678 жылы мемлекет қызметкерлерімен бірге қажылық сапарына шығады. Керуен Мәдинаға жақындағанда Нәби қатты толқып ұйықтай алмайды. Керуен арасынан бір қолбасшының байқаусызда аяғын Мәдина Мунаууараға қарай созғанын көреді. Бұл жағдайдан қатты әсерленген Нәби өлең жаза бастайды.

Таң намазына таяу керуен Мәдина Мунаууараға жақындаған кезде Нәби өзінің жазған өлеңін Мәсжидун Нәбәуидің мұнараларынан оқылғанын естиді.

Бұл өлеңнің мағынасы мынадай:

Хақ Тағаланың назары ауған, оның сүйікті Пайғамбары Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мекені болған бұл жерде әдепсіздік жасаудан сақтан.

Ей, Нәби! Бұл мекенге әдептілікке сай түрде кір. Бұл жер періштелердің шоғырланған және бүкіл пайғамбарлардың табалдырығын сүйген қасиетті мекен.

Нәби мұны естіп аң-таң болып, дереу азаншыны тауып алады да:

«Бұл өлеңді кімнен, қалай үйрендіңіз? - деп сұрайды.

Азаншы:

– Бүгін түнде түсімде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған:

«Үмметімнен Нәби деген ақын мені зиярат етуге келе жатыр. Бұл адамның маған деген махаббаты шексіз. Осы сүйіспеншілігі үшін оны Мәдина мұнараларынан өзінің өлеңін оқып қарсы алыңдар», - деді. Міне біз де Пайғамбардың бұйрығын орындадық», - дейді.

Нәби еңіреп жылайды. Жылап жатып былай дейді:

«Демек Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені «үмметім» деді! Демек екі дүниенің Нұры мені өзіне үммет етіп қабылдады!»

Мәулітті жазған Сүлеймен Челеби өлең шумақтарының бірінде күннің де Аллаһ Расулін көбелектердің жарықты айналғанындай айналатынын, яғни жансыз заттардың да оған ғашық екендігін тамаша суреттейді.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен Аллаһ Расулімен бірге Меккені аралайтынмын. Бір күні екеуміз Меккенің сыртына шықтық. Алдымыздан кездескен тас пен ағаштың барлығы оған «Саған салауат пен сәлем болсын, уа, Расулұллаһ», - деп сәлем бере бастады». (Тирмизи, Манақиб 6/3626)

Жансыз заттардың Расулұллаһқа деген сүйіспеншілігі мен махаббатына тағы бір мысал:

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сапарларының бірінде бір бәдәуиге жолығып, оған таухидті түсіндірді. Әлгі бәдәуи болса Аллаһ Расулінен

пайғамбарлығын айғақтайтын дәлел көрсетуін сұрады. Хазіреті Пайғамбар анадай жердегі бір ағашты ымдап қасына шақырды. Ағаш дереу Пайғамбар әміріне құлдық етіп топырақты қақ айырып Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына келді де үш рет кәлима шәһадат айтты. Содан соң Пайғамбардың әмір етуімен орнына қайтып барды. Бәдәуи бұл мұғжизаны көргенде қатты таңырқап жағасын ұстады. Еліне қайтарда былай деді:

«Егер қауымым мені тыңдайтын болса, оларды саған ертіп келемін. Ал нәтиже шықпаса өзім келіп, сенімен бірге боламын». (Хайсәми VIII, 292)

Тек жансыз заттар емес, жануарлар, тіпті басқа да барлық жаратылыстар Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) танитын, әрі оған мойынсұнатын. Жабир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) осы жайында мына оқиғаны айтып береді:

«Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге бір жорықтан қайтып келе жатыр едік. Мәдинадағы Нәжжар ұлдарының бағына келгенде, ол жерде ешкімді жолатпайтын, кіруге әрекет еткендерге тұра ұмтылып қуалайтын бір түйе бар екенін естідік. Бұл жағдайды Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанымызда, ол өзі бақшаға барып ішіне кірді де әлгі ешкімді маңайлатпайтын түйені қасына шақырды. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дауысын естіген түйе басын жерге салбыратып оның қасына барды да жерге шөге кетті. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Маған жіп беріңдер», - деді.

Берген жіпті түйенің мойнына салып, оны иесіне табыс етті. Сосын ол жердегілерге былай деді:



«Жындар мен адамдардың кәпірлерінен басқа (қарсы шыққандарынан басқалары), жер мен көктегі бүкіл жаратылыс менің Аллаһтың Расулі екенімді біледі». (Ахмед III, 310)

Ойланып қарайықшы, барлық жансыз заттар мен жануарлар Аллаһ Расуліне бас иіп, осылай бағынып жатқанда біз оған қаншалықты мойынсұнып жатырмыз. Оның жолында өзімізді қаншалықты құрбан ете аламыз?!

Әсіресе осы таңда оның руханиятына қаншалықты мұқтажбыз... Ақынның: «Тұр уа, Әлемдердің Сұлтаны. Қиямет тақап қалды...» дегеніндей алай-дүлей бір замандамыз...[366]

Оған оқыған салауаттарымыз, онымен сәлемдесуіміз және оған арнаған махаббатымыз біз үшін өте үлкен жұбаныш.

Нәзік жүректі пәк мүминдер шынайы Расулұллаһқа жақындау үшін оның руханиятына шомылып одан нәр алуды, оның жолында құрбан болуды, дүниедегі ең үлкен нығмет деп санап иләһи ләззатпен сусындаған.

Бұл жердегі барлық мүмкіншілікті қолданып қаламның күші жеткенінше түсіндірілді. Ондай ұлы тұлғаның қасиеттерінің бізге берілген бір тамшысы ғана. Аллаһқа қауышудың сырына, Аллаһтың кітабына және Әлемдердің Сұлтанының сүннетіне, яғни көркем мінезі мен іс-әрекетіне шын ықыласпен жақындап, оның ұнатқан нәрселерін жақсы көріп, ұнатпағандарын жек көру арқылы жетуге болады.

---

366. Осы ақиқатты ұғына білген Еуропалық ойшыл Бернард Шоу былай дейді:
«Тәртіпсіздік пен бұзақылық әбден етек алған бұл заманда барлық мәселелерді өте оңай шешетін Хазіреті Мұхаммедке өте мұқтажбыз».

Екеуінің арасындағы айырмашылық ең жоғарғы мәртебе мен ең төменгі дәреженің арасындағы қашықтық сияқты шексіз. Аллаһ Расулінің руханиятынан үлес алудың басты көзі – оны шын сүю және оның ұнатпаған нәрселерінен бойды аулақ ұстау.

Тарих бойынша Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көркем өнегесінен нәсіптерін алған мүминдер иманның кәміл шыңына жетіп, жаратылыстарындағы жақсы қасиеттерін толықтырып адамзатқа жол көрсететін шырақ болған.

Міне, бұл кітап әлсіз автордың шынайы Мұхаммедті түсіндіру үшін жан-тәнін салып, шектеулі ойын қолданудың арқасында жарық көрген еңбек.

Бұл шағын ғана еңбектегі мәселелер шексіз мұхиттың бір тамшысы ғана екенін мойындаймыз.

Уа, Раббым! Шектеулі ойымызбен жеткізуге тырысқан бұл еңбегімізді біз үшін рақымшылық пен берекетке себепші қыл. Нағыз Мұхаммедті танып, оның қасиеттерін бойымызға сіңіруді нәсіп ет. Бізді сүйіспеншіліктің қайнар көзі болған Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) **шапағатына лайық қылғайсың!**

Әмин!..



СӨЗ СОҢЫ

Ислам бүкіл әлемдік өмір жүйесі болғандықтан, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін құқық, ахлақ (әдеп), экономика сияқты барлық ғылым салаларының ең қарапайымынан бастап күрделісіне дейін, ең құпия және жария қағидаларын түгел қамтыған. Бұл Ислам принциптерінің бір бөлігі жалпыға қатысты қарапайым дүниелік мәселелер, ал бір бөлігі болса ой-санасы жоғары деңгейдегілердің өзі түсіне алмайтын сыр мен хикметтерге толы ақиқаттар. Міне осындай мәселелерді қолға алып айналысудың өте қиын іс екені айқын. Бұл іс биік жартастарға өрмелеумен тең. Күдіксіз бұл шытырман әрі құпия ақиқаттарды ақыл мен ғылымның сондай-ақ тілдің мүмкіндіктерін қолдана отырып ашуға тырысқанымен толық игеру мүмкін емес. Бір жағынан бұл мәселелерге адам баласының шамасы жетпесе де, толық түсіне алмаған нәрсені толығымен ысырып тастау да дұрыс емес. Яғни қолда бар нәрсені ысырып тастамай сақтап қалу Исламның қағидалары болып табылады. Қадірменді оқырмандарымыздан біздің түсіндіріп жеткізуде жіберген кемшіліктеріміз үшін кешірім өтінеміз.

Ерекше тоқталар болсақ, адамның бір мәселені түсінуі және оған үкім беруі бұл өмірден алған әсерлерімізбен іске асады. Міне, сондықтан толық бақылау мүмкін емес әрі құпия ақиқаттарды жаңылыспай немесе кемшіліксіз



түсіндіру де оңайға соқпайды. Пайғамбарымыздың ақиқатын және Аллаһтың есімдерін толық қамтыған Құранның негізгі сырын адамдық қабілетпен толық игеріп түсіну де мүмкін емес. Сондай-ақ жәннат, тозақ және сол сияқты ақиқатын тек Хақ Тағала білетін нәрселер біз түсіне алатын түрде айтылған. Діннің бүкіл метафизикалық тұстарына ақылмен және ішкі сезіммен жасалған талқыламалар дұрыс-ақ. Дұрысы – бұл өмірден алған әсерімізден осыншалықты ғана түсініп меңгере аламыз. Бірақ мұнда да кемшілік бар. Кемшілігіне келер болсақ, бұл өмірдегі ұқсас нәрселермен салыстыра отырып бақылап, түсінген және анықтаған нәрселерімізбен сол нәрселердің негізі арасында жер мен көктей парық бар. Мұндай ақиқаттарды негізінде қалай болса дәл солай қабылдау үшін басқадай түсінікке, басқа мүмкіншілікке және қажетті себептерге мұқтаждық туады. Мысалы, «Ақыретте Аллаһтың көрінуі». Ақыретте мүминдерге ғана қатысты болған бұл мәселені «көріну» сөзімен сипаттау кемшілік емес пе? Сөзсіз кемшілік бар. Бірақ амал қанша, мұны да түсіндіру қажет.

Міне, сондықтан адамдар «ақиқат – мұхит сияқты өте үлкен» десе де мұхитқа батырып алған қолдарындағы ыдыстың сиымдылығынан артық еш нәрсе ала алмайды. Бір кесеге бір дарияның суын сидыру мүмкін болмағандықтан тіл де бір ыдыс, ми да бір ыдыс, көру тұрғысынан көз де бір ыдыс т.с.с. Барлығы да түбінде әлсіз әрі шектеулі.

Сондай-ақ Хақ Тағала адам баласының түсінігіне сыймайтын құдіретін аятта былай суреттейді:

قُلْ لَوْ كَانَ الْبَحْرُ مِدَادًا لِكَلِمَاتِ رَبّٖى لَنَفِدَ الْبَحْرُ
قَبْلَ اَنْ تَنْفَدَ كَلِمَاتُ رَبّٖى وَ لَوْ جِئْنَا بِمِثْلِهٖ مَدَدًا



«(Оларға) **айт: Раббымның сөздері** (жазылу) **үшін теңіздер сия болып, тағы да сондайын** (жазу үшін) **қосатын болсақ, әлбетте Раббымның сөзі бітпей тұрып теңіздер таусылып қалады».** (Кәһф сүресі 109-аят)

Ойланып қарайықшы, шексіз болған Аллаһтың күш-қуаты мен құдіретінің алдында пенденің қабілетінің көлемі қаншалықты?

Бір жағынан түсіну мен ұғынудың әлсіз болғаны үшін ақиқат шектеліп қалмайды. Мұнымен қатар әрбір сөздің берген мағынасы, ол сөзді айтқан адамның түсінігіне қарай мағына болуы мүмкін. Ал шындығында кейбір ұғымдар өте шексіз. Осы сөздерді айтқан немесе жазған адамдар өз түсініктерінің мөлшеріне қарай ұғады. Оқырмандардың да түсінігін есепке алу керек.

Міне, осындай ақыл жетпейтін, өте тұңғиық болған ұғымдардың бірқатары Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак есімдері. Осы есімдердің шынайы мағынасын түсіндіру барысындағы әлсіздігімізді және қадірлі оқырмандарымыз дұрыс түсіне алмаған кемшіліктерін бағыштап, кешіруін Ұлы Раббымыздан шын ықыласпен сұрап жалбарынып, мұны үміт етеміз.

Әлемдердің Сұлтанының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) руханиятын ұстанудан басқа ешқандай шарамыз жоқ. Бүкіл шарасыздардың жалғыз сүйеніші – Аллаһ Тағала.

Әлсіз құлыңа жәрдем бере гөр, уа, Раббым!

Қабыл ал, уа, Расулұллаһ!



МАЗМҰНЫ

ХИЖРЕТТІҢ БІРІНШІ ЖЫЛЫ / 7

ХИЖРЕТТІҢ ЕКІНШІ ЖЫЛЫ / 101



ХИЖРЕТТІҢ ҮШІНШІ ЖЫЛЫ / 203

ХИЖРЕТТІҢ ТӨРТІНШІ ЖЫЛЫ / 246

ХИЖРЕТТІҢ БЕСІНШІ ЖЫЛЫ / 277

ХИЖРЕТТЫҢ АЛТЫНШЫ ЖЫЛЫ / 341

ХИЖРЕТТІҢ ЖЕТІНШІ ЖЫЛЫ / 364



ХИЖРЕТТІҢ СЕГІЗІНШІ ЖЫЛЫ / 419

ХИРЕТТІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛЫ / 490





ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД МҰСТАФА

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

- 2 -

Жауапты редактор: Батыржан Мансұров
Қазақшаға тәржімалағандар: Жолдас Жақыпов
Бақытжан Өткелбаев
Көркемдеуші: Жандар Рашитұлы
Асқар Махамбет

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы
✆ Байланыс телефондары: 2 55 63 41
2 55 63 57
8701 741 04 58

Теруге 10.09.08 берілді. Басуға 18.12.08 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қаріп түрі «MM Peterburg».
Таралымы 1000 дана.